
ШАҺКӘРІМ



ӨКІНІШТІ ҒҰМЫР






ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КЛУБ АБАЯ
ABAI INTERNATIONAL CLUB

«AMANAT» журналы кітапханасының редакциялық кеңесі

Роллан Сейсенбаев
(Қазақстан) –
Бас редактор –
Кеңес басшысы

Әбіш Кекілбаев
(Қазақстан)
Анатолий Ким
(Ресей)
Аятолла Хьюбш
(Германия)
Валентин Распутин
(Ресей)
Владимир Берязев
(Ресей)
Иманғали Тасмағамбетов
(Қазақстан)
Клара Серікбаева
(Қазақстан)
Кэндзабуро Оэ
(Жапония)
Леон Робель
(Франция)
Мырзатай Жолдасбеков
(Қазақстан)
Мұхтар Құл-Мұхаммет
(Қазақстан)
Олжас Сүлейменов
(Қазақстан)
Пенти Холоппа
(Финляндия)
Ричард Мак Кейн
(Ұлыбритания)
Равиль Бухараев
(Ұлыбритания)
Синтара Исихара
(Жапония)
Тимур Зульфикаров
(Тәжікстан)
Шыңғыс Айтматов
(Қырғызстан)

Қазақстан Республикасының
10 жылдығына арналады

- 1293 - 35051-



ШАҺКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ШАҺКӘРІМ
ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

ӨКІНІШТІ ҒҰМЫР

ДАСТАНДАР, РОМАН, АУДАРМАЛАР, МӘНДІ СӨЗДЕР, ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚ ҺӘМ ХАНДАР ШЕЖІРЕСІ, МҰСЫЛМАНДЫҚ ШАРТЫ

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҮШ ТОМДЫҚ ЖИНАҒЫ

Екінші том

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ
ЖИДЕБАЙ • 2008

ББК 84 Қаз. 7-5
Ш 34

«AMANAT» ЖУРНАЛЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ

Әлем халықтарының әдебиеті, өнері,
тарихы, фәлсафасы, білімі һәм діні

XIX-XX ҒАСЫР ПОЭЗИЯСЫ

Редакция алқасы:
Роллан Сейсенбаев (төраға), Алтынбек Нұх, Әбіш Кекілбаев, Бахытжан Қанапьянов, Ғалым Мұтанов, Ермұхан Ертісбаев, Ерлан Арын, Ерқара Аймағанбетов, Жексенбек Әділов, Жансейіт Түймебаев, Клара Серікбаева, Медғат Құлжанов, Олжас Сүлейменов, Оралбай Әбдікәрімов.

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат
министрлігінің жоспарына сәйкес шығарылып отыр

Қосымша оқу құралы ретінде
Қазақстан Республикасының Білім министрлігі ұсынған

Кітаптарды басылымға дайындаған, көркемдеуші, жалпы жобаның авторы:
Роллан Сейсенбаев

Құрастырушы һәм жауапты редактор: Клара Серікбаева

Редакторлар: Асқар Сәбит, Әбубәкір Қайран, Несіпбек Айтұлы

Көркемдеуші, беттеуші: Ғазиз Бегалиев

Көркемдеуші редактор: Назар Роллан

Үш томдық шығармалар жинағы — Халықаралық Абай клубы мен Шаһкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті бірлесіп шығарған басылым

Кітапта Қазақстанның айтулы суретшілері М. Әлиақпаров
пен К. Шүкірбаевтың суреттері пайдаланылды

Ш 34 Құдайбердіұлы Шаһкәрім шығармаларының үш томдық жинағы
Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008
Т, 2 : Өкініштi ғұмыр - 432 бет.
ISBN 9965-611-81-5

ISBN 9965-611-81-5-Т.2 © ӨКІНІШТІ ҒҰМЫР . 2008.
ISBN 9965-611-79-3 © ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ. 2008.



Ұлтымыздың ұлы ақыны,
ойшылы, сазгері Шаһкәрім
Құдайбердіұлының
150 жылдық мерейтойына
арнайы тарту

АБАЙДЫҢ ІНІСІ

Қабағынан қар жауған
Қараңғы бұлт жоғалды,
Қасқара алмай бет ауған
Қаһарлы жел де оңалды,
Көшейін деп қыбырлап,
Ел қыстаудан қозғалды —
Жаралы жүрек жыбырлап,
Жазылмай жалғыз сол қалды.
Бетіме жылы тиеді
Күнгейдегі күншуақ,
Жан жылыны сүйеді,
Жанға рақат осы уақ,
Өлі жердің сүйегін
Тірілтті жайнап жапырақ —
Жаралы менің жүрегім,
Жайнай алмас сол бірақ...

Ақынның қасіретті жаны, кеніш көңілі, трагедиялық тағдыры айқын таңбаланған. Сонымен қатар өзгеше мәдениет, кең өріс, бедерлі өрнек танимыз. Бір пендеге ғана емес, бүкіл адамзатқа тән сырлы мұң бар. Бір қаламгерге емес, бар ойшылға тән қамырық-қайғы бар. Өлең өресін, өнер биігін айқындайтын көрсеткіш. Және біздің туған тілімізде, ұлттық әдебиетімізде Абайдан соң ғана мүмкін болған жетістік.

Осы тұңғиық та тұнық, сырлы да сазды өлең жолдарының авторы, шынында да, ұлы Абайдың туған бауыры болатын. Ата-тек жағынан алғанда да, үлгі-өнеге жөнінен, мұрат-мақсат тұрғысынан қарағанда да.

Шаһкәрім! Абайдың ерекше туған інісінің аты Шаһкәрім еді. Бұдан елу жыл, сексен жыл бұрынғы қазақ поэзиясында Абайдан соңғы ең танымал есім. Абайдан соңғы ең көрнекті тұлға саналды.
Содан соң... қытымыр, қилы заманда оққа ұшқан ақынның есімі де жұртшылық санасынан аластамақ екен. Бірақ... өзі өлсе де аты өшпеген. Шығармалары ұмытылмаған, бірақ жұрт алдына жарқырап шықпаған. Өлең-жырлары, дастан-хикаялары ел аузында жүрсе де әдебиет тарихына енбеген. Баспасөзде мүлде атаусыз қалған. Атауға тыйым салынған. Осыған керісінше, ел ішіндегі даңқы өсе түскен. Күні кеше ғана өтсе де, көзін көрген талай адам әлі күнге ауыл арасында жүрсе де, өмірі ертегіге, ісі аңызға айнала бастаған. Ал шығармалары... шығармалары сансыз қолжазба, сауатты, сауатсыз көшірмелер арқылы бүкіл қазақ даласына тарапты. Ақсақалдар бас қосқан жиынды жерде, ағайындар мейман күткен отырыста дастандары жырланыпты. Сөйтіп, есімі көмескіленгенмен, еңбегі күңгірт тартпаған ақын туған елінің рухани өмірінен сырт қалмапты. Қазір қарасақ шалдар қатарына енген біздің буын Абаймен қатар Шаһкәрім үлгісін де кәміл танып өсті десем, артық болмас. Өз басым Шаһкәрім дастандарын Абай өлеңдерімен қатар жаттап тіл сындырғандықтан айтып отырмын бұл сөзді.

Әйтсе де... жарияның жөні бөлек. Әсіресе жұртшылық тасқа басылған қағазға, көзбен көретіп сурет, құлақпен естітін ақпарға біржола ден қойған қазіргі заманда. Әдебиет дамыды, мәдениет жаңғырды, жаңа ұрпақ өсіп жетті. Соңғы ширек ғасырда Шаһкәрім еңбегі тек ортаңғы, ілгергі буындағы санаулы адамдардың ғана жадында тұрған еді. Қалың қауымға мүлде бейтаныс қалды. Және уақыт озған сайын ұмытылып бара жатты. Ақыры... «Ештен кеш жақсы» дегендей, Шаһкәрім есімін қаймықпай атайтын күнге де жетіппіз. Ақынның біразы революциядан бұрын, шағын жинақтар түрінде басылған, кезінде кеңінен тараса да, Москва, Ленинград, Алматының орталық кітапханаларында бірер даналап қана сақталған, ал көпшілігі қолжазба күйінде қалған мол мұрасын жарыққа шығарар жағдай туды. Қазақ әдебиетінің өткен тарихындағы, баспасөзде, ауызекі сөзде айтылғандай «ақтаңдақ» емес, ызбарлана үңірейген қара қуыстардың бірін тығындауға мүмкіндік туды. Кәміл танымақ, түбегейлі зерттемек - болашақ үлесі. Әуелгі кезекте оқырман қауымға Шаһкәрімнің өмір жолы, өнер мұраты туралы мағлұмат бермекпіз.

Шаһкәрім 1858 жылы Шыңғыстауда дүниеге келеді. Болашақ ұлы ақын Абайдың жеті ағайынды болғаны белгілі. Шаһкәрімнің әкесі

Құдайберді — сол жетеудің ең үлкені еді. Парасатты, мейірбан, кең пейіл ағаны Абай айрықша сыйлаған көрінеді. Құдайберді Шәкәрімнің алты жасында қайтыс болды. Бұдан соңғы жерде жетімдік, жоқшылық көрмесе де, әке баурынан айрылған, қаршадайынан-ақ ерекше зеректігін аңғартқан Шәкәрімді Абай өз қамқорлығына алады. Туған әулет дәстүрі, өскен орта ыңғайы, ақын аға тағлымы Шәкәрімнің азамат ретінде қалыптасуына ғана емес, ақын ретінде қанаттануына да ерекше әсер етті. «Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, — қазақ ішінде Абай деп атайды, — сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді, ер жеткен соң сол кісіден тағлым алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, азғана ғылымның сәулесін сездім. Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Алай болмағанда дәнішман, хаким, философ кісі еді. Қор елде туды да, қорлықпен өтті», — деп жазады Шәкәрімнің өзі кейініректе. Бұл - інінің өз өмір жолын байыптауы ғана емес, ақын ағаның халық тарихында атқарған қызметін, ерекше болмысы мен трагедиялық тағдырын да кәміл түсінгенін аңғартатын сөз. Ал өмірде мейірбан аға өнерде аса қатал төреші еді. Және айтар сын, артар міндет — мүмкіндік шегінде; қабілет күші, дарын биігіне орай, ауырлана, аумақтана түсетін.

Арнайы оқу орындарын бітірмесе де, Абайдың басшылығымен және өз бетінше іздену нәтижесінде Шәкәрім сол замандағы қазақ арасындағы — қазақ қана емес, бүкіл Түркістан өлкесіндегі ең ғұлама адамдардың бірі болып шығады. Түрік, араб, парсы тілдерімен қатар орыс тілін де жетік біледі, классикалық шығыс поэзиясын, орыс және Европа әдебиетінің озық үлгілерін терең түсіне оқумен шектелмей, философия мен дін тарихына қатысты еңбектерді де қадағалап отырады. Құнанбай әулетінің дәстүрі бойынша ел ішінде де билік құрып көреді, бұл кезде өнер жолына біржола бет қойған, дүшпаны көбейіп, тынысы тарылған Абайға сүйеніш, демесін болады. Алайда, көп ұзамай-ақ болыстықтың бар «қызығын» басқа інілерге қалдырып, өзінің шын мұраты - сөз патшалығын жаулауға біржола бет қояды.

1904 жылғы Абай өлімі, өнерлі екі іні — Ақылбай мен Мағауиядан тағы айрылу, Россия империясы шегіндегі барлық езілген ұлт үлкен үміт артқан 1905 жылғы алғашқы орыс революциясының жеңіліске ұшырауы Шәкәрім санасына, оның өмірге, қоғамдық қызметке көзқарасына ерекше әсер етеді. Шәкәрім тіршілік, тағдыр туралы сауалдарына жауап іздейді. Оқу, іздену аймағын

кеңейте түседі. Дін тану емес, ел тану, жер көру мақсатында қажыға барып қайтады. Бұл сапар оның ой өрісін кеңейтеді, ақын қазақ халқы дін қуған мұсылманшылық жолын емес, ғылым-білім қуған Европа халықтарының жолын таңдауы керек деген ойға беки түседі. Осы кезде өзі көптен әуестеніп жүрген толстойшылық идеясына біржола берілген ақын өмірден баз кешіп, жұрттан аулақтайды да, Шыңғыстың күнгей сыртындағы Шақпақ дейтін жерде таза әдеби қызметпен ғана айналысып, қысы-жазы жападан жалғыз жатады. 1917-1925 жылдар аралығында Шаһкәрім аз уақыт дүниауи өмірге қайта оралғандай болады, ел ішіндегі игі өзгерістерді құттықтайды, газет-журналдар бетінде замана ағымына үн қосқан өлеңдер бастырады. Алайда қарт ақын көп ұзамай қайтадан ел тіршілігінен аулақтайды.

Шаһкәрім 1931 жылы қайғылы қазаға ұшырады.
Ғұлама қаламгердің өнердегі жолы ұзақ та ұлағатты. Келісті әрі күрделі.
Атаның мол дәулеті, ағайын-туыстың өр кеудесі, ағаның мәртебедаңқы арқасында бұла өскен Шаһкәрім өзінің өмір жолын ғана емес, өнер жолын да сауық-сайраннан, мереке-қуаныштан бастайды. Қартайған шағында:

Қайран
Қайғысыз, қамсыз күндерім,
Сайран
Сауықты, рақат түндерім, —

деп, қимастықпен өксіген ақын әуелде сүйіспеншілік сырын, жастық қуанышын жырлауға ден қойған еді. Абайдың өлең өрнегін ұстанған, Абайдың тіл мәдениетін үлгі тұтқан махаббат жырларының өзінде Шаһкәрім тың бояу табуға, соны сыр түюге ұмтылады.

Жаудырап көзі,
Тамшылап сөзі,
  Жібектей шашын тараса,
Қалмайды халің,
Шығады жаның
  Қиғаштай көзбен қараса.
Бұл дүниеде қыз қызық,
Бозбалада ой бұзық...

Бұл — қазақ лирикасындағы өзгеше леп. «Ертістің ар жағынан көрдім сені, — Сырғанды қайық қылып өткіз мені...» — деп әдептен

аспай, наздана қиылу емес. Тіпті, «Әлифдег ай йүзіңе ғибрат еттім», — деп, «Сәңә ғишқ болып кәмтар, — Сүлейман, Ямшид, Искәндәр — Ала алмас барша мүлкигә», — деп, үмітсіз сәлем жолдайтын мұңды сағыныш та емес. Шынайы өмір. Бүкпесіз сезім. Керек десеңіз, анайы құмарлықтың бұлықсып шыққан от-жалыны.

А, дүние, дүние,
Ақылға сонда кім ие?!. —

ынтызар қападан өзгешерек хал, аспандағы айдың жерге түсуі, періштенің пендеге айналуы.

Шаһкәрімнің осы шамада шығарылған, махаббат қуанышына арналған екінші бір өлеңі («Шын сырым») бұдан өзгеше сипат танытады. Ақынның ұмтылар биігін, ұстанар межесін айқындайды. «Мен түріктің пәк сұлуын тәңіріме теңер ем, — Самарқан мен Бұқараны бетіндегі жалғыз меңге берер ем», — деп шалқи шырқаған махаббат жыршысы Хафиздің өзін жарысқа шақырған Шаһкәрім қазақ поэзиясында мүлде соны бағытқа із салады. Өлең өрнегі де, сөз саптасы да үйреншікті қалыптан бөлек. Ежелгі шығыс поэзиясын еркін игерген, қазақтың дәстүрлі лирикасы қара өлеңнің қасиетін жете таныған, Абай өнегесін, Абай тағлымын кәміл ұғынған жас ақын тілі ұстарған, өзіндік жол тапқан қас шебер екенін аңғартады.

Бақытсыз жүрегім
Жалындап жанып тұр,
Үмітті тілегім
Орынсыз қалып тұр,
Ақыл, қайрат, сабырдың бәрі кетіп,
Адасқан асығың мұңлы әнге салып тұр.

Бұл — Хафиз әуені, Науаи үлгісі. Тәжік-парсы, түркі-шағатай дәстүрі. Соның өзінде қазақ үшін тосын естілуге тиіс. Көңілге берік орнап, жүрекке нық таңбалануға тиіс. Алайда, бұл — махаббат жырының құлақ күйі, әуелгі аккорды ғана. Ақын қиялы, ақын сезімі ешқандай шарттылыққа бағынбайды, тежеуге қарамайды. Ақынның ғашығы — жай ғана сұлу емес, бір адамның, жұмыр басты пенденің ғана құмары емес. Онсыз тіршілік жоқ. Дүниеде сән-салтанат, өмірде мән-мағына жоқ. Бүкіл әлемнің көркі, жердегі, көктегі жанды-жансыз атаулының тәңірісі, бар ғаламның қозғаушы күші — сол ғана.

Күн батып жоғалды
Нұрыңнан ұялып,

Жұлдыз бен ай қалды
Сәулеңнен нәр алып.
Жеті қарақшы айналып сені іздеп жүр,
Бәрі де сені ойлап, мас болып сандалып,

Үркер мен Таразы
Шашуды шашуға,
Шолпан да қарады
Мауқын бір басуға.
Темірқазық арқандап Қос боз атын,
Жаратып ойы бар тойыңа қосуға.

Асқақтата толғап, еркін шалқыған ақын ғарыштан бір-ақ шықты. Және күпілдек жел сөз, күмпиген теңеу, жалтырақ әлеміш жоқ. Ақын ойының кеңдігі, ақын қиялының өрлігі көрінеді. Жазғы аспанда жапырлай көтерілген Үркер, жалтырай жымыңдаған Таразы, Темірқазыққа байланған Ақ боз ат пен Көк боз ат, ол екеуін торып, тынымсыз шыр айналған Жеті қарақшы... Жыр сазы, көңіл ырғағы қазақ санасына сіңісті космогониялық түсініктермен астасып жатыр. Ақын сөзінің әсерлі күші осында. Екінші бір әсер осы жолдардың түп астарында жатыр. Аңыз бойынша, аспанды шыр айналып жүрген Жеті қарақшының мақсаты — Ақ боз ат пен Көк боз атты ұрлау. Бір заманда бұлардың аралығы өте алыс болған екен. Қазір жақындаған. Бірақ Жеті қарақшы Қос боз атты Темірқазықтан ағытып әкеткенше тағы қаншама ықылым өтеді. Қос бозды ұрлау — ақырзаман күніне сәйкес келмек... Сол Жеті қарақшы әлі арқанда жүрген Қос бозды ақынның Сүйіктісінің тойында бәйгеге қоспақ. Түспал түсінікті. Ақын қол жетпес сұлуға ғашық болған, екеуі бұл дүниеде қосылмақ емес...

Махаббат шуағын мадақтаған, жастық қызығын дәріптеген ақын тағы бір өлеңінде адамды қаусатып, бар құмардан айыратын кәрілікті даттайды. Адам ғұмырын кезең-кезеңге бөле сипаттау, сол арқылы тіршіліктің мән-мағынасы туралы толғану — қазақ поэзиясында тым ертеде қалыптасқан дәстүр, үйреншікті тақырып. Алайда Шәкәрім бұл ретте де өзіндік үн табады. Кәрілік — өмірдің өшуі, құмардың тозуы ғана емес, бар тілектің таусылуы. Берері жоқ, алары ғана бар; төңірегіне түгел бөгет сиықсыз, сүйкімсіз. Өзіне бейнет, өзгеге масыл шақ. Сондықтан жас ақын өз сөзін:

Алпыстан ары бармаңдар,
Аңдамай шал боп қалмаңдар, — деп түйіндейді.

Бұл сөз қырыққа жаңа келсе де: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы

сергек, — Ашуың — ашыған у, ойың — кермек», — деп отырған, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман, — Шошимын кейінгі жас балалардан», — деп отырған ақын ағаның шамына тиеді. Бар кілтипан жас ақынның «кәрілікті жамандап, өлім тілеуінде» ғана емес еді. Шәкәрімге «алтын иектің» де салқыны тиген («Бір сүйіп алтын тамақтан...»), айдаһар жағына баспаса да, Абай жол ашқан реализмнен аулақтау бағдар аңдалған. Зор талантқа өзгеше талап қойған ақын аға інісінің тым жеңілдеп кетпеуін ойлаған еді. Әрине, кезінде ауыр тигені анық. Қазір де ауыр естіледі. Бірақ тек қана пайдаға шықса керек. Шәкәрім ізденіс өрісін кеңейте түседі. Білім жолына біржола бас қояды. Қазақ тұрмысына ғана емес, бүкіл әлем кейпіне ойшыл көзбен қарайды. Бүгінді жете танып, болашақ сұлбасын аңдайды. Барды байыптап, халық қазынасын жаңаша таразылайды. Өмірге, қоғамға, санаға өзіндік көзқарасы қалыптасады, ақыр түбінде өнердің өзгеше өрісіне шығады.

Шәкәрімнің қазақ рухани өміріндегі жаңаша болмысы оның дінге көзқарасынан айқын танылады. Әлбетте, Шәкәрім — өз заманының перзенті. Ұғым, наным, түсінік шектеулі шеңберде. Алайда, ақын бас ұрған ақиқат ұждан, шын иман, «адаспайтын айқын жол» — адамдық, кісілік. «Атақ, пайда іздемей, — Ойында мақтан жоқ болса, — Қиянатты көздемей, — Қанағатқа тоқ болса» — пұтқа табынған мәжусидің өзі әулиемен тең. Дүние қуып, пайда іздеген, алдау-арбаумен күн өткізген молда «мешітте мың жыл отырса» да бейіштің есігінен сығалай алмақ емес. Ақын ұғымында бар кінә иманын малға айырбастаған молдада ғана жатқан жоқ. Бұл күнде Алланың аяты да, пайғамбардың хадисі де бұзылған. Бұзған бірді-екілі адам емес, бүкіл қауым. Және дін бұзған, ізгі уағыз, қасиетті кітап жолынан ауған жалғыз Мұхаммед үмбеті ғана емес. «Таурат» теріс түсіндіріледі, Зәрдөштің өсиеті ұмытылған, Будданың ілімі жаңсақ ұғылып, Айсаның айтқандары бұрмаланған.

Бұл күнде дұрыс иман жоқ,
Шатақ дін нәпсі тыйған жоқ,
Ақылы саудың ойына
Алдамшы діндар сыйған жоқ.

Сонда қандай жолды таңдауымыз керек? Ақиқат жолды! - дейді ақын. Бұл - бәріміз құмарланып, бәріміз мұрат тұтатын шын асыл жар, айнымас серік, адастырмас жолбасшы. Ал ақиқатқа жетудің амалы - осы заманғы оқу-өнерді игеру. Жоқтың орнын толтыратын, жеке адамды ғана емес, тұтас халықтарды бақытқа бөлейтін - ғылым-білім ғана. Шәкәрім қазақ қоғамындағы кемшіліктерді, қазақ халқының басындағы ауыр халді ең алдымен осы Европа өнер-ғылымынан кенде қалу нәтижесі деп есептейді. «Жер жүзі

жабылғанда білім жаққа, — Қазақ жүр құмарланып құр атаққа...»
Осының нәтижесінде алға озу қайда, күн өткен сайын кері кетіп, елдіктен, кісіліктен айрылып барады. «Қайран елім, қазағым, қалың жұртым!..» - дейді ақын ағаға үн қосқан парасатты іні.
Болашақты бағдарламақ үшін бүгінгіні бағалау ләзім. Шаһкәрім қазақ халқының дәл сол тұстағы тұрмыс-ахуалын, жай-күйін нақты байыптайды. Абай бедерлеген өмір суретін кеңейте, айқындай түседі. Қуы алдап, сұмы еліріп, байы бас қамын ғана күйттеген, игі жақсылар партияшылдық, дау-дамай ғана қуған елдің бүгінгі тірлігі тым сұрықсыз. Батыстың оқу, ғылымынан, өнер-білімінен махрұм жұрттың тура жолға түсер, оңалар түрі көрінбейді.

Ойда жоқ өнер біліп жол табайын,
Жалмауға жалықпайды өз маңайын.
Мұның түбі не болар деген жан жоқ,
Үрлық, ұрыс, араздық күнде дайын, —

дейді төңірегінен түңілген ақын.

Абай: «Өз бетіңмен түзелер дей алмаймын, — Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың», — деп еді. Сөйте тұра заманды өзгертпесе де адамды түзеуге күш салған. Шаһкәрім де сүйектен өтер ащы сөзін, ақиқат сырын айта отырып, туған халқын бақытқа жеткізер амал іздейді. «Қазағым, қам ойлан, — Сен де адам едің ғой!» — деп зар шеккенде, ұсынар жолы — ағартушылық. Ғылым — жұрттың бәрін сусындатар шалқар көл, халықты бақытқа, байлыққа бөлер таусылмас кен, рухани дерт атаулының бәрін аластайтын, елге қайрат, күш беретін дәру. Күнбатыс халықтарын қуат-құдіретке жеткізген ғылым-білімді игерсе, қазақ та тарих көшіне ілеспек, басқалармен басы теңеспек. Ал ғылым-білімді игеру үшін, жас балаларды жаңаша оқыту қажет.
Ақын туған халқын жарық сәулеге үндеумен ғана шектелмейді. Ел тірлігіндегі кеселді құбылыстарды ашады, алға жылжуға бөгесін, кертартпа сананы әшкерелейді, діни және рухани соқырлықтың мән-мағынасын ашуға тырысады. Адам баласының басқа тіршілік иелерінен айырым белгілерін сөз етеді. Адамның өзгеше болмыс-бітімін, оның ақыл-ойын ғана емес, түйсік-сезімін, тіпті физиологиялық ерекшеліктерін де өлеңге арқау етеді. Европа ғылымының адамтану саласындағы жетістіктерін көпшілік алдына тартуды мұрат тұтады. Ақын шығармаларындағы қазіргі оқырманға әншейін ақылгөйлік көрінуі де мүмкін осындай сипаттардың өзі қазақ халқының қоғамдық ойының даму жолындағы үлкен белес еді. Жаратылыстану жайын былай қойғанда, гуманитарлық ғылымдардың өзі қалыптаспаған өткен ғасырда әдебиет айрықша ауыр жүк, кейде өз болмысынан тысқары міндет атқаруға тиіс

болғанды. Замана кейпі, тіршілік көбі туғызған бұл ерекшеліктің бір ұнамды сипаты — ойшылдықпен астас азаматтық әуен. Ақын араласпайтын, ақын үн қоспайтын құбылыс жоқ десек те, өмір тану, дүние тану, ізгілікке, кісілікке үндеу жолында Абай мектебі айрықша өнеге тастады. Октябрь қарсаңындағы елу жылда ақын даусы асқақ естілуі, ақын сөзі өзгеше күшке айналуы кездейсоқ емес. Бейбіт әуезді ағартушылық сарыны уақыт оза келе арқыраған күрес үніне ұласқан еді. Көзіңді аш, оян, есіңді жи деп бастап, ғылым-білімге, өнер жолына үндейтін өлең жолдары енді бақыт — күресте, шын мақсат — бас бостандығы, ел еркіндігінде жатыр дейтін, замана шындығынан, халық арманы, тарихи жағдай ауқымынан туындаған жаңа ұранға айналады.

Батыстың отаршыл мемлекеттерінің түпкі саясатын нақты тану, әсіресе бірінші дүниежүзілік соғыс тек Шаһкәрімге ғана емес, сол тұстағы ағартушылық жолын ұстанған бүкіл қазақ зиялысына қатты әсер еткен еді. Бар бақыт, бар ізгілік өнер-білімде болмай шықты. Үстірт қарағанда ғана «ғылымды елдің сырты таза» көрінеді екен.

Европа білімді жұрт осы күнде,
Шыққан жоқ айуандықтан о да мүлде, —

дейді, империалистік соғыс сұмдықтарынан түршіккен ақын. Тексере қараса, бұл — бір күнде пайда болған келеңсіздік емес. Арыдан басталған, уақыт озған сайын, жұрт білімденіп, қару-жарақ жетілген соң мүлде шектен шыққан ахуал.

Тамам жан өзін өзі «мен» деседі,
Өзгелерді жатырқап «сен» деседі.
«Біз» дейтұғын бір елді таба алмайсың,
Бұл қайтіп әділетпен теңдеседі?!

Күш-қуаты, өнер-білімі шамалас елдер өзара бақталасса, барлық жаратылыс байлығын әскер ұстауға, қару сайлауға ғана жұмсаса, үстемдікке ұмтылса, ұсақ халықтардың, әлсіз жұрттардың көрер күні тіпті қараң. Дүлей күш «әлсізді аңша қыруға, момынды құлдануға» қызмет етеді. Ақын биіктен барлап, тереңнен толғайды. Жауыз халық жоқ. Жат нәсіл жоқ. Бар кілтипан — теріс пиғыл, жемқор қиянатшылдықта жатыр. Адамда ынсап та, мейірім мен шапағат та мол. Алайда, «Мылтық билеп тұрғанда әділет жоқ». Адамзат оң жолға — бауырластық, кісілік жолына түсуі үшін «ар түзейтін ғылым» керек. Сонда ғана зұлымдыққа тоқтау салынбақ.

Шаһкәрімнің мейір мен зорлық, әділет пен зұлымдық, ғылым мен мораль, адам мен заман туралы толғаныстары екі ғасыр шегіндегі қазақ қоғамдық ойының марқайған қалпын, бүкіл Түркістан өңіріндегі алдыңғы қатарлы, биік өресін айғақтаса керек. Бұл кезде қазақ әдебиеті дін шырмауы, ескілік көлеңкесі, ел ішіндегі кертартпа құбылыстар сияқты аса мәнді, бірақ кезеңдік тақырыптарды еркін игеріп, бүкіл адамзаттық мәселелерге, әлемдік тақырыптарға біржола ден қойған еді. Бұл тараптағы Абай салған жол кеңейе, дағдылана түскен болатын. Сондықтан да Шаһкәрімнің азаматтық лирикасы тек қазақ қана емес, қазіргі советтік шығыс халықтарының поэзиясындағы, туыстас, тағдырлас жұрттардың барлығының рухани даму тарихындағы өзгеше құбылыс деп бағалануы ләзім.

Шаһкәрім лирикасының тағы бір озық сипаты — нәзік те терең психологизм. Сезім қылын шертер, санаға таңбаланар сыршылдық ақынның алғашқы туындыларынан-ақ байқалған. Қаншама әсерлі болғанымен, бұл өлеңдерде жалаң сезім қуанышы, жастық көңіл буы басым еді. Абай ағаның өнердегі әрбір жаңа қадамын, өзгеше лепесін қалт жібермей қадағалап, терең түсіну шығыс поэзиясын, оның ішінде әсіресе Хожа Хафиздың сырлы жырын бойға сіңіру, бұдан соңғы жерде орыс әдебиетін етене тану, орыс тілі арқылы бүкіл батыс сөз өнеріне қол созу ақын талантына өзгеше қуат берді. Қоғам тану, дүние тану өз алдына, өнер мұраты туралы жаңа түсінік қалыптасты. Енді ақын сезім шырғаландарын таңбалауға ден қояды. Адамның ішкі әлемін аша талдауға — қуаныш, реніш, сүйініш, махаббат жайын байыптауға айрықша көңіл бөледі. Тіршілік мәні, тұрмыс машақаты, әділет пен зұлымдық туралы ой түйеді. Өмір өріне шыққан ақсақал көзімен ғана емес, өнер биігіне жеткен ақылман тұрғысынан өз еткеніне, соған орай, басы жұмыр пенде атаулының фәни ғұмырына баға береді. Шаһкәрімнің бұл реттегі сырлары мен толғаныстарын өмірінің соңына қарата жазылған, ел ішінде күні бүгінге дейін өз әуенімен айтылатын ең көркем туындыларының бірі нақты түйіндесе керек.

Қайран
Қайғысыз, қамсыз күндерім,
Сайран,
Сауықты рақат түндерім,
Сендерден не пайда?
Асқан
Алпыстан мынау жасымыз,

-1893 - 35051

Қашқан
Шалдықтан ғаріп басымыз,
Қаласың қай сайда?!

Бұл — бір адамға, бір ұлт өкіліне ғана емес, өмір заңын түйсінген, тіршіліктің шектеулі кесімін мезгілінде байыптаған кез келген адамға ортақ сыр. «Өмірдің жолы бұл», — дейді ақын. Мұң бар, түңіліс жоқ. Өйткені бір адамның демі үзілгенімен, табиғат толастамайды. Сенің өміріңді тікелей жалғастырмаса да, ісіңді алға апарар, жаны туыс тағы бір кісі дүниеге келмек. Тіршілік мұраты — осы шектеулі өмірді мағыналы, мәнді етіп өткізу. Сен адамдық жолынан шықпасаң, ұрпағың да өз кезегінде артына тағлым тастамақ. Өмірдің өтуі, тіршіліктің сарқылуы туралы мұңды сарын о дүние сұлбасы, ақирет жайынан мүлде аулақ сипатта. Құдайдың бірлігіне, пайғамбардың хақтығына күмән келтірмеген ақын адамның артында қалар ең үлкен қазына — игі іс, ең үлкен мұрат — ұрпақ жалғастығы деп танығанын көреміз. Бұл — Шаһкәрімнің өмір кешуі, өнер мұраты туралы толғаған көптеген өлеңдерінің негізгі арқауы болып табылады.

Қазақ реализмі Абай тұсында қалыптасты, ұлы ақынның өнерлі шәкірттерінің жан-жақты қызметі нәтижесінде әдебиетте жетекші әдіске айналды десек, бұл реттегі Шаһкәрім еңбегі тек лирикалық поэзиямен ғана шектелмейді. Білімдар Шәкәрім эпикалық жанрларға да қалам тартады. Шаһкәрім атын бүкіл қазақ даласына танымал еткен оның поэмалары.

Шаһкәрімнің үш поэмасы да («Қалқаман — Мамыр», «Жолсыз жаза» («Еңлік — Кебек»), «Нартайлақ пен Айсұлу әңгімесі») ескі қазақ тұрмысынан алынған. Бірақ бұлардың ешқайсысы тарихи шығарма емес. Поэмаларда тарих — фон ғана, автордың баса назар аударғаны — әлеуметтік мәселелер, мінез-құлық жайы. Жанрлық тұрғыдан алғанда, «Қалқаман — Мамыр» — лиро-эпикалық жырға бейім, «Жолсыз жаза» — әлеуметтік дастан, ал «Нартайлақ — Айсұлу» махаббат драмасы дер едік.

Өмірде шын болған бақытсыз ғашықтар Еңлік пен Кебек, Қалқаман мен Мамыр хикаялары ескі күндердің өзінде ел арасына кеңінен тараса керек. Бұл трагедиялық тағдырлар туралы алғаш рет қалам тартқан — Абай деп білуге тиіспіз. 1892 жылы «Дала уәлаятының газетінде» (№ 29,31-32, 34-40) жарияланған «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» атты көлемді прозалық шығарма өзінің таным өресі, ой өрнегі тұрғысынан ғана емес, сөз саптау, сөйлем құру, көркемдеу тәсілдері жағынан алып қарағанда да тек Абайға

ғана тән сипат танытады. Әңгімені Абай атына телуге негіз беретін ең басты дәлел — оның бүкіл құрылымында, образдар жүйесінде. «Дала уәлаятының газетіндегі» трагедия кейіпкерлері Шаһкәрім поэмаларындағы тұлғалардан мүлде басқа, тіпті кереғар сипатта. Екі шығарманың да өзегі өмірде болған, нақты оқиғалар екенін ескерсек, бар ұқсастық осымен шектеледі, авторлық шешімнен, кейіпкер мүсіндеу тәсілі, көркемдеу үлгісінен ешқандай бірлік таппаймыз. Бұл — заңды. Дара суреткерлер ортақ тақырыптың өзінен әр қилы кейіптегі туынды мүсіндемек.

Әлбетте, үнемі тыңнан жол тартқан Абай үлгісі өзгеше. Абай прозасының, оның ішінде «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» атты әңгіменің (бұл тарапта арнайы сөз еткенбіз) барлық озық сипатын ізбасарлар мұрасынан табу шарт емес. Әрине, ұлы ұстаз өзінің идеялық тұрғысын, эстетикалық мұратын үлгі ретінде ұсынғанмен, замана үрдісін, өнердің даму заңдылықтарын естен шығармаған. Талантты шәкірттеріне тақырып ұсыну — осының бір ғана көрінісі. Осы орайда «Қалқаман — Мамыр» мен «Еңлік — Кебек» те Абай көзін аршыған бастаудан нәр алатыны анық.

«Қалқаман — Мамыр» 1912 жылы Семейде, «Жәрдем» матбуғасында (баспасында) басылып шыққан. Нақты жазылған уақыты белгісіз. Өз ізбасарларының творчествосын жіті қадағалап отырған Абайдың «Қалқаман — Мамырды» оқығаны, пікір айтқаны турасында ешқандай дерек жоқ. Әйткенмен, поэма екі ғасыр шектескен межеде, ақын ағаның көзі тірісінде туған сияқты. Шаһкәрім шығарманың бас кейіпкерлерінің бірі — ел тұтқасы ғұлама қарт — Бабаңның қиыннан жол таппай шалдыққан сәтін сипаттай отырып, оны Абай тағдырымен салыстырады: «Мәселен, көз алдында тұрған жоқ па, — Қойдыңдар Абайға да не қылғызбай...» Рас, поэма алғы сөзінде Шаһкәрім: «Өлгенді тірілтпесем де, өшкенді жандырғандай болсын деп, биыл, жүз тоқсан жыл болып, ұмытылған істі алдыңызға қойдым», — деп жазады. Бұл арада кітаптың басылған жылы туралы айтылып отырғаны аңдалады.

«Жолсыз жаза» да («Еңлік — Кебек») сол баспадан, сол 1912 жылы жарық көреді. Бұл поэманың «Қалқаман — Мамырдан» кейін туғанын автордың өзі ескертеді. Біздің байыптауымызша, Шаһкәрімнің «Еңлік — Кебегі» Абайдың тікелей тапсырмасы болмаған күннің өзінде Абай үлгісі, Абай өсиетімен жазылған шығарма. Ал ақын бастырып үлгермеген «Нартайлақ пен Айсұлу әңгімесі» — аталмыш екі поэмадан соң, тіпті беріде, 1929 жылы ноябрьде жазылған. Бұл шығарма біздің заманымызға қолжазба қалпында ғана жеткен.

«Қалқаман-Мамыр» мен «Жолсыз жазада» Шаһкәрім XVIII ғасырдағы қазақ тарихы туралы біршама мағлұмат береді. Қалқаман жігіт пен Мамыр қыздың махаббат драмасының мекені де, мезгілі де нақты. «Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл — Қазақтың Сыр бойында жүргені анық», — дейді ақын. Трагедиялық тағдыр шешімі қазақ тарихындағы ең бір қаралы жылдарға сәйкес келеді.

Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл,
Атысқан қазақ қалмақ мұны да біл,
Қалмақтың бастаушысы Суан Раптан,
Өзі батыр, соғысқа тым айлашыл.
Қазақты ол соғыста қалмақ алды,
Үш есенің екеуін қырып салды,
Жеңілген соң тұра алмай Сыр бойында,
Арқаға қазақ ауып кетіп қалды.

Сыр өңірі ежелден-ақ қазақ халқының ұялы ордасы болған еді. Жоңғардан жеңіліске дейінгі кезеңде дария бойы сауда-саттық, отырықшы тұрмыс ұйтқысы — отыздан астам қала орнаған абат өңір ғана емес, қазақ руларының малғажайлы қысқы қонысы болған. Бірақ сол замандардың өзінде Орталық Қазақстан иесіз тұрмаған; шөбі шүйгін, суы мол, жері кең Сарыарқа жазғы жайлау міндетін атқаратын. Түстіктегі Сыр мен Шу бойынан, қысы жұмсақ, қамысты, ұйықты мекендерден терістікке қарай тартылатын көш жолын ешқашан да шөп басқан емес. Тек 1723 жылғы жойқын апаттан соң Арқа баяғы Қасым хан заманындағыдай тұрақты қыстауға айналады.

Көршілес түркі халықтары қалмақ деп атаған батыс монғол жұрты — ойраттармен жауласу тым арыдан басталған. Жошы ұлысының ыдырау кезеңінде ойраттардың батыстағы ең басты қарсыласы Мағұлстан хандығы болды. Ал мағұл одағы бұзылып, оның құрамындағы түркі руларының басым көпшілігі, бүкіл Жетісу Қазақстан құрамына қайта енген кезде қазақ пен қалмақ бірме-бір, бетпе-бет келеді. Үнемі дерлік жеңіліске ұшырап отырған, кейде, тіпті алым төлеп, бодан болса да, елдігінен айрылмаған ойраттар XVII ғасырдың орта шенінен бастап күш алады. Көршілес, киіз туырлық көшпенді екі жұрт арасында атадан балаға озған, екі жақ үшін де өлшеусіз шығынға түскен, ешбір халық тарихында болмаған жүз елу жылдық соғыс осы кезеңнен басталып, жаулық түбі аяусыз геноцидқа ұласқан, қазақ пен қалмақ бірін-бірі тақыр-таза қырып бітіруді ғана мақсат тұтқан қасап майданға айналған еді. Ақыры кеселді түйінді құдіретті көршілер шешеді. Ойрат халқы жер бетінен

мүлде жойылып, қатары селдіреген қазақтардың туы жығылады. Керісінше болуы да мүмкін еді. Оның айқын дәлелі — Ақтабан шұбырынды. Шаһкәрім баяндауында казақтың құты қашқаны сонша лық, тоқсан бес жастағы «ел ағасы, әрі би, әрі ғұлама» Әнет Бабаның өзі «көшке ере алмай, тірідей дөң басында» қала береді. «Еңлік — Кебек» шығарманың сюжеттік желісіне қатыссыз, пролог іспетті өлең жолдарымен басталады.

Өткен адам болады көзден таса,
Өлді, өшті оны ешкім ойламаса,
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп, ұмытпаса.

Ақыл деген денеге егілген дән,
Суғарылса кіреді оған да жан.
Ақылдың өсіп-өніп, зораймағы
Көрген-білген нәрседен ғибрат алған.

Сол сияқты ұмытылмауға тиіс, кейінгіні ойға қалдырар, ғибраты мол хикая — Еңлік пен Кебектің тағдыры. Шығарманың негізгі арқауы махаббат трагедиясы болғанымен, автор замана кейпін нақтылау, оқиғаның ескі күндерде өткенін, ендігі жерде ел арасында мұндай келеңсіз істер болмауға тиісін дәлелдей түсу үшін хикаяның өмірлік фонына айрықша мән береді, шағын көлемді тарихи ақпар жасап, Ақтабан шұбырынды күндерін, елдің қырғынға ұшырап, азып-тозуын сипаттай келе, қазақтардың қайтадан күш жиып, жауға қарсы аттанғанын, үлкен жеңістерге жеткенін айтады. Автор мақсаты — жоңғар соғыстарының шежіресін жасау емес, Еңлік — Кебек трагедиясына себеп болған қоғамдық, әлеуметтік жағдайларды айқындау. Сондықтан да, ақын ойрат одағы жойылғаннан соңғы кезеңде шығыс облыстарға ауа көшкен рулардың өзара күресіне арнайы тоқталады. Хандық өкімет құлап, әркім өз басына би болған замандағы бұл қақтығыс ел мүддесінен емес, ру мүддесінен, ағайынға тиесілі жайлау, қыстауды тартып алу мақсатынан туындаған еді. Әрине, тар жерде тек отырып, аштан қырылмадың деп Тобықтыны кінәлау қиын, бірақ кең қонысының бір өңірін қаны қарайып келген ағайынға қимаған Матайды да ақтау мүмкін емес. Енді ағайын арасында аяусыз күрес басталды. Дәл осындай кезеңде албырт көңіл, ақ махаббат табыстырған Тобықты жігіті Кебек пен Матай қызы Еңліктің тағдыры қандай болмағы айтпаса да түсінікті.
Сонымен, «Еңлік — Кебекте» де, «Қалқаман — Мамырда» да жеке бас трагедиясы халық трагедиясының бір бөлшегі ретінде көрінеді. Қиын хал, қат-қабат драма нақты бір кейіпкердің зұлымдығынан

туындамайды. Сол сияқты, жақсылық тілеген, жәрдем жасамақ болған адамның әрекетінен де ештеңе өнбейді. Бабаң — ел қамқоры, ағайын панасы. Алайда әдет-ғұрып заңына тоқтау сала алмайды, Қалқаманды оққа байлап береді. Кеңгірбай — ұнамды кейіпкер, бір өзінің емес, Тобықтының қамын жейді, бірақ жағдай құрбаны, заманадан жапа шегуші, ол да Кебекті амалсыздан өлімге қияды. Тіпті Мамырды атып өлтірген. Калқаманды өлім жазасына кесуді талап еткен Көкенайдың өзі қалыпты ұғымдағы «ұнамсыз кейіпкер» емес. «Өзі батыр, мінезі қатты кісі»,— деп сипаттайды Шаһкәрім. Қаныпезер еді, қаражүрек еді демейді. Өйткені ол — ата салтының, патриархалдық ғұрыптың сақшысы, яғни заман мен жағдай құрбаны. Поэмалардың бас кейіпкерлері де өз дәуіріне сай сыр-сипатта. Бірақ өз ортасының әдет-салтын аттап өтіп, махаббат бостандығына ұмтылады. Бұлар да құрбан — асықтың құрбаны. Әсіресе тағдырының немен аяқталарын біле тұра басқа жол таңдамаған, махаббатынан айнымау арқылы ажалға карай қадам басқан Кебек мінезі айрықша кесек. Қандай сипат, қандай тұрпатта көрінсе де, Шаһкәрім бейнелеген кейіпкерлер толыққанды реализм жемісі болып табылады. Бұл реттегі айрықша атап айтарлық бір жетістік — Шаһкәрімнің психологиялық талдау шеберлігі.

Айшықты сөздің қас зергері Шаһкәрім екі поэмасында да кәдімгі қара өлең үлгісіне жүгінеді. Бұл — мазмұнға сай таңдалған, трагедиялық халді, өзгеше сезім толқынысын алып — ұшпасыз, әсіресіз. қарапайым да нақты жеткізер ең ұтымды түр екеніне көзіңіз жетеді. Поэмалардың баяндау сарыны, көркемдеу жүйесі — бүкіл болмыс-бітісінен кәнігі шеберге ғана тән салқын сабыр, сөз нарқы нақты байыпталған суреткерлік, өткен тарихты, көне тұрмысты, қазіргі ахуалды терең таныған білгірлік көрінеді. Оқиғаға бай, драмаға толы, жанды тұлғалары нақты дараланған, қаламгерлік мұрат айқын таңбаланған екі поэманың да көлемі таң қаларлықтай шағын — «Еңлік — Кебек» небәрі 652 жол, ал «Қалқаман — Мамыр» бұдан екі еседей кем — 372 жол. Бірақ осы шағын көлемге романдық материал сыйған.

«Оятқан мені ерте шығыс жыры», — деп, «Жасымнан жетік білдім түрік тілін», — деп, өзінің төл әдебиеттен тысқарғы ең алғашқы өнеге мектебін нақты атаған, классикалық тәжік-парсы поэзиясын да, тамырлас, туыстас халықтарға тегіс тиесілі орта ғасырлық түркі әдебиетін де терең таныған ақынның айрықша қадір тұтқан шайырлары Хожа Хафиз, Физули мен Науаи болатын. Шаһкәрімнің Фердауси мен Сағдиді де, Хожа-Ахмет Яссауи мен Софы Аллаярды да жақсы білгені күмәнсіз. Осы жұлдыздай жыпырлаған көп ақын ішінде Шаһкәрім әсіресе Хафизді жанына

жақын тұтады. Германиядағы Гетені де, Россиядағы Пушкинді де бауырған, жаңа дәуірдегі Европа поэзиясына үлкен ықпал жасаған Хожа Хафизді Шәкәрім өзінің ең ұлағатты ұстаздарының бірі санайды. Үнемі сырласып, мұңдасып отырады. Тіпті өмірінің ең соңғы күндерінде де Хожа Хафизді аузына алады, оны түсінде көргенін айтып, бұл — дәм-тұздың таусылғаны, фәнилік жарықтан бақилық даңққа өтудің белгісі деп біледі.

Шәкәрімнің Хожа Хафиздан аударған өлең-жырларының саны біршама. Бұлардың басым көпшілігі тәржіма болғанмен, біразы Хафиз сарынындағы төлтумаға ұқсайды. Шәкәрімнің шығыс үлгісіндегі мұрасы сол тұстағы қазақ поэзиясының ізденіс өрісін, игерген аймағы туралы нақты түсінік берсе керек. Шәкәрімнің шығыс жырлары көркемдік ойдың жаңа бір белесі болды. Мұндағы өрнекті, иірімді жан толқынысы, үлгілі тіл мәдениеті — ұлттық поэзиямыздың Абай жеткізген ең биік тұғырымен деңгейлес.

Шәкәрімнің шығыс тақырыбындағы ең көлемді мұрасы — «Ләйлі — Мәжнүн» (әуелде, 1922-1923 жылдары «Таң» журналында жарияланған, 1935 жылы Сәкен Сейфуллин қайыра бастырған). Түп негізі Физулиге барып тірелгенімен, бұл еңбекті қазіргі ұғымдағы аударма деп айту қиын. Ләйлі мен Мәжнүннің ғашықтық хикаясы Низамиге де, Науаиға да шабыт берген. Шығыстың сөз зергерлерінің жыр жарысы — нәзира дәстүрі бойынша, ақынның ең басты мұраты жаңа тақырып табу емес, жаңа жол табу, белгілі сарынды өзгеше түрге бөлеу, өзіндік бояумен бейнелеу десек, Шәкәрім қалдырған «Ләйлі — Мәжнүн» дастаны мың жылдық тарихы бар ежелгі сюжеттің ең сонғы көрінісі, шын мәнісіндегі төлтума болып табылады.

Ұлы Абай: «Ғылымды іздеп, — Дүниені көздеп, — Екі жаққа үңілдім», — дейтін. Абай мектебінен тағлым алған, Абай жолын жалғастырған Шәкәрім де екі жаққа бірдей назар салады, әлемдік сөз өнерін танып-білуге, оның бар жақсысын бойға сіңіруге, ел игілігіне айналдыруға күш салады. Тіпті «шығысым батыс болып кетті» деген ақын аға ізімен, өмірінің екінші жартысында Европа әдебиетіне, оның ішінде әсіресе орыс әдебиетіне айрықша ден қояды. Тек көркемдік танымда ғана емес, қоғамдық танымда да, өмірдің, тіршіліктің барлық саласында орыс білімпаздарының жолын ұстанады. Қасиетті синод Лев Толстойды дінсіз деп жариялаған күндерде айтылған: «Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың!» — деген сөз тек әдебиетке ғана қатысты емес. «Толстой кәпір емес, кәпір өзің», «Ақиқат сырымды айтсам, Толстойдың, — Мың сопыны алмаймын тырнағына» — исламшыл діндарларға ғана емес, кертартпа дін атаулының өкілдеріне арналған сөзі, дін түнегін ғана емес, аққа қарсы, әділетке, ерікті ойға қарсы реакцияшыл көзқарасты, зорлық-

зомбылық атаулыны айыптайтын азаматтық ұран. Толстой сияқты «нұр жарықты» перзенттер бар халыққа ортақ, бүкіл адамзат ұстазы деген пікір түйеді Шаһкәрім.

Лев Толстойдың Шаһкәрім болмысындағы өзгеше жарық сәулесі ақынның адамдық тұлғасы мен ағартушылық қызметінен, ойшылдық кейпі мен қаламгерлік қарымынан — бүкіл өмір жолы, өнердегі мұратынан айқын танылады. Ақын фәни тірліктен аулақтаған, жапанда жалғыз жатқан күндерінде — 1924 жылы Толстойдың ізгілікті, мейірбандық, бауырмалдықты уағыздаған «Ассирия патшасы Асархадон», «Үш сауал», «Крез патша» әңгімелерін аударады. Бұл аудармалар кезінде баспа көрмегенімен, қолжазба түрінде халық арасына кеңінен тарайды.

Шаһкәрімнің халық бірден қабылдаған, жыр етіп айтып, көшіріп оқыған, бірақ кешеуілдеп, кітап бетін 1924 жылы ғана көрген, оның есесіне ақын өлімінен соң, 1935 жылы қайыра жарияланған (баспаға шығарған - Бейсенбай Кенжебаев) ең елеулі еңбектерінің бірі — «Дубровскийдің» өлеңмен жасалған аудармасы. Повесть тәржімасына өз тарапынан берілген арнауда Шаһкәрім:

Өлшеусіз көп жасаған дүние кәрі,
Тағы талай жасамақ мұнан да әрі,
Иесінен басқаға мәлім емес,
Қанша тұрмақ, қаншама тұрғандары, —

деп бастап, қоғамның даму заңдылықтары, адам мен заман туралы толғанады. Ақыл-ой, өнердің жемісі зиянға шыққаны, қоғамдық қайшылықтар нәтижесінде қан төгу, қанау құралына айналғаны турасында толғана келіп, ақын бүкіл дүниені өзіне бағындырған, ой мен қырды, құрылық пен суды түгел жайлап, «аяғында шар мініп, аспанға ұшқан», бірақ мейірбандық, ізгілік, бауырмалдықтан айрыла бастаған, бетін теріске бұрған адамзатты түзейтін жалғыз-ақ жол бар, ол — тіл қаруы, сөз өнері деп түйеді. (Аударма жасалған уақыт — XIX ғасырдың аяқ шені тәрізді, алғашқы аэроплан 1903 жылы ғана аспанға көтерілген еді). Осындай, адам баласын тура жолға тартқан, «талықпай тас бұлақтың көзін ашқан» даналардың бірі — Пушкин деп таниды. Шаһкәрім «адамның түзелмегі» үшін, «ғибрат үшін» жазылған Пушкин хикаятын нақпа-нақ аударуды мұрат тұтпағанын, оның себебі — өз тұсындағы оқушы, тыңдаушы қауымның таным дәрежесіне байланысты екенін ескертеді, сонымен қатар тәржіманың түпнұсқаны сақтайтынын, ауа жайылмайтынын да атап айтады.

Прозалық түпнұсқа мен өлең түріндегі тәржіманы мұқият

салыстырып қарағанда, Шәһкәрімнің Пушкинді ғана емес, жаңа үлгідегі бүкіл орыс әдебиетін жақсы білгені, оның көркемдік ерекшеліктерін кәміл танығаны байқалады. Қазақ ұғымына лайықталды дегенмен де, түсіп қалған эпизод, бедерленбей кеткен сурет жоқ. Повестің композициялық желісін берік сақтаумен қатар, XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің үлкен жетістігі, әлемдік көркем танымға соны жаңалық, тың тыныс әкелген нәзік психологизмге айрықша ден қойған. Кейіпкерлер тағдырының қоғамдық астары, олардың іс-әрекетінің мінез-құлықтық негіздері тура пайымдалған. Аудармашы сәл-пәл еркін кеткен тұстардың өзі түпнұсқада негізі салынған, шығарма болмысымен астас сипатта. Аударма өресін, Шәһкәрім шеберлігің танытарлық бір ғана үзінді келтірейік:

Шал Антон бишік бұлғап, божы қақты,
Зыр желді күрмедегі ат, шеткі ат шапты.
Өткенін қанша уақыт пайым етпей,
Владимир тым терең ой ойлапты.

Ат быр-быр, арба күр-күр, қоңырау шылдыр,
Тау, ағаш кейін қалып қақты бұлдыр
Бұлардан Владимир түк сезбейді,
Әкетпес әлдеқайда көңіл құрғыр.

Түпсіз ой, түпсіз қиял неше мыңдап,
Бірі бүйт, бірі сүйт деп тұрады ымдап,
Тұңғиық тұманданған алдыңғы өмір,
Тұрғанын біліп болмас не дайындап...

Шәһкәрімнің «Дубровскийі» Октябрь қарсаңындағы қазақ әдебиетіндегі жарқын құбылыстардың қатарына жатады. Жұртшылықтың Пушкин атына біржола қанығуы, орыс мәдениетінің сәулесін бойға сіңіруі, адам атаулының бауырластығын сезіне түсуі өз алдына, жаңа заманға аяқ басқан, жаңа тақырыптар игеріп, жаңа үлгіге көшкен, көркемдік танымы жетіліп, қаламгер шеберлігі артып, тың тұғыр, соны өріс іздеген қазақ әдебиетінің даму жолындағы елеулі белестердің бірі болды. Ұлт әдебиетінде туған төл шығармадай бойға дарып, өнерді жаңа мұратқа нұсқаған үлгі қызметін атқарды. Қазақ тіліндегі «Дубровский» тек ұлттық әдебиет ауқымындағы ғана емес, бүкіл әлемдік пушкинианадағы ең елеулі оқиғалардың бірі ретінде бағалануға лайық.

Шәһкәрімнің қаламгерлік қызметі тек ақындықпен, аудармашылықпен шектелмейді. Ғұлама еңбегі сан салалы. Оның суреткер ретіндегі мұрасының бір тармағы — проза болса (әйел

бостандығы, ескі қазақ аулындағы саяси-әлеуметтік жағдай туралы жазылған «Әділ — Мәрия» повесі), автор мүлде басқа тұрғыдан көрінетін тағы бір мол арна — тарих пен философия. Бір мақалада, Шаһкәрімтанудың алғашқы кезеңінде бәрін қамту, бәрін айту мүмкін емес. Десе де, атаусыз қалдыруға болмайтын кейбір еңбектерін еске салайық.

Шаһкәрім мұрасындағы өзгеше тұрпатты шығарманың бірі — ел арасында «Шежіре» атанған «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбек (Орынбор, 1911).

Шаһкәрім шежіресі — көшпенді халықтар мәдениетіндегі көне салтты — бағзыдағы Рәшид-әд-Дин, кейініректегі Қадырғали Жалайыр, Әбілғазы-бахадүр-хан дәстүрін жаңа заманда жаңаша жалғастырған құнды еңбек. Әрине, көне үлгідегі композициялық құрылысы, жер бетіндегі барлық жұртты Адам-Ата - Хауа-Анадан, Нұх пайғамбар мен оның үш баласы Сам, Хам, Яфеттен тарататын, бұрынғы-сонғы елеулі оқиға, құбылыстардың барлығын жеке есімдер тарихымен ғана байланыста қарастыратын, аңыз бен шындықтың шегін ажырата бермейтін бітім-болмысы Шаһкәрім шығармасының тарихи зерттеу емес, шежіре екендігіне айғақ. Бірақ бұл — жаңа шежіре, бұрынғылардан басқаша кейіптегі шежіре.

Шаһкәрім орыс ғылымының екі ғасыр шегіндегі жетістіктерін кеңінен пайдаланумен қатар, түрік тарихшыларының зерттеулеріне де ықылас қояды. Тұма-намада XIII ғасырдағы «Моңғолдың құпия тарихынан» бастап, XVII ғасырда жазылған Әбілғазы-бахадүр-хан шежіресіне дейінгі біраз мұраны мұқият қарастырады. Осының нәтижесінде кезінде жұртшылық арасына кең тараған, қазір де танымдық мәнін жоймаған өзгеше еңбек жазып шығады.

Шаһкәрім шежіресінен орта ғасырлардағы түрік, моңғол тайпалары туралы біршама мағлұмат аламыз. Қазақ халқының шығу тегі, оның негізін құраған рулар туралы мағлұматтар жаңа ғасыр басындағы ғылым деңгейінде. Сонымен қатар, тарихи, ғылыми еңбектер ғана емес, ел аузындағы ескі хикая, көне аңыздар негізінде жазылған шежіреден қазақ халқының құралу кезеңіне, оның тарихындағы белгілі бір оқиғаларға байланысты әңгімелердің сұлбасы танылады. Әз-Жәнібек, Қасым, Шығай, Тәуекел, Еңсегей бойлы Ер Есім, Салқам Жәңгір, Әз-Тәуке, Абылай атына байланысты мағлұматтар қазақтың ұлттық тарихы болғандығын, ата-бабалардың ел үшін, жұрт үшін, тәуелсіздік үшін аяусыз күрес жүргізіп келгендігін, қоғам мұраты қашанда жеке адам мұратынан биік тұратындығын көрсетеді. Жекелеген жаңсақ деректеріне, желілі тарихи

көзқарастың жоқтығына қарамастан, халық өткерген кешу жол дұрыс байыпталған. Автордың алға тартқаны — қазақ қаншама ықылымнан бері атамекен жерінде өсіп, өркендеп келе жатқан, бағзы замандардың өзінде іргелі ел болған жұрт дейтін өзекті түйін. Шаһкәрім шежіресінің қазақ қоғамдық ойының даму тарихындағы орны да осы тұрғыдан бағаланса керек.

Ғұлама қаламгердің ұрпақ тарапынан әділ бағасын алуға тиіс тағы бір күрделі еңбегі — «Мұсылмандық кітабы». Үстірт қарағанда «иман, ғибадат, басқа һәм түрлі шариғат істерін» ұғындыру мақсатында жазылғандай көрінгенмен, еңбектің шын мәнісіндегі маңыз-мағынасы тереңде. Автор кітап алғысөзінде қазақ арасында дүмше молдалар, арамза қожалар көп ұшырасатынын, олардың елді құдай жолы — әділет жолына бұру орнына шатастырып, адастырып қоятынын, иман емес, мал табу жайын ғана ойлайтынын ескертеді. Бар қасірет қараңғылықта. Ал қараңғылық себебі тілі бөтен Құран сөздерінен мүлде бейхабарлықта ғана емес, елдің оқу-білімнен мүлде кенде қалғандығынан деп біледі.

Әлбетте, Шаһкәрім — атеист емес, діндар. Бірақ оның мұсылманшылығы да қалыпты түсінік аясына сыймайды. Мәселен, дін табиғаты, ождан туралы айта келе Шаһкәрім: «Алла тағала пенделеріне тура жолды ұқтыру үшін, бір заманда пайғамбарлардың қайсыбіреулеріне кітап жіберген. Оның үлкені төртеу: бірі — біздің пайғамбарымызға жіберген Құран, біреуі — Мұса пайғамбарға жіберген Таурат, біреуі — Дәуід пайғамбарға жіберген Забұр, біреуі — Ғайса пайғамбарға жіберген Інжіл... Солардың бәрі де рас деп нану керек», — дейді. «Көктен түскен төрт кітап» — мұсылман теологиясында ежелден бар ұғым. Алайда, Шаһкәрімнің бар деректі байыптауы басқаша: қасиетті кітаптардың озығы, қалығы жоқ, ал Құран «өзінен бұрынғы діни ұғымды жалғастырады, негізгі ерекшелігі — «кейінгі заманына қарай». Мұсылмандық догма тұрғысынан қарағанда бұл — нағыз кәпір сөзі. Шаһкәрім мұнымен шектелмейді. Автор пікірінше, тәңірінің атауы әр түрлі, табиғаты біреу-ақ; адам баласының жаратылысы, ой-өзегі ортақ, барлық адам - бауыр, ақиқат жолы жалғыз.

Еңбектегі таза діни толғаныстар, мәселен, жаратушының барлығы, бірлігі туралы тараулар орта ғасырдағы Шығыстың жаңа тарих кезеңіндегі Европаның идеалистік философиясының ауқымында. Ал көлемді еңбектің негізгі бөлімі — әдет-ғұрып қағидасы, моральдық — этикалық тұжырымдар деуге болады. Мәселен, жеке тараулар былай аталады: «Адам хақы мен хайуан хақы,», «Әр түрлі залымдықтан һәм жамандықтан сақтанбақ»; «Әрбір халал

істі істеуге ұмтылмақ», «Пайда келтірмек, зияннан құтылмақ», «Тәубе қылмақ, кінәдан тыйылмақ», «Неке туралы», «Ата-ана хақы», «Аманат туралы», «Сауда туралы», «Ақ ауламақ», т. т. Бір сөзбен айтқанда, Шәһкәрім жаратылыс, адам жайын діни көзқарас тұрғысынан ұғындыра отыра, адамгершілік моральді алға тартады, әділет, шапқат жолын насихаттайды.

Ғалам болмысы, замана тұрпаты, адам табиғаты туралы көп толғанған Шәһкәрім өмірдің мәні, дүниенің баянсыздығы жайында да көп жазған еді.

Қайғы емес қаза,
Болмаймын наза,
Ноқталы басқа бір өлім... —

деп, жас кезінде-ақ өмірдің өтпелі кебін мойындаған ақынның, алпысқа аяқ артқан шағында: «Қаласың қай сайда...» — деп, өз өмірінің немен тынарын болжаған ақынның қайғылы қазаға ұшырауы да, отыз жыл бойы ойпаңда, құр құдық түбінде жатуы да шын трагедия емес. «Туған жан өлмек, — Тағдырға көнбек», — деген Шәһкәрімнің өзі. Ақын өмірі, ақын тағдыры. Ең үлкен қайғы, шын трагедия — Шәһкәрім мұрасының елу жыл бойы жабулы жатуы. Қысастан өлген ақын жаны бір сәт қана азап шексе, өзінің ең елеулі қайраткерлерінің бірін санатқа қоса алмаған рухани мәдениетіміз жарты ғасыр бойы жапа көріпті. Сол кемістің орны енді ғана толып отыр.

МҰХТАР МАҒАУИН

ДАСТАНДАР

Жаралы жаным шықсын деп,
Қара жер мені жұтсын деп,
Өлген соң елім мұтсын деп,
Атымды қойдым: «Мұтылған».

ҚАЛҚАМАН–МАМЫР

Өткен іс — ойға күңгірт, көзге таныҚ,
Көрмесе де білгенге бәрі қаныҚ.
Мыңжеті жүз жиырма екінші жыл
ҚазаҚтың Сыр бойында жүргені аныҚ.

Әнет бабаң Арғынның ел ағасы,
Әрі би, әрі молла, ғұламасы.
Орта жүзге үлгі айтҚан әділ екен,
Сол кезде тоҚсан беске келген жасы.

Кішік деген — бабаңның өз атасы,
Мәмбетей ол Кішіктің бір ағасы.
Мәмбет сопы, Кішіктің шешесі бір,
ҚатаҒан Тұрсын ханның ханышасы.

Біздің жетінші атамыз Әйтек деген
Бабаңның бір туысҚан інісі екен.
Әйтектің бәйбішеден жалғызы Олжай,
Тоқалынан Байбөрі ҚалҚаманмен.

Бәкең деп атап кеткен Байбөріні,
Бұл сөзім ертек емес, сөздің шыны.
Бір қыз үшін ҚалҚаман елден кеткен
Соның жайын айтайын тыңда, міне:

Мәмбетей өсіп, өнді бара-бара,
Сол таптан бір бай шыҚты жеке-дара.

Сол байдың он бес жасар қызы Мамыр
Әрі сұлу, әрі есті, еркекшора*.

Онан басқа бала жоқ әлгі байда,
Оны қыз деп еш адам айту қайда.
Байдың көңілі жабырқап қала ма деп,
Жұрт жүрді құда болам дей алмай да.

Қалқаман қыз айттырмай жүреді екен,
Мамырды жас күнінен біледі екен.
Асықтығын айта алмай іштен жанып,
«Құрбымыз» деп құр ойнап-күледі екен.

Мамыр жылқы бағады күндіз барып,
Тымақ киіп, қолына құрық алып.
Қалқаман Мамырменен малда жүріп,
Біраз сөз сөйлесіпті, кез боп қалып.

Жігіт сонда қызға өзін сүйдірмекке,
Асық болса оны да күйдірмекке, —
Жұмбақ мысал сықылды бір сөз айтты,
Көңіліндегі мақсұтын түйдірмекке:

—Ей, Мамыр, адамды Алла жаратыпты,
Хауа-Ананы адамға қаратыпты.
Бірін еркек, біреуін әйел қылып,
Екеуінен көп жанды таратыпты.

Құдай неге қылмаған адамды тақ,
Балаларын өзінен өстіріп-ақ.
Хауа-Ананы жаратудай мақсұты не?
Сол арасын білуге ақылым шақ.

—Ей, Қалқаман, тегі жоқ, құдай жалғыз,
Мұқтаж емес жолдасқа тіпті армансыз.
Адамзатқа көмексіз, махаббатсыз
Өмір қызық дегенді естен қалғыз.

Жоқ болса махаббатты бір сүйгенің,
Ойлашы, керегі не дүниенің.
Сүйсін, жолдас болсын деп жаратты Алла,
Бұл туралы білгенім осы менің.

* Еркекшора — еркек балаша киінген қыз (автор).

Тауып айттың, Мамыржан, ұқтым жайын,
Сүйтсе-дағы тағы бір сөзім дайын.
Махаббатты жарым жоқ, жәрдемшім жоқ,
Өлейін бе, қайтейін, кімге айтайын?

Қалқаманның мақсатын Мамыр білді,
Аз ойланып үндемей сабыр қылды.
Жылы жүрек өзіне жар тапқандай,
Тыншымады, тулады, жүз құбылды.

Қызарды, бір ағарды байдың қызы,
Бетке шықпай тұра ма жүрек ізі?
Іші ыстық, сыртқы дене суық тартып,
Салқын термен мөлдіреп нұрлы жүзі.

Аздан соң Мамыр айтты: — ей, Қалқаман,
Байқадым сөз аяғы бізге таман.
Қазір жауап берерлік уақытым емес,
Сүйтсе де үміт үзіп өлмек жаман...

Соны айтып амандасып Мамыр кетті,
Күн сайын Қалқаманнан сабыр кетті.
Мамыр бүгін қыздарша киінді деп,
Қалқаманға бір күні хабар жетті.

Қуанды атқан оғым тиді ме деп,
Мен үшін қыз киімін киді ме деп.
Қауіп шіркін тағы да ойлатады
Менен басқа біреуді сүйді ме деп?

* * *

Ол кезде жерге талас қазақ, қалмақ,
Атысып, ауыл шауып, жылқыны алмақ,
Бір соғыста қалмақты қазақ жеңіп,
Тобықтының бәрі де тойға бармақ.

Той қылған Орта жүзде Сәмеке хан
Жиылды той болған соң бірталай жан.
Бай-бәйбіше, үлкендер сонда кетіп,
Жас жігіт, қыз-келіншек үйде қалған.

Қазақта «бастан»* деген бір ырым бар,
Мал сойып, жастар ойнап, бір жиылар.
Қалқаман «бастан қыл», — деп қызға келді,
Азар болса бір тоқты шығын шығар».

Сойғызды Мамыр сонда тоқтыны әкеп,
Ойнады қыз-бозбала етінен жеп.
Оңашада Қалқаман Мамыр қызға
Ымдады «бір жауабың болмай ма?» деп.

Айтса да қыздан жауап үміт етіп,
Есітпеген кісі боп қалды кетіп.
Сүйтсе де сондағы айтқан сөзі мынау,
Еш адамға елеусіз өлеңдетіп:

—Ауылымның күнбатысы қалың қамыс,
Бүрсігүннен арғы күн болады алыс.
Жас кісіде бар болса жігер-намыс
Болып кетіп жүрмесін жатпен таныс.

Солайша жауап берді Қалқаманға
Бұл сөзі байқалмады басқа жанға.
Бүрсігүні қамыстан жолықпасаң,
Мен саған жоқ деді ғой, байқағанға.

Қалқаман оймен шешті қыздың сөзін,
Таптым деп шешуінің анық өзін:
Бүрсігүні күн бата сол қамысқа
Келіп кірді сол ғой деп айтқан кезін.

Ел жата қыз да келді шоқ қамысқа,
Қалқаман айтты сонда көзтанысқа:
Бүгін кешке осынан жолықпасаң,
Кетемін деп неге айттың тіпті алысқа?

Ей, Қалқаман, аңғалсың аңқылдаған,
Біржолата келген жоқ Мамыр саған.
Тағдыр бізді қоспады, айып етпе,
Ертең құда түседі біреу маған.

---

* Бастан — әке-шешесі үйде жоқта қыз-бозбала мал сойып, құрбыларын жинап ойнайды (автор).

Кеше білдім төбемнен ұрғандығын,
Құдалықтың дап-дайын тұрғандығын.
Бүрсігүннен кешіксең жауап жоқ деп,
Сол еді сөз ишарат қылғандығым.

Әке берсе, қыз болмас кімге қатын,
Қайтейін сенде-ақ еді махаббатым?
Еркекше киімімнен ұялам деп,
Уақыт өтті, сол болды қатты оғатым.

Алдыңа кешу сұрай келіп тұрмын,
Көзге тірі болсам да өліп тұрмын,
Қалқаман, осы саған қоштасқаным,
Денемді емес, жанымды беріп тұрмын.

— Ей, Мамыр, бұл іс оңай, алдамасаң,
Зорлық жоқ өзің сүйіп таңдамасаң.
«Ер жеткен қыз еркімен ерге тиер» —
Молдалардан есіттім әлдеқашан.

— Мамыр-ау, мені сүйсең, кетпе жатқа,
Құдайға хақ, ісім жөн шариғатқа.
Басы бабаң, аяғы шала молда,
Бәріне анық оқыған жамағатқа.

— Қалқаман, рас болса айтқан сөзің,
Сен үшін келіп тұрмын, көрді көзің.
Сүйген жарым, сүйенген жаным сенсің,
Не қылсаң да біле бер, мейлің өзің.

— Олай болса кетейін қазір алып,
Тұрсақ жазым болармыз қапы қалып.
Азар болса мал алар, адам алмас,
Тобықтыны жиярмын бара салып.

— Қыз алған жоқ жақыннан Тобықты әзір,
Өлтірем деп жүрмесін бізді қазір.
Өзімді аяп тұрғам жоқ, сізді аяймын,
Сен сау болсаң болар ем мен-ақ нәзір.

— Мамыр-ау, айтып тұрсың әлденені
Шариғат қосады екен немерені.

Қайғы ойлап жаман ырым айта берме,
Алаңсыз сүйген болсаң анық мені.

Мамыр айтты: — Мен сенсіз тірі тұрман,
Үш қайырдым сөзіңді мен антұрған.
Бір құдайға сыйынып ал да жөнел,
Жолыңда өлсем разымын, жаным құрбан.

Алдандырдым мен Сізді сөзбенен құр,
Тәуекел деп Аллаға тез, жылдам жүр.
Заман қандай болар деп дайындап ем,
Боз жорға атым белдеуде ерттеулі тұр.

* * *

Мінді де екі ғашық кетіп қалды,
Ауылға бір сағатта жетіп барды.
Не де болса қылдым деп бір жұмысты,
Бара сала Олжайға кісі салды.

Олжай барды бабаңа түн ішінде,
Қысылшаңдық бар еді жүрісінде.
Бабаң басын көтеріп Олжайға айтты:
«Неге келдің, асыққан жұмысың не?»

— Қалқаман қашып келді Мамырды алып,
Қапы болдық өзгеміз білмей қалып.
Алыс жерге кетсін бе, тоқтасын ба,
Ақыл сұрай келіп ем сізге салып.

Бабаң мұны есітіп қайғы жеді;
— Бір жаман түс көріп ем бүгін, — деді.
Бітімсіз іс кез болып қалар ма екен,
Көкенайдың мінезі қатаң еді.

Көкенай — Мәмбетейдің бастаушысы,
Өзі батыр, мінезі қатты кісі.
Сол кісінің алдынан тараушы еді,
Бабаңнан соң бұл елдің көп жұмысы.

Бабаң айтты: — Кете алмас бір жас бала,
Тобықтыға хабар қыл бара сала.

Болар іс болған шығар, малды аяма,
Өзі оңдасын ақырын хақ тағала.

Тобықты, Қанжығалы, Басентиін,
Атығай, Қарауылмен бәрі жиын.
Бабаң хабар айтқан соң ел жиылды,
Сүйтсе де сөз аяғы болды қиын.

Мәмбетей жатып алды ырық бермей,
«Қалыңмал ал, біт»,—деген сөзге көнбей.
Қалқаман мен Мамырды өлтірмесе,
Кетеміз деп бабаңды тіпті көрмей.

Бабаң айтты: «Өлтірер жұмыс емес,
Таспен атып өлтірмек бұл іс емес.
Біреудің некелісін бұзбаған соң,
Қанына ортақ болу дұрыс емес.

Көкенай тағы көнбей жатып алды,
Бітім болмай неше күн жұрт сандалды.
«Қалқаман мен Мамырдың дауындай» деп,
Мақал болып бұл елге сонан қалды.

* * *

Бітім болмай созылды сөз аяғы,
Белгісіз кімнің соры, кімнің бағы.
Бір күні төркініне амандаса
Мамыр келді, тағдыр ғой ол баяғы.

Көкенай бітпей жүрген сөзді ұзайтып,
Сол күні келген екен аңнан қайтып.
«Анау бір топ жаяу кім?»—деп сұраса,
«Ол — Мамыр» деп бір қойшы қойған айтып.

Ести сала садағын қолына алды,
Мамырдан аулақ жүр деп айғай салды.
Ұялмай жүзіқараның жүргенін деп,
Аямай дәл жүректен атып қалды.

Бүкшиіп, иман айтып, қаны қашып,
Қолтығын қолыменен тұрды басып.

Бейшара бір-екі ауыз тілге келді,
Өзін атқан кісімен арыздасып:

— Көкенай, қарғамаймын, сөзіме бақ,
Ісім жөн, бір құдайға көңілім хақ.
Мойныңа менің қаным халал болсын,
Болма енді Қалқаманның қанына ортақ.

Кешікпей мен өлемін, сен тірісің,
Іс емес құдай кешер қылған ісің.
Өлтіртпе, тілегім сол, Қалқаманды,
Барасың тәңір алдына, білемісің?

Екі қан ауыр болар бір өзіңе
Сүйсінбе бұл рақымсыз мінезіңе,
Айырған екі асықты оңа ма екен,
Деп тұрсың алғыс айтар кім өзіңе?

Тілегім келді орнына, арманым жоқ,
Артында Қалқаманның қалғаным жоқ.
Мені сен өлтіргенмен жасармайсың,
Сүйткенмен жас жанымды алғаның жоқ.

«Қалқаман, аман бол!»— деп көзін ашты,
Алла деп алақанмен бетін басты.
Қоштасып қасындағы қатындарға
Опасыз бұл жалғанға амандасты.

* * *

Көкенай жиды барып Мәмбетейді,
«Өлтірдім тентегімді өзім» дейді,
Бабаңа кісі салды дамыл бермей;
«Ол неге Қалқаманды өлтірмейді?!

Жақының қызымды алды, ұнамаймын,
Қорлыққа тартып алған шыдамаймын.
Егерде Қалқаманды тірі қойса,
Ел болып Кішікпен бас құрамаймын.

Оллаһи, біз кетеміз қазір ауып,
Менен басқа туысқан алсын тауып. —

Бұл хабар Тобықтыға жеткеннен соң,
Сөзінен елдің бәрі қылды қауіп.

Бабаң айтты: «Ел бітпес онымен,
Жүрелік шариғаттың жолыменен.
Бір еркек, бір қатынның құнын алсын,
Мәмбетей разы болсын сонымен».

Көнбеді Мәмбетейлер оған тағы;
«Ауамыз біз болсақ—деп қор қылмағы,
Әнет бабаң әділет қылмаған соң,
Көз көрмеске жат болып кеттік-дағы».

Көп берген түкке тұрмай қалың малы,
Ем болмады жалынып айтқан жалы.
Тобықты осы сөзге қақ бөлініп
Болысты Мәмбетейге Қанжығалы.

— Ей, Баба, тәңірге аян адал ісің,
Сүйтсе де ел бүлінер бір бала үшін.
Болған соң қазақ та жау, қалмақ та жау,
Бұл елдің обалына қалмаймысың?

Болсын да Мәмбетейдің бір айтқаны
«Еркек тоқты құрбандық» деген кәне.
Қалқаман Тобықты үшін: жанды қиса,
Кетпей ме шаһит болып оның жаны?

Сол сөзге аударылды жұрттың бәрі,
Не қылсын көп наданға жалғыз кәрі.
«Кеселі көпке болып жүрмегей» деп,
Бабаңның шын кейіген шықты зары.

Салған соң өңкей надан көптік күшке,
Қалыпты қайран бабам қиын іске.
«Бір Алла, өзіңе аян жүрегім»,—деп,
Байлапты өлтірмекке ертең түсте.

Бабаңның нұр жүрегі болды мұздай,
Жазасыз жасқа ешкімнің қаны қызбай.
Мысалы көз алдында тұрған жоқ па,
Қойдыңдар Абайға да не қылғызбай?

Аллаға Бабаң сонда сыйыныпты,
Аққан тер нұр жүзіне құйылыпты.
«Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін,
Көкенай сонда атсын», — деп бұйырыпты.

Өлтірсе, оғы тисе, өзі айтқан жол,
Аман кетсе, түк те жоқ, бітімі сол!
Мәмбетей шуылдапты разымыз деп,
Осыған тамам арғын басыпты қол.

Көкенай құлдық деді бұл билікке,
Мәмбетей шығып тұрды бір биікке.
Мінгізді Қалқаманды алып келіп,
Дейтұғын «Арда күрең» бір жүйрікке.

Төгілді көзден жасы көрген жанның,
Шолағын қарай гөр деп бұ жалғанның.
Жиылған көп қауымға қарап тұрып,
Қоштасқан сөзі мынау Қалқаманның:

«Ей, жұртым, мен өлемін, сендер қалдың,
Орнына бауыздадың айтқан малдың.
Өз бауырын оққа байлап өлтіртті деп,
Қалдыңдар обалына мына шалдың.

Назасы нақақ жастың қате кетпес,
Деймісің қалмақ сені тентіретпес.
Мамырдан қалған жанның керегі не,
Ісім ақ, қосылармын, еш нәрсе етпес.

Белгілі Мамырдан соң көп жүрмесім,
Тұз-дәмін Орта жүздің деп жүрмесім.
Жалғыз-ақ Тобықтының дұспандары
Рахымсыз, бауырсыз ел деп жүрмесін.

«Қош, Баба, бата бер!»—деп тұра келді,
«А, құдай, сақтай көр...» деп бата берді.
Жөнелді күрең атпен сырылдатып,
Ажалға көпе-көрнеу байлап белді.

Көкенай садақ тартты дүрілдетіп,
Қақ жарды ердің қасын оғы жетіп.

Әйтеуір,ұлы дене аман қалды,
Оң жақта қара санынан өтіп кетіп.

Атының жалын құшып жүріп кетті,
Басына бір төбенің барып жетті.
Бір жеңін көйлегінің жыртып алып,
Аузына жарасының таңу етті.

Ат қойды, а, құдайлап көп бозбала,
Ажалдан қақты ғой деп хақ тағала.
Той қылып, ат шаптырып ойнаймыз деп,
Жабылды үйге жүр деп бара сала.

Қалқаман айтты: «Тоқта, құрбыларым,
Жоққа есеп осы күнде менің барым.
Аямай елім оққа байлаған соң,
Кетер ме өлгенімше іштен зарым.

Ел қылып Тобықтыны тұра алмаймын,
Ешкіммен ойнап-күліп жүре алмаймын.
Өлерде аямады, қайда аяйды,
Сендерге енді мойын бұра алмаймын».

Соны айтып қамшы басты күрең атқа,
Қуса да жеткізбеді жамағатқа.
Ұлы жүз Еділбайда нағашысы,
Жөнелді соған қарай — Бұхар жаққа.

Қалқаман сол кеткеннен кетіп қалды,
Халқына Әнет бабаң хабар салды.
Жаз шыға Қалқаманды іздейміз деп,
Тобықты ат жаратып дайындалды.

* * *

Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл,
Қазақ, қалмақ атысқан, мұны да біл.
Қалмақтың бастаушысы Суан Раптан,
Өзі батыр, соғысқа тым айлашыл.

Шеп құрып соғысыпты қазақ, қалмақ,
Қорқаққа оңай емес шепке бармақ.

Бабаңның бес баласы садаққа ұшып,
Бұл соғыста қазаққа түсті салмақ.

Қазақты ол ұрыста қалмақ алды,
Үш есенің екеуін қырып салды.
Жеңілген соң тұра алмай Сыр бойында,
Арқаға қазақ ауып кетіп қалды.

Осы жол — бар қазаққа белгілі жол,
«Ақтабан шұбырынды» дегенің сол.
Жаяу жүріп табаны аппақ болып,
Қорлық көріп қазақтың шұбырғаны ол.

Сол себепті Қалқаман қалды ізделмей,
Іздемейін деген жоқ, шама келмей.
Ол түгіл Әнет бабаң көшке ере алмай,
Тірідей дөң басында қалған өлмей.

Тұқым бар Қалқаманнан осы күнде
Шын болса, Ұлы жүздің жүр ішінде.
Өздері Еділбаймыз десе керек,
Білмейді кейінгісі бізді мүлде.

Бар болса Қалқаманның нәсілдері,
Оқығын осы өлеңді талапты ері.
Осында туысқан ел Олжай — Бәкең,
Семейпалат облысы тұрған жері.

«Хан Шыңғыс» деген тауда тұрмыз біз де,
Егерде іздесеңдер, сонан ізде.
Тобықтыда Құнанбай қажы десе,
Басты кісі біледі Орта жүзде.

ЕҢЛІК–КЕБЕК

Әңгіме алдында аз сөз

Өткен адам болады көзден таса,
Өлді-өшті, оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп, ұмытпаса.

Ақыл деген — денеге егулі дән,
Суғарылса кіреді оған да жан.
Ақылдың өсіп-өніп зораймағы —
Көрген, білген нәрседен ғибрат алған.

Естіп, біліп, көз көріп, ойға салмақ,
Өткен істен адамзат бір үлгі алмақ.
Қызықпақ, не жек көрмек, жиіркенбек,
Бастан кешкен әр істен белгі қалмақ.

Ақылдың кей іс жауы, кей іс досы,
Бұл екі істен болмайды өмір босы.
Досыңды жау, дұшпаныңды дос көрсетіп,
Көзді байлап нәпсінің қылғаны осы.

* * *

Қалмақ жеңіп, қазақтан алған кегін
Қалқаман қиссасында жазып едім.
«Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл
Ақтабан шұбырынды болды»,—дедім.

Сырдан қалмақ қуған соң біздің елді
Күні-түні шұбырып Шуға келді.
Табан тиіп жүре алмай, халі құрып,
Сұлап жатты айнала Саумал көлді.

Сонда Шақшақ* Жәнібек сөз сөйлепті:
«Балалар! Осы жолды ұмытпа, — депті, —
«Ақтабан шұбырынды»—мұның аты,
Құдай қосса, алармыз біз де кекті».

Сол жерде тамам қазақ жыласыпты,
Құдайдан артын бер деп сұрасыпты.
Тыныққан соң қалмақтан кек алуға,
Сөз байлап уағдамен ұнасыпты.

Аргындар сол көшкеннен көше берді,
Батырлары жер шалып, қоныс көрді.
Есіл, Нұра, Сарысу, Қарқаралы,
Шалқар көл, Ұлытаудан алды жерді.

Орнығып қалың аргын сонда қалды,
Жеті момын** олардан өте салды.
Ор, Елек, Ойыл, Қиыл қыстамақ боп,
Жаз жайлауға Мұғаджар*** тауын алды.

Кіші жүз өте көшті Орал жаққа,
Әбілқайыр хан еді мінген таққа.
Мың жеті жүз отыз бір шамасында
Орысқа уағда берген қарамаққа.

Соны естіп Жеті момын қайта ауыпты,
Орыстан көреміз деп бір қауіпті.
Мұғаджардың күншығыс жағына өтіп,
Ырғыз, Торғай дейтұғын жер тауыпты.

Сол жерде жайлап, қыстап жатып алды,
Қалмақтан барымталап жиды малды.
Ұлы жүзде үлкен хан Әбілмәмбет
Қалмақпен соғысам деп хабар салды.

---

* Шақшақ Жәнібек — аргын, Шақшақ тобынан шыққан ақылды кісі (автор).

** Жеті момын — Атығай, Қарауыл, Қанжығалы, Тобықты һәм Бәсентиінің үш баласы, бәрінің үлкен шешесінің аты — Момын (автор).

*** Мұғаджар — Ақтөбенің оңтүстік күншығысындағы тау.

Орта жүзден де аттанды Сәмеке хан,
Үш жүзден жиылыпты бірталай жан.
Шеп құрып қара-қарсы соғысқанда,
Қазақ жеңіп, қалмақтан кегін алған.

Сол соғыс — хан Абылай келген кезі,
Қалмақтың сыбағасын берген кезі.
Керек болса оқыңдар шежіремнен,
Жазылған сонда анықтап түгел сөзі.

Сонан кейін қалмақты қазақ қуған,
Жиылып шаба берді ойдан, қырдан.
Тарбағатай, шығыстың жан-жағында
Көшпелі көп қалмақ бар бұрын тұрған.

Қырылған соң қалмақтар жаман сасқан,
Нұржайсын, Шәуешектен өте қашқан.
Ата қоныс — Арқаны босатып ап,
Қазақ келіп қалмақтың орнын басқан.

Қалмақты шабысуға Матай* келген,
Босап қалған Шыңғысты көзі көрген.
Барған соң Жеті момын жақсысына,
«Хан Шыңғыс босады» деп хабар берген.

Момынның жартысы айтқан барамыз деп,
Ата қоныс Шыңғысты аламыз деп.
Атығай, Қарауыл мен Бәсентиін
Көшпепті біз осында қаламыз деп.

Туысқанын қия алмай жүр деп сен де,
Көп айтқан Кеңгірбай мен Қараменде**.
Бос тұрған соң Шыңғысқа Матай қонған,
Біздің ел әне-міне деп жүргенде.

Тобықты, Қанжығалы көшкен сонда,
Өзге Момын көше алмай қалған онда.
Шынғысты Матай алды дегенді естіп,
Қанжығалы қалыпты орта жолда.

---

* Матай — ру аты.
** Кеңгірбай, Қараменде — Тобықтының екі биі.

Келгені Тобықтының осы маңға
Мың жеті жүз сексенге тақалғанда,
Елді бастап әкелген Матай батыр
Орда, Көкен, Ащысу, Доғаланға.

Әр топта да батыр бар некен-саяқ,
Сүйтсе де батыры көп Жуантаяқ.
Қырды алып, Бөктерге таласыпты,
Матай-Сатай дегенді тыңдамай-ақ.

Қабекең* де өрлепті Шидің бойын
Шөбі шүйгін жер ғой деп малға тойын.
Кейде жау боп Матаймен, кейде бітіп,
Есі-дерті Шыңғыста, айтпайды ойын.

Қалқаман мен Мамырды жаздым бұрын,
Оқығандар, байқадың оның сырын.
Енді айтамын Еңлік пен Кебек сөзін,
Тағы сынап көріңіз мұның түрін.

ЕҢЛІК–КЕБЕК ӘҢГІМЕСІ

Ту тіккен Тобықтының қос басшысы —
Жуантаяқ** Тоқтамыс деген кісі.
Жамағайын жақыны сол кісінің,
Бар екен Кебек деген бір інісі.

Ол Кебек мықты болған жас басынан
Тоқаң да тастамайды өз қасынан.
Жасы бала болса да жаны отты деп,
Артық көріп не сабаз жолдасынан.

Он бесінде Кебектің аты шықты,
Атты жаяу — бәріне бірдей мықты
Көзі өткір, қараторы жігіт екен,
Орта бойлы; тапалдау, кең иықты.

---

* Қабекең — Кеңгірбай биге қойылған ат. Қабан сықылды бұрылмайтын мықты дген сөзден шыққан.

** Жуантаяқ — Тобықтының бір тап елінің аты.

Ел қамы үшін өлуге жанын салып,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.
Жауға батыл, жақынға және әдепті,
Кішіні іні, үлкенді ағатайлап.

Ол кезде балгер болған Нысан абыз,
Шын даулескер бақсының өзі нағыз
Жыны айта ма, кім білсін, шыны айта ма,
Айтқаны келеді деп қылады аңыз.

Кебек батыр өз бағын сынамаққа,
Әдейі іздеп келіпті балгер жаққа.
Оңашада жалынды абызға кеп,
Бал ашып бер деді де біздің баққа:

«Ей, абыз! Аш балыңды, қобызыңды тарт,
Алар ақың бар болса, мойныма арт.
Балыңа не түссе де жасырмай айт,
Жалғыз-ақ сол арасын қыламын шарт».

«Шырағым, бал аштым деп мал алмаймын,
Ол үшін саған ақыл сала алмаймын,
Жаман айтсам жабығып қала көрме,
Жынның сөзін жасырып қала алмаймын.

Соны айтып қобыз алды Кебекке арнап,
Шақырды жындарының атын зарлап.
Қара қалмақ Қорқыттың* күйін тартып,
Қобызына ән қосып кетті сарнап.

Темір масақ жабырлап тұр сылдырлап,
Екі көзі бақсының тым бұлдырлап.
Ындын қойып тыңдасаң сарнағанын,
Сақтанбасаң алғандай ақылды ұрлап.

Мұнды қоңыр дауысы шықса зарлап,
Ықтиярсыз кетеді бой шымырлап.
А, дейді де тыңдайды анда-санда
Құлағына кеткендей жын сыбырлап.

* Қорқыт — ең алғаш бақсы болған кісі, түбі қалмақ (автор).

Екі көзін қан жауып, өңі қашып,
Сұп-сұр болып, алартып көзін ашып.
Шүлдір-шүлдір сөйлесіп жыныменен,
Өзін-өзі тоқтатты әзер басып.

Нысан абыз қысылып батқан терге
Қарады да сөйледі Кебек ерге:
«Ажалың биік қабақ сұрлау қыздан;
Батырым, ондай жанға көңіл берме.

Бұл сөзді өз ойымнан айтпаймын құр,
Жын шіркін осылай деп айтқызып тұр.
Қара жартас түбінде кез келеді,
Шырағым, сондай қыздан сақтанып жүр.

Әдейі іздеп бармассың, кез боларсың,
Кез болсаң, алыс емес, тез боларсың.
«Сақтыққа қорлық жүрмес» деген бар ғой,
Сақтанбасаң артқыға сөз боларсың».

Оны есітіп Кебек кетті өз жайына,
Батса да балгер сөзі шымбайына.
Ойланбай, біржолата кетті ұмытып,
Деді де жынның сөзін тыңдайым ба?

* * *

Мұнан кейін азырақ заман өтті,
Салқын түсіп, қар жауар мезгіл жетті.
Қарашаның алғашқы қары жауып,
Кебек батыр құс алып аңға кетті.

Қойтастан бір түлкі алды інге тығып,
Ойлады кетейін деп Ханға шығып.
Сонарда ізге түсіп келе жатса,
Бір түлкі және қашты жатқан бұғып.

Қамшылап күреңатты жамбасына
Түлкіден бұрын шықты Хан басына.
Жел шығып, боран болып кеткен екен,
Аң қуған аңғал батыр андасын ба.

Құс түлкіні көрген соң кетіпті ұшып,
Бір жерге жарқ-жұрқ етіп қалды түсіп.
Бораннан байқай алмай өтіп кетті,
Түлкіні жатса-дағы бүркіт қысып.

Таба алмай олай шауып, бұлай шауып,
Құсымнан айырылдым деп қылды қауіп.
Құс әбден түлкіні жеп қойған кезде
Алыпты күн батқан соң әзер тауып.

Бүркітті бөлеуіне бөлеп алды,
Аяң-бұяң еткенше түн боп қалды.
Ел жатпай бір ауылға қонайын деп,
Шығыстың бөктерімен қайта салды.

Бораннан байқай алмай барар бетті,
Түн ішінде адасып Кебек кетті.
Осы Хақан* өзеннің аяғында
Қыстаған бір Матайға келіп жетті.

Белдеуге атын байлады Кебек сері,
Боз қырау бұрқыраған аттың тері.
Осы күнгі Боқтыбай қыстап жүрген
Қара жартас — Кебектің келген жері.

Сол үйге кіріп келсе «кеш жарық» деп,
Жатпақ түгіл болған жоқ тамағын жеп.
Ол кезде шай болмайды сусыны құрт
Үсынды қарсақ жон қып езіп әкеп.

Шал мен кемпір, тағы бір малшы бала
Бар екен бір бойжеткен қызы және.
Киіз үй, малды айнала шарбақ қорған,
Там, қора жоқ, кісісі төртеу ғана.

Құрт ішіп әбден көңілі жайланған соң,
Бекітіп шарбаққа аты сайланған соң,
Үй иесі қонақтан жөн сұрады,
Асын жеп әңгімеге айланған соң.

* Хақан өзені — осы біз қыстап отырған жер. Баяғы Шыңғысхан хақан болғанда осында қыстапты. Хақан деген хандардың ханы деген сөз (автор).

Кебек айтты: «Аң қуған Тобықтымыз,
Мен Кебекпін дегенмен білемісіз».
«Атым — Кебек» дегенде жалт қарады,
Бағанағы айтылған бойжеткен қыз.

Бай қайтадан сөз сұрап қайырмады,
Әлгі қыз Кебектен көз айырмады.
«Қарағым, қонағыңа төсек сал», — деп
Үй иесі жатуға дайындалды.

Тысқа шықты бай, қонақ — бәрі бірдей,
Шал айтақтап тыста жүр үйге кірмей.
Кебек келсе төсек жоқ төр алдында,
Қай араға жатарын тұрды білмей.

Күлімсіреп қыз айтты Кебек ерге:
«Қонағым, неге тұрсың құр бекерге.
Мен сізге өз төсегім дайындадым,
Бұрын жатқан жоқ па едің ондай жерге?»

Тең шешіп, мамық көрпе алды тауып,
Кебектің де қызға тұр көңілі ауып,
«Анық Кебек сен болсаң, арызым бар,
Бір айтармын», — деді де салды жауып.

Кебек батыр жатқан соң төсекке кеп,
Қыз мінезін ішінен қылады есеп.
Танымаған қонаққа сыр білдірген
Көрсеқызар, жеңсікқой ұрғашы — ау деп.

Түн ортасы ауғанда шал да жатты,
Қорылдап қатты ұйқыға әбден батты.
Үйдегілер теп-тегіс ұйықтаған соң,
Кебекті келді-дағы қыз оятты.

— Ей, батыр сен жатырсың ұйқың қанбай,
Мен жүрген бір сорлымын бағым жанбай.
Көрінгенге көз сүзген көрсеқызар,
Әдепсіз қыз дейсің ғой әлдеқандай.

Өз әлімше сынадым мен де сені
Сен қалай деп ойладың, айтшы, мені?

Қыздан сорлы бола ма бұл жалғанда
Кез болмаса өзінің сүйер теңі?

Атым — Еңлік, мына шал — менің әкем
Малы көп, бірақ еркек баладан кем,
Жасында бұл да өзіңдей батыр еді,
Қор болып, осы күнде әркімге жем.

Нағашым — байжігітте ер Қабанбай,
Шешемді де берген жоқ бай таба алмай.
Ес білмейтін ескіге кез болыппын,
Жайды білер жақсыға қосақталмай.

Мені де кедей емес, байға берген,
Күйеуім өткен жазда ұрын келген.
Қасына жатпақ түгіл жуымадым,
Білген соң шіріктігін келген жерден.

Нышаны жоқ бет ауызында сақал, мұрттан,
Бұрын да естуші едім жайын сырттан.
Түн болса үйқыдан бас көтермейді,
Күндіз асық іздейді ескі жұрттан.

Бетіне тумай тұрып түскен әжім
Күнге де есіктегі қылды тәжім.
Кер кеткен кеселдіге душар болдым,
Осыдан құтылармық бар ма лажым?

Оң қолының бармағы тағы шолақ
Бармақсыз қол ұстауға қандай олақ.
Мен сорлы емей, кім сорлы, ойла, батыр,
Күйеуімнің болған соң жайы сол-ақ.

Көп жігіт жүр сыртымнан қылып кеңес,
Мен ұнасам, алмаймын сені демес.
Солардың біреуімен кетер едім,
Байқаймын, бәрі менің теңім емес.

Көрсеқызар, лап бергіш әр елде көп,
Атын атап не керек пәленше деп.
Аз күндік әзіл іздеп жүргенім жоқ,
Өнімсіз іс болмайды өмірге сеп.

Бүгін мұнда кез болдың құдай айдап,
Атыңды естіп жүруші ем сырттан сайлап.
Тасыр болса, талғамай тап берер деп,
Түні бойы сынадым сізді абайлап.

Мен татысам, жігітсің маған татыр,
Міне, осындай ішімде қайғым жатыр.
Ойнас емес, өмірлік жолдасым деп,
Беремісің уәде, Кебек батыр?

Кебек мұны есітіп көп ойлады,
Асықпай біраз ғана еп ойлады.
Түні бойы қыз мені сынапты ғой,
Мен де мұны сынайын деп ойлады:

— Ей, Еңлік! Сөзің рас, нандым саған,
Бәрін ұқтым, жерім жоқ байқамаған.
Артқы өмірді әзір біз қоя тұрып,
Ойнап-күлсек қайтеді біраз заман?

Қаза келсе малдыдан мал таймай ма,
Ажал жетсе батырдан жан таймай ма.
Азар болса күйеуің жастау шығар,
Жарлы байып, жас өсіп қартаймай ма?

Жас түзеліп, түрленіп ержетпей ме,
Бойындағы балалық бір кетпей ме,
Асыққандық емес пе мына сөзің,
Жақсы әйел жаман ерді түзетпей ме?

Талпынғанмен тағдырды бұра ала ма,
Құдай қоспай, басымыз құрала ма.
Аз күн қызық көрелік онан-дағы,
Бұл дәурен бір қалыпты тұра ала ма?

Еңлік айтты: — Таң қалдым бұл сөзіңе,
Ұқсамайды түндегі мінезіңе.
Егерде біреу айтса ұнар ма едің,
Талап қылма, талпынба деп өзіңе.

Рас, құдай жазбаса бітпес жұмыс,
Сүйтсе де бізге міндет талап пен іс.

Әрекетсіз отырмақ дұрыс болса,
Неге берген аяқ-қол, тіл менен тіс?

Күйеуімнің жүрген жоқ жасы жетпей,
Ынжықтық қайтушы еді тентіретпей.
Ақыл салып бармағын сау қылуға
Пендеде күш бола ма құдіреттей.

Талап қылмай бола ма құтылуға
Оттан қашып кірсем де терең суға.
«Пәледен машайық та қашқан» жоқ па
Қайтіп разы болайын берген уға?

Тобықты неге келді мұнда көшіп,
Мұғаджардан Шыңғысты көзі тесіп.
Қара қазан, сары бала қамын ойлап,
Келді ғой жайлы қоныс табам десіп.

Бір құдай жер жүзіне шашқан несіп,
Барша жан жүрген жоқ па теріп жесіп.
Аз күндік арам жүріс аужал емес,
Бермесең уағадаңды мүлде кесіп.

Өйтіп уағда бермесең, әуре етпе,
Тең көрмесең телміртіп, тентіретпе!
Қайда барсаң обалым жібермейді,
Бірақ осы сөзімді ұмытып кетпе!

Қалай айла қылса да бір қоймады,
Жал айтқан жауабына қыз тоймады.
Еңліктің бұл жауабын есіткен соң,
Кебек батыр тағы бір ой ойлады:

— Ей, Еңлік! Айтқан сөзің — сөздің шыны,
Сөйтсе де бір сөзім бар, тыңда мұны.
Соғысқа сылтау таппай отырғанда,
Бүлдірмелік Матай мен Тобықтыны.

Онсыз-дағы біріне-бірі қырын,
Ала ғой деп береді кім жесірін.
Адам түгіл мал үшін ел шабады,
Қыз болсаң да білесің елдің түрін.

Мен сені алып жөнелсем осы түнде,
Жиылмай ма бар Матай жалғыз күнде?
Тобықтыдан жылқыны тиіп алып,
Басталмай ма бітпестей бүлік мүлде.

Барымта алмай бітімге көнсе елің,
Қанша мал алса аярым жоқ қой менің,
Қызды қайтар, әйтпесе бітпейміз деп,
Жатып алса табамыз қайтіп жөнін?

Матай алса, Тобықты тек жата ма,
Азбын деп жанын аяп ар сата ма?
Ауыл шауып, мал алып, қан төгілер,
Ойла! Қалып жүрмелік теріс батаға!

— Ей, батыр, бұл сен айтар сөзің емес,
Уайым қып сескенер кезің емес.
Келер істі жалғыз-ақ Алла білер,
Ол сенің өлшеп сатар бөзің емес.

Кімнің көзі жетеді күні ертеңге,
Теңін тапқан сенімен жалғыз мен бе?
Ел шабысып кетті ме соның бәрі,
Алып қашып алды ғой талай пенде!

Мал аямай пейілді салсаң кеңге,
Жарастырар табылар аға-жеңге,
Жер өртеуге жетеді бір шағым қу,
Кім кепіл бола алады осы екі елге?

Бұлт шықпай жауа ма құры желге
Бізсіз де таласады жалғыз белге.
Құдай жөнін берейін деген болса,
Көнер әлде, мал алып біт дегенге.

Сен мені бүгін алып кет демеймін,
Осы екі елдің түбіне жет демеймін.
Шын ішің сүймей, сыртың сүйген болса,
Әуре боп саған уағда ет демеймін.

Шын сүймесең сүйдім деп айтпа маған,
Шала сүйген болады құр алдаған.
Ындынымен ұнатсаң, бер қолыңды,
Саған сөзім қалмады енді айтпаған.

Кебек те отыр еді азар шыдап,
Сөзін айтып болғанша қызды сынап.
«Сен өлген жерде мен де өлемін» деп,
Қол алысып біржола кетті құлап.

Кебектің қолын Еңлік қысып алып,
Шөлдеп сусын ішкендей мейірі қанып.
Бармағынан бір сүйіп, беті тершіп,
Ыстық жасы көзінен кетті тамып.

* * *

Таң жарығы түскен соң шаңыраққа
Кебек тұрды арқандап ат қоймаққа.
Еңлік үйден арқанды ала шығып,
Құшақтасып жөнелді жартас жаққа.

Соны ойлап көңлін басты Кебек батыр
Құдай қосқан іс болмай қоймайды ақыр.
«Тамақ дайын» деп хабар бергеннен соң,
Аяңдап үйге таман келе жатыр.

Бетін жуып, отырды төрге барып,
Құрт берді сары майды және салып.
Қазы-қарта, жал-жая жасап Еңлік
Бір табақ ет алдына қойды апарып.

Жалынан бір кесті де «бісміллә» деп,
Ұсынды ақсақал мен кемпірге әкеп.
«Иесімен ас тәтті» деп Еңлікті
Шақырып ап екеуі отырды жеп.

Қойшыға да ұстатты сүйек-саяқ,
Ет артынан сорпа ішті бірер аяқ.
Бата қылып, қол жуып болысымен
Еңлік атты ерттеді айтқызбай-ақ.

Кебек сонда шалға айтты: — Ей, ақсақал,
Өзің таңдап түлкінің біреуін ал.
Бағыңа кез келген бір бұл олжа ғой,
Жығыт тымақ істетіп сандыққа сал!

Еңлік шығып қонағын аттандырды,
Қоштасып Кебек батыр елге жүрді.
«Қайда жүрсең аман жүр, батырым», — деп,
Бел асқанша артынан қарап тұрды.

* * *

Ер Кебек тыным алып үйде жатпай,
Еңлікке келіп жүрді дамыл таппай.
Кейде түзден жолығып, кейде қонып,
Алты ай қыс аттың терін бір құрғатпай.

Екі ел бітті, сөйлесіп жазға салым,
Қайтарысып барымта, алған малын.
Тамақ үшін қыдырған Матай айтып,
Бұл бітім Еңлікке де болды мәлім.

Кебек келді бір күні қызға тағы
Ойында бар, ел бітсе, іс қылмағы.
Еңлік те дайын болды сол арада,
Қара жартас — белгілі табыспағы.

Қыз айтты: — Түнеугі айтқан уағда қайда,
Кел, кетелік, кідірмей осындайда.
Азық-түлік киерлік киімдерім
Дайындап әкеп қойдым, мына сайда.

Қосылған соң кешікпей болдым буаз
Онан бері қыс өтіп, шықты ғой жаз.
Босансам өз қолыңда босанайын,
Құры бүйтіп жүргенге болмалық мәз.

Екеуі тәуекел деп кетіп қалды,
Таң атпай-ақ Ордаға жетіп барды.
Ағаштан балаған қып арша жауып,
Бекініп бір дарада жатып алды.

* * *

Еңлік, Кебек кеткен соң таң тағы атты,
Күн шыққанша кемпір-шал тұрмай жатты.
Қойшы Еңлікті таба алмай іздеп-іздеп,
«Қызың қашып кетті», — деп шалды оятты.

Шал жылап, әлі келді екі көзге,
Қолынан не келеді онан езге.
Қойшы барып еліне хабар айтып,
Матай келді жиылып осы сөзге.

Жан білмейді Еңлікті кім алғанын,
Қайда кетіп, қалайша жоғалғанын.
Алты ай қыстай кім келіп, кім кетпейді,
Қайдан білсін кәдікті кім қонғанын?

Түлкіні бір Матайдың көзі шалды,
«Мынаны кім берген» деп қолына алды.
Шал айтты: — Мұны берген бір Тобықты
Атын ұмыттым, бір қонып кетіп қалды.

Қойшы айтты: — Оның аты Кебек еді,
Сонан соң да осында келмеп пе еді?
Ұмытпасам, соны Еңлік аттандырып,
«Хош аман бол, келіп жүр, Кебек»,—деді.

Қуа-қуа осы сөз анықталды,
Матайлар Тобықтыға кісі салды.
«Қыз дегенің немене, білмейміз», — деп,
Тобықты оны елемей жатып алды.

Кебектің қайда екенін ел білмейді,
Не жылқыда, не аңда жүр ғой дейді.
Жалғыз-жарым сыр ашпас құрбы арқылы
Елден Кебек азықты алып жейді.

Сөйтіп жүріп бірталай заман өтті,
Еңлік қашып кеткенге айға жетті.
«Қыз алды да, жөн жауап бермеді» деп,
Матайлар бір қос жылқы алып кетті.

Тек жатсын ба бұл елдің көп саңлағы,
Жуантаяқ бір ауыл шапты тағы.
Матай қызды, Тобықты Кебекті іздеп,
Шатаққа соқты сөйтіп сөз аяғы.

* * *

Бір күні Қабекеңе Көбей* келді,
Үйге кіріп келді де сәлем берді.
«Қыз да жоқ, Кебек те жоқ, ел шабысты,
Мен сізден ақыл сұрай келдім» дейді.

Қабекең сөз айтпайды жұмбақтамай:
— Ей, Көбей, сұңқар қалай, тауық қалай.
Тоқтамыс жолаушылап кетіп еді,
Сол келгенше өтпей ме уақыт талай?

Көбей мұны ұқты да қайтып кетті,
Тобықты кеңес қылған топқа жетті.
Қабекең екі-ақ ауыз жұмбақ айтты,
Ол сөзінің мағынасы мынау депті:

«Еңлікті алып қашқан Кебек батыр,
Оны айтпай-ақ біздің би біліп жатыр.
«Тауық» деп қызды айтады «Сұңқар» — Кебек
Тоқтамысқа қаратып қой дейді ақыр».

Осылай деп жұмбағын Көбей шешті,
Матаймен байлау қылып, сөз сөйлесті.
«Кешіктірмей табалық Кебек алса,
Бір ай тоқта, Тоқтамыс келсін десті».

Сонымен тағы да өтті бір жарым ай,
Тоқтамыс Арғын жақтан жүр келе алмай.
Намыс қылып жиылды тамам Найман
Көнбейміз деп мазаққа мұнан былай.

Матай да соқтыққан жоқ тіпті неген
Мақал бар «ел құлағы елу» деген.
Қыздың қайны сыбандар және білді,
Екі елде де адам жоқ есітпеген.

---

* Көбей — Жүзбембет деген таптан шыққан есті кісі, Әрқашан Кеңгірбай бидің сөзін сол шешеді (автор).

Найманның тым көп болды жиылысы,
Жиылған соң белгілі қылар ісі.
Алдынан бір арылып алайық деп,
Тобықтыға жіберді елші кісі:

«Ел бұлдірмей бітелік, жөнге келсін,
Еңлік, Кебек екеуін ұстап берсін.
Шариғаттың әмірімен өлтіреміз,
Малға бітім қылмаймыз, оған сенсін.

Тентегінің жазасын мойынға алсын,
Егер оған көнбесе, дайындалсын.
Қырылыспай бітпейміз таусылғанша,
Не Найман, не Тобықты бірі қалсын.

Жауапты да тез берсін кешіктірмей,
Ертең бесін намаздың уақыты кірмей.
Өзге бітім болар деп ойламасын,
Бітімім жоқ не өліп, не өлтірмей.

Үйлықты Тобықтылар осы сөзге,
Бітімі жоқ болған соң мұнан өзге.
Найман тым көп, Тобықты аз, Арғын алыс
Қорықпауға да болмайды көрер көзге.

Бірі ол деп, бірі бұл деп көп кеңесті,
Біле алмай не берерін, не берместі.
Қысылғанда баратын Қабекеңе,
Ақыл сұрай бір-екеу барсын десті.

Кенбай мен Көбей барды биге тағы,
Сөзін айтып, сәлемін берді-дағы.
Қабекеңнің қабағы қарыс түсіп,
Мінеки сондағы айтқан бір жұмбағы:

«Әнет бабаң емес пе менің атам,
Бірақ ондай қабыл ма менің батам?
Көшсем қоныс, отырсам көмегім жоқ,
Көрсетемін, қайтейін тыныш жатам».

Бұл сөзі — бабаң айтқан сөздің көзі,
Өзі өлтірмей, амалсыз атқызды өзі.

Жеңілсең енді барар орының жоқ,
Көрсетпеуге шама жоқ деген сөзі.

Соны естіп Көбей топқа қайтып келді,
Жұмбағының шешуін айтып келді.
Тобықтылар Найманды ертіп әкеп,
Кебектің жатқан жерін айтып берді.

* * *

Ұйықтамайды сақтанып Кебек түнде
Үш айдай бір дарада жатқан мүлде.
Толғатып Еңлік сұлу бір ұл тапқан
Айы толып, мезгілі жеткен күнде.

Екеуі сол баланы қылады ермек,
Кезек ұйықтап, сақтанып жүрді сергек.
Қыз ояу, Кебек ұйықтап жатыр еді,
Қозыкүрең кісінеп қағады елек.

Еңлік түртіп оятты Кебек ерді,
Атқа қарғып мінгенше жау да келді.
Күреңатқа мінгесіп жөнелгенде,
Баласы бесігімен қала берді.

Баланы бір Матай кеп қолына алды,
Кебек қашты, жабылып жау да салды.
Қозыкүрең жартастан қарғығанда,
Ауып кетіп Еңлік қыз түсіп қалды.

Не күшті, ойласаңыз, тағдыр күшті,
Кім тоқтатар әзелде болмақ істі.
«Өлсем бірге өлмекші сертім бар», — деп,
Мінгестіріп алуға аттан түсті.

Жау жетті де, қамауда Кебек қалды,
Әрі-бері қанжарлап соғыс салды.
Бірталайын жаралы қылса-дағы,
Көпке топырақ шашсын ба, ұстап алды.

Байлап алып жөнелді Ащысуға
Тамам Найман жиылған қалың дуға.

Қайран жастар қапыда қолға түсті,
Елтіген бөрідей боп жеген уға.

Шеткі Ақшоқы басына алып шықты,
Қалайша өлтіруге кеңес қыпты.
Жас қой деп жаны ашыған бір адам жоқ,
Қолға түскен кісіге қатын мықты.

Кейбіреуі таспенен атпақ болды,
Кейбіреуі дарға да аспақ болды.
Аяғында мойнына арқан салып,
Атқа байлап сүйретіп шаппақ болды.

Көп Найман екеуіне тұр анталап,
Бейне бір қоятұғын малға балап.
Еңлік сонда еліне сөз сөйлейді,
Қасындағы жиылған көпке қарап:

— Ей, жұртым! Бір-екі ауыз сөз айтайын,
Әйтеуір өлтіруің тұр ғой дайын.
«Өлерде үш тілек бар деуші еді» ғой,
Құдай үшін, берсеңдер, мен сұрайын.

Кебекпен мені азғана араздастыр,
Өлген соң бірге қосып таспен бастыр.
Мына бала — Тобықты баласы ғой,
Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр.

Үш тілегін алсын деп жұрт кеңесті,
Бердік деп екеуінің қолын шешті.
Құшақтасып сүйісіп, қош айтысып,
«Ал енді өлтіре бер мейлің» десті.

Екеуінің мойнына арқан салып,
Екі аттың құйрығына байлап алып,
«Матайлап» ұран салып шауып-шауып,
Өлтіріп бір төбеге қойды апарып.

Тастады бесігімен баласын да,
Обалға өшіккен ел қарасын ба?..—
Еңілік — Кебек моласы бүгін де бар
Таймақ пен Ералының арасында.

Надан жұрттың болады діні қатты:
Қабекеңе тапсырмай аманатты,
Шеткі Ақшоқы басында қалған бала
Шырқырап күн батқанша жылап жатты.

Жуантаяқ баланы түнде білді,
Түн ішінде жиылып атқа мінді.
Таң ата келіп іздеп таба алмады,
Қисыны біреу ұрлап кеткен сынды.

* * *

Жігіттер! Бұл өлеңді жазған мәнім:
Емес қой жастықпенен салған әнім.
Қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы?
Аларсың, көп ғибрат, байқағаның.

Қыз, қызық, батыр жазар кезім емес,
Жастарды қызықтырған сөзім емес.
Ертегі емес, ертеде болған бір іс,
Ойдан жалған шығарған сөзім емес.

Әншейін әңгіме деп құлақ салма,
Құр ғана қызығымен қызын алма.
Ғаділ, залым, шафқатлі — мейірімсіз,
Соларды айыра алмай қапы қалма!

НАРТАЙЛАҚ ПЕН АЙСҰЛУ

(Әңгіменің сыры)

Естілер көп жазады әңгімені,
Жазбайды ермек үшін әлденені.
Жиреніп жаманынан, жақсыны ұғып,
Алсын деп жазады ғой өнегені.

Залымды жек көргізіп, күйгізеді,
Ақ жүрек әділетті сүйгізеді.
Өгейлік, өзімшілдік, бақ-күндестік,
Мейірімсіз залалкесті білгізеді.

Қос қатын алу жаман салт екенін,
Күндестік араздықтың шарты екенін,
Қыз бермей сүйгеніне, малға сату
Адамның ең рахымсыз анты екенін,

Аямай жетімдерді ұрғандығын,
Азаматты күң менен құл қылғандығын.
Не пайда, не өзінің мақтаны үшін,
Дап-дайын қан төгуге тұрғандығын.

Махаббат шын асықты неткендігін,
Құрбан боп жар жолында кеткендігін,
Тұрғанда әлі жетіп, ашу кешіп,
Мархабат дұшпанға да еткендігін, —

Айтады осы әңгіме соның бәрін,
Байқаста, сыртын ұқпай ішкі нәрін.
Жаңа өскен жасыл гүлдей жас ұландар,
Дей көрме бір ескіден қалған сарын.

* * *

Өткен іс ойға түсер әлдеқайдан,
Айтайын аз әңгіме ескі жайдан.
Атақты Әмір-Темір заманында
Арқаны мекен еткен Арғын, Найман.

Арғынның тоқалынан Бозша деген
Момындық, әділдікпен ел билеген.
Жәнібек жалғыз ұлы жастау өліп,
Артында үш ұл қалды немереден.

Құр — үлкен, Балға — оған тетелесі,
Қаранай — үшеуінің ең кенжесі.
Бұл жонды Үшбозша деп атайтыны —
Жайлаған Бозшаның үш немересі.

Солардың осы үш өзен мекендері,
Жаз жайлап, сән-салтанат құрған жері.
Бұл жерден өзі кетіп, аты қалған,
Құр, Балға, Қаранай деп сонан бері.

Құр менен Қаранайдан басы бөлек,
Бір су бар ортасында шолақ өзек.
Күнбатыс жағасында бір Ақтас бар,
Сөйлеуге соның жайын келді кезек.

Сол тастың жырасында бір үңгір бар,
Жатуға екі кісі болмайды тар.
Ол тасты «Айсұлудың Ақтасы» деп,
Атапты бізден гөрі бұрынғылар.

Мен көрдім сондай үңгір қыз мекенін,
Асықтың арманда өткен із мекенін.
Талпынған талапты жас, тыңдасаңыз,
Айтайын Айсұлудың кім екенін.

Балғаның ол — Айсұлу — үлкен қызы,
Нартайлақ — Қаранайдың бір жалғызы,
Қосылып, асық болып сол арада,
Үңгірде өзі кетіп, қалған ізі.

Айсұлу ол Ақтаста жүрген ойнап,
Қараған әлгі үңгірге бір күн бойлап.
«Дариға-ай, асық жармен құшақтасып,
Үңгірде жатар ма еді—дегенді ойлап.

Айсұлу ол кезінде он бесте екен,
Күн сайын сол араны қылған мекен.
Бірге ойнап Нартайлақпен сол үңгірде,
Байласқан асықтыққа белді бекем.

Екі жас жылға жақын ойнап жүрді,
Сезген жоқ ешкім әлі осы сырды.
Қосылған жазға салым бұл екеуі,
Жаз өтіп, келетұғын күз де кірді.

Мен бардым сол Ақтасқа түлкі қағып,
Үңгірде өткенді ойлап тұрдым бағып.
Тастағы қырау еріп күн нұрымен,
Тастан да, көзімнен де жас кетті ағып.

* * *

Самсы да асық болып Айсұлуға,
Бата алмай жүреді екен сөз айтуға.
Сүйтсе де жанасалап бір қалмайды,
Дегендей «бұқа буға, азбан дуға».

Балғаның екі қызы, бір ұлы бар,
Ерте өлген бәйбішеден туған бұлар.
Тай еді ұлдың аты жастай өлген,
Былқылдақ келіншегі қалған шығар.

Бір ұл бар тоқалынан Барғана атты,
Қоя ма қазақ тұтпай ескі салтты?
«Аға өлсе, жеңге мұра» деді-дағы,
Қатын ғып Былқылдақпен бірге жатты.

Күнсұлу, Айсұлумен — екі қызы,
Бір туған өлді олармен Тай жалғызы.
Қолында өгей аға қорлық көріп,
Қыздарға жетімдіктің батты сызы.

Айсұлу Нартайлаққа болған асық,
Үңгірде қосылысып мауқын басып.
Балғаның тірісінде Айсұлуды
Матайға бермек болған баталасып.

Ол күйеу Балқыбектің баласы еді,
Қортықтау, Барлы деген аласа еді.
Әкесі бай болса да, бала нашар,
Жынды ма, ынжық па деп талас еді.

Сондықтан Балға онан мал алмаған,
Аулына құдам деп те бара алмаған.
Бермеймін Айсұлуды деп жүргенде,
Тағдырдан қаза жетіп қала алмаған.

Сол Барлы Балға өлген соң ұрын келген,
Қыз оның сырттан байқап, түрін көрген.
Қасына күйеуінің бір күн жатпай,
Менсінбей тіпті қисық, қырын келген.

Ол күйеу қызға өкпелеп үйге барған,
Барған соң әкесіне кісі салған.
«Болса да аузы қисық, байдың ұлы»
Бақаның көп мал беріп қызын алған.

Бақа да, Балқыбек те Матай еді,
Бір суды өрлей-жайлап жата берді.
Тантық қыз Ханым деген ол алғаны,
Аузына келген сөзді шатар еді.

Балқыбек суы атанған сол атпенен,
Беріктас, Үйтас, Томан — мол атпенен.
Шоқыда жалғыз қызыл Барлы туып,
Атанды Барлы қызыл ол атпенен.

Бағана Самсыны біз бастап едік,
Жай-күйін біраз айтып тастап едік.

Байқатып Айсұлуға асықтығын,
Онан соң не қылғанын ашпап едік.

Бір күні Самсы келді Барғанаға:
«Ағатай, — деді, — сөкпе, қарғама да.
Асық боп Айсұлуға өлер болдым,
Мені өлтір құлат-дағы жарға ғана.

Ұнатсаң егер тірі қалғанымды,
Орында малымды ал да арманымды.
Сізбенен ақыреттік дос боламын,
Алсаң да аямаймын бар малымды».

Тағы да Былқылдаққа айтты ойды,
Алдына асыл шапан, жамбы қойды.
«Періште алтын көрсе жолдан таяр»,
Қу нәпсі мал көрген соң жеңді бойды.

Өгейлік Барғананың ойын бұзды,
Көрдің, бе міне осындай қара жүзді?
Шапан мен алдындағы жамбыны алып
Үш күнде көндірмекші болды қызды.

Нартайлақ келді бір күн Ақтасына,
Үңгірдің уағдаласқан қақ басына.
Былаудай екі көзі өксіп жылап,
Айсұлу келіп тұрды қақ қасына.

Көрді де Нартайлақтың есі кетті,
«Сәулем-ау, мұнша жылап саған нетті?
Құшақтап, рахаттанып жатпақ едім,
Көз жасың жүрегімді елжіретті».

Қыз айтты: «Асық, жарым, тыңда мұны,
Немене жетім қыздың көрген күні?
Қолында өгей аға қор қылғанша,
Алмады-ау ажал жетіп мен сорлыны!

Бастады аға-жеңгем бір жұмысты,
Самсымен тамыр бол деп көрдей қысты.
Көзімді жаудыратып малға сатпақ,
Көрем деп ойлап па едім мұндай істі?

Көнбедім мен олардың ептеріне,
Түкірдім жүзқара деп беттеріне.
Көндірем көнбесең де деп ақырып,
Барғана қамшы басты еттеріме.

Қоймады бір-ақ ұрып, көп сабады,
«Жетім қар» деп, етімді жеп, сабады.
Самсыға Күнсұлуды күң қылам деп,
Барлыға сені ұзатам, деп сабады.

Тай ағам бүйтпес еді-ау тірі болса,
Не әкем не әжемнің бірі болса.
Дариға! Бұл өмірден өлім артық,
Жетімнің көрген күні осы болса!

Өгей ұлы Барғана ойлап қастық жағып,
Былқылдақ ұмытты Тайдың аруағын.
Ағам мен ата-анамды қабат алып,
Құдай да қайтып алды-ау берген бағын!»

Нартайлақ деді қызға: «Қалқатайым,
Мәнісін бұл сөзіңнің қылдым пайым.
Шынымен құдай қосқан жарым едің,
Сені алып алыс жерге, кел, қашайын».

Қыз айтты: «Күнсұлуға қоштасайын,
Айттым ғой күң болмақшы оның жайын.
Оны да, реті келсе, бірге алып қаш,
Бола алсақ ертең кешке мұнда дайын.

Тайлақжан, аз күн көрдім қызығыңды,
Мұндайда тағдыр жазған сызығымды.
Босатпай егер кетсем ұзатылып,
Жіберем Күнсұлуға жүзігімді.

Сол жүзік тиісімен өз қолыңа,
Құрбанмын, кел де алып қаш, мен жолыңа.
Алты айлық құрсағымда балаң жатыр,
Тапсырар соны өзіңе күн болар ма?»

Қош десті бір сүйісіп амандасып,
Нартайлақ кете берді белден асып.

Ауылға қыз қайтарда солай қарай,
Былқылдақ келе жатыр жебей басып.

Келді де: «Қайда жүрсің, еркем, — деді,
Бір адам дөңнен асып селтеңдеді,
Жеңгеден қайынсіңлі сыр жасырмас,
Разымын, жөнін айтып берсең», — деді.

Қыз айтты: «Елестеген сайтан-дағы,
Күнде ойнап осы арадан қайтам-дағы.
Сен маған не пәлені салмай жүрсің,
Бір жала жаппақ болған айлаң-дағы.

Ол айтты: «Өкпелеме, еркем, маған,
Жүргем жоқ қылайын деп қастық саған.
Қатында ері айтқан соң ерік бола ма,
Бәрін де істеп жүрген Барғана ағаң.

Барғана сен кеткен соң өзі барып,
Қайыңа Байқошқардан хабар салып,
Қалыңмал, ілу, жыртыс әкелмей-ақ,
Келінін кетсін депті жылдам алып.

Байқошқар — Барғананың нағашысы,
Дәулетті, заты Матай, ұста кісі.
Сөз салып сол арқылы Балқыбекке,
Құтылмақ қайтсе сенен бар жұмысы».

Айсұлу айтты ызалы күлкіменен:
«Барлыға қосылмайды менің денем.
Не басқа біреу алар, не жер алар,
Ол сырды жасырмаймын, жеңгем, сенен».

Барғана үйге келсе ұнатпайды,
Сұрланып жотығырсып сөз қатпайды.
Өмірін өксіп жатып ақылдасқан,
Сорлыға екі жетім таң атпайды.

Күн шықты, бесін өтіп, кеш те болды,
Екі қыз байлап қойған барар жолды.
Күндегі ойнайтұғын Ақтасына
Жөнелді айқастырып белден қолды.

Барғана жүгірген соң «ей, тоқталап»,
Былқылдақ: «Қой, барсын», — деп келді жанап.
Қамшылап бәрін үйге қуып тықты,
Қатынын қыздарыменен қоса сабап.

Шығармай бірін тысқа қойды қамап,
Көзінен жетімдердің қан сорғалап...
Әлі тұр ащы дауыс құлағымда,
Сорлының жылағаны «Тай ағалап».

Жас дауыс жылағанмен қарлыға ма,
Ой жібер міне осындай зарлыға да.
Осымен бұл сөзіміз құлағымда,
Келелік Балқыбек пен Барлыға да.

Байқошқар, Балқыбекке кеше барған,
Барлыны жіберуге дайындаған.
Дарақы, тантық өскен Ханым қатын
«Оны алсаң, мен кетем» деп азап салған.

Жиылып ақсақалдар маңайдағы,
Сөз айтқан келісімді қай-қайдағы.
Дегеннен жесір кетті өлген артық,
Келгенмен бір қызметкер малай-дағы.

«Ей, Ханым! Сен тұрасың, үлкен үйде,
Бір күннің келгеніне жанып-күйме.
Болғанда көсеу ұзын қол күймейді,
Керек қой бір қызметкер мұндай үйге.

Сол күні Барлы күйеу келіп жеткен,
Барғана тоқты сойып ырым еткен.
«Тойындай жетім қыздың» деген бар ғой,
Зарлатып ертеңіне алып кеткен.

Айсұлу кете барған көзі жайнап,
Осы ғой берді деген қолын байлап.
Тілеген жылап тілек Барғанадан:
«Былқылдақ апарсын, — деп, ағайтайлап:

Жеңгемнің, қандай болам, көзі көрсін,
Жай-жапсар, көргенімді айтып берсін.

Мен кештім, тәңірі кешсе, қылығыңды,
Ол байғұс аздан соң-ақ өлді дерсің».

Қасына Былқылдақты қосып берді,
Сол күні-ақ Балқыбекке жетіп келді.
Отауын оқшау тігіп бөлек қойды,
Той қылып бір күң үшін жисын ба елді!

Былқылдақ қызды қимай, екі ай өтті,
Көп жатты, қайтатұғын мезгіл жетті.
Отауға сонан бері бір жатпаған
Барлыға: «Бір сөзім бар, тыңда», — депті.

«Айтатын тілегім бар, күйеу, саған,
Осы түн отауға жат, берсең маған.
Барған соң қарындасым не болды деп,
Сұрайтын онда бар ғой бір қайнағаң.

Сұраса, отауына жатты дейін,
Екеуі махаббатты татты дейін.
Күйеуің, қарындасың, құдаларың
Разы боп бәрі саған айтты дейін».

Барлы айтты қыбыжықтап басын қасып:
«Өзім де Айсұлуға едім асық.
Ұрсады мұнда жатсам Ханым маған
Отырмын сонан қорқып қатты сасып».

Былқылдақ ол күйеудің сырын білді,
Білдірмей езу тартып іштен күлді.
«Ханымға айтатұғын арызым бар», —
Деді де жолдасынан хабар қылды.

«Ей, Ханым, тоты құстай біткен денең,
Бір тілек қабыл алшы, қалқам, менен
Отауға бүгін кешке жат деп едім,
Именіп мына Барлы отыр сенен.

Орында, рұқсат бер де, тілегімді,
Ашылтын нұр құйғандай жүрегімді.
Осында жалғыз түні жатсын күйеу,
Білерсің кейін өзің күндегінді».

Ол айтты: «Көп оттамай кет үйіңе,
Тек берген теңдік бар ма жетіміңе?
Көзіне көк шыбынды үймелетіп,
Мұны күң, қолыңды әпкел, етуіме!»

Ай-үйге қарамай-ақ ол жүзқара,
Барлыны сүйреледі бара сала:
«Ұмыттың ба, ақсақалдар не деп еді,
Бұл үйде отырмысың күңге бола!» —

Деді де жетіп барды Айсұлуға:
«Бай керек пе салдақы сендей қуға!»
Жұлқылап бүркеншігін, ішке тепті,
Ойнастан дайынсың деп ұл табуға.

Былқылдақ барып еді арашалап,
Қоймады Айсұлуды иттей талап.
Енесі, ауылдасы бәрі келіп,
Шығарды әзер үйден көптеп қамап.

Былқылдақ қайтпақ болды атын ерлеп,
Боқтап жүр Ханым қатын бәрін жерлеп.
Айсұлу Былқылдақты шығарып сап,
Қоштасты құшақтасып бері кел деп.

«Жеңеше-ау, айтпап па едім бұрын саған,
Барлының түк керегі жоқ деп маған.
Мейірімсіз өгей ағам ұстап берді,
Ол түгіл құдай мені аямаған.

Тайды алды жан жақыным, жалғыз көзім,
Сол Тайдан жесір болып қалдың өзің.
Ұмытпасаң, ағам қонған тұғыры едің,
Аманат тапсыратын бар бір сөзім.

Тез тапсыр жүзігімді Күнсұлуға,
Ұялман енді саған сыр ашуға.
Жүзікті Нартайлаққа жылдам берсін,
Сол келсін меніменен қоштасуға.

Жеңеше-ау, жасырайын сенен несін,
Сәлем де Нартайлаққа, жылдам келсін.

Беретін бар бір асыл аманатым,
Үш күннен қалса мені өлді десін.

Сәлем де үш қайтара Барғанаға,
Тапсырдым аруақ пен Аллаға да.
Әжемнен тумаса да әкем бірге,
Бармайды аузым оны қарғауға да...

Айта бар барсаң сәлем Самсыға да,
Самсыға сүймеген қыз жар шыға ма?
Шөгеріп шөкпес нарды мінемін деп,
Тастады-ау талай бүлік артына да.

Сәлем айт жалғыз бауырым Күнсұлуға,
Қор болып жетім қалған сұм сұлуға.
Құшақтап үш қайтара сүйер едім,
Еркім жоқ көремін деп ұмтылуға.

Барғана екеуіңнен бір тілегім —
Кетпесін ақиретте сізде кегім.
Беріңдер Күнсұлуды сүйгеніне,
Самсыға қор болмасын жеткіншегім!»

Соны айтып талып кетіп бөгеледі,
Былқылдақ жылап елге жөнеледі.
Қыламыз енді әңгіме Нартайлақты,
Ол байғұс не қылады, не көреді.

Әрине, осы сөзден екі ай бұрын,
Ұқтыңыз Нартайлақтың кеткен түрін.
Самсы мен Барғанаға қор қылам деп,
Әкетпек балдызы мен асық нұрын.

Ол қайтып өз үйіне барып еді,
Қыз үшін екі ат ерттеп алып еді.
Құрдасын Бөбек деген қасына ертіп,
Күн бата Ақтасқа кеп қалып еді.

Сол түні отыр еді қызды тосып,
Артынан дыбыс естіп қалды шошып.
Екі атты қараңғыда келе жатыр,
Отырды жылқышы ма, жау ма десіп.

Жүгірді екеуі аттан түсе сала,
Үстасты біреуімен Бөбек бала.
Қолында біреуінің қылышы бар,
Ұмтылды Нартайлаққа тура ғана.

Нартайлық құр қолымен қылыш қақты,
Қызыл қан оң қолынан судай ақты.
Ұстатпай шыр айнала қашып жүріп,
Қылышпен тұла бойын шабақтапты.

Жүзі өткір қылышының, ұшы қайқы,
Әр жерін жаралапты ұйқыш-айқыш.
Қайран ер белдесе алмай қанға батты,
Қарусыз қапияда келген байғұс.

Бірталай арпалысты сонымен,
Басынан қан сорғалап жонымен.
Ұстауға оң қолыменен келемеген соң,
Солақай таспен атты қолыменен.

Қолына тигеннен соң тас қапыда,
Деді де, «ойбай, ұрды», мінді атына.
Бөбектен жолдасы да босанып ап,
Қарамай қашты екеуі алды-артына.

Нартайлақ атқа мінді қумақ болып,
Бөбек тұр қаласың деп қапыда өліп.
Есіл ер есі кетіп аттан түсті.
Жеңі де, қойны-қоншы қанға толып.

Батырды ыза қысты қапы қалып,
Кейіді келмедім деп қару алып.
Жарасын көйлек жыртып байласа да,
Қансырап таңға жақын қалды талып.

Міңгесіп аш белінен ұстап алды.
Қолында үш жетегі, алдында ол,
Күн шыға азар жүріп үйге барды.

Келген соң Тайлақ батып қызыл қанға,
Ауылдың адамдары қалды таңға.
Қызды айтпай «жылқыға жау тиді» дейді,
Бөбектен не болды деп сұрағанда.

Нартайлық сол жарадан екі ай жатты,
Батырға екі қайғы бірдей батты.
Білмейді дұшпанының кім екенін,
Қайғысы Айсұлудың одан қатты.

Ойға алып жазылған соң асық нұрды,
Сандалып Ақтасына қарай жүрді.
Алдынан бір ауылдың өтіп еді,
Тоқта деп бір бүркенген қыз жүгірді.

Батырдан қыз қарайды алмай көзін,
Нартайлақ шырамытты қыздың өзін.
Әперіп алтын жүзік қалтасынан,
Айтыпты Айсұлудың сәлем сөзін.

Таныды Күнсұлуды келбетінен,
Бір сүйді аттан түсіп оң бетінен.
Не қылсам Айсұлуға жолығам деп,
Жөнелді Балқыбекке сол бетімен.

Барғана қалмаушы еді күндіз малдан,
Сол күні сол ауылға Самсы барған.
Үйіне соны көріп қайтарында,
Тайлақ пен Күнсұлуды көзі шалған.

Алыстан Нартайлақты танымаған,
Түскенін, еңкейгенін байыптаған.
Ауылға келе сала Күнсұлудан
«Жолыққан жолаушың кім?» — деп сұраған.

Ол айтқан: «Мен ешкімді көргенім жоқ,
Жолығып жолаушыға келгенім жоқ,
Жазықсыз жала жауып неге ақырдың,
Ешкімге ештеңемді бергенім жоқ».

«Сен бердің сол аттыға бірдемені,
Бауырына аттан түсіп басты сені.
Көргенді көзімменен танып тұрсың,
Шыныңды айт шатпақтамай әлденені!»

Қыз айтты: «Айтарым жоқ өлтірсең де,
Аузымнан қара қаным келтірсең де.

Көрдім деп көрмегенді айта алмаймын,
Аптығып ашуланып желпінсең де».

Ақырып Күнсұлуды ұстай алды,
«Айт-айт» деп әрі-бері азап салды.
«Көзіңді шын айтпасаң шығарам», — деп,
Пышағын оң көзіне тура оқталды.

Қой-қойлап Самсы келді арашалап,
Жақындап Күнсұлуға жанасалап.
«Ағаңның көрген ісін танба, қалқам,
Айта ғой қарашығым» деп майдалап.

Барғана айтпадың деп тағы да ұрды,
Ұрғанға болмаған соң буындырды.
Булығып дем ала алмай өліп жатып,
Бірталай уақыттан соң жаны кірді.

Арсызға Барғанадай малы тәтті,
Жетімге Күнсұлудай жаны тәтті.
Амалсыз жылап тұрып сырын айтты,
Қайтсін-ай, қатты қинау жанға батты.

Тайлақты жасырмады көргендігін
Жүзігін Айсұлудың бергендігін.
Үш күннен қалмай жетсін Нартайлақ деп,
Тағы айтты сәлемінің келгендігін.

Сәлемді есіткенде күйгендігін
Бетінен балдызым деп сүйгендігін.
Не қылсам Айсұлуды аламын деп,
Сол жерден Балқыбекке жүргендігін.

Күнсұлу мұны айтқанда жылап тұрды,
Барғана жылама деп тағы да ұрды.
Бұл сұлу Самсыға айтты апасынан,
Осымен ойнап-күл деп тілек қылды.

Самсы айтты: «Тым жас қой бұл әзір маған,
Айтайын бір сырымды, достым, саған,
Кез келіп Айсұлудың Ақтасында
Мен едім Нартайлақты қылыштаған.

Үш күн деп маған уағда қылып едің,
Шыдамай ертеңінде-ақ жүріп едім.
Ойнасы Айсұлудың осы ғой деп,
Қылышпен тұла бойын тіліп едім.

Не қылсам өлтіруге асық едім,
Қылышты аямай-ақ басып едім.
Болған соң қаруы жоқ таспен ұрып,
Қалған соң қолым сынып қашып едім.

Тоғысай құлым еді қасымдағы,
Бұл сырдың маған сор ғой ашылмағы.
Білсе кек алмайды деп ойламаймын,
Қорқыныш, қатерім сол басымдағы.

«Ол енді, — Барғана айтты, — маған да жау,
Ойнас боп Айсұлуды бұзғаны анау.
Матайдан тағы барып алып кетпек,
Аулақта, әттең дүние, жолықпайды-ау!»

Самсы айтты: «Ескерелік жолын тосып,
Отырмын әрі ыза боп, әрі шошып.
Сездірмей еш адамға өлтірелік,
Жолықса оңашада құдай қосып».

Екеуі Балқыбекке қадам басты,
Не қылса өлтірмек боп Тайлақ жасты.
Егерде ойлағаны бола қалса,
Айтпасқа ант етісіп уағдаласты.

Адамзат әрбір іске кез болады,
Біреуге жай, біреуге тез болады.
Бұлар да, Нартайлақ та бара тұрсын,
Айсұлу енді азырақ сөз болады.

Бір күң бар Балқыбекте Томан деген,
Күн сайын сөгіс естіп, таяқ жеген.
Отауда жалғыз жатқан Айсұлуды
Еш адам онан басқа елемеген.

Күзетші қарашада әлгі Томан,
Біржола қой күзетпек міндет оған.

Отаудан жас баланың үні шығып,
Жүгіріп Томан кемпір келді соған.

От жағып үйді жарық еткен кемпір,
Бұл не деп Айсұлуға жеткен кемпір.
Қараса бір ұл тауып талып жатыр,
Кіндігін баланы орап кескен кемпір.

Жүгірсе сүйінші деп таяқ жейді,
Ол кемпір соны біліп үндемейді,
Баланы әбден жайғап болғаннан соң,
«Қалайсың, Айсұлужан, қалқам», — дейді.

Аздан соң есін жиды сорлы келін,
Байлады күлдірамен кемпір белін.
Бір қарап баласына, кемпірге бір
Көзінің айтып болмас аққан селін.

Қандарын, жолдас, шелін тазалапты,
Көрпеге киізбенен орап сапты.
Көне ғой күң де болса көпті көрген,
Бәрін де әрнәрсенің сол жайғапты.

Күн шықты, сәске болды, ел де тұрды,
Жоқ еді ешкім білген мына сырды.
Баланың шырылдаған даусын естіп,
Отауға Ханым қатын келіп кірді.

Ұмтылды жас баланы көре сала,
«Өлтірем, ойнастан — деп — туған бала».
Құсырып Томан қолын арыз айтты,
Алдына көлденеңдеп тұра қала:

«Өлтірме бұл баланы тектен-текке,
Мұныңыз қисынбайды ашу-кекке.
Басшымыз сол кісі ғой, не дер екен,
Туғанын білдірейік Балқыбекке».

Томан мен Ханым қатын сонда барды,
Балқыбек мұны есітіп ойға қалды.
«Бетіме дұспандарым күнде басар,
Құрғырдың көзін жоғалт», — деп-ақ салды

«Бай, сізге — Томан айтты — арызым бар:
Бұл бала тағдыр айдап туған шығар.
Нәресте жас баланың жазығы не?
Боласың қан жүктеуге неге құмар?

Елу жыл күң қылғаның саған дайын,
Құлдық қып бәрін ұмытып бас ұрайын.
Бала құл, мен күң болсам — екеуміз сай,
Маған бер бұл баланы, асырайын».

«Алсаң ал» дегенді есітіп Ханым тұрып;
Деді: «Сен асырамайсың мұнда жүріп.
Бұл үйде, баланы алсаң, тұрғызбаймын,
Ауылдан көз көрмеске кет қаңғырып!»

«Шының ба, — деді Томан, — ойының ба,
Болады бала қалса қойынымда.
Балқыбек, енді маған бостандық бер,
Қалмасын менің хақым мойынында».

Балқыбек азат қылып бата берді.
Отауға Томан кемпір қайта жүрді.
Кетпегін баланы алып айтып еді,
Айсұлу мынаны айтып, мақұл көрді:

«Ей, шеше, сені құдай жарылғасын,
Мен енді ақыреттік қарындасың,
Қалған соң балам тірі арманым жоқ
Не болса бола берсін менің басым.

Бұл бала — Нартайлақтың аманаты,
Атақты Бозша байдың жұрағаты.
Шешеке, сенен қатты тілегім сол,
Баланы соған тапсыр, келсе сәті».

Ол Томан сол ауылдан азық алды
Емізік, бір сауыт сүт тағы да алды.
«Тапсырам, құдай қосса, Тайлаққа», — деп,
Қоштасып баланы алып кетіп қалды.

Аяңдап Қандығатай байға келді,
Білетін бұрын өзін жайға келді.

Қантекең қойын өзі бағушы еді,
Қоралап кешкі малын жайлап еді.

Жолшыбай дірдек қағып тоңды кемпір,
Кешке кеп сол ауылға қонды кемпір.
Өз жайын, бала жайын байға сөйлеп,
Үш күндей сол ауылда болды кемпір.

Болса да екі ағамның бірі жетім,
Бұл бала өзгелерден ірі жетім.
Тірідей ата-анадан айрылған соң,
Баланың аты болды тіріжетім.

Сапанай — Қанткемнің үлкен ұлы,
Үш қызыл тұмсығына қонған жылы,
Қатыны жесір қалған бір қыз тауып,
Қыз өлген Томан сонда келген күні.

Баланы сол емізген үш күн ұдай,
Кез қылған өлмесін деп оны құдай.
Сөйлелік, бұл тоқтасын Айсұлуды,
Көрді ме тағы қорлық бұрынғыдай.

Тағы ұрған Ханым оны «жыладың, — деп,
Ойлама енді мұнда тұрармын», — деп
Боласың, Томан кетті, сені күзетші,
Қонақ үй бұл отауды қыламын», — деп.
Текпілеп үйден шық деп шаштан алған,
Көсеумен шыдай алмай о да саған.
Ханымның ұрған көсеу басын жарып,
Жығылып сол соққыдан талып қалған.

Айсұлу енді ойлаған: «Тірі қоймас,
Қор қылар, не өлтірер, — бәрі бір бәс.
Онан да өзімді-өзім өлтірейін,
Бұл өмір болмайды деп маған жолдас».

Желбауды бұғалықтап қойды жайлап,
«Нартайлақ, аман бол», — деп үш айғайлап.
Бақанды өрлеп шыққан алып тастап,
Мойнына бұғалықты салды байлап.

Есітіп айғайлаған сол дыбысты,
Жүргендер алыстағы жүгірісті.
Буынып өлген қатын, талған қатын
Үстінен екеуінің келіп түсті.

Аздан соң Ханым есін жиып алды,
Балқыбек ақыл таппай көп сандалды.
Ел білсе, қашып кетті демек болып,
Қорымға жаназасыз көме салды.

Айсұлу бұл жалғаннан сөйтіп өткен,
Өгейлік, күндестікпен түпке жеткен.
Әйелдер ол кездегі мал есепті,
Кім сатса, қайда айдаса сонда кеткен.

Ол өлген бір көре алмай сүйген жарын,
Ішінен тарқата алмай мұң мен зарын.
«Елу — деп — ел құлағы» мақал бар ғой,
Естіген Қандығатай мұның бәрін.

Біз тағы сөз басталық Нартайлақтан,
Жолығар қайсысына сор мен бақтан.
Не қылсам Айсұлуға жолығам деп,
Бағана кетіп еді-ау Ақтас жақтан.

Жолшыбай бір қойшыдан жөн сұрасқан,
Қойшы айтқан: «Өз жайыңды айт әуел бастан».
Нартайлақ аты-жөнін түгел айтқан
Бармағын Балқыбекке жасырмастан.

Қойшы айтқан: «Бағың да бар, сорың да бар,
Кез болған керегіңе жоғың да бар.
Айсұлу дүниеден өтті, балам,
Бір ұлың сонан қалған қолымда бар».

Нартайлық айтты: «Сөзге көңілім сенді,
Аманат тұра тұрсын балам енді,
Оны да білесіз ғой, мұны білдің,
Сүйегін Айсұлудың қайда көмді?».

«Айтайын мен бір ақыл сен балаға,
Қаңғырма сүйек үшін құр далаға.

Үйтастың маңайында бір қорым бар,
Көміпті жаназасыз сол араға».

«Ата-ай! Сол молаға барам-дағы,
Бір көріп бетін ашып қалам-дағы.
Сізбенен қайта келіп ақылдасып,
Баламды Томанменен алам-дағы».

Соны айтып қамшы басып жүріп кетті,
Тапты да Айсұлуды, ашты бетті.
Бір сүйіп суық беттен қайта жауып,
Аулына Қандығатай түнде жетті.

Қойшыға бұл кеткен соң екеу кепті,
«Ауылы Балқыбектің қайда?» — деді
Әлгі шал ауыл жөнін айтып беріп,
Қайтам деп амандасып сонда кетті.

Ол екеуі Барғана мен Самсы болар,
Тайлақтың жолын тосып жүрген болар.
Айсұлудың қашып кетті дегенді естіп,
Нартайлық әкетті-ау деп қайтқан олар.

Қантекең айтқаннан соң түсін, өңін,
Барам деп Балқыбекке кеткен жөнін.
Нартайлақ терең ойға түсіп кетті,
Білген соң Барғана мен Самсы екенін.

Япырау, неге келді олар мұнда?
Бермек пе Айсұлуды Самсы сұмға.
Күнсұлу айтып қойып кеткенімді,
Тықпақ па әлде өлтіріп мені құмға?

Нартайлақ бұл туралы көп ойлады,
Кейде ашу, кейде айламен еп ойлады.
Айсұлу өлді олардың салдарынан,
Кек алам, құдай қосса, деп ойлады.

Ол сүйтіп отырғанда ойға кетіп,
Кемпір де баланы алып келді жетіп.
«Мынау — деп — Айсұлудың аманаты»,
Сүйгізді бетін ашып иіскетіп.

Ол күні тыным алып сонда жатты,
Ел тұрып, ертеңіне таң тағы атты.
Жайланып тамақтанып болғаннан соң,
Нартайлақ Қантекеңе жауап қатты:

«Көлік пен кісі әкелем үйден барып,
Қайтамын Томан менен баламды алып.
Сүйегін Айсұлудың тастамаймын,
Қоямын жаназалап елге апарып».

Қантекең аз ойланып бас көтерді,
Бір дара ат, бір жолдас пен атан берді.
Дара атқа Томан мініп баланы алып,
Айсұлуды моласына бері келді.

Атанға Айсұлуды артып алып,
Еліне жиылсын деп хабар салып,
Арулап, жаназалап болғаннан соң,
Басына Тазқызылдың қойды апарып.

Нартайлық сол арада айтты көпке:
«Ей, халқым, сөйледі деп мені сөкпе!
Самсы ма, мұны өлтірген Барғана ма?»
Матай ма, не болмаса мен тентек пе?

Рас, Балға Балықбекпен баталасқан,
Деген соң баласы ынжық қайта басқан.
Самсыға сатқаныма көнбедің деп,
Барғана берді обалға қарамастан.

Мен едім Айсұлудың сүйген жары,
Арманда кетті ішінде қайғы-зары.
Өлтірді Ханым қатын тепкісінде,
Самсы мен Барғананың қылғандары».

Үйлықты қауым бұған жауап таппай
Кеңесті ақсақалдар сөзді саптай.
Самсы мен Барғанаға хабар салды,
Берсін деп көпке жауап үйде жатпай.

Олар да келіп айтты білген дауын,
Тайлақтың бозбастық қып ойнақтауын.

Әртүрлі әрқайсысы жауап айтып,
Бұл сөзге қақ жарылды қара қауым.

«Жазалы Барғана ғой Самсыменен,
Қыстаған ойнас қыл деп қызды неген,
Қосылған өзі сүйіп Нартайлақты,
Демекті жазаласын жөн көрмеген.

Рас, қазақ қыз алмайды жеті атадан,
Мұны айтқан дінсіз кезде өткен адам.
Қосады немерені шариғатта
Ақтығы Нартайлақтың осы арадан.

Айсұлуды күйеуіне көнбей кеткен,
Басы бос қыз есепті сол себептен.
Еркімен ер жеткен қыз байға тиер,
Ондайға жарамайды зорлық еткен.

Беріңдер Күнсұлуды Нартайлаққа
Разылығын керек бірақ сұрамаққа.
Самсы мен Барғана көп айып тартсын,
Барайық құнын сұрай Матай жаққа.

Біз оған күң қылсын деп бергеміз жоқ,
Не қылдың, не қойдың деп тергеміз жоқ.
Барлы мен, мұны өлтірген, Ханым қатын,
Қанды қол онан өзге көргеміз жоқ».

Барғана: «Разымын», — деп құлдық етті,
Самсы: «Мен көне алмаймын бұған, — депті, —
Нағашым қазақ жолын қайта бұзды,
Бұл елде тұрмаймын», — деп қашып кетті.

Барғана тоғыз-тоғыз айып берді,
Жасаулап Күнсұлуды алып келді.
Басқаға бір Самсыдан хабар айтып,
Той қылып тойғызыпты Тайлақ елді.

Қырық құрдас Самсы қашты жиып алып,
Жер іздеп жасырынар орын шалып.
Тазқызыл, Балғашоқы арасында,
Аласа Қызылжалға жатты барып.

Елеусіз елсіз су деп соған барған,
Күн көріп, ұрлық қылып жатып алған.
Бөтен жау жататұғын орын емес,
«Қызыл — деп — қырық қарақшы» сонан қалған.

Ел қонса Көксеңгір мен Шақпаққа кеп,
Самсы елді шыдатпаған мал ұрлап жеп.
Қаранай сағасында Қараша адыр
Атанған сол себепті «Тектұрмас» деп.

Матайдан ел жиылып құн сұраған,
Жасау мен қыздан қалған пұл сұраған.
«Қалыңмал, ілу, жыртыс алғамыз жоқ» —
Деп даулап, соның бәрін шын сұраған.

Жүгінген Қантекең мен Досқанаға.
Сұраған адам құнын, бос қала ма?
Басы атан, ең аяғы сүт тайлақ деп,
Бұл құнды олар кескен жүз қараға.

Мал таңдап аламыз деп ел өштескен,
Сондықтан әлгі екі би қайта кескен.
Жартысы мал, жартысы жер болсын деп,
Байқошқар Балқыбектен Матай көшкен.

Бұл бітті, тағы келдік Самсы жаққа,
Ол кеткен айып бермей жамағатқа.
Тыңдаушы керек қылар соның жайын,
Ұрды-ау деп не бітімге, неше таққа.

Нартайлақ оны іздеген астыртындап,
Әркімнің Самсы жүрген малын ұрлап.
Елеусіз кісі тонап, ен малды алып,
Шыдатпай «Тектұрмастан» қарауылдап.

Бір күні жатқан жерін білген Тайлақ,
Қарумен дайындалған жолдас сайлап.
Соқтығып түн ішінде талқан қылып,
Самсының қол-аяғын алған байлап.

Тимеген қасындағы жолдасына
Не қылсам қыламын деп бір басына.

Ет кесіп оң бетінен алақандай,
Сүйретіп алып шыққан қыр басына.

Бетіне көмір жағып күйе сепкен,
Қарабет қыламын деп үйе сепкен.
«Ақтаста мені аямай қылыштаған
Сен бе едің, шыныңды айт», — деп басқа тепкен.

Самсы айтқан: «Рақым ет те күнәмді кеш,
Кешпесең көп қинамай басымды кес.
Жүргенше қара бет боп өлген артық
Не өлтір, не кеш-тағы қолымды шеш».

Нартайлық көңілі толқып көп ойлады,
Кейде аяу, кейде ызамен, кек ойлады.
«Тұрғанда әлі жетіп ашу кешпек —
Адамның ең асылы-ау», — деп ойлады.

Соны ойлап аяды да қолын шешті,
Шынымен екеуі де кештік десті.
«Қызғану Айсұлуды айып емес», —
Десті де дұспандықты мүлде кесті.

«Бірбет» деп онан кейін атанған ол,
Сол аттан кейінгіге қалған бір жол.
Бұл күнде Әбден ауылы қыстап жүрген,
Самсының «Бірбет» деген мекені сол.

Томанды шеше қылған батыр Тайлақ,
Бәйек боп қатты күткен әжетайлап.
Құнға алған Балқыбекте Томан өліп,
Күмбездеп мола соғып қойған жайлап.

Самсы өлген аз жылдан соң бала қалмай,
Айтылсын аяқ жағы шала қалмай.
Барғана — баласыз шал қой тоғытып,
Сүйегін, суға кетіп, қалды ала алмай.

Қараған ошақ салып, жарда шауып,
Денесін ала алмаған судан тауып.
Өткен соң бір талай жыл бір жиені
Таптым деп мола соққан жала жауып.

Тұқымы Үшбозшаның Нартайлақтан,
Қалған жоқ еркек бала өзге жақтан.
Күнсұлу Айдаркені тапқан жолы,
Баладан жазым болып қаза тапқан.

Оны да қойған Тайлақ Тазқызылға:
«Көремін аңда жүріп әрбір жылда».
Айсұлу, Күнсұлумен елестейді,
Дегендей ишаратпен біздер мұнда.

Жүрегім көрген сайын кетер жанып,
Білгендей сол екеуін анық танып.
Қорамнан Шақпақтағы көрініп тұр,
Екі оба дәл екі емшек сияқтанып.

Ол оба бұрыннан да болған еді,
Хан Шыңғыс жайлап бұған қонған еді.
Шыңғыстың әскер басы нояндары
Жебенің Сүбетей мен қорғаны еді.

Нартайлақ оның жайын білуші еді,
Болам деп мен де ноян жүруші еді.
Сол жерге екі жарын қойғандығы
Батырдың орнын құрмет қылушы еді.

Туған жан бір өлмекке тағдыр еткен,
Елуде Нартайлаққа қаза жеткен.
Құр менен Қаранайдың құйғанында
Тайлақтың моласы бар жер боп кеткен.

Шын аты Айдаркенің болған Шақпақ,
Шақпақтан бұзып айтып деген Шақшақ.
Басына айдар қойып Айдарке деп,
Салты бар бір адамға екі ат тақпақ.

Қазақта, ойласаңыз, осындай көп,
Болады жалған аты шын атқа есеп.
Болған соң шашы сары бұзып айтып,
Аталған Тіріжетім — Сарыжетім деп.

Бұл жерден, Тайлақ өліп, ел кеткенде,
Айдарке тіріжетім ержеткенде,

Бөлініп орта жүзден сол екеуі
Кетіпті кіші жүзге сол кеткенде.

Сол елде Шақпақ пенен Сарыжетім бар,
Айдарке, Шақшақ дейді ондағылар.
Оларды Тоқал арғын деп атайды,
Тұқымы Нартайлақтың, міне, осылар.

Оқыған осы өленді жаңа талап,
Мін тағар төрт тарабын бірдей қарап.
Сыртынан сырын ұқпай сыр береді-ау,
Отыр деп өтірікті жүндей сабап.

Шынды айттым, не өтірік қисындырып,
Өнеге, тәлім ал деп исіндіріп.
Сөккенмен өлген шалды түк өнбейді,
Айтқанымен сыбыр, өсек сырттап жүріп.



ЛӘЙЛІ–МӘЖНҮН

Біле ме сіздің қазақ ғашық жайын,
Ұқсаңыз, білгенімше сипаттайын.
Ғашықтық — махаббаттың ең күштісі,
Жүрекке қатты орныгар басқан сайын.

Әркімде ондай ғашық жаралмайды,
Шын асыл көп халыққа таралмайды.
Мәжнүннің Ләйліменен сыры қиын,
Еш адам байыбына бара алмайды.

Талай жан оның жайын ұға алмаған,
Ойсыздың жүрегіне жұға алмаған.
«Тез оңар, әсіреқызыл болмаған соң,
Әр елге өлең болып шыға алмаған.

Бұрынғы бәйітшіні білемісің?
Мен айтсам, оның кім деп күлемісің.
Сабырбай, Жанақ, Шөже, Кеншімбай деп,
Түк білмей онан өзге жүремісің.

Науаи, Сағди, Шәмси, Фзули бар,
Сайқали, Қожа Хафиз, Фердаусилар...
Бәйітші, елден асқан шешен болып,
Әлемге сөздің нұрын жайған солар.

Мәжнүннің Ләйліменен аз жұмысы,
Әне сол шын ғашықтың қылған ісі.

Бұлардың әпсәнәсін жазған адам —
Фзули Бағдади деген кісі.

Ондай ғып еш бәйітші жаза алмаған,
Нақысын шын келтіріп қаза алмаған.
Кітабын Фзулиді іздеп тауып,
Кез болды былтырғы жыл азар маған.

Мен оның келтіре алман мыңнан бірін,
Айтуға тіл жетпейді тәтті жырын.
Мәжнүннің атын білер, жайын білмес,
Қазаққа ұқтырайын біраз сырын.

* * *

Ғарапта бір бай болды дәулеті асқан,
Саудасы әр патшамен араласқан,
Құдайдан бір мирасқор бала сұрап,
Малының садақаға көбін шашқан.

Бай еді қайыры мол, бек қабағат,
Тіледі бала бер деп көп жамағат,
«Көп тілегі —көл» деген мақалдайын,
Болыпты бәйбішесі екіқабат.

Босанып есен-аман, бір ұл тапты,
Жан-жаққа сүйіншіге кісі шапты.
Жақсының тойға келген бәріне де,
Сый қылып ат мінгізіп, шапан жапты.

Қайыс деп ол баланың атын қойды,
Қуанып неше түрлі қылды тойды.
Қырық күндей кедейлерге тамақ, беріп,
Меккеде талай түйе — құрбан сойды.

Келбеті бұл баланың өзгеден жат,
Бір көрсең, көргің келер неше қабат.
Бетінде бек сүйікті бір нұры бар,
Қыласың ықтиярсыз шын махаббат.

Балқытар жылы жүзі сүйегіңді
Бергендей аса мұқтаж тілегіңді.

Неге жақсы көргенің мағұлым емес,
Арбап тұр нұрлы жүзі жүрегіңді.

Баланың қырқы толып өтіп еді,
Тойдың да тарқар кезі жетіп еді.
Шырқырап бала жылап қоя берді,
Қатындар тойға келген кетіп еді.

Көтерді уата алмай қолына алып,
Ойласты қалды ма деп науқас шалып.
Бар екен әлем асқан бір дәрігері,
Әкелді соны біреу жылдам барып.

«Баланың, — деді дәрігер, — дені таза,
Науқасын білмей қалсам, менде жаза.
Бір түрлі жүрегінде қайғысы бар,
Білмеймін не себептен болды наза.

Көтерсін бұл баланы даяшы қыз,
Сыртынан байқап отыр өздеріңіз.
Көшеде балалармен алдандырсын,
Болмаса біле алмадық мәнісін біз».

Баланы даяшы қыз алып жүрді,
Артынан ата-анасы қарап тұрды.
Көтерген бір баланы даяшыға
Құдайым әлгі қызды жолықтырды.

Көрген соң бірін-бірі жақындасты,
Баланы уатуға ақылдасты.
Қолында екеуінің, екі бала,
Біріне-бірі қарсы бетін ашты.

Баласы оның-дағы жылайды екен,
Көтеріп уатқаны ұнайды екен.
Балалар жылағанын қоя қойды,
Себебі әр нәрсенің құдайда екен.

Үйіне даяшы қыз қайтып келді,
Қалайша уатқанын айтып келді.
Тағы да ертең түсте жылаған соң,
Қайысты қыз қолына қайтып берді.

Базарға даяшы қыз тағы барды,
Біреуді бала уатқан тауып алды.
Баланың бетін ашып көрсетсе де,
Шырқырап онан жаман ойбай салды,

Сол кезде кешегі қыз келді тағы,
Баласы зар қағып жүр қолындағы.
Қайысқа бетін ашып көрсетеді,
Жылауын қоя ма екен деді-дағы.

Жүрген соң бірін-бірі жақындасып,
Уанды екі бала мауқын басып.
Күн сайын сол арада жолықпаққа,
Екі қыз уағда қылды сөз байласып.

«Ата мен жөн сұрастық анамыздан,
Көтерген таныс болдық баламыздан.
Бала кім қолыңдағы?»—деп сұрады,
Қайысты көтерген қыз ана қыздан.

«Бұл бала бір төренің жалғызы еді,
Демесең айыбы әйел хан қызы еді.
Өзіммен осы бала туған бөле.
Төренің менің шешем балдызы еді.

Қырық күнге туғанына жаңа толды,
Шешесі сіздің тойда үш күн қонды.
Жылаған емес еді одан бұрын,
Келген соң тойдан қайтып былай болды:

Бұл қыздың сұрасаңыз аты Ләйлі,
Біз таптық жылағанға мұндай айла.
Далада күнде бүйтіп отырмалық,
Бір үйден күндіз кірер пәтер сайла».

Бір кемпір есітіп тұрды сөздің бәрін,
Шақырды «Мұнда кел, — деп, балаларым,
Балам жоқ, байым өлген, үйім иесіз,
Отырсаң қалай кіріп, ықтиярың.

Үйімде алағызып тұра алмаймын,
Мен байғұс үй қыдырып жүре алмаймын.

Күн сайын жас баланы бір иіскет,
Сендерден одан басқа түк алмаймын».

Қайысты кемпір алып сүйіп еді,
Тал бойы жас балаға иіп еді.
Жіберді сүт сорғалап емшегінен,
Баланың қолы барып тиіп еді.

Іс болды таң қаларлық мұның өзі,
Мінеки сондағы айтқан кемпір сөзі:
«Жан берген қара тасқа, құдайым-ай!
Жетеді құдіретіңе кімнің көзі!

Елуге кемпір едім жасым жеткен,
Сорлы едім бала көрмей зарлап өткен.
Тандыры құрып қалған тас желіннен
Сүт ақса мұнан бұрын қайда кеткен?

Сәлем айт бұл баланың анасына,
Болайын мен күтуші баласына.
Емшектен босағанша маған берсін,
Тапсырып бір Алланың панасына.

Таптым ғой таппасам да Қайысты мен,
Қоймай ма мұны көрсе өзі де де.
Көзімнен осы бала таса болса,
Маған жоқ бұл тіршілік, сөзіме сен.

Қайысты маған берсін, асырайың,
Жалынып аяғына бас ұрайын.
Пұшпағым қанамаған бір сорлы едім,
Сырымды енді қайтып жасырайын.

Сөзімді ұмытпай айт бара сала,
Көрсетті құдіретін Хақ тағала.
Көзіме жас, кеудеме сүт толтырып,
Жібіткен тас емшегім осы бала.

Баладан мені айырып зарлатпасын
Көзімнен қанды жасты парлатпасын
Тағдырдың жазуына қарсы келіп,
Біреудің қанын жүктеп қарғатпасын».

Ләйліні көтерген қыз қайран қалып,
Құлағын осы сөзге тұрды салып.
«Мұны да бір емізіп беріңіз», — деп.
Кемпірге жақын келді баланы алып.

Ләйліні кемпір қолға алған шақта
Көңілі тағы емізіп байқамақта.
Емшектің сүті түгіл өзі құрып,
Қайтадан бұрынғыдай болды тақта.

Қайысқа және емізсе, сүті дайын,
Кетеді бұлақ болып сорған сайын.
Дегенде қыз емейін, дәнеме жоқ,
Қайран боп біле алмады мұның жайын.

Бұл кемпір ұрғашыдан туған зерек,
Кісі екен оқымысты жөні бөлек.
Екеуін бір емшектен емізбеске
Алланың бір хикметі болса керек.

Ойлады осылай деп кемпір ғарып,
Тағдырды шеше алады кім басқарып.
Екі қыз көргенінің бәрін айтты,
Баланы үйді-үйіне алып барып.

Мұны есітіп ата-анасы ақылдасты,
Кемпірге бермек болды Қайыс жасты.
Кешегі біз сықылды бейшара екен,
Зарлатып қойғанымыз жарамас-ты.

Қайысты ата-анасы қасына алды,
Кемпірдің қақпасына қарай салды.
Зарлының зарлы жайын біледі екен,
Құдайға тапсырдым деп алып барды.

Қолынан әкеп берді өз баласын,
Бұлардың ақылына таң қаласың:
«Мал аяр деп ойлама, тартынбай айт,
Бәйбіше, сүт хақына қанша аласың?»

— Емеспін бас болмаса, дүниеге зар,
Бес жүз қой, осы күнде жүз түйем бар.

Қайысқа менің сүтім қарыз емес,
Сол малды қайта сіздер алыңыздар.

Жоқ еді бұрын менің мирасқорым,
Басымнан Қайысты алып кетті сорым.
Оллаһи, маған малдың керегі жоқ,
Ол малға ие болмақ сіздерге орын.

Сөзіме куә болсын қауымым да,
Білемін бұл сіздерге ауырын да.
Малменен енді менің жұмысым жоқ,
Болады Қайыс болса бауырымда.

Десе де мал алмаймыз, болмайды бір, —
Қазыға есептетіп жазғызып жүр.
Қойыпты тамам малын Қайысқа арнап,
Ал енді Ләйлі жайын тыңда да отыр.

Жылады Ләйлі тағы ертең түсте,
Жолыққан ол бала да мұндай іске.
Кемпірге даяшы қыз алып келіп,
Уатты сол арада азар күшке.

Қайыстан бір тынбайды кетсе жылап,
Байқады анасы да әбден сынап.
Оны да сол үйге әкеп асыратты,
Әкесі, шешесімен қабат ұнап.

Ер жетті екі бала сонда тұрып,
Жасынан тату болды бірге жүріп.
Балалар тоғыз жасқа келгеннен соң,
Апарды үйлеріне киіндіріп.

Мектепке оқысын деп берді екеуін,
Молла да баласындай көрді екеуін.
Бірі бай, бірі төре жалғызы деп,
Қадірлеп ардақтайды ел де екеуін.

Барады екі уақыт сабағына,
Қайтады мезгілімен тамағына.
Бұларда махаббаттың нұры бар деп,
Қарайды жанның бәрі қабағына.

Отырса сабақ оқып өңкей бала,
Қайысқа Ләйлі келер тұра сала.
«Мына бір сабағымды ұмыттым», — деп,
Өтірік бір оқуға жабар жала.

Сондайды сылтау қылып сөз қатады.
Іштегі ғашық неге тек жатады.
Хат жазса, мына жазу дұрыс па деп,
Біріне-бірі апарып сынатады.

Теріс деп таласқансып шындасады
Бірі оқып, кейде бірі тыңдасады.
Қапыда балалардың көзін алдап,
Сөйлесіп қабағымен ымдасады.

Тесіліп оңашада қарасады,
Есінен, көп қараса, адасады.
Бір болса іші қандай, тысы да бір,
Сықылды егіз бала жарасады.

Кітабын ұмытқансып тастап кетіп,
Келеді іздеген боп қайта жетіп.
Көріспек, сөйлеспекпен бар ынтығы,
Нәрсені неше түрлі сылтау етіп.

Ау, — дейді, — Қайыс — десе Ләйлі келіп,
Жауапты Ләйлі үшін Қайыс беріп.
Жұмысы күні бойы — осындай іс,
Айтайын қайсы бірін түгел теріп.

Ғашықтық өсе берді барған сайын,
Бұлардың әркім білді осындайын.
Ләйліні жібермеді сабағына,
Шешесі естіген соң қыздың жайын.

«Он үшке жаңа келдің, балам, —деді,
Сөзім бар айтатұғын саған, — деді.
Біреуге жас басыңнан болдың ғашық,
Анықтап айтты біреу маған, — деді.

Сабаққа жібермеймін енді сені.
Халқыма қарамастай қылдың мені.

Сен түгіл үлкендерге лайық емес,
Шығардың ойымда жоқ неменені?

Түсіп ең әлдекімнің алдауына,
Сабаққа себеп болды бармауыңа.
Егерде бұл мінезді тастамасаң,
Кісендеп, қолыңды әкел, байлауыма».

«Әжеке-ау, ғашық деген қандай жұмыс,
Білмеймін мағынасын айтшы дұрыс.
Оқуды ғашық деген оқығам жоқ.
Ұқтырып бұл сөзіңді байқап ұрыс».

«Білмесең онан арман тіпті білме.
Білсең де білдірмеспін саған мүлде.
Сөзімнің ғашық деген мағынасы —
Еркекпен жас басыңнан ойнап-күлме».

Шошыды сонда Ләйлі есі шығып.
Айтқанын шешесінің әбден ұғып.
Мұнан да жерге кірген жақсы ғой деп,
Ұялып сырт айналып кетті бұғып:

«Ұядан жаңа шыққан қаз едім ғой,
Ұға алмай бағанадан наз едім ғой.
Сөз еді бұ не деген, сұбхан Алла!
Ондайдан құдайға хақ, таза едім ғой.

Әжеке-ай, көп емеспін, жалғыз едім,
Болсам да жақсы-жаман хан қызы едім.
Қойғандай көзің көріп сөз айтасың,
Артымнан мені қашан аңдып едің?

Әжеке-ай, ашуланып, налып айттың,
Зарыңды біржолата салып айттың.
Құдайдан сұрап алған жалғызыңа,
Бұл сөзді қайтып аузың барып айттың?»

«Қарағым, бұл сөзіңе мен не дейін,
Демеймін жалғыз сені кейітейін.
Әншейін үйде отырып ісіңді қыл,
Сабаққа бармай-ақ қой мұнан кейін.

Серт қылдым енді сені шығармасқа,
Балам жоқ ермек қылар сенен басқа.
Емессің еркек бала молда болар,
Жетеді осы оқу да сендей жасқа».

Соны айтып шығармады қызын үйден,
Ләйліге осы жұмыс қатты тиген.
Қыз жиып күндіз алаң болса-дағы,
Түн болса ұйқы көрмей жанып-күйген.

Сабаққа қиын болды бармағаны,
Көрмекке Қайыс еді арнағаны.
Ләйлінің ғашық оты ішін өртеп,
Бір үйде жалғыз жатып зарлағаны:

Ай нұры да азаяр,
Айнала шеті толған соң.
Ақ жүзіңнен нұр таяр,
Арманда болып оңған соң.
Оңбасыңа амал жоқ,
Қызыл гүлің солған соң.
Махаббаттан жаман жоқ,
Бір айрылмақ болған соң
Кешегі біздің күн қайда,
Күнде жайнап жүретін?
Ойлағанмен не пайда,
Медресе қалды кіретін.
Қас пен ғана қабақтан
Ымдағанды білетін.
Айла қылып сабақтан,
Қайыс жоқ ойнап-күлетін.
Өшірілмей түнде шам,
Өз үйім болды абақты.
Қайысты көріп отырсам,
Оқымай-ақ сабақты.
Ғашықтық оты алдыма
Жасымнан тартты табақты,
Жайнаған өмір қалды ма,
Қақтырмай-ақ қабақты.
Мен зарладым бұл жерде,
Қайысқа үнім жетер ме?
Жалынсам соққан желдерге
Сәлемімді алып кетер ме?

Біз сықылды зарлыға
Алласы рахым етер ме?
Көзім жетпес алдыма,
Осымен өмір өтер ме?
Қайысым, саған не қылдым,
Жан, жүрегім сенде тұр.
Сен не сездің, не білдің,
Сенің жаның менде тұр.
Менің жаным өзіңде,
Менде құры кеуде тұр.
Екі көзім көзіңде,
Бір көрейін деуде тұр.
Көзімді жұмып жатайын,
Түсші келіп ойыма.
Жанымды алшы, сатайын,
Тал шыбықтай бойыңа.
Көңіліме нұрың келгенде,
Кіргендейсің қойныма.
Тілегімді бергенде,
Тойдым қашан ойыңа.
Қосылмадым, қосылдым,
Айта алмайсың бекер деп.
Қосылуға шошындым,
Жалыным өртеп кетер деп.
Жанымды аяп қалмадым,
Өзіме залал етер деп.
Аузыңнан сүйіп алғамын,
Осыным да жетер деп.
Мен тартайын уайымды,
Мұнымды Қайыс білмесін.
Осы көрген жайымды,
Ол есітіп жүрмесін.
Қабағын шытып қамығып,
Қайғылы өмір сүрмесін.
Мен сорлыны сағынып,
Медіресеге кірмесін.
Кіріп барса Ләйлі жоқ,
Қайысым қайтіп шыдасын.
Ләйлісіз жерде пайда жоқ,
Осыған не амал қыласың!
Суретімді сонда қыл,
Құдіреті күшті құдасын.
Суретке бер және тіл,

Мен екен деп ұнасын.
Соған тұрса жұбанып,
Жалынға жаным жатайын,
Қайысым жүрсе қуанып,
Қайғысын мен-ақ татайын.
Ғашықтықтың дертіне
Күн сайын әрі батайын.
Жетпек болсам сертіме,
Ол үшін жанды сатайын.
Қиындық па, қызық па,
Білемісің сырымды;
Алла жазған сызық па,
Көремісің түрімді.
Бағасын ешкім біле алмас,
Рахатқа бермен мұнымды.
Жан переуат қыла алмас,
Осы көрген күнімді.

* * *

Мектепке ертең ерте Қайыс барды,
Жан-жаққа Ләйліні іздеп көзін салды.
Сабаққа келмегенін есіткен соң
Ғашыққа шыдай алмай талып қалды.

Молда да, балалар да қайран қалып,
Үйіне науқас па деп қойды апарып.
Су бүркіп, гүлмен желпіп ата-анасы
Отырды Қайыс есін жиып алып.

Айналды ата-анасы баладан кеп,
Ғарыптар зарланып жүр уайым жеп.
Табипқа жібергелі жатыр еді,
Баласы безек болды жіберме деп.

«Дәрігерге қаратпаймын жын қақса да,
Дертімді ойымдағы шын тапса да.
Құдайдан басқа менің дәрігерім жоқ,
Бұл дерттен жазылмайтын кім бақса да.

Байқайын серуендеп тауға шығып,
Сабаққа ішім пісті тым қыстығып.

Осыдан құдай оңдап жазылмасам,
Сіздерден науқасымды қойман тығып».

Жалма-жан жабдық-сайман жиып жатыр,
Құрбысы, құлы қайда?—бәрін шақыр.
Елсізге шығып алып Қайыс жатты,
Бір сайға тігіп алып алтын шатыр.

Ләйлі деп зарланады ұзақ түнге,
Жүдеді қайғысы асып күннен күнге.
Ғашықтық ішін өртеп диуана боп,
Қор болып адамдықтан шықты мүлде.

Бір құлы әкесіне берді хабар,
Жиылды өңкей құрбы байбатшалар.
Ата-ана, елі-жұрты — бәрі барып,
Қайыстан «қалайсың?» деп сұрады олар.

«Демеңіз, халқым, мені құдайға шет,
Ата-анам хақыңды кеш, мархамат ет.
Дауасы науқасымның сіздер емес,
Аман бол, үмітіңді үз, қасымнан кет.

Дертіме табылмайды сізден айла,
Кісендеп, жынды десең, мені байла».
Аузынан ah дегенде жалын шығып,
Деді де талып кетті «Ләйлі — Ләйлі!»

Ел білді науқасының не екендігін,
Байқады дерті қатты, бекемдігін.
Ләйліні сұрай барды жұрт жиналып,
Білген соң шыны ғашық екендігін:

«Болыпты Қайыс ғашық балаңызға,
Көз көрмей өтірікке нанамыз ба?
Жасында көріспесе жылаушы еді,
Ойлаңыз соны салып санаңызға

Ләйліні жынды болды көрмеген соң,
Жаны бар кеудесінде өлмеген соң.
Құдайым іштен туа қылды ғашық,
Екеуі қабат өлер, бермеген соң».

Бұл сөзге әкесі айтты: «Көнбеймін деп,
Өлсе де жалғыз қызым, өлмеймін деп.
Бұл үшін, халқым, маған өкпелеме,
Қызымды бір жындыға бермеймін», — деп.

Ләйліні бермегенін Қайыс білді,
Өткізді жылауменен күндіз-түнді.
Сауыққа, ұйқы, тамақ бір қарамай,
Айрылып ақылынан болды жынды.

Жалындап ғашық оты өртеді ішін,
Сол қайғы ақылы мен алды күшін.
Ғарапша «мәжнүн» деген — жынды демек,
«Мәжнүн» деп ат қойылды соның үшін.

Бұл дертке ем ойлады жұрттың бәрі,
Бар екен бір қария адамдары.
Құшақтап «Байтолланы» тілек қылса,
Көңілінен шығар дейді ғашық жары.

Мәжнүнге елі-жұрты түгел барды,
Меккеге жүріңіз деп көп жалбарды.
Халқы мен ата-анасы зарласа да,
Олардың тілін алып бармай қалды.

Көнбеді «Байтоллаға, апармаққа
Бұл хабар жайылыпты шартарапқа,
Баяғы асыраған сорлы кемпір,
Сол есітіп іздеп келді Мәжнүн жаққа.

«Көзіңнен айналайын, Қайысым-ай
Қарлыққан сені жоқтап, дауысым ай!
Жібіткен қара тасты, қарашығым,
Дүниенің көз жұмғанша ауысуы-ай!

Жатыр ем науқастанып есім жимай,
Кеудеме кетті есітіп қайғым сыймай.
Қарағым, тілегімді беремісің,
Көзімнің қоямысың жасын тыймай.

Мекеге тілімді альш барамысың,
Анаңды көрнеу отқа саламысың?

Ләйлімен бірге өсірген қарызым бар,
Қақымды мойныңа алып қаламысың?»

Зарлады осылай деп кемпір ғарып,
Сүйегін соның сөзі кетті жарып.
«Жылама, сорлы анам, — деп айтты Мәжнүн, —
Хақыңнан құтылайын Мекке барып».

Меккеге алып барды ата-анасы,
Көзінен тия алмайды аққан жасын.
Мәжнүннің зарлап айтқан сөзі мынау,
Құшақтап «Байтолланың» босағасын:

«Арғы атам, — Адам ата, хақ, пайғамбар,
Айрылып Хауанадан болыпты зар.
Дұғасын осы арада қабыл қылдың,
Бере көр тілегімді паруардігар!

Шығарма Ләйлі дертін жүрегімнен,
Айырма ғашық отын сүйегімнен.
Зарлатып өмірімде күйіп-жанғыз,
Өзімнің болды дейін тілегімнен.

Ләйлінің мен атасам құрметті атын,
Көңіліме қатты бекіт махаббатын.
Жолдасым — бейнет болсын, жауым — рахат,
Көп тартқыз ғашықтықтың михнатын.

Күн сайын рахатымды қашыра бер,
Дертімді жалындатып асыра бер.
Көп жүргіз, бейнет көргіз, жасымда алма,
Қайғының ең ауырын басыма бер!

Қорықпаймын жас күнімде өлемін деп,
Айтамын бір Ләйлі үшін көнемін деп.
Бір Алла рахметіңмен уағда қылдың,
Пендеме, шын тілесе, беремін деп.

Жалғанда жануменен өткізе көр,
Тыныштық, рахатымды кеткізе көр.
Дүниеде қосылуға жазбасаң да,
Өлген соң мұратыма жеткізе көр!»

Мәжнүннің осы болды бар тілегі,
Ләйліден басқа да емес жан жүрегі.
Ел-жұрты, ата-анасы күдер үзді,
Бұл дерттен жоқ екен деп түзелмегі.

Қайтадан елге жүрді қадам басып,
Күн сайын жынды болды қайғысы асып.
«Аң болып айдалада жүремін», — деп,
Айрылды халқыменен амандасып.

Жалынған қарамады сөздеріне,
Жабылса бой бермейді өздеріне.
«Ата-ана, елі-жұртым аман бол», — деп,
Көрінбей кетті алыста көздеріне.

Қаңғырып шығып кетті елсіз жерге,
Кез болды осындай дерт қайран ерге.
Адамнан аң сықылды көрсе қашып,
Қосылды даладағы киіктерге.

Елсізде аңмен бірге қаңғырыпты,
Тау мен тас дауысына жаңғырықты.
Жартаспен жаңғырыққан жауаптасып,
Лебізі тиген жерді жандырыпты.

«Әй, жартас, мен айтқанды сен де айтасың,
Дертімді мазақ қылып ұлғайтасың.
Ләйлінің менен өзге ғашығы жоқ
Ұқтыршы, сен Ләйлі деп кімді айтасың?

Сенің де Ләйлі деген жарың бар ма,
Ішіңде мен сықылды зарың бар ма?
Атама ғашығымның құрметті атын
Ынсап қыл, рахым, ұят, арың бар ма?

Жандырма жанып тұрған жүегімді
Ерітпе атын айтып сүйегімді.
Ләйлінің атын жалғыз мен атайын,
Зарлатпа, бер жалынға тілегімді?

Сенің де жарың болса Ләйлі аттас,
Қайғылы сорлы болсаң өзім заттас,

Сен неге қанды жасты ағызбайсың,
Болып па ең ғашығыңның дертімен тас?

Көрмеймін көз жасыңның парлағанын,
Кеудеңнің біліп тұрмын жанбағанын.
Қайғылы бір ғарыпты мазақ қылып,
Жарай ма ғашықпын деп алдағаның?»

Соны айтып Мәжнүн жылап зарлағанда,
Көзінен қанды жасы парлағанда,
Ұшқан құс, жүгірген аң шыдай алмай,
Жиылып тұс-тұсынан андағанда.

Оларға мұңын айтса зарландырып,
Баршасы жабырқайды тыңдап тұрып.
Аңменен әбден үйір болып алып,
Шөп оттап, су ішеді бірге жүріп.

Ләйлі деп зар қағады күндіз-түні,
Жылайды аң шуылдап шыққанда үні.
Аңның да ақылы бар, хал, тілі бар,
Жалған деп ойламаңыз, сірә, мұны.

Сол кезде бір саятшы қақпан құрып,
Бір киік ілініпті оттап жүріп,
Көрген соң киікті үстап алғандығын
Шыдамай келді Мәжнүн зыр жүгіріп.

Жалынып саятшыға жетіп барды:
«Ағатай, мен де осындай едім зарлы».
Оқалы алтындаған тонын беріп,
Өзімдей ғарып қой деп киікті алды.

Аңшыдан алды сатып киім беріп,
Мәжнүннің кетті киік соңына еріп.
Ұстаған бір көгершін және біреу
Жолықты қарсы алдынан кездей келіп.

Қолынан алтын жүзік берді-дағы
Босатып қоя берді оны тағы.
Киік пен көгершінге бас ұрады,
Зарланып мұңын айтып ойындағы.

«Сендерге сыр айтуға ұяламын.
Адасқан ақылымнан диуанамын.
Залалсыз бір ғарыппын, менен қашпа.
Аңға ерсем, адамға ермей, уанамын», —

Дейді де екеуіне кетеді еріп,
Шөп жейді хайуанша бұ да теріп.
Мәжнүннің сырын біліп аң қашпайды,
Құдайым оларға да ақыл беріп.

Сонымен жүре тұрсын елсіз сайда,
Баяғы зарлап жатқан Ләйлі қайда?
Азғана сол туралы сөз айталық,
Ол байғұс жатыр екен қандай жәйда.

Мәжнүннің ғашығымен күйіп-жанып,
Көрмейді ұйқы, тамақ мейірі қанып.
Бір түні ай жарықта тысқа шығып,
Білдірмей еш адамға жүр зарланып.

Сөйлесті аспандағы айды көріп:
«Жүресің жердің жүзін сен тексеріп.
Бір түнде дүниені шарқ ұрасың,
Мәжнүннен қуантсаңшы хабар беріп.

Қайда жүр, тірі жүр ме, не қылып жүр,
Ішімді ғашық оты жандырып тұр.
Болсаң да сен де мендей күнге ғашық,
Нұрымен жарқырайсың жанбайсың құр.

Күн ғашық саған-дағы салды нұрын,
Бар ма еді өзіңде нұр онан бұрын.
От салды жүрегіме менің Мәжнүн,
Аузымнан шықты жалын, көрдің түрін.

Мұнан соң барды аяңдап тоғай жаққа,
Жеміс пен ағаш еккен бау-шарбаққа
Түндегі жылы желдің лебізімен
Сөйлесті жасыл гүл мен жапыраққа:

«Жылы жел, ғашығымның лебіндейсің
Сен мені не білесің, не білмейсің

Желменен сыбырласқан жапырақтар
Шын ғашық болсаң неге егілмейсің?

Түн болса дымқыл шықпен буланасың,
Өтірік ғашықпын деп қуланасың.
Қан ағыз ғашық болсаң жас орнына,
Егіліп жыламайсың, суланасың.

Жел, сен де ғашықпын деп дау қыласың,
Кей-кейде көзден жаңбыр жауғызасың.
Жасылдың жерге біткен бәрі жарың,
Көңіліңді әркімге бір ауғызасың.

Кейде сен жапырақты үн қыласың,
Аямай қызыл гүлді сындырасың.
Соғасың кейде жұмсақ, кейде қатты,
Құбылып кімнің көңілін тындырасың».

Сөйлесті онан кейін жұлдыздармен,
«Жаным-ай, көрдің бе — деп Мәжнүнді сен.
Жарымды жаным сүйген бір көре алмай,
Сұрайын бір хабарын көрінгеннен.

Ей, жұлдыз, түнде тудың, күндіз батып,
Қасыңды кімге ымдайсың қимылдатып.
Ғарыппын мен де өзіңдей тұтқындағы,
Зарлаймын күні бойы үйде жатып.

Қаптайсың түн болғанда көктің жүзін,
Сорлымын қатты тартқан қайғы сызын.
Сендерге дүниеде таса жер жоқ,
Мәжнүннің тым болмаса көрсетші ізін!»

Бір жұлдыз ағып еді жерге таман,
Дегендей қуанады жарың аман.
Жүріпті жұлдыз аққан жаққа қарай
Жобасын көрсетті-ау деп осы маған.

Алдында бір адам тұр қараңдаған,
Сескеніп Ләйлі жақын бара алмаған.
Досым ба, дұспаным ба, кім біледі,
Байқамай жарамас деп арандаған.

Ол келген Мәжнүн екен Ләйліні іздеп:
«Ғашығым, ойлап па едің көреміз», деп.
Ләйлі айтты: «Аманатыңды ал, қарағым,
Мұнан соң тірі көрмен, күдер үз»,—деп.

Ойлады қызға жақын барайын деп,
Құшақтап бір сүйгізіп қарайын деп.
Көрем бе, мұнан кейін көрмеймін бе,
Сақтаулы аманатымды алайын деп.

Барады, жақындаса, жанып-күйіп,
Денеге болар емес дене тиіп.
Екеуі шыдай алмай талып кетті,
Аузынан алған екен бірер сүйіп.

Көрдің бе шын ғашықтың анық жайын,
Іштегі от дәуірлейді барған сайын,
Бұл жерде екі ғашық жата тұрсын,
Батырдан Науфал деген сөз бастайын.

* * *

Ғарапта бір батыр бар Науфал атты,
Ұстаған шариғаттың жолын қатты.
Қайдағы қайғысы көп ғарыпты іздеп,
Соларға қылады екен мархаматты.

Жалғыз-ақ шариғатты мықты ұстайды,
Өлсе де оған қарсы іс қылмайды.
Шықпайды адалдықтан қылдай тайып,
Алса да басын кесіп, бұрылмайды.

Мұңлы үшін жанын отқа салады екен,
Қасына әскер ертіп алады екен.
Бір жерде зорлық көрген жан бар десе,
Ерінбей әдейі іздеп барады екен.

Мәжнүннің ата-анасы жүрді зарлап,
Ізденіп ем таба алмай елді шарлап.
Науфалға кемпір бастап алып барды
Кісідей суға кеткен талды қармап:

«Ей батыр, атың шыққан жер-жиһанға,
Қайдағы болысушы ең ғарып жанға.
Ісі хақ шариғатқа түзу болса,
Таяныш болушы едің жығылғанға.

Ғадалатты рахым қонған жүрегіңе,
Ну біткен тумай тұрып сүйегіңе.
Кем-кетік бейшараның әкесіндей
Жеткізбей қоймаушы едің тілегіне.

Зарланып келіп тұрмыз алдыңызға,
Бір балам ғашық еді хан қызына.
Қайғыдан қаңғып кетті диуана боп,
«Жынды» деп бермей қойды жалғызыма.

Екеуі ғашық болды туа сала,
Көрмесе жылайтұғын болды бала.
Халқымнан сұрасаң да, сөзім рас,
Осындай күйге салды хақ тағала.

Қаңғырып айдалаға кетті балам,
Өмірі қорлықпенен өтті балам.
Осыған құдай үшін мархамат қыл,
Сарғайып өлер халға жетті балам».

Орнынан Науфал сонда атып тұрды:
«Батырлар, қайдасың?— деп бір ақырды, —
Жаны үшін жаным құрбан балаңдық»,—деп,
Әскерін ертіп алып Науфал жүрді.

«Жалғыз-ақ болсын, — дейді, — сөзің рас,
Жаралған сондай іске бұл ғарып бас.
Жолына шариғаттың ісім түзу,
Құдайым, болса жәрдем, ол құтылмас».

Мәжнүнге кешікпей-ақ жетіп барды,
«Жарыңды әперем», деп ертіп алды.
Қырамын, қыз бермесе, тұқымын деп,
Ләйлінің әкесіне хабар салды.

О-дағы намыс қылды қызын бермей,
Елшіні қайырыпты сөзге көнбей.

Әскерін жиып алып қарсы шықты,
Ләйліні бермеймін деп өзім өлмей.

Соғысып, екі әскер араласты,
Қыз үшін бірін-бірі жараласты.
Қайтпаған жаннан беті өмірінде,
Науфалдың батырлары қайта қашты.

Науфалдың жатқан үйі алтын шатыр,
Сәждеге басын қойып Мәжнүн жатыр.
Бір дүбір естіген соң Науфал шықса,
Алдына келді қашып өңкей батыр:

«Тақсыр-ай! Қашпаушы едік жаудан ығып,
Жеңіп ек жау әскерін жерге тығып.
Шыдатпай, бет қаратпай қайта қуды
Ғажайып алдымыздан бір өрт шығыш.

Білмедік қайдан шықты осы жалын,
Мұндай іс болған емес бұрын мәлім.
Сопыдан кереметті сұраңызшы,
Сол кісі біле ме екен мұның халін?»

Сопы айтты: «Мәжнүн жатыр хақтан тілеп,
«Әскерін ғашығымның қор қылма», — деп,
Анық-ақ бұл керемет содан болды,
Сұраңыз нанбасаңыз өзін әкеп».

Ол айтты: «Тілегенім рас хақтан
Бұл әскер келді ғой деп жарым жақтан».
Мәжнүнге Науфал сонда жалыныпты:
«Қарағым, дұға қылма, енді сақтан.

Жатырмын қырылысып жарың үшін,
Ойлаймын жеңейін деп арым үшін.
Осының бәрі жалғыз сенің қамың,
Аянып тұрғаным жоқ жаным үшін», —

Деді де өзі бастап Науфал барды,
Қойдайын қасқыр тиген қырып салды.
Ұрғызбай аңдып жүріп жолдасына,
Тірідей қыз әкесін ұстап алды:

«Бермедің қызды неге сұрағанда,
Зар қылып елі-жұртың жылағанда.
Біреудің жалғызының қанын жүктеп,
Тимей ме қызың байға бұ заманда?»

«Ей, батыр, дәтімді айтқыз сөзім тыңда
Бермедім намыс ойлап мен басында.
Амалсыз ойнасына қыз берді деп,
Дұспаным табалайтын тұр қасымда.

Қаңғырып кетті Қайыс онан кейіп,
Жындыға қыз берем деп мен не дейін.
Жаңада біреу келіп құда түсті,
Халқымнан сұраңыз мен үндемейін

Ләйліні айттырды деп Ебнсалам
Қалайша жалған айтып тірі қалам.
Әперсең, кісі хақын әпересің,
Өзің біл не қылсаң да енді, балам.

Науфалдың қаны қашты көзі жайнап,
Бармағын ыза болып алды шайнап.
«Сен маған кісі хақын әперме, — деп,
Бір жағынан Мәжнүн тұр ағатайлап.

Алмаймын әперсең де кісі хақын,
Бар еді Ләйліге бір жазған хатым.
Сенімді жолдасыңнан соны жеткіз,
Сізге жоқ онан өзге аманатым».

Жеткізбек болды Науфал аманатты,
Осындай көрдің бе шын бекзатты.
Шақырып Зәйіт деген бір жолдасын
Тапсырды қызға бер деп осы хатты.

Құтылды қыз әкесі шынын айтып,
Қайтеміз босқа бекер сөзді ұзайтып,
Құдайдың қоспаған бір ісі екен деп,
Еліне Науфал батыр кетті қайтып.

Зарланып қалды Мәжнүн онан жаман,
Басына қайта түсті ақырзаман.

Далада тағы қаңғып жүре тұрсын,
Келелік Ләйлі деген қызға таман.

* * *

Бағана екі ғашық қалған талып,
Отырған Ләйлі есін жиып алып.
Мәжнүнді талып жатқан тұрды күтіп,
Бетіне торғын шәлін жаба салып.

Тұра алмай ғашық жары қалды есі ауып,
Ләйліні даяшы қыз алған тауып.
Мәжнүнді көрмегенсіп жүре берді,
Өсекке қалармын деп қылып қауіп.

Аздан соң тұрды Мәжнүн есін жиып,
Әрі-бері шәлді иіскеп жатты сүйіп.
Онан соң Науфал тауып алып кеткен,
Жарыңды әперем деп жанды қиып.

Ләйлі қыз үйде отырып күйіп-жанды.
Айналды бір көбелек жаққан шамды.
Шам менен көбелекке мұңын айтып.
Өткізді кірпік қақпай ұзақ таңды.

«Көбелек, сен де мендей шамға ғашық.
Боласың қайтіп ғашық менен асып.
Күйсең де өлмесеңші мен сықылды
Өлесің екі айналмай мұнша сасып.

Қарамай шыдасаңшы жанғанына,
Білген соң жетпесіңді арманына,
Тартсаңшы неше жылдай жар күйігін
Разы ма жарың өле қалғанына?

Шам, сен де лапылдайсың жанған болып,
Көңіліңде қайғылы дерт арман болып.
Байлаулы, қол-аяғың, басың қара,
Жылайсың көкке назар салған болып.

Жалындап сен жанасың жалғыз түнде,
Тұрасың жанбай аман ұзақ күнде,

Жанамын күндіз-түні мен қайғыдан
Рахаттан күдерімді үздім мүлде.

Көзімнен, міне, ағып тұр қанды жасым,
Ғашықтың қайғылы оты — ішкен асым.
Көзіңнің қаны түгіл жасы да жоқ,
Жанғансып түні бойы май жұтасың.

Досың — май, дұспаның — жел, тез өлесің,
Жанғанға шыдай алмай жөнелесің.
Сүйікті досым — бейнет, жауым — рахат,
Қалайша енді маған теңелесің».

Соны айтып отыр еді жаққан шамға,
Ұқсады біреу бір хат ұсынғанға.
Қараса — ғашығының жазған хаты,
Отырды азар шыдап оқығанда.

Хатты алып Зәйіт екен келген кіріп,
Ысылған мұндай іске талай жүріп.
Мәжнүннің жазып берген сөзі мынау,
Айта алсам дәл өзіндей қисындырып:

«Ғашығым, жанға өлшеген Ләйлі жаным
Белгілі бір сен үшін зарлағаным.
Егерде өзің сүйіп тиген болсаң.
Қайырлы, құтты болсын жар тапқаның.

Мен-дағы сен қуансаң, қуанамын.
Күн көрген көлеңкеңде дуанамын.
Қарағым, жарлымысың, зарлымысың
Анықтап сырыңды айтсаң, уанамын.

Алдаған сөзім емес байқайын деп.
Жарыңнан көңіліңді шайқайын деп,
Қосылған өзің сүйіп жарың болса.
Ойладым разылығымды айтайын деп.

Ойымнан махаббатың кетпейді бір.
Сен сүйсең бөтен жарды, ол неге тұр.
Жүрегім әлі өзімнің жарым дейді.
Хат жаздым сандалақтап сонымен құр.

Бір хат жаз осы хатты апарғаннан.
Алғанша хабарыңды жүрегім қан.
Шыныңды айт, құдай үшін алаң қылма.
Құрбаның болсын енді бұл шыбын жан.

Жылдам бер не де болса хабарыңды
Топырақ баспай тұрып ажарымды.
Сен кетсең өзге жарға тез өлемін.
Білмедім онан басқа табарымды».

Бар сөзін хатындағы оқып біліп.
Қағаз бен қалам алды Ләйлі тұрып.
Қайтадан ғашығына жауап жазды.
Көзінің қанды жасын сия қылып:

«Бұл сөзге таң қаламын нанғаныңа
Жеткізер кімді жалған арманына.
Қарағым, қайтіп аузың барып айттың
Өзгеге сені тастап бармағыма.

Орайым бар ма менің сенен кетер
Ондайға алаң болмай жүрсең нетер.
Әкемнің беремін деп айтқаны рас
Әуре боп болмас іске жүр ғой бекер.

Ойладым есіткенде өлейін деп.
Сен үшін қу жанымды берейін деп.
Тоқтаттым өзімді-өзім қайта ойланып.
Құдайым шыны жазса, көрейін деп.

Жаратқан Алла мені бір сен үшін
Жаралған жар едің ғой сен мен үшін.
Барам деп өзге адамға ойламаймын,
Көңілім бір құдайға сенген үшін.

Кім қылды бала күнде саған ғашық.
Уандым сені көрсем мауқым басып.
Қарағым, соны ойламай неге жаздың,
Алланың тағдырына қарсыласып.

Қарағым, мен — сенікі, сен — менікі,
Орайсыз құры үміт қой өзгенікі.

Алланың бекіткені бұзыла ма
Бұра ма құдай ісін пенденікі?

Тағдырда не жазылды, көрейік те,
Көңілді бір Аллаға берейік те.
Көз бұрмай, көңіл бұрмай, мінез бұрмай
Шын ғашық бетімізбен өлейік те.

Өзге ойды, разы емеспін, көп ойласаң,
Кешікпей жолығып кет, мені ойласаң.
Көзіңді көріскенде жеткізейін.
Бұл сөзді шын емес қой деп ойласаң».

Ол хатты Зәйіт кетті тағы да алып,
Кешікпей аялдамай қайта салып.
Адасып ақылынан жатқан жерде,
Мәжнүнге Ләйлі хатын берді апарып.

Ол кезде жатыр еді есі кірмей,
Қолына берді хатты Зәйіт білмей.
Алды да қалтасына сала салды,
Зәйіт адам бар деп көзіне ілмей.

Жатқанын есі кетіп сонда білді,
Қасында айықсын деп күтіп тұрды.
«Ғашығың қатты науқас шақырды», — деп,
Зәйітке біреу келіп хабар қылды.

Тұра алмай Зәйіт кетті, Мәжнүн қалып,
Жерінен түргелді жатқан талып.
Есіне алған хаты сонда түсіп,
Оқыпты қалтасынан жұлып алып.

Білген соң хатын оқып көңілі тынды,
Сөзінен таба алмады ешбір мінді.
Ләйлінің жайын енді сөз қылайық,
Тоқтатып қоя тұрып Мәжнүнді.

* * *

Ләйлі жүр Мәжнүн үшін жанамын деп,
Айттырған Ебнсалам аламын деп.

Бір күні атасына берді хабар
Қол ұстай бүгін кешке барамын деп.

Той қылып шақырыпты талай елді,
Қанша сый тартуменен күйеу келді.
Бір қатын Ебнсалам байбатшаға
Ләйліні кеш батқан соң әкеп берді.

Төсекке күйеу жатты, Ләйлі жатпай,
«Қарағым, неге отырсың сөз де қатпай?
Шеш-тағы киіміңді қойныма кір,
Ұялып отырмысың маған батпай».

Ойлады бір айла айтып қарайын деп:
«Қасыңа ынтық едім барайын деп,
Бір пері жас күнімнен аңдушы еді,
Келіп тұр жақындасам алайын деп».

Төсектен күйеу басын жұлып алды,
«Қайда тұр ол пері», — деп, — көзін салды.
Айтса да алдайын деп Ләйлі өтірік,
Бір пері түсі суық келіп қалды.

Мұрны көк, төменгі ерні жер тірейді,
Дауысы жауған күндей күркірейді.
«Ләйлінің құдай қосқан жары емессің,
Қанеки, маңайынан жүрші!», — дейді.

«Ешқашан бұған жақын келме, — дейді,
Өзін де жүзі түгіл көрме, — дейді.
Біреудің ғашық жарын аламын деп,
Қорлықпен азап көріп өлме, — дейді.

Ләйліден, өлтірмеймін, аулақ жүрсең,
Өлесің қолын ұстап, жүзін көрсең.
Мың жаның болса-дағы сені қойман,
Осындай іс көрдім деп хабар берсең».

Ант етті Ебнсалам: «Айтпаймын — деп,
Сертімнен бір айтқан соң қайтпаймын — деп.
Алланың қоспағанын аламын деп,
Мойныма кісі хақын артпаймын», — деп.

Деді де «уағдаңнан жүрме тайып», —
Сол пері болып кетті көзден ғайып.
Болса да іштен құса Ебнсалам
Бұл сырын жанға айтпады елге жайып.

Ол-дағы батыр еді ер жүректі
Жүрегін ғашық оты елжіретті.
Ләйлінің жүзін көрмей тұра ала ма,
Аяғы басқан сайын кейін кетті.

Періден қорықпаса да уағдасы бар
Тая ма айтқанынан қайраттылар.
Сарғайып запырандай солды жүзі
Болса да денесі тас қайдан шыдар.

Келсе де Ләйліменен бір жатпайды,
Қолынан, жүзін көріп, дәм татпайды.
Жазылмас дертті болды қайран батыр,
Адамды шын ғашықтық шыдатпайды.

Жүрегін ғашық оты кетті шарпып,
Күн сайын жүдей берді қайғысы артып.
Жақындап өлер халге болды дертті,
Есіл ер ала алмады бойын тартып.

Науқасы барған сайын кетті дендеп,
Дерт емес жазылармын дәрігер емдеп.
Өлімге таянғанын білгеннен соң,
Ләйліні шақырыпты жақын кел деп:

«Мен саған жар емеспін, жақыныңмын,
Қайғымен қапыда өткен пақырыңмын.
Именбей енді менің қасыма кел,
Барында қоштасайын ақылымның.

Мәжнүнді, ғашығыңды білмеуші едім,
Ортаңа, оны білсем, кірмеуші едім,
Ол саған ғашықтығын білсем-дағы
Сен оған ғашық қой деп жүрмеуші едім.

Көрсетті тағдыр маған жасырынды,
Ашты ғой пері келіп бар сырыңды.

Көңілімді сені алмасқа бекіткенмін,
Ойлама жалғаншы деп пақырыңды.

Періден ойлап едім қашпайын деп,
Өлермін әзер болса, саспайын деп.
Білген соң өзімді-өзім тоқтатқамын,
Ғашықтың сырын елге шашпайын деп.

Сорлы едім бір айтқан соң мойын бұрмас
Өліммен уағда бұзған — бәрі бір бәс.
Мәжнүнге сәлемімді айт, көре қалсаң,
Құрбы едім бір жыл туған түйдей құрдас.

Мәжнүнге жазып қойған бар бір хатым,
Тілегім — соны тапсыр — аманатым.
Артымнан дұға қылсын хақын кешіп,
Ұмытпасын, Ебнсалам — менің атым.

Сен де кеш әдепсіздік істерімді,
Көре алман енді қайтып түстеріңді.
Тағдырда қосқан болса, көрісерсіз,
Күйдірме қайғы ойлап іштеріңді.

Мінеки қайғы ойлаған мен не болдым,
Гүл едім жайнап тұрған, бүгін солдым.
Деуші едім жердің жүзін аралармын,
Жалғанның бір қызығын көрмей өлдім.

Сізді айтса, бізді де айтар кейінгілер
Қояды кімді жұтпай бұл қара жер.
Алланың жазғанына ризамын,
Атақсыз, атсыз өлер кей пенделер.

Сіздер де сөз боларсыз артқыларға,
Жаны ашыр, жаны бардың ғашық жарға.
Аузынан кешу алып кетер едім,
Мәжнүнді көрмей өлдім, амал бар ма?

Мен-дағы жеті атадан едім жалғыз
Қарағым, жазам болса, естен қалғыз.
Қалыңға бергенімнің бәрін кештім,
Малымды әкеңе айтып жиып алғыз.

Ұзамай маған ажал келер әлі-ақ
Қылғамын әлдеқашан сені талақ.
Сендерге менің қылар бөгетім жоқ,
Мені ойлап өз жарыңнан болма салақ.

Мәжнүнге айт, дүниеге қойсын сенбей,
Жүреді неге түзде саған келмей.
Жарына жаны барда бір жолықсын,
Болмасын қайдан білді о да мендей.

Айттым ғой, адаспасам, білгенімді
Сіздердің көрмей өттім күлгеніңді.
Дүние-ай, көрер ме екем ақыретте,
Мәжнүнмен құшақтасып жүргеніңді».

Есіркеп Ләйлі тұрып жақын келді,
Жүрегі тазасына көңілі сенді.
«Мен кештім, сіздер де кеш», — деді-дағы
Шаһадат иман айтып жөнелді енді.

Тағдырда солай жазған паруардігер
Бұл сырды өзге білмес, Ләйлі білер.
Ләйлінің үйден шыққан үнін естіп,
Жүгірді тыста түрған күзетшілер.

Өткенін Ебнсалам халқы білді,
Бірталай, есіткен соң, жұрт жиылды.
Шығарып жаназасын таза арулап
Қабірін бек айбаттап күмбез қылды.

Ләйлінің ойындағы ғашық жары
Ойлайды байы өлді деп жұрттың бәрі.
Өлгенін Ебнсалам сылтау қылып,
Ішінен шықты тысқа қайғы-зары.

Мәжнүнді неге ұмытсын өлгенінше,
Зарлайды соны жоқтап өз көңілінше
Отыр деп байын жоқтап халық ойлайды,
Жасырмай жылаған соң жұрт көзінше.

* * *

Шаһарға бір күн Мәжнүн келді қаңғып,
Ойы бар бір жолықпақ Ләйлімі аңдып.
Бір шалды біреу ұрып жетелеп жүр,
Кісендеп тепкілейді бетін шаң ғып.

Жүгіріп Мәжнүн келді ағатайлап,
«Ғаріпті неге ұрасың қолын байлап,
Сорлының әлде қандай жазасы бар?
Ұқтырып айтыңызшы маған жайлап».

«Әкемді осы өлтірді таспен ұрып,
Кетіпті ұрған тасы миға кіріп.
Осыдан кегіңді ал деп қазы берді,
Жазасын тартқызамын өстіп жүріп.

Мұнымды шариғатқа сыйғызамын,
Жетелеп елден қайыр жиғызамын.
Өлтірсем, қинасам да ерік өзімде,
Көнбесе қазір мойнын қиғызамын».

«Жүктедің, сорлы-ау, неге адам қанын,
Есіркеп, шықпай қалды азар жаным.
Бар еді бұл адамда қандай кегің
Әкесін өлтіргенің не қылғаның?»

«Ұрып ем ашу қысып таспен атып,
Басына жіберген тас кетті батып.
Қатеден мұндай күйге душар болдым,
Қайтесің мен сорлыны былшылдатып».

«Бұл шалды не қыласың мені-ақ айда,
Кісендеп аяғым мен қолым байла.
Бейнетті мұның үшін маған тартқыз,
Бар дейсің қайыр сұрап, айтшы, қайда?

Босатты өзін беріп әлгі шалды,
Кісенді аяғына өзі салды.
Мәжнүнді шал орнына ноқталап ап,
Жетелеп әр қақпаға алып барды.

«Ләйлі» деп зар қағады тынбай жылап,
Жүреді кешке жақын қайыр сұрап.
Отырған терезеде Ләйлі көріп,
Жығылды есі кетіп тамнан құлап.

Дүрс етіп жерге түсті Ләйлі барып,
Таныды оны Мәжнүн көзі шалып.
Өлгелі әншейінде жүрген сорлы
Көрген соң құлағанын қалды талып.

Тырп етпей жатып алды есін жимай,
Кісі тұр жетелеген оны қимай.
Аузынан «ah» дегенде жалын шықты,
Қалың дерт жүректегі ішке сыймай.

Кісенді аяғынан шешіп алды,
Ноқтаны сыпыра алмай кесіп алды.
Жындыны қайтемін деп кетті тастап,
Сорлының өлмегенде несі қалды.

Бірқатар сол арада жатты талып,
Аздан соң екеуі есін жиып алып, —
Оңаша, қараңғы түн еш адам жоқ,
Ғарыптар мұңдасады жақын барып.

— Қарағым, — деді Ләйлі, — қарызыңды ал,
Құшақтап, қойныма қолыңды сал.
Жолықпақ күнде мұндай табылмайды,
Бір татқыз тым болмаса тіліңнен бал.

Мәжнүн-ау! Ғашық болсаң сөзіңе жет,
Дертіме осы арада бір дәрмен ет.
Тіліңнен сорғыз-дағы бір құшақтат,
Әйтпесе өз қолыңнан өлтіріп кет.

Өлемін қосыла алмай қалсам-дағы,
Ұмытпаймын ақыретке барсам-дағы,
Болады сен сау қалсаң, мен өлейін,
Құшақтап шыдай алмай жансам-дағы».

Жақындап келді тілін берейін деп
Сорғызып мауқын басып көрейін деп.

Аузына аузы барып тиген кезде
Өртеніп бара жатыр өлейін деп.

Ұмтылды құшақтайын жансам да деп,
Бұл жерде жанып өліп қалсам да деп.
Айқасып аш белінен жабысады,
Өлемін ақыр қайда барсам да деп.

Лапылдап шыдатпады күйіп-жанып,
Қолдарын кейін кетті жазып алып.
Қараса біреу жақын келіп қапты,
Сырт беріп жүре берді Ләйлі қалып.

Мәжнүннен бір қалмайды әлгі жаяу
Шаһардан шыққан кезде келді таяу.
Кідірмей әлдекім деп кетіп еді,
Сыбырлап «тоқтаңыз» деп айтты баяу.

Тоқтады көрейін деп мұның түрін,
Білерлік адам ба деп Ләйлі сырын.
Қараса өңі сұрлау, жап-жас жігіт
Ұмытпаса, көрген емес мұнан бұрын.

Қасына келіп тұрды сәлем беріп:
«Байқадым құшақтасқан сізді көріп.
Қойныңнан қосылғанда от шыққан соң,
Келіп ем білейін деп артыңа еріп.

Білуші ем ғашықтықтың мен де халін
Жасыңнан сенің жайың бізге мәлім.
Әдейі айырмаққа барып едім,
Болушы ең мен болмасам күл мен жалын.

Білемін өлім емес саған бұйым,
Жаныңды аямайсың жалғыз тиын.
Бейнетке шыдай алмай өлді десе,
Болмай ма бәрінен де осы қиын.

Жолықсаң құшақтама, құр жүзін көр,
Іштегі жалын шықсын, сөйлесе бер.
Жалғанда қосылуға жазған болса,
Табады өзі-ақ ебін паруардігер.

Жалынға сен шыдасаң, қыз шыдамас,
Өлтірсең өзің өртеп, тіпті ұнамас.
Еркектен қайда көрсең әйел нәзік,
Қаңғырған соны көріп мен бір қу бас.

Бар еді менің де бір сүйген жарым,
Көрмесем құрушы еді ынты-зарым.
Шыдамай ғашықтыққа өліп кетті,
Көп айтсам қозғалады іште зарым.

Мен сенен ақылды емен, жол көргемін,
Қайғыны өз әлімше мол көргемін.
Ғашығым дүниеден өткеннен соң,
Біле алмай қайтерімді сенделгемін.

Демеңіз әдебі жоқ неткен тантық,
Айтамын жанбасын деп ерте қамтып.
Тең емес бақайыңа біз бүйткенде,
Сіздердің ғашықтығың жүз есе артық.

Сорлының сен де мендей біреуісің,
Ләйлінің ғашық болған күйеуісің.
Беремін тым болмаса хабар алып,
Сен менің кім екенім білемісің?

Білмесең — Зәйіт еді менің атым,
Аз емес басымдағы, михнатым.
Бір қызға Зейнеп деген ғашық болып,
Күн сайын асып еді махаббатым.

Қыз өлді, мен артында тірі қалдым,
Зарланып моласына күнде бардым.
Өлгенше жолдас болып жүрейін деп,
Артыңнан әдейі іздеп жаяу салдым.

Мен сенің баяғыдан досың едім,
Хат тасып хабарыңды қосып едім.
Ол кезде ақылыңның жоқ кезі еді.
Азғана айықсын деп тосып едім.

Зейнептен сонда хабар алып едім.
Деген соң қатты науқас барып едім.

Мен сорлы шыдай алмай жөнелгенде
Жия алмай сен есіңді қалып едің».

Мәжнүнге жолдас болды қоса зарлап,
Екеуі екі қызға жылайды арнап.
Бармаған тау, баспаған жер қоймайды
Шарқ ұрып дүниені жүрді шарлап.

Бір күні Зәйіт айтты Мәжнүнге кеп,
Бір ақыл көңіліме түсіп тұр деп.
Ләйлiге ебін тауып жолығайық
Барайық, сен соқыр боп мен жетелеп.

Мәжнүнді соқыр қылды көзін тартып,
Жетелеп, кейде арқалап, мойнына артып.
Қолына талдан жуан таяқ беріп,
Шаһардың көшесінде жүр сандалып.

* * *

Ләйлі де өлер болды зарлай-зарлай,
Шыдасын о да қайтіп күйіп-жанбай.
Қасына бір қыз ертіп тысқа шықты,
Жатуға күні бойы шыдай алмай.

Жоқтайды Ләйлі жылап ғашық жарын,
Қараңыз терең оймен қылғандарын.
Бұлтқа аспандағы мұңын айтып,
Болады шығармақшы іштен зарын:

«Қайғырдың, қара бұлт, мұнша неге
Келдің бе разы болмай дүниеге.
Мәжнүнді көре алмаған мен сықылды,
Жүрмісің ғашық болып бірдемеге.

Қарайып, қамығасың тым құрыстап,
Күркіреп үһілейсің дертің ұстап.
Көңілің — от, көзіңнен жас жаудырасың
Сағынған ғашық жарын маған ұқсап.

Кей-кейде шатырлайсың қаһарланып,
Көрсетіп қайратыңды тым мақтанып.

Аузыңнан отты жалын, оқ шығады,
Қайтесің, біз жазасыз кетсек жанып.

Ғаріпке жараса ма осындай жол,
Ешкімге, ғашық болсаң, залалсыз бол.
Қыласың бірде ашу, бірде рақым
Төменсің сен де менен, айтқаным сол.

Сен неге күннің көзін жасырасың,
Қайғысын қайғылының асырасың.
Нұрымен ғашығының тұрса жайнап,
Сұрланып жердің өңін қашырасың.

Рахымсыз неткен жаман сенің ниетің,
Көрмесе жер мұңаяр күннің бетін.
Күн жерге, жердегі шөп күнге ғашық
Дерті зор, улы жүрек болар шетін.

Қызыл гүл бұзылмай ма күн көрмесе?
Жарынан жарқыраған нұр көрмесе?
Рахым ет, көз жасыңнан су беріп кет.
Қайғыдан құрап өлер дым көрмесе.

Көкорай көлеңкеңнен күңгірт тартты,
Көрдің бе, жер жабырқап қайғысы артты.
Құйып кет көз жасыңды сорғалатып,
Бұршақпен шөп қиратып жаума қатты.

Торламай, айығып кет жер мен күнді
Мұңайтпа күнді бермей, о да мұңды.
Қызыл гүл — мен сықылды ол бір зарлы,
Көре алмай күйіп жүрген Мәжнүнді».

Тұр еді көкке қарап Ләйлі зарлап,
Жақындап екі жаяу келді барлап.
Бұл келген бағанағы Зәйіт екен
Мәжнүнді соқыр қылып жүрген алдап.

«Ағам деп көзі шыққан» айта салып,
Жетелеп бір соқырды қасына алып.
Әркімнен көшедегі қайыр сұрап,
Ләйлінің маңайына тұрды барып.

Соқырға қайыр берді жиылған көп
Айламен Зәйіт тапты осындай еп.
Ләйліге жақын келді әлгі соқыр,
«Қарағым, марқабатың болмай ма?»—деп.

Екенін мұның Мәжнүн Ләйлі білді,
Көзі шын шықты ма деп қайғы қылды.
Қалтадан пешеттеген бір хат алып,
Соқырға садақа деп соны берді.

«Санап ап ашып көріп адам жоқта
Ішінде ақшасы бар, аз ба, көп пе.
Қайырды көрінеу берген мақтау болар
Пайғамбар жасырын бер деген жоқ па?»

Берген соң сол қағазды алды соқыр,
Ашпай-ақ қалтасына салды соқыр.
Алса да садақасын кетіп қалмай,
Сол жерде табан аумай қалды соқыр.

Ғашығын көре тұра кетсін қайтіп,
Зәйіт тұр алдандырып сөзді ұзайтып.
Өзгелер кет десе де тіл алмайды,
Ләйліге кетемін деп мұңымды айтып:

«Жоқтаймын бұл көз емес, шын көзімді
Кім ұғып, кім ұқпайды бұл сөзімді.
Бақытым жоқ, дертім қатты бір сорлымын
Саламын жанған отқа күнде өзімді.

Бұл көзім жоқ болса да бардай көзім,
Жоғалған шыны ғашық жардай көзім.
Қайғыдан босанарлық уақытым жоқ
Көміліп топыраққа қалмай көзім.

Көрсем де дүниені көргенім жоқ,
Көңілімді өзге жанға бергенім жоқ.
Жалғанның рахатынан мүлде бездім,
Шықпай тұр құры жаным, өлгенім жоқ.

Көзім тұр, дуа қылсаң, көрейін деп,
Көңілім тұр күйе бермей өлейін деп.

Қайғыдан қашып өлген ерлік емес,
Бейнетке жүрегім тұр көнейін деп.

Қалқам-ау! Өлейін, бе, өлмеймін бе?
Ем сұрай мұнан кейін келейін бе?
Көзімнің дауасының ақысы үшін,
Жанымды осы арада берейін бе?

Fаріппін, жылап туған өзімді көр,
Шатасқан диуана боп сөзімді көр.
Дертіме бұ жалғанда дауа бар ма?
Соқыр деп жиренбесең, көзімді көр».

Көтерді көлеңкелеп орамалды,
Ішінен сезді Ләйлі бұл амалды.
Көзіне құдай үшін қарайын деп,
Білген соң жақын барды ол амалды.

Деді де көрсетеді міне көзім,
Қараңыз айла қылып айтқан сөзін:
«Соқырмын, түзу тұрмай жығыламын,
Беліңнен ұстат — дейді, — мықтап өзің».

Амалмен аш белінен алды оралып,
Жығылды шыдай алмай Ләйлі талып.
Іштегі ғашықтықтың қызуы өтіп,
Ләйлінің бара жатыр үсті жанып.

Жүгірді көрген жандар тұра сала,
Соқырды Зәйіт кетті сүйреп ала.
Ләйліні өз үйіне алып барды,
Әр жері көйлегінің күйген шала.

Ақылын жиып алды біраз тұрып,
Бұған да айла тапты ойлап жүріп:
«Салулы қалтамдағы сіреңкені
Жандырды-ау әлгі соқыр қақтырынып»..

Бір жерін денесінің жалын шарпып,
Күн сайын іштегі дерт барады артып.
Жүре алмай бұрынғыдай түрегеліп,
Біржола жатып алды төсек тартып.

Мәжнүнді оңашаға алып кетті,
Ләйліден айрылдым деп налып кетті.
Жарының садақа деп берген хатын
Аулақта қалтасынан алып көрді.

Бір жүзік, екі бөлек салған хаты,
Біреуі Ебнсалам аманаты,
Біреуін өз қолымен Ләйлі жазған,
Қоштасып ғашығына айтқан дәті.

Бұл өлең қызық емес көрер көзге,
Сырты мұз, іші жалын, мағынасы өзге.
Жамағат құлақ салмай, ойынды сал,
Ләйлінің хатындағы мынау сөзге:

«Қарағым! Екі хаттың бірі аманат,
Өзіңе сәлем айтты неше қабат.
Іші дерт, уағдасы берік, бір сорлы екен,
Байғұстың қатесін кеш, қыл мархамат.

Өзімнің екінші хат — жазған хатым
Қоштасқан біржолата мінажатым
Көзіңнен айналайын, жылай көрме
Мен кетсем, қалды өзіңде махаббатым.

Қарағым, жерім қиын, келе алмайсың,
Бір келіп тілегімді бере алмайсың.
Бұрынғы көп сөзінің бірі деме,
Мұнан соң дүниеде көре алмайсың.

Демеуші ем, қалқам, сені күйгізейін,
Деуші едім күнде саған сүйгізейін.
Денеңе денем тисе жана бердім,
Өлген соң құшақтатып тигізейін.

Ғашыққа сендей шыдап жүре алмадым,
Қойныңа, арманым сол, кіре алмадым.
Қайтейін атым әйел, денем нәзік,
Еркектей қайрат қылып тұра алмадым.

Сен жеңдің, мен жеңілдім, бұрын өттім,
Жолыңа шыбын жанды құрбан еттім.

Қолына сағынғанда қарасын деп,
Белгіге жүзігімді беріп кеттім.

Артыңнан түнеугіде біреу кетті,
Шаһардан шыға бере саған жетті.
Сол барған, енді ойласам, Зәйіт екен,
Шошыма мен Зәйітпін десе нетті.

Сол жерде-ақ аманатың бермес пе едім,
Құшақтап жатып сені өлмес пе едім.
Не өліп, не қосылып сол арада
Тағдырда не жазылса көрмес пе едім?!

Өкініп өткен іске алмас пайда
Зәйіттей іздесең де жолдас қайда?
Жүзімді тірі күнде бір көріп қал,
Бір айла табар Зәйіт осындайда.

Баптанар жай ойланып заман емес,
Кешіксең, мен боламын аман емес.
Зәйіттің сенен гөрі есі дұрыс,
Зейнепке қосылам деп алаң емес.

Зәйітке сәлемімді айт, айла тапсын,
Бір амал жолығуға қылып бақсын.
Шошимын жүрегімнің соғысынан,
Көре алмай, аялдасаң, қалар-ақсың.

Аман бол, жолықпасаң, мұнан былай,
Бейісте қосылуға жазсын құдай!
Ішімді іштен туа елжіретіп,
Еріткен жүрегімді, ғашығым-ай!

Мен үшін Мәжнүн болды-ау Қайыс атың,
Өзгеден бөлек еді махаббатың.
Көзі — нұр, көңілі майда, қарашығым!
Ішіңді күйдірмесін жазған хатым.

Мен үшін кезіп кеттің айдалаға
Білмедім кеткеніңді қай далаға.
Қарағым, ақыретте табысайық,
Бұл өмір енді қайтып айнала ма?

Қарағым, аманатың кетті менде
Сақтап кел қарызымды бұзбай сен де.
Еншалла, кейінгіге жыр болармыз,
Есіркер, дұға қылар туған пенде.

Қарағым, басқа жарға көзің салма,
Жалғанда опа бар деп қапы қалма.
Біреуге аманатым беріп кетіп,
Бейісте қосыла алмай сонда ұялма.

Жалғанда білгеннен соң тұрмасымды
Жолыңа қылдым құрбан бір басымды.
Әншейін үлгі болсын деп айтамын,
Білемін жанға мойын бұрмасыңды.

Мен үшін тентіредің, Мекке бардың,
Құдайдан ауыр науқас сұрап алдың.
Әншейін шала ғашық жаманша өлмей,
Белгі боп кейінгіге мирас қалдың.

Кім қылар біздің қылған ісімізді,
Жаратқан өзгеден жат ішімізді.
Ғашықтық әулиесі деп-ақ айтар,
Артқылар көрмесе де түсімізді.

Келіп жүр өлсем-дағы күмбезіме,
Көрінер мен кеткен соң кім көзіңе?
Өлген жоқ, мен өлсем де, махаббатым,
Кетіп тұр амандасып күнде өзіме.

Кеш, қалқам! Әйел едім, нашар едім,
Мауқыңды тірі болсам басар едім.
Зарланып қабіріме келіп тұрсаң,
Қойнымды әлім келсе ашар едім.

Құдая, қосылмадым бұ жалғанда,
Болады мен сықылды кім арманда.
Қақ жарып қабірімді жібергейсің
Басыма келіп Мәжнүн зарлағанда.

Қарағым! Мен өлді деп қайғы жеме,
Білемісің жан өлмейді, өлер дене.

Келгенде амандаса бейітіме,
Сөзіңді айт тірідегі, өлді деме.

Құр денем білмесе де жаным білсін,
Жанына өлгендердің мәлім қылсын.
Сен де өліп, жаным жанға қосылғанша,
Сағынбай дауысыңды сезіп жүрсін.

Қарағым, жаза берсем, жандырармын,
Дертінді ауырлатып қалдырармын.
Жылама, құдай қосса, қияметте
Құшақтап құмарыңды қандырармын».

Мәжнүнге қиын тиді хатты оқыған,
Отырды шыға жаздап құр шыбын жан.
Көзінен жас орнына қан сорғалап,
Қағаздың беті болды қып-қызыл қан.

Қараңыз ғашығына ауған ниетін
Махаббат билеген жан қандай шетін.
Егіліп етбетінен жата қалды,
Бетіне басып алып хаттың бетін.

Кеттің деп неге тастап мені қиып,
Алады анда-санда хаттан сүйіп.
Мәжнүнді Зәйіт келіп құшақтайды.
Көзінің о да ала алмай жасын тыйып.

Ол-дағы ақылынан кетті адасып,
Жүрегін ескі дерті қайта басып.
Болса да жаны темір шыдата ма,
Қоштасып жазылған хат амандасып.

Көтерді есін жиып Зәйіт басын,
Жек көрді хат сөзінің мағынасын.
Мәжнүнді уатуға сөз айтады:
«Ғашығың тірі, неге зарланасың?

Хатында бір жолық деп айтқан жоқ па,
Бастама жаман ырым, әзір тоқта.
Онан да жолығуға қам қылайық,
Ұмтылма күні бұрын құрулы оққа.

Бос оймен не қыласың босқа еңіреп,
Кеттің деп неге тастап зарладың кеп.
Өлмеген оны өлді деп өзің өлсең,
О да айтса не дер едің тастадың деп.

Хатынан тірі екені байқалады,
Оның да көңілі өзіңдей шайқалады.
Сендерде ғашық оты азғана ма,
Қалайша өлмеймін деп айта алады?

Нана тұр құдай үшін бұл сөзіме,
Белгілі менің жайым болды өзіңе.
Кеудемде жаным болса бір қосайын,
Жарыңды көрсетемін бір көзіңе.

Әуелі мен келейін онда барып,
Онан соң барамыз ғой қайта салып.
Жолықпақ уағдамен жер дайындап,
Құмарды бір басалық оңаша алып».

Соны айтып Зәйіт кетті шаһар жаққа,
Ләйліге тірі болса жолықпаққа.
Үміттің қауіп пенен арасында
Теңселіп Мәжнүн отыр сандалақта:

«Тірі ме, өлі ме екен, көремін бе,
Жолығып аманатын беремін бе?
Келгенше қайта хабар шыдай алмай,
Ләйліні бір көре алмай өлемін бе?»

Ойлашы осы кезде Мәжнүн қандай? —
Жанып тұр тұла бойын өрт алғандай.
Қолымен басын сүйеп сұп-сұр болып,
Өзінің барлығын да байқай алмай.

Жоғалар дем алысы мүлде сарқып,
Маңдайын «уһ» дегенде жалын шарпып.
Өзегі үзілгенше өксігенде,
Лебізін ала алмайды қайта тартып.

Мөлдіреп екі көзі көкке қарап,
Білмеймін қай тілекті қылды талап.

«Ләйлі» деп әлі келсе бір айтады,
Бетінде қанды жасы тұр сорғалып.

Кей-кейде тірілгендей, өліп кетіп,
Көтерер қайта басын қалт-құлт етіп.
Суретін келістіріп айта алмадым,
Қолымды жылы жүрек дірілдетіп.

Көңіліңе түсірдім бе шын келбетін,
Мұндайды келістірмек тіпті шетін.
Оқыса бір художник бұл сөзімді,
Бұлжытпай салар еді-ау дәл суретін.

Жігіттер, кімді аяйсың мұны аямай,
Шыдайды өл ғарыпты кім аямай?
Жүрегім, махаббатым тоқтатпайды,
Жазайын десем-дағы тым аямай.

Біржола өлсе, әйтеуір, жұмыс бітті,
Бұл Мәжнүн екі өлімнің бірін күтті.
Зәйіт кеп бір хабарын бергенінше,
Болар ма мұнан қиын уақыт тіпті?

Болсаң да шыдар ма едің қандай батыр,
Осындай күйде болды Мәжнүн пақыр.
Өлі емес, тірі емес боп отырғанда
Бір адам шәһар жақтан келе жатыр.

Бір тұрып, бір отырды келгенінше,
Хабарын не де болса бергенінше.
Қайғыдан өмірінде бір босамай,
Қайран жас қаңғып өтті-ау өлгенінше!

Зәйіт те жай басады, ентелемей,
Не тірі, не болмаса өлді демей.
Мәжнүнге түсі суық көрінеді,
Намасын алып келген періштедей.

Ей Зәйіт, қандай хабар алып келдің,
Сұрланып, қаның қашып нағып келдің.
Шынын айт, азар болса өлген шығар,
Тірі деп болмай іздеп барып келдің.

Жолдасым, көргеніңді бұрып айтпа,
Мені аяп ет-жүрегің жылып айтпа.
Жүзінде ғашығымның өлімі тұр,
Құрбымсың, маған айла қылып айтпа!»

«Ғашығың, — деді, — аман, маған нансаң,
Жалған деп амалым не нанбай калсаң?
Күні ертең жолығуға сөз байладым,
Бақшада жолығасың, кешке барсаң.

Біз барып отырмақпыз көп зиратқа,
Бақша бар оған жақын шәһар жақта.
Ымыртта Ләйлі келмек бақшасына,
Сол жерде уағда қылды жолықпаққа».

Нандырды не қылса да жылы сөзбен,
Ғашығы тірілгендей күдер үзген.
Отырды таң атқанша азар шыдап,
Қан ағып жас орнына екі көзден.

Бейнетті рахат десіп ғашық жарға,
Тегінде, шыны да сол байқағанға.
Зейнеппен жүргендегі жайын айтып,
Ермек қып Зәйіт отыр ұзақ таңға.

Бұл Мәжнүн тұра тұрсын таңды күтіп,
Кетпелік Ләйліні де тіпті ұмытып.
Бағана төсек тартып жатты деп ек,
Салмақты болып дерті қайғы жұтып.

Ол Ләйлі күннен күнге нашарланды,
Ұйқы жоқ, тыныштық жоқ, астан қалды.
Бір сұмдық денесінен сезді-дағы.
Шақырып ата-анасын қасына алды:

«Ата-анам, бір сөзім бар сіздерге айтар,
Өмірін ажалдының кім ұзайтар?
Кетейін амандасып сырымды ашып,
Жалғаннан уақыт жетті енді қайтар.

Жыбырлап сорлы жүрек қайта соқты,
Болмаңыз іздеп әуре кеткен жоқты.

Мәжнүнге туа сала ғашық едім,
Мінекей болдым соған айтқан тоқты.

Жасымда-ақ шыдамаппын оны көрмей,
Қойдыңдар көре тұра мені бермей.
Бұл сізді табалаған сөзім емес,
Тағдыр сол, қалған шығар жөні келмей.

Енді мен сыр айтуға ұялмаймын,
Айтпауға жүрегімді тыя алмаймын.
Тіріден өлі кісі ұяла ма?
Әйтеуір дүниеде тұра алмаймын.

Жастықпен болғамын жоқ жүре ғашық,
Кетпедім тым болмаса мауқым басып.
Шыдамай бір құшақтап сүйемін деп,
Өртенді өнебойым дертім асып.

Күйеуге бермей және қоймадыңдар,
Той қылып, жұртты жиып ойнадыңдар.
Сен бердің, тәңірім бермей сақтап қалды,
Алды деп Ебнсалам ойладыңдар.

Хаты бар малын сізге берген қаттап,
Сырыңың сонда жазған бәрін даттап.
Өзімді жүзім түгіл бір көре алмай,
Сонан да қалып еді құдай сақтап.

Мәжнүннің жанында бар жазған хаты,
Шықты құр алды деген жаман аты.
Сарғайып құсаменен өліп кетті,
Оның да менде болып махаббаты.

Мәжнүнге жас күнімнен бас ұрушы ем,
Үйқымды бір сол үшін қашырушы ем.
Өлгенін Ебнсалам сылтау етіп,
Дертімді онан бұрын жасырушы ем.

Ата-анам, мен өлемін, сен қаласың,
Айрылып жалғыз қыздан сандаласың.
Өлімге таянғанда талып кетсем,
Бетімнен сүйемін деп қамданасың.

Бетімнен, етімнен де сүймеңіздер,
Біреудің ғашығына тимеңіздер.
Денемнің өлсем-дағы оты сөнбес,
Жалынды сүйемін деп күймеңіздер.

Десеңіз жанға өлшеген жалғыз балам,
Кешіңдер қарызыңды, ата-анам!
Тілегім, өлерімде сүйме мені,
Мәжнүннен басқа жанға тәнім арам.

Қиянат қылмаңыздар Мәжнүн жасқа,
Мен үшін қаңғырды ғой тау мен тасқа.
Баршасын дүниенің қылды талақ,
Жалғанның несін алды менен басқа!

Өлген соң қабіріме Мәжнүн келер,
Маңымнан аулақ кетсін онда өзгелер.
Жетпей ме тірілікте бермегенің,
Денемді тым болмаса оңаша бер.

Басымда зарланғанда Мәжнүн келіп,
Шыға тұр қабірімді оған беріп.
Күйеуің қызыңменен қосылғанда,
Тұрғаның ұят болар көзің көріп.

Ол кірер қабірімді ашып қойыныма,
Айқасып салар қолын мойыныма.
Болса да ол киімшең, мен жалаңаш,
Ұнай ма қарағаның ойыныма.

Лақатты кеңдеу қазғыз сол сиярлық,
Қылмасын екеуімізге қабір тарлық.
Мәжнүнмен бір бейітте қосылуға
Құдайдан, еншалла, болар жарлық,

Бұлжымай осы сөзім келер анық,
Болса да сізде күмән, маған қанық.
Қабірге кіріп өлсе, қозғамаңыз,
Сыртынан жаназа оқып қайтсын халық.

Мәжнүнге хат жазғамын мұнан бұрын,
Қоштасқан сол хатта бар барша сырым.

Көрсеңіз, үш қайтара сәлемімді айт,
Аласарт жастығымды енді ақырын».

Әкесі уағда берді: «Ұнадым деп,
Қарағым айтқаныңды қыламын» деп.
«Қош, — деді, — иман айтып көзін жұмды, —
Сөйлеуге бағанадан шыдадым деп», — деп.

Болғанын бір сұмдықтың көзі көрді,
Ойбайлап ата-анасы жылай берді.
«Мәжнүн!» деп жан шығарда үш айтты да,
Жалғаннан Ләйлі сүйтіп жөнелді енді.

Немене айтып-айтпай, дүние шолақ,
Адамның осы жүрген бәрі қонақ.
Еріткен тас жүректі қайран Ләйлі,
Алды-арты өмірінің болды сол-ақ.

Есіркеп елі-жұрты көп жылады,
Ләйлі үшін қатты уайым жеп жылады.
Мәжнүнге сұрағанда бермей қалған
Обалы әкесіне деп жылады.

Арулап ертең түсте жаназалап,
Қабірге алып жүрді солай қарап.
Ішіне бір күмбездің қойды-дағы,
Сандықтап мәрмәр таспен қойды қалап.

Сіздерден білген сөзді аянбалық,
Бұл бітті, Мәжнүнге аяңдалық.
Бақшада жолығам деп күтіп еді,
Біз енді соның жайын баяндалық.

Отырды таңды күтіп талай заман,
Күн шығып, жақындады түске таман.
Айналып әңгімеге отырғанда,
Бұзылды Мәжнүн өңі тіпті жаман.

Қадалды сұп-сұр болып көкке қарап,
Зәйіт жүр не болды деп жанасалап.
«Ләйлінің жаны келіп шақырып тұр,
Қасында бірталай жан жүр анталап.

Зәйіт-ау, Ләйлі саған кез келді ме,
Шынымен мені тастап жөнелді ме?
Ләйлінің өткеніне көзім жетті,
Дұрыс айт, кеше өлді ме, жаңа өлді ме?»

«Қарағым, — деді Зәйіт, — кеше кеткен,
Кезімде өткен екен жаңа жеткен.
Болған соң әбден қойып айтайын деп,
Мен сізден жасырып ем со себептен.

Кеше айтсам кешікпейсің, тез барасың,
Ләйліні өліп жатқан бас саласың.
Құшақтап өліп кетер деп ойладым,
Өлімге онсыз-дағы қасқарасың».

«Зәйіт-ау! Енді отырмыз кімге айналып,
Мен тірі жүре алам ба онан қалып?
Жүр-жүрлеп жаны келіп шақырып тұр,
Қабірін тура көрсет тез апарып».

Тоқтамай соны айтты да кетіп қалды,
Ләйлінің бейітіне жетіп барды.
Түлкі алған қыран бүркіт сықылданып,
Құшақтап қу моланы жатып алды:

«Қарағым! Неге кеттің ала кетпей,
Қор болып мұратыма қалдым жетпей.
Сен үшін тыным алмай үш жыл жандым,
Артыңа тастап кеттің рахым етпей!

Қарағым! Мен өлген соң, неге өлмедің,
Білесің, бір сен үшін не көрмедім.
Жаныңнан жанымды артық көргенім жоқ,
Тартайын бейнетіңді деп өлмедім.

Сөзіңе не де болса көнбес пе едім,
Жанымды сұрасаң да бермес пе едім?
Көзімше ең болмаса өлсең етті,
Құшақтап жатып сені өлмес пе едім!

Ғашығым, неге кеттің мені тастап,
Шақырып алып келді жаның бастап.

Қабірдің астында сен, үстінде мен
Қосылмай өлейін мен мола жастап!

Қалқам-ай! Қайта тұрып, жүремісің,
Қабірге мені де ала кіремісің?
«Өлген соң тигізейін денемді»,—деп,
Хатыңда жазғаныңды білемісің?

Өлсең де келгенім жоқ қашайын деп,
Мауқымды келіп тұрмын басайын деп.
Хатыңда алдамасаң, тағы айтқансың,
«Сен келсең, қойынымды ашайын»,—деп.

Сен кеттің, тірі қалдым, ұлғайды арман,
Айрылып сорлы болдым ғашық жардан.
Айтқаның қате болып көріп пе еді,
Өлген соң бола ма енді сөзің жалған.

Тіліңнен сорғыз дедің, бермедім бе,
Жеріңе уағдаласқан келмедім бе.
Қарызым мойыныңда кеткен жоқ па,
Жүзіңді шыныменен көрмедім бе?

Деме сен: «Өліп қалдым, сен менен қаш»,
Айтқаның рас болса, қабіріңді аш!
Жаталық бір орында құшақтасып,
Болсақ та мен киімшең, сен жалаңаш».

Жіберді сол қабірді тәңірім жарып,
Ләйліні құшақтады Мәжнүн барып.
Қайтадан қалыбына түсті сандық,
Қосылды осылайша екі ғарып.

Қабірдің Зәйіт-тағы басында еді,
Кете алмай жолдасының қасында еді.
Жалғаннан сөйтіп өтті Ләйлі, Мәжнүн,
Сол жылы дәл он алты жасында еді.

Сыртынан жаназа оқып халқы кетті,
Бұл өлім талай жанды еңіретті.
Аямай ажал шіркін кімді алмайды,
Ол түгіл пайғамбарға қаза жетті.

Зәйіт пен Ләйлі, Мәжнүн, ата-анасы
Зарлаумен сонда тұрып өтті жасы.
Мәжнүнді асыраған сорлы кемпір,
Оның да сол арада бітті жасы,

Жігіттер, ендігі сөз — менің сөзім:
Мәжнүннен аз-ақ кейін көрген күнім.
Мен ондай қызға ғашық болмасам да,
Ғарыппын дерті қалың, шын осыным.

Іздеген ғашық болып бес нәрсем бар,
Берейін атын атап, ұқсаңыздар:
Махаббат, ғаделет пен таза жүрек,
Бостандық, терең ғылым, — міне, осылар.

Жарамас сөз ұғуға сыртқы құлақ,
Іштегі құлағыңмен тыңда, шырақ!
Бұлар жоқ дүниеде деп ойлама.
Қазақта ол бесеуі болмас бірақ.

Ол қайдан табылсын деп ойыңа алма.
Елде жоқ нәрсе ғой деп айта салма.
Ақылға мүмкін істің бәрі «мәужіт»,
Өлгенше ізденіп бақ, қапы қалма.

Махаббат бұрын өлді, мен тірімін,
Көп иттің жұлып жүрген жемтігімін.
Баста бақ, қолда дәулет болса-дағы
Осы елдің өз ойымша кемтігімін.

Ақ жүрек, ғаделетке қолым жетпей.
Қу жаным қуарып жүр өліп кетпей.
Ішінде көп арманың жүргенімше,
Құдайым тез алса екен тентіретпей!

Дегенім «қол жетпейді» ақым емес.
Жорысаң сөзімді олай, мақұл емес.
Таппадым таза жүрек, арманым сол,
Адалға елі-жұртым жақын емес.

Қазақта қайдан болсын терең ғылым,
Түбі арам айла қуған өңкей жылым.

Іздеген бес ісімнің бірін таппай,
Не болды қайғы болмай көрген күнім?

Өзім де тап баспаймын ғаделетке
Ұрғызбай кетейін деп көп жендетке.
Сонымен өз бойымды арамдадым.
Айтарлық емің бар ма мұндай дертке?

Құбылдым, құйқылжыдым, шатып бақтым
Бір мезгіл білмегенсіп жатып бақтым.
Шыдатпай шымбайыма батырған соң
Ол атса, мен де оларды атып бақтым.

Жынданды бәрі бірдей барған сайын,
Тереңге кете берді салған сайын.
Көңілім дүниеден суи берді,
Халқымнан күдер үзіп қалған сайын.

Алған жоқ ешкім жеңіп өзімді әлі,
Кеткен соң не қылайын елдің сәні.
Махаббат, жылы жүрек, ақ пейіл жоқ,
Құрысын мені бүйтіп «хан» қойғаны.

Мәжнүннен менің дертім болды қалай?
Басымда бар емес пе қайғым талай?
Мал емес, мансап емес іздегенім,
Жазылмас жара берген құдайым-ай!

Бостандық — бойымдағы бір арманда
Өзімді-өзім билеп жүре алғанда.
Еріксіз не сүйдіріп, не күйдірмей,
Қоя ма қазақ тыныш бұ жалғанда?

Не құлық, не сұмдықпен жұмысым жоқ,
Алдаған айла қылып бір ісім жоқ.
Арсызбен араны ашық арпалысып,
Жалғанда тақатым жоқ, тынысым жоқ.

Басында Мәжнүн болды барға ғашық,
Жолында бір Ләйлінің жанталасып.
Мен сорлы жоққа ғашық болып өттім,
Менікі кеткен жоқ па онан да асып?

Қазақта ғаделетті ғалым бар ма?
Бұл күнде момын жемтік залымдарға.
Мұным не, жоққа ғашық болған емей,
Мәжнүнше зарламасқа халім бар ма?

Болса да сыртым бүтін, ішім түтін,
Үзеді тірі жаннан кім үмітін.
Өлі деп есеп қылсаң болар мені,
Деуші едім туысқанға ерте күтін.

Мұнымды ескермеді бірде-бірі,
Қояды естиді де оны құры.
Талайдан сөзім анау, өзім мынау,
Жүрер деп ойлайды екен қанша тірі.

Ақ жүрек таба алмадым елді шарлап,
Халқым деп жабырқадым күнде зарлап.
Ләйлінің қабіріне барғандаймын,
Табамын мен де қабір бір күн қармап.

Дертімді асырмаңыз, бөгеңіздер,
Мақтайды өзін-өзі демеңіздер!
Оны айтсаң, сүйегімді кеміргенің,
Жемтікті иттен қалған жемеңіздер.

Оның же, кімің жесең жемтігімді,
Тоймасаң толтыра бер кемтігіңді.
Адамға адам еті халал емес,
Өзің біл ойламасаң ең түбіңді.

Қуансаң етім саған бұйырғанға,
Қасқырша табандап тарт сыдырғанда.
Мені жеп тірілікте тоймасаң да,
Тоярсың көзіңе құм құйылғанда.

Тағы жұт қарыныңды томпайтпасам,
Болмассың біржолата шоңқайтпасам.
Қыл көпір, тас таразы құрылғанда,
Аузым жоқ әзір менің, сонда айтпасам!

МҰТЫЛҒАННЫҢ* ӨМІРІ

Бесімде оқу білсін деп,
Ата-анам берді сабаққа.
Жеті жаста жетім боп,
Түскендей болдым абаққа.
Ардақты кенже жетім деп,
Әлпештеді мені көп,
Надандыққа болды сеп,
Қақпай ешкім қабаққа.

Қосылмай өзге балаға
Ойнаушы ем жалғыз далада.
Адамзат көнбей қала ма
Тағдырда тартқан табаққа.
Күн-түн демей ойнадым,
Ойынға тіпті тоймадым.
Барған сайын бойладым,
Бұрылмай ұйқы, тамаққа.

Тоймаса да ойынға,
Тағылық бар бойымда;
Ерекшілік ойымда,
Қарамай қылған мазаққа.
Он жасыма кірген соң,
Домбыра, гармонь білген соң,
Мылтық атып жүрген соң,
Аңшы боп түстім азапқа.

* Мұтылған —ақынның псевдонимі. Ұмытылған мағынасында.

Өзгеше болмақ сүйгенім
Осыған басты игенім.
Киімді бөтен кигенім,
Ұқсатпай орыс, қазаққа.
Сағат пен орган* жүргенін
Таңырқап ашып көргемін.
Оның да сырын білгемін,
Ұзатпай біраз заматқа.
Телеграм жайын білуге
Оны да сынай жүруге,
Бір үйден тарттым бір үйге,
Шекті керіп қадаққа.
Телеграм олай емес қой,
Ұқсатар ма екем дегем ғой.
Құлақпен естіп, жетпек ой,
Тым жас едім ол уақта.

Шеберлікке де бет қойдым,
Сурет жасап, түр ойдым.
Ұқсамақ емес бұл ойдың
Түбі олақ нәмәртқа.
Он бесіме келгенде,
Қаршыға, бүркіт көргенде,
Құс салып жүрдім серуенде,
Еркіндеп шығып азатқа.
Ойым бар өлең айтқандай,
Ғылымға таман қайтқандай.
Жыбырлатып тартқандай,
Қармақ салып шабаққа.

Жиырмадан өткенде,
Азғана ғылым оқыдым.
Алғызып кітап шеттен де.
Көңілге біраз тоқыдым.
Білмегенді сұрадым,
Жиыстырдым құрадым,
Оқыған сайын ұнадым,
Жолына түстім осының.

Білімге салып тілекті,
Сыбанып едім білекті,

* Орган — күй аспабы.

Ағартуға жүректі,
Аршымақ болып қоқымын.
Өлең мен сөзді шеберлеп,
Айтқаным мақұл келер деп,
Ындын қойып ентелеп,
Жарайды деп осыным.
Оңдағы өлең-жырларым,
Ұнадым жастар тыңдарын.
Ескермей елдің мұндарын,
Қаси алмадым қотырын.
«Өнерлі, шебер тіл-жақты,
Алады — деп — бұл бақты», —
Еріксіз маған ел жапты
Болыстықтың тоқымын.

Болыстық салды жаман ой:
«Ғылымды әзір қума, қой,
Ұлықтық деген үлкен той», —
Деп осыған тоқыдым.
Ашылмас кесел болды құб»,
Іздеген ғылым қалды тұл.
«Азат басым болды құл»,
Еріксіз жемтік шоқыдым.

Ұлық пен елге жағындым,
Әртүрлі атақ тағындым.
Ар кетіп, айла жамылдым,
Бейне алдамшы сопымын.
Қарасам мақтау айнадан
Әлемнен озған мен бір жан:
Ел құтқарған топаннан
Тобықтының тұқымын.

Жиырма жыл өткенше
Өткіздім сүйтіп өмірін,
Қырыққа жасым жеткенше,
Осының жақтым көмірін.
Балалық — жастық аралас,
Көрсеқызар, мисыз бас.
Мақтанқұмар мен бір мас,
Ғылымның сезбей көп нұрын.

Білімсіз елде туам деп,
Жетім қап ойын қуам деп,
Болыс боп арды жуам деп,
Таңдағам жоқ ешбірін.
Туған елім — надан ел,
Жетімдік қаза қайтпайды ол.
Көп талқысы — аққан сел,
Бұзуға болмас тағдырын.

Бар шығар мендей талай жан,
Не ғылымды, не надан.
Аша алмайды еш адам,
Тағдырдың қиын бұл сырын.
Жиырма мен қырық арасы —
Жас өмірдің сарасы
Бос өткенін қарашы
Жүрекке төгіп қанды ірің.

Бар керекті екі он жас,
Желікпен өтсе болып мас,
Болса да жүрек мұздай тас,
Зарламай қайтсін мұң-жырын.
Өмірімді оқып сынарсың,
Мін тауып та тынарсың.
Мін алуды ұнарсың,
Ақ жүрекпен ал кірін!

Мінімді аяп қалдырма,
Күйдірме бірақ тағдырға.
Сау жерімді шалдырма,
Кірмесін күндеу көпірің.
Кекеу мен кекті сайлама,
Ызаға көңіл байлама,
Дәлелсіз түспе айлаға,
Ауыртпай кес ақырын.

Жайымды оқы, қарындас,
Мен сорлыға кел, мұңдас.
Не көрді екен ғарып бас,
Өткізгенде жетпіс жас.
Туған елім надан жұрт.
Жуандық тағы, бір қыл құрт,

Жетім ерке болып қырт
Мансапқа мінген мен бір мас.
Осы айтылған төрт кесел
Жасымда болды көзге шел.
Қырыққа келіп астым бел,
Деді бір ой — көзіңді аш!
Араб, парсы оқымай,
Орысшаны тоқымай,
Бұтасыз біткен шоқыдай,
Ғылымнан едім жалаңаш.

Түрікше ғана білуші ем,
Сонымды қару қылушы ем.
Перевод оқып жүруші ем,
Орысша, араб аралас.
Адасып діншіл азғанын,
Пәншілдер ғылым қазғанын,
Философ — ойшыл жазғанын
Сынауға енді бұрдым бас.

Жоғарғы төрт кеселдер,
Өзіңнен болды десеңдер.
Дәлелін айт, шешендер,
Арыңызға болмай қас.
Қырықтан соңғы сөзімді,
Сынап, таны өзімді,
Түзу құрып тезіңді,
Жүрегіңді қылмай тас.

Жас қырыққа кірген соң,
Бір ой түсті жаңадан.
Қылығын сынап білген соң,
Дедім қазақ неткен жан?
Өнері жоқ, ғылым жоқ,
Партия қуған көп надан.
Адам улап, жеген б... —
Іші — айуан, сырты — адам.

Көңілім қайтты жуандық,
Бай-бағлан, қарадан.
Осындай елде туғандық
Ағызды ірің жарадан.
Жуаннан туған ірімін,

Көп наданның бірімін.
Жарадан аққан іріңмін,
Жұтыппын мен де шараптан.

Жаздым «Қазақ айнасын»,
Мінез түзеу айласын.
Ел көрсін деп пайдасын,
Бастырып, елге тараған.
Қазаққа қалай қарадым,
Қандайлық мінін санадым,
Қанша жыртық жамадым,
Біледі оқып, қараған.

Тағы да талай сөз жаздым,
Елім тәлім алсын деп.
Қазақтың мінін көп қаздым,
«Адам емес, аңсың», — деп.
«Өнер-ғылым білмеген,
Біріңді-бірің күндеген,
Тура жолмен жүрмеген,
Төрт аяқты малсың», — деп.
Сөзіме құлақ қоймады,
Партияға тоймады,
Кім өз елін ойлады,
Надандықта қалсын деп?

Қырықтан аса бергенде,
Ақылым қылды шерменде:
«Дінім қалай, жаным не,
Жоғалам ба өлгенде?
Әлемді кім жаратқан,
Осынша түрлеп, таратқан?
Көрінген сансыз планет?
Бірінен-бірін бөлген бе?

Ақырет деген немене,
Шыққан жан қайта келе ме,
Кіре ме осы денеге,
Дәлелі қайсы сенгенде?..»
Осы оймен Мекке барғамын,
Әр түрлі кітап алғамын.
Ақылға сыймас жалғанын,

Алмадым сынай келгенде.
Ноқтасыз оймен тексердім,
Бояулы діннен сескендім.
Дін шатағын көп көрдім,
Қатесін сынап тергенде.
Іздедім, таптым анығын
Тастадым ескі танығын.
Хақиқат нұрдың жарығын
Жарылды жүрек көргенде.

Ақылмен нанбай иман жоқ,
Ойлаудан ақыл тыйған жоқ.
Талай дінді тексердім,
Ешбірі миға сыйған жоқ.
Тамам діннің түбі бір,
Боянған, бұзған салып түр.
Діншілік көбі адас жүр,
Бір орынға жиған жоқ.
Алпыстан жасым асқанша,
Жетпіске аяқ басқанша,
Зарладым, жаздым, ұқтырдым,
Құлаққа ешкім құйған жоқ.

Философ, ойшыл, данышпан,
Терең ойлап алыстан,
«Құдай бар ма, жан бар ма?» —
Деп ақылмен жарысқан.
Ақырет, құдай, жан сырын,
Тексере келіп әр бірін,
Шеше алмай анық тағдырын,
Әр түрлі айтып қарысқан.
Оны да сынға салғамын,
Керектісін алғамын.
Қалдырып қате, жалғанын,
Шатақ ойлап шабысқан.

«Жан сыры» — деп жазылған
«Психология» деген пән.
Орайсыз ойлап адасқан,
Оған да едім танысқан.
Тәпсірші, діншіл, сопының
Кітабын да оқыдым.
Тазартып талай қоқымын,

Түзеттім дінді шалыстан.
Отыз жылдай жиғаным,
Сау ақыл менің иманым,
Аламын соған сыйғанын,
Мейлің күл, мейлің намыстан...

* * *

Сыр айтайын мен сізге,
Әр түрлі жай бар басымда...
Елімнен кеттім елсізге,
Елуден асқан жасымда.
Қора салған жеріме,
Кіргендей болып көріме,
Өкпеледім еліме,
Отырман деп қасында.
Аңшылық ескі салты деп,
Көрермін ақыр артын деп,
Партия құдың халқым деп,
Кәріңіз бен жасың да.
Қауымнан қаштым қағылып,
Оңаша өмір сағынып,
Жасымда біткен тағылық,
Осы екен ғой асылда.
Ойға оңаша жер керек,
Ойыңды ұғар ел керек,
Партия қуған елбелек
Ел өзіңе масыл да.

* * *

Түзелер деп қазағым
Николай құлап, өлген соң,
Тағы да тарттым азабын,
Алпысқа жасым келген соң.
Құлдықтан қазақ босады,
Білмеймін, қайдан тосады.
Күн шыққанға ұсады,
Бостандық сәуле берген соң.
Оқыған жастың етегін,
Қабыл алдым жетегін,
Босқа жатып нетемін,
Бостандық туын көрген соң.

«Орыс қой енді атамыз,
Жақсылық сонан татамыз,
Қалайша қарап жатамыз», —
Деп қуанып желген соң.
Балшебек пен меншебек
Партия қылды әр бөлек,
Айтып-айтпай не керек,
Орысты екі бөлген соң.

Әкеміз орыс десек те,
Келмеді бұл іс есепке,
Қайтадан жаттым төсекке.
Сенімді үміт сөнген соң
Семейді ақтар меңгеріп,
Қазаққа соттық жол беріп,
Сыртымнан сайлап жөн көріп,
Шақырып хабар берген соң:
Ақтар кетіп қалғанын,
Семейді қызыл алғанын
Жолшыбай естіп барғамын,
Әділет іздеп төнген соң.
Мен ұлтшыл емеспін,
Жақыным мынау демеспін,
Ашылсын анық көмескім,
Айтайын кезі келген соң.
Руссия болса анасы,
Қазақ — жап-жас баласы,
Жетілсін, келсе шамасы,
Арқалауға көнген соң.
Мақсатқа қайта барайын,
Көргенімді айтып қарайын:
Қызыл кетіп, аздан соң
Ақ алды Семей маңайын.
Оған тағы құл болдық,
Сатылған мал мен пұл болдық,
Әркімге тиген тұл болдық,
Шындықты қайдан табайын.
Басыма келген әр жұмыс,
Толқында жүріп көрген іс,
Бұ топта кез келген іс
Ойымды деді қамайын.
Ашуға оны саспайын,
Жараны тырнап ашпайын,

Көмескі күйде тастайын,
Көрсетпей таздың самайын.
Партия — соры көп елдің,
Айта алмай соны бөгелдім,
Соттықты тастап жөнелдім,
Дедім де етек жабайын.
Біреуге кессең абақты,
Ақ соты оны алмапты,
Бізден кәдір қалмапты,
Байқасам ақтың рабайын.
Жаздай жаттым үйімде,
Келмеді рахат, күйім де,
Жүрегім қайғы түйінде,
Онымды кімге шағайын.
Күздікүн тағы шақырды,
Семейге кел деп ақырды,
Кешем деп қашқан қаныңды.
Бармасам деп тұр қабайын.
Барсам Әлқан Омбыда,
Мұқаметжан тұр орнына,
Сұр жауын қазақ сорлыға,
Деп тұр екен жауайын.
Семейге сөйтіп барғанбыз,
Жүректі қанға малғанбыз,
Ұялмай сот боп отырдық,
Құр атаққа нанғанбыз.
Бұрынғы орыс тергеген,
Біздің сотқа бермеген,
Қазақы жұмыс көп екен,
Қызылдан сұрап алғанбыз.
Ақ соты сұрап сол істі,
Тез қайтар деп жұмысты,
Тарылтқан екен тыныстьі,
Тырысып бермей қалғанбыз.
Екінші бұйрық келгенде,
Еріксіз алам дегенде,
Құмар болдым өлгенге
Қорлықты көрмей армансыз.
Тағы да мұның үстіне,
Бір ауыр іс түсті де,
Ордамыз у ішті де,
Партия шықты жалғансыз.
Болды десең кім үшін, —

Белгібайдың қызы үшін,
Мұғалімнің жүзі үшін,
Көбіңіз естіп қанғансыз.
Алашорда бір бөлек,
Қауымның ойы өзгерек,
Аз нәрсені қылып кек,
Таза ақылдан танғансыз.
Іш ауруы тиді деп,
Жүрегім жанып күйді деп,
Сағындым тағы үйді деп,
Айтқаныма нанғансыз.
Мысалдап дертімді айтқамын,
Үміт үзіп қайтқамын,
Үйіме тура тартқамын,
Онымды білмей қалғансыз.

Сол кеткеннен кетіп ем,
Ауылға келіп жетіп ем,
Аз ғана күн кідірмей,
Елсізге қарай өтіп ем.
Үмітпен алдап сүйретіп,
Сүйегімді күйретіп,
Тағылыққа үйретіп,
Тағдыр-ау, саған нетіп ем?
Әр тасты бір сүздірдің,
Мұз дәрияға жүздірдің,
Нұрдан үміт үздірдің,
Қажымасқа-ақ бекіп ем.

* * *

Айланыстың алаңы,
Кейде алтын, кейде жез,
Қызыл алды қаланы,
Оқығандар, мұны сез.
Қызылдан қылып зор қауіп,
Қазаққа шын жол тауып,
Қарусыз, қамсыз ел шауып,
Ақтар қашып өткен кез.
Қызылдан шыққан көп әскер,
Оннан, бестен топ әскер,
— Ақтан қалған қару бер, —
деп қазаққа жеткен кез.

Кейбіреулер жалданып,
Қорқытып ақша, малды алып,
Арыз айтсаң, шамданып,
Әркімге зиян еткен кез.
Ақты жеңіп сорлы қып,
Қалаға қызыл орныгып,
Әділет атты жол шығып,
Айтылған боран өтті тез.
Қазақтан ұлық сайланды,
Аяңдап, шаруа жайланды,
Түзелуге айланды,
Болса да шабан бойкүйез.
Ақжүрек атын тағынған,
Аузымен заңға бағынған,
Қой терісін жамылған,
Арылмады арам без.
Қазақтан қалмай партия,
Көбейді сұм мен сұрқия,
Келген жастар ел тия,
Қабыл алып өсек сөз.
Мінеки, менің өмірім,
Көрейін десең көмірін,
Қызуда соқпай темірін,
Ғылымсыз өткен мен бір ез.
Мазақтасын, не күлсін,
Сырымды қазақ не білсін,
Шын әділет жемісін
Көре алмайды біздің көз.

* * *

Қырықтан соңғы қырымды,
Сынамақ болсаң түрімді,
Көрейін десең нұрымды,
Жи-дағы оқы жырымды.
Ой құлағын ашып ал,
Жақтырмасаң, дәлел сал,
Ұқпағансып айтпа жал,
Ойын деме мұнымды.
Күн сайын, яки айында
Жаттап оқып пайымда.
Жан мен тәнірі жайында
Дәлелім көп тынымды.

Отыз жылды өткіздім,
Жетпіске жасты жеткіздім,
Бар қуатты кеткіздім,
Қасықпен аршып жылымды.
Ой құлағын ашпасаң,
Надандықтан қашпасаң,
Жетелесем баспасаң,
Білем бе өлі, тіріңді?
Әулие, білгіш айтты деп,
Жазылған талай қате көп,
Улама ондай уды жеп,
Шатаққа сатпа шынымды.
Қазақтан мендей ұл туса,
Осындай түзу жол қуса,
Хақиқат іздеп бел буса,
Ол да бір жақсы ырым-ды.
Надан шал қайдан білді деп,
Езуіңе күлкі кеп,
Мақтаншақ деп өкпелеп,
Сезе алмассың сырымды.
Қатыным кәрі, балам жас,
Қасымда тұрма, бәріңқаш.
Балалар емес замандас,
Болады қайтып ол мұндас.
Кемпірдің жоқ қуаты,
Не ғылымнан сауаты,
Тірі деген құр аты,
Кәрі шалды күте алмас,
Молдалар аяп пақыр деп,
Бұзылып бара жатыр деп,
Ат қойыпты кәпір деп,
Өздері соқыр, мұным рас.
Көп елім мені күндейді,
Тағады бізге мін дейді,
Өз қылығын білмейді,
Оңалмайтын өңкей нас.
Сыртымнан қарап сын беріп,
Бай, жуан десе шын көріп,
Сырласа алмай жиреніп,
Қашады тағы жаңа жас.
Алжыды деп ел де айтты,
Дін бұзды деп молда айтты,

Ескішіл деп ол да айтты,
Жалғыз қалдым жаланаш.
Бәрің кеттің, мен қалдым,
Неңді жұттым, неңді алдым?
Басыңа пәле не салдым,
Жолдасым — қағаз, қарындаш.
Қыс болса бүркіт баптадым,
Масыл боп үйде жатпадым,
Елу бес жыл таптадым,
Мезі болды тау мен тас,
Мен теріс пе, олар ма?
Айыруға болар ма?
Орын іздеп қонарға,
Терең оймен болам мас.
Ойлай келсем — мен теріс,
Олардікі дағдылы іс,
Ащы тіл мен у төгіс,
Бәрін қылған маған қас.
Найзаны тура саламын,
Аямай мінін аламын,
Енді қайда барамын,
Тап орынды, ғаріп бас.
Көп бейнеттен құтылтқан,
Бар қайғыны мұтылтқан.
Сүйегімен жұтылтқан,
Тыныштық көрім, ауызыңды аш.

* * *

«Жетім бала иесіз,
Өзі кесер кіндігін», —
Түрік айтқан, білесіз,
Белгілі мақал ол бүгін.
Менің үйім отсыз үй,
Елсізде қалған болмас күй,
Сынауға қылдым сізді би,
Өзім ашып түндігін.
Өмірім суық бәріне,
Шыдамассың зәріне,
Жазбаған жөн, әрине,
Сорлы шалдың кімдігін.
Иесін білме, ісін біл,

Сыртын ұқпа, ішін біл,
Тағдырдың сырын тәлім қыл,
Ойлап теріс, жөндігін.
Болдым дүние тойында,
Көп ғылым жоқ бойымда,
Шын мақтан жоқ ойымда,
Кеш сөзімнің кемтігін,
Ойла, мен бір азатпын,
Бар бейнеттен құтылған,
Тіпті, қызық мазақпын,
Жетпіс ойнап ұтылған.
Сақтамаймын жанға кек,
Не десе де сыртымнан.
Міндеген аузың мынау деп,
Қан ағызса мұртымнан.
Дұспаным жоқ, досым жоқ,
Қайғыдан да шошу жоқ,
Рахат іздеп тосу жоқ
Бір жындымын құтырған.
Жаралы жаным шықсын деп,
Қара жер мені жұтсын деп,
Өлген соң елім мұтсын деп,
Атымды қойдым: «Мұтылған».

* * *

Жүз жыл бақты болсаң да,
Әлемнен асып толсаң да,
Алтын таққа қонсаң да,
Айрылған күні бір кейіс.
Жүз жыл азап тартсаң да,
Аш-жалаңаш қатсаң да,
Абақтыда жатсаң да,
Құтылған күні ол бейіс.



ӘДІЛ — МАРИЯ

(РОМАН)

Бұл іс Николай чиновниктерінің қылышынан қан тамған 1911 жылы болғандықтан, қашқын Әділді қауымға білдіріп қоя алмай, Байжан мен Асан ақылдасып, сыр шашпайтын жақындарын ғана шақырып, Әділ мен Марияны жаназалап, түн ішінде апарып Әділдің қыстауының қасындағы жаңа қыстау салам деп жиған тастардың астына жасырын көмді.

Кәрі Шыңғыстау! Адам жерге ие болғаннан бері қарай сенің көрмегенің жоқ. Шыңғыс, Темір сияқты талай-талай сайып-қырандарды қолыңнан жөнелттің. Сенде талай адамның құмары қанып, қуанғаны да болды, жүрегі жанып, суалғаны да болды. Талай-талай талпынған жас жүрек мұратына да жетті. Талай бақытсыздың жарық күндей үміті үзіліп те кетті. Сенде неше түрлі ел дәурен сүріп, аң аулап, мал да бақты. Сенде талай-талай сабаздың қаны судай да ақты. Ай мен күндей ажарлы сұлу, қыршын жастарды да, арыстан жүректі айнымас батырларды да, әлемнен озған алаяқ, аузынан бал тамған шешен билерді де жерошақтай жер қазып, үңірейтіп бауырыңа көміп жатсаң да, бақайыңнан келмей, түк көрмегендей-ақ маңқиып тұра бересің-ау! Онымен де қоймай, қысқа күнгі күншығыстан ұзақ күнгі күнбатысқа қарай керегедей жайылған кең қолтығыңды ашып үңірейтіп: «Кел-кел! Тағы менің қолтығыма кіріп, біресе рахат, біресе бейнет көріп, аз күн арпалысып өтетінің келіңдер!» — деп, үнсіз даусыңмен шақырып тұратыныңды қайтемін!..

Әне, кешегі бір кезде (1910 жылы) амал жұлдызының орта шенінде қайтпас қара желінің дауылы соғып, қардың суын сай-сайдан сарқыратып, соққан жел, аққан суың жан-жануарға рахат болса да, бір жағынан ұшқан қаңбақ, аққан дөңбек сияқты тамырсыз көмексіздерді, есін шығарып, дегбір тапқызбай, сандалтып апарып, бірін құлағалы тұрған жарға тығып, бірін құры құдыққа салды. Онымен де қоймай, кейбір жердің шымын аударып ағытып, жаңа өспірім жастардай жаңа ғана шыққан жасыл шөпті танымайтын. жат жерге апарып та тастады!!!

Әне! Сол амал жұлдызының аяқ шенінде жер кепті деп, қолтығындағы ел мал ашылатамыз деп, бауырға қарай көшті. Атты-жаяу айдаған қойдың жас төлі шаршаған соң, қойды тоқтатып жусатып, жаңа туғанын ауыздандырып, шаршағанын тынықтырып, қоймен бірге барған балалар жалма-жан қу топайды доп қылып, жерді шұқырлап орда қылып, доп ойнай бастады. Қыстаудан жаңа көшкен елдің жүгі орныққпай аударылып, бірі түйесін бақыртып қайта артып, бірі жүк артқан сиырын «ауһаулап» қуалап, ауған жүгін басып, ерлі-қатынды, бала-шағасымен шулап жүр. Отардан қайтқан жылқының алдынан шыққан жас жігіттер көшке қарсы айдап келіп, аты жоқтар жүгенін ала жүгіріп, әрқайсысы бір-бір жылқыға құрық салып, жылқыны алды-алдына бөліп қуалап жүр.

Жаңа туған жас құлынды тәлтіректетіп құрығымен түртпектеп, шидем киген күләпаралы жылқышы жылқының артында келе жатыр. Сонда сен, кәрі Шыңғыстау, көшкен елге қара құжыр қабағыңмен ашулана қарап: «Ала қыстай менің ығымды қорғалап, қыстан аман шығып, бүгін иесіз тастап кеткенін қарашы!.. Қап, бәлем, қайта бір келерсің», — дегендей үнсіз едің-ау! Жотадағы биіктерің: «Батыр-ау, мыналар қайда барады? Ана біреулер не қылып жатыр?» — дегендей алдыңдағы аласа төбелерден аса қарап, кейбір биіктерден созылған жота қыр алдыңғы төбенің иығынан тапқан ана биіктің қолы сияқтанып: «Былай тұршы! Еңкейе берші!» — деген сияқтанып, бөктерге жақын, тіпті, аласа төбелер: «Аналар көрмей қалар», — дегендей-ақ еңкейіп құржия қарап, бәрінің көзі көшкен елде сияқты.

Әне! Осы көшкен ел сәуір жұлдызын бауырда өткізіп, малы ашыға, адамы аққа қанып, төрт түлік малдың төлі әбден аяқтанып, асыр салып, енді жайлауға шықпақ үшін қайта көшті.

Май-май! Әттең, май жұлдызы-ай! Сен жан-жануардың қайғысын ұмытқызып, бейіш ауасын жұтқызып, қабағын ашқызып, үмітін ілгері басқызып, тозбас өмір, таймас бақ бергендей алдайтының-ай! Жайқалған жасыл шөпті қуартатын, жалбыраған жапырақ пен жайнаған гүлдерді жанынан айрылтып ұшыратын күз болмайтындай-ақ, мұқым Шыңғыс даласыменен қар астында қалып, қайғылы ақ бүркеуін жамылып, жорғалаған жыландай, жорға мінген жастардай жылмаңдап аққан мөлдір сулар мұнан былай рахат-қуаныштан үміт үзген мұңлы жүректей мұз болып қататын қыс болмайтындай-ақ, сен, май, әттең, май, жан-жануардың, адамзаттың, да артын ұмыттырып, алдын ойлатпайсың-ау!

Міне, бұл (ескі есеппен) майдың он бесі! Бұл кезде қайта қонған ел Орда, Доғалаңның тұсына қонып қалған. Міне, бұл қоныстар

тағы Шыңғысқа көшпек.

Сонда сен, кәрі Шыңғыстау: «Батыр-ау, ел қарасы көріне ме? Ел қайта қонып қалған ба?» — дегендей бағанағыдан гөрі жылы жүзбен жымыңдап сағымданып, жайда-ры желің жаңа шыққан жасыл көдені бұлаңдатып, қайың мен теректің жапырағын сылдыратып жайқалтып, төскейдегі елге атой бергенде: «Мұнда-мұнда! Бергел-бергел!» -деп шақырғандай болдың-ау...

Әне, Бақтыбайдың, екі баласы Асан, Үсен Шилі құдығына кеше қона сала ысын қазып, бүгін ысын көтеріп те қойды. Жақсы-байдың жалғыз баласы Әділ Милықұдығына бүгін қонып, биесін байлатып бола сала, үй тігілгенге қарамай-ақ далаға сырмақ салғызып, бір табақ піскен ет пен бір тегене қымызды ортаға алып, құрбы-құрдасымен мәз-мейрам болып отыр.

Бір кезде қасындағы бір жігітке қарап Әділ:

— Серікбай, сен кеше Зылиқа жеңгейге шын жолықтың, ба? Қарағым, құрдас-еке, шыныңды айтшы? Кейде мені алдап ұмсындырып қоятын едің ғой, сондай қалжың қылып жүрсің бе?

Серікбай:

— Құдай ақына шын! Міне, бүгін кешке барамыз ғой, өтірік болса, менің, бетіме түкір!

Әділ:

— Зылиқа не деді дейсің?

Серікбай:

— Бағана айтқаным қане? «Еркем әзір тым жасырақ қой, үйтсе де көндірермін. Ел жатқан кезде ыс басынан табысайық, бірақ мына ысшы кісі өздеріңнің сырыңды шашпайтын сенімді кісі болса», — деді дегенім қане?

Әділ:

— Онда сен не дедің?

Серікбай:

— Мен: «Бұл ысшы сұраған соң, әдейі осыны жібергеміз, хабарласуға», — дедім Зылиқаға.

Әділ:

— Әй, құрдасым-ай, — деп Серікбайды арқаға қақты да, — Зылиқа жеңгей уәдесінде тұрса, Марияны бүгін түнде қолымызға береді десеңші!

Серікбай:

— Уәдесінде түрмай, өз қалыңдығыңды өзіңнен аясын ба? Ана күні ғана жеңгетайға бір көйлектік шыт пен төрт кез барқыт бергеніміз қане?

Әділ:

— Ойбай-ау! Мен Зылиқа жеңгей бізден аянады дейім бе?

Ана бір Үсен деген кіші қайнағам мен қатыны Жәмила бізді жатша қорып, аңдып жүрген жоқ па?

Серікбай:

— Әй, Әділ-ай, өзің, тіпті, қорқақсың-ау! Зылиқа жеңгей олардың көзін алдауды біледі және Үсен бізді ұстап алса да, не қыла қояды? Жас адам өз қалыңдығымен жасырын қалыңдық ойнамаушы ма еді?

Әділ:

— Жә, Серікбай, кешке біздің қасымызға кім ереді?

Серікбай:

— Мына Мықтыбай ше?

Әділ:

— Жылқыны кім бағады?

Серікбай:

— Бұ түні ай жап-жарық болады. Несі бар? Өзге жылқышы бақпай ма?

Әділ:

— Жарайды, бірақ үшеуміз де жер қылаң ат мінбесек болмайды.

Серікбай:

— Ту, Әділ-ай! «Кеш болса, қойға соқпақ табылар», деп бір қойшы айтқандай, үшеумізге үш тай табылмай ма? Мен өзімнің сары-қызыл атымды мінем, сен көк бурылды мін. Мықтыбайға ана күнгі ұрыдан төлеуге алған тарлан атты мінгізіп, үш жас үш кәріге мінейік те барайық, ол үшеуі кісінемейді де, пысқырмайды да.

Дәл сол күні Тасбұлақтағы бір ауылдың қараша үйлері бірбеткей қонған. Күнбатыс жақта оқшаулау боз үйдің сыртында бір-ақ қос бар. Боз үйдің оңтүстік жағындағы ұраңқайдан дабырлаған бозбалалардың даусы шығады. Үлкен боз үй мен қостың арасында арлы-берлі жүрген жаяулардың қолында бір-бір жапырақ қағаз: «Болысқа қол қойғызам, тілмашқа апарып мөр басқызам», - дегеніне қарағанда, Төребек болыстың ауылы екені мәлім. Анау ұраңқайда бір үстелді айнала отырған бозбалалар картаны ортаға алып: «Соқ, өйдә, мен бардым, міне, менікі жиырма бір! Ойбой, сыпырып кетті!» — деген дауыстар. Мына жақта бір-екеу дойбы ойнап, оның бірі бір дойбыны қайта қоймақ болғанда, біреуі: «Жоқ, жоқ, қайтармаймын», — деп, оның қолын үстағанда, оларды иықтап отырған екеудің бірі: «Қайтсын, қайтсын! Әлгіде бұл екі алып биге шыққалы жатқанда, сені де қайтарғаны кәне?» — деп, ана біреуі: «Жоқ-жоқ, дойбыда қайтыс болмайды, бұл тоғызқұмалақ емес қой», — десіп шуылдасып, анда-санда сары тегенедегі қымыздан бір кесе қымызды жұта салып, қайтадан ойнап жатыр. Төр алдында бір-екеуі тоғызқұмалақ ойнап, оның

бірі ақ сүйектен істеген бір уыс құмалақты қолына алып: «Бір, екі, үш, төрт», — деп, екі-екіден санап тырсылдатып ордасына салып жатып өзімен ойнап отырған жігітке: «Бол-бол! Ойна!» — деп дығырлатса да, анау: «Асықпа! Ойнармыз!» — деп, біресе бір байын санап, біресе ортадағы атын санап: «Ә, байды көшсем — не мынау жеті атын жеймін, не кек мойыннан тұздық береді!» — деп, тырсылдатып байын көше бастағанда: «Орта толсын!» — деп, бір жылмаңдаған жастау жігіт кіріп келді.

Болыстың баласы Еркімбек картаны қоя салып, әлгі келген жігітке:

— Шешенбай, амансың ба? Мынаған қымыз құй! Бәлемді әбден ыңқылдат!

Шешенбай:

— Ой, тәйірі-ай, мен қымыз көрмеппін бе? Карта ойнап, қымыз ішкеннен басқа түкке жарамайтын өңкей шірік! — деп қалжыңдап келіп, тегене басына отырған соң, ойынды қойып, бәрі қымызға жабылып, «Әйдә, көтер! Әйда, құй!» — деп отырғанда, Еркімбек Шешенбайға:

— Жә, Шешенбай, не есітіп, не білдің?

Шешенбай:

— Не білуші ем? Бірақ сендердей шірікті тырнағына алмайтын бір сұлу көрдім.

Еркімбек:

— Жә, қоя ғой, Шешенбай! «Төбетке өлексенің, бәрі бір бөс» деп Абай марқұм айтқандайын, сен қыз көрсең-ақ, «шіркіннің сұлуы-ай» деп таң қалатынсың!

Шешенбай:

— Мырза, мені өйтіп қорлама! Мен сендердей оны көрсе оны сақ, мұны көрсе мұны сақ болмаймын, мен көрген қызды көрсең, есіңнен адасар едің!

Еркімбек:

— Шешенбай, сен менің қалжыңыма ыза болмай, шыныңды айтшы? Шын маған лайық сұлу көрдің бе?

Шешенбай:

— Мен көруін кердім-ау, бірақ сен оның маңына да бара алмайсың, ол кімнің қызы деп менен сұрамай-ақ қой! Құр ішқұса болып өлерсің. Егер мен Төребек болыстың баласы болсам, осы кешке-ақ сол қызбен жақын болудың бабын табар едім.

Еркімбек:

— Япырай, құр сарнай бермей, айтсаңшы, осы елде көрдің бе, басқа жерде ме? Кім біледі, көрінгенмен тамыр болатын бір қаңсықты айтып отырсың ба?

Шешенбай:

— Пәле, мен ондайды қыз деймін бе? Айт деп болмасаң, айтайын:

— Осы елдегі Бақтыбай марқұмды білесің ғой. Соның бір қызы бар. Міне, осы жаз он бестен он алтыға жаңа ғана шықты, — дей бергенде, бозбалалардың бірі:

— Ол қыз сұлу екені рас, бірақ жастау емес пе? — деді.

Шешенбай:

— 15-16-дан өткен соң қыздың не қызығы бар? Егер мен 19-20 десем, пәле, бір сасық емшекті мақтап отыр деп мені қандай мазақ қылар едіңдер.

Еркімбек:

— Ол қыз айтқаныңдай болмаса қайтесің?

Шешенбай:

— Айтқанымдай сұлу болмаса, мына астымдағы бәйге ақтабан сенікі. Егер айтқанымдай болып, сол қызға өзің маңайлай алмасаң қайтесің?

Еркімбек:

— Атыңның бағасын берейін.

Шешенбай:

— Атымның бағасы бес құлынды бие! Маған екі-ақ құлынды бие беремісің? Өзгесін кештім.

Еркімбек:

— Болады, берейін. Әпкел қолыңды!

Шешенбай:

— Әпкесең, әпкел!

Екеуі қол алысты да, Еркімбек қолын жазбай тұрып бозбалаларға қарап:

— Жігіттер, бұл шын серт! Бұған куә болыңдар!

Шешенбай:

— Болса болсын! Бірақ сен болыстың баласысың ғой, зорлық қып бермей кетесің. Әйтсе де алдыңда Құдай бар. Құдайдан күшті емессің.

Еркімбек:

— Рас, рас, Құдай куә болсын! Әкем екі байталдан кедей болмас. Сол қызға не бара алмасам, не ала алмасам, айтқаным айтқан. Бірақ айтқан қызыңның аға, жеңгесі бар ма?

Шешенбай:

— Бір түгіл екі аға, екі жеңгесі бар!

Еркімбек:

— Шешенбай, енді қалжыңды қойып, жөн сөйлесейік, сен ол ауылдың жайы-күйін әбден білетін сияқтысың ғой. Қай жағынан орайы келетінін өзің тап, ана сертіміз тұрыпты ғой, онан басқа екеуміз өмірлік дос болайық, осы жұмысты өзің жөнде!

Шешенбай:

— Мен қолымнан келгенін аямайын, тіпті, орны келмесе, өзің де өкпелемессің. Мен ол ауылмен оншалықты аралас емес едім. Сөйтсе де білгенімді айтайын. Ол қыздың екі ағасының еншісі бір болса да, үлкен ағасының бөлек отауы бар. Қыз кіші ағасының қолында. Біз сол кіші ағасының қатыны жағынан айналдырмасақ болмайды-ау деймін.

Еркімбек:

— Дұрыс! Енді өзің осы кешке сол кіші жеңгесінен хабар алып бере аласың ба?

Шешенбай:

— Сіз жұмсасаңыз, бармаймын дей алам ба, бірақ кеш те болып қалды. Және түн ішінде нені сылтау қылып барам?

Еркімбек:

— Оның айласын өзің табасың-дағы.

Шешенбай аз ойланып:

— Олай болса, әжеңнен маған ысқа қоятын бір жылқы терісін алып бер. Ол ауыл бүгін ыс көтерді, болыстың бәйбішесі беріп жіберді деп, сол теріні сылтау қылып апарайын да, лажын тауып кіші жеңгесіне сөйлесейін.

Еркімбек:

— Ай, қарағым-ай! Шешенбай десе Шешенбайсың-ау, — деп, арқаға қақты.

Сол майдың он бесі күні күн еңкейе жылқы суға жабылып, қара құл қауғаны қайқая тартып, жылқыны қандырып шығарып жатыр. Жақсыбай марқұмның жалғызы Әділ байбатша құрбыларымен құдық қасындағы дөңде отырып: «Анау бәйге торы айғырдың торы төбелін биыл қысыраққа салдым. Анау торы төбелін ат қылып мінейін деп, былтыр құнан күнінде піштіріп едім», — деп, әрқайсысы бір жылқыны мақтап отыр. Кейде Серікбаймен екеуі күнге қарап: «Жарықтық, қашан батады?» — деп те қояды...

Қосақты қойды сауған қатындар қойды ағытып, арқанды шумақтап жатқанда, арты ағытылғанша кезеңнен қозылар да шулап қоя берді. Қозы баққан жалаң аяқ балалар ат қосқан керешіше қозыларды жанай жүгіріп, жіңішке даусымен қиқулап келеді. Ауылдан шыққан жалаңаш балалар да құлағына қолын басып-басып алып, қозының, қойдың шулаған даусын біресе ашық, біресе күңгірт естіп, «у-у» дегізіп, санға өзін-өзі шапалақтап бір салып, қозының алдына қарай жөнелді. Шеткі қоңыр үйден шыққан қартаң адам таяғын алып, дөңге шығып, жамырап жайылған қойдың алдынан «шайт-шайт» деп түр.

Міне, дәл сол кезде сен, кәрі Шыңғыстау, бауырыңа жапқан қара шымылдық сияқты көлеңкеңді төстегі елге түсіріп, сенің

соныңды білгендей-ақ қымызға тойып алған тапалдау қара қойшы шидемнің бір жеңін белсеніп алып, үйден шыға келіп, қойдың алдына келіп, тымағын лақтырып, қойды кеген басына иіре бастады.

Қатын-бала малшының қолында бір-бір ағаш, қозы бөліп, жерді сабалап: «Ойбай, әне кетті, міне кетті! Бәлі, ана жағының бәрі кетіп қалды!» — деп шулап, кейбіреуі өтіп берген қозыны желкесінен ағашпен басып ұстап, кей балалар қашқан қозыны қуып жүріп құрықтап, көген арасындағылар абыр-сабыр қозы-лақтарды көгендеп те жатыр.

Осы дыбыс басыла бергенде, жылқы жақтан бір ат мініп, екі ат жетелеп Мықтыбай да келіп қалды. Атты үйдің жанына байлап жатып Мықтыбай: «Ерттейін бе?» — дегенде, үйден Серікбайдың: «Ертте!» — деген даусы шықты.

Әділ:

— Әже, қуырдақ дайын ба?

Әжесі:

— Дайын, қарағым, дайын!

Әділ, Серікбай, Мықтыбай үшеуі қуырдақ жеп, қымызға тойып алды да, атқа мініп жатып Әділ:

— Әже, бізге ет алып қоясың ба? Біз бүгін жылқыда боламыз!

Әжесі:

— Қоям, жалғызым, қоям! — деген соң, үшеуі жылқыға қарай өлендете жөнелді. Шу дегенде Әділдің ауызына бұрынғы салдардың айтатын мына өлеңі түсті:

«Аулыңа мұнан бұрын барғаным жоқ,
Көзімді өзге қызға салғаным жоқ.
Қосылып өлсем, шейіт болар едім,
Сен үшін айдалсам да арманым жоқ».

Серікбай:

— Қойшы, қайдағы жаман өлең қайдан аузыңа түсті? — деп, өзге өлең айтып, жылқыға келісті. Кәрі Шыңғыстау, дәл сол кезде сен алыстан мұнарлатып жатып, төстегі елге сықсия қарап, «Ал, енді, мен күнді әбден жасырдым. Майдың қысқа таңы атқанша аз уақыт болса да, асықтар, құмарыңды қандырып ал» дегендей, үнсіз ымбал сөзіңді іңірдегі салқын жел арқылы жастардың құлағына сыбырлағандай болдың-ау!.. Сенің осыныңды сезгендей Әділ екі жолдасымен жүгіртіп Асан, Үсеннің аулына ел жатпай-ақ таянып қалған жоқ па еді?

Осы майдың он бесі күні Асан кешке таман Байболға ысқа от жаққызып көріп, ысты түнде жақпақ болып, отын сөндіріп, үйге

қайтты. Екінді шенінде Асанның келіншегі Зылиқа қайын сіңлісі Марияны қасына ертіп дәретке бара жатып, Марияға:

— Еркем! Мен сенен бірдеме тілейін, беремісің?

Мария:

— Берем, жеңешетай, берем!

Зылиқа:

— Қарағым, сен балалықпен ұшқары айтпа. Мен шын сұраймын!

Мария:

— Жеңешетай-ау! Мен сенен немді аяйды дейсің? Ағаларымның жөні бір басқа, мен сені әжемнің орнындағы әжем деп жүргем жоқ па?

Зылиқа:

— Қарағым, Еркем, мен сенен дүниелік бұйым сұрамаймын, не сұрасаң да берем деп уәде айтшы?

Мария:

— Апырай, жеңеше-ай! Мен саған өкпелейін дедім ғой! Әжем өтерінде екеуміздің қолымызды ұстап отырып: «Қарағым, Зылиқа, мына Марияжанымды әуелі Құдайға, екінші саған тапсырдым. Әкесінің барында оқу оқып, хат танып қалып еді, сонысын ұмытып кетпесін. Сен молда қызысың ғой, оқытып жүр», — дегені қане? Және маған: «Қарағым, мына Зылиқаның ақылымен бол», — дегені қане? Мен соны ұмытты ғой дейсің бе? «Екеуің менің артымнан құран оқып жүр», — демеп пе еді? Мені сынай бергенің не қылғаның?

Зылиқа:

— Қалқам, Еркем, маған өкпелеме! Мен сені өзгелердің жеңгесіндей бұзықтыққа жұмсамаймын. Менің тілейтінім сол әжем мен атекемнің сені атастырып кеткен Әділ күйеу жасырын қалыңдық ойнаймын деп маған кісі салып жүр. Мен сені сыртыңнан билеп бүгін кешке жолықтыруға уәде қылып қойып едім. Тілегімді бергенің рас болса, мені күйеуге өтірікші қылма, қарағым! — дегенде, Мария біресе қызарып, біресе қуарып, маңдайынан салқын тер шыпшып шыққанын көрді де, Зылиқа Марияның мойнынан құшақтап:

— Отырып сөйлесейікші, Еркем! — деп отырды да: — Қарашығым, Еркетайым! Бұл жалғыз ғана сенің басыңа келетін іс емес қой. Өзің ойлашы, қалқам! Кешегі әжем мен атекем де өстіп қосылған ғой. Ағаң мен мен де өсіткенбіз, бұрынғыдан қалған мирас — ата-ененің жоралғысы деген осы, қалқашым. Адамның осыдан қызық өмірі болмайды, ұялма, Еркетайым!

Мария даусы дірілдеп:

— Жеңешетай-ау! Жүрегім лүпілдеп, тұла бойым ұйығандай

салқындап кеткені несі? Мен сенің айтқаныңнан шықпаймын ғой, бірақ жаңағы кісінің қасына жатып... — деп, сөзінің аяғын аяқтай алмай, кідіріп қалған соң, Зылиқа

Марияны құшақтап:

— Қарағым! О да өзіңдей жап-жас бала, сенен бір-ақ жас үлкен. Биыл 17-ге шықты. Әйелдің Құдай қосқан қосағынан жақыны болмайды, қалқам. Бір көріп үйір болғанша ғана. Мына мені мен ағаңды көрмеймісің? Ұялма, қалқам!

Мария:

— Үсен ағам мен Жәмила жеңгем біліп қойса қайтем? Олар маған ұрсады ғой!

Зылиқа:

— Мен оларға сездірмеймін. Бүгін күйеуді үйге әкелмеймін, екеуіңе далаға төсек салып, өзім сені ертіп барып, екеуіңді әбден үйір қылып жатқызамын да, таң атпай қайта ертіп алып келем.

Мария:

— Үсен ағам мен Жәмилаға білдірмей мені үлкен үйден қайтіп алып шығасың?

Зылиқа:

— Оның айласы оңай, қарағым. Бүгін ай жарық болады, екеуміз ойнап, қой күзетеміз деп іңірде айтып қоямыз да, ел жата қойдың шетінде айтақтап өлең айтқан болып жүреміз. Онан соңғы ебін өзім табам, қалқам!

Мария төмен қарап, көйлегінің етегін қолмен ширатып, үндемей ойланып отырды да:

— Мейлің, жеңеше! Сенің ақылыңды алмағанда, кімнің ақылын аламын. Былтыр ғана түскен Жәмила жеңешемнің сырын да білмеймін! Әжем марқұм өзіңе тапсырды ғой. Сен мені жаман болсын демессің.

Міне, осы іңірде туған толық ай дәл Марияның қысылып ұялғанындай қып-қызыл болып туса да, көтеріле келе бозарып, жоғарылағанда, әбден бойы үйренгендей маңқиып, жер жүзіне сүттей тұнық сәулесін түсіріп, айдың, бетіндегі кісі пішінді қожыры қырындай қарап, Әділ мен Марияның алғашқы қосылғанын көрмейінші деген сияқтанды-ау! Сонда, кәрі Шыңғыстау, сен алыстан мұнарлатып, басыңды күнбатысқа беріп көлденең сұлап: «Әділ мен Мария былай жатсашы!» — дегендей бөктердің аласа адырын бауырыңа қысып, төстегі елге жантая қарап жатпап па едің?

Сендердің көрген-көрмегендеріңді білмейім, дәл сол кезде ауылдың алдындағы дөңде аттарын ұстап, бас бағып үш кісі отыр емес пе еді? Соның бірі Серікбай Әділге:

— Әне, әне, әне, ән салған дауыс Зылиқаның даусы!

Әне, жіңішке дауыс Марияның даусы! Әділ, қалыңдығыңның даусын есіттің бе?

Әділ:

— Әй, Серікбай-ай! Мені алдаудан жалықпайсың-ау! Олар неге қой күзетсін! Малшылардың қатын-баласы-дағы!

Серікбай:

— Көрерміз! Құдай біледі, сол екеуі. Міне, ел жатты. Әлгіде жарқылдап тұрған оттың бәрі сөнді.

Әділ:

— Ана бір от ше?

Серікбай:

— Ол ыстың оты, жүр енді, жүр!

Самаладай ай жарықта өзектеу жермен ауылдың бергі жағындағы қалың шиді бетке алып үшеуі желе-жортып келіп, шидің бауырындағы үлкен құры апанға келгенде, Серікбай аттан түсе қалып, Мықтыбайға:

— Аттарды апанның ішіне түсіріп ұстап отыр, Мықтыбай! Бірақ сақ болып отыр. «Жаман айтпай жақсы жоқ», біз сасқалақтап келе қалсақ, атың, үркіп, аттан айрылып қалып жүрме!

Мықтыбай:

— Мені бала ғой деймісің? Бірақ жолдарың бола қалса, Әділ мен Марияның қызығын маған да көрсет!

Серікбай:

— Құдай қосса, көзіңше екеуін құшақтастырып тұрып сүйістірем, үндеме!

Осы іңірде Байбол тамағын жеп болып тысқа шыққанда, Зылиқа келіп:

— Ыстың маңына Серікбай мен күйеу келсе, маған «шөлдедім, сусын әкеп бер, Зылиқа», деп айғайлаңыз, — деді де, қайта барып айқайлап:

— Байбол! Шөлдесең маған дауыста! Сусынды өзім апарып берем!

Байбол:

— Жарайды, жарайды, — деп, ысына қарай аяңдады. Зылиқа қойдың шетіне барып, Мариямен екеуі айтақтап, өлең айтып жүрді. Дәл сол кезде шиден бас бағып отырған Серікбай қасындағы Әділге:

— Әне, әне! Анау Зылиқа. Әне, қасындағы Мария! Енді нандың ба?

Әділ:

— Болса болар! Енді қалай қыламыз!

Серікбай:

— Не қалай қылатыны бар? Жүр, — деп, екеуі еңбектеп

ыстың түбіндегі отынға келді.

Байбол отын алайын деп қараса, ыстың түбінде екі кісі жатыр. Байбол кере салып:

— Е, екі ұры, келдіңдер ме?

Серікбай:

— Келдік! Жылдам Зылиқаға хабар қыл!

Байбол:

— Тұра тұр! Елдің көзі ұйқыға барсын да!

Серікбай:

— Таң қысқа, жылдам хабар қыл дейім, — деген соң,

Байбол:

— Зылиқа, шырағым, әлгі сүр ет мені шөлдетті ғой, — деп айғай салған соң, Зылиқа:

— Апарам, ақсақал, апарам! — деп, кешікпей ауыл жақтан бір шелек алған бір әйел келе жатты. Оны көре салып

Әділ:

— Жеңгейдің жалғыз өзі білем!

Серікбай:

— Әділ, асығып отырсың-ау! Бұ жолы бізді анықтап білгелі келеді, — дегенше, Байболдың сусынын алып Зылиқа келді де, Әділ мен Серікбайға амандасып болған соң:

— Таң қысқа, уақыт тар ғой, мен еркемді ертіп келейін, — деп, асығып ауылға қарай жөнелді.

Аздан кейін көрпе-жастық қолтықтап тағы жалғыз келе жатқан сияқтанған соң Әділ:

— Жеңгейдің жалғыз өзі келе жатыр.

Серікбай қадала қарап:

— Әне, Мария Зылиқаның етегінен ұстап артында келе жатыр, — дегенше, Мария кідіріңкіреп қалған соң, артына қарап

Зылиқа:

— Жүр, қарағым, Еркем, ұялма! — деп, салы бүркенген Марияны таса жағына алып келіп, Әділмен тізелесе отыра кетті де:

— Шырағым, күйеу! Мына еркемді әжем марқұм өтерінде маған тапсырып кетіп еді. Еркем мен екеуіңнің қызығыңды көрсем, арманым жоқ деуші едім. Бүгін сол Құдай тілегіме жеткізді. Міне, аман-есен қалыңдығыңды қолыңа бердім. Жүр, Серікбай, таң қысқа ғой, бұлардың төсегін салайық, — деп, Байболдың астындағы текеметін алып барып, қалың шидің ортасына төсек салды да, қайта келіп

Зылиқа:

— Ал, Серікбай! Енді сен ат жағына бара тұр, бұл екеуін өзім жатқызайын, — деп, Әділ мен Марияны апарып төсекке

отырғызды да: — Құдай ұзағынан сүйіндірсін, қарақтарым, енді біріңнен бірің ұялма! Мен ауыл жаққа барып, айтақтаған болып келейін, ұйықтамағандар болса мені қайда жүр дер, — деп, ауылға барып айтақтап, анда-санда өтірік: «Еркем, үйықтап қалдың ғой!» — деп те қояды.

Әділ мен Марияның алғашқы қосылған махаббатын көріп, аспандағы жарық ай әлдеқашанғы кәрі Шыңғыстауға дыбыссыз ымбалмен: «Ақсақал-ау! Мына екеуі бір-біріне не қылған құмар? Мұнан басқа қалыңдық ойнаған кісі жоқ па еді? Мына екеуі бірін-бірі құшақтап жатып өлсе, арман қылатын емес қой? Бұл бұрын бірін-бірі көріп, асық болып па еді?» — дегенде, кәрі Шыңғыстау терең шаттан шығып, ай жарығымен жарқырап бұрандап аққан мөлдір өзен суын сылқ-сылқ күлдіріп айтыпты: «Сен көрген жоқсың-ды. Бұрнағы жылы Зылиқа түскен тойда бұл екеуі кез болған. Сонда Әділ Марияны көрісімен-ақ іші елжіреп, жүрегі ысып кетіп қадалғанда, қасынан асып тұрған кекілінің астынан сүзіле қараған Марияның нұрлы қара көзі Әділдің жас жүрегіне қанжардай қадалған. Марияның да жас жүрегі лүпілдеп, денесі салқын термен жібісе де, ол кезде он төрт жасар ғана бала болғандықтан, Мария неге сүйткенін байқай алмаған. Бұл іс күндіз болғандықтан, оны сен көре алған жоқсың.

Сол күні Әділ келе сала әжесіне айтып, Жақсыбай марқұм Бақтыбаймен құда болып, қалыңмалын да біржолата берген. Ол жылы Бақтыбай да, Жақсыбай да өліп, былтыр Марияның шешесі және өліп, Әділдің ұрын бара алмай жүргені сол болатын», — деп, кәрі Шыңғыстау үнсіз сөзін аяқтады да, Әділ мен Марияның қосылғанына бойы балқып, қолтық-шабы сияқты көгал өзектерін дымқыл шық басып, тершіп, көзі бұлдырап, мұнар тартқандай болды. Аспандағы жарық ай тұнық сәулесін Әділ мен Марияның қуанышты нұрлы жүзіне түсіріп қадала қараса да, екі жастың бұл кездегі махаббатының ішкі сырын сипаттай алмай, маңқиды да қалды. Енді, біз Зылиқаға келейік: қой шетінде біраз айтақтаған соң, Серікбайдың қасына келіп, қалжыңдасып отырғанда, Серікбайға Мықтыбай:

— Бағана Әділ мен Марияның қызығын көрсетем дегенің қане?

Серікбай:

— Айтқаным айтқан, әйдә, жүр.

Зылиқа:

— Секе, бұл жолы қалжыңды қоя тұрсаң қайтеді? Аманшылық болса, күнгейде тағы бір келерсіңдер, сонда қалжыңдасарсыңдар

Серікбай:

— Жоқ, жоқ, әне, таң бозара бастады. Өзім де қызығын

көргелі өліп отырмын, әйда, жүр! — деп, Зылиқаны жетелей жөнелді. Мария мен Әділ бұлардың дыбысын естіп, жалма-жан киініп отыра қалғанда, Серікбай:

— Әділ! Мына Мықтыбайға берген уәде қайда? Жылдам Мария мен екеуің құшақтасып ауыздарыңнан сүйіс! Әйтпесе, «мына күйеуің жасырын келіп отыр» деп Асанға айғай салам!

Зылиқа күліп:

— Қой, Секе, қой!

Серікбай:

— Жоқ, жоқ, уәдем бар, бол-бол! — деген соң, Әділ:

— Ал, ал, Секеңнің айтқанын қылайық, — деп, Мариямен құшақтасып тұрып, бірінің аузынан бірі сүйіп-сүйіп алды. Серікбай мен Мықтыбай:

— Пәле, жарайды! Жар болсаң, осындай бол! Енді таң атып қалды, әйдә, Зылиқа, сіңліңді алып қайт! Әзірше аман болыңдар!

Зылиқа:

— Қош! Қош! Сөге жамандамаңдар, — деп, көрпе-жастығын алып қайта берді.

Міне, осы түні бір баран атты асығыс жұмысы бардай-ақ сырылдатып келе жатыр. Бір ауылға таянып, қалың шидің бауырынан ете бергенде, аты жалт беріп кетіп, азар оңалып алып қараса, үш атты кісі жаңа аттарына мінген екен. Ауылдан қой алған ұры ғой деп, «аттан-аттан» дегенде, ауыл жақтан «қайда, қайда» деп біреу атқа міне шапты. Сол дауысты арқаланып әлгі баран атты үшеуге жетіп келді: «Түс-түс, атты қинама!» — дей бергенде, аты бір жардан секіргенде, артындағы бөктерген терісі қаудыр етіп, аттың шабына тиген соң, ат мөңкіп соқты да, шұрқырап жатқан жылқыға барып, жанындағы терісін қаудырлатып жылқыны тиіп алды да жөнелді. Үйықтап жатқан жылқышылар «жылқыны жау алған екен» деп аттандай шапқан соң, ауылдан шыққан кісі де жылқыға қарай шапты.

Бұл кезде Зылиқа мен Мария да есік алдына барып қалған еді. Отауға кіре салып жүректері аттай тулап: «Әттеген-ай! «Түс-түс» деді ғой. «Ұстап алып ұрады-ау!», — деп көздерінен жасы мөлдіреп, жүрегін баса алмай отыр.

Жылқышылар мен ауылдан шапқан Асан Ақтабан атты азар ұстап алып, жанындағы теріні жуас атқа бөктеріп, атты жетелеп, жығылған кісіге келсе, есі кірмей сұлық жатыр екен. Атқа өңгеріп, салақтатып алып келген дүбірді естіп, есіктен қарады да Зылиқа:

— Ойбай-ау, біреуін өлтіріп әкелді ғой?

Мария даусы дірілдеп:

— Жеңешетай-ау, әлгі күйеуіңіз емес пе?

Зылиқа:

— Білмеймін, киімі ұқсаңқырамайды! Серікбай болмаса, — дегенше, Асан:

— Зылиқа, жылдам түңлік аш, от жақ! — деген соң, Зылиқа түңлікті ашып, от жағып қараса — Шешенбай. Оны танып Асан:

— Ойбай-ау, бұл сорлы қайдан жүр? Түн ішінде жүремін деп байғұстың ажалы ма, бейнеті ме?

Бұл кезде Шешенбайдың өлер, тірілері белгісіз. Міне, кәрі Шыңғыстау, осы бір түндегі қызық пен қиынның бәрі сенің көз алдыңда болды. Асық боп жүрген екі жас қосылып, құмары да қанды. «Таң қысқа болды», — деп арман да қылды. Қапыда қуғынға ұшырап, азар құтылды. Жаңа ғана қолынан жөнелткен жарын «түсіріп алып, ұрады-ау», — деп Марияның жас жүрегі аттай тулады. Шырт ұйқыда жатқан Асан «жылқымды жау алды» деп тұра шапты. Шешенбайды салақтатып алып келгенде, Әділді өлтіріп әкелген екен деп Мария мен Зылиқаның есі шықты. Біреудің, тілегін орнына келтірем деп Шешенбай сорлы өлгелі жатыр. Осының бірде-бірі бақайыңнан келмей, сен, кәрі Шыңғыстау, түк көрмегендей күн шыққанда тағы маңқиып тұра бересің. Не қылған мықты, не қылған сабырлысың?!

Күн көтеріле бергенде, ауылдан өрген қой мен көгендегі қозы маңыраған даусымен Шешенбай басы қалтақтап, азар есін жиып:

— Уһ! Қаным құрып, шөлдеп барам! — деген соң, Зылиқа бір аяқ қымыз құйып берген еді, азар ішіп, тағы жантайды. Сәске кезінде әбден оңалып, үлкен үйге барып, Жәмилаға амандасты да:

— Мына бір теріні болыстың бәйбішесі беріп жіберді, ысқа қойып, жақсылап ыстатып берсін, екеуміз де қаракесек қызымыз, о да менің сіңлім ғой, жақын болып жүрейік, — деп сәлем айтты.

Жәмила:

— Ойбай-ау, болыстың бәйбішесі бізге апа болатын болса, біз немізді аяймыз? — деді.

Шешенбай:

—Сізге Еркімбек те сәлем айтты, «нағашы апама сәлем де, мені қайын сіңлісімен жақын қылсын. Реті келсе, Марияны біржола айттырып алам ба деген де ойым бар» дейді, әдейі келген жұмысым осы, бұған не айтасыз?

Жәмила:

—Қайдан білейін, «былтыр түсе салып, биыл жаман атын шығарып жүр» демесе, «отыз тістен шыққан сөзді отыз ру ел біледі» деген мақал бар емес пе? Болыстың баласының біржола алам дегені әншейін сөз ғой. Айттырып қойған қалыңдығы бар емес пе еді? Оның үстіне ағалары еркемді бере ме?

Шешенбай:

Еркімбек сенің қайын сіңліңді алса, бұрынғы жесіріне қылимайды да. Әкесіне «мен сол қызды алмаймын» дейді де қояды. Төребек болыс жалғыз баласының айтқанын қылмай тұра алмайтынын әйел болсаңыз да білерсіз.

Жәмила:

— Бұл сөзіңізге әжем баласына ақылдаспай жауап бере алмайым.

Шешенбай:

— Үсен қайда?

Жәмила:

— «Мына бір ауылда қой жүр» деген соң «біздің қой шығар» деп кетіп еді, кеш болған соң қонып қалды, қазір келсе керек.

Шешенбай:

— Олай болса, мен күте тұрайын. Үсен келген соң ақылдас та, маған жауап бер!

— Жәмила:

— Болады! Болыстың баласы шын алам десе, әжем баласы көне ме деп ойлаймын. Себебі Еркемнің бұрынғы атасы өлгеннен бері: «Қарындасымды бір жетімге бергенше, онан гөрі орындырақ, біреуге берсем-ау», — дей беруші еді.

Сөйткенше болмай Үсен келіп, үй жанына ат байлап жатып:

— Анау арқандаулы ат кімдікі? — деді.

Шешенбай:

— Менікі, — деп шыға жүгіріп амандасып, екеуі үйге кіріп, әрі-бері отырған соң, Шешенбай Жәмилаға ым қақты да, шығып кетті. Аздан соң Үсен «Шешенбай!» деп шақырып алып, Шешенбай келіп отырған соң,

Үсен:

— Шешенбай, сенің келген жұмысыңды есіттім. Егер біржола аламын десе, оған өзімнің көзімді жеткізсін!

Шешенбай:

— Мырза, мен сөзді шала апармағаным жөн ғой. Неменеге көзімді жеткізсін дейсіз? Соны ашып айтыңызшы?

Үсен:

— Бұл ойы шын болса, әуелі менімен әкесінің алдында уәделесіп, дос болсын! Екінші, бұрынғы жесірімді алмаймын деп, мені антымен нандырсын! Осы екеуі болмаса, мені әуре қылмасын!

Шешенбай:

— Міне, бұл рас сөз! Кісі рас пейілді таниды ғой! Жарайды, мырза! Еркімбек мұны қыла алмаса, кінә өзінде қалсын! — деді де, қоштасып жөнелді.

Міне, сол майдың 17, 18, 19, 20-ларында ел сыртқа шықпақ болып, асудан асып жатыр. Асудан шұрқыратып айдаған жылқы, шулатып айдаған қой, бұзауын іздеп ілгеріндi-кейiндi мөңіреп жүгірген сиыр, жүгі ауып, бақыртыш басып жатқан түйе, ауған жүкті басқан қатындардың аты шылбырын шұбатып, қоқан ерін қоқақтатып, көпшігін жалпылдатып жылқыға қарай шауып бара жатыр. Арық түйесіне жүгін артып алған кедейлердің жас балалары шулап жылап, кейбір жаланбас, жаланаяқ балалар тайынан жығылып, тайы алдыңғы айдаған жылқыға қарай кісіней жөнелгенде, «Ағатай, ана тайымды ұстай алшы?» — деп көзі жасаурап, өкпесі күйіп ентіккен. Кей жерде қадірлі бәйбішелердің арбасын төрт-бес жігіт «әуп-әуп» деп көтеріп, тастан өткізіп жатқаны. Мына жақтағы таулар да, өзен-тоғайлар да таңдайы тақылдаған көкек, саңқылдаған сарала қаз, тас пен тоғайдағы тамылжытып сайраған неше түрлі торғайлар, су жағасындағы көгалдан шыққан жіңішке дауыспен қақылдаған бақалар! Құрық, қазық, қолағаш кескен балтаның тақылдаған даусы! Тағы-тағылар!

Міне, осы көп дыбыстың бәрі қосылғанда қандай болды? Бұл дабыс зор қаладағы әскер ойнатқан барабанға да, қосылып тартқан музыкаға да, сызылтып салған әнге де, мұңландырып салған жоқтауға да ұқсамайтын, анық табиғаттың өз әні!

Сонда сен, кәрі Шыңғыстау, белiңнен асқан елдің ойын білдің бе? Сонда оның кейбіреуі масатыдай түрленген жайлаудың жасыл шалғынына бауырын төсеп, айнадай мөлдір бұлағынан су ішіп, дертке дауа болатын бейіш ауасын жұтып жүріп, ынтық болған жарымен қосылып, құмарын басқысы келеді.

Кейбірі байлық, бақыттылықпен баса-көктеп, әлгі айтылған асықтардың жанына өлшеген мақсұты мен жалындап, жарқырап тұрған үмітін ешіріп, талқандағысы келеді.

Жарлы-жақыбайлар аз күн болса да аққа тойып, суыққа тоңбай, ыстыққа шөлдемей, табиғаттың төлеусіз берген бағының арқасында тыраңдап рахаттанғысы келеді.

Жарлыны жалдаған байлар айран, қымызын аямаған кісімсіп: «Бәлем, тұра тұр! Пішен мен егін уақыты келсін! Ашы терiңді алармын!» — деп, ішінен жымыңдап жүр!..

Бағанағы асқан ел қыстан бір құтылса, асу азабынан екі құтылып, күнгейге қонып, әр ауыл өз қонысында жүгін түсіріп, бірі туырлығын, бірі кереге-уығын сүйрелеп, үйлерін тігіп те жатыр.

Сонда сен, кәрі Шыңғыстау, жазғытұрымдай қабағыңды түйіп көрлене қарамай, шалқая сүйеніп: «Барыңдар, барыңдар! Анау көгеріп тұрған Кексеңгір, Шақпақ, Ақшатаудан да асыңдар», — дегендей күн жақтағы жылы жүзіңмен жымия қарадың-ау!

Бұл кезде Төребек болыстың да аулы асып, Қосбұлаққа жүгін түсіріп, қыз-келіншек, қатын-қалаш жапырлап үй тігісіп, Еркімбек пен жылқышылар асау құлындарды шыңғыртып, бірі қолмен, бірі құрықпен ұстап тырыстырып әкеп, желіге байлап та жатыр.
Биені байлап болып, желінің басында отырғанда, түнеугі ысқа берген теріні қанжығасына байлаған Шешенбай желе жортып келе сала:

— Әне, Үсен досыңды шақырып келдім! — деген соң, Еркімбек тұра жүгіріп, атын ұстап, амандасып үйге кірісті. Жалма-жан қымызды сапырып, самауырды бұрқылдатып, бір жігітті «жылдам бір бағлан әкел» деп қойға да шаптырды. Сүйтіп отырғанда, болыс келіп Еркімбекке:

— Мына жігіт қай жігіт? — деді.

Еркімбек:

— Бұл — Бақтыбай марқұмның кенжесі Үсен деген іниіңіз, мұнымен мен ақиреттік дос болдым. Мына жаңа қоныста екеумізге бата беріңіз, әке?

— Жарайды, қарағым! Бақты-өмірлі болыңдар, аллау-әкпар! Бірақ менің кейбір достарым сайлау болғанда бұлданып кетуші еді, ондай бола көрмеңдер, шырақтарым!

Еркімбек:

— Әке, біз ондай алдамшы дос болмаймыз. Құдай қосса, түбімізді сүйек айыра ма деген үмітіміз бар!

Болыс:

— Жарайды, балам, жарайды, бірақ сен әлі қалыңдығыңды да алған жоқсың ғой, құдай жеткізсе, о да болмай қоймас!
Шай ішіп, ет те желініп болған соң, Еркімбек Үсенді оңаша алып шығып:

— Достым! Міне, төрт түлік малым. Қалағаныңды ал! Және менен алмақ уағдаңның шет жағасын әкеме де сездірдім ғой, бірақ ол кісі бізді құда болмақшы екен деп ойламайды. Оны жүре ұғындырамыз ғой. Мен бұрынғы жесірімді алмайтыныма не деп нандыр дейсің? Соны алмайтыныма қыршын жаным қиылсын! Енді нандың ба, досым?

Үсен:

— Нандым, нандым, бірақ алдап кетпесең, — дей бергенде,
Еркімбек:

— Алдасам, аруақ, Құдай атсын! Бірақ бұл істі әзір жарыққа салуға болмайды. Неге десеңіз, менің бұрынғы қайным партия үшін құда болған жуан жер ғой. Мына күз сайлау болғалы тұр. Сол өткенше мұны жанға білдірмелік, соған шейін рұқсат қыл, жарай ма, досым?

Үсен:

— Жарайды.

Еркімбек:

— Енді қалағаныңды айт?

Үсен:

— Бұл жолы ештеңе алмайым.

Еркімбек:

— Жоқ! Алмағаныңа мен разы емеспін, тым болмаса бір семіз ат пен бір құлынды бие жетелеп кет, — деп, ат пен бір құлынды биеңі берді, «Жәмила жеңгейдің сақинасы» деп, бір тайтұяқты қалтасына салды да: — Ал енді, мен Жәмила жеңгейге қашан кісі жіберейін? — дегенде, Үсен сасып қалып, аз ойланды да:

— Сайлау өткенше қоя тұрсаң қайтеді? — деді.

Еркімбек:

— Бұл не дегеніңіз? Мұны Жәмила жеңгей мен Шешенбайдан басқа ешкімге білдірмесек, сайлауға шейін «бір күн ши, бір күн туырлық жасырады» деген сияқты болмаймыз ба? Сайлау өтісімен құдалықты да бастармыз.

Үсен аз ойланып тұрды да:

— Қайыр, жайлауға барып әбден орныққан соң, Шешенбайды жіберіп қатынастырарсыз. Қош-қош!

***

Майдың жиырма бесі күні Қарақойтастың кезеңінен аса көшкен көш тіпті көп еді. Кештің малдары да әбден былығып араласып, иттері таласып, «кет-кет! Кә, күшік, кә! Ойбай, анау итті талап тастады! Ойбай, ана бір құлын адасып қалды!» деген шу, бір жағынан айдаған мал килігіп, мұрындығын үзген түйе бақырып, кешті жанап отырып салған жастардың жақсы әндерін де жөндеп есіттірмеді. Сонда бір кілем жапқан көштің қасында келе жатқан бір жастау қыз бен келіншектің қасынан шұрқыратып жылқы айдап бара жатқан Серікбай келіншекке жалт қарап:

— Жеңгей, бүгін аулыңыз қай жерге қонады?

Келіншек:

— Қойтастың бетіндегі Бүйрекбұлаққа!

Серікбай:

— Әне бір бұлақ басына жақын шошақ тастың түбі ме?

Келіншек:

— Иә, иә, дәл сол!

Серікбай:

— Біз шөлдеп қалдық, ауыл қонған соң кешке қымызға тойғызасың ба?

Келіншек:

— Жарайды, кел!

Міне, сол күні Қарақойтастың сала-саласы жаппа тіккен ауылға толды. Жайдақ атқа мінген ақ дабы көйлек-дамбалшаң жылқышы құлынды биелерді құрықтың астына алып, желіге иіріп, ескі кір көйлекті, ақ дамбалды биеші құлынды мойнынан құшақтай алып, ноқтамен желіге байлап жатыр. Адырда бырт-бырт оттап, жүре жайылған қойлар. Жотада атының ауыздығын алып, оттата жүріп, анда-санда «шайт-шайт!» — деп айқайлап қоятын, тымағын түре кигенқойшылар. Көгалезектетарақтытіліменшалғындыорапалып, жалпақ аузымен жалмаңдап пыс-пыс еткен сиырлар. Сүйреңдеген жырық ернімен шалғынды олай бір, былай бір жайқап жұлып алып, «пу» деп басын изеп, салпылдақ ернін сілкіп, қарт-қарт күйсеп тұрған түйелер. Қойтастың бетіндегі балауса шөптің, басын тырсылдатып жүрген қозы мен тастан-тасқа секірген лақтардың қасындағы көгалда қолында бір-бір істік, жер шұқып жеремшек қазған балалар. Міне, сол күні кешкі жылқыны бұлақтан суарып шығартқан Асан мен Үсен Бүйрекбұлақтың басындағы дөңде бір қатты керекті жұмыс туралы әңгімелесіп отырғанда, Үсенге Асан айтты:

— Шырағым, сен артын ойламай, балалық қылдың-ау! Маған ақылдаспай, болыстың баласымен тамыр болдым деп, екі қараға бола басымызды партияға байлап бердік қой. «Бүлінген елден бүлдіргі алма» деп, біздің партияда неміз бар еді? Әкеміздің жолымен ара ағайын болып қана жүргеніміз жөн еді ғой! Үсен Асанның алдында бір тізерлеп жер шұқып отырып:

— Мен малға қызығып тамыр болғаным жоқ, өзі қайта-қайта кісі салып, шақыртып болмаған соң, «біреудің алтын басы еңкейсе...» деген мақалдай болмайын дедім. Және әркім басынбасын, қаймығып жүрсін дедім.

Асан:

— Ертең сайлау болған күні «Үсен досым келсін! Елге ат, ақша керек болды! Маған осындайда болыспағанда, қашан болысады» — дер-ақ.

Үсен:

— Аға, сен не десең о де, мен бұдан зиян қылам деп ойламайым. Азар болса Еркімбек қайда өлсе, сонда өлерміз, онымен бірге өлгеннің арманы не? Бұрын екі сайлауда болыс болған Төребек бұл жолы да болыс болады. Әзір оған қарсы шығатын ешкім жоқ.

Асан:

— Өтер іс өтті, бірақ мұнан былай олардан сөз келсе, маған ақылдаспай іс қылма! Бұл заман — аяқты аңдып басатын заман.

Үсен:

— Мен де бала емеспін ғой, көрерміз.

Асан:

— Енді бейуақытта отырмалық, мен бүгін жылқыда боламын, құлынды қасқыр жазым қылар, — деп, үйге қарай аяңдады.

***

Міне, дәл осы ымыртта есік алдындағы шошақ тасқа қарай Зылиқа бара жатыр. Тастан аса беріп, жан-жағына қарап тұрғанда, қасындағы қалың аршадан Әділ мен Серікбай күліп тұра келді.

Зылиқа басында шошып қалып:

— Ойбай-ау, жаяу келгенсіңдер ме?

Серікбай:

— Жоқ, атымызды кейін қойдық, ана жерде атты Мықтыбай ұстап тұр. Бүгін де Әділ мен Марияны далаға жатқызасың ба?

Зылиқа:

Жоқ, бүгін ауыл жаппа ғой, үйген жүкке шаңырақ сүйеп, киіз жауып қойдым. Соған төсек салып берем.

Серікбай:

— Үлкен үйдегілерге Марияны білдірмей қайтіп алып шығасың?

Зылиқа:

— Ол оңай! Әжем баласы бүгін жылқыға кеткен. «Мен жалғыз жатуға қорқам» — деп, еркемді қасыма алам.

Серікбай:

— Біз үйген жүкке қашан барайық?

Зылиқа:

— Мен үлкен үйді әбден жатқызған соң, жерошақтан от алып барып, жүктің бер жағындағы итарқама от жағам. Сол оттың, жарығын көрген кезде, жүктің ар жағындағы жармен еңбектеп келе қойыңдар, түнеугідей ай жарық емес қой. Бірақ бүгін аттарыңа сақ болыңдар. Кенжем аңды ма деген қаупім бар.

Серікбай:

— Неге?

Зылиқа:

— Бағана сен көш-жөнекей менен ауылдарың қайда қонады деп сұрағанда, кенжемнің келіншегі көштің тасасында келе жатыр еді. Сен кеткен соң ол маған: «Серікбай сізден көш-жөнекей сусын сұрағаны несі? Сіз оған кешке кел дегеніңіз не?» — деп сұрады.

Мен: «Әншейін құдамсып қалжыңдаған соң мен де қалжың қылдым», — десем де, ол сөзіме нанбағандай болды. Енді «көп тұрып қалдым» — деп, үйіне қарай жөнелді.

Серікбай Мықтыбайға барып:

— Бүгін түнеугіден де сақ бол. Егер жер шалған біреу кез болса, мына Қойтасқа кіріп адастырып кет те, ауылдың аяқ жағындағы тұйық жардан бізді тос. Табыспақ жер сол болсын, — деп қайта

келді де, Әділ екеуі шошақ тастан қарады да отырды.

Бұл таңның тіпті қысқа кезі болғандықтан, шапақтың ақ таңлағы жоғалмай, күнбатыстан Темірқазыққа қарай басын бағып айналып, бөдене ұратын кісіше Әділ мен Серікбайды шолып жүр.

Сонда Әділ Серікбайға:

— Япыр-ау, мына ақ таңлақ айналып арт жағымызға шығып алып, Марияға қосылмай тұрып жап-жарық таң болып, бізге дүрсе қоя бере ме? — деп отырғанда, бір жұлдыз ағып қоя бергенде,

Серікбай қалжыңдап:

— Япыр-ай, құрдас, мына Мықтыбайды қуып кеткен Үсен бе? — дегенше, Зылиқаның итарқасының алдынан от жарқ ете түсті. «Өзелене түсу оттан қиын» деген арабтардың мақалындай-ақ өліп отырған екеуі Мария мен Зылиқаның нұрлы жүзіне сәуле беріп, жалыны бұлаңдап атой берген отты көрген соң, тастан түсіп, құс аңдыған мергендей жарды жағалай еңбектеп, шаңырақ күркеге жүрегі дүрсілдеп азар жетті. Келсе, Зылиқа мен Мария да төсекті жаңа салып болған екен. Жалма-жан Мария мен Әділді жатқызып, Зылиқа мен Серікбай Зылиқаның итарқасына сүйеніп әңгімелесіп отырды. Екі сағаттай болған кезде, үйден Үсен шыға келіп, күзетші балаға «мына жерде ат кісінейді» — деп, белдеудегі атына міне сала Қойтас жаққа шаба жөнелді. Оны көрген Зылиқа:

А, Құдай-ай, сақтай көр! Масқара болып, ұстап алып, бүлік шығармаса игі еді!

Серікбай:

— Қорықпа, жеңгей! Мықтыбай ұстатпайды. Жетсе де бір кісіге алғыза қоймас!

Зылиқа:

— Ойбай-ау, алтыатары бар ғой, — дегенше, Қойтас жақтан мылтық даусы жүремете тарс-тарс етіп, жым-жырт болды.

Серікбай мен Зылиқа:

— А, Құдай, сақтай көр! Кісі жазым болмаса игі еді.

Мылтық даусын есітіп, Әділ үшып түра келгенде, Мария қорқып кетіп:

Қалқам-ау, қайтеміз?

Әділ:

— Қорықпа, қорықпа! Мықтыбай аман қалса, бізге ештеме... — десе де, сөзінің артын шала қалдырып:

— Серікбай, Серікбай!

Серікбай келіп:

Қорықпаңдар, қорықпаңдар! Құдай сақтар, — дегенше, дүрсілдеген аттың дүбірі келіп те қалды.

Күзетші бала:

— Бұл қайсың?

— Мен, Үсен!

— Не қылдың?

— Жеткізбей кетті, бірақ екі жаяу қалса керек, — деп, итарқаға таман келе жатқан соң, Әділ мен Серікбай жарды құлдилай жөнелді. Зылиқа күркедегі көрпе-жастықты алып, итарқасына шала-пұла жайып, Марияны құшақтап, үйықтаған боп жата кетті. Жардың аяғына қарай ит шабалана жүгірген соң, Үсен солай қарай желе шауып кетті.

Тұйық жарға жаңа келген Мықтыбайға екі жаяу жүгіріп барған соң, Мықтыбай:

— Бол-бол, жылдам мін! Арттарыңда келіп қалды, — деп, жаяудан үріккен ат шыр айналып мінгізбей жатқанда, Үсен де келіп:

— Атамын, атты қоя бер!

Әділ Серікбайға:

— Осының атын атып кетейін бе?

Қой, қарағым, қой! — деп, аттарына мінген соң,

Серікбай:

— Үсен, сен бізді ата алмайсың, қайт! Біз сенің жауың емеспіз! — десе де болмай, «не өлем, не өлтірем» деп үмтылған соң, атты бұтқа салып жіберіп, жөнеп берді. Ұзамай бір жаппа тіккен ауылға килігіп қалған соң, жарық бере бергенде, Үсен келіп қалып:

— Атамын, ал! — деп мылтығын ұсына бергенде, қашқандар жақтан мылтықтың оты жарқ еткенде тарс етіп, Үсен ат-матымен құлады. Ауылдан жүгірген жаяулар Үсенді көріп:
«Ойбай, өлтіріп кетті ғой! Ойбай, бауырым-ай» деп, Үсеннің қасында шуылдады да қалды.

***

«Уһ!» деп азар құтылған Серікбай, былай шыққан соң Әділге:

— Қарағым-ай! Қапы қалдың ғой, қайнағаңды өлтіріп алдың ғой?

Әділ:

— Жоқ, Секе! Атының омырауынан тигендей болды. Аты жығылған соң жығылды-ау дейім.

Серікбай:

— Әй, білмейім, «ой, бауырым» шығады ғой.

Әділ:

Қайтейін? Мылтығын тура маған оқтаған соң, атын атам деп аттым. Жазым боп өзіне тисе, тиген-дағы! Бірақ өзіне тисе, аты ойнап шыға берсе керек еді.

Итарқада жатқан Мария дауысты естіп ұшып түрегеліп:

— Жеңешетай-ай, біреу «ой, бауырымдайды» ғой!

Зылиқа естіп:

— Әттеген-ай! Кім де болса біреуі жазым болды ғой, еркем! «А, Құдай ақсарбас!» — деп, екеуінің жүрегі аттай тулап, тысқа шығып тыңдап тұр.

«Бауырымдаған» тез басылып, жым-жырт. Біраздан соң төменгі жақтан дабырлаған дауыс ауылға таяна бергенде, бірі:

— Қайта Құдай сақтады ғой. Бағана жолдасын «екі атып тигізе алмадым» дейсің! Бұл жолы өзіңе тимей, атыңа тиіпті. Әйтеуір, кісі аман ғой, ат өзіңнен садаға, — дегенде, Үсеннің «мұнан-дағы өзімді атып кеткені жақсы еді, әжемнің жылы толмай жатып, қаралы аулымды басынып, қылжақ қылып жүрген Әділден Құдай қосса — кегімді алармын-ау!» — деген даусын Зылиқа есітіп:

— Бетім-ай, танып қалған екен ғой. Мен өз жауабымды өзім берермін. Кенжем, саған бірдеме десе, тіпті, жауап берме, еркем.

Сол кезде таң да атып қалды. Үсен келе сала:

— Зылиқа, Зылиқа! Зылиқа-ау!

Үсен:

— Ана Әділ күйеуіңнің атқан құланының етін алғыз! Әділ мен екеуің менің қанымды ішпей қоймайсың ғой!

Зылиқа:

— Онша біз не қылыппыз!

Үсен:

— Жап-жас баланы әуре қылып, бүгін атымды атқызып, өстіп жүріп сен бір күні өзімді де өлтіртпей қайтесің?

Зылиқа:

Кенжем! Мұнан бұрын алдыңнан шығып, бір ауыз сөз айттым ба? Түскеніме үш жыл болған екен, «еншімді бер, ас-суымды бөлек бер» дедім бе? Қызметіңді қылғаннан басқа не жазығым бар?

Үсен:

— Жарайды, жарайды! Қыларын қып қойып, оттап тұрғанын қарашы!

Зылиқа:

— Оттады деме, кенжем! Мен сенің қатының емеспін ғой! Мен еркемді жатпен жақын қылыппын ба? Кешегі атекем мен әжем марқұм атастырып кеткен күйеуі — Әділ.

Екі бала ойнады деп қыр соңынан қалмаған соң, атыңды атса атқан-дағы!

Үсен:

— Әне, қара жүзіқараның Әділдің дауын айтып, суылдап тұрғанын? Қамшының астына алар ма еді?

Зылиқа:

— Қой, кенжем, аузымды қышытпа! Арысы Құдай, берісі екі әкесі қосқан Әділ мен Еркемді ойнатып-күлдіргенге мен ешкімге

жазалы емеспін! Мен сендей партияға сатып, еркемді күйеуінен айырғалы жүргем жоқ.

Үсен:

— Қап, бәлем, байың келсін!

Зылиқа:

Келсе, келсін!

Июнь жұлдызының оны күні Кексеңгір, Шақпақ, Ақшатаудың айнадай мөлдір, мұздай суық бұлақты өңірі ақ үйлі ауылға толған. Табиғаттың әбден жетілген мол дәулетін тамақ та, төсек те қылам деп адам да, мал да, жан-жануардың бәрі бейішке кіргендей рахатта. Бағанағыдай жаппа күрке емес, Шақпақтың суық бұлағының көк орайында шаңқитып тіккен Асан, Үсеннің ақ үйлері есігі түрулі, түңлігі көлеңкелеп көтерулі. Асан жылқысын суартып, Үсен бие байлатып жатқанда Шешенбай келіп, үлкен үйдің жанына атын байлап, үйге кіріп бара жатқанын Зылиқа көрді де, жіті басып келіп, тыңдап тұра қалды. Шешенбай төрге отыра сала:

— Жәмила құдағи, амансыз ба?

Жәмила күліп:

— Құдайға шүкір, құдағиыңыз не?

Шешенбай:

— Оның жайын Үсен мырза сізге айтпап па еді?

— Жәмила:

— Айтқанмен, ол жұмыстарыңыздың ыңғайы келетін емес!

Шешенбай:

— Неге?

Жәмила:

— Ағам мен жеңешем көнетін де емес, Еркемді көндіретін де емес. Бұрынғы атастырған күйеуін жасырын қалыңдық ойнатып жүр.

Шешенбай:

— Қойыңызшы! Қалжыңдап отырған шығарсыз!

Жәмила:

— Жоқ, қалжыңдағам жоқ. Сол үшін жаңада әжем баласы жеңгесімен ұрсысып қалып, ағаммен де сөзге келісіп қалды.

Шешенбай:

— Ойпыр-ай, енді қайттік? Еркімбек «бүгін кешке келем» — деп, мені сізге хабарға жіберіп еді.

Жәмила:

— Қайдан білейін, солай болып қалды. Енді келе алмайды ғой!

Шешенбай ойланып отырып:

— Қой, бұған бір айла қылмасақ болмас!

Жәмила:

— Не айла қыламыз, — дегенде, желі басынан Үсеннің үйге қарай жүргенін көріп, Зылиқа үйдің тасасымен отауына қарай жөнелді.

Шешенбай Жәмилаға:

— Менің ойлаған айлам мынау: бүгін кешке Үсенді бір жаққа жібер де, Марияны өз қасыңа ал. Ымыртта дәретке шыққанда қасыңа ертіп шық та, мына ауылдың артындағы дөңнің астына алып кел. Сонда біз Еркімбек екеуміз сол жерде жолығайық. Бізді көріп Мария «бұл кім?» десе, «Әділ күйеуді шақырып едім, сол» — деп алдап, біздің қолымызға бір бер. Онан соң қызды өзіне қаратып ала алмаса, кінә Еркімбектің өз мойнында қалсын.

Жәмила:

— Ойбай-ау! Мүнымыз бола ма?

Шешенбай:

— Болмай қайтеді? Іңірден-ақ Марияны алдап, «Әділ келеді» деп қойсаң да болады.

Жәмила:

— Мұны әжем баласымен ақылдасайық, — дегенше, Үсен де кіріп келіп, Шешенбайға амандасқан соң, Шешенбай Жәмиламен сөйлескен сөзін түгел Үсенге айтты да: — Оның үстіне солай қылмасақ, мұның түбі шатақ болады. Еркімбек «құлақ сүйіншісін беріп қойған жесірім» — деп әкесіне айтса, ол сендерге әңгіртаяқ ойнатпай ма? — деді.

Үсен ойланып отырды да:

— Болса, болсын! Егер Мария бұған көнбесе, «құда түсем» деп кісі салыңдар. Оған Асан көнбесе, еншісін берем де, болыс аулымен сыбайлас қонып отырып-ақ құда түсірем. Онан соң Мария еріксіз көнер, — деген соң, Шешенбай қуанып үйіне қайтты. Сол күні кешке таман Үсен Тай өзеніндегі ауылға қарай жүрді. Асан жылқысын суартып, жылқышылар мен жылқының алдындағы дөң басында отырып:

— Жайлауды найман, керей ұрысы торитынын білесіңдер ғой, таң қысқа ғой, сақ болыңдар, — деп отыр. Ымырт жабылып, қас қарая бергенде, ауылдың сыртындағы дөңнің түбіне үш атты келіп, аттан түсіп отырғанда, ауыл жақтан екі әйел күбірлеп сөйлесіп келеді.

Жақындаған соң біреуі атты ұстап алып, екі еркек әйелдерге қарай жүріп, дәл қоян-қолтық келгенде әйелдің бірі:

— Ойбай-ау, жат кісі ғой! — деп шегіне бергенде, бірі жүгіріп барып, шап беріп үстап алып:

— Қарағым, Мария, қайда барасың? Мен саған шын асықпын. Мен болыстың баласы, атым — Еркімбек.

Мария:

— Болыстың баласы болсаң қайтейін, қоя бер! Қой, әрі!

Еркімбек:

— Жоқ, жоқ, жібермейім! Мен сені айттырып қойғам! Үсен ағаңа құлақ сүйіншіні беріп те қойғам! Сен менің қалыңдығымсың. Әлден менің көңілімді қалдырма, отыр, қарағым!

Марияның есі шығып кетіп, «қоя бер дейім, ойбай!» — деп қатты айғайлап жіберген соң, Шешенбай бір қолымен Марияның аузын баса қойды.

Еркімбек:

— Шешенбай! Әйдә, алып жүр! Біржола әкетіп қалайық, — деп, екеуі екі қолынан ұстап, аузын басып, аттарына қарай алды да жөнелді. Қасында тұрған Жәмила не қыларын білмей сасқалақтап, желегі желпілдеп, екі шынтағы артына селтеңдеп, үн-түн жоқ, ауылға қарай адымды қойды.

Дәл сол кезде қасындағы дөңнен:

— Ойбай, әкетті, ойбай! — деген бір әйелдің даусы шыққанда, жылқыдан қайтып, ауылға таянып қалған Асанның:

— Қайда, қайда! — деген даусы шыққан соң, қанша айтқанмен, ауыл іргесі ғой, болыстың баласы болса да қорықты білем, қызды тастап, аттарына міне жөнелді. Оның кеткенін көріп Зылиқа да келіп:

— Қарашығым, Еркем-ай! Алдауға еріп, жазым бола жаздадың-ау! — деп, талып жатқан Марияны құшақтай алды. Мына жақтан Асан да келіп:

— Немене, Зылиқа, немене?

Зылиқа:

Осы жерге дәретке келсек, үш ұры қой алғалы тұр екен, соны көріп ойбайлап едім, еркем қорқып талып қалды, — деп шынын айтпай, Марияның есін жиғызып, үйге алып барды. Жаудан адасып қалған Асан түні бойы жер шолып жүрді. Ұшқаны білінбейтін ұшқыр заманның зырқырап өтіп бара жатқанын Әділ мен Мария сияқты жас асықтар сезе ме? Міне, июньнің он бесі де болып қалды. Әділ мен Марияның алғашқы қосылғанына дәл бір ай болды. Сол күні Әділ мен Серікбай киіктің марқасқа текесін атып әкеліп, талайдан киік көрмегендер анталасып қуанып жүр.

Әділ мен Серікбай:

— Әттең, дүние-ай! Мына текенің кең танауын көрсетіп Марияны қорқытсақ-ау, — деп қуанып, қымыз сапыртып отырғанда, біреу сәлем беріп кіріп келгенге қараса — киімі жөндеу жас жігіт.

Серікбай:

— Сен қай жігітсің?

Мен Үсен үйінде жүрген керей күзетшісі едім, еліме қайтып барам, — деді де, бір аяқ қымызды іше сала Әділге:

— Мырза, ұят болмаса, тысқа шықсаңыз, сізге біреудің «оңаша айт» деген сәлемі бар еді! — деген соң, Әділ мен Серікбай ере шығып, әлгі жігіт күпісінің жыртығынан бір қағаз алып, Әділге берген соң, Әділ оқып қараса, сөзі мынау: «Біздің ауыл екі бөлінетін болды. Кіші қайнағаңыз Үсен Еркемді «Төребек болыстың баласына берем» — деп бүлік шығарып жатыр. Мұнан былай бізбен хабарласуыңыз қиын. Үшқан құсты да аңдып отыр. Осы кешке бір лажын таппасаңыз, ертең ерте кенжем Еркемді алып, болыс қасына көшпекші. Басқа жайымызды мына баладан сұрап қанарсыз. Зылиқа жеңгеңіз». Аяқ жеріне: «Сорлы жарың Мария» деп қол қойған. Қағазды оқығанда, Әділдің өңі бұзылып кеткен соң, Серікбай әлгі жігітке:

—Жаным, естіген-білгеніңді түгел айтшы, — дегенде, жігіт:

—Еркімбектің Марияны алып қашпақ болғанынан бастап, бүгін енші алысып, ертең екі айрыла көшіп, Үсен болыспен сыбайлас боламын деп жатыр. Бақтыбай марқұмның екі інісі Байжан, Ержан ақсақалдар арасына жүріп, Үсенді «көшпе» десе де, ол көнбей жатыр. Бірақ бір жаман жері — Марияны Үсен «ала кетем» деп, Мария «Асанның қолында қалам» деп, сол тақырыпта жанжал шығып, Асанға Үсеннің тілі гиген соң, Асан ағалық қылып Үсенді қамшымен бір салып қалып еді, сол ашумен Үсеннің Ма-рияға қолы тиіп қалды. Тұрған аулымның жайы солай болған соң, «еліме қайтайын» деп, Зылиқа жеңгейге астыртын амандасып едім, осы қағазды берді. Жүріп бара жатқанымда, Зылиқа келіп «Хабарға кісі таба алмаса, сені қайтарсын!» деді, онысы не сөз екенін ұға алмадым.

Міне, әлгі қағазды оқып, мына хабарды естігенде, Әділдің жас жүрегі қандай болды?.. Жаңа ғана текенің танауымен Марияны қорқытсам-ау деп, асық жарын тағы бір құшпақ болып отырған талпынған талабы талқан болып, біржола қирамаса да, жаралыстың жазғы шыққан, қызылды-жасылды жарасымды гүлдері әбден жетіліп болған соң, басын сарғыш шалғырт шалғандай, барша әлемге рақымды аспандағы жарық күн әбден жоғарылап болып, июньнің онынан кейін қайта бастағанындай, Әділдің талпынған жас жүрегіне аз да болса кәдік білінгенін көрдіңіз бе? Міне, дүниенің қызығы осы! Әлгі хабаршы жігіт сөзін айтып болып, «қош» дегенде, «тұра тұршы» деп тоқтатып қойып, терең ойға кеткен Әділ әлі ойдан басын көтерген жоқ. «Адам басқа түссе баспақшыл» деген мақал бар ғой! Осы Әділ бұрын қулық-сұмдық білмейтін жап-жас бала еді. Мына хабар

Әділдің жүрегіне оқтай қадалғанын сонан біліңіз. Аз уақытта-ақ Әділдің ойы шартарапты шалып, айла, ақыл іздеп келді. Жуырда жөнделе алмай жатқанының мәнісі — ыза мен ақыл, үміт пен қауіп бірін-бірі жеңе алмай, тапқан ойын бұлдырлата бергендігі. Бір мезгіл «Марияны алам» деген Еркімбектің аузы өзін жұтайын деп, арандай ашқан айдаһардың аузындай көрінеді. Бір мезгіл «Ой, тәңір-ай! Адал жардың жолында өлгеннің арманы не?» дегенде, тіпті, ер болып кетеді. Әділ бір кезде басын көтеріп алып: Бар, біреуің қойдан ақсарбас әкел, — деп, әкелгізіп, құбылаға қарап ұстап тұрып:

— Әже, батаңды бер! Тірі келсем, көзің көрер, өліп кетсем, қарызыңды кеш! Мына бір керей жігітті көрдің бе? Мен өліп кетсем, осыған көк қасқа дөненді бер! Осыны ұмытпа! — дегенде, әжесі күндігін мойнына салып тұрып:

— А, Құдай! Жалғызымның жолын қыла көр! — деп зарлағанда, сол үйде жыламаған жан қалмады.

Әділ Серікбай мен Мықтыбайды қасына ертіп, әжесінің боз жорғасын ерттеп, оған әлгі керей жігітті мінгізіп алып жөнелді.

Сол он бесінші июнь күні Асанның отауы мен үлкен үйдің ортасына бір қонақ үй тігілген. Ол үйде Байжан, Ержан ақсақалдар тағы екі жолдасымен қонып отыр. Бұл ақсақалдар малды еселеп, екі есесін үлкен үйдегі Үсенге қалдырып, бір есені Асанға беріп, енші жағын бітірсе де, Мария туралы екеуін жарастыра алмай, Марияны Үсен үлкен үйге кіргізіп, шығармай отыр. Асан оны тартып алам деп, жанжал шығатын болған соң, Байжан, Ержан ақсақалдардың, ара ағайын болып, қонып отырғаны сол еді. Біресе Асанды, біресе Үсенді шақыртып алып сөйлессе де, жарастыра алмай отыр еді.

Ымырт жабыла ауылға таянып келгенде, Әділ әлгі керей жігітті аттан түсірді де, бір қағазды қолына беріп:

— Мынаны Зылиқаға бер де, соның айтқанын қыл! — деп, керей жігітті ауылға жіберді.

Ол өзге ешкімге көрінбей, шеттегі Асанның отауына кіріп, Зылиқаға қағазды берген соң, Зылиқа оқып көрді де, керей баланың құлағына бірдеме сыбырлап тысқа шығарды да, дауыстап:

— Кет арман! Өзіңнің жүрген үйіңе бар! — деп, арқаға қойып қалған болды.

Керей жігіт үлкен үйге барса, Үсенді Байжан, Ержан ақсақалдар шақыртып алып сөйлесіп отыр екен. Оның сөзін тыңдаймын деп Жәмила тыста жүр екен. Керей жігітті көре салып Жәмила: «Байғұс-ау, бағанадан қайда жүрсің? Зылиқаның отауына барам деп, таяқ жеп қалдың ғой! Үйге кіріп, саумал құйып іш!» — деген соң, үйге кірді де, Марияға Зылиқа сені «ана күнгі

дөң астына келсін» дейді деген соң, Мария шапанын бүркеніп, ала жөнелді. Тыста тұрған Жәмила оны көріп:

— Еркем, бейуақытта қайда барасың? — десе де, «тысқа шығармаймысың» деп жүре берді.

Келсе, Зылиқа да келген екен. Әділдің хабарын айтқанша олар да келіп қалды. Зылиқа:

Қарақтарым, жолдарың болсын! Жылдам-жылдам! Қош! — деп, отауына қарай жөнелгенде, Әділ де боз жорғаны көлденең тартып, Серікбайға:

— Мінгіз, жылдам, мінгіз!

Зылиқа қайта жүгіріп отауына кіре бергенде, Үсеннің «Құдай ұрды ғой» деп сасқалақтап, атына мініп жатқанын көріп, Байжанның жолдастары: «Не бар, не бар?» — деп, олар да Үсеннің артынан шауып кетті. Осы кезде іңір қараңғы болса да, Үсен тұра қалып, дүбір шыққан жаққа қарай шапты.

Әділдерге ұзамай-ақ келіп жетіп, ол жолы сасқалақпен мылтық ала алмай, сойыл ала шапқандықтан, келе біреуіне сойыл салды. Ол Мықтыбай еді. Бір-бір қағысып өткенде, Үсеннің басы жарылды. Қайта айналғанда, Мықтыбай сойылын көтеріп алып, алдыңғы Әділге:

— Әділ, мынауыңды енді ұрсам өлтірем! Қалай қыл дейсің?— дегенше, Әділ келіп Үсенге:

— Үсен, енді қайт! Тіпті, қайтпаймын десең, мә, мылтық! Осымен мені де ат, қарындасыңды да ат! Мен Марияны еріксіз алып бара жатқаным жоқ. Мария Еркімбекті сүйетін болса, ана жолы қолына беріпсің ғой, сонда Еркімбекке еріп кетпес пе еді? — дегенше, артқылар да келіп қалып, Үсенге:

Қой енді, қайт! Біреуің өліп қаларсың! — деп, Үсенді ұстап қалды. Үсен үйіне қайтып келіп, түні бойы бұрқырап: «Бәрің менің жауымсың! Не өлтіріп, не өлетін едім», — деп, таң атқан сон, атына мініп алып, қатынына түйені әкелгізіп, «көше бер» деді де, болыстың аулына қарай жөнелді.

***

Он алтыншы июнь күні Шақпақтың сыртында, Ақтасты бұлақтағы болыстың аулының сыртында Еркімбек, Үсен оңаша сөйлесіп отырғанда, Еркімбек:

— Мен сенің мұныңа, тіпті, нанбаймын. Басынан мені алдап, малымды алып, өз қолыңнан беріп жібердің!

Үсен:

Ойбай-ау! Мына басымды көрші! Аналар болмаса, біреуміз өлетін едік.

Еркімбек:

—Сөзің шын болса, «Әділ жолдастарымен аулымды шауып, қарындасымды тартып әкетті» деп, тілмашқа протокол жазғызбайсың ба?

Үсен:

— Жазғызам! Жазғызам! Әдейі соған бола келгем жоқ па?

Еркімбек:

— Әйдә, жүр! — деп, екеуі тілмаштың қосына кіріп, тілмашқа басын көрсетіп, өтірік куәні салып, протоколды жаздырып жатыр. Бір кезде тілмаш:

— Иван, болысты шақырып кел, — деген соң, казак-орыс барып болысты шақырып, қосқа кіргізді де, өзі анадайдан қосқа ешкімді жолатпай қорып жүр. Болыс Үсенге амандасты:

— Ауылдарың аман ба?

Үсен жауап бергенше, Еркімбек:

— Аман емес! Бүгін түнде Жақсыбайдың Әділі аулын шауып, Үсеннің, басын жарып, қарындасын тартып әкетіпті. Соған протокол жазғызып отыр. Өзгесі бітті. Сізді қол қоюға шақырдық. Болыс қағазды оқып беріп, аз ойланып отырды да:

— Балам, бұл жарамайды!

Еркімбек:

— Неге?

Болыс:

— Мына сайлауға екі ай, көп болса екі жарым ай қалды.Әділдің өзі жалғыз болғанмен, рулы елі бар, ағайыны бар, әншейінде біздік болғанмен, Әділдің басы шатаққа ілінсе, қаны қызбай тұра ма?

Еркімбек:

— Әке, мен енді сырымды айтайын: ана күні мынау Үсенге құлақ сүйінші беріп қойған менің қалыңдығымды алып қашып отыр. Мен Әділден кегімді алмай... — деп сөз аяғын аяқтағанша, әкесі баласының сөзін бөліп:

— Қарағым-ау, арыстандай азулы қайның бар емес пе? Қызының үстіне қыз айттырған соң, ол бізді көре ме? Әрі онымен, әрі Әділдің бар ағайынымен мені көргісіз қылып, осы сайлауда әкеңді қара жерге отырғызғалы жүрмісің?

Еркімбек:

— Әке, сізге бақты Құдай берді, осы ел беріп жүр ме? Сізді ел тастағанмен, нашандік уез тастамайтын болған соң, бәрі де амалсыз малға сатылып жүрген жоқ па? Мен Әділден кегімді алмай қоймаймын. Қол қойыңыз!

Болыс Үсенге:

— Шырағым, сен шыға тұршы, біз өзді-өзіміз ақылдасайық, — деген соң, Үсен тысқа шықты. Ол кеткен соң баласына:

— Шырағым, мен Әділден кегіңді алма демеймін. Бірақ қыз Әділдің өз жесірі, оны сүйіп қашқан болса, сұралғанда да оның сөзін айтады да, Әділге мұныменен ештеме қыла алмайсың, әрі сайлауда залал болады. Онандағы мен Әділден кегіңді басқа жолмен алып берейін!

Еркімбек:

— Қайтіп?

Болыс:

— Қазір екі мықты ат пен сыр шашпайтын екі кісі тап!

Еркімбек:

— Оны қайтесіз?

Болыс:

— Оны Дегелеңдегі болыс қайныма жіберем, Ақботадағы құдама, Семейтаудағы құдама, Көкендегі нағашыма жіберем де, бәрінің болыстарынан нашандікке рапорт түсіртем.

Еркімбек:

— Не деп?

Болыс:

— «Әділ Жақсыбай баласы қайдағы қашқын ұрыларды ұстап, малымызды ұрлап, тыныштық бермейді» дегіземін. Оны нашандік біздең астыртын секретный бұйрықпен сұрайды. Сонда мына тілмаш-екем мен біз «рас» деп куә болып қайырсақ, бір-ақ күнде мойны астынан келеді. Оны ешкім де білмейді, жаласы бізде де қалмайды. Тілмаш-екем мен біздің мал басымыз қосылған кісіміз ғой, бұл кісіге ұнаса, менің ақылым осы.

Тілмаш:

— Жарайды! Болыстікі ақыл, — деген соң, болыс:

— Бірақ мұны Үсенге де сездірмеу керек. Үсенді өзім бабын тауып қайтарам, — деп, Үсенді шақыртып алды да:

— Үсен шырағым, сен менің жалғыз баламмен дос болған баламсың ғой! Мына сайлауға қарсы бізге зиян болатын істі қой. Мен Байжан ақсақалға хат берейін, барып ағаңмен жарасып, Әділде қалғаның болса алудың қамын қыл. Алда-жалда кек көрсең, сайлау еткен соң кегіңді алып беруге мен міндеттімін, — дегенде, тілмаш:

— Мен мына протоколды жазған қаламкәкіні кім береді?

Еркімбек:

— Мен берем тілмаш-еке! — деді.

Тілмаш:

— Жоқ, сені білем ғой, мен ақы бермесе, протоколды қайырмайым!

Еркімбек:

Мә, — тілмаш-еке, Үсен үшін бес сом! Бұл менің досым ғой!

Тілмаш:

Қайыр, қайыр, сен айтқан соң болмас! — деп ақшаны алып, протоколды екі айырып үстелге қойды. Сол кезде есіктен Иван:

— Болыс-еке, сізге жолығуға Ержан ақсақал лұқсат сұрайды

Болыс:

— Кірсін, кірсін!

Ержан кіріп амандасқан соң, болыс:

— Жұмысыңызды айтыңыз.

Ержан:

— Байжан ағаңыз жіберіп еді: «Мынау Үсен баланың жұмысын қазақша сөйлеуге рұқсат қылып, Үсенді қайтарса екен» деп. Болыс күліп, үстелдегі протоколды алып қиыстырды да:

Міне, ақсақал! Сізден бұрын-ақ тілмаш-екең екеуміз ақылдасып, ұнатпай жыртып тастадық. Бірақ біздің қадірімізді сіздер білмейсіздер ғой.

Ержан:

— Неге, болыс-еке, мұныңызға құлдық! Біз сіздің жақсылығыңызды неге ұмытайық!

Тілмаш:

— Ну! Сайлауда көрерміз!

Болыс Ержанға:

— Ақсақал, мына іниіңізді алып қайтып, ағасымен жарастырып, Әділде қалған-құтқаны болса, алып беріңіздер. Менің ел тозсын демейтінімді білесіз ғой. Бірақ өзіме қарсы келгенге шыдай алмайтыным рас.

***

Сол он алтыншы июнь күні Үсеннің келіншегі Жәмила «үйді жығам» деп түңлігін алып тастаса да, Байжан ақсақал кісі жіберіп: «Ержанды жібердім, сол келгенше жықпай тұра тұрсын», — деп жыққызбаған, бесінге таянып қалған соң, Жәмила:

—Маған келген соң інісі ұрсады ғой, — деп, үйді жыққалы жатқанда, Ержан мен Үсен келіп, Байжан отырған үйге түскен соң, аз ғана сөйлесіп, Асанды шақырып алып, Байжан ақсақал:

— Шырағым Асан! Аруақ жар болып, болыс мынау Үсенді «ағаңмен татулас» деп қайырыпты. Кешегі балалығын кеш, шырағым.

Асан:

— Ағалар, мен кешермін-ау, бірақ ата-анамыздың аруағы кешер ме? «Солардың атастырып кеткен Әділге барам дедің» деп, кеше жетім Марияны сабады. Соның ызасынан Мария жаяужалаңаш кетіп отырған жоқ па? — деп, көзінен жас ыршып кетті.

Байжан:

— Қарағым, сен кешсең аруақ та кешер. Марияның Үсенде қарызы қалғаны рас. Бірақ Әділде де осы үйде ілу, жыртыс, сүтақы, тоймал дегендей қарыздары бар емес пе? Ашуыңды бізге беріп, кешкенің рас болса, бәрінің емін өзің тап!

Үсен:

— Аға! Менің білместігім болса, дүре салсаң да шыдадым, — деген соң, Асан:

— Сөзің, шын болса, ана Марияның киім-кешегі, төсек-орын, ер-тоқымын алып барып, аяғына жығыл! Әділ аласыңды бермей кетсе, мына маған берген аз ғана еншіңді мына ақсақалдардың көзінше соған бергенім. Әділден алсам да, қалсам да өзіме есеп болсын!

Байжан ақсақал:

— Үсен, сен енді ағаңның айтқанын қыл!

Үсен:

— Жарайды! Зылиқа екеумізалып барайық! — деп, Марияның киім-кешек, төсек-орнын бір түйеге артып, ер-тоқымын өзі мінетін қара жорғасына ерттеп, Зылиқа, Үсен, Ержан ақсақал бір жолдас алып жөнелді. Мына жақта Әділдің қәрі шешесі «келінім келді» деп, бағанағы ақсарбас қойдың үстіне бір тай, бір қой сойып, той қылып жатқан. Кешке бұлар барған соң, «тойың тойға ұлассын» деген қазақтың батасындай болып, Үсен Марияны құшақтап кешу сұрап, мәре-сәре болды да қалды. Ертеңінде Әділдің кәрі шешесі «темірді қызуында соқ» деген деп, үш түйе, екі жақсы ат, елу қой айдап, Әділді ертіп Асан, Үсеннің аулына келіп, олар екі қонғызып, Марияның отауы мен қалған жасауын арттырып Жәмила апарып, Мариямен жарасып, әбден кірсіз болып татуласты. Сол күні Әділ мен Мықтыбай барып, Серікбайдың келіншегін де ұзатып әкелді.

***

«Бір ай деген — бір күн» деп қазақ айтқандай, ел күнгейге келіп те қалды. Тамыздың тамылжыған ыстығы қыр шөбін сарғайтса да, балаусалар әлі еңді. Қозының желкілдеген желектей сеңсең жүні қырқылып, ірек-ірек болса да, қомағайдың көзін қызықтыратын қомақты құйрығы жайқалған бағлан тоқты атанып қалған. Міне, бұл — июльдің он бесі. Әділ мен Марияның аузына жанын тістеп құтылғанына да бір ай болып қалған.

Әр мезгілдің өзіне лайықты ісі бар ғой. Бұл кезде Әділ мен Мария түгіл, олардың жас балалары да, үлкендері де қарақат, бүлдірген теріп, сай-сайдың балауса шөбін таптап, көленкелі ағашты аралап жүр. Арқасы күнге күйген дамбалшаң орақшылар бастарына

желбіретіп орамал тартып, кейбірі әдейі күлсін дегендей, орған ұзын шалғыннан басына сәлде орап көлбектеп, күрілдетіп пішен шауып жүр.

Қайнымен жарасып алған Әділ арты — шаңсыз, алды — даусыз. Асық жарына қосылып алған Марияның, тергені — бүлдірген, қарақат, салғаны — сауық, ойларында дәнеме жоқ, қайғысыз уақыты осы.

Бұл кезде Төребек болыстың аулы да күнгейдегі Қосбұлағына қонған. Ауылдың сыртында он шақты ат қалмақша байлаулы, шыбыннан тыпыршып шыдамай тұр.

Тілмаштың ақ қосына старшындар бір-бірлеп кіріп-шығып жатыр. Алдыңғы шыққандары артқысын тосып отырғанда, бір старшын қасындағыға:

— Осы біз неменеге мөр бастық?

Ана қасындағы старшын:

— «Егін, пішен есебі» деп тілмаш айтты ғой!

Анау:

— Екі қағаз сол екені рас! Бірақ ана бір қағазды бізден тасалай берді. Менің азырақ орысша танитыным бар ғой. Сол қағаздың басында «Секретный бұйрық» деген жазу бар. Және аяқ жерінде «Әділ Жақсыбай баласы туралы» деген сөзді көзім шалып қалды,

— дегенше, артқы старшындар келіп, «Жүріңдер! Жұмыс бітті ғой. Үйімізге барып пішенімізді орғызайық» деп тарқасты. Сүйтсе де әлгі старшынның ойынан сол күдік шықпады. Шыңғыстың күнгейіне қонған қалың елдің малы 15-20 күнде-ақ жердің шаңын шығарды. Бауыр қыстайтындар июльдің жиырмасынан қалмай асып, отызында Әділдің аулы да аса көшті. Сыртқы биік жота-дан көш үңірейген көр сияқты терең асуға құлай бергенде, Әділ артына қарап, жотада біраз кідіргенде, Қара-қойтастан аса көрініп құлазып қалған Көксеңгір, Шақпақ, Ақшатаулар өкпелеп, наз қылған әйел пішінденіп, мұнартып мұңайып: «Қап! Бізді тастап барғандағың-ды да көрерміз» деген сияқтанды.

Әділ әдейі ойламаса да, «жаз жайлаудағы жайнаған жасыл шөп, жарқыраған айнадай бұлақ, бейіштің әуесіндей жан беретін ауа қалды-ау!» дегендей шеміршегінің асты қызып кеткенін сезбей қалды. Сонда сен, кәрі Шыңғыстау: «Жазғы салқын, биік жайлаудың, жарқыраған мөлдір суын, жайқалған жасыл шөбін жайлап, дертке дәрмен болатын жақсы ауасын жұтып келдіңдер ме? Енді бір мезгіл төмен түсіп, түнерген құдықтың ылай суын ішіп, Шаңдыаяққа қонып шаң жұтып та көріңдер!» — дегендей сазығырлау сары бетіңмен қарадың-ау! Терең асуда келе жатқан көшке екі жақтағы қабағын түйген қара жартасың «бәлем, үстіне құлап, талқаныңды шығарайын ба?» деп тұрғандай болды-ау!..

Сол қиын асудың ішінде келе жатқанда, Әділді әдейі қуып келіп, бағанағы старшын кәдіктенген сөзін айтып: «Соңыра сөз бола қалса, біз «орысша білмегендіктен мөр бастық» дерміз», — деді. Әділ бұл істі ештемеге жори алмаса да, асудың қиындығынан ба, салқын самал жайлаудан шаңдыаяққа келе жатқандықтан ба, әйтеуір көңілі жабырқау тартты.

***

Ел бауырға алғаш келген кезде ащы сағынып келген мал тарлау, жусан, көкпек, жалмаңқұлақ сияқты ащылы шөпке әбден қанып, жазыққа түсіп тыраңдап, Шаңдыаяққа аунап жетісіп қалса да, август жұлдызын аяқтағанша әр жерге жұрт жаңалап қонып жүрсе де, сентябрь туған соң-ақ бұрынғы жайлаудағыдай жұма сайын соны қонысқа қона алмай, мерзімді судың басында, ескі көңде кеп отырып қалып, ауылдың маңы шаңдақ тартып, тақырлана берді. Қазан (сентябрь) туған соң қазанның қара дауылы соғып, сарғайған жапырақтарды, жайқалған селеулерді ұшырып, ағайыннан алыс жерге амалсыз жеткен жолаушыдай-ақ қаңғытып ала кетті. Көкпек, тобылғылардағы өрмекшінің еңбек қылып тоқыған ұясын да бұзып кетті.

Міне, бұл сентябрьдің он бесі. Бұл кезде Әділдің аулы өзінің Милықұдығында. Әділ мен Мариямның алғаш қосылғаны да жазғытұрым, майдың он бесінде осы құдығында еді. Міне, соған төртақай болды. Бұл кезде елдің ерте қырыққандары аз ғана қойдың жүнін тасып та алған. Бүгін Әділ мен Мария ас үйін босатып, соның жанындағы кегенге еркек қой, ту қой, бойдақтарын көгендетіп санап жатқанда, есік алдындағы кезеңнен төрт атты кісі желе шауып шыға келді. Мұның бірі — Арқатта тұратын урядник, бірі — болыстың казак-орысы Иван, енді екеуінің бірі — ат-шабары, бірі — болыстың өз старшыны. Урядник келе сала Әділге:

Әділ Жақсыбаев сен бе?

— Мен!

— Әйда, атқа мінесің!

— Қайда?

— Семейге, начальник шақырады!

— Тақсыр, қой қырықтырғалы жатыр едім, жайырақ баруға болмай ма?

— Ну, айда тез! Антұрған ұры, разбойник! — деп, қамшымен тартып жіберді.

Әділдің кәрі шешесі:

— Ойбай-ай, Құдай-ау! Бұл не деген сұмдық еді? Тақсыр-ау, баламның не жазығы бар? — деп урядникке келгенде, оны итеріп

тастап, казак-орысты жұмсап, қой қайырған қойшының атын аударып алып, Әділге мінгізгелі жатқанда, Мария келіп:

— Қарағым, алғаным-ау! Мені де ала кет! — деп, Әділді құшақтай алғанда, оны казак-орыс бір қойып қалып:

— Әйда кет! Бәрі сенікі бүлік! Сен болыстікі балаға тисе, бұл бүлік болмайтұғын еді, — деп, Әділді еріксіз атқа мінгізіп ала жөнелерде, Әділ артына қарап:

— Қош, әже! Қош, Мария! Тірі болсам керермін. Әлсем қарыздарыңды кеш! Мария, әжемді күт! — дегенде, сөзінің артын айтқызбай, урядник тағы бір тартып қалып:

— Сөйлеме, антұрған! Әйда жүр! — деп, алды-артына қаратпай алды да жөнелді.

Сол кезде Шыңғыс жақтан қайғылы қара бұлт шығып, қара дауыл болып, қарлы жаңбыр жауа бастады. Ауылдан былай шыға бергенде, бір қаңбақты жел ұшырып, дедектетіп апарып құры құдыққа салғанын Әділ көріп, абақты есіне түсіп:

Әттең, көмексіз, туысқансыз жалғыздық-ай! Шіркін опасыз дүние-ай! Көрсетпегің осы екен ғой! — деп көзінің жасы сорғалап, амалсыз кетіп барады...

Міне, кәрі Шыңғыстау, осының бәрі сенің көз алдыңда болған іс. Дәл сол кезде сен қарлы, жаңбырлы қара дауылыңды соққызып, Әділді урядник бір айдаса, ыққа қарай сен дауылыңмен екі айдап, бурадай бұрқыраганың, жерді қара түтек боран қылып, аспанды қара жаңбырлы қара бұлтпен қаптағаның Әділге қылған көрің бе? Әйтпесе, рақымсыз зұлымдыққа ызаланып, жазасызды аяп жылағаның ба?..

Сол күні Әділді айдағандар жолыққан елдің атын ылаулап, сапырып отырып, Арқалықтағы Қанай барды. Қанайдың бір старшынын шақырып алып, бір семіз тоқты мен бес ат дайындатып, сонда қонды. Кеш болған соң бір кісен таптырып, Әділдің аяғына салғалы жатқанда, старшын:

— Тақсыр, бұл қашатын кісі емес. Кісен салмай-ақ қойыңыз, бұл қашса, мен жазалы болайын, — десе де, болмай кісендеп, сол Қанайдың старшынына күзеттірді. Урядник жатқан соң кісенін алып тастап, тамаққа сыйлап жатқызды да, таң атып, урядник шайын ішкен соң, Әділді апарып берді. Урядник дайын атпен Әділді алып жөнелді. Семейге бұлар барған кезде, начальник сайлауға кеткендіктен, Әділ абақтыда жатып қалды.

***

Сентябрьдің жиырмасы түні пар-пар ат жеккен екі арбалы Білденің кезеңінен асып бара жатқанда, артынан үш атты кісі қуып келіп, «тоқта-тоқта» деген соң, тоқтап қараса, келгеннің бірі

— казак-орыс, бірі — старшын, бірі — атшабар. Келісімен казак-орыс: «Айда, қайта жүресіңдер! Тасбұлақта болыс аулында сайлау болып жатыр. Сайлауға керексіз, қалаға бармайсыз», — деген соң, арбадағы Ержан ақсақал:

— Менің ержеткен балам бар ғой, сол менің орнима жарар.

Казак-орыс:

— Жоқ, жоқ, болмайды, өзің жүресің! Анау арбадағы Әділдің қатыны мен шешесі де керек. Әділ орнына шаңыраққа түседі. Айда, — деп болмай, қайта алып жүрді. Казак-орысқа біраз ақша беріп жалынып, Серікбайды азық-ақша беріп қалаға жіберді де, өзгесі амалсыз сайлауға қайтты.

Күн кешкіріп қалғандықтан, сол күні жолда далаға қонып, Мария қатты науқастанып қалды. Ертеңінде сайлауға келсе, начальникке көттестіріп тіккен ақ үйдің алдында үстелін құрып отырған начальникке шаңырақ иелерін бір-бірлеп айдап келіп, «Елу басың кім? Старшының кім?» — деп сұрап жатыр екен. Бұлар Байжан ақсақалдың тіккен үйіне барып түскен соң, Байжан ақсақал Ержанға:

— Бұл жолы Төребекке қарсы жақ көбейіп еді, мына начальник казак-орыстарға сабатып, қорқытып, ел анау казак-орыстардың қолындағы Мырзабай қамшыдан ығысайын деді. Начальниктің қалтасы толған білем, біз бұрынғы салтымызбен ара ағайынсынған болып отырмыз. Үйтсе де «айласыздың батыры айға шабады» дегендей болмай-ақ, Әділдің жанын тілеп қана болыспен жақын кісімсіп, анау елмен жарастырсам қайтеді деп отырмын, — деген соң, мұны Ержан да ұнатып, араға жүріп, Төребекпен болыстыққа таласқан жаққа жүз сом жол әперіп, Төребек — болыс, баласы — кандидат болмаққа сөз байласты.

Мұны начальникке айтқан соң, жиырма екісі күні абыр-сабыр елу басы сайлап, шар салғызып, Төребек болыс, Еркімбек кандидат болды. Еркімбектің жасы толмайтынын начальник есепке де алған жоқ, тегінде оның да емі оңай білем!..

Әділдің шешесі мен Мария аттарын жегіп, арбасына мініп жатқанда, Шешенбай келіп, бір қағазды «мынау Әділдің хаты», — деп кемпірге берген соң, Марияға оқытып қараса, сөзі мынау: «Бәйбіше, Марияны Үсеннің қолына қайтарып беріңіз. Әділ балаңызды аман-есен қайтарып беру маған міндет болсын. Егер мұны қылмасаңыз, Әділді осы көрмегенің - көрмеген, одан күдеріңді үз! Жазушы Еркімбек». Осы жазуды оқыған Мария Еркімбек деген қолды көргенде, бұрынғы науқасының үстіне тағы қатты дерт жамалғандай болып, хатты лақтырып тастап, атты айдатып жүре берді.

Мария сол науқасынан жиырма күн дегенде азар басын көтеріп,

тәуір болды. Оған шейін Серікбайдан: «Начальник келмей, Әділге ешкімді жолықтырмайды. Тамақты сырттан беріп тұрмын», — деген екі рет хат келді.

Мария жазылған соң қамданып, үйлеріне Зылиқаны ие қылып, Әділдің шешесі мен Мария, Ержан, Асан, Мықтыбайды ертіп, тағы қалаға жүрді.

***

Октябрьдің он бесі күні қар ұшқындап тұрғанда, абақтыдан екі солдат Әділді айдап, начальникке алып келді.

Начальник бір қағазды қолына ұстап тұрып:

— Әділ, сен жоғарғы ұлықтың өмірі бойынша Ақмола болысына бес жылға жер аударылдың!

Әділ:

— Тақсыр, қылмысым не?

Начальник:

Қашқын ұстап, ұрлық қылғызғансың!

Әділ:

— Тақсыр, мен биыл ғана 17-ге шығып тұрған баламын, қалайша ұрлық қылғызам?

Начальник:

— Жоқ, өтірік айтасың, сенікі жас списокта — жиырма бірде.

Әділ:

— Тақсыр, тексеріп, мойныма салғызсаңыз екен?

Начальник:

— Сөйлеме! Екі-үш болыс ел куәлік еткен. Өз болысың да, старшындар да куәлік берген.

Әділ:

— Тақсыр, болысымның қастығы ғой. Старшындардан сұрауға болмас па екен?

Начальник:

— Болмайды! Жандаралдың бұйрығына қарсылық қыл ма! Әйда, жүмыс біткен! — деп солдаттарға ымдаған соң, артқы сөзін айтқызбай, айдай жөнелгенде, Серікбай қаланың екі жақсы кісісін алып келіп, қырмен апаруға кепілге сұратса да, начальник көнбеді. Серікбай ере кетуге де рұқсат бермеген соң, жаяу айдап бара жатқан Әділге көрісіп, қоштасуға солдаттар жуытпаған соң, анадайдан қоштасып жанай келе жатыр. Сонда Әділ:

— Қош, Серікбай! Әжем мен Марияға сәлем айт! Соларға көзіңнің қырын сала жүр! Асан мен Зылиқаға, Мықтыбайға сәлем айт! Байжан, Ержан ақсақалдарға сәлем айт! Әжем мен Марияны естеріне ала жүрсін, — дегенде, солдаттар:

— Сөйлеме, әйда! — деп, Әділді мылтықтың дүмімен желкеден түйіп қалып, біреуі: — Енді атамын, қайт! — деген соң, Серікбай көзінен жасы сорғалап, амалсыз қайтты.

Сол күні Семейден шыққан Серікбай қарлы жаңбыр жауған батпақтан жүре алмай, таң ата Күшікбай кезеңіне азар келді. Келсе, Мариялар да келіп, таң намазын оқып, жаңа ғана атын жегіп жатыр екен.

Серікбай келіп, Әділдің кеткенін айтқан соң, айдаладағы бұлақтың басында бес-алты адам шулап, жылап, кейде біріне-бірі басытқы айтып жатқанын ойлаңыз!

Аздан соң Ержан ақсақал:

— Бәйбіше, — Әділ өлген жоқ, тірі кетті ғой! «Кебенек киген келеді» — деген үмітіміз бар ғой. Мына Асан мен Серікбай қалаға барып адвокатқа сөйлессін, біз өзгеміз қайтайық! — деп, Асан мен Серікбайға ақша беріп, қалаға жіберіп, өзгесі елге қайтты.

Міне, осы хабарды есітіп, қайта жүрген Әділдің кәрі шешесі жанына өлшеген жалғызынан өмірлік күдерін үзіп, жанын аузына тістеп қосылған жарына Мария тым болмаса енді бір көріп, қоштаса алмай қайтқанда, не жаймен қайтты ғой дейсіздер?..

Үйткенмен, кеншілер талқан қылып тасын қазып алып, үңірейтіп жатқанда бақайымен шым етпеген Күшікбайдың Арқалығы бұлардың қайғысын не қылсын — бұрынғыдан-ақ бұлағы сарқырап, кеделер келбеңдеп, тауы тапжылмай қала берді...

Қалаға барған Асан мен Серікбай адвокатқа сөйлессе де, адвокат: «Бұл соттың жолы емес, ұлықтардың «административный высылка» деген ісі, шынын айтқанда, зорлық жолы. Бұған адвокат түк қылмайды. Ертерек қамданбаған соң, уақыт өткен!» — деген соң, бұлар да салы суға кетіп елге келді.

***

Әділдің жолшыбай көрген қорлығын, «антұрған разбойник» деп біресе тепкілеп, біресе мылтықтың дүмімен ұрғанын жаза беріп қайтеміз! Ақырында Ақмола уезінің Ыс болысының волоснайына тапсырылды. Ол кездегі ол елдің болысы халқына қадірлі атақты тұқымнан, бір мейірімді жастау жігіт болғандықтан, Әділ соның өз қолында тұруды тіленіп, жөн сұраса келе, ана жылы бұл жақ Орынборға мал айдайтында Әділдің әкесі Жақсыбай марқұм да екі жүздей жылқы айдап барған екен. Сонда сол елдің басшы болып, су көрсеткен бір жігітіне бір ат сыйлап, айран әкелген бір кедей жатақшының қатынына бір көйлектік шыт бергені айтылып, Әділдің кім екені анықталып, болысы өз бауырындай күтіп, ас, той-сауық, жиында өз қасынан тастамай құрметтеп алып жүруші еді.

Үйткенмен туған ел, туған жер, өлген мола, әсіресе, кәрі шешесі мен төрт-ақ ай жолдас болған сүйген жары Әділдің ойынан шықпады. Онда жүрген уақыты қылышын сүйретіп, қыр көрсетіп келген қыс болғандықтан, бұрқырап борай жауған қалың қар басқандай, шақылдаған аяз қысып қатырған мұздай, Әділдің ыстық жас жүрегі мұздай қатып, қар басқандай қайғы басып, күннен күнге жүдеу тарттылып жаралысқа да наразы болып, «дүниеге неге келдім? Марияны неге көрдім? Бүйткенше жаралмай-ақ қойсам нетті?», бір мезгіл «кәрі шешемнің бүйтіп зарлап қалғанын көрмей-ақ, әкемнен бұрын өліп кетпеген екем?», бір мезгіл «әттеген-ай, Үсен қуып жеткенде соның өзін атып өлтіріп-ақ айдалмаған екем?», бір мезгіл «әттең, жалғыздық-ай! Өзгелердей менің де аға-інім болса, тым болмаса бір келіп амандасар еді-ау!» — деп, көзінен ыстық жас төгіледі.

Ардақты оқушылар! Әділ бұл тұрған жерінде қатты күтілді. Бірақ сол өмір оған оттан да қиын еді. Неге десеңіз, ол ешбір нәрсеге ындынымен қуана алмайды. Бірдемеге күлсе, өтірік күледі. Қуанса, өтірік қуанады. Себебі ол өз еркімен оны қылмайды. Әлгі өзін күтіп жүрген болыстың, не соның бір жақынының көңілін аулағалы ғана күліп, қуанған болатын. Әйтпесе Әділде шын күлкі, шын қуаныш бар деп өзіңіз де айта алмассыз. Ал, Әділдің ондағы ойы не? Алданып жүрген жүбанышы не?

Ой мынау: Әділдің онда жүргендегі ойы — «әттең, әжем мен Марияны бір көріп өлсем-ау! Әттең, Еркімбектің қанын ішіп өлсем, арманым болмас еді!» Міне, осыдан басқа Әділде ой жоқ. Жә, жұбанышы не? Жұбанышы — «әзір кебін кигем жоқ қой! Өлі де арманыма жетіп, әжем мен Марияны көріп, Еркімбектен кегімді алып өлетін шығармын» — деген неғайбыл үміт!

***

Әрине, әлем айналғанын қоя ма? Оқтан жүйрік уақыт сыдыртып, қақаған аяз, қатты боранды ақпанды да туғызды. Бұл кезде Әділдің мұңлы жүрегін ашылмас қайғы басты ма, ақпанның мейірімсіз аязы өтті ме — Әділ қатты науқастанды. Тұрған болысы үй ішімен бәйек болып күтсе де, жат жерде жалғыз жүріп ауырған қандай қиын? Сусын сұрағанда, дәретке отырғанда, «аналар ренжиді-ау» — деп жаман қысылады. Үйткенмен амал бар ма? Мұнан бес жыл бұрын Төребек алғаш болыс болған кезден соң Ақмола жаққа жер аударылған Батырбек деген ұрының күні толып, елге қайтпақ болып еді. Қайтарында «келе кет» деген Әділдің сөзі ойына түсіп келсе, Әділ әл үстінде сандырақтап жатыр екен. Сүйтсе де сөйлесіп көрейінші деп Батырбек:

— Әділ, мені танимысың? Мен — Батырбек, елге қайтып

барам. Айтатын сәлемің бар ма?

Әділ көзін ашып:

— Әжем мен Марияға... Асан мен Зылиқаға... Серікбай, Мықтыбайға... бір керей жігіт бар еді, атын ұмыттым... Байжан, Ержан асақалдарға... — деді де, көзін қайта жұмды.

Батырбек:

— Тағы айтатының бар ма? Деміңді алып, асықпай айт!

Әділ тағы көзін ашып алса да, сандырақтап:

— Әже, әже! Мен Еркімбекті өлтіріп келдім! Мария! Мария! Міне, мен қайта келдім! — деп сандырақтай берген соң, Батырбек Әділден күдерін үзіп, «қош!» деді де, болысқа барып амандасып қош айтысып, атына міне бергенде, болыс бір қағазды жазып, «мынаны өз болысыңа бер» — деп тапсырған соң, қағазды қалтасына салып алып жөнелді.

Батырбек көп бергенге қонып, аз бергенге түстеніп, ақпанды аяқтай Төребек болысқа да жетті. Күні бітіп, босанған қағазын болысқа көрсетіп, тысқа шыққанда, Еркімбек келіп, Әділдің жайын сұраған соң, Батырбек:

— Ойбай-ау! Ұмытып барады екем ғой, — деп, қалтасынан бір қағазды Еркімбекке берді де: — Әділ ендігі өлген шығар. Мен шығарда әл үстінде сандырақтап жатыр еді. Тұрған болысы да күдер үзіп, мына қағазды біздің болысқа жазып еді, — деген соң, Еркімбек қағазды оқыса, сөзі мынау: «Тағдырдың ағымымен бізге келген Әділ ініңіз қатты ауру болды. Сізге қайта хабар қылуға жер алыс болған соң, мына Батырбектен хат жаздым. Жазым болса, әкемнің күмбезіне қойғызам».

Еркімбек осы хаттың «ауру болды» деген сөзін «ауырып өлді» деп бұзып, «жазым болса» деген сөзді қырып тастап, оның орнына «жақсы жуып» деп жазды да, Батырбекке:

— Әділ өліпті ғой. Бұл хатты Байжан ақсақалға тапсыр, — деп қайта берді. Батырбек өз үйіне екі қонып, үшінші күні хатты Байжан ақсақалға берген соң, Байжан оқып көрсе, «Әділ қатты ауырып өлді. Жақсы жуып әкемнің күмбезіне қойғызам» деген. Мұны оқыған соң, Ержан мен Асанды, Үсенді де шақырып алып, бәрі жыласып, қойын үйтіп, қазы-қартасын алып, азаға бір биесін жетелеп, Әділ аулына қарай қатын-қалашымен жөнелді.

Ауылға үш шақырымдай жерге келген соңақ Асан, Үсен, қасындағы жастары — бәрі Шыңғыстың жазық бөктеріндегі Қарауылға қарай «ой, бауырым» салып, атты қойды.

Бұл қыста Әділдің шешесі мен Мария малға бас-көз болсын деп Серікбайды қасына бірге қонғызған. Сол кезде Серікбай тыста тұрғандықтан, аналарды көріп, үйге хабар берген соң, әншейінде тырп етпейтін кемпір мен Мария тысқа шыға келіп еді.

«Ой, бауырымдағандар» «қарағым, жалғызым, Әділім» деп келе кемпірді де, Марияны да, Серікбайды да құшақтай алды.

Олардың шуы басылмай-ақ Байжан ақсақалдар да, оның артынан ілесе Зылиқаға бастатқан бір топ қатындар да келіп қалды. Өлім естірткеннен соңғы жай бәріңізге белгілі. Жылау басылған кезде қатындар Марияның ерулі қара шашын тарқатып, маңдайынан үш елідей ақ шүберекті тартып, шаршысын шорт байлап, ақ бүркейді жамылтып, теріс қаратып, бүйірін таянтты да қойды. Есі кетіп, құр сүлдері отырған Мария жүгініп отыра алмаған соң, жастық қойып, соған өбектеп отыр. Кемпірде ес жоқ болған соң, төсегінің алдына бүктетіліп жата кетті. Не керегі бар, ертеңінде-ақ қатындар қатарын түзеп, шымылдықтың ішінде дауысты сұңқылдата бастады. Сөйтіп, Марияның аузы жоқтаудан, көзі жастан босамай, Шыңғысты басқан қалың қардай қайғылы ақ бүркейін жамылып, жап-жас ыстық жүрегі февральдің шақылдаған аязындағы мұздай болып қатты. Күнде шу бола берген соң, естіргеннің жетінші күні елді жиып, жетісін берді.

***

Әділ өлген екен деп, айналған уақыт тоқтай ма? Қазақтың «ұлыстың ұлы күні» дейтін күн мен түн теңелген наурыз да жетті. Сол күні Әділдің қырқын да берді. Ол күнді «наурыз - жаңа жылдың басы» деп, Әділдің үйі қазан толтырып ас асса да, «бәлекет кетсін» деп, далаға апарып от жағып, кетік, ескі ыдыстарды отқа өртейтін ешкім болмады. Неге десеңіз, «Бәле кетсін» деп бақ сұрап, оны қылатын Әділ жоқ. Өзі өле алмай отырған кемпір мен Марияға бақтың да керегі жоқ. Біреу жыл құттықтап, біреу тамақ үшін келіп, сол күні тіпті көп кісі жиылды. Соның ішінде Марияның Жәмила жеңгесі де болып, екеуі түзге шыққанда, Жәмила:

— Еркем, саған ағаңның бір сөзін айтуға бата алмай тұрмын!

Мария:

— Айт.

— Жәмила:

— Еркімбек дүзқара тағы мына бір хат жазыпты, — деп, бір қағазды берген соң, Мария оқыса, сөзі мынау: «Үсен! Әділ күйеуің өліпті ғой. Енді Мария мені сүйетін болса, мен қалыңдығымды алмай, Әділдің жылын күтемін. Мен сенің ажарыңа қарап жүрмін. Алда-жалда Мария көнбесе, жалғыз кемпірден қорықпайым. Бір-ақ күнде тартып алуға дайынмын». Мария осы хатты көргенде, неге екенін білмейім, кәдімгі бір ер кісіше жігерленіп:

— Үсен ағам мен екеуің тағы Еркімбектің хабаршысы болдыңдар ма? Әжем баласының көзін жоғалтқанымен тұрмай, енді мені аламын десе, әуелі ол бір, онан соң мен өлермін.

Жәмила сасып қалып:

Қарағым, Еркем! Ағаң соған тие қойсын дегені емес. Саған білдірейін дегені ғой. «Осы хатты өзіне куә қылып, жандаралға арыз берем» деп отыр.

Мария:

— Ондай законы болса, мен қайдан білейін, — деп, қағазды қайтып беріп, — әжем баласының өткенін естігенде буынып өлейін десем де, мына ішімдегі аманатын кәрі шешесіне тапсырып өлейін деп азар тірі отырғам жоқ па? — деп жылап, «алғаным» деп даусы қатты шыққан соң, ауылдағы қатындар келіп, талықсып қалған Марияны үйіне азар алып барды.

Әділді естірткен күннен бері қарай кемпір мен Марияның көзі ілінсе-ақ түсіне Әділ кіріп, кейде кебін киіп келіп: «Әже! Мария! Міне, мен өлдім!» — деп, кейде өз киімімен келіп: «Әже! Мария! Есікті аш! Мен тіріліп кеттім» — деп, тіпті, кейде ұйқылы-ояу жатқанда көздеріне елестей беретін. Кей-кейде Серікбай да түс көріп: «Бүгін түсімде Әділ екеуміз Еркімбекті сабап жатыр екеміз», кейде: «Бүгін Әділ қатты ауырып, басын сүйеп жылап отыр екем», — дейтұғын. Сөйтіп, күндіз жылаумен, түнде түс көрумен күндері өтіп, марттың он төртінен он бесіне қарай Мария мен кемпір Әділді жоқтап жылап-жылап, әбден талықсып, көзі ұйқыға жаңа ғана бара бергенде, есіктен біреу:

— Мария, Мария, есікті аш!

Мария «тағы баяғы түсім екен» деп қозғалмаса да, тағы да:

— Мария, Мария, есікті аш, мен келдім! — деген соң,

Мария:

— Әже, әже! Мына дауыс тағы түсім бе, сен есіттің бе?

Әжесі:

— Есіттім! Ойбай-ау, жалғызымның даусы ғой! — деп жылап, Мария шам жағып апарып, есікті ашса — Әділ.

Мария:

— Ойбай! — деп талып түскенде, Әділ барып әжесін құшақтап:

— Әже! Қорықпа. Мен — Әділ! Мен өлгем жоқ, мен жазылып келдім.

Әжесі:

— Қарашығым, жалғызым-ау! Өлген кісі тіріле ме екен? — деп, біресе Әділдің бетінен сүйіп, біресе талықсып қалады. Оған шейін Марияда ес жоқ, түс жоқ, құр Әділге қадалып, екі көзі жаудырап тұрып, бір кезде:

— А, Құдай-ау! Өңім бе, түсім бе? — деп келіп, Әділді құшақтай алды. Анау үйде жатқан Серікбай бұлардың даусын есітіп, «түн ішінде келген Мықтыбай ма, басқа біреу ме» — деп

жүгіріп келсе — Әділ!

О да:

— Өңім бе, түсім бе? — деп келіп, құшақтасып көрісті.

Сол күні Әділдің өлгенін отардағы жылқыда жүріп естіген Мықтыбай "ой, бауырым» салып, үйге кіріп келіп, Әділді көріп, көрісіп, о да аң-таң болды. Әбден көрісіп басылғанда, таң да белгі берген соң, Әділ жылдам шай қайнаттырып жіберіп, ішіп алды да,

Серікбайға:

— Серікбай, атыңды ертте! Мен біржола босанып келгем жоқ қой, Төребек білсе, тағы ұстап береді ғой. Екеуміз күндіз тауда болып, түнде үйге келмесек болмайды ғой, — деп, Серікбайды ертіп, тауға қарай жөнелді. Сол күні Серікбай барып, Асан мен Зылиқадан астыртын сүйінші сұрап, олар сенбей, «көзімізбен көреміз» — деп келіп, жолығып амандасып, сонда ғана нанды. Бірақ бұл сырды жасырмақ болысты. Әділдің кәрі шешесі мен Мария бірталайға шейін Әділдің шын Әділ екеніне нанар-нанбасын да білмей, «жазылып келгені рас па, өліп тірілді ме?» деп аң-таң жүрді. Әбден көңілдері тынып, көздері жеткен соң, бұрынғыдай жылағанды да қойды. Бірақ Марияны жас күнінде оқытқан молдасы келіп, «Өлікке дауыс қылып жылаған — обал» деп қойғызды деген лақап шығарса да, бірқатар ел «Мария байға тигелі жүр» деп өсек қылысты.

Марттың жиырма бесі күні Әділдің аулы қыстаудан көшті. Бұл жазғытұрым ол ауыл Доғалаң төңірегін жайлады. Себебі Әділ күндіз Доғалаңның қиын тасында болып, түнде үйге келуге қолайлы және Доғалаң маңында су көп болғандықтан, қоныс жаңғыртуға жайлы.

Апрельдің он бесіне қарайғы түні Мария толғатқан соң, он бесі күні Әділ Серікбайды ауылға тастап, Доғалаңға жалғыз кетті. Жүрерінде Серікбайға:

— Мария аман-есен босанса, мені Алтынды бұлақтың басындағы Дарадан тап! — деп барып, Дараның басындағы Серектастан ауылға қарап телмірді де отырды. Міне, осы отырғанда Әділ не ойлап отыр! Өзі үш атадан бері қарай жалғыз. Жаны ашыр жақын ағайыны жоқ. Жамағайыны болса, «аз ғана малыңнан бөліп бермейсің» — деп бұлданып, болыс жаққа шығып кеткен. Жанын аузына тістеп жүріп алған, өзінің жолында жанын құрбан қылуға шыдаған сүйген жары Мария түңғыш босанғалы жатқанда қасында да бола алмай, арқардан басқа аң да шық-пайтын Серектастың басында «ауылдан не хабар келер екен» — деп екі көзі төрт болып, ессіз далада жапа-жалғыз жүрегі дүрсілдеп отыр. Ақмолада жүргендегі науқасынан жазылған соң «елге бір барып

келуге бола ма» — деп, сондағы болысына ақылдасқан соң, ол «біржола рұқсат беруге болмайды, «ел аралап қарекет қылуға» деп қағаз берейін, сонымен ептеп барып кел» — деп берген қағазымен ұрланып әжесі мен Марияны бір көріп қайтпаққа келген еді. Жөні келсе, аулын алып кетуге де ойы бар, онан басқа бір ойы — ретін тапса Еркімбектен кек алып та кетпек. Бұл ойы бола ма, болмай ма, ол — белгісіз.

Түс кезінде ауыл жақтан Серікбай да Дараның аузына келіп қалған соң, тастан түсіп жақындағанда, Серікбай:

— Шүйінші, шүйінші! Ұл тапты, — деп келіп, Әділдің тымағын алып басына киіп, өз тымағын Әділге кигізді. Екеуі аттан түсіп, Серікбайдың әкелген піскен етін жеп, қымызын ішіп, мәре-сөре болды да қалды. Баланың кіндігін Зылиқа кескеніне шейін айтып, әңгімелесіп отыр.

«Адам жылқы мінезді, аунаған соң мінгенін ұмытады» — деген мақалдай-ақ, сол кезде Әділ қашқын екенін де ұмытты-ау дейім. Неге десең, Серікбаймен қосылып былтырғы Марияға алғаш барып жолығатындағы әнге шырқатып жіберді. Бірақ ол қуаныш та баянды болған жоқ, себебі күн батпай ауылға бара алмайтындығы ойына түсіп, күрсініп жіберді. Кешке таянғанда Серікбайды ауылға жіберіп, тағы жалғыз қалды. Күн бата бергенде Серікбай піскен ет пен шәугім, шыны-аяқ алып келді де:

— «Бүгін шілдехана күзетеміз» деген қатын-қалаш, қыз-қырқын ауылды басып жатқан соң бір түнше далада-ақ болайық деп келдім, — деп, күн батқан соң түтін салып, шай қайната бастады. Әділ мен Серікбай былтырлар осы Доғаланнан арқар атқанда «шөлдеп қаламыз» деп шай-бауырсағын ала келіп, арқар атқан жерде арқардың тоқ ішегі мен бауырын отқа пісіріп жеп, шай қайнатып ішіп, «аңның қызығы осы-ақ тағы» — деп құмарын қандыратын еді. Осы түнгісі дәл соған ұқсап отырса да, екеуінің арасы тым қашық! Неге десеңіз: былтырғысы — өз еркімен жүрген сейіл, сауық еді, бұл жолғысы — еріксіздік, қашқындық!..

Әділ Ақмолада жүргенде бір түс көрген, түсінде Мария ұл тауып, Асан азан шақырып, баланың атын Қасым қойғанын көріп еді. Сол түсі ойына түсіп, апрельдің жиырмасы күні ерте баланы бесікке салғызып, Асанды шақырып алып, баланың атын Қасым қойғызды. Сол күні әжесі той қылса да, Әділ күндізгі күйде бола алмады...

***

Әділдің аулы Милықұдыққа қонған күні тағы майдың он бесі еді. Сол күні Төребек болыстың Шилі құдықтағы аулының сыртында Еркімбек пен Үсен оңаша сөйлесіп отыр.

Еркімбек:

— Әділ өлгелі сізге екі рет хабар салдым. Басындағы қарасын жұлып тастап, дауыс қылғанын да қойған Марияны «байға тимейді» депсіз, осыған мен қайтіп нанайын? Менің сізден арылғаным — осы. Енді мен Марияны жалғыз кемпірден аулын талқан қылып, тартып аламын. Мен онан қорқып жүргенім жоқ. Сізден үміт қылып жүрмін.

Үсен:

— Мырза, сізге Мария өлтірсең де тимейді. «Әділді айдатқан Еркімбек» деп, соны кек көреді.

Еркімбек:

— Әділді мен айдатыппын ба?

Үсен:

— Оны қалайша жасырам дейсіз! Әділді ұстай барғанда, казак-орысың да Марияға айтқан, ана күні де «тартып алам» деп хат жазғансыз. Бірақ ол болмайды, шырағым. Әділдің көзін жоғалтқаның да жетер! Саған ерем деп өзім де ағайынға жүзіқара болып жүрмін. Енді қалғанымыздың көзімізді жоғалтайын демесең, бізді әуре қылма! Жап-жас жарың бар ғой, бір бейшараны әуре қылып не қыласың?

Еркімбек ашуланып:

— Білдім, білдім! Басында мені алдап, малымды алған екенсің ғой! Кет аулымнан!

Үсен:

— Кетсем кетемін! Құдай сақтар! Кімнің басы кімнің қанжығасында жүр? — деп, атына міне жөнелді. Еркімбек ол кетісімен Шешенбайды шақырып алып:

— Жылдам жігіттеріңді дайындап, өз аулыңа жиып, әкеме білдірмей, мені күтіп отырыңдар! Күн батпай-ақ аулын ойран қылып, Марияны әкелейік!

Сол күні екіндіде Асан жылқысын суарып шығарып, жылқы алдындағы төбеде тұрғанда желе шауып Үсен келді.

Асан:

— Болыс неге шақырыпты?

Үсен:

— Шақырған — болыс емес, Еркімбек. Тағы Марияны сөз қылған соң, екеуміз сөзге келісіп, ол «ауыл шауып тартып алам» деп қалды. Мен анау адырдан асқанда жиырма шақты кісі Әділ аулына қарай қатты кетіп барады. Сізге хабарға келдім, — деген соң, жалма-жан бәрі ат ұстап, Асан, Үсен, Байжан, Ержанның екі баласы қасына тағы екі кісі алып, Әділдің ағайындарына келді.

Әншейінде Әділдің өлгеніне қарамайтын ағайыны Әділдің малына мирасқор болғысы келді ме, Мариядан үміт қылды ма —

төрт-бес кісі ерді. Жолдағы Мықтыбайды да ертіп алды.

Еркімбек екіндіде Әділ аулына келіп, жартысы малшыларды үйге қуып тығып, «шықсаң, өлтірем» деп, есікті сабалап тұрды да, өзгесі есік алдына келіп, Еркімбек пен Шешенбай аттан түсе қалып, үйге кіріп, Марияны сүйреп альш шықты. Ойбайлап етегіне жабысқан кемпірді бір-ақ қағып сұлатып салды. Марияның шаршысы түсіп қалған басын дудардай қылып, екеуі екі қолынан сүйреп келеді. Екіндіден бұрынырақ ауылды шалып, «жер таза» деп барған Серікбай Әділді ертіп, дәл сол кезде ауылға таянған. Желе шауып кезеңге шыға келіп көрді де, атты бұтқа салып жіберіп, «қоя бер былай» деп ақырғанда, Шешенбай:

— Ойбай-ау! Мынау Әділ ғой! — деп, Марияның қолын қоя беріп, атына қарай жүгірді. Оны ұрамын деп ұмтылған Серікбайға бәрі жабылып кетіп, үш сойыл қабат тиіп, ол құлап қалды. Әділ аттан түсе жүгіріп, мылтығын суырып алып атайын дегенде, Еркімбектің қолынан жұлқынып босанған Мария да арасына кез болып, соған тиетін болған соң, ата алмай кідіріп қалғанда, Еркімбек алты атарын жұлып алып тарс қойғанда, Әділдің мылтығы қолынан түсіп кетіп, бүгжиіп, кеудесін қолымен басып отыра кетті. Оны көрген Мария:

— Құдай-ай! Сорым біржолата қайнады ма! — деп, Әділді құшақтай алғанда, Еркімбек қанжарын суырып алып, Марияның қолынан тартып, Марияны қорқыту үшін:

—Жүр жылдам! Әйтпесе сені де бауыздап кетем! — десе де, Мария Әділді құшақтап айрылмаған соң,

Еркімбек:

— Ал, бауыздайым! — деп, қанжарды Марияның алқымына апарғанда, Мария қанжар ұстаған қолына жабысқан соң, қолын жұлып қалғанда қанжар Еркімбектің өз көзіне тиіп, бір көзін шығарған соң, ыза болып:

— Әйтеуір болары болды, енді сені тірі тастап кетпейім, — деп, Марияны шалқасынан салып, табанымен басып түрып, қанжармен жүректен салып алды да:

— Ал, жүзіқара, құр сүйекті құшақта да жат! — деп атына міне бергенде, ауылдың сыртынан кеп кісі шулап қоя берді.

Міне, дәл сол кезде күн батып кетіп, шапақтың шашақты шарбы бұлтындағы күннің қызыл нұры дәл Әділ мен Марияның жарасынан сорғалаған қандай қып-қызыл болып тараулана бастады. Асан, Үсендер келіп, ауылдан серпіле берген жаумен араласып, Мықтыбай Шешенбайға кез келіп ұрып жықса да, жолдастары мылтықтың астынан алып, бұларды жолатпай, атына мінгізіп әкетті. Жау екі есе және мылтығы болған соң бұлар ештеме қыла алмай қайта келсе, Серікбай есін жиып, Әділдің басын сүйеп

қоштасып жылап отыр екен. Асан аттан түсе қалып:

Қарағым, Әділ, — деп келіп, қолын ұстағанда,

Әділ көзін ашып:

— Қош, Зылиқаға сәлем айт!.. Ана сорлы кемпір мен жетім Қасымды қолдарыңа ал!.. Мына Мария мен мені қабірге сал! — деп, Марияны құшақтады да, көзін жұмды.

Артқылар келіп:

— Әділ! Әділ! — десе де, ол кезде мейірімсіз өлім Әділ мен Марияның нұрлы жүзіне кетпес таңбасын басып қойған! Дәл сол кезде күншығыстан қайғылы қара салысын жамылып түннің қараңғылығы — зұлмат та шықты...

Бұл іс Николай чиновниктерінің қылышынан қан тамған 1911 жылы болғандықтан, қашқын Әділді қауымға білдіріп қоя алмай, Байжан мен Асан ақылдасып, сыр шашпайтын жақындарын ғана шақырып, Әділ мен Марияны жаназалап, түн ішінде апарып Әділдің қыстауының қасындағы жаңа қыстау салам деп жиған тастардың астына жасырын көмді.

Асан: «Еркімбек аулымды шауып, қарындасымды тартып алып кетті», — деп, Еркімбек: «Асан, Үсен қашқын Әділді сақтап, ұстағалы барғанымда, жанжал шығарып, басымды жарып, көзімді шығарды», — деп, екеуі де ұлыққа арыз беріп, сол арыздар тергеу болып, көпке созылып, аяғы патша тақтан түскен бостандыққа соғып, аяқсыз бос қалды.

1917 жылы бостандық болған соң, Асан Әділ мен Марияға жақсылап күмбез мола қалатып, май аяғында бітіріп, халқына мәлімдеп ас берді.

Таза махаббатқа құрбан болған екі асықтың қадірлі моласын халық алтынмен жазылуға лайық ақ бостандықты туғызған, адал жүректі азаматтардың арқасында ғана білді.



АУДАРМАЛАР

Егер сүйікті ол бала
Көңілімді алса мен үшін, —
Самарқан мен Бұқара,
Бердім қара мең үшін.

ҚОЖА ХАФИЗ СӨЗІНЕН

Көрініске шоқынған
Көр сопы бізді не білсін?
Не десе де сыртымнан,
Ренжімеймін, не қылсын.

Ақ көңілдің кезіне
Не келсе де — жақсылық.
Тура жолдың тезіне
Түскен көрмес тапшылық.

Бір жаяуды жүремін*
Ойын болар порым жоқ.
Бұл шатыраштa білемін,
Мерзімдерге** орын жоқ.

Мұнша биік, шұп-шұбар
Неткен үйдің төбесі?
Ешкім емес хабардар,
Жан білмейді, о несі?

Неткен мұңсыз, неткен күш,
Неткен білгіш құдайым?
Сансыз жара қорқыныш,
«Ah!»—деуге де жоқ жайым.

---

* Жаяу —шатыраш ойынының жаяу әскері.
** Мерзім — уәзір.

Есеп, теңдік білмейді
Біздің тақтың иесі.
«Құдай үшін»,— демейді.
Жалғыз сағат, о несі?!

Ол патшаға жол ашық —
Не сұрайды, не дейді.
Даяшы жоқ бостандық,
Ешкім әрі жүр демейді.

Не жарамыз, мініміз
Біздің бойдан табылмақ.
Алла берген тонымыз
Болмай қоймас бойға шақ.

Қымыз ішер араға
Барар кісі бір бөлек.
Оны сатқан қалаға
Өзін сатқан не керек?

Сыныққшының құлымын
Сынған көңіл жамаған.
Алман сопы қылығын,
Екі үшты ғып қалаған.

Босағада отырсам,
Ар-намысым көптігі.
Қымызшыға емес шам
Мал-мансаптың жоқтығы.

* * *

Кел, аяқшы, қымыз құй,
Көпке бер де, маған бер.
Уақыт салды ауыр күй,
Жан қысылып, ақты тер.

Жаз таңының нұр желі
Жар кекілін жайқалтып,
Көңілге толып қан селі,
Жүректі тұр шайқалтып.

Жаралыс қонақ үйінде.
Тыныштық қайда, тың қайда.

Қоңыраулатып күн, түнде
Деп тұр: «айда, жүк байла».

* * *

Қараңғы толқын, қанды оқпын,
Қорқыныш қатты, жүк ауыр.
Біздің жайды не білсін,
Жағада жүксіз жат бауыр.

Пайда, мақтан, айла, күш
Жаманатқа ұшыратты.
Сауық, думан, көрнеу іс
Жасырын қашан тек жатты.

Жайнамазыңды арақпен
Боя десе мұңғыл пір,
Таза жүрек жол білген,
Болса айтқаны істе, жүр.

Ақ тілегін іздесең,
Ақ жолыңнан айрылма.
Ақ жүрекке кез келсең,
Өзге адамға қайрылма!

* * *

Ей, жарымыз, ай нұры —
Сіздің нұрдан шыққан бу.
Сұлулардың бет суы, —
Иегінен тамған су.

Бар ма арнаулы күн маған
Мақсұтыма қол жетер.
Жиюлы ойым тарқаған
Шашыңменен теңесер.

Міне, ерінге жан келді,
Сіздің жүзді көруге.
Әміріңді айт ал енді,
Не қайту, не өлуге.

Жақын өтсең, аулақ қыл
Етегіңді қанымнан.
Бұл соқпақта, анық біл,
Жолыңда өлген көп құрбан.

Көңілім өлді, көңіл алған
Досқа хабар қылыңыз.
Ей, шын достар, біздің жан
Сіздің жан ғой, біліңіз.

Нұрлы жүзің барда ешкім
Көз жұма алмас сәулықтан.
Айла, арамдық сатпасын
Сізден басқа ешбір жан.

Қанды ұйқыға боялған
Бақытымыз оянды.
Себебі, сол нұрыңнан
Көзімізге су тамды.

Таң желімен жіберші,
Бір тұтам гүл нұрыңнан.
Бақшаңыздың иісі
Аңқыр әлде мұрыннан.

Өмірлі бол, бақты бол,
Бақ іздеуші десеңіз.
Толмаса да сонша мол
Кезімізде кесеміз.

* * *

Кел, аяқшы, қымыз құй,
Кесемізді нұрландыр.
Домбырашы, тартшы күй,
Бізге уақыт берді қыр.

Жарқыраған кеседен
Жар суретін көрдік біз.
Хабары жоқ еседен
Не біледі сезімсіз.

Асыққа ажал келмейді,
Қандай қаза көрсе де.
Көңілі жанды өлмейді,
Тәні жанды өлсе де.

Сырт көрініс, қылған еп
Бұза ма деп қорқамын.

Арақпен тең болар деп,
Жалған сопы тұз-нанын.

Ей, жел, егер жолықсаң,
Бақшасына достардың,
Атар бізге бар ма таң,
Сәлемін айт біз зардың.

* * *

Тұр, аяқшы, бер қымыз,
Қайғыларға топырақ ат.
Шын сұлуды көр мінсіз,
Неге керек өзге жат.

Пәлесіне дүниенің
Күні-түні сабыр қыл.
Таза болса мақсатың,
Ақыры қолың жетер, біл.

* * *

Көңіл жібі қолымнан
Шықты, көңілі тазалар,
Талай сырым жасырған
Болды, міне, елге жар.

Шыр айналған он күн, біл:
Айла, сиқыр, жалын, шоқ.
Достым, досқа достық қыл,
Өмір өтсе, уақыт жоқ.

Қымыз құйған кеселер —
Ескендірдің айнасы.
Дара мүлкін білгізер,
Тағы да көп пайдасы.
Бұл өмірде шын рахат
Екі-ақ сөздің мәнісі:
Досыңа қыл махаббат,
Жауға достық әдісі.

Жақсы атанар қалаға,
Берілмеді бізге жол.
Қазаны өзгерт қара да,
Ұнамаса саған ол.

«Ащы сусын — сопы айтқан
Жамандықтың басы», — деп.
Сұлу қызды құшқаннан,
Бізге тұрар тәтті кеп.

Қол тарлығы кезінде
Қымыз іш, ән сад, мас бол,
Қару малы өзінде,
Кедейді бай қылар сол.

Балауыз қылса тасты ұстап,
Ондай достан шегінбе.
Тұла бойды билеп ап,
Шамша жағар тегінде.

Жылы сөз бен тәтті тіл
Өмір берер өлгенге.
Аяқшы, оны хабар қыл,
Пір-сопылар келгенде.

Кигеміз жоқ жорта біз
Арақ құйған шекпенді.
Таза етекті сопымыз,
Ғұзырлы біл бізді енді.

* * *

Анық ерге жолдас бол,
Нұқ кемесін ол білсе.
Бір тамшыдай көрмес ол,
Топан суы кез келсе.

Жатар жері әркімнің
Топырақ болса бір уыс,
Не қылады үйлерін,
Көкке жеткен көп қуыс.

Шық, отырма бұл үйде,
Разы болма нанына.
Бұл қара ыдыс, түбінде,
Тас қонақтың жанына.

Қанғамдағы айымсың,
Міндің Мысыр тағына.

Енді отырмақ саған мін,
Шық зынданнан бағыма.

Жұпар шашқан тұлымың
Бір-біріне өрілген.
Жете алмады білімім,
Неге нұрлы көрінген.

Қуаныш қыл рахатта,
Қайғысыз бол, іш шарап.
Құранды оқып, ел аулап,
Тұзақ құрма сен бірақ.

* * *

Егер сүйікті ол бала
Көңілімді алса мен үшін, —
Самарқан мен Бұқара,
Бердім қара мең үшін.

Қалған қымызды әкел сен,
Бер, аяқшы, кесемен.
Гүлді жеміс, талды өзен
Табылмайды бейістен.

Шала асықпыз жағалап,
Жар көңілі бір бөлек.
Қастауыш, иіс, мең, далап
Нұрлы жүзге не керек.

Мастық, қымыз әм сөйлес,
Дүние сырын сөз қылма,
Ол тұңғиық жан білмес,
Сыр да ашылмас мың жылда.

Жүсіптегі сұлу жүз,
Күндей нұрын жайғызған.
Зылиқаны білеміз,
Ар-ұяттан тайғызған.

Мінімді айттың, разы, біл,
Мен сондайды ұнайым.
Тәтті ерінге ащы тіл
Жарасады әрдайым.

Насихатты, кел, есіт,
Кәрі ғалым айтса зар.

Есті, бақты жас жігіт
Оны жаннан дос тұтар.

Меруерт тіздің жыр сөзін,
Жақсы оқышы жақын кеп.
Аспан шашсын жұлдызын,
«Бәрекелді батыр», — деп.

* * *

Мәжілісінде досыңның
Қиын аман қалмағың.
Әрне қылып отырсың,
Жел өлшейді салмағын.

Тәтті мінез, жылы сөз, —
Онан ешкім құтылмас.
Зерек құсты, ашып көз
Бұғалықпен тұтылмас.

Не себептен, білмедім,
Дос иісі оның жоқ.
Қара көзді, бойы сым,
Ай жүзіне сенім жоқ.

Сұлу-ақсың нұры мол,
Мін қоятын кісі жоқ.
Бірақ бетің міні сол, —
Уағада. мейірім түсі жоқ.

Көп мал, бағың, досың тұр.
Арың үшін бір ойлан.
Не күн көріп, неғып жүр,
Бақытсыз, доссыз ғарып жан.

Таңда шолпан ән салып
Сөзіме қобыз күйлесе,
Көкте Ғайса қозғалып,
Әніммен қоса билесе.

* * *

Кешегі басшы піріміз
Мешіттен кетті кабаққа
Мүридтер, қалай жүреміз,
Түсеміз қандай сабаққа.

Пірдің беті қарайды
Есек қора жағына.
Біздікі неге жарайды,
Құбылаға бақсақ тағы да.

Жар шашына байланып,
Рахатымды білсе ақыл, —
Дуана болып айналып,
Кетер еді-ау көп мақұл.

Көптің аңын тор құрып,
Түсіріп едім түзаққа,
Шашыңды жайып мас қылып,
Айрылдым аңнан үзаққа.

Нұрлы жүзің есіркеп,
Ашты бізге анық сыр.
Жазылмайды сол себеп,
Жазуымда — басқа жыр.

Тас көңілге берер ме,
Әсер атқан оғымыз.
Ұйықтатпаған сөнер ме,
Жүректегі ыстық шоғымыз.

Кекіліңді жел қозғап,
Жарық күнім болды түн.
Зарлағанда сені ойлап, —
Бар пайдам сол, сөзім шын.

Біздің улы оқ, біліңіз,
Көкті көктеп өтпесін,
Жаныңа рахым қылыңыз.
Сізге тиіп кетпесін.

ДУБРОВСКИЙ ӘҢГІМЕСІ
(А. С. ПУШКИННЕН)

СӨЗ АЛДЫНАН
(аудармашыдан)

Өлшеусіз көп жасаған дүние кәрі,
Тағы талай жасамақ мұнан да әрі.
Иесінен басқаға мәлім емес,
Қанша тұрмақ, қанша жыл тұрғандары.

Бұл есепсіз жылдарда көп жан өткен,
Кезімен бірі келіп, бірі кеткен.
Әуел баста адамзат аңша жүріп,
Әлсізін азық қылды әлі жеткен.

Қарулары жұдырық, тіс, тырнағы,
Нашардың мықтыдан жоқ құтылмағы.
Күшке қарсы әлсіздер айла іздепті,
Зорлықтың ойлатқаны ол баяғы.

Сол себептен шығыпты ағаш қару,
Не жаншып, не тоқпақтап басты жару.
Бұрынғыдай тым оңай бола алмапты,
Қарулыға қарусыз қарсы бару.

Онан соң тастан қару шығарыпты,
Өткір таспен бас кесіп, іш жарыпты,
Темір қару шыққан соң тіпті өзгеріп,
Дүниені басқа өмірге аударыпты.

Көптік, көмек іздеткен осы темір,
Бұл шыққан соң бұрынғы іс болды көмір.

Көп жеңіп, азғаналар айла ойланып,
Өтіпті сонымен талай өмір.

Онан соң өнер шықты отпен атқан,
Зеңбірек, бомба, мылтық тарсылдатқан.
Бір минуттың ішінде жоқ қылады
Әскерді әлденеше толып жатқан.

Отты қару шыққан соң тіпті өзгерді,
Айла тауып асырды әр өнерді.
Көп, көмек, күш пен ерлік түкке тұрмай,
Өнерсізді өнерлі қыра берді.

«Аң заман», «ағаш заман», «тас заман» деп,
Бұл үшеуін айтады — бас заман деп.
Басында адам да аңша ымдасса да,
Сөйлей-сөйлей ымбалды тастаған деп.

«Ата», «папа», «мама» деп сөз бастаған,
Сөйте-сөйте сөз қосып, ұғып алған.
Ерні епті, тілі орамды жаратылып,
Адамнан аңша ымдасу сөйтіп қалған.

Сөйлескен,айла ойласқан, ақылдасқан,
Құлданып бар хайуанды адам басқан.
Күндестікпен көре алмай бірін-бірі,
Аямаған, алысқан өрталасқан.

Адамзат бір-біріне болған дұспан,
Қарындас қанын ішіп қырылысқан.
Қырда құс, дарияда балықтай боп,
Аяғында шар мінип аспанға үшқан.

От арба, пароход пен көктегі шар,
Динамит, бомба, пушка, көп мылтықтар.
Қабағынды қаққанша қанша адамды,
Жоқ қылуға дап-дайын тұр осылар.

Бұлар керек адамды қырмақ үшін,
Өзі билеп, салтанат құрмақ үшін.
Отсыз, күшсіз, сүйексіз қызыл тіл бар,
Оларға ел қырғызбай тұрмақ үшін.

Тура тисе, түзелмес тіл жарасы,
Оны ұға ма адамның бір парасы.
Арсыздықпен айтқан дау жауап емес,
Тапқан сөзге ешкімнің жоқ таласы.

Өзі өлмейді, дәл тисе, оңалтпайды,
Тілдің ізін еш нәрсе жоғалтпайды.
Айттым, жазып бастырдым, қалды жазу,
Мен өлсем де сөз тірі, тек жатпайды.

Бірақ ондай бек жүйрік, тым тәтті тіл
Неше мыңнан біреуге бітеді, біл.
Анда-санда біреуді азар берген,
Бұрынғы өткен есепсіз бұлдыр көп жыл.

Айтқан сөзі ауруға ем, жанға құмар,
Тауып айтқыш тәтті тіл, сайраушылар
Байрон, Пушкин, Лермонтов, Некрасов
Қожа Хафиз, Науаи, Фзули бар.

Осындай орамдылар әр елде көп,
Бәрін атап не керек пәленше деп.
Неге айтты, не деп айтты, кімді айтқаны,
Сөзін ұқ та, соны ойла осында кеп.

Мен сізге айтпақшы едім бір ертегі,
Пушкиннің жазған өзін ертедегі.
Оны айтпай, онан да ескі заманды айттым,
Адамның солайша деп түзелмегі.

Мақсұтым: ғибрат үшін айта кетпек,
Адамға үлкен міндет — талап етпек.
Орыс айтты, оны ұғып болмас демей,
Жаһат қылса, өр іске адам жетпек.

Олар-дағы бірінен-бірі көрген,
Сөзі ұнап, шәкірт боп ізіне ерген.
Ойланып, бірін бұзып, бірін түзеп,
Керектісін кітап қып сыза берген.

Өкінбей, әлем демей өрге басқан,
Ерінбей еңбек қылып егін шашқан.

Жалықпай жартас қазып, кен шығарып,
Талықпай тас бұлақтың көзін ашқан.

Қанып тұр бүкіл ғалам сол бұлақтан,
Аңсаған ғылым іздеп әр тараптан.
Бұлақты жаратқанға жалбарынып,
Аршығанға «рахмет» деп шулап жатқан!

Жазбаймын дәл өзінше Пушкин сөзін,
Қазақтың шағылдырар надан көзін.
Ғылымнан көзілдірік кимеген ел,
Туралап көре алмас деп күннің көзін.

Сүйтсе де кете қойман шетке басып,
Айтармын алыстамай шын жанасып.
Әншейін ертек айтып отыр демей,
Жүрекке тыңдағайсың ақылдасып.

Жазған жоқ Пушкин мұны ертек үшін,
Мақсұты: бізге ғибрат бермек үшін.
Қиянатшыл, зорлықшыл, парақордың
Мінезінің суретін көрмек үшін.

Шын махаббат не екенін білдірмекке,
Уағыдашыл әділетті сүйдірмекке,
Жақсы мінезді айтқанда жанды ерітіп,
Зұлымдықтан жирентіп күйдірмекке.

Ақылсыз мал мен мансап кім екенін,
Сырты — адам, іші — шошқа, сұм екенін,
Алла сүймек, ар сүймек, адам сүймек,
Ұқтырар адамдықтың шын екенін.

Орыс сөзін айтты деп кейбір қауым,
Ұрмай-соқпай болар-ақ менің жауым.
Нені айтты деп сұрамас, кім айтты дер,
Білмей жүріп өзінің ауру-сауын.

Ал, айтамын, айықтар ұға тұрсын,
Ақылсыз мас мақтаны тыға тұрсын.
Қыз, қызық, батыр, балуан керек қылған
Ойсыз құлақ, мисыз бас шыға тұрсын.

ДУБРОВСКИЙ ӘҢГІМЕСІ

Жер айналмай тұрмайды дүние жай,
Келер, кетер адамзат із қалдырмай.
Сол өткен көп заманның бір кезінде,
Болыпты Троекуров деген бір бай.

Осы бай Русияның шетінде екен,
Күнбатыс заграница бетінде екен.
Өлшеусіз жер, санаусыз ақшасы көп
Сүйтсе де тағы жұтпақ ниетінде екен.

Бұл кезден ол заманның заңы қызық,
Бар еді бір әдеті тіпті бұзық.
Кәдірлі, қолы жеткен мықтылардың
Құлы боп жүруші еді тамам мұжық.

Дейтұғын «Покровский» қышлағы бар,
Жазылған құлы болып көп мұжықтар.
Тамам бастық соңынан итше ереді.
Ұлығы ол заманның ақшақұмар.

Аңға құмар жан екен жасынан бай.
Қалың орман, шыңтау бар, аңы да сай.
Бес жүз иті бар екен әр тұқымнан
Аңқұмарлар қоя ма ит асырамай.

Сол көп ит бір қаладай сарайда екен,
Ит дәрігері — Темушка қарайды екен.

Әр иттің жататұғын үйі бөлек.
Тамақ жеп орны-орнына тарайды екен.

Бай өзіне тең көрмес жердің жүзін
Итінен-ақ білдің ғой байлық ізін.
Әкеліп француздан бір молда қыз,
Оқытты Мария деген жалғыз қызын.

Бай өзі оқымаған надан екен,
Тәкаббар, мақтан сүйгіш адам екен.
«Малы көпке пәле жоқ» деп ойлайтын,
Зорлықшыл өр мінезді жаман екен.

Андрей Дубровский деген бір бай
Дәулеті оның емес тым анадай.
Мінезі Троекуров сықылды емес,
Жаралған бір-біріне тіпті ұқсамай.

«Кисневка» қышлағы — мұның жері
Шын мирас, атасының еңбек тері
Мінезі араз екі бай тату екен.
Аңға шықса айрылмай жүргендері.

Дубровский мал сүймей, адам сүйгіш.
Қиянат залымдықты көрсе күйгіш.
«Мал сақтама ар сақта» деп ойлайды,
Адамдық әділетті ерте түйгіш.

Арынан аямайды дәулет-бұлын,
Аяғыш қызметкерін: күң мен құлын.
Жіберді Петербордан оқытуға
Дейтұғын Владимир жалғыз ұлын.

Көп қуған Троекуров аңның жайын,
Мылтығы, иті, құсы — бәрі дайын.
«Дубровский келмесе, разы емен» деп,
Аңға шықса шақыртар көрші байын.

Надандау Троекуров ғылымға олақ,
Сүйтсе-дағы қадірі елге мол-ақ,
«Сүйек қайда көп болса, ит сонда», — деп,
Үйінен үзілмейді мың-сан қонақ.

Мал не қылсын ақылдың жоқ пен барын,
Мақтандырмай қоя ма тойған қарын.
Аңға шықпақ болды да Троекуров,
Ит көрсете апарды қонақтарын.

Темушка шықты алдынан бөркін алып,
Қонақтар ит мақтасты қайран қалып.
Итке берген тамағын айтып болмас,
Астына мамық төсек қойған салып.

Қонақ итін мақтаса — көңіл хошы,
Троекуров байдың да тілегі осы.
Сөз сөйлемей тұр еді Дубровский,
«Сен неге сөйлемейсің», — деді досы.

«Маған міндет емес қой ит мақтамақ,
Жаңа көрген қонақтар алсын сабақ.
Ит түгіл қызметшіне табылар ма,
Мұндай орын, мұндай үй, мұндай тамақ!?»

Бұл сөзге бір қызметкер ашуланды: —
— Иттен кейін көрдің бе сен адамды?
Біз түгіл сіз сықылды бір алпауыт
Мұнда тұрса қуанар, — деп-ақ, — алды.

Троекуров қуанып қарқ-қарқ күлді,
«Сөз таптың» деп арқаға қақты құлды.
Мақтаншақтың малайы тасыр болып,
Ұқпағанын Андрей іші білді.

«Ас пісті» деп хабарға біреу жетті,
Ішті, жеді, мас болды, өлеңдетті.
Андрей Дубровский ішінде жоқ,
Бағана өз үйіне қайтып кетті.

Жіберді Троекуров бір малайын: —
Тез келсін, арақ пенен тамақ дайын.
Шақырғанға келмесе Дубровский,
Табармын деп айт, деді — оның жайын.

Андрей өзі бармай бір хат берді,
Сол хатты малай алып қайтып келді.

Конвертті қолына алып Троекуров
Хатшысына оқытып, сөзін көрді:

«Бір итің жұрт көзінше сөкті мені,
Қарсы айтып былшылдады әлденені.
Соны әкеліп жықпасаң аяғыма,
Өмірімде көрмеймін енді сені.

Құптадың оның сөзін өзің тағы,
Надандықтың белгісі ол баяғы.
Итшің түгіл көтермен өз сөзіңді,
Мен біреудің құлы емес байлаудағы».

Есітіп ашуланды дарақы бай,
«Япырай, мынаның, — деп, — ызасын-ай!
Апарып аяғына жықсам керек,
Жарлығын ол «тақсырдың» қате қылмай.

Қарашы, бұйрық беріп отырғанын,
Жүргенге еркелетіп құтырғанын.
Кіммен дұспан болғанын байқамайды-ау,
Білмей қалар түбімен жұтылғанын.

Жандарал, заседатель — бәрі менде,
Маған қарсы келеді қандай пенде.
Малым барда бетіме кім шыдайды,
Борышқор ондай кедей маған тең бе?

Қап, бәлем, бір қылармын саған», — депті,
Тақтайды ашуланып және тепті.
Ол келмесе суалып қалмаймын деп,
Қонағын ертіп алып аңға кетті.

Аң алмай, жолы болмай, қырсық шалып,
Күні бойы бір көжек азар алып,
Андрейдің егінін таптап-таптап,
Кешке келді үйіне қайта салып.

* * *

Сүйтіп жүріп бір талай мезгіл өтті
Күннен-күнге суысып байлар кетті.

Сыртынан Троекуров қиянаттап,
Ол хабар Андрейге күнде жетті.

Аңдысып, іштен жау боп ерегісті,
Әркім-ақ бұл екі бай араз десті.
Троекуров құлданған көп мұжықтар
Ағашын Андрейдің ұрлап кесті.

Андрей бір күн тоғай аралапты,
Мұжықтың бірін ұстап жаралапты.
Атын алып, өзіне дүре салып,
Троекуров бай бар деп қарамапты.

Мұны естіп Троекуров ашуланып,
Мұжықтың баршасына хабар салып,
Андрейдің қышлағын шабамын деп,
Отырды атын ерттеп, дайындалып.

Сол кезде арба келді үш ат жеккен,
Ішінен біреу түсті шенді шекпен.
Шабашкин дейтұғын бір заседатель,
«Келдің, деп бай сұрады не себептен?»

Бас ұрып, бөркін алып тұрды байға,
Үлкенсіп, ұлықсымақ қалды жайға.
Иттейін еркелеген жылмаң қақты,
Бай көрсе парақорлар қандай майда?

«Қызметтен шығып едім бүгін тысқа,
Қуандым сізбен үйде жолығысқа.
Жанымды жолыңыздан аямас ем,
Жұмсасаң біз құлыңды бір жұмысқа».

«Жұмыс көп олай болса саған, — деді,
Бітірсең, асар сенің бағаң, — деді.
Андрей Дубровский, — көрші байдың
Бар жерін алып берші маған», — деді.

Шабашкин жылмаңдады онан да әрі:
«Бар ма екен жер бекіткен қағаздары.
Не қылсаң қолға түсір документін,
Онан соң болсын міндет маған бәрі.

«Ақшаны көп беремін, жетсең сертке,
Айла тап не қылсаң да осы дертке.
Андрей өз аузынан айтып еді,
Жанды деп документім қалың өртке».

«Олай болса, жұмыс оңай маған,
Түп-түгел әперейін жерін саған.
Закон — түйе, бұйдалап жетелерміз,
Несі адам осындайға жол таппаған».

Задатка деп аузына аз май жағып,
Алған сайын тым шешен судай ағып,
«Екі жұма бұл істі күтіңіз», — деп,
Амандасып жөнелді құйтың қағып.

* * *

Жүреді Дубровский өз жайына,
Бармайды бұрынғыдай дос байына.
Сізді ертең махкемеге шақырды деп,
Біреу бір хат тастады маңайына.

Ашып көріп, оқыса әлгі хатты,
Ұлықтар мөрін басқан инабатты.
«Кистеневка» өзіңнің мүлкің емес,
Отырсың деп жазыпты не себепті?

Андрей оқыды да қалам алды,
Почтаға жауап жазып бір хат салды:
«Жерімде еш адамның ақысы жоқ,
Өзіме неше атамнан мирас қалды».

Мұны оқып заседатель қуанды кеп,
Законге шорқақ екен Андрей деп.
Қағазбен анда-санда бір шақыртып,
Қылады келмегенін үлкен себеп.

«Іс қой» деп Дубровский ескермеді,
Сүйеніп ақтығына сескенбеді.
Айналып әрнемеге, кетті ұмытып,
«Арты қалай болар» деп тексермеді.

Февральдің тоғызында біреу келді,
Қолына павеске деп қағаз берді.
«Конвоймен алғызамын деп жазыпты,
Мұнан соң келмесіңе болмайды енді».

Андрей атын жегіп жүріп кетті,
Артынан Троекуров қуып жетті.
Көзіне көзі түсіп кетіп еді,
Мысқылдап, күлімсіреп, мазақ етті.

Келді де Троекуров сотқа кірді,
Секретарь үстел іздеп зыр жүгірді.
Төрдегі члендер мен заседатель
Қалпағын қолына алып шұлғып тұрды.

Ескерген Андрейді бір адам жоқ,
Не қылсын, ұлықтардың қалтасы тоқ.
Сүйеніп қабырғаға тұрып қалды,
Бейне бір, қағып қойған қазықтай боп.

Секретарь сот билігін оқыды әкеп,
«Еш даусыз», «Кистеневка», — байдікі деп,
Андрей Дубровский жерден шықсын,
Жүрмесін қулықпенен пайдасын жеп».

Қол қойған талай байлар мұны растап, —
«Андрей қәзір кетсін жерді тастап».
Қағазды Троекуров байға әкеліп,
«Қол қойыңыз, тақсыр деп, — әуел бастап».

Кердеңдеп, кекірейіп жетіп барды,
Сияға малып қойған қаламды алды.
Оқымаған надан бай нені жазсын,
Иректеп кіреш таңба азар салды.

Андрейге қол қой деп келгендерге
Жауап бермей, аз тұрды қарап жерге.
Ақ ісін қара жеңіп кеткендігі,
Оңалтпас оқтай тиді қайран ерге.

Қайраттанды көзінен оты шығып,
Бір қағып секретарьды кетті жығып.

Оқ тиген арыстандай аласұрды,
Әр ұлықты әр жерге қуып тығып.

Жан шыдамай көзінің қарасына,
Қашып кірді үстелдің арасына.
Қарауылшы солдаттар жиылып кеп,
Азар алып барыпты шанасына.

Кімнің жаны ашымас бұл күйіне,
Қарғыс айтпай қала ма сот биіне?
«Махкемеде тұрғанда жын соқты», — деп,
Андрейді апарды өз үйіне.

Сонымен күндер өтті, жұма да өтті,
Бұл істің болғанына айға жетті.
Адасып ақылынан Дубровский,
Ас ішу мен ұйықтауды ұмытып кетті.

Кейде төгіп жіберіп көздің жасын,
Кейде қатты қысады қолмен басын.
Егоровна дейтұғын бір кемпір бар
Сол ойына салады ішпек асын.

Уақытымен жатқызар төсек салып,
Стақанмен шай берер қолына алып.
«Тамақ ішер мезгілің болды ғой» деп,
Нан салады аузына майға малып.

Ерте өлген Андрейдің бәйбішесі,
Қатын жоқ, бала оқуда, қалды несі?
Әлгі айтқан Егоровна деген әйел, —
Асыраған жалғыз ұлдың сүт енесі.

Дубровский ешкімге сөз қатпайды,
Кемпірден басқа жанды жолатпайды.
Жынды шалды күзетіп тынымы жоқ,
Байғұсқа күн батса да таң атпайды.

* * *

Петрбор — патша тұрған үлкен қала,
Ғылым, өнер оқитын үй бар жаңа.

Университет деген медреседе
Оқып жүр Владимир деген бала.

Оқыған, өнер білген, өркөкірек,
Жайнаған жаңа өспірім отты жүрек.
Өрттен қашып ойланбас, қайта айналмас
Оқығанын бойына көрген тірек.

Сабақтас құрбысымен салып сауық,
Ойнайды қонақ қылып, уақтын тауып.
Алдынан алтынды өмір сәуле беріп,
Жүр еді еш нәрседен қылмай қауіп.

Бір күні біреу бір хат ұсыныпты,
Сөзіне оқыған соң түсініпті.
Қонақ боп отыр екен құрбылары,
Айта алмай өңі қашып қысылыпты.

Білген соң қысылғанын қонақтары,
Бар ғой деп бір оңаша іс қылары,
Бірі ол деп, бірі бұл деп сылтау айтып
Әдеппен рұхсат алып кетті бәрі.

Бір тұрды Владимир, бір отырды,
Ешкімге білдіре алмай ішкі сырды.
Киініп, чемоданын қолына алып,
Отарба вокзалына қарай жүрді.

Мінді де отарбаға жүріп кетті,
Бірталай бұл ортада уақыт өтті.
Біраз күн темір жолмен жүрді-дағы,
Дейтұғын «Құмдыбекет» жерге жетті.

Кез болды отарбадан қалатұғын
Ат керек енді жалдап алатұғын.
Почтовой станцадан ат сұрады,
«Кистеневка» қышлаққа баратұғын.

Қарады староста бұл балаға:
«Жүрмісің ақша шашып құр далаға?
Бес күндей ат әкеліп, тосып жатыр,
Сені алып барамыз деп сол қалаға.

Сол кезде Антон жемшік кіріп келді,
Екенін Владимир біліп келді.
Арбаға Владимирді отырғызып,
Ысқырып атын айдап, жүріп берді.

Шал Антон бишік бұлғап, божы қақты
Сар желді күрмедегі ат, шеткі ат шапты.
Өткенін канша уақыт пайым етпей,
Владимир тым терең ой ойлапты.

Ат пыр-пыр, арба күр-күр, қоңырау шылдыр.
Тау, ағаш кейін қалып, қақты бұлдыр.
Бұлардан Владимир түк сезбейді.
Әкетпес әлдеқайда көңіл құрғыр.

Түпсіз ой, түссіз қиял неше мыңдап.
Бірі бүйт, бірі сүйт деп тұрады ымдап.
Тұңғиық, тұманданған алдыңғы өмір.
Тұрғанын біліп болмас не дайындап.

Қайрайды, кейде ыза боп, жауға тісін.
Ойлайды, кейде реттеп, қылмақ ісін.
Ашық көзі жұмулы есепті боп,
Көрсе де көрмегендей түктің түсін.

Осындай ұйқылы-ояу бір ой басты,
Қайғы, үміт, қайрат, ыза араласты.
«Әнекей, «Покровский» қышлақ», — деген,
Антонның дауысымен көзін ашты.

Қараса: тау ішінде біраз қала.
Бақшалы, көк шатырлы үй бар жаңа.
Жасында ойнағаны түсті есіне,
Бір қызбен Мария деген жап-жас қана.

Әдепті, махаббатты һәм құрбылас.
Күлгенде нұрлы жүзі қылады мас.
Сөзі — бал, өр мінезі майда еді-ау деп,
Көзінен шығып кетті еріксіз жас.

Елжіреп күйгендей боп тұрды іші,
Антоннан келді жайын сұрағысы.

Тоқтатты өзін-өзі қайта ойланып,
Кетер деп теріс ойлап, мына кісі.

Бұл бақша Мариянікі емес пе еді,
Мені көрсе, «Аман ба?» демес пе еді.
Бақшада бар ма, жоқ па деп тұрғанда,
Етегі ақ көйлектің елестеді.

Қадалып ақ етекке көзі талды,
Сол ма, сол емес пе деп көп қадалды.
Антон жәмшік ысқырып жібергенде,
Әлдеқайда ап кетті, бақша қалды.

Келген соң «Кистеневка» қышлағына,
Көрісті үйге кірмей тыстағыға.
Жасында асыраған Егоровна
Жылады, келіп қолын ұстады да.

«Тиді ме жазған хатым, қарағым, — деп,
Почташы айтып еді саламын, — деп.
Қайғыдан дертті болды Дубровский,
Бар жерін Троекуров аламын деп.

Жазып ем білгенімше жайдың бәрін,
Андрей нашарланды, көрсең халін.
Тұруға Троекуров қол астында,
Разы емес көрші мұжық, көп құлдарың».

Сол кезде біреу шықты есік ашып,
Өлген кісі сықылды қаны қашып.
Белі имейген, көзінің оты сөнген,
Бір тұрып, бір жығылып азар басып.

Құшақтап Владимир Андрейді,
«Аман ба, халің қалай, әке?»—дейді.
Қадалып екі көзі баласына,
Басымен құр ымдайды, үндемейді.

Осындай Дубровский болған ғарып,
Сұраса, айта алмайды сөз қайтарып,
Көзінен қанды жасын сорғалатып,
Жатқызды төсегіне алып барып.

* * *

Бір күні Троекуров іші пысып,
Үйінде отыр еді арақ ішіп,
Шабашкин жылмаң қағып кіріп келді,
Тағзыммен қолтығына бөркін қысып:

«Ей, тақсыр, жұмысыңыз әбден бітті,
Сот законын кесімді күнін күтті.
Андрей апелляция* бере алмады,
Сол үшін жерді сізге сот бекітті.

Жаңа алған жеріңізге бармайсыз ба,
Есептеп, көріп, біліп алмайсыз ба.
Егін салып, пішенін орып алып,
Не болмаса, біреуге жалдайсыз ба?!»

Не демейді мас болған қызу кісі,
Ашуланып шықырлап кетті тісі, —
Жоғал, көзге көрінбе, — деп ақырды,
Онда жоқ сен сықылды иттің ісі».

Білген соң мас екенін кетіп қалды,
Байға мастық тағы да бір ой салды.
Жалынса, жерін қайтып берейін деп,
Ат жегіп Андрейге жетіп барды.

Андрей терезеден оны көрді,
Көзі оттанып, көңілін ашу керді,
Айтуға тіл, тұруға қуаты жоқ,
Қолымен құр есікке ымдай берді.

Сұп-сұр болып, көзінің оты жайнап,
Жұдырығы түюлі, тісін қайрап,
Ұмтылғанда орнынан үшып тұрып,
Жын қаққандай жығылды, бір ойбайлап.

Владимир жүгірді, көзі шалып,
Өкпесіне қарады қолын салып.
Байқаса, дем алыстан дәнеме жоқ,
Ақырды «Келе гөр — деп, — доктор алып! »

---

* Аппеляция — билікке разы болмай берілген наразы арыз (автор).

Қақпаға кім келгенін білмейді бұл,
Бар сөзі: «Доктор әкел, тез хабар қыл!»
«Троекуров бай сізді шақырып тұр», —
Деді де хабар айта кірді бір құл.

«Жоғалтсын жылдам көзін менен аулақ,
Бір іс көріп кетейін демесе нақ.
Қоймаспын өшімді алмай, құдай қосса,
Тұрармыз бұл ортада біреуміз-ақ».

Мұны естіп Троекуров қалды кетіп,
Балаға Егоровна келді жетіп: —
«Мінезін антұрғанның білмейсің бе,
Қарағым, қатты айттың ғой өкпелетіп».

«Кіріспеңіз бұл іске, ей, ана, сіз.
Білерміз қылар істі біз өзіміз.
Арымнан жанымды аяп тұра алмаймын,
Онан-дағы докторды тез әкелгіз».

Егоровна кеткен соң бұл жұмысқа,
Арада уақыт өтті тіпті қысқа.
Атам— опат, докторды шақырма», — деп,
Артынан Владимир шықты тысқа.

Қызметкер, көрші мұжық бәрі жылап,
Сорлылар шуылдады, туы құлап.
Андрей жатқан үйге кіріп келсе,
Әппақ боп төсегінде жатыр сұлап.

Өлмей, өшпей тұра ма адам фәні.
Мұзға айналып қалыпты ыстық тәні.
Басы иіліп кетіпті кеудесіне,
Ашулы оң қолының алақаны.

Басын имек — тағдырға көндім демек,
«Фәрмәнына мойынды бердім», — демек.
Алақаны ашылған ишараты —
«Несін алдым, мен ақтан өлдім», — демек.

Құл-құтан, қала берді өңкей ғарып,
Ажалға айла табады қайда барып?

Шығарып өз заңынша жаназасын
Қасына әйелінің қойды апарып.

Серт қылды Владимир жыламасқа,
Жылап жүр жұрт жиылған онан басқа.
Аулақта, қайғы басып, ой ойлауға,
Қаңғырып, бала кірді дөң ағашқа.

Кейде қайғы молайтып, кейде жойып,
Мұндайда болушы емес ойға тойып.
Қайтерін, не қыларын байлай алмай,
Отырды қу ағашты үйіп қойып.

Ой шалып шартарапты, жыбырлады,
Жел суылдап, жерде гүл сыбырлады.
Аққан өзен көрсетіп о да өмірін,
Менше ақшы деп, бұраңдап былдырады.

Сүйсінсе кейде жарық күн шуаққа,
Қаптайды қара бұлт мұңайтпаққа.
Аз уақыт алаң ашық болса-дағы,
Күн төмендеп барады жоғалмаққа.

Ғибрат етіп Алланың дүниесін,
Ойланып отыр еді әр немесін.
Кеш болғанға ишарат бергендей боп,
Перде қылып тау тартты көленкесін.

Білген соң кеш болғаны кетті қайтып,
Қайғы үстіне қайғыны тым молайтып.
Үйге келсе, қорасы толған кісі,
Даңылдап тұр әрбіреу бір сөз айтып.

* * *

Тарантас толып жатыр пар ат жеккен,
Қараса, көбі төре шенді шекпен.
Сұрады Владимир бір құлынан:
«Келді деп бұлар мұнда не себептен?»

Танып, шулап, жүгірді құл-қызметкер: —
«Өзің өлтір, немесе сатып жібер, —

«Сендердің қожайының — Троекуров,
Соған құл бол деп келді бұл төрелер.

Біз көнбейміз қорлықты көрсек-тағы,
Шыбын жанды сен үшін берсек-тағы.
Басқа байды білмейміз, қожамыз — сен,
Өз соңыңнан қалмаймыз өлсек-тағы»

Тоқтау айтып, жұбатып мұжықтарға,
Владимир сөйлесті ұлықтарға:
«Не себептен құлымды қорқытасыз,
Законда осылайша қылық бар ма?!»

Бір чиновник сөйледі жауап беріп:
«Уезной сот жіберді бұйрық беріп.
Андрейдің жер-суын, барша мүлкін
Троекуров бай алмақ, жиып-теріп.

Мұнда саған орын жоқ тұрмағына,
Құл түгіл сен ие емессің қырдағына.
Соттың ісі бекіткен, патша әмірі,
Мүмкін емес қарсылық қылмағына».

Сонда бір дауыс шықты құл ішінен:
«Сот-мотыңды қоя тұр, чиновник, сен.
Өлтірсең де, қожамыз — Владимир
Троекуров итіңді білмеймін мен!»

Справник шақырды старшынды:
«Бізге қарсы сөйлеген қандай жынды?—
Қазір ұстап әкел! — деп, — бұйрық қылды, —
Үйретемін оған, — деп —«білмеймінді».

Старшын құл ішіне кіріп кетті,
Қамшы-таяқ, жұдырық сарт-сұрт етті.
«Ұмтыл, ұста, жігіттер, не тұрыс бар,
Өлтір өзін», деген бір дауыс жетті.

Соны айтып, тамам мұжық ду жүгірді,
Ұлықтың бәрі қашып үйге кірді.
Ішінен есікті іліп алса-дағы,
«Шап, қират, бұзып кір», — деп, — шулап тұрды.

Владимир тоқтатты құлдарды кеп:
«Жанжалдасқан жұмысқа болмайды сеп.
Алдап-сулап қайтарды мұжықтарын,
Қоя тұр, патшаға өзім барамын», — деп.

Түн болды, приказнойлар қонды бәрі,
Парақордың бола ма бетінде ары.
Ішіп алып, мас болып, жатып алды,
Дайын екен закуска, арақтары.

Владимир ішкі үйге кіріп кетті,
Басқара алмай, әр түрлі қиял етті.
Жалғыз түнде айрылып бар мүлкінен,
Антұрған Троекуров түпке жетті.

Соны ойлап, ұйқтай алмай қайта шықты,
Арақ мас қып қонақтың бәрін жықты.
Алдыңғы үйге шам алып кіріп келсе,
Бұшпаққа қашып барып біреу бұқты.

Барып еді екен деп бөтен кісі, —
Өзінің Архип деген теміршісі.
Қолында қайрап алған балтасы бар,
Мағылұм емес қылғалы жүрген ісі.

Владимир сұрайды: «Бұл ісің не,
Қараңғыда балта алып жүрсің неге?»
Архип айтты: «Қырамын приказнойды,
Бар да жат, онда сенің жұмысың не?!»

«Оны қой — деп, қолына фонарь берді,
Фонарьды ұстап, баланың соңына ерді.
Екеуі үйдің маңын шолып жүріп
Ояу жүрген Гриша құлды көрді.

Ұйқтай алмай қорада ол да ояу тұр,
Не қыларын біле алмай сандалып жүр.
«Неге жүрсің ұйқтамай?»—деп сұраса,
Дейді: «Бүгін келе ме ұйқы құрғыр».

Оған айтты: «Бар-дағы құлдарды оят,
Үй ішінде қалмасын біреу оғат.

Егоровна бар болса, оны да әкел,
Осы жерге жиылсын бар жамағат!»

Архипқа айтты: «Ат жегіп дайындап тұр»,
Гриша тамам құлды оятып жүр.
Бірін қоймай, бәрін де жиып алды,
Қылатұғын ісі бар, не қылса бір.

Архипқа айтты: «Арғы үйге барып келші,
Ояу қонақ бар ма екен, шалып келші.
Егерде ояу кісі көрінбесе,
Сыртқы есіктің құлыбын салып келші!»

Архип барып құлыпты салып келді,
Әр мұжық бір қолтық шөп алып келді.
Басқышқа салам менен шөп толтырып,
От қойған соң дүрілдеп жанып берді.

Мұжықтың кейі қорқып, кейі састы,
Владимир құлдарға амандасты:
«Мен кетемін, бәрің де аман бол», — деп,
Дайындаулы арбаға қадам басты.

Қымсынып, қысылмайды түсін бұзып,
Кемпір мен Гришаны отырғызып,
Антон көшір атты айдап, бір ысқырып,
Көзден ғайып болды да кетті сызып.

* * *

Бір минутте зорайды от лапылдап,
Еден, тіреу қирады бек шатырлап.
Әр терезе түбінде бір чиновник:
«Ойбай, өлем, құтқар, — деп, — тұр қақылдап».

Архип мазақ қылады: «Олай ма, — деп,
Жанып, күйіп, жан беру солай ма, — деп.
Ар-иманын параға сатқан адам
Жаза артпай, құтылу оңай ма», — деп.

Терезеге жиылды приказнойлар,
Пияланы қиратып, шықпақ ойлар.

Сол кезде күтір етіп үй құлады,
Астында қала берді үйіткен қойлар.

Қуанды Архип қолын шапалақтап,
Тауықтарым пісті деп отқа қақтап.
Бір мысық жанған үйдің төбесінде,
Түсе алмай мияулап жүр көзі алақтап.

Соны көріп, малайлар тұрса күліп,
Архип тұра жүгірді оны біліп.
Саты қойып, шатырға басып шығып,
Мысықты құтқарыпты қайрат қылып.

Аямай өртке түскен адам қанын,
Мысық үшін қатерге салды жанын.
Парақордың хайуаннан төмендігі
Сол жерде, көрдіңіз бе, байқалғанын.

Енді мен де бұл үйді нетемін деп,
Амандасты Архип та кетемін деп.
Жөнелді Владимир кеткен жаққа,
Не қылсам да, соларға жетемін деп.

Бұл істі Троекуров ертең білді,
Ұлыққа шаһардағы хабар қылды.
Кім өліп, кім құтылды, білеміз деп,
Ұлықтар сол араға көп жиылды.

Жоқ болды үш құлы мен Владимир,
Тағы да Егоровна деген кемпір.
Приказной, справник, заседатель,
Тірі кісі қалмапты олардан бір.

Біреу айтты бәрі де жанды ғой деп,
Бірі айтты Владимир қалды ғой деп.
Ішінен Троекуров бай ойлайды:
«Кім де болса әдейі от салды ғой», — деп.

Біле алмай анық хабар іші пысып,
Тергеді қалған құлдың бәрін қысып.
Протокол, дознание, әкті жасап,
Тергеу боп жүрді бұл іс, сотқа түсіп.

* * *

Мұнан соң өтіп еді біраз заман,
Қорқынышты бір хабар шықты жаман.
Бір жолкесер әр жерде елді талап,
Қаһар қылған кісісін қоймайды аман.

Бұрынғы жолкесерден мінезі жат,
Білмейді кім екенін еш адамзат.
Пәлен байға пәлендей іс қылам деп,
Күні бұрын білдіріп, жазады хат.

Сақтанса да қалмайды оның жаны,
Тіпті болмай қоймайды сол айтқаны.
Қайдағы зорлықшыл мен залымды алып,
Момындарға тимейді түк зияны.

Талай байдың талапты көп ақшасын,
Талқан қылып қоймасын, я қақпасын.
Соқтықса, сорлы қылмай тоқтамайды.
Өртейді үй, егінін, бау-бақшасын.

Бір ісі тағы да бар таңқаларлық,
Разбойникке ұқсатпай, аңғарарлық.
Талағанын тап-тақыр құрытпайды,
Күн көргішін тастайды малданарлық.

Бұл жерде тұра тұрсын бұл сөзіміз,
Басқа әңгіме айталық сіздерге біз.
Тыңдаушының ойынан шықты ма екен,
Баяғы Мария деген бір жастау қыз.

Сабаққа оқысын деп беріп еді,
Бұл кезде он жетіге келіп еді.
Әкесіндей ант ұрған надан емес,
Ғылым, әдеп, тәрбия көріп еді.

Оқытқан молда қыздың — Мишу аты
Француз жұрты еді оның заты.
Сол қызбен Троекуров көңіл қосып,
Жасырын болған екен махаббаты.

Некесіз бір ұл тапты Мишу қатын,
Бұлардың әркім білді жаманатын.
Өз балам деп жазғызып Троекуров,
Қойыпты Александр ұлдың атын.

Сол бала тоғыз жасқа келіп еді,
Оқитұғын мезгілі болып еді.
Мәскеуден бір учитель әкелдіріп,
Оқуға французша беріп еді.

Дефорж — учительдің дейді атын,
Айтады француз деп арғы затын.
Оқытып Марияға бай көріпті.
Билетін һәм куәлік алған хатын.

Бұл өзі жап-жас жігіт жүзі нұрлы,
Ғылымнан хабары бар неше түрлі.
Өзгесін Троекуров ұнатса да,
Ойлайды бозбала деп қандай сырлы.

Білмейді французша байдың өзі,
Наданның тіпті топас келер сөзі.
Марияны тілмаш қып жігітке айтты:
«Жүрмесін қызымда боп екі көзі».

Қысылды қыз ұялып көрер көзге,
Білмеді не дерін де осы сөзге.
Сүйтсе де аз ойланып, айла тауып,
Айтыпты, мағынасын қылып өзге:

«Айтып тұр әкем сізге нанамын, — деп,
Сөзіне айтқан сайын қанамын, — деп.
Еңбегін, құдай қосса, зая қылман,
Білдірсе білмегенін баланың», — деп.

Перевод қылды солай Дефоржге,
Ол айтты: «Бала оқыта келдім сізге.
Аз күнде-ақ Александр ғалым болар,
Алаңсыз нана тұрсын бай да бізге».

Дефорж қызға қарап бір тоймайды,
Әңгіме, айтыспаған сөз қоймайды.

Тұрса да іші жылып Марияның,
Жалдаулы бір қызметкер деп ойлайды.

* * *

Троекуров байдың бар бір мінезі,
Кей қылығы адамды қылар мезі.
Қисынсызды қызық деп істейтұғын,
Бір мінезін айтуға келді кезі.

Бір үйге шынжырлаулы аю байлап,
Үстіне киргізеді біреуді айдап.
Аю қарсы ақырып тап бергенде,
Азар жаны қалады а құдайлап.

Бір бұшпақ бар қалатын шынжыр жетпей,
Кірген кісі құтылмас соған кетпей.
Арсаң қағып адамды аю қуса,
Бай тұра ма қуанып, ермек етпей.

Дефоржді киргізді айтпай барып,
Аю оған ұмтылды көре салып.
Қашқан да жоқ, Дефорж сасқан да жоқ,
Тарс қойды қалтасынан мылтық алып.

Троекуров бұл кім деп мылтық атқан,
Кіріп барса, аюы қанға батқан.
Марияны тілмаш қып бай сұрады,
«Мылтық сап жүресің, — деп, — не себептен?»

«Мылтық сақтау әдетім, салақ жүрмей,
Бұл үйге кірдім аю барын білмей.
Мазағың ба, жоқ мені сынадың ба,
Неге алдадың кір-кір деп, түк білгізбей?

Мұнан саған қалайша пайда түсті,
Мен көтерер кісі емен мазақ істі.
Бұл қылжақты төлетпей қоймас едім,
Тоқтатып тұр бір себеп онан күшті».

Мария тұр переводтап жігіт сөзін,
Намысқор, ержүрек деп ұнатты өзін.

Бұрынғыдай жалдама жалшы демей,
Көрген сайын қызықты әр мінезін.

Бай да мақтап, «батыр» деп, құрмет етіп,
Мариямның ішін о да елжіретіп, —
Дефорж скрипка, гармонь тартып,
Жүріпті ән қосуға қызды үйретіп.

* * *

Орыстың бір мейрамында болған екен,
Көп қонақ байға келіп қонған екен.
Төре, қара, бозбала, қыз-келіншек,
Кәрі, жасы сол үйге толған екен.

Ән салған, арақ ішкен, өлеңдеткен,
Кейі айық, кейі мас боп, есі кеткен.
Дуылдап сауық салып отырғанда,
Қақпаға біреу келді үш ат жеккен.

Пафнотич Антон деген бұл да бір бай,
Ұрысты Троекуров «Келдің, — деп, — жай».
«Кешіккен себебім бар, кешіңіз», — деп.
Иілді құлдық ұрып, кешу сұрай.

«Арбам сынып, ұстаға алып бардым,
Түзеттіріп алдым да, бері салдым.
«Кистеневка» орманын шыр айналып,
Тура жолмен жүре алмай кешке қалдым».

«Арбаң сынып қалғаны болсын себеп,
Айтуға кешіккенім сол үшін деп.
Тік жолмен жүре алмадым деген сөзің,
Емес пе көпе-көрнеу алдаған еп?»

«Ұмыттың ба Андрейден алған жерің?
Куәсі мен емес пе ем салған сенің?
Егер де Владимир ұстап алса,
Сүйегім, етім түгіл қалмас менің.

Тірі жүр Владимир елді шауып,
Мен сонан тік жүруге қылдым қауіп.

Әкесі өш ала алмай өліп кетті,
Қояр ма мені өлтірмей, алса тауып?

«Мен де естідім осындай бір өсекті,
Анық-ақ ол антұрған бізге кекті.
Ел шауып Владимир тірі жүрсе,
Ұлықтар ойламайды-ау іздемекті».

Бай айтты естіп едім оны мен деп,
Ұлық жоқ разбойникті қуған жөндеп.
Жастау бір справник отыр еді,
Соған айтты не қылсаң ұста сен деп.

Бай қосқан бір жұмысқа жарармыз деп,
Азар айтты тырысып қарармыз деп.
Тірі екені рас па, өтірік пе,
Әркімнен сұрастырып, табармыз деп.

Бір қатын Анна деген тұра келді,
Мен анық білемін деп жауап берді:
«Тірі жүр Владимир Дубровский,
Сөйлестім, қонақ қылдым, көзім көрді.

Балама оқудағы салып ем хат,
Екі мың теңге беріп һәм қаражат.
Ақша мен хатты апарған прикащігім
Тоналып, айтып келді бір жаманат.

Ойлап едім ап-аман барады деп,
Жақын жер ғой, оны кім алады деп.
Айрылып ақшасынан өзі келді,
Разбойник Владимир талады деп.

Білмедім қайтерімді құр сандалып,
Кеткен соң бар ақшамның бәрін алып.
Балама күй-жайымды түгел жазып,
Жібердім ақшасы жоқ бір хат салып.

Бұл іске кеткеннен соң бір жұма өтіп,
Үйіме бір жандарал келді жетіп,
Мен сіздің байыңыздың досы едім деп,
Мұңайып, көңіл айтты әдеп етіп.

Қара мұрт, қара шашты, өткір көзі,
Ішімді елжіретті әрбір сөзі.
Орта бойлы иықты, жүзі нұрлы,
Отыз бес шамасында, жастау өзі.

Байымның әр мінезін айтқан сайын,
Кәдірлеп, түрлі тамақ қылдым дайын.
Ақшамды Владимир талағанын
Ұқтырдым, әңгіме ғып соның жайын.

Жандарал өңі қашып, айтты маған,
Ақшаңды прикащіктің өзі ұрлаған.
Алмайды Владимир жетім малын,
Анығын білдіремін қазір саған.

Шақыршы, прикащігің келсін деді,
Ұқтырсын, жөнін айтып берсін деді,
Егер де, ұрлағанын тана қалса,
Жазасын осы арада көрсін деді.

Прикащік келіп еді шақырғанда,
Қысылды, шыныңды айт деп ақырғанда.
«Шапшаң айт, ақша қайда антұрған!»—деп,
Қоймады құр жалынып, бас ұрғанға.

«Кім алды, қалай алды, ұқтыр мәнін
Қысылмақ түгіл сенің шықсын жаның.
Менің кім екенімді танимысың,
Төгілер шын айтпасаң қазір қаның!

Рас саған Владимир жолыққаны,
Оп-оңай бір олжаға молыққаны.
Жетімнің малы екен деп қайта берген,
Тана ғой, шын жүзі қара болып, қаны.

Мені кім деп отырсың, анық қара,
Көзіме көзің тіктеп, салып қара.
Ақшаны қазір әкеп орнына сал,
Жаныңнан күдер үзсең, танып қара!»

«Ей, тақсыр, не қылсаң да ерік сізде,
Ұрладым шайтанға еріп, ақша бізде.

Кеш мейліңь, өлтір мейліңь, жазалы — мен,
Сіз аулақ, өз обалым өзімізде».

Тапқызып, түгел санап, ақшаны алды,
Байғұсым «Мә, ақшаң» деп бере салды,
Арбаға прикащікті байлап алып,
Жандарал амандасып, кетіп қалды».

Артынан бұл қалай деп ойға салдық,
Анық-ақ Владимир сол деп қалдық.
Таңулы бір ағашта жап-жаланаш,
Жатқанын прикащіктің тауып алдық.

Көргенін түгел айтты Анна жөндеп,
Тыңдады барша қонақ ентеленделеп.
Тамам қыз, әсіресе, Мария ойлайды,
Жігіт болса, осындай болса екен деп.

Бай айтты: «Анна, менің сөзім тыңда,
Келмейді Владимир тіпті мұнда.
Разбойник жандарал боп жүре алмайды.
Кім білсін, әлде сайтан, әлде жын ба?

Және бір дәлелім бар ол демеске,
Келген жоқ Владимир отыз беске.
Ол біздің Мариядан бес жас үлкен,
Мінекей, жаңа шықты жиырма үшке».

Бұл сөзге тамам қонақ таласты кеп,
Бірі сол, бірі емес деп, бәрі сөйлеп.
Қашқынның түсін жазған қағазды алып,
Оқыды справник мынадай деп:

«Өткір, қара көзі бар, қоңыр шашты,
Орта бойлы, қара мұрт, қара қасты.
Мұрны түзу, сақалын қыратұғын,
Жиырма екі жасынан биыл асты».

Қонақтар күлді мұны мазақ қылып:
«Жазыпсың деп белгісін таза-ақ қылып.
Қара мұрт, қара көзді толып жатыр,
Бәрін ұстап қинаңдар, азап қылып».

Күлісті, арақ ішіп, сауық болды,
Елеріп, есі шығып, қызып алды.
Өңкей мас, түнде үйіне не қайта алсын,
Бәрі де байдікіне қонып қалды.

Антон Пафнотич деп айтылған бай
Мастың ішін көрмеді жатуға жай.
Бала оқытқан учитель Деформа
Қасынан келді жатар орын сұрай.

Бұл байдың ақшасы көп қойнындағы,
Іштен салған дорбада мойнындағы.
Үйге қойсам разбойник талайды деп,
Қорқынышы сол еді ойындағы.

Француздың бөлмесін берік көріп,
Жатар орын сұрады еріп келіп.
Орысша ұқтыра алмай, қолмен ымдап,
Азар ұғып жатқызды, ерік беріп.

Шам сөнді. Жалаңқабат терезесі,
Қатты қорқып шығыпты байдың есі.
Терезе анау, есіктің ілгегі жоқ,
Ұры келсе қалар деп неменесі.

Французды оятты «тұрыңыз, — деп,
Малайларға бір әмір қылыңыз деп.
Есік пен терезені мықтап жапқыз,
Жарамайтын салақтық мұнымыз», — деп.

Орысшаны ұға алмай аң-таң қалды,
Французша айта алмай бай сандалды.
«Қайырлы ұйқы болсын», деп өз тілінше,
Бір айтты да бүркеніп жатып қалды.

Оятса да оянбай қалды жатып,
Бай мыңқылдап ұрсып жүр бұтып-шатып.
Арақ ішіп ақылы кеткен сорлы,
О да ұйқтады сілесі әбден қатып.

Көзін ашса шошынып бір мезгілде —
Француз кеудесіне мінген мүлде.

Бір қолында алтыатар, ақшаны алған
Қорыққанынан бай айтты: «Тақсыр бұл не?»

«Сендей ит бұл не екенін не қылады,
Жалғаншының жазасы табылады.
Мен едім Владимир Дубровский,
Біреуге айтсаң, мойының шабылады.

Сен итті өлтірмеймін осы жолы,
Алалдың әрқашан-ақ жетер қолы.
Біреуге мен туралы сыр білдірсең,
Жаныңнан күдерінді үз, ұмытпа соны».

* * *

Мәскеу мен Покровский арасында,
Кішкентай Кэф станса қаласында,
Жолаушы жас француз отыр еді,
Бекеттің көлеңкелеп панасында.

Көңілге алған барарлық бар ғой беті,
Ертерек бір шаһарға кірмек ниеті.
Еріккен соң ысқырып ән салады,
Кешігіп, келмей отыр аттың реті.

Староста қатыны байына айтты,
Ысқырғанын бұл жігіт тым ұзайтты.
Мазамызды алғызбай жөнелтсеңші,
Бағанағы тройка, міне, қайтты.

Байы айтты: «Жекпеген тың атым жоқ,
Ол ысқырса, сен биле, барабан соқ.
Қазынаның бір ұлығы келіп қалса,
Ат қайда деп бетіме баспай ма шоқ».

Біраздан соң қоңыраудың үні келді,
Не төре, не жандарал міні келді.
Сап-сарала киінген бір офицер:
«Ат бар ма?» — деп сұрайды кіріп енді.

«Ей, тақсыр, сізге деген атым дайын,
Мен сізді неге бөгеп, тоқтатайын.

Жолхатыңыз бар болса, көрсетіңіз,
Кінегеме көшіріп, сөз жазайын»

Төре айтты: «Танимысың өзің мені,
Аз кідірсең, үйрету керек сені.
Қағазым жоқ, барамын алыс шетке,
Былшылдамай атты жек, әлденені».

Староста жөнелді шықпай үні,
Қызметкердің немене көрген күні.
Әлгі офицер сұрады бәйбішеден:
«Мынау кім?» деп бұрынғы жолаушыны.

«Кім екенін білмеймін жайын, сырын,
Французға ұқсаттым киім түрін.
Ат сұраса бермейді староста,
Бағана келіп еді сізден бұрын».

Офицер соған қарай қадам басты,
Қол беріп французша амандасты.
Жол болсын, қай тарапқа барасыз?» — деп,
Сөйлесіп біраз ғана жөн сұрасты.

«Шақырғаны — Троекуров деген бір бай,
Бала оқыт деп, өзгеге мойын бұрмай,
Ат бермей староста бөгет қылды,
Әйтпесе, кетер едім мұнда тұрмай».

Мақтайды алыс жерге әркім байын,
Әрине, бай кісіде тамақ дайын.
Мінезін, беретұғын жалуанасын,
Тексеріп біліп пе едің байдың жайын?»

«Көп жаман сөз естідім ол туралы,
Тәкаббар, залым, тантық дейді халы.
Үш мың сом жылға бермек жалуанасы,
Барамын, біраз шыдап, соны алғалы».

«Жә, мырза, ашылды енді жүрген ісің,
Сөзің майда, көрінді жылы түсің.
Сірә, байға наразы бола қалсаң,
Ақылдасар бар ма еді таныс кісің?»

«Ешкімді танымаймын мен бұл жақта,
Деп келемін бір құдай өзің сақта.
Бір досы Мәскеудегі хабар айтып,
Келемін бақытымды сынамаққа».

«Жөн, жігітім, еркің ғой қайда барсаң,
Зорламайды және ешкім бармай қалсаң,
Билет, жолхат, куәлік қағазыңды
Сатар ма едің, он мың сом ақшаны алсаң?

Жас француз бұл іске нана алмады,
Қалжың ғой деп, сөзіне қана алмады.
Он мың сомға қағазды қайтеді деп,
Мазағы ма, шыны ма, таба алмады.

Төре айтты: «Қабырғаңа әбден кеңес,
Сөзім шын, білген кісі жалған демес.
Жанға айтпаймын, еліме қайтамын деп,
Уағыда берсең, он мың сом дәнеме емес.

«Шын алсаңыз, беремін жиып бәрін,
Неше түрлі бар еді қағаздарым.
Қалжың болса, қалмаңыз жолыңыздан,
Құр мазақтап, көңілімді қылма жарым».

«Міне, шын», деп, он мың сом санап салды,
Жиып, теріп, көрді де, қағазды алды,
Тез қайтуға, ешкімге білдірмеске,
Ант алды да офицер кетіп қалды.

Француз сол сағатта болды бір бай,
Ақшаны алып, салған соң көңілі жай.
Құдай-ау, өңім бе бұл, түсім бе деп,
Ат жалдап, қайтып кетті көп тұра алмай.

Бұл тоқтасын, арт жаққа шегінейін,
Шала айтылған бір сөзім қалды кейін.
Троекуров көп қонақ қондырды деп,
Айтып едім, бағана соған шейін.

Таң атқан соң қонақтар тарасыпты,
Антон байды «қайда» деп, қарасыпты.

Түс көрген бе, не қиын іс көрген бе,
Түнде шошып, ақылдан адасыпты.

Сөз сұраса, аузын да аша алмайды,
Жүрсе аяғын анықтап баса алмайды.
Ақшасынан айрылған сорлы байғұс,
Қорқып, сырын ешкімге шаша алмайды.

Бұлар кетті сонымен жай-жайына,
Дефорж бек жағымды өз бойына.
Сөзіне, мінезіне тұтқын болып,
Мария әбден түсті ыңғайына.

Екеуі еркін алып бір оңаша үй,
Марияға үйретеді нотадан күй.
Ісі таза, ішінде — шын махаббат,
Біріңді-бірің сүйсең, соларша сүй.

Бір күні отыр еді күй үйретіп,
Тоқтатты бас ауруын сылтау етіп.
Дефорж қызға бір хат берді-дағы,
Кідірмей үйден шығып қалды кетіп.

Қараса Мария оқып хатын ашып:
«Кеткем жоқ деп жазыпты сізден қашып.
Кешкі сағат жетіде бақшаға кел,
Айтатұғын сөзім бар амандасып».

Бай жатыр қонағымен дәурен сүріп
Арақ ішіп, шуласып, иттей үріп.
Сағат жеті болуға таянғанда
Мария бақша жаққа кетті жүріп.

Түнде жүріп келеді бір жалғыз қыз,
Ғашық болды демейміз осыны біз.
Сүйтсе де, махаббаттың лебі тартып,
Алып кетіп барады ықтиярсыз.

Барып кірді бақшаға есен-аман,
Кешікпей жігіт келді қызға таман:
«Сырымды айтпай кеткенім мақұл емес,
Мария, айырларлық болды заман.

Шошынбай сөзім тыңда, есіңді жый,
Разымын, құрмет қылдың, көп көрдім сый.
Учтель французбын деп жүретін —
Мен едім Владимир Дубровский.

Рахымсыз, ит әкеңнің зорлығынан,
Кеудемде қайғы шерім молдығынан.
Жүрмеген жер, көрмеген түсім де жоқ,
Разбойник боп, ел шаптым қорлығынан.

Момынға залалым жоқ жалғыз тиын,
Кегім кеткен кердеңнің бердім сыйын.
Жалғыз-ақ ит әкеңе қыла алмадым,
Маған сенің барлығың болды қиын.

Талай бардым жасырын қанжар алып,
Өлтірсем кетуші едім салып қалып.
Бір сені ойлап, буыным босап кетіп,
Қыныма қоюшы едім қайта салып.

Әкеңде ақым менің бар емес пе,
Мойнында және әкемнің жаны емес пе?
Жалғанда бір адамның қанын ішсем,
Жұтарлығым осы иттің қаны емес пе?

Жарық күнім, михрабым, осы кегім,
Онсыз өмір сүрместей көкірегім.
Махаббатың, нұр жүзің құрметі үшін,
Пида болып, кешіліп кетті тегін,

Әкең түгіл, тие алмай тиынына,
Сен үшін түстім өмір қиынына.
Өш алар талай кезім келмеп пе еді,
Өзің ойлап қарашы сыйымына.

Ол түгіл, саған жақын жүрген адам,
Оның маған инедей малы харам.
Ант еттім қабағыңды шыттырмасқа,
Ием солай бол деді, бар ма шарам?

Хат алдым жолдасымнан «Біліндің, — деп,
Тез қайтпасаң, қармаққа іліндің, — деп.

Әніки, хабар беріп, ысқырып тұр,
Кешіксең, жазым болып, сүріндің, — деп.

Ұмытпа мені, Мариям, қош аман бол,
Енді мұнда тұруым болмайды жол.
Қысым көрсең, қабыл ал жәрдемімді,
Осы сөзге уәде бер, тілегім сол».

Сөз айта алмай, Мария жылап еді,
Махаббаты оның да құлап еді.
Өксіп тұрып «уәде» деп азар айтты,
Қолын ұстап, жалынып сұрап еді.

Владимир тоғайға кетті кіріп,
Қыз келді өз үйіне қайта жүріп.
Үй ішінде көп дауыс даңылдаған,
Кіріп барды, есікте біраз тұрып.

Қараса, справник төре сонда,
Бай айтты: «Ей, Мария, келші мұнда.
Дефорж деп жүргенің Владимир
Деп отыр мына төре, сөзін тында.

Владимирге ұқсай ма біздің молда,
Бөлмесінде бар ма екен, бардың ба онда?
Бақша жаққа барғанда, не қайтқанда,
Дефорж жолықты ма саған жолда?»

«Мен оны білмеймін», — деп азар айтты,
Аурумын деп жататын үйіне қайтты.
Дефоржды тез тауып алып кел деп,
Троекуров құлдарға хабар айтты.

Құлдар оны таба алмай жүр сандалып,
Көрсең айт деп әр жерге хабар салып.
Төреден Троекуров бай сұрады:
«Сен бұл сөзді айттың, — деп, — кімге нанып?

Справник айтады: «Бұл сөз анық,
Жанға айтпаңыз, бұл сырды жасыралық.
Антон байдың ақшасын тартып алып,
Қорқытқан, өлтірем деп, білсе халық».

Дефоржды таба алмай құлдар келді,
Алдағанын бай да анық біледі енді.
Справник, чиновник, барша төре
Тінтіп, қарап жүріпті тамам елді.

* * *

Сонан соң өткен екен қыс пенен жаз,
Бұрынғы ұмытылғандай болды біраз.
Бұл байға отыз шақырым жерде тұрған
Бар еді Веренский деген князь.

Ол князь мұнда тұрмай шетке кеткен,
Жеріне бір майерды күзетші еткен.
Тұрған жер, туған елін көрейін деп,
Сол жылы қаласына келіп жеткен.

Кішкентай қаласының көрді жайын,
Ерігіп, іші пысты түрған сайын.
Қонаққа Троекуров байға келді,
Көруге амандасып көрші байын.

Әрі бай, әрі князь, әрі шені,
Деді де менен басқа кімнің теңі.
Сыйлады өз үйіне отырғызып,
Сөйлесіп, әзілдесіп әлденені.

Бұл князь келіп қалған елу жасқа,
Жас бөгет пе, жас қызға қарамасқа
Марияны көрген жерде-ақ қуаныпты,
Қызы сұлу байменен араласқа.

Білдірмеуге жасының толғандығын,
Ер орталы қартаңдау болғандығын.
Жас та болса қиынға патша жұмсап,
Ұқтырды ерте нұры солғандығын.

Өзі князь. әрі бай, шешен деген,
Досы да көп, уағдаға бекем деген.
Сөз ішінде байқатпай отырмайды,
Қатынсыз, әзір салтаң екендігін.

Аздан соң қайтатұғын уақыт жетті,
Бізге де қонақ бол деп тілек етті.
Марияны қасына алып Троекуров,
Қонаққа үш күннен соң о да кетті.

Күтіпті бар әлінше князь-дағы,
Лайық қой шақырған соң сыйламағы.
Үйіне бай қайтқан соң, князь келіп,
Теткеусіз араластық болды аяғы.

* * *

Аулақ үй, терезесін қойған ашып,
Іс қылып, Мария отыр кесте басып.
Алдына терезеден бір хат тастап,
Көрінбей кетіп қалды біреу қашып.

Сол кезде ішкі есіктен біреу келді,
«Әкеңіз шақырады сізді», — деді.
Қасында Веренский отыр екен,
Мария әкесіне келіп еді.

«Айтайын бір қуаныш саған, — деді,
Бұл князь келіп отыр маған, — деді.
Сұрайды қатындыққа сені алуға,
Әлбәттә, разысың, гой, балам? — деді.

Үйін де, мінезін де көрдің жайын,
Шен десең, байлық десең, бәрі дайын.
Өзіңнің ішің де ұнап тұрған шығар,
Көп айтып, мұны мақтап не қылайын».

Мария қып-қызыл боп кетті терлеп,
Өлтіргені жақсы еді мұнан жерлеп.
Ұсынып Веренский қызға қолын,
Жалынды: «Разымын, — деп, — айта көр», — деп.

Үндемей қолын да алмай, мойын бұрмай,
Кеткісі келді қыздың онда тұрмай.
«Мен де ырза, қызым да ырза, — деді әкесі.
Әншейін ұялып тұр сөз қайырмай».

Және айтты: жұмыс бітті, мен бердім деп,
Марияның князь сүйді қолынан кеп.
Ұрғанын төбесінен сонда біліп,
Көзінен ағып кетті жас мөлдіреп.

— Бар, балам, көзіңді сүрт, көңліңді бас,
Күйеуге берілмей қыз, үйде тұрмас.
Айта ма өлсе қыздар ұнадың деп,
Қуанса да көзінен төгеді жас.

Қыз шықты, шұбатылып азар үйден,
Сандалып, сырты жалын, іші күйген.
Еріксіз сүймесе де малға сатып,
Болар ма қыздан сорлы шалға тиген.

Мария қайтіп шыдасын жаны күймей,
Қайғыны үсті-үстіне қоя ма үймей.
Монастырьға кетейін деп те ойлады,
Өтуге өмірінше байға тимей.

Есіне Владимир түсті тағы,
Бар еді шын қысылса құтқармағы.
Бағана терезеден берген хатты,
Оқыды қалтасынан алды-дағы.

Қараса, жазу екен жалғыз-ақ жол,
Болса да сөзі қысқа, мағынасы мол.
«Сағат он, бұрынғы орын, түнде» депті,
Түкте жоқ онан басқа, бар сөзі сол.

Мария жүріп кетті сағат онда,
Ескі орын — бақша ғой деп, барды сонда.
Жолықты күтіп тұрған Владимир,
Уәдеден таяр ер ме мұндай жолда.

«Жайыңның айтпасаң да бәрін білдім,
Хат беріп, сол себептен хабар қылдым.
Тоқталып, күтіп тұрмын пәрменіңді,
Князьді өлтіруге неше ұмтылдым».

«Ей, мырза, еш адамда кетпейді есең,
Жарайды, ол князьді өлтірмесең.

Мені көріп қызықты, жазалы ма,
Қанына ортақ болма, мені десең».

«Ендеше, князь қалсын есен-аман,
Қарсы келер халім жоқ, ханым саған.
Әкеңнің зорлығынан құтқарайын,
Разымын, соны рұқсат қылсаң маған».

«Рас, әкем бермек болды зорлықпенен,
Білмейді ішімді анық сондықпенен.
Жылармын, жалынармын, ұқтырармын,
Зорлыққа көне қойман қорлықпенен».

«Ханым-ау, ол айтқаның болмайтұғын,
Әкеңнің ойына сөз қонбайтұғын.
Досы — мал, дұспаны — адам, мейірімсіз,
Рахымсыз ит емес пе, оңбайтұғын.

Рас қой, айтқаныңа көнсе иіліп,
Тоқтаса жүрегіне нұр құйылып.
Егер де, зорлығынан қайтпай қойса,
Қоясың сонда маған не бұйырып?»

«Шын айтып, шын жыласам, әкем тоқтар,
Болса да қанша залым, қанша сотқар.
Аямай, ықтиярсыз бермек болса,
Уәдем сол, не қылсаң, мені құтқар».

«Ханым-ау, сен білмейсің оның жайын,
Қайраттан, қатаң сөйле айтқан сайын.
Жалынған, жылағанда тындамаса,
Дегейсің құтқарушы кісім дайын.

Ол кім деп сұрап қалса ол ит жегір,
Дегейсің Дубровский Владимир.
Кеудемде шыбын жаным аман тұрса,
Қоймаспын болса-дағы жаны темір,

Құшақтап Марияны біраз тұрды,
Иіскелеп о-дағы мойнын бұрды.
Жүрегін өрт алды ма, қуанды ма,
Кім білер сол кездегі ішкі сырды.

Тамаққа ыстық демнің лебі тиіп,
Ауыздан алған шығар бір-бір сүйіп.
Марияның «Жетер енді», — дегенімен,
Екеуі әзер алды есін жиып.

Елжіреп, Владимир еріп кетті,
Жүзігін Марияға беріп кетті.
«Қысылсаң, сал осыған жүзікті», — деп,
Қуысын қу еменнің көріп кетті.

* * *

Үйге келіп ойланды Мария қыз,
Әкеме айтсам ұқпас, тым ақылсыз.
Сүймеймін деп хат жазып білдірейін,
Есті болса, тоқталар князіміз.

Князьге бір хат жазды көп ойланып:
«Ей, мырза, тұшынбайсың мені алып.
Махаббатсыз өмірдің несі қызық», —
Деп жазды да жіберді бір хат салып.

Веренский оқыды жазғандарын,
Троекуров байға да айтты бәрін.
Не де болса тез болсын десті-дағы,
Бүрсікүнге байлады той қыларын.

Таңертең Веренский келді қызға:
«Жазыпсыз сүймеймін деп хатыңызға.
Мен сізден айрылуға шыдамаймын,
Болмас істі ойланып, көңіл бұзба».

Соны айтып Веренский кетіп қалды,
Кешікпей әкесі де жетіп барды:
«Дайындал, ертең түсте ұзатамын,
Өзге ойды қой», — дегенді айтып салды.

«Аяй гөр, айналайын, жаным, әкем,
Өзіңе ақ жүрегім мәлім, әкем.
Махаббатсыз бір шалдың қолында өлсем.
Болар кімнің мойнында қаным, әкем?!

Әке, мені көруге бүгін тойсаң,
Өлтіріп, жақсы еді ғой көзім жойсаң.
Еріксіз шал қолында шіріткенше,
Разымын тірідей-ақ көме қойсаң».

Әкесі айтты: «Басында неге айтпадың,
Үндемедің, сүймеймін деп айтпадың.
Тойым дайын, сенің де байың дайын,
Керек емес былшылдап көп айтқаның».

«Әке-ау, мені берем деп еп ойлама,
Өлтірсең де, көнбеймін, көп ойлама.
Сен берсең де, бермейтін кісім дайын,
Құтқарушы таба алмас деп ойлама».

«Антұрған қыз, шығаршы, қанекей, дым,
Жұдырықпен бір қойсам, боларсың жым.
Байласам да беремін, кет, дайындал,
Сені менен құтқарар жәрдемшің кім?!»

«Айтайын, ұғып отыр оның атын,
Естіп пе едің разбойник деп жаманатын,
Жәрдемшім — Владимир Дубровский,
Боламын, қыса берсең, соған қатын».

Қызым жынды болды деп бай ойлады,
Бұл сөзді ескермей-ақ той тойлады.
Құлыптап Марияның сыртқы есігін,
Күзеттіріп сақтады, бос қоймады.

Қайғының Мария тартты қатты сызын,
Болмады ерітер жан іште мұзын.
Жылаумен ұйқы көрмей таңды атырып,
Шақырды қоңырау қағып жалшы қызын.

Ол айтты: «Той жұмысы бітті бәрі,
Дап-дайын ұзатуға тұрғандары.
Еш адам сөйлеспесің қызыма деп,
Әкеңнің тіпті қатты қылған кәрі.

Қамауда қайран сұлу қалды жатып,
Қайғыға қайғы үстіне тағы батып.

Александр дейтұғын жас інісі
Ым қатты терезені тырсылдатып.

Ашты да, амандасты інісіне,
Інісі айтты: «Сескенбе жүрісіме.
Әкем сізді шығармай қойғаннан соң,
Жараймын ба деп келдім бір ісіңе».

Марияңың сонда ойына жүзік түсті:
«Тапсырайын мен саған оңай істі.
Бақшада, қу еменнің қуысына,
Сал жүзікті, бітірсең шын жұмысты».

Жөнелді жүзікті алып Александр,
Бақшаға жетіп барды бұлдыр-салдыр.
Қуысқа салып, қайта бергенінде,
Бір малай көріп қалды, құрып қалғыр.

Малай барып қуысқа қолын тықты,
Не қылса да жүзікті алып шықты.
Бала барып бер-берлеп жүзігімді,
Малайдың алқымынан алып сықты.

Бар еді шалдау орыс бақша баққан,
Ол көрді ана екеуін ұрсып жатқан.
Нең бар деп, антұрған құл, бәйбатшада,
Малайды келістіріп қойды жақтан.

Жетелеп, алып жүрді байға таман,
Ол білсе, қалмайды деп, жаның аман.
Сол жерге Троекуров келген екен,
Сөзді естіп бақшадағы даңылдаған.

Қараса, ап-аласа сары малай,
Құлықты қылса керек бұрын талай.
Бай сұрады: «Сен кімнің құлысың, — деп, —
Жазықсыз жас баланы ұрдың қалай?!»

Ол айтты: «Андрейдің құлымын деп,
Мақтанбаймын біреудің ұлымын деп.
Балаң көріп сабады ұстап алып,
Қара жидек ұрлаған ұрысың», — деп.

Бала айтады: «Мұны ешкім ұға ма екен,
Еменге қара жидек шыға ма екен.
Мен салған жүзікті ұрлап бара жатыр,
Құр қуысқа ұры қол тыға ма екен».

Бай қарады таңырқап баласына,
Жүзік деген сөзінің таласына.
«Қайдан алдың жүзікті, қайда бардың,
Неге келдің бақшаның арасына?»

Мария апамның жүзігі десе-дағы,
Тануға ыңғайланды сөз аяғы.
Әрнемені бір айтты, жөн сөйлемей.
Қиын болды анығын байқамағы.

Қысса-дағы баласы шынын айтпай,
Той қысталаң болмайды, үйге қайтпай.
Бақшашыға малайды тапсырды да,
Троекуров қайтыпты сөзді ұзатпай.

Сол кезде справник тағы келді,
Малайды қағыстырып көп тексерді.
Шатпақтап малай жөн сөз айтпаған соң,
Есерсоқ жынды ғой деп қоя берді.

Босанған соң тоқтамай кетті малай,
Білген жан жоқ кеткенін оның қалай.
Жақын жерде бар еді бір дөң ағаш,
Дедек қағып жөнелді соған қарай.

Тоғайға жетісімен малай бала,
Қатты ысқырып жіберді бара сала.
Орманнан және біреу ысқырған соң,
Соған қарай жүгірді жүзікті ала.

* * *

Той бітті, қыз ұзатар болды заман,
Тарқады тойға келген жақсы-жаман.
Қатындар келінді алып шығамыз деп,
Жиылып аяңдады үйге таман.

Түзетіп киіндіріп, шашын тарап,
Айнаға ықтиярсыз тұрды қарап.
«Хош, балам, бақытты бол», — деп Троекуров,
Марияға жақын келді жанасалап.

Жығылды есі кетіп «әке-әкелеп»,
Сүйретіп, тамам қатын жүр жетелеп.
Еріксіз пәуескеге салды әкесі,
Не қылсын тойымсыз ит ондайды елеп.

Зарлатып, ықтиярсыз алып кетті,
Шеркеуге дайындаулы барып жетті.
Некесін қиямын деп өз заңынша
Альтардан бір кәрі поп шыға келді.

Мариядан поп сұраса разылығын,
Жауап жоқ, айтқан сөздің бәрі шығын.
Майлаулы әлдеқашан поптың аузы,
Бітірді өзі біліп, өз қылығын.

Еріксіз параменен некелетті,
Ілгері озып, халықтың көбі кетті.
Поптан бата алуға аз айналып,
Күйеуге де жүретін уақыт жетті.

Пәуескеге князь бен қызды салған,
Күрілдетіп әкетті онан да арман.
Орта жолға барғанда он бес кісі
Пәуескені жан-жақтан қамап алған.

Біреу бар перде киген, өзгеден жат,
Көк темір үсті-басы неше қабат.
«Түс, — деді — пәуескеден Марияға, —
Мен келдім, неге отырсың, болдың азат».

Білді де князь атты мылтық алып,
Тік тимей, иығына тиді барып.
Екі атқызбай мылтығын жұлып алып,
Бекітіп қол-аяғын, қойды салып.

Князьге тұс-тұсынан қылыш ойнап,
Үрғызбай Владимир тұр қой-қойлап.

Көшірін, көмектерін тегіс байлап,
Арбаға Владимир келді бойлап.

«Ханым-ау, жерге түспей неге отырсың,
Жіберген жүзікті ал деп балаң құрсын.
Кешіктім сол баланың кеселінен.
Дей көрме бағанадан қайда жүрсің?»

Мария айтты: «Ішім толған жалын мен шоқ,
Тағдырдан тиді маған жазылмас оқ.
Айналып құр сүйекке әуре болма,
Байқаймын, енді маған тіршілік жоқ.

Маған ұзақ өмір жоқ, азар бармын,
Алланың әмірі сол, не қылармын.
Еріксіз көріп қалдым шіркеу алдын,
Мені ая, бір күнәға жолығармын.

Қамығып бір мені ойлап, жанып-күйме,
Қайғыны әдейі іздеп үстіне үйме.
Шынымен мені жақсы көрген болсаң,
Қоя бер өз жолына, бұған тиме.

Болмасам да, болдым ғой бұған қатын
Сорлыңның шығарма енді жаман атын.
Берерсің, мені ойласаң, тілегімді,
Жүріп кет, хош, аман бол, асыл затым!»

Тұрды да Владимир аң-таң қалып,
Естімей сөз аяғын кетті талып.
Қансырап жарасынан талды ғой деп,
Әкетті жолдастары сүйреп алып.

«Қош», — деді біраз ғана есін жиып,
Ауыздан айрыларда бір-ақ сүйіп.
Қарасы үзілгенше қарап тұрып,
Ah, деді Мария талды жанып, күйіп.

* * *

Қара орман ортасында балаған бар,
Жиылған неше рудан талай жан бар.

Түрінен, жүрісінен, қаруынан
Айтарлық разбойник деп, байқағандар

Крепосты балағанның айналасы,
Қазған ор, терең қылып оның қасы.
Үстінде крепостың зеңбірек тұр,
Жарасып өз әлінше тамашасы.

Біреу тұр зеңбірекке аттай мініп,
Күзетші өз жұмысын өзі біліп.
Алақтап жан-жағына, салақсымай,
Күңіреніп, өлең айтып, ермек қылып.

Шықты да балағаннан кәртең қатын,
«Степан, — деді — бұл қай салтанатың.
Батырға үйде жатқан ұйқы бермей,
Отырсың өлеңдетіп, қайда ұятың?»

«Кеше гөр, Егоровна, — деді, Степан,
Қорғанды шалып жүрді, барып әрмән.
Үстінде кереуеттің Владимир
Сұп-сұр боп жатыр еді жараланған.

Степан асығыспен шаба желіп,
Батырға хабар берді жылдам келіп.
«Тоғайдан бір ысқырған дауыс шықты,
Тұр білем, шолғыншылар хабар беріп».

Келген соң сигнал үні құлағына,
Орыннан Владимир тұрады да.
Асығыс дайындайды батырларын,
Бәрің де бармысың деп сұрады да.

Тоғайға кеткен екеу жер шалғалы,
«Көп солдат келді», — деді бізді алғалы.
Ыңғайлап Владимир зеңбіректі,
Андып тұр атайын деп қозғалғалы.

Жүгірді бір топ солдат бұған таман,
Қолында қаруы көп жарқылдаған.
От басып, зеңбіректі жібергенде,
Солдаттың бір талайы қалмапты аман.

Қалғаны шуылдады қырған қойдай,
Жүгірді бір офицер тағы қоймай.
Кеудеден Владимир атып еді,
Жығылды шалқасынан салып ойбай.

Басшысыз солдат қашты, бұлар қуып,
Қырып жүр, жердің бетін қанмен жуып.
Өлгені өліп, қалғаны қашып кетті,
Қолға тірі түскенін қойды буып.

Сол жерде бар жолдасын жиып алды,
Еш адам қалмасын деп хабар салды.
Бірдей ғып өз қолынан үлестірді,
Ел шауып, есебі жоқ алған малды.

«Рұхсат бер енді маған, батырларым,
Дос болған жан аяспас жақындарым.
Мен кештім, сіздер де кеш, қатем болса,
Бар шығар байқамаған ғафылдарым.

Миллионщик бай болдыңыз әр қайсың,
Сізге де керегі не, енді мұның?
Қоямын бұл мінезді мұнан былай,
Біржола уәде беріп, айтқан шыным.

Сендер қашқын емессің бәріңдағы,
Жалғыз-ақ менің атым мәлім-дағы.
Дүниеден енді көрер қызығым жоқ,
Жарылды бітпес жарам жанымдағы.

Аман бол, жан достарым, мен кетемін,
Дертімді мұнда кімге емдетемін.
Көз көрмес, құлақ сезбес орын тауып,
Жайымды жан білместей жерде өтемін».

Жоғалды Владимир сонан кейін,
Іздеді ұлық сенбей көпке шейін.
Разбойник, талау, шабу тоқталыпты,
Жел тынды, күн басылды дегендейін.

«Кетті деп заграница — бөтен елге»,
Жайылды ұзын өсек талай жерге.

Жаны ашыр ма, ақылы жанасар ма,
Біздің қазақ сорлының мұндай ерге?

Залым кім, парақор кім, жазасыз кім,
Қайсысы ақ жүректі, қайсысы сұм?
Кекті кім, кекті жеңіп кешірген кім?
Білдің бе күшті екенін махаббаттың?!



БОРАН

Мың сегіз жүз он бір жыл шамасында,
Он екінші жылменен арасында,
Гаврило Гаврилович дейтұғын бай
Отырған Ненарадово қаласында.

Оншалық зор қала емес, отар екен
Зор салты ғой ондайды қала деген.
Қарыз бергіш, ашық жүз, қонақшыл бай
Сол жерді иемденіп қылған мекен.

Прасковья Петровна — бәйбішесі
Оның да түгел еді әр немесі.
Сонда келіп карта ойнап, сауық салып,
Қызық күндер өткізген көршілесі.

Қызы Мария бек сұлу, һәм әдепті,
Сол жылы он жетіге жасы кепті.
Оны көрген бозбала ынтық болып,
Дариға-ай, осы қызды алсақ депті.

Қонақтың келуіне мынау себеп:
«Ойнайым, қарыз алам, қыз көрем» деп.
Ең болмаса, мандағы көрші ауылдың
Кедейлері тояды нанынан жеп.

Марияға болса-дағы әркім құмар,
Байға батып айта алмай жүрген шығар.

Сол кезде отпеске алып қайтқан екен,
Владимир дейтұғын жас офицер.

Ол-дағы осы баймен араласып,
Мариямен бір-біріне болған асық.
Күндіз-түні сол үйге келе берді,
Кете алмай қыз қасынан онша қашық.

Бұл сырды бәйбіше мен бай да білді,
Екеуін жолықтырмас айла қылды.
Владимир келгенде кекеп-мұқап,
Мысқылдап айта берді қайдағыны.

«Жарқыным, сирек келіп әңгімелес,
Бұл қора солдаттардың лагері емес!
Ертеңді-кеш есікті босатпайсың,
Сандалғанды еш адам мақұл демес.

Бейуақытта қақпаны тарсылдатып,
Эполетін, медалін жылтылдатып.
Осындайлар тыныштық бермеді ғой,
Етегінен қылышын қылтылдатып.

Қалтасының бостығын мұтып кетіп,
Әскерімсіп төбесі көкке жетіп,
Мұны неге соғысқа жібермеген,
Әр қақпада қойғанша тентіретіп?!»

Жас ерге қатты батты бұл екеуі,
Менсінбей байлық айтып кедей деуі
Не бұзылған шіркеуде, не тоғайда
Жасырынып жолығып жүрді екеуі.

Шын махаббат жетелеп екі жасты,
Күн сайын асықтықтың қызуы асты.
Ата-анасы ұнамай жүрсе-дағы,
Некесін қиғызуға сөз байласты.

Қосылыспай жалынды жасырғанша,
Көнбейтін сабырлығы бас ұрғанша,
Тасалап өзге орында тұрмақ болды,
Әкесінің ашуы басылғанша.

Шадрин деген қышлақта он шақырым
Білуші еді бір кәрі поптың барын.
Соған неке қиғызбақ болды екеуі
Жалынып берсе-дағы біраз ырым.

Владимир Шадринге кетпек болды,
Көшір түнде қызды алып жетпек болды,
Табыспақ емен ағаш ел жатқанда,
Пар ат жегіп Марияны күтпек болды.

Түн болған соң Мария дайындалды,
Бірге өскен малай қызын қасына алды.
Шкаф, айна, столға амандасып,
Шамаданға киімін түгел салды.

Хат жазды ата-анадан кешу сұрап,
Асықтық әкеткенін айтты жылап.
Конвертке екі жүрек сурет салды,
Сыртынан түрғандай ғып от шашырап.

Хат тастап, иесіз үйге амандасып,
Жөнелді бақша жақтан есік ашып.
Қараса, алай-түлей қатты боран,
Қалың қар жердің бәрін қалған басып.

Малтығып жүре алмады қарға батып,
Ысқырған бір дыбысқа келе жатып, —
Шанаға екі қызды отырғызып,
Көшір де жүріп кетті сырылдатып.

Күшейді соққан боран барған сайын,
Сүйтсе де көшір білді жүру жайын.
Бұл қыздар сол бетімен бара тұрсын,
Владимир қайткенін баяндайын:

Шадринге Владимир күндіз барған,
Попы да, куәсі да дайындалған.
Пар атын Марняға жіберген соң,
Өзінің жегуіне бір ат алған.

Шадринге түн болған соң тағы жүрді,
Шанасы қарға кіріп аударылды.

Жөндеп алып тағы да айдаса да,
Тұңғиық түпсіз боран адастырды.

Адасып, ат болдырып, басы қатып,
Кез болды бір қышлаққа келе жатып.
«Шадрин қайда, ат бар ма?»— деп сұрады
Шеткі үйдің терезесін тықылдатып.

— Шадрин, — деді он шақырым шамасында,
Атым жоқ, басшы жалдап аласың да.
Жатсаң үйім, басшы алсаң, кісім бар—деп,
Шам жағып ала шықты баласын да.

Бала бастап жөнелді таяқ алып,
Таяқпен жол қарайды қарға салып.
— Сағат қанша болды?— деп сұрап еді,
Бала айтты: — Қалды ғой, — деп таң тақалып

Шадринге таң біліне азар жетті,
Балаға ақша беріп рұхсат етті.
Шіркеудің шамы сөніп қалған екен,
Сондықтан поп үйіне тура кетті.

Ол барып біле тұрсын поптың жайын,
Бұл сөзді осыменен тоқтатайын.
Екеуі оянған соң не қылды екен,
Айталық бәйбіше мен байдың жайын.

* * *

Гаврило бәйбішемен ерте тұрды,
Малайы дайындады самауырды.
«Шай іш» деп ата-анасы шақырған соң,
Қалтырап қаны қашып Мария кірді.

Әкесі айтты: «Қарағым, өңің жаман,
Иіс тиіп қалған ба бүгін саған?»
Мария бір стакан азар ішіп:
«Науқастанып, кетіп тұр, — деді, — шамам».

Ауруы сағат сайын болды жаман,
Суық өтіп дірілдеп қалшылдаған.

Шатасып жүрген-тұрған сырын айтып,
Сандырақтап сөйледі кешке таман.

Айтады асықтығы асқандығын,
Бір үмітке аяқты басқандығын.
Некесін қиятұғын бір поп іздеп,
Боранды боран демей қашқандығын.

Махаббат тұла бойды жеңгендігін,
Ұрлық неке қиюға көнгендігін.
Владимир кез болмай, жат кез болып,
Жарына жолыға алмай келгендігін.

Өз асығы адасып қалғандығын,
Жат біреу қапылыста алғандығын.
Владимир екен деп некеленіп,
Көрген соң ол емес деп талғандығын.

Сандырақтап ашқан соң әбден сырын,
Ата-анасы науқастың білді түрін.
Жазылса, офицерге бермек болды,
Тіпті көнбей қойса да онан бұрын.

Марияны емдеп еді доктор келіп,
«Суық тиген екен» деп, дәрі беріп.
Бір жұмада науқасы бері қарап,
Он күнде әбден жазылды жеңілденіп.

* * *

Бай, бәйбіше хат жазды офицерге,
Кешу сұрап жақындық іс қыларға.
«Өлсем кегім кетеді ішімде» деп,
Жөнді жауап бермеді ол бұларға.

Онысы Гаврилоға жаман батты,
Қызына білдірмеді, жауап қатты.
Сол кезде француздан орыс жау боп,
Бородиннің соғысы болды қатты.

Қырылды француз да, орыс-тағы
Тарихта бір белгілі іс — сол іс-тағы.

Күн сайын жазып тұрды газетаға
Өлгенін, аты-жөнін соғыстағы.

Бұл соғыс — тамам жаңға мәлім соғыс,
Көп адам қырғын тапқан зеңгер соғыс.
Басында француздар Мәскеуді алып,
Аяғында қайырып, жеңген орыс.

Бір күні Мария бір газет алды,
Не хабар бар екен деп көзін салды.
Владимир соғыста өлгендігін,
Оқыды да шыдамай талып қалды.

Аздан соң кірсе-дағы ақыл-есі,
Өртенгендей болып тұр бар денесі.
«Жығылғанға жұдырық» дегендейін,
Азғана ауырды да өлді әкесі.

Өзі жетім, шешесі жесір болды,
Жүрегіне ұмытпас қайғы толды.
Басқа облыста бар еді бір отары,
Бұл жерден көшіп барып сонда қонды.

Ондағы тұрған елдің жастары көп,
Марияға сөз салады әркім ептеп.
Шешесі «уақыт өтпей ти» десе де,
Қызы басын шайқайды «тимеймін» деп.

Қанды соғыс созылып көпке шейін.
Француздар шегініп қашты кейін.
Орыста қуанбаған жан қалмады,
Шал-кемпір, бала-шаға дегендейін.

Құшақтап бауырларын, баласын да,
Амандар жамандарға қарасын ба?
Марияның сүйген жары — Владимир
Сүйек боп қалды Мәскеу даласында.

* * *

Әскерде Бермин деген бір жігіт бар
Көп болса жиырма бес жаста шығар.

Ерлік қылып полковник шенін алған,
Марияны көріп о да болды құмар.

Ішінен Мария да оны ұнатады,
Күлімдеп ашық жүзбен сөз қатады.
Асықтығын айта алмай батыр Бермин,
Әртүрлі әңгіме айтып жұбатады.

Күн сайын жақындасып болды сырлас,
Асықтық жүректегі жанбай тұрмас.
Шыдай алмай мақсатын бастаса да,
Аяғын айта алмайды әдепті жас.

Мария айтты: «Бастаған соң сөз түгенде,
Ұғайын айтқаныңды түгел мен де.
«Бірақ, бірақ...» дейсің де тоқталасың
Не қылса бір қысталаң бар ғой сенде».

Бермин айтты: «Мен Сізге болдым асық,
Сіз де менен емессіз онша қашық.
Бірақ... менің бір үлкен бөгетім тұр,
Амалсыздан айтамын сырымды ашық:

Бойымда қатты қайғы, арманым бар,
Адасып бір қышлаққа барғаным бар.
Танымайтын бір қызбен некеленіп,
Байғұстың обалына қалғаным бар.

Мен білмеймін сол қыздың кім екенін,
Аты, жөні ауылы һәм мекенін.
Некесіз-ақ жүрмесек жолдас болып,
Үстіне ала алам ба сол некенің?

Ей, жаным, алдайды деп ашуланба,
Екі неке сыймайды біздің заңға!
Асықтығым шыдатпай айтсам-дағы
Ар көнбеді некемді жасырғанға!»

Мария айтты: «Мен мұныңды ұға алмадым,
Сырыңның үдесіне шыға алмадым.
Танымасаң қалайша некелендің,
Сүймей тастап кеттің бе, неге алмадың?»

Бермин айтты: «Жүруші ем жанға айтпай ақ,
Сырласыма болмаса некен-саяқ.
Менің көрген ісімді жан көрген жоқ,
Жайымды ұқтырайын бастан-аяқ:

* * *

«Мың сегіз жүз он екі жыл кіргенде,
Гусарский полкте едім мен де.
Вильно деген қалада тұрушы едік,
Жүрмек болып мейрамды бітіргенде.

Жыл мейрамын бітіріп жүріп кеттім,
Күн бата бір бекетке келіп жеттім.
Тамақтанып жайланып болғаннан соң,
Түн ішінде ат жек деп әмір еттім.

Жәмшік арыз қылса да қасыма кеп,
«Боран қатты жүруге болмайды» деп.
«Қызмет тығыз, жылдам жек, — деп, —ақырдым,
Адасып азап көрсем өзіме есеп».

Соқса да жүріп едім ақырзаман,
Тіл алмаған жастығым болды жаман.
«Мұндайда өзен тәуір болады» деп,
Жәмшігім мұз үстімен атты айдаған.

Аздан кейін шанамыз қарға толды,
Адасып, біле алмадық жүрер жолды.
Кейде қарға кіреміз, кейде орманға
Бекет түгіл ел табу қиын болды.

Бір кезде от көрінді жылтылдаған,
Қуанып атты айдадық соған таман.
Қышлақтың бәрінің де оты сөніп,
Жалғыз ақ шіркеудегі поп жатпаған.

Шанамыз соған таяу келіп еді,
Екеу келіп шіркеуге жүр-жүрледі.
Үсті-басым қырау боп кіріп едім,
Кәрі поп: «Бастайық па, балам?»—деді.

Адасып келгеніме опық жедім,
Өзім де есім шығып тоңып едім.
Поптың не деп түрғанын ұқпасам да,
«Мейліңіз, бастасаңыз, баста», — дедім.

Біреу тұрып: «Таң таяу болды», — деді,
«Тез баста, міне , күйеу келді», — деді.
Поп некенің дұғасын бітірген соң,
«Қыз бен күйеу сүйіссін енді», — деді.

Бір қыз отыр бетіне перде салып,
Поп келді бізге жақын шамын алып.
Бетіме қыз үңіліп қарады да,
«Ойбай-ау, бұл емес», — деп қалды талып.

Шын масқара болдым деп жаман састым.
Ой ойламай шіркеуден тұра қаштым.
Жәмшігіме «Атынды тез айда» деп,
Бағанағы ізіммен қайта бастым.

Соққан боран ашылып оңды-солды
Күн шыға азар іздеп таптық жолды.
Сол қыздан көрсем кешу алар едім,
Аты-жөнін білмеуім қиын болды.

Өмірінде ол өтеді байға тимей,
Мен де өтемін некелеп бір жар сүймей.
Кешілмес бір обалға қалғам жоқ па,
Ойласам, тұра алмаймын ішім күймей?!»

Бұл сөзге Мария құлақ салады да,
Мәнісін әбден ұғып алады да.
«Тағдыр сені кез қылған екен», — деді,
Берминге бір аныктап қарады да.

Сөзінен о да танып Марияны,
Елжіреп шықпай қалды әзер жаны.
...Көңілімнің көзіне елестейді
Берминнің кешу сұрап жылағаны.

АЛТЫ ӘҢГІМЕ

Алты әңгіме оқуға жайың бар ма?
Ұсындым жаңа өспірім ғалымдарға.
Әншейін бос сөз демей ғибрат ал,
Ой жібер ішкі сырын пайымдарға.

Алдыңғы біз ел жедік обал демей,
Зарлады талай момын, талай кедей.
Нәпсі, мақтанға алданба, қарақтарым,
Үміті кім бұл елдің сендер емей.

Орыс, қазақ — адамның бәрі бірдей,
Ешкімді алалама оны білмей.
Кем-кетікке болысу — ар міндеті,
Халқыңа пайда тигіз босқа жүрмей.

Жаныңды аяй көрме жардамынан,
Сүйткенде арың шығар арманынан.
Әйтпесе бұл өмірің артық емес,
Тәніңді топырақ басып қалғанынан.

1. АСАРХИДОН–ЛАЭЛИ

Ескі заманда Асурия патшасы Асархидон Лаэлидің елін шауып, қалаларын өртеп, бастығы Лаэлидің өзін, тамам жақсы кісілерін ұстап алып, батырларын өлтіріп, Лаэлиді абақтыға жауып қойды. Асархидон қымбатты төсегінде жатып ертең Лаэлиді қандай қиын азаппен өлтіруін ойлап жатыр еді, бір дыбыс шыққан соң көзін ашса, қасында бір сақалды, өткір көзді, шалдау адам тұр екен. Сол айтты: Сен Лаэлиді өлтіремісің?

Асархидон: **Өлтіремін. Бірақ қандай қинаумен өлтіретінімді ойлап жатырмын, деді.**

Шал: **Сен өзің Лаэлисің, өзіңді өзің өлтіртесің бе?**

Патша: **Жоқ, мен Асархидонмын!**

Шал: **Олай емес, сен Лаэлисің. Бірақ өзіңді Асархидон деп ойлағансың.**

Патша: **Неге? Мен алтын төсегімде жатырмын. Лаэли абақтыда. Ертең мен оны қандай қинап өлтірген қызығыма қара!**

Шал: **Жоқ, сен Лаэли дегеніңді өлтіре алмайсың!**

Патша: **Оның он төрт мың батырларын өлтіргенде, жалғыз өзін өлтіре алмаймын ба?**

Шал: **Сен ол он төрт мың кісінің біржола жоқ болып кеткенін неден білдің?**

Патша: **Өз көзімше өлтірттім.**

Шал: **Бұл да саған ғана солай болып көрінген. Анығында сен оларды қинай алған жоқсың, өзіңді өзің қинадың. Ешкімнің жанын да жоғалта алған жоқсың.**

Патша: **Бұл сөзден түк білгенім жоқ.**

Шал: **Білгің келе ме?**

Патша білгім келеді деген соң, Шал бір шылапшынға су толтырды да айтты:

— Осы суға түсіп отыр-дағы, мен мына бір кесе суды басыңа құя бастағанда, басыңды суға бір тығып ал, сонда не көрер екенсің — деді.

Шалдың айтқанын істеп басын суға тығып еді, өзіне-өзі бөтен біреу сықылданып, қасында бір сұлу қатынымен төсекте жатқан сияқтанып көрінді.

Сонда қасындағы қатыны айтты: «Сүйікті ерім, Лаэли. Сен кешегі көрген бейнеттерден қиналып, әбден шаршап, көп ұйықтасаң да оятпадым. Залда тамам уәзірлерің күтіп тұр, тысқа шық!» — деді.

Асархидон өзін мүлде Лаэли деп біліп, киініп залға келген соң, уәзірлер бас ұрып амандасып, әрқайсысы өзіне лайық орындарына отырды да, үлкен уәзірі айтты: «Асархидон антұрғанның осынша қор қылғанына шыдауға болмайды, қазір дайындалайық та, соғысайық», — деді. Өзін-өзі Лаэли деп біліп отырған Асархидон ол сөзді мақұл көрмей, «Асархидонға бітім қылайық деп елші жібер» деді. Өзі аңға шығып кетті. Ол күні құлан атып келіп, кешке уәзірлерімен әңгімелесіп, кәнизәк-қыздарын билетіп, сауық салып, ертең және аңға шығып, бір ұрғашы арыстанды өлтіріп, екі баласын тірі ұстап алып келді. Сүйтіп, күндіз аңға шығып, түнде сауық салып Асархидонға жіберген елшісін күтіп неше жұмалар өтті. Бір айдан соң елшілік құлақ, мұрнын кестіріп келді және «алым төлеп сый бермесең, өзіңді де осындай қыламын» деген Асархидонның хатын әкеліп берді. Өзін Лаэли деп отырған Асархидон уәзірлерін жиып ақылдасып еді, «Жау Асархидонға өзінен бұрын аттанып барып соғысуды ұнатқан соң, әскер жиып алып аттанды. Жеті күн өтіп, сегізінші күні бір судың бойында екі жақтың әскері қарсыласып, басында бұлар жеңсе де, аяғында жау жеңіп, өзін бас қылып, қанша батырларын кісендеп алып, оныншы күні Нейнува қаласына апарып, әлігі Лаэлимін деген Асархидонды абақтыға жапты.

Сонда Бұл Лаэли болып отырған Асархидон ертең өзін жау Асархидон қанша қатты қинаса да, білдірмей шыдамақшы болып көңілін бекітті, сүйтіп жиырма күн абақтыда жатқанда, жақын туысқандарын, батырларын алып келіп көз алдында бірінің тірідей терісін сойып, бірінің қол-аяғын кесіп, бақыртып жатса да шыдап пішінін бұзбады. Бір күні екі жендет келіп екі қолын артына байлап, қып-қызыл қанның ортасындағы кісіні артынан шаншып өлтіретін темір сояу қазықтың қасына алып келді.

Сол қазыққа артынан шаншып аузынан шығарған өзінің бір жолдасының денесін алып тастап, қазықты босатқанын көріп: «Енді мені де соған шаншады-ау» деп тұрғанда, екі жендет мұның бар киімін шешіп, өзін қазыққа қарай апара жатқанда; «Апырмай! Мен

Асархидон емес пе едім, Лаэли емес едім ғой! Бұл түсім болса керек», — деп, қанша тырысып оянайын десе де болмады. Және «Лаэли де сен, Асархидон да» сенсің деген бір дауыс естілгендей болды.

Аяғында қаншама жалынса да оған қарамай жендеттер қазыққа шанышпақ болған соң шыдай алмай: «Ойбай, өлдім!»—деп бұлқынып басын көтеріп алса, баяғы шал кеседегі суды мұның басына құйып та болған жоқ екен.

Асархидон: «Уһ! Қанша көп бейнет тартып жазаландым! Енді болмаса өліп едім», — дегенде,

Шал айтыпты: «Не айтасың! Мына бір кесе суды құйып та болғаным жоқ. Бір секундтың ішінде сонша көп бейнет көруге бола ма? Бірақ осы бір секундте не көрдің? Бағанағы менің Лаэли өзіңсің деген сөзімнің анық екенін білдің бе? Ол түгіл, аңда жүріп атып алған құландарың мен арыстандар да сенің өзің екенін білдің бе? Сен тіршілік жалғыз менде ғана, жалғыз маған ғана керек деп білесің.

Жоқ олай емес! Ол ой өтірік! Алдау. Ол өтірік алдауды көзіңнен алып тастап едім, барша жан иесіне қылған зұлымдығың аяғында өзіңе келетінін көрдің.

Тіршілік пен рахат жалғыз саған ғана керек емес, тамам жан иесіне де керек. Бірақ сен жалғыз бір өзіңе тиген үлесің тіршілігіне ғана иесің. Сол тіршілікті жақсы өткізуге әм соңыра пайдасын көруге жалғыз-ақ жол бар. Ол жол жалғыз ғана өзіңді жақсы көріп, өз пайдаңды ғана ойлаумен табылмайды, барша жан иесіне шын жаның ашып, шын махаббат етумен табылады. Енді ұқтың ба? — деді де Шал көрінбей кетті.

Асархидон түні бойы ойланып, ұйықтамай таң ертең Лаэлиді қалған жолдастарымен біржола босатып, достасып сый беріп қайтарды да, Сарданипал деген баласына патшалығын беріп, өзі жаяу ел аралап жүріп: «Адамның басқа біреуге, тіпті, барша жан иесіне қылған жаманшылығы өз басына істегені болады екен, оны көзім көрді, — деп зарлап, ешкімге зұлымдық ете көрмеңдер», — дейтұғын болды.

ПАН-ЖИ-ЗАН ХАН

Ең бұрын қана болған қытай жұрты,
Қақанын Аспанұлы дейді ғұрпы.
Ертерек қолөнерге шебер болған,
Қолайсыз көрінсе де бізге сырты.

Аспанұлы құдайға жақын деген,
Сондықтан не қылса да мақұл деген.

«Патша сөзі — тәңірінің бұйрығы» деп,
Ол елде жол болмайды закон деген.

Ғылымдының санына кірмесе де,
Пароходы теңізде жүрмесе де,
Бар мұхитты билейміз деп ойлайды,
Өзге түгіл өз елін білмесе де.
Пан-Жи-Зан қақан болған әділетті,
Мейірімі өз халқына түгел жетті.
Лақап атын «Мүнсін» деп атайды екен
Мағынасы: «Ел атасы — Қақан» депті.

Әділ деп тамам қытай нанады екен,
Әртарапқа құлағын салады екен.
Бір жандарал қиянат қылды десе,
Шақыртып басын кесіп алады екен.

Орнына тағы біреу сайлайды екен,
Тез бар деп облысына айдайды екен.
Ай сайын жақсы хабар жазып тұр деп,
Тапсырып қатты уағда байлайды екен.

Сондықтан рапорт жазып жандаралдар,
«Ел тыныш, егін мол» деп Қақанды алдар.
Бидай, күріш, тарыға орын жоқ боп,
Жерге көміп жатыр деп тамам жандар.

Жан-жақтан күнде осындай хабар келіп,
Қуанып жүрсе-дағы соған сеніп.
Бір күні Пан-Жи-Занға ой түседі,
Осылар алдап жүр ме деп сескеніп.

Шақыртып жиып алды уәзірлерін,
Ақылшы, ақсақалды кемеңгерін.
Елден келген рапорттың бәрін оқып,
«Осы сөз рас па, — деді, — пенделерім?»

Олар айтты: «Бәрі рас мұныңыздың
Естуіміз осылай еді біздің.
Аспандағы атаңыз жәрдем берген
Әділдік қасиетіңіз бұ да сіздің...»

Хан айтты: «Енді бұған нетпек керек,
Халқыма менен хабар жетпек керек.
Астықты таза сақтап орындауға
Не қылса да бір себеп етпек керек.

Осыған өзім айла таппақшымын,
Бабаларым ісіне бақпақшымын.
Ешбір адам келмесін соған шейін
Қырық күн тарих ақтарып жатпақшымын».

Мұны естіп уәзірлер құлдық қылып,
Бірталай күн бостандық барын біліп,
Ханымыздың бағы ассын деп тарқады,
Қуанып сауық салып, ойнап-күліп.

* * *

Үйінде жалғыз қалып хан ойлады,
Рапорттарды тексеру мән ойлады.
Мың бір жүз алпыс жылдай бұрын өткен
Син-Са-Син ханның ісін және ойлады.

Син-Са-Син кезуші еді елді астыртын,
Тексеріп ұлықтардың іс пен ғұрпын.
Ел жылатқан ұлықтың басын кесіп,
Зұлымдықтан сақтаған сүйтіп жұртын.

Бұл да соның жолына кірмек болды,
Танытпай халық аралап жүрмек болды.
Ел тоқ деп жандаралдың жазғандарын
Көзбен көріп анықтап білмек болды.

Қасына шын сенімді жолдас алып,
Түн ішінде Пекиннен кетіп қалып.
Қап салған қайыршы боп шекпен киіп,
«Пешелі» облысына кірді барып.

Кез келді келе жатып зор қышлаққа,
Бір үйге барды қайыр сұрамаққа.
«Ата-анаң аруағы үшін бір нан бер», — деп,
Мұңайып келіп тұрды есік жаққа.

Ол айтты: «біз емеспіз тамаққа тоқ,
Сен түгіл балаларға нанымыз жоқ.
Жандарал, тамам ұлық астықты алып,
Жатырмыз өзіміз де өлетін боп».

Тіленіп екінші үйге тағы барды,
«Аштан өлдік, нан бер», — деп айғай салды.
«Бұл елдің наны жоғын білмеймісің,
Мазақтамай кет!» — деген жауап алды.

Онан соң барып еді үшінші үйге,
Ол-дағы түскен екен аштық күйге.
Нан бер деген сөзіне сөз қайырмай,
Жылады, «Нан қайда, — деп, — әй, дүние!»

Онан соң бір қалаға тағы келді,
«Нан жоқ болса, палаудан бер» деп енді.
«Палау деген ұлық па, хайуан ба,
Оны біз білмейміз», — деп жауап берді.

Хан талай ел қыдырды сөйтіп жүріп,
Астық пен елдің жайын әбден біліп.
Талай адам жиылған бір ақ үйге
«Мұнда не бар екен?», — деп келді кіріп.

Қараса, өңкей кедей, пақыр екен,
Ол қала да астықтан тақыр екен.
«А, құдай, жандаралдың басын кескіз», —
Деп жылап дұға қылып жатыр екен.

Оңаша бір шал отыр есік жақта,
Хан соған жақын келді байқамаққа.
Оның қылған дұғасы елден бөлек:
«А, құдай жандаралды, — дейді, — сақта».

«Жандарал жүз елуге келсін! — дейді,
Жасартып тағы да өмір берсін, — дейді.
Бұл өлгенмен келеді және біреу,
Онанда осы-ақ ұлық болсын», — дейді.

Хан айтады таң қалып мына сөзге:
«Ақсақал! Ойың бөлек көрер көзге.

Жандаралдан көріп пе ең бір жақсылық,
Өлсін деп тілеп отыр сізден өзге».

Шал айтты: «Кімге қылды ол жақсылық?
Жандаралдан шықпайды ондай қылық.
Алып алып, өзіне дүре соғып,
Елге күнде қылады зұлымшылық».

Хан айтты: «Жақтырмасаң қылған ісін,
Неге өмірін тілейсің, айт мәнісін?
Кей адамның болады жұлдызы ыстық,
Сондықтан ұнаттың ба оның түсін?»

Шал айтты: «Көрген емен өмірімде
Сексеннен асты жасым осы күнде.
Бес жандарал өткіздім мұнан бұрын,
Бірінен бірі антұрған болды мүлде.

Бұл өлсе, біреу келер мұнан залым,
Зарлатып тағы алады елден алым.
Пекиннің жандаралы қасқырдан көп
Екені баяғыдан маған мәлім.

Анау жастар мұндайды сынамаған
Ел бар ма ұлығынан жыламаған.
Онан-дағы осы өлмей тұрсын деймін,
Тағы біреу келгенше мұнан жаман».

Хан қайғырды: «Ел жайы бұл екен деп,
Әншейін бос әуре боп жүр екем деп.
Кімді қойсам зарлатып елді жейді,
Тамам жұрт кіші ұлықтың құлы екен», — деп.

Қырық күнде хан үйіне қайта барды,
Келсін деп уәзірлерге хабар салды.
Пекиндегі ақылшыл ұлықтарды,
Шақыртып өз қасына жиып алды.


Қақанға ауыр тиді ұлық сынау,
Елінің көрген күні күнде жылау.
Жаны ашып кейісе де ем таба алмай,
Үміт үзіп сандалған сөзі мынау:

«Ақтардым тауарықтың оқып бәрін,
Бабамның ісі болды маған мәлім.
Өзі өлгенше түспесін жандаралдар,
Жамандап десе-дағы қанша залым.

Түспесін олар түгіл ешбір ұлық
Десе де ол қылып жүр бұзақылық.
Менің сөзім Аспанның сөзі емес пе?
Осы екен, ойлап тұрсам, құдайшылық».

Мұны естіп тамам ұлық бас ұрыпты,
Ол қайтып қуанғанын жасырыпты?
Олар түгіл дос, қайын, нағашысы
Зұлымдықты жүз есе асырыпты.

Көрдің бе, ел түзету қандай қиын,
Шіріткен Пан-Жи-Занның есті миын.
Басы патса, аяғы атшабарлар,
Қалтаңа қалдырды ма жалғыз тиын?



Шаһкәрім Құдайбердіұлы



Шаһкәрімнің аңға шығуы



Қаралы жаушы








Ақтабан шұбырынды



Дала әні



Қатыгездік. Қодардың өлімі.

ҮЖДАН

Қытай патшалығы — ең ескі патшалық. Отырықты өмірге ерте түскен қауым. Ескі заманда қытайлар рахатты өмірде болған. Бай, кедей өз әлінше бақытта еді, бір кезде олар таңқаларлық бір науқасқа ұшырады... Әркім ұйқысы қашып, тыныш ұйықтай алмайтын болды, себебі: сол кезде Ұждан (совесть) туды, яғни періште келді. Бұл ұждан періштесі бір нұрлы сұлу қыз суретіне түсіп, түн болғанда қытайларға көріне бастады, күндіз көрінбеуші еді. Әркім қызметі, саудасы болғандықтан, күндіз Ұжданмен сөйлесуге қолы тимеуші еді. Бірақ күн батып, қас қарайып, көктегі жұлдыз жылтылдаған соң, Ұждан шәһәрдің әр көшесін аралай бастаушы еді. Халық жұмыс, шаруасынан босап, тәтті ұйқыға кете бастағанда, Ұждан байлардың сарайына, кедейлердің балағанына кіріп, төсегіне жақын келіп: «Ей кісі, маған қара!» — дейтін еді. Ол сасқалақтап қызды көрген соң: «Ей, қыз, саған не керек?» — дегенде, қыз ақырын ғана: «Сен бүгін не істедің? Соны анық тексеріп ойла» — деуші еді.

«Мен не істеппін? Бөтен, бұзық ешнәрсе істегем жоқ» десе, «Әбден түсініп ақылыңды жиып ойла!» — деуші еді. Ол кісі ойланып, ойына түскен бір ісін: «Менің сүйткенімді айтамысың?» дегенде, ол қыз көрінбей кетуші еді, сондықтан ол кісінің көңілі алаң болып тиышсызданып, түні бойы ұйықтай алмаушы еді. Ұждан қыз үймен үйге қыдырып, әлденеше мыңдаған қытайларды ұйқысыздық дертіне ұшыратушы еді. Сол уақыттың дәрігерлері бұл ұйқысыздық оба науқасына қарсы неше түрлі дәрі жасап ем қылса да, не апиын, не наша, не көкнары сияқтылардың түк пайдасы болмады.

Ол өлкенің ең ақылды адамы Син-Лу-Жи ақылды, әрі бай жақсы кісі болса да, ол бұл науқасынан аман қалмады. Бұл байға

әркім борышты болғандықтан, бірталай адам борыш төлеу үшін қызмет қылып кіруші еді. Егер борыштылардың бірі харакет қылып төлемесе, не біраз бидай ашыққандықтан ұрласа, Син-Лу-Жи бай оны мейліншe сабап қатты қинаушы еді. Әрине, оны басқаларға ғибрат (сабақ) болсын деп істетеді. Әрине, оларға бал жегізбейді, қамшы жегізеді... Бірақ түн болып жалғыз қалғанда, Син-Лу-Жи байдың ойына әлдене ойлар келуші еді. Мысалы, «пәленше неге ұрлық қылды», «жейтін тамағы жоқтығынан», «тамағы неге жоқ? бар бидайын аласым үшін мен алдым». Син-Лу-Жи бай осындай ойларды ойлап жатып, кейде күліп те жіберуші еді: «Қызық-ау, ұрлықты ол қылады да, оның аш қалғанының обалы менде сияқты!», —деп. Сөйтіп Син-Лу-Жи байдың да ойы бөлініп ұйықтай алмайтын болды.

Қанша ойласа да бұған ем таба алмай, бір күні Син-Лу-Жи қатын-бала, туысқандарын жиып алып, елден жиып алған малдарын, жерлерін өздеріне қайтарып, садақа беретінін айтты. Мұны есіткен соң қатын-бала, туысқандары зар жылап: «Ұйқысыздық дерті Син-Лу-Жи байды ақылынан адастырды», — деп, оны емдетуге қам қылысты.

Дәрігерлерге, қала бастығына білдірген соң, «Син-Лу-Жи бай ұйқысыздық дертінен жынданып кетті» деген хабар әр жаққа жайылды. «Мен де ұйқысыздықтан өлетін болдым» деген бай, кедей тіпті көбейді. Қауым бұл науқастан қатты қорықты. Уақытындағы ұлықтар қызметін жөндеп бұрынғыдай жолмен жүргізе алмай жаман састы. Ең қатты оба науқасы келгендей-ақ, қытай патшалығы жаман күйге ұшырады.

Пекиннің уәзірлері, бақсы-балшылары көп кеңесіп, бұл науқас түнде келіп әркімді тынышсыздандыратын Үждан деген қыздан екенін анықтап, амалын таба алмай отырғанда, Пекин қаласындағы өздерінше ең молда, ең зор бақсы, ақылды Ту-Ту-Син деген қариясы ойларына түсті. Ұлықтардан, қадірлі адамдардан соған бірталай адамдарды жіберді. Олар барып: «Ей, атамыз! Дүниенің бейісі — Пекин қаласы ойран болып барады! Бізге бір шара, жәрдем қыла көріңіз!» деп аяғына бас ұрып, қақанның жіберген сыйларын ұсынды. Ту-Ту-Син шал бұлардың сөзін әбден ұғып, біраз ойланып отырды да: «Қорықпа, балаларым! Мұның емі оңай. Ол қыздың жолын бөгеп, оны келтірмеу керек. Сонымен жұмыс бітеді», — деді. Шалдың бұл сөзінен олар үміттеніп, мұнан кейін тыныш ұйықтаймыз деп қуанып, қолдарын қусырып тұрды. Ту-Ту-Син тағы айтты: «Адамдардың ұйқысын қашқызып, сау ақылын шатастыратын Үждан қыздың жолын әбден бекітіп, халықты ол пәледен құтқару керек дедім, оны ұқтыңдар ма?»—дегенде, олар айтты: «Ұқтық! Бірақ ол қыздың жолын қайтып бекітеміз? Ол қыз бекітулі есіктен, биік қорғаннан,

көпірсіз, өткелсіз сулардан қалай болса солай өтіп үйге кіреді», — деген соң, Ту-Ту-Син айтты: «Оның амалы тіпті оңай! Заң, закондар жазып, оны баптарға бөліп, әркімнің не іс істейтінін, не істі істемейтінін ақ қағазға қара сиямен жазып, бекіту керек. Ол занда әр адамның қылар ісін дайындап, соған қарап іс қылуға міндеттендіруге керек.

Сөйтіп, әркім қылар міндетін, әм қылмайтын ісін біліп қоюы керек. Көп қауымға мұны сөйлеп, оқып отыруға, басшыларға заңшыларға ерік беру керек. Олар қауымға үйреткені үшін ақы алып, сонан соң бәрі сол заң бойынша іс қылып рахат ұйықтайды», — деді. Сонда олар айтты: «Ей, тақсыр бабай! Сіздің ақылыңыз теңіздей. Бірақ біздің ақылымыз жетпейтін жері: заң (закон) жазғанмен, ол қыздың жолы қалайша болып бекітіледі?» — дегенде, бабай айтты: «Ей, балалар! Тіпті оңай нәрсені қалайша ұқпайсыздар? Келіңіз, әуелі закүн жазайық! Тамам бақсы, қариялар, әлгі келген ұлықтар жабыла қаламға жабысып, әлденеше күндер заң жазып, зор-зор қырық кітапқа әлденеше жүз бапты закон жазды. Әр адамның бесіктен көрге шейін не істеп, нені істемейтінін, тіпті, нені ойлап нені ойламайтынына шейін бөлек-бөлек (параграф) қылып жазды да, Ту-Ту-Син айтты: «Мұнан былай ол Үжданнан да, оның бір туысқан қарындасы Ынсаптан да тіпті қорықпаңыз! Енді түнде тыныштықты алмайды. Күндіз де келе алмайды», — деді. Олар айтты: «Жақсы айтасыз! Бірақ түнде Үждан қыз келе қалса қайтеміз?» Ту-Ту-Син айтты: «Жақсырақ тыңдаңыз! Бұл жазылған заңды әркім білмейді. Қытайдың қасиетті бақсылары, заңшыларына мұны білмегендер әр қашан келіп қара жазуларды қаратып тұрсын! Сонда қандай істі қылуға мүмкін екенін біледі. Қырық кітап тегін ақтарылмайды, білім ақысы деп, немесе білмеу жазасы деп ақы төлейді. Онан кейін тыныш ұйықтайды... Сонан соң Үждан қыз келсе, сен не істедің десе, оның сөзін тыңдамай: «Кет, жоғал! Мен не қылсам заң жолымен қылдым деп, көрпені басына бүркеніп ұйықтай беруге керек!»...

Ту-Ту-Синге келген қауым қырық түлек кітапты алып, әм оның айтқан насихатын айтып Пекинге келді. Ол заңынан әлденеше копия көшіріп бақсыларға, заңшыларға, ұлықтарға таратты.

Онан кейін бір түні Үждан қыз Син-Лу-Жи байға келген соң, бай күлімсіреп: «Жақсы келдің, сұлу қыз, не айтасың?»—деді. «Не айтайын? Сен малыңды садақа қылып бейшараларға үлестіруге уағада етіп едің. Соны орындамайсың ба?»

«Ол уақыттың өткенін білмедің бе, сұлу қыз? Енді менің мал үлестіруге еркім жоқ. Заңның он алтыншы кітабының сексен екінші бабының жүз бесінші бөлімінде не жазылғанын білемісің? Онда айтылған: «Мал, байлық аз-аздан азар ғана жиылады.

Атадан балаға қалады, әр адам малды сақтауға міндетті, ысырап қылу заңға қарсылық болады; әркімнің малында қатын-бала, мирасқорлардың үлесі бар», — делінген. Егер малымды садақа беріп кедейлерге үлестірсем, онда мирасқорларға қиянат қылған боламын. Ол заңға қарсы, естідің бе, қызым? Және заңның жүз алтыншы бөлімін тыңда: «Малын заң бойынша ұстамай ысырап қылған адамды тұтқынға алу керек, малына ие қою керек», — делінген. Кет, қызым! Мұнан былай маған келме! Мен заңға қарсылық қылмаймын», — деп, Син-Лу-Жи бай көрпесін бүркеніп қозыша рахаттанып ұйқыға кетті. Үждан қай үйге кіріп: «Ей кісі! Сен бүгін не істе-дің» десе, әркім кідірмей: «Заңсыз ешнәрсе қылғаным жоқ. Жылдам кет! Бақсылар мен заңшылардан сұра», — деп көрпесін бүркеніп қорылдайтын болды. Сонан кейін Қытай өлкесі рахаттанып, ұйқысыздық ауруы жоғалды. Үждан мұны көрген соң қара бұқараны қойып, заңшылар бастығы Нанкин қаласының зор бақсысы Ту-Ту-Син бабайға барды. Түн ортасы кезінде ұйқыда жатқанда оны оятып: «Бабай! Маған қара», — деді. Ту-Ту-Син оянып қызды көріп қатты ашуланып: «Мұның не? Есік қақпай рұхсатсыз неге кіресің? Ей, әдепсіз! Білесің бе, заңның бірінші кітабының үш жүз қырқыншы бөлімінде не жазылған?: «... Түнде біреудің үйіне рұхсатсыз кірген адам ұры есептеліпі, тұтқынға алынады», — деді. «Ей, тақсыр, бабай! Мен ұры емеспін. Менің атым — Үждан! Не айтасың!» «Үждан-мжданыңды мен білмеймін, әлдекімсің? Бірақ түнде жалғыз қыдырған ұрғашы заң бойынша ойнасшы есептеледі». «Астапыралда! Ей, ақсақал! Не дейсің?» «Не десем де, сен заңға теріс жолда жүргенің анық. Рұхсатсыз үйіме кірдің», — деп қоңырауды қағып еді, үйге бірталай қызметші кіріп келгенде, Ту-Ту-Син: «Мына қыздың қол-аяғын бекітіп зынданның ең түбіне тастаңдар!»—деді. Қызметкерлер қызды зынданға тастады. Сонан кейін Қытай өлкесі Үжданнан бір жола босады...

Бірақ ел арасында Үжданның аты ұмытылмай қалғандықтан, кейбір әдепсіз надандар, бақсылар мен заңшылардың зорлық ісіне шыдай алмай: «Ей, жаным, мұндай орынсыз істі не қыласың! Сізде ұждан жоқ екен», — дегенде, оларға жауап қайырғанда: «Үждан сізде жоқ, бізде көптен бар! Бірақ қол-аяғы байлаулы, абақтыда жатыр», — дейтін еді.

Сонан бері Қытай жұрты басын көтермей тіпті тәтті ұйықтайтын болды...

Тегінде, ұждансыз жан өлікке есеп,
Адамның кеселі жоқ мұнан кесек,
Ар, ынсапсыз, мейірімсіз залымдарды
Қате қылған болмаспыз хайуан десек.

ҚОЛ ШАТЫР БҰЙРЫҒЫ

Көзге күңгірт, ойда бар өткен заман
Бізден бұрын өтіпті бірталай жан.
Сол өткен көп заманның бір кезінде
Қытайды билеп тұрған Сан-Хо-Жи хан.

Көп болған өз жұртына шын мейірімі
Ел қамын ойлайды екен күндіз-түні.
Өз басына келгендей есептейді,
Халқына біраз ғана зияндыны.

Жүргенде Мармар көлден балық алып
Қасында ақын қыздар әнге салып.
Көңіліне ел жайынан бір ой түссе,
Қылады соның қамын қайта барып.

Бойына лайық көрмей бос ойлауын,
Қағады алтындаулы қоңырауын.
Бас уәзірін шақырып жарлық айтып,
Осыны қылсын дейді барша қауым:

«Халқымда қысымшылық бар ма? — дейді.
Немесе бір нәрсеге зар ма? — дейді.
Мені алдасаң — Құдайды алдағаның,
Жалған айтып жазада қалма?» — дейді.

«Сізге өтірік айтқаным қай қылғаным,
Онда бас пен сақалдан айрылғаным.

Осы күнде еліңде түк қайғы жоқ,
Бұйрығыңмен бәрін де жай қылғамын».

«Елді аяп әмірімді күнде айтамын,
Орнына келтірмесең, ұлғайтамын.
Ақылың жоқ болса да, жасың құрбы,
Ойымды сен тұрғанда кімге айтамын».

Қайтқан соң уәзірімен қалжыңдасып,
Бақшада көгершінге жемін шашып,
Екі қыз дағарадай қол шатырды
Үстап жүр хан басына жанталасып.

Ол күні желсіз ыстық болды қатты,
Күйдіріп тиген жерін шыдатпапты.
Қап-қара қолшатырдан өте шығып,
Тақсырдың тақыр басын шыжылдатты.

Сан-Хо-Жи мұны көріп көп ойлады,
«Шатырсыздар қайтіп жүр» деп ойлады.
Үйге келіп уәзірін шақырып ап,
Елді ыстықтан құтқару еп ойлады.

— Ей, уәзір! Неткен ыстық бүгінгі күн,
Көшеде не жаны жүр шатырсыздың!
Бай өзі алсын, кедейге шатыр әпер
Қазынадан ұсталса да қанша жүз мың.

Жандарал, қала басы, частнойларын,
Тез барып шақырып ал түгел бәрін,
Бәрінің де бастары кесіледі,
Күн шыққанша бітпесе бұйрықтарым.

Айтқан соң уәзір барып бұл бұйрықты
Ұлықтар қатты қорқып көп ұлықты.
Аздан соң ақылдарын жиып алып,
Кеңесіп, күңкілдесіп, сыбыр шықты.

Қазынадан талай ақша алмақ болды,
Ол ақша ұлықтарда қалмақ болды.
Көшеде шатырсыздың бәрін ұстап,
Апарып абақтыға салмақ болды.

Ұлықтар осылайша айла тапты,
Қазынадан неше мың сом ақшаны апты.
Шатыр түгіл киімсіз кедейлерді
Ұстап алып зынданға бәрін жапты.

Ертең ерте патшаға бәрі кепті,
— Ей, тақсыр! Көзіңізбен көрші, — депті.
Қалмады шатыры жоқ жалғыз адам,
Қазынаның аз ақшаға несі кетті.

Білу үшін шыққса да хан көшеге,
Шатырсыз бір кісіні көрсін неге.
Баяғыдан ұлықтың қылығы осы,
Бүгін сеніп бола ма дүниеге?

Бұйрығын тез орындап ұлықтары,
Мақтанып шен алғызған қылықтары.
Абақтыда жылаған шатырсызша,
Сорлы елдің тыңдала ма қылған зары.

Ұлтшыл деп сөгеді қазақ жасын,
Қорғау дұрыс емес деп әркім басын.
Көштен қалған қаңғырып қазақ жаяу,
Неге алдыңғы керуенге апармасын?

Бірақ қазақ ұлығы тек тұра ма,
Халқының кемшілігін толтыра ма?
Біз көрген Николай ұлығындай,
Онан әрі менен көп сөз сұрама!

ҮШ САУАЛ

Бір патша: «Үш түрлі нәрсені күні бұрын білген адам, бақытты болар еді деп, соны тауып берген кісіге көп сый беремін», — деп жариялапты. Ол үшеуі: бірінші — «Қай істі қандай уақытта істеген жақсы?» Екінші — «Ең керекті кісі кім?» Үшіншісі — «Ең керекті іс не?»

Бұл хабармен неше түрлі халық, көп жандар жиылып әрқайсысы бір сөз айтты. Мысалы, кейбірі: «Күн сайын, жұма, ай сайын қылатын істі күні бұрын реттеп жазып қою керек», — деді. Кейбірі: «Онан тұқ пайда жоқ. Немене боларын қайдан білуге болады? Өйтіп орынсызға әуре болмай, ең керекті іс кез болғанда алды-артын байқап, әбден ойланып іс қылу керек», — деді. Кейбіреулері: «Жалғыз патша қанша ойлағанмен, қате қылуы мүмкін. Ондай іс кез болғанда, білімділерді жиып кеңесу керек», — деді. Кейбіреулері: «Кей істе үйтіп кеңесуге уақыт тар болады. Онанда күні бұрын ғайыпты білетін сиқыршы, бақсылар айтып соның ақылымен болуы керек», — деді.

Патшаның ең керекті кісі кім дегеніне де әркім әр түрлі сөз айтты. Мысалы, біреулер «Уәзір» деді. Біреулер «Молдалар», біреулер «Доктор», кейбіреуі «Солдаттар» деп, әр қайсысы әр түрлі сөйледі. Ең керекті іс қай іс дегеніне де, әртүрлі айтылып, кейбірі «Оқу» деді, кейі: «Соғыс үйрету», кейі «Құдайға құлшылық қылу» деді. Сөз әртүрлі болып, патса ешкімге сый да бере алмады, ойын да шештіре алмады.

Сол қалаға жақын маңайда бір асқан ақылды тақуа адам бар еді, тастың үңгірін үй қылып, уақытымен ғибадатын етіп, ағаш егіп жатушы еді. Біреу ақыл сұраса, дұрыс айтып беруші еді. Бірақ аса сәнді киімділерді жолатпаушы еді. Патша сонан ақыл сұрамақ

болып, құба төбел киініп жаяу барса, ағаш егетін шұқыр қазып жатыр екен. Ақыл сұрай келген үш сөзін айтып еді, тақуа ханның ол сөзіне жауап қайырмай, алақанына бір түкіріп күрекпен топырағын лақтыра берді. Аздан соң тақуаның шаршағанын біліп, «Күректі маған беріңіз, мен біраз болысайын» деген соң, «Рахмет, шырағым!» деп күректі берді де, демін алып отырды. Патша екі шұқыр қазып шаршаған соң, сұрай келген сөзіне жауап сұрап еді, тақуа:

— Сен шаршаған шығарсың, енді мен болысайын, — деп күректі сұраса да бермей,патша тағы екі сағатқа шейін жер қазады. Күн батуға таянып әбден шаршағанда қолындағы күректі тастады да:

— Ақсақал! Менің сөзіме жауап берілмейтін болса, мен қайтайын, күн кешкіріп қалды, — дегенде, тақуа:

— Ана бір кісі жүгіріп келеді. Соның кім екенін білейік, — деді. Патша қараса, бір қолымен бүйірін басқан бір жаяу. Патшаның алдына келді де жығылып өлерше болып жатты. Қараса, бүйірінен қан саулап тұр. Патша жарасын сумен жуып, белбеуімен таңып, азар дегенде қан тыйылды. Аздан соң патша мен тақуа көтеріп үңгірге кіргізіп төсекке жатқызды. Жарлы тынымдап ұйықтай бастаған соң, патша әрі төтел қазып, әрі қан жуып шаршағандықтан, босағаға сүйеніп тіпті қатты ұйқыға кетті, жаздың қысқа түнінің өткенін де білмей қалды. Күн шыққанда оянып, жаралыға қарап еді, ол да патшаға қарап тұрды да, нашар ғана дауыспен:

— Ей, патша, кешіңіз — деді.

— Мен сені танымаймын, нені кешейін?

— Сіз менің әкемді өлтіртіп, бар малымды алғансыз. Сол кегімді алуға, сіздің қайтқаныңызды тосып жүргенімде, солдаттарыңыз жолығып жаралап кетті. Егер сіз жарамды таңбасаңыз, мен өлі кісі едім. Осыдан жаным қалса осы жақсылығыңыз үшін сізге өмірімше құл боламын әм балаларыма да солай бол деп тапсырамын. Бірақ менің өлтірмек болғанымды кешіңіз! — деп жалынды.

Патша өзін өлтірмек болған дұспанымен арыздасқанына қатты қуанып:

— Сен де кеш! Не нәрсеңді алған болсам, бәрін қайырам. Және саған қазір доктор — күтуші жіберіп қалаға алғызамын, — деді де, тақуаға:

— Менің үш сөзіме не айтасыз?—деп еді, тақуа:

— Үш сөзіңізге де жауап берілді, — деді.

— Ол қалайша?— дегенде, тақуа айтты:

— Егер сен менің шаршағанымды біліп, маған болыспасаң, ерте қайтар едің де, мынау сені өлтіретін еді.

Сондықтан ең жақсы мезгілін тауып істеген ісің — маған болысқан кезің. Онда саған ең керек кісі мен болдым. Онан соңғы

ең керекті уақыт, ең керекті іс — мына жаралының жарасын байлап, қанын тыйған уақытың болды. Неге десең, сен үйтіп жәрдем қылмасаң, тірі қалса сенен кек алмай қоймайтын еді. Сондықтан ол кездегі ең жақсы іс — жарасын байлағаның, ең керекті кісі — осы жаралы болды. Және ең керекті уақыт — осы уақыт. Неге десең, бәріміздің де қолымыз бос, ерік өзімізде. Қазір ең керек кісі — осы дұшпаның болды. Неге десең, мұның жазылар, жазылмасы әзір неғайбіл, егер жазылса, бұл-дағы біреуге жақсылық қылғанды жаныңдай жақсы көрер еді. Ең керек іс — қазір осыған қылған жақсылығың, неге десең, адамның мойнындағы шын міндеті — біреуге жәрдем ету еді...

Адамшылық іздесең, бұл жолға түс,
Алдау қылма біреуге қиянат-күш!
Жетілсең де жемтік жеп ел зарлатпа,
Ар-ынсаптың сүйгені — таза жұмыс!

КРИЗ ПАТША

(Л. Толстойдан)

Баяғы атақты Айса тумай тұрып,
Криз деген хан болған дәурен сүріп.
Өктемдікпен зорайтқан патшалығын
Маңдағы нашар елдің бәрін қырып.

Байлығы, салтанаты жаннан асқан,
Ешкімнің обалына қарамастан.
Онан артық адам жоқ, өз ойында,
Аспандағы күнменен өр таласқан.

Румда бір есті бар Салон атты,
Данышпан, тура сөзді, инабатты.
Сол келді деп есітіп хан шақыртып,
Біраз ғана сөйлесіп жауап қатты.

Криз хан сұлу еді жүзі нұрлы,
Кигені тым әдемі неше түрлі.
Салонға айтты: «Дүниені араладың,
Сұлу кісі көрдің бе өзім құрлы?»

Ол айтты: «Сенен артық талай жан бар,
Мәселен: әтеш, тоты, хайуандар.
Қанша әдемі киініп қораздансаң,
Сонан артық болмайсың, мұнымды аңғар!»

Ішінен хан ыза болып ашуланды,
Есті деп неге айтты бұл есаланды.

Қазына, әскер, дәулетін аралатып,
«Көрдің бе, — деді, — мендей бақты адамды?»

Салон айтты: «Атнада бір кедей бар,
Не қылсаң да болмайсың сен оған пар.
Таза, еңбекшіл, азға да қанағатшыл,
Халқына қиянатсыз қызмет қылар».

Шыдамай Криз айтты қатты ыза боп:
«Кедейді бақты деудің қисыны жоқ.
Қуарған сорлы жақсы бола ма екен?
Онан менің емес пе тамағым тоқ!»

Салон айтты: «Ол кедей балаларын
Оқытып, зор ғылымды қылды бәрін.
Таза, еңбекшіл кедейден артық емес,
Мақтан үшін мал жиып тойған қарын».

«Ей, Криз, сенен менің ойым бөлек,
Бұл дүние шыр айналған бір дөңгелек.
Өлімнің сағатына кірмей тұрып,
Еш адам «мен бақыттымын» демеу керек!»

Салонды қоя берді өз жайына,
Өзінің көнбеген соң ыңғайына.
Аздан соң оның сөзін мұтып кетті,
Басында батса-дағы шымбайына...

Кризділ бір баласы асқан мықты,
Бір күні киік аулай аңға шықты.
Қолындағы мылтығы қапы тиіп,
Қаза жетіп өз оғы өзін жықты.

Сол кезде парсы ханы атақты Кер,
Жаннан беті қайтпаған шын қайратты ер,
Кризділ астанасын шабамын деп
Қамады: «не соғыс» деп, «не алым бер!»

Намыс қып соғысқанда әскер сайлап,
Оқ жауды екі жақтан нажағайлап.
Кер жеңіп, талқан қылып үй қазынасын,
Кризділ өзін ұстап алды байлап.

Өлтір деп жендеттерге Кер бұйырды,
Қаланың ортасына алып жүрді.
Кризді бәйтерекке байлап қойып,
Астына отын үйіп от қойдырды.

Қарады Криз сонда маңайына,
Құлаған, алтындаған сарайына.
Таланған қазынасы мен өлген әскер
Тағы да көзі түсті талайына...

Сонда айтты: «Қайран, Салон, келмедің ғой!
Сөзіңе бұрын ындын бермедім ғой,
Данышпан, қасиетті жан екенсің, Аман бол!
Енді менің өлгенім ғой!»

Бұл сөзді Кер есітіп аң-таң қалды,
Ағаштан, от сөндіріп, шешіп алды:
«Әлгіде айтқан сөзіңнің жайын ұқтыр!
Не себептен шақырдың Салон шалды?»

Мәнісін Криз айтты бастан-аяқ,
Бір сөзін қалдырмады некен-саяқ.
Мен де осындай болмауым мүмкін бе деп,
Кер отырды ішінен Кризді аяп.

Тыңдап болып Кер түсті терең ойға.
Үқсаған өлік жатыр қырған қойға.
«Бүтін әлем біз үшін жаралып па?
Бұл лайық емес екен — деді — бойға».

Сол ойменен Кризді босаттырды,
Екеуі бір-біріне кешу қылды.
Дос болып шығыңды төлеймін деп,
Амандасып еліне қайта жүрді.

Мінеки! Нәпсіге еріп елді жеген
Зарлайды қарғыс айтып талай неген.
Өлген кісі тіріліп бір сөзінен
Салонның күні бүгін аты өлмеген.

Аты қалды деп оны мақтамаймын,
Мен мақтанды артқыға сақтамаймын.

«Өлі түгіл тіріге мақтан теріс»,
Оны түзу дегенді жақтамаймын.

Салонның өзі өлсе де сөзі дұрыс,
Жастарды соны ұғуға қақпалаймын.
Адамның зор кеселі осы мақтан,
Бұл құрғырдан ешкімді ақтамаймын!



МӘНДІ СӨЗДЕР

Дүниенің қайғысы ақ жауындай үзілмей жауса да, қуаныш андасанда найзағайдай жарқ етеді де өшеді, бұл неліктен? Бұл адам баласының қиянатының көптігі — мейірімінің аздығынан.

БӘЙШЕШЕК БАҚШАСЫ

Атақты Атымтай жомарт алғашқы кезде, бір жұмада өңкей білгіш шешендерді қонақ қылып, келер жұмада жастарды қонақ қылып, ендігі жұмада қаріп-қасерлерді қонақ қылады екен. Бір күні өңкей шешендерді қонақ қылып, әр қайсысы бір мағыналы күлкілі сөз айтып отырғанда, бір кедей кіріп үндемей отырыпты. Сонда қонақтың біреуі әлігі кедейге: «Сіз де бір сөз айтуыңыз жөн ғой», — дегенде: «Мен сіздердей мағыналы сөз білмеймін, біраз ғана жыр білуші едім. Соған разы болсаңыз айтайын», — депті. Сонда қонақ болып отырған жақсылардың бәрі де «айтыңыз, айтыңыз» деген соң, әлгі кедей айтыпты:

«Мен сияқты бір кедей
Неше күндей аш еді.
Арын сақтап үндемей,
Көзінде мөлдір жас еді.
Ашығып, тоңып шаршаған,
Шығуға таяп шыбын жан,
Алдында тұрған дастарқан
Үсті толған ас еді,
Нан алып же демейді,
Келемеж қылды кедейді,
Тоқ кісі не демейді,
Иесі өңкей мас еді.
Сонда кедей сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
Қанағат еді көмегім,
Еңбегім еді қорегім,

Тіленіп нанды жемегім,
Ас емес, маған тас еді.
Бірің жомарт, бірің хан,
Бәріңде шетінен данышпан.
Хабарсыз біздей ғарыптан
Не қылған қуыс бас еді?
Көлге жауса көп нөсер,
Көгере ме тау мен қыр.
Шөліркеген ғаріптер
Шөл далада қаңғып жүр.
Кедейді нанға телміртіп,
Аштыққа жүрек кеміртіп,
Тамам байды семіртіп,
Жомарттық па осы тұр?
Ақсақ, соқыр, шолақ бар,
Жетім, жесір, олақ бар,
Солар ма осы қонақтар,
Ақылға салып ойла бір!» —

депті де кедей үйден шығып кетіпті.

Атымтай содан кейін қаріп-қасерлерді қонақ қылып, соларды күтетұғын болыпты.

* * *

Жиі тоқылған жібек бұйымдай құлаққа жұмсақ, тәтті пісірілген сіңімді тамақтай жүрекке жайлы тиетін, жақсы үнді, сұлу сөзді ақындар май айының қызыл гүліндей, қыршын жастардың қызықты, қымбат өмірлерінің қиын сырын сипаттаса, кейде қыс айының декабріндей жайлаған жасыл гүлді қуартатұғын, талай-талай жүректердің тамырын жүзінің нұрымен билеп соқтыратын сұлуларды солған жемістей суалтатын баянсыз өмірдің бақытсыздық мұндарын сипаттаса, сол айтылған сөз, салған ән қуаныштың да, қайғының да өзіне лайықты сөз ұнаулы үнмен айтылса, дүниеде осыдан жақсы жанға жайлы әдемілік, жарасымдық бар ма екен? Бет сұлулығы — тән сыйы болса, дауыс пен сөз сұлулығы — жан сыйы ғой, әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екеніне дау жоқ, бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды. Сөз бен ән сұлулығын танушы аз.

Бір тұзақшы бір бұлбұл, бір ала қарғаны ұстап алып, екеуін бір шарбаққа қамап қойғанын құс жайын білетін бір адам көріпті де: «Сайрайтын бұлбұл мен бақыратын қарғаны неге бірге қамайсың?» — десе, тұзақшы: «Бұлбұл қайтсем сайрайды? Қарға қайтсем бақырады?» — депті. Ол адам: «Бұлбұлды үлкен жақсы шарбаққа қойып, қонуына гүлденген тал орнатып, алдына әдемі иісті гүлдер

қой, қарғаның қонуына өлексенің қу басын қой да, алдына сасыған жемтік таста», — депті. Тұзақшы сол айтқанын қылса, бұлбұл гүлді көрген соң, жас өмірдің жайнаған түрін, өтетұғын баянсыз кәрі өмірдің мұңлы сырын неше түрлі нақысты дауыспен сайрапты. Ал қарға қу басты көрісімен қарғып үстіне қонып, алдындағы жемтікке қарап, өңешін созып: «Қарқ-қарқ» деп екі шақырып, жемтікті шоқи бастапты. Сонда әлгі тұзақшы: «Ана кішкентай торғайдан мына қара-ала құсым жақсы екен, бұл тамағын көрісімен қуанып, маған: «Рахмет, рахмет», — деді де, тамағын жеді. Ана, шіркін, тамақ та жемей, рахмет те демей, құры қиқылдап-шиқылдап азапқа түсіп, өлгенше мылжыңдады және мынаның дауысы шыққанда, оның жіңішке дауысын естуге де болмайды. Әрине, дауысы зордың пайдасы зор, мәселен, есек адамның көп жұмысын бітіреді», — депті. Былғаныш наданнан таза ғалым қандай жиренсе, таза ғалымнан былғаныш надандар сондай жиренетіні анық.

* * *

Өткен бір заманда Мекке, Мәдинеге Құжаж деген адам патша болған. Елге мейірімсіз, қатты жүректігінен Құжаж залым атанған. Сол Бағдат шаһарінде дұғасы қабыл болатын бір әулие бар деп есітіп, соған барып: «Маған бір жақсы бата беріңіз!» — десе, әулие: «Қолыңды жай да, а құдай, осы кісінің батасын қабыл қыл деп тіле», — депті. Құжаж әулиенің айтқанын айтып қолын жайса, әулие: «А, құдай! Мына Құжаждың жанын ал!» — депті. Құжаж: «Мұның қалай?» — деп ашуланса, әулие айтыпты: «Шырағым, бұл екі жаққа бірдей пайдалы бата. Сен өлсең, зұлымдық қылудан тыйыласың. Ел сенің зұлымдығыңнан құтылады. Алғашқы туыс — бір туыс, әдет — екінші туыс. Алғашқы туысыңнан түзелуге болады. Әдетті тастап түзелу — сендей жуанның қолынан келуі қиын іс, бірақ, шырағым, мен саған бір әңгіме айтайын, соны ұғып алсаң, сен де түзелер едің», — депті де, айтыпты: «Бұрынғы заманда әлі жеткенге күшпен, әлі жетпегенге айламен зорлық қылып, ел қақсатқан бір залым ұйықтап жатса, қасынан өтіп бара жатқан үш адамның бірі: «Мына залым кешке дейін оянбаса, талай момын зұлымдығынан аман болар еді», — депті. Онда тағы біреуі: — «Тіпті, ертең де оянбаса игі еді», — дегенде, қалған біреуі: — «Шынында, мұның осы ұйқыдан оянбай өлгені артық, сөйтсе тамам адам зұлымдығынан құтылар еді», — депті. Әлгі залым ұйқылы ояу жатып, бәрін естіпті де, өзіне-өзі «Үш кісі — қауым деуші еді. Мынаның бәрі менен безер болды. Ойлап қарасам, адам баласы бір бауыр, бір дене сияқты, әр адам денеңнің бір мүшесі, бір мүше аурулы, зиянды болса, тамам денені тынышсыздандырады. Мен аурулы мүше екенмін де, тамам адамды тынышсыздандырған екенмін, не бұл адамдардың ортасынан кетуім

керек, не болмаса барша жанға тынышсыз болатын залымдықты қоюым керек екен ғой», — деп, бұрынғы мінезін тастап кетіпті. Шырағым! Мен кереметті әулие емеспін. Әулиелік деген түзу жолмен жүріп, түзу ақыл айту болады. Менің саған соңғы берген батам — осы әңгімем. Мұны көрсең, сен де түзелерсің», — депті. Насихатты тыңдаған адамның құлағында қырағы көзі болса, жүрегінде әділ тезі болса, сәті келген дәрідей ем болып, жаман мінезді жазады. Егер ондай болмай, құры ғана қуыс құлақпен тыңдаса, құмға сіңген сумен бір есеп болып, жалғыз тал жасыл шөп шықпайды.

* * *

Арабтың бір патшасына бір уәзірі Ләйлі мен Мәжнүннің жайын әңгіме қылыпты. Мәжнүннің Ләйліден басқа дүниені керек қылмай, даладағы аңдармен бірге жүрген халін адамның жаны ашырлық әсерлі сөзбен айтқандықтан, әлгі патша Мәжнүнді көруге құмар болып, іздеп тауыпты да, Мәжнүнге айтыпты: «Адамшылықтың қасиетін аяғына басып, аңмен қосылып, дуана болғандай адамдықтан не залал көрдің?» — дегенде, Мәжнүн айтыпты: «Шын таза асықтыққа ақыл қарсы тұра алмайды. Таза асықтықтың сырын білмегендіктен, мені сөгіп отырсыз. Тым болмаса Ләйлінің нұрлы жүзі қандай сиқырмен менің ақылымды тұзаққа түсіргенін көрген жоқсыз», — деген соң, патша іздеп барып Ләйліні көрсе: жүзі қансыз қара сұрлау, өткір қара көзді, нәзік қана әйел екен. Патша Мәжнүнге қайта келіп: «Ләйліде онша қызығарлық сұлулық жоқ қой? Шын сұлу болса, оған жанның бәрі құмар болмас па еді?» — дегенде, Мәжнүн айтыпты: «Әр ақылды адам әлемнің қиын сырын түгел аша алмайды. Әрбір көз шын махаббат нұрын көре алмайды. Ләйліге асық болған көз де, жүрек те сіздікі емес, менікі. Ләйлінің анық нұрын көрем десеңіз, менің көзіммен қарап, менің жүрегіммен ойласаңыз, Жүсіптің сұлулығына таң қалып, кеспе орнына қолын тураған әйелдерге ұқсар едіңіз де, менің Ләйліге деген махаббатымның қандай дәрежеде екенін білер едіңіз. Дертті көңілде не бар екенін сау көңіл білмейді. Менің жарама себілген ащы тұзды сіз сау қолыңызға сепкенмен ашыта ма? Жүрегіңізді асықтық қанжарымен жарала да, асықтықтың улы тұзын жүрегіңізге сеуіп қараңыз. Өмірінде ара шақпаған кісіге мына араның шаққаны ащы болады деп араны көрсеткенмен, шаққан уын ұға ала ма? Аш кісінің ішін өртеп тұрған аштық пәлесін тоқ кісі ескеріп біле ала ма? Біздің басымыздағы іс сізде жоқ болған соң, бұл туралы қанша айтсақ та, сізге бір мылжың өтірік ертегі сияқтанады», — депті.

Сол айтқандай, нашардың мұңын, жуанның зұлымдығын қанша айтсақ та ұғушы аз.

КЕЙДЕ КҮЛКІЛІ СӨЗДЕН ДЕ ТӘЛІМ АЛУҒА БОЛАДЫ

Бір адам қызын еңбекші адамға берем деп, сұраған бай балаларына бермепті, бір күні башмақ тігіп сататын бір жас жігіт сұраған соң, соған беріпті. Ол башмақшы тапқанын араққа салып, көңілін көтеретін сорлы екен. Қызды алған соң қызып кетіп, арақ ішіп, қызу күнінде қызды құшақтап ернінен сүйіп, сора-сора қыздың ернін қанатып, салбыратып жіберіпті. Қыздың әкесі қызын көре келсе, қызының ерні салбырап, қанап, қызы жылап отыр екен. Күйеуіне: «Мұның қалай?»—деп ұрысса, күйеуі: «Ататай! Жаза менде емес, қызыңыздың ерні тым қызыл болғандықтан, мен байғұс дәулетім аздығынан тапшы сапиян көзелдерді тістеп созып қалыпқа тартушы едім. Қызыңыздың ернін сорып жатқанда қызыл сапиян есіме түсіп, сол екен деп тістеп сорып жібердім. Ерні оншалық қызыл болмаса, мен соншалық сорар ма едім», — депті. Бұл күлкі үшін айтылған сөз емес, еңбектің де еңбегі бар. Орнына жұмсалмаған еңбек, зұлымдыққа жұмсалған ақыл отқа түскен көбелекпен бір есеп.

ӨЗІМШІЛДІК

Бір байдың қызына шешек шығып, бетін тыртық қылғандықтан, ешкім алмай, аяғында екі көзіне ақ түскен бір соқырға беріпті. Сол кезде Үндістан жағынан көздің ағын сылып жазатын бір дәрігер келгенін есітіп, әлгі байдың бір досы байға келіп: «Сондай дәрігер келіпті, күйеуіңіздің көзін неге қаратпайсыз», — десе бай айтыпты: Күйеуімнің көзі ашылған соң, қызымның бетіндегі тыртығын көріп, шығарып жібереді ғой. Қызым байдан шыққаннан да күйеуім соқыр қалпында қалғаны артық», — депті.

Сонда досы: «Күйеуінің көзін аямаған кісі досының көңілін аяй ма? Енді достықтан айырылайық», — депті.

* * *

Адамда екі түрлі мақсұт бар, оның бірін тән мақсұты, бірін жан мақсұты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік, мақтан көксейтін — тән мақсұты. Адамшылық ар мен адал еңбек іздейтін — жан мақсұты. Бастапқыны көксеген адам, зұлымдық қиянатпен болса да, мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көксеген адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жоқ, ол адам баласын ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды. Осыны біле тұра адамның қиянатшыл, мақтанқұмар болатынының себебі: адам жас күнінде тәжірибесіз балалық пен сәкекүл сәнді киімге, кеңесшіл кердеңдікке қызығып, соған біржола құмар болады. Бір адам сайтанға махаббат көзімен қарап әдеттенсе, аздан соң сайтанды біржолата періште деп біліп, жанына өлшеген асық жар қылып алады да, Жүсіптей нұрлы сұлудан қара қоңыз бен жыланнан жиренгендей жиренетін болып, өз қылығын өзі сынай алмай қалады. Бір адам асық болып, өзелене күткен асық жары кіріп келсе, жанып тұрған шамды өшіріп тастапты. Сонда асық жары: «Мен келгенде шамды неге өшірдің», — десе: «Сенің нұрыңды көргенде, күн шығып қалған екен деп өшірдім. Күн барда шамның керегі не?»— депті. Мінеки, достар! Зұлымдық — қиянат қылып әдеттенгендердің қоя алмайтыны да, адамшылық арды бұзбауға құмарланғандардың адал еңбек, ақ ниеттің жолында құрбан болатындары да әдет алып, шын құмар болып кеткендіктен болады. Адамның бәрі бала болып, ақылы жай толатын болғандықтан, сәнқойлық, көрсеқызар, мақтанқұмарлықты бірінен-бірі көріп тәлім алады. Өзін-өзі тексеріп, ол әдетті қалдырып, таза ақылға билету әлденеше мыңнан біреудің-ақ қолынан келеді.

* * *

Атымтай жомарт бір күні көп мал сойып, қаладағы кәріптерге тамақ, киім берген соң: «Қала кедейін тойғызсам да, дала кедейі де бар шығар», — деп, даладан іздеп келе жатса, үстінде қырық жамау шекпені бар бір адам отын алып жүр екен. Атымтай соған келіп: «Бүгін Атымтай кәріптерге киім, тамақ беріп жатыр, соған баруыңызға болмас па екен?»—дегенде, әлігі жарлы айтыпты: «Сен Атымтайдың жіберген адамы болсаң, оған сәлем айт! Адал еңбекпен қатын-баласын асырап, артылған еңбегімен өзінен төмен кем-кетікке жәрдем қылуға әлі жетіп, соған әбден құмарланып кеткен адамға Атымтайдың керегі жоқ. Мен бүгін қатын-баламды тойғызарлық

отын жиып алдым. Енді анау отырған ақсақ шал үшін отын алып жүрмін. Дені сау адамды Атымтай асырап, тіленшілікке салып жібермесін, кем-кетікке қарассын! Атымтай малмен мырзалық қылады, мен еңбек теріммен мырзалық қыламын, қайсымыз мырза екенімізді Атымтай өзі сынасын», — депті.

* * *

Дүниені көп көрген бір адамнан: «Қандай қатты кейіс, не қатты қуаныш көрдіңіз?»—деп сұрағанда, ол айтыпты; «Африканың зор шөлінде бір керуенмен еріп келе жатып, ауырып жүре алмай, бір судың басында қалып, аздан соң жазылып, керуендерге жеткенше азығым таусылып, аштан өлер болып, әлім кетіп, бір жерге отыра кеттім. Алдыма қарасам, бір кеседе қуырылған бидай тұр екен. Өмірімде осыдан қатты қуанғаным жоқ. Енді жейін деп аузыма салсам, бәрі меруерт екен. Өмірімде содан қатты кейіген емеспін. Қайтерімді білмей, қасымдағы дөңкиген құмға қарасам, құмнан бір киімнің етегі шығып жатыр екен. Құмды ашсам, мендей бір сорлы өзін-өзі құмға көміп, өлерінде алдындағы тақырға таяғымен мынаны жазыпты: «Азықсыз аш адамға ат басындай алтыннан түк пайда жоқ, менің мына бір кесе меруертім мен белбеуімдегі жүз ділдәм мені бір шақырым жердегі мөлдір бұлақ, жемісті ағашқа жеткізе алмай, аштан өлдім, мені сол бұлақтың басына көміп, моланың басына не тас, не тақтайға: «Азықсыз аш адамға ат басындай алтынның пайдасы жоқ», — деп жазған адамға осы меруертім де, ділдәларым да адал болсын», — деп жазыпты. Бір шақырымда су бар екенін білгенде, жаным кіріп, етегімді беліме түріп, бар қуатымды жинап алып, жүгіріп келсем, мені тастап кеткен керуендер шөлден меспен су алып өтіп, сол бұлаққа тынығып жатыр екен. Керуенге келіп, тамақтанып, көлік әм жұмысшы жалдап алып, әлгі өлікті бұлақ басына көміп, басына қойған тасқа: «Азықсыз аш адамға ат басындай алтыннан түк пайда жоқ», — деп жаздық. Жүз ділдәсін қызмет қылған адамдарға әм көліктердің ақысына беріп, бір кесе меруертті керуендегілерге үлестірдім», — депті әлгі қария. Мінекей, достар!

Бір тілім нан — ардақты жанның досы
Ақша деген — мақтаншақ паңның досы.
«Арпа, бидай ас екен,
Алтын-күміс тас екен», — деген осы.

***

Бір еңбекші адамды бір бай жалдап алып, қызмет қылғызып жүрсе, әлгі қызметкер қандай тастақ жер болса да жалаңаяқ жүре берген соң, бай: «Сен неге дәйім жалаңаяқ жүресің?» — деп сұрағанда, ол айтыпты: «Дүниенің талай бейнетіне шыдасам да, аяғымдағы башпағым тозып, жалаңаяқ қалып, табаным күйіп қатты кейідім. Бір күні жалданған байым қарағай тіліп сатқандардан тақтай алып кел деп жұмсаған соң, барсам, екі аяғы тобығынан жоқ бір бейшара еңбектеп жоңқа жиып алып жүр екен. Соны көргенде, мынаның башпағы түгіл, башпақ киетін аяғы да жоқ. Мен башпағым жоқ деп, асып жүр екем ғой деп, содан бері башпақ табылса да кимей, жалаңаяқ жүруге әбден әдеттеніп, табаным түйе табанындай мүйіз болып кетті, сондықтан маған башпақтың керегі жоқ», — депті.

Басына ауыр қайғы түскен кісі,
Мен деп ойлар адамның ең сорлысы.
Өткен іске өкініп шыжбалақтап,
Келесіден именіп тұрады іші.
Сабырсыздың осындай әрбір ісі,
Түн артында күн бармен жоқ жұмысы.
Ойлап тұрсам, адамның ең артығы —
Ерінбейтін, еңбекшіл шыдамдысы.

***

Бір адам қайыр сұрап, көп ақша жиып әбден байыса да, қайыр жиған әдетін қоймапты. Бір күні оны хан есітіп, әлгі қайыршы байды шақырып алып: «Сенде көп ақша бар дейді, соны қазынаға қарыз берсең, өсімінен қазына пайдаланып, ақшаның басын өзіңе қайтарар едік», — дегенде, қайыршы бай: «Тақсыр! Менің ақшам қанағатсыз, арсыздықпен жиылған арам ақша ғой, тырнақтап жиналған арам ақшаға тырнағыңызды былғағаныңыз жарай ма?»—дегенде, хан айтыпты: «Балшық керек қылған бір бай балшық басқан біреуге бір арба балшықты сатамысың десе, арам суға басылған балшық еді, онысын айтпай сатсам, арамдық болады ғой», — деген екен. Сонда балшық алушы: «Дәретхананың жыртығын жамауға жарар» — деп алған екен. Ақшаңды сондай орынға жұмсармыз», — десе қайыршы бай: «Тақсыр! Сіздің дәретханаңыз біздің үйіміздің таза ғой, менің ақшам оған жарамас», — депті. Сонда хан: «Бір адам бір бөшке су алып келе жатса, біреу суыңды сатамысың десе: «Суым арам су еді», — депті. Су алушы: «Олай болса өлген (жәһудті) жебірейді

жуғанға жарар», — деп алған екен. Ақшаңның өсімін сондай орынға жұмсармыз», — дегенде, қайыршы бай айтыпты: «Құрама жиып ел қылған, құрақ жиып тон қылған, мейірімді ханымыз, сіздің қол астыңызда әлденеше дінді елдер бар ғой, жебірейді арам сумен жуды дегенді естісе, сізден елдің көңілі қалар. Сондықтан менің ақшамды алғаныңыз өзіңізге зиян болады ғой», — депті. Сонда хан билік айтатың қазыны шақырып алып: «Біреу әркімді алдап, арам оймен ақша жиса, ол көп ақшаның анық иесі табылмаса, сол ақшаны қалай қылу керек?», — деп сұрағанда, қазы: «Ондай ақша екенін не жиып алушы мойнына алса, не екі таза куә мойнына салса, ол ақшаны түгел қазынаға алып, кәріп-қасірге, оқу-білім жолына жұмсалады», — депті. Хан жалма-жан қала билеушіні шақырып, әлгі қайыршы байдың ақша-мүлкін қазынаға алғызыпты да:

«Көрінгенде келмесең,
Көз ұшына кетерсің.
Орындыға бермесең,
Өкініп зарлап өтерсің!»

— деп, қайыршы байды бастапқы сорлы қалпына түсіріпті.

ШЫН БАҚЫТТЫҢ АЙНАСЫ

Жаңа ғана аяғымды басып, тілім жаңа шыққан кезде, өзіме құрбы балаларды бауырымнан жақсы көріп, ойнаушы едім. Ойнап жүріп қарным ашқанын, күннің батқанын білмей қалушы едім. Сол, тіпті, сүйікті ойын әм жанымдай көретін жас құрбыларыма махаббатым, үйге келгендегі ата-анам сақтап қойып берген тәтті тамақ пен әлпештеп еркелеткен, ah, сол өлшеусіз қызық бағым! Қайдасың? Қайда кеттің?.. Ол кезде өзімізден жасы үлкендерден қорқыңқырап, именетұғынымыздың, аулақ жүргіміз келетұғынымыздың себебі не еді? Тіпті, білмеуші едім. Енді шын білдім. Нанбасаңыз төменгі жазылған өмірімнің сырынан байқаңыз.

...Біраз уақыттан соң қарасам, бізден жасы үлкеніректер асық салып, асық ойнап ұтысып жатыр. Ай жарықта «ақ сүйек» ойнап, жарысып, күрес салып алысып жатыр. Оны көрген соң, бұрынғы жер шұқып «құдық» деп, тас үйіп «қора» деген ойынымнан мынау тіпті қызық көрініп, мен де соларға араласып кеткенім ғой. Мінеки! Менің «баққа» қарай басқан алғашқы адымым... Әрине, мұнан ойын да шықты, ұрыс та шықты. «Әкеме айтам» деп, кей нашардың балаларын қорқыту да шықты...

Әке, ағам кім еді? Ел билеген бай! Олардан кім қорықпайды?!

Тағы біраздан соң әп-әдемі киінген, домбыра тартып, ән салып, неше түрлі ойын ойнаған «бозбалалар» көзіме елестеді. «Ойпырай! Шын бақ мынау екен ғой!», не қылсам да солардай болмаққа тырыстым да, соларға араластым. Кейбіреулерінен анағұрлым астым да. Әрине, «бозбала» күндегі неше түрлі құмарлық пен істеген істерді айтып тауыса алмаймын.

Бірақ онан да әрі көрінген «бақ» оған да тұрақтатпады. Себебі: біраздан соң жиылысқа келіп, болыстар әмір жүргізіп, билер билік құрып, шешендер тілін безеп жатқанын дегендей, әлденеше түрлі «адамшылық» атты бір «бақ» кез болды. Мұндай нәрсе адамды қызықтырмай тұра ма? Енді қамшылап, қалың жауға кіргендей-ақ, өзімді-өзім қайраттандырып кірдім де кеттім.

Оның да неше түрлі ақыл-әдісін біліп алсам да, мына жақтағы «дәулет» деген бір тіпті керегіндей «бақ» шыға келді. Ол болмаса ешқайсысының өңі де кірмейтұғын болды, жолы да болмайтұғын болды. Ой, тәңірі-ай! Адам қылғанды адам қылмайтұғын несі бар деп, белсене қимылдап, оның да мәнісін таптым.

Бағана жас балалықтан асық ойнауға аяқ басқан кезімде кез болған бір іс бар-ды. Оны айтпай кеткенім: көңілім сүймей, зорлықпен болған іс еді. Және ата-анама жанымдай көріп қылған махаббатым алғаш бұзыла бастауына себеп болған да сол еді. Ол не десеңіз — оқу. «Балам асық ойнама, сабақ оқы», — деген екі ауыз сөз сүйгенімнен айырып, өз сүймегеніме зорлаған сықылданып еді. Яғни менің «бақ» іздеймін деп, шын махаббаттан айрылуға бет қойғанымның басы.

Енді жоғарғы сөзіме қайтайын. Сүйтіп тамам «бақты» тауып алдым да, өзімнен төмендегілерді «бақпен» көзге ұрып, көзін ағартып, алдыңғыларға, аяғынан алсам да жетпек болдым. Жеттім де. Мұнан басқа талай «бақтарым» айтылмай да қалды. Себебі: сіздерді зарықтырмай, ақырғы «бағымды» айтпақпын. Сүйтіп «бақтан» «баққа» қонып жүргенімде, бір күні, құрғырдың қайдан келгенін білмеймін, «өткен өміріңді ойлашы» деген бір ой сап ете түсті. Амалсыз ойладым, сондағы ойым мынау: Мен жастықтан балалыққа қызықтым, одан бозбалалықты «бақ» деп білдім. Онан әрі адамшылық атты «баққа» қызметкер болдым. Ақырында малға құл болдым. Себебі, жасаған сайын алдыңғы бұзылып, артқы «бақ» түзу сықылданды.

Енді ойласам, өлмегім хақ. Жә, сол бақтарымның ең жарамдысын ұстап қана өлгеннен басқа не бар деп ойладым. Байқасам, жас бала күнімдегі бағымнан артығы жоқ. Себебі: онда қайғы да жоқ, ар-иманнан тайғызатын ісі де жоқ. Бірақ оған қол жете алатын емес, бозбалалыққа да қол жетпейді. Егер бір құдірет жеткізсе о да «шын

бақ» емес, себебі онда қайғы да көп, қатер де көп, ар-иманнан безу де көп.

Адамшылық деген алдамшы ат қойылған антұрған, айтпай-ақ қойылсын. Атына заты тіпті келмейді. «Мал — байлық» деген керек те болса, боқтың арасынан былғанбай алу, ар-иман кетірмей сақтау мүмкін емес. Жә, еріксіз жаңадан бір «бақ» іздеу керек болды. Не қыларымды білмей, құр сандалып, көзімді жұмып жүрдім де кеттім. Не заманда мәндайым бір нәрсеге сақ ете түсті. Қарасам, бір үлкен айна. Бетін қара пердемен жауып қойыпты. Басындағы тақтайға «Шын бақ айнасы» деп жазылыпты. «Құдай тағала шын тілесе береді екен ғой», — деп, қуанғаннан пердесін қайырып тастап қарасам, белі бүкірейген, көзі қызарған, аузы опырайған, бет терісі қатпар-қатпар қасы түксиген, сақалы құдай бір шал тұр!.. Алды-артын ойламай: «Сіз кім?» деп едім, әлгі шал (әрі мені мазақ қылғандай) аузын жыбырлатып сөйлегендей болды. Анықтап қарасам, өзімнің айнадағы көлеңкем. «А! Eh! Алдамшы бақтар, өкінішпен өткен өмірім!» — деппін де екпетімнен құлаппын... Бір заманда көзімді ашсам, ақ киімді, түсі сұп-сұр бір адам басымды сүйеп отыр екен. Менің есім кіргенін біліп: «Ақсақал, айнаға тағы бір қара! Бірақ өз көлеңкеңе де, одан арғыларға да алаң болмай, ең арғы балаларын әлпештеп отырған ерлі-қатынды кісі мен екі балаға қара!» — деді. Айнаға қарасам, өз көлеңкемнен ары байлар, адамшылықтар, бозбалалар, асық ойнаған балалар бірінен-бірі әрі, ең әріде азар көрінген ерлі-қатынды адам екі баласын әлпештеп сүйіп, балалары да мойындарынан құшақтап, ата-анасын аймалап тұр. Сонда әлгі ақ киімді сұр кісі айтты: «Ақсақал, «шын бақ» сол айнаның ең түбіндегі ата-анадағы шын махаббат пен балалардағы шын таза жүрек еді. Сол махаббат әм таза жүрек сізге де біткен еді. Соны қалдырмай, бұзбай ала жүріп, барша адам баласын өз балаң, өз бауырындай көріп, махаббат, ғадалат қылсаң, шын бақыт сол еді. Оны іздеп жүріп көрген бейнет, тартқан қайғы, аңшының қанша бейнетпен іздеген аңын алғанда қуанышқа айналғаны сықылды, сәудегердің пайда іздегендегі бейнеті көп пайда тапқанда қызыққа айналғаны сықылды болушы еді.

Сіз ол махаббат пен ақ жүректі жолдағы жалған атақтарға айырбастап кеткенсіз. Бұдан былайғы түрлі өміріңізде осыны қатты ескерерсіз. Өкініштен пайда жоқ, енді иманыңызды айтыңыз!» — дегенде, талып қалыппын.

МӘНДІ СӨЗДЕР

Өтіріктен тілін тия алмаған адам арамдықтан ындынын тия

алмас.

Мен зияны тиер деп күдіктенген кісіме — жылы жүзбен күле қараймын. Мұным — пішініммен айтқан өтірік. Адам баласы зиянкес болғандықтан, амалсыз талай осындай іс істеледі.

Адам топ әскерді алдап, өлімге апара алса да, өзіне зұлымдықты қойғыза алмайды.

Мен тарыдай жақсылық қылсам, таудай зұлымдығымды жасырғалы қылам. Сөйтіп жүріп, адам атануға ұялмаймын.

Адамдар мал-мақтан үшін соғысып, өзі жек көретін өлімге жанын тапсырады.

Сақ адам сандығын бекіте алады.

Есті адам тілін тия алады. Бірақ ешкім ойын тия алмайды.

Бас көзі жұмылады, көңіл көзі жұмылмайды.

Бәріне қанағат қыл да, адал еңбек қыл.

Ешкімге ерік қақпасы ашылған жоқ.

Қызыл гүлге қызығып сайраған бұлбұл гүл соларын білгенде зарламай қайтсін.

Егер ақылым да, жаным да біржола жоғалатын болса, мен — жанып өшкен отпын. Дүниені өртесем де, ешкім мені жазалай алмайды.

Дүниеде сыры өзімен бірге көмілетін адам бар ма екен?

Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді. Әулие дегені сол болса керек.

Шынның дуанасы өнерсіз мақтаншақтың басын он тиынға алмайды.

Жоқтық егіндігіне бір бидай еге алмасаң, барлық қырманнан жалғыз арпа да ала алмассың!

Молдалар: «Жан денеден шыққанда қатты қайғырады», — дейді. Өтірік айтады, неге десеңіз: жан ақылмен бірге шығатын болса, дене тұтқынынан құтылғанына қуанса керек. Егер ақыл жоғалатын болса, қайғыруды білмесе керек.

Дүниенің қайғысы ақ жауындай үзілмей жауса да, қуаныш анда-санда найзағайдай жарқ етеді де өшеді, бұл неліктен? Бұл адам баласының қиянатының көптігі — мейірімінің аздығынан.

Зор дұспаннан қандай сақтансаң, ұсақ жаудан сондай сақтан.

Арыстан көрнеу келеді. Қара құрт пен шаян жасырынып шақса да, уыты аса зиянды.

Осы өмірден басқа өмір жоқ болатын болса, жаралыспен жағаласып, адамдармен арпалысып өмір сүргенше, жасамаған артық емес пе?



ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚ ҺӘМ ХАНДАР ШЕЖІРЕСІ

Мына заман қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

ШЕЖІРЕДЕН БҰРЫН

Бисмиллаһи-р-рахмани-р-рахим!

Атамыз Адам пайғамбардан бері қарай атадан-атаға үзілмей жазылып келген шежіре ешбір жұртта жоқ. Адам пайғамбардан Нұх пайғамбарға шейін айтылған аталар -Тәурат[1] сөзі, қай кітапта болса да сол Тәурат кітабынан алып жазған. Онан соңғы шежірелер біреуден-біреу естіп жүрген ертегі сықылды сөздерден шыққан. Оның ішінде кейбіреу білімді атану үшін, кейбіреу жақсы атаның нәсілі болмаққа, кейбіреу жаңылыс ұққанын өтірік, яки қате айтылғаны көп болған. Мысалы, біздің қазақтың Ғакашә сахабаның нәсіліміз дегені сықылды сөздер. Бергі заманда шыққан білімділер сол ертегі сықылды сөздердің қисынына қарап, кісілерінің, жерлерінің атының мағынасына қарап және онан бергіректегі халықтың жайын әзірлегенде ескі заманда патшалы жұрт болған халықтардың ескі жазулары - ақша теңгедегі жазу һәм моланың басына қойған тастағы жазулардан қарап біліп және сөйлеген сөз, әдет-ғұрып, таңба белгілерінің ретіне қарап, қай ел қай елмен тұқымдас, қай уақытта, қай жерде жүргенін, кім деген ел атанып, қай ханға қарағанын анықтап тапқан соң, бұрынғы ертегі сықылды сөздердің көбі қате екені мағұлым болған.

Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым. Оқыған кітаптарымның мұсылманшасы: «Тәбіри», «Тарих ғу-муми», «Тарих антшар аласлам», Нәжиб Ғасымбектің «Түрік тарихы», Әбілғазы Баһадүр ханның жазған «Шежіре түрік» және әр түрлі кітаптардан алынған

[1] Тәурат - Мұса пайғамбарға жіберген Алла тағаланың бұйрығы. (автор)

сөздер, орысша кітаптан оқығаным - Радловтың ұйғыр туралы, Аристовтың түрік нәсілі туралы, дүниедегі әр түрлі жұрттың шежірелерінен орысшаға көшірген сөздері, оның ішінде түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары «Құдатқу білік», «Кошочидам» деген кітаптардың сөздері және қытайдың Юән-шау-Ми-ши деген жазушысының сөзі және араб-парсы, рум-европа жазушыларының сөзі және қазақтың жаңылыс айтқан өтірік аталары - бәрі сол кітапта бар.

Ол кітаптардағы сөздерді түгел жаза алмасам да, керектісін теріп алып, соған тура келген қазақтың ескі сөздерін қосып, бір шежіре жазамын. Ескіден қалған тиянақсыз ертегі сықылды ауыз сөз болмаса, мұнан бұрын біздің қазақ тіліменен шежіре жазылған жоқ.

ШЕЖІРЕ БАСЫ

Атамыз Адам пайғамбарды Алла тағала топырақтан жаратып, жан беріп, оның оң қабырғасынан анамыз Хауа-ны жаратып, Хауа анамыз жыл сайын бір ұл, бір қызды егіз тауып, алдыңғы жылғы ұлға келер жылы туған қызды беріп, келер жылғы ұлға алдыңғы жылғы қызды беріп, өсіп-өніп, қырық мың кісі болғанда, Адам пайғамбар мың жасында өтіп, онан бір жыл соң Хауа анамыз өтіпті.

Адам пайғамбардың бір баласы Шис пайғамбар Тәуратта Шит деп жазылған, оның баласы — Ануш, оның баласы — Қинан, оның баласы — Миһаел, оның баласы — Бруд, оның баласы — Ыдырыс пайғамбар — шын аты Ах-нух еді, оның баласы — Матушлах, оның баласы — Ламәк, оның баласы — Нұх пайғамбар, бұл Нұх пайғамбардың үш баласы Сам, Хам, Яфас; біздің түрік халқы Яфас нәсілінен.

Нұх пайғамбардың уақытында Адам балалары бүзық-тық қылып, діннен шыққан соң, Алла тағала қаһар қылып, топан суын жіберіп, жер жүзіндегі адам, жан-жануардың бәрі қырылып, Нұх пайғамбар үш баласыменен, оның қатындары Алла тағаланың өміріменен кемеге кіріп, аман қалыпты. Осы күнгі барша адам балалары сол Нұхтың үш баласы — Сам, Хам, Яфастың нәсілі.

«Тарих ғумуми» деген кітапта барша түрік, иран, юнан, қытай һәм европадағылар — Яфас нәсілінен. Барша араб, асур, гілдан, фінике, картаже, ғибрани мысырлар — Сам нәсілінен. Барша хабаш, судан, зәңгибар, барша қара түсті жұрт — Хам нәсілінен дейді.

«Шежіре түрікті» жазған Әбілғазы Баһадүр хан сөзінше Яфастың сегіз баласы бар: Түрік, Хазар, Сақлап, Қытай, Камари, Тарих, Жапон, Манжур деген. Түріктің төрт баласы бар — Түтік,

Хакәл, Бөрсәжар, Амлақ. Барша хун, мажар, бұлғар, улах, ауар, мағол, татар, манжу, фин, жоңғар атанған халықтар түрік нәсілі дейді.

Түріктің баласы — Елже хан, оның баласы — Бакой хан, оның баласы — Киік хан, оның баласы — Аланшы хан.

Мұның уақтына шейін халық мұсылман еді, сол кезде бұзылып суретке түбынды. Аланшының екі баласы — Татар, Мағол. Аланшы қол астындағы елін екі баласына бөліп берген соң, Татар қол астындағы ел Татар атанып, Мағол қол астындағы ел Мағол атанды дейді.

Түріктен осы жерге шейін жазылған аталар — Өбілғазы хан шежіресіндегі мұсылман жазушыларының сөзі.

Мұнан соң қытай шежірелеріндегі ертегі сықылданған сөздерді жазып және оларды қалайша шын сөзге қисын-дыруға мүмкін болатындығын жазамын.

Аристовтың кітабындағы қытай жазушыларының сөзі ең ескі заманда түрік жұртының аталары - Со деген халық болыпты (мұны Нәжиб Ғасымбек Сит деген деп жазады), сол халықта бір Ежен-Шиду деген хан болып, оның Аспан қызы қатынынан туған төрт баласы болыпты: бір баласы аққу болып кетіпті. Бір баласы қытайша Ки-ғу деген екен. Ол Апу менен Қан деген дарияда падишалық қылыпты. Бір баласы Чу-си деген дарияда патша болыпты. Үлкен баласы Надұлұша деген. Ол Баси-чу - Си-ши деген тауда болып, хан ордасы сонда болыпты. Таудың биіктігінен ол ел суықтан өлетұғын болған соң, Надұлұша от жағуды үйретіп, елін суықтан сақтаған соң, өзге туыс-қандарына қараған елдер де соған қарап, атын Тукю қойыпты. Тукю деген — дулыға деген сөз. Қытайда «Р» деген әріп жоқ болған, Тукюның ортасына «Р» қосылып, «Тур-ку» болады.

Осы айтылған қытай сөзіне қарасаңыз, Ежен-Шиду дегені — Шиду хан дегені; оның бір баласы аққу болып кетті дегені Алтайдағы Қу өзеніндегілерге хан болды дегеннен шатақ болған. Олардың қалған нәсілі — осы күнде Кумандинский деп орысша аталып отырған елдер, осы күнде де Со деп аталатұғындары бар. Қу өзеніндегілер өздерін «қукіші», деп атайды. Жоғарғы Ежен-Шиду дегені Шис пайғамбар болса керек. Ежен-Шидудың бір баласы Киғу дегені қырғыз дегені болады. Себебі қытайда «Р» жоқ және сөзді қысқартып, аяғындағы әріпті тастап айтатұғын әдеті бар. Киғуның ортасына «Р» қосып, аяғына «зи» қоссаңыз, қырғыз болады. Оның мағынасы елсізде өз еркімен жүрген тағы деген сөз деп Нәжиб Ғасымбек қытай сөздерін жазған шежірелерден алып жазады.

Ежен-Шидудың бір баласы Чу-си деген дарияда болды дегені Чу дариясындағыларға хан болды деген сөз және ең үлкен баласы

— Надулуша Баси-чу — Си-ши деген тауда болды дегені — Шу дариясының басындағы жартасты тауда болды дегені. Себебі Чу — өзен аты, си — дегені халықтар дегені, ши — дегені биік жартас және Әбілғазы хан һәм басқа мұсылман шежірелерінде ең бұрын от жаққан, пешті, жылы үйді шығарған түрік дейді. Бұл қытай сөзінде от жағып үйреткен Надулуша Тукю, яғни Турку атанды дейді.

Жоғарғы Со деген сөзді сол дегендегі сөздің соңғы ләм әрпін қалдырып айтқандағы дауыспен оқу керек, орысша Со дегендей қылып. Мұны Нәжиб Ғасымбек Сим деп жазғанына қарағанда, мен ойлаймын, осы Шис Тәуратта Шит деп жазылған және шежіре жазғандар кейде Се деп жазады, бұларға қарағанда Шис нәсілі деген сөз болады. Себебі Адам пайғамбардың Шистен басқа баласынан нәсіл жоқ.

Ақырында жоғарғы қытай сөзінен табылғаны, біздің халық Со, яки Сит, яғни Шис нәсілінен. Қытайша тукю, бізше түрік атанған халықтан шыққанымыз анық болды. Ол со, яки сит халқы көбейіп, қозғалғандықтан төрт бөлек болып, бірі Алтайдың темірқазық жақ тұмсығындағы Қу өзенінде болып, Қу елі, орысша Куманды атанған. Екінші бөлегі Апу мен Қан, яғни Абақан менен Енисей өзені арасында болып, қырғыз атанған. Үшінші бөлегі Алтайдағы Шу өзенінде болып, қытайша чу-кси, орысша чуйский атанды. Төртінші бөлегі қытайша тукю, бізше түрік атанып, Шу өзенінің жоғарғы басындағы жартасты тауда болды. Бәрі тукюға қарағанда, тукю біздің тілше түрік патшалығы атанған. Кейінгі кездерде әлденеше хандыққа бөлініп, әр түрлі атпен аталғандары көп болса да, соның бір табынан түрік аты жоғалмаған.

Және қытай шежіресіндегі ертегі сықылды қисынсыз сөз түрік жұртының арғы аталары бір ұрғашы қасқыр менен хун атанған жұрттың қол-аяғын кесіп, далаға апарып тастаған он жасар баладан туған дейді. Себебі қасқыр баланы тауып алып, қиын таудың ішіндегі бір жартастың арасына апарып, асырап өсіріп, сол баладан буаз болып, қасқыр он бала тауыпты. Түріктер сол он баланың нәсілі дейді.

Және бір сөзі аспаннан келген бір еркек қасқыр менен хун жұртының патшасының қызынан туған дейді. Бұл сөздерді еш нәрсеге қисындыруға болмаса да, мен өз ойымша төмендегі сөзге қисындырамын.

Әбілғазы Баһадүр ханның шежіресінің екі жерінде сиымсызырақ сөз бар еді. Бірі Татар ханы — Сүйініш хан Мағол ханы Елханды жеңіп, елін қырғанда, Елханның інісі Негіз бенен баласы Қиян деген тұтқыннан қашып барып, қалған кісілерімен малдарын жиып алып, Ергенекон деген айналасы жартастарға кіріп, сонда төрт жүз елу жылдай өсіп-өніп, ақырында сыймай шықпақ

болғанда, келгендегі Қиын жолдары көп заман өткендіктен бұзылып қалып, жартасты отпен өртеп құлатып шықты дейді.

Және бір сөзі Дуауынбаян деген хан өлген соң, орнына Аланғу деген қатыны хан болып түрып, байға тимей, аспаннан келген бір нұрдан буаз болып, үш бала тауып, соның біреуі Боданжар хан болды дейді.

Жоғарғы ертегі сықылды сөз осыған қисынады. Себебі Ергенекон дегеннің мағынасы — тік жартас деген сөз, қасқыр баланы жартастарға апарып, сонан бала туып-өсті дегені осыған келеді. Және сонан шыққандағы ханның аты Бөртечине еді. Мағынасы бурыл қасқыр деген, соны қытайлар қасқырдан туды деп шатасқан. Және Аланғу кімнен тапса да, үш бала тауып, оны нұрдан таптым деп, халықты алдаған ғой, соны қытайлар біресе қасқыр менен баладан туды деп, біресе аспаннан келген қасқыр менен хан қызынан туды деп шатастырып жүрсе керек.

Және Радловтың ұйғыр туралы жазған кітабында қытай сөзі ескі заманда Гаошан, яғни ұйғыр жұртының жерінде Гулин тауынан екі өзен ағады: Тохула, Селенге деген. Сол өзен арасындағы бір таудағы ағаштан жарық нұр шыққан соң, ондағы жұрт барып қараса, бір ағаштан шыққан нұр екен. Ол ағаш буаз қатын сықылды томпақ екен. Сол ағаштан бес бала туып, халық оны Құдайдың жібергені деп асырап, өсіріп, аттарын Сұңқартегин, Қотуртегин, Тугелтегин, Ортегин, Бұқатегин қойып, кенжесі Бұқатегинді хан қойыпты.

Тегин деп ақсүйек князьді айтады, соның, нәсілінен отыз ханнан кейін Иойлунтегин дегені хан болған кезде Тан ханның еліменен неше жыл жауласып, аяғында құда болып, Тан ханның Цзинлин деген қызын Иойлунтегиннің баласы Иелітегинге айттырады. Бұл Тан хан дегені — Та-тан, яғни татар ханы болса керек. Ол Пели-пулита деген тауда еді. Мағынасы ұрғашы жайлаған тау деген болады. Және Челі-таха деген тау бар еді. Мағынасы орысша «не-бесная гора», бізше тағдырдың үкімі дегенге келеді. Және Хули-таха деген тау бар еді. Мағынасы — құтты тау деген. Тан ханның жіберген бір кісісі сол Құтты тауды көріп, «осының басындағы биік тасты құлатса, бүл елдің бақыты қайтады» деп, Иойлунтегиннен қалыңмал үшін сол тасты сұрап алып кете алмаған соң, отпен қиратып, өртеп, носилкамен тасып алды. Сонан соң таудағы құрт, құс шулап, жеті күнге жетпей Иойлунтегин өліп, онан соң хан болғаны өле берген соң, халқы көшіп, Бешбалыққа, яғни Бесшаһарға келді. Темірқазығы — А-чу, яғни Ақсу, күнбатысы — У-дон-Қаши, яғни Хотан мен Қашқар, күншығысы — Си-фан, яғни Тибетке шейін биледі. Бұл көшкені Бар-чижу — Ертетегиннің хан болғанынан 970 жыл бұрын еді дейді.

Енді осы айтылған Радлов кітабындағы қытай сөзінің ағаштан

бала туды дегені еш сөзге қисынбайды. Олай болса да бұл сөз де Боданжар ханның баласы — Бұқа хан болса керек. Себебі Әбілғазы Баһадүр хан сөзінше Боданжардың екі баласы — Бұқа, Тоқа: бұл Бұқатегин менен Төкелтегин болар, ағаштан нұр шығып, содан туды дегені — Алангудың нүрдан таптым дегенін шатақ айтқанға үқсайды.

Және сол сөздің аяғында айтқан Бар-чижу — ерте дегені анық-ақ. Рашид ад-дин менен Әбілғазы ханның айтатұғын Шыңғыс хан кезіндегі ұйғыр жұртының Бауырчық Едигұт деген ханы, оны Рашид ад-Дин Баржұқ деп жазады. Ейдигу деген лақап аты деп қытай айтады. Едигұт деп хандарын айтушы еді деп Әбілғазы айтады. Және Шыңғыс тұсында үйғырлар қидан, яғни қара қытайға қарағаны, Тайтұзу, яғни Шыңғыс ханды естіп, қара қытайдың жандаралын өлтіріп, Шыңғыс ханға қарағаны да және Иәли Андон деген Шыңғыс ханның қызын алғаны да бәрі тура келеді. Ол Бауырчық Едигүттың Шыңғыс ханға қарағаны 1209 жылы еді.

Аристов сөзінше ескі замандағы қазақтың басты руларының таңбасы мынау:

Ұлы жүз:

Дулат таңбасы —○,
Албан таңбасы —ϙ,
Суандікі — ϙ,
Ботбайдікі — ϙ̈, яки мынадай — ♀,
Сиқымдікі —ϙ̇,

Орта жүзде:

Қоңырат таңбасы —⊓,
Арғын таңбасы —○○,
Қаңлы таңбасы —|,
Қыпшақтікі —||,
Керейдікі —+, яки мынадай —✗,
Наймандікі —✓ және Шыңғыс хан үлкен хақан болғанда, тап басы бектерге ұран, құс, ағаш, таңба беріпті. Сонда Ұлы жүз Үйсін Майқы биге «Ұраның — Салауат, құсың — бүркіт, ағашың — қарағаш, таңбаң — сүргі таңба болсын» депті. Ол мынадай:  .

Орта жүзден Қоңырат Сеңгіле биге «Ұраның — Қоңырат, құсың —сұңқар, ағашың — алма, таңбаң — ай таңбасы болсын» депті. Ол мынадай:  .

Мұнан кейін Нәжиб Ғасымбектің қытай шежіресінен алып жазған сөзінен біраз ғана жазамын.

Хижрадан, яғни біздің пайғамбарымыздың уақытынан 2819

---

[2] Уөлаят - орысша бір губерна халық дегенге келеді. Яғни, бір болыс ел.

жыл бұрын, яғни орысша есеппенен Ғайса пайғамбар уақытынан 2197 жыл бұрын Қытайда Һич деген нәсіл хан болып билемей түрып, Қытайдың темірқазық жағында Тукю, яғни түрік халқы бар екені мағұлым болған.

Мұнан 1081 жыл соң, яғни Ғайса пайғамбардан бұрынғы 1116 жылда Қытайда Уаң хан заманында хун атанған түріктер Қытайға қарадық деп, Уаңның нәсілінен Юдаң хан болған кезде хундар бұзылып, Қытайдың Шанси деген уәлаятын[2] шапқан. Бұл хун, яки ғун атанған түріктер Ғайса пайғамбардан бұрынғы 910 жылы қытайларға соқтыға бастап, сонан 213 жыл соң, яғни Ғайса пайғамбардан 697 жыл бұрын қытайдың Ганьсу деген жеріне кірген, ол жер қытайлардың Мағолстанменен бөлігі еді. Онан 45 жыл соң Пәчили деген уәлаятын шауып, түріктер бірінің артынан бірі қытайды шаба берген соң, сонан құтылуға Ғайса пайғамбардан 214 жыл бұрын Чин қорғаны деген үлкен қорғанды сала бастап, он жылда бітірді. Халықтың жаңылыс Ескендір қорғаны деп жүргені сол қорған болса керек. Оны салып бітірген қытайдың Чин-Шы-хуанди деген ханы еді. Ол өлген соң Ғайса пайғамбардан бұрынғы 210 жылдан соң қытайлар өз ішінен бүлініп, маңайындағы ел менен бөліктері сақтаусыз қалып, хун түріктер Татардың Қарамөрен деген дариясын айналып барып, қытайды талай бастайды. Және бір ескі хабар: Ғайса пайғамбардан 1300 жыл бұрын Чэ-эу нәсілі қытайда хан кезінде Азияның темірқазық жақ шетінде хун, яки ғун деген халық болған. Бұл хун деген Орхон өзеніне қойылған ат еді. Сол себептен ол халық хун атанды. Одан кейін бір уақыттарда түріктер хунну деп те аталды. Оның себебі, қытайлар Хуан Хэ дариясының темірқазық жағындағы халықты хунну дегенінен шыққан. Шежірелердегі хунну атанғаны он ну, яғни он үйғыр дегеннен деп Радлов айтады. Және бір кезде бұлардың күншығыс татар атанған хунның топа, сиән-Һи, жу-жен деген таптары Азияның күнбатыс шетіне шейін барды. Бұл хунну қытаймен көп соғысып, кейде жеңіп, алым да алды. Олар хандарын шань буй юо деп, онан кейін танжу деп атады. Бергі замандағы тайчи деп қалмақтың айтқаны да сол сөзден. Жоғарғы хуннулар ханның қатынын иэн-ши деуші еді. Біздің қазақтың өзінен үлкен кісінің қатынын жеңеше дегені сол сөз болар. Олардың, танжуы, яғни ханы Ен-Шан тауында тұрушы еді. Ол тау Алтайдың Ертіс өзеніне қарай созылған бір тарауы еді. Танжу қытай ханыменен тату тұрып, хат жазғанда аспан, күн, ай тарапынан хундардың тағына қойылған ұлуғ тан-жудан деп жазушы еді. Бұл тату тұрғанның соңғы мезгілдері Ғайса пайғамбардан бұрынғы 210 жылға шейін білінеді. Жоғарғы айтылған қытайлар бүлініп, оларды хуннулар шауып талаған, Ғайса пайғамбардан бұрынғы 210 жылда хундардың ханы Томын танжу еді. Бұл Томын

хан Ғайса пайғамбардан бұрынғы 206 жылы өліп, оның орнына Моде, яки Мөте деген баласы хан болып, Ғайса пайғамбардан бұрынғы 174 жылға шейін бек көп жерлерді алды. Қытайдың ол кездегі ханы Фау-Хуанг-ти деген еді. Жоғарғы Мөте Суһнғын-фу шаһарын алып, Шансиға кіріп, Шиан-фу шаһарына келген соң Фау-ти хан қарсы шыға алмай, қыз беріп бітім қылды. Мұнан соң қытай мен түрік қыз алысты.

Ғайса пайғамбардан 175 жыл бұрын хуннулар юши, яғни шүршіт халқын Ганьсу мен Шансиден шығарып, күнбатысқа қарай Балқаш көлі менен Іле өзеніне қуды. Юшилер барып Яксарт, яғни Сырдариядан өтіп, Соғды Бактрияны алып, ондағы се, яки якут — сақа атанған бұрынғы барған түрікті қуды. Сол кезде хуннудың танжуы, яғни ханы барып, күншығыс татарды шауып, быт-шыт қылды. Сол татардың бір бөлегі қытайдың Пекин деген қаласының темірқазық жағындағы Ухуан тауына барып, Ухуан татары атанды. Және бір бөлегі Сиәнби тауына барып, сол атпен сиәнби атанды. Жоғарғы айтылған Юләр Мауранаһарге кірген заманда, хуннудың күнбатыс жақтағы көршісі усин, яғни үйсіндер еді. Іле езені жағасында еді. Олар хандарын қунми (гуньми) деуші еді. Осы үйсінді хуннулардың ынтымағынан айырмақшы болып, қытайдың ең алғаш дүние көруге шыққан Чан-Киен дегенді жіберген еді. Қытай сол кезде Канкию, яғни Мауранаһар Пуси, яғни парсыменен сауда араластырып еді. Соған ортадағы хуннулар бөгет болып, жоғарғы Чан-Киенді он жыл тоқтатып қойған. Онысы Ғайса пайғамбардан бұрынғы 139 жылдан 129 жылға шейін еді, Чан-Киенді Аристов Чжан Цян деп жазады.

Ғайса пайғамбардан 70 жыл бұрын жоғарғы Ухуан атанған татарлар хуннулармен жанжалдасып, барша танжуларының, яғни хандарының моласын һәм Мөтенің де моласын құлатып, хуннуларды күнбатысқа қарай қуып, көп жерін алды. Ғайса пайғамбардан бұрынғы 54 жылы сиәнби атанған татарлар қытайға болысып, Ухуанды жеңсе де, олар тез заманда және қайта жиналып, бір хандық болып, хандығы Ғайса пайғамбардан соңғы 207 жылға шейін келді.

Ғайса пайғамбардан соңғы 43 жылы хун хандығы екі бөлінді. Бірі оң тұс, бірі сол тұс атанып, 65 жылы екеуі бірігіп, Қытайдың Шанси менен Хами деген жеріне барса да, жеңіліп қайтты. Оларды қытайдың Цчу-һян деген жандаралы қуып, Килушан тауында және жеңіп, әскерін қырып, сонда сол тұс хунның ханыменен бірталайы күнбатысқа қашты. Сол себепті 93 жылы сол тұс хун хандығы жоғалды. Онан қалған екі жүз мың үйлі халқы қытайға қарап қалды. Қарамағандары Алтайдан өте қашып, Мұздаладан өтіп, Оралдағы башқұрт жеріне барды. Сол барғандар Европаның шетінде жаңадан

бір хандық болып, күнбатыс хун атанып, көп жыл тұрды. Оны қытайлар Танжу хандығы деді. Европаның бірталай халқын қуған үйғыр, оноғұр, сиөнби һәм басқа түрік руларынан да қосылып, Алан жұртын алған осылар еді. Ғайса пайғамбардан соңғы 78 жылы Кавказ тауынан асып, Азербайжан, Ирак аса кіргені, 167-де Марк Орел заманында румдарменен соғысқаны латынша кітаптарда бар.

Жоғарыда айтылған солтүстік хундар барып күнбатыс хун атанып тұрғанда, мұнда қалған оң тұс хундар Шансиде еді. Олардың ханы Һюлан-шиға 93 жылы кеткен сол тұс хуннан қалған көп ел қарап қалып еді. Бара-бара бұл оң тұс хундар да нашарланып, қытайдың бір қаруы есепті болып қалды.

206 жылы қытайлар өз ішінен бүлініп, үшке бөлінеді. Бірі — Уай деген темірқазық шетіндегілер, бірі — Уу деген оң тұста және бірі — Хан деген күнбатыста болды. 207 жылы Уай атанғаны маңайындағыларды бір-бірлеп қарата бастады, ақырында оң түс хунды да алып, 221-де біржолата хандығын жоғалтты. Олардың көбі Ганьсу менен Шансидегі халқына қосылды. Бір бөлегі 93 жылы кеткен күнбатысқа барған хундарға қосылды. Жоғарыда айтылған сиөнби атанған халықтар 225 жылы Орта Азияға кіріп, бір үлкен хандық жасап, 320 жылы Іле дариясынан Амудариясына шейін алды. Сол сиөнби деген атпен бұл жақ Сибирия аталды.

Олардың хандығын Нәжиб Ғасымбек Топа-усуну деп, Аристов Юон-би депті. 310 жылы осы сиөнби нәсілінен ескі шежірелерде жужен, яқи жөже деп әр түрлі атпен жазылатұғын түрік нәсілді бір халық күнбатыстағы халыққа бек қатты шабынды қылған. 390 жылы жужендер жоғарғы сиөнбилерді орнынан қуып, хандығын жоғалтты. Бұл жужендер Қарақұрымнан қозғалып, аз-аздан бүтін Татарстан жеріне жайылды. Оның хандары да танжу аталушы еді. Тулун деген бір ханы 402 жылы хақан атанып, сонан соңғы хандарын хақан десті. Олар бір заманда күнбатыс хундар тұрған башқұрт жерлерін де алды. Аттила деген 430 жылы Европаны быт-шыт қылғаны осы жужендердің ісі екені анық. Бұларды яжук, мәһжуж дегендер де болды. Бұлардың хандығын түріктің Она-һуйи Наған, Лу, Чин деген батырларының әскері 552-ден 554 жылдарда қырып жоғалтты. Сол себептен түріктер бүкіл Азияның темірқазық жағын һәм Қашқар, Самарқандтың барша жерін иеленді. Онан соң түріктер парсының патшасы Хисрау Наушируанмен бірігіп, хундардың Мауранаһар маңындағы эфталит, яғни тилу халқының хандығын да жоғалтты. 557-де эфталиттің бастықтары Уархути дегендер біраз қалғанымен бірге қашты. Шежірелердегі Уархути, яки Уархонит деп жазылған Үйғыр Сабыр һәм Түрік дегендер осылар еді. Бірақ бұлар Европаға кірген кезде Ауар атанған ел еді. (Бұл Ауарды Аристов онан бұрын келген Түргеш екі хан халық еді, түрік

нәсілінен дейді.)

Бұрынғы халықтардың қылған істерінің бәрі де аңғары бір жолмен деуге болады. Ескі түріктердің маңайындағы елдерді қырып-жойып, яки бірін-бірі шауып талағандағы мақсаты - өзі зор болмақ, «біреудің есімі біреудің жоғалуымен табылады» деген анық мақал сияқты түріктер жолыққанды қырып ұлғайған.

Түрік халқы — парсы жұртындай руымен жүрген халық емес, бірталайы әр рудан қосылып, ел болып, маңындағы елдерді шауып алып, егерде жеңілсе, өзге жаққа ауып кетіп және бір елді шауып, әр рудан қосылып, әр түрлі атпен атанған. Нәсілі бір болмаса да, екі түрік ағайын болғысы келсе, бір жерін қанатып, қандарын сүтке, яки қымызға қосып бөліп ішеді де, қаны қосылған қарындас болдық деседі. Оны «анда» дейді. Біздің қазақтың құда-анда дегендегі андасы осы сөз.

Түріктер ескі заманда будда, христиан, зәрдөшт діні сықылды әр түрлі дінге кірсе де, онан да бұрын өздерінің бір түрлі діні болған, оның аныгы білінбесе де, ескі замандағы қытайлар сықылданып жер, ағаш, темір, от, су — сол бес нәрсені құрметтеген екен, жыл есептегенде де сол бес нәрсені 12 хайуан атына қосып, 60 жылдық есептері болған. Мысалы, тышқан темір жылы, барыс темір жылы дегендей және бұл түрік жұрты бұрынғы ескі ғұрыптарын осы уақытқа шейін қоймаған. Бір түрік қатын алғанда қазақша «қалыңмал», түрікше «ағырлық» деп мал беретұғыны және қазақша «көрімдік», түрікше «иу кермек» деп және қазақша қол ұстамақ, түрікше «ел өпмек» деп сый беретұғыны сол ескі заманнан қалған және осы күнгі қазақтың әрбір аумағы он-жүз жылдан бұрынғы үнғұн армаларын, яғни таңба белгілерін қалдырған жоқ. Қыпшақтар 600 жылдардағы қытай жазушылары жазатұғын найза сықылды таңбаларын қол қойған орнына салады. Және 600 жылдан бері мұсылман жұртына кірген керейіт, яғни керейлер тіпті ескі замандағы креш таңбасын салады. Қазақтың көбі ескі таңбасын салады. Кейбіреулер оған бір сызық қосады. Ол бір рудан шыққан және бір таптың белгісі, яки бір ханнан бір ханға қарағандағы белгісі болады. Түріктер жүрген жерін талқан қылған мықты жұрт болған. Оны парсы, араб, қытай бәрі де растайды. Парсының Фәйруз деген патшасы әскерін түрікпен соғысуға жұмсағанда «бізді тура өлімге жұмсадың» дегенге болмай барып соғысқанда, сол жолы Фәйруздың өзі өлтірілді. Және Ая-София мешітіндегі араб-Жахыз кітабында арабтар «дұшпанын талқандағанда кітаптың қағазын аударғаннан оңай быт-шыт қылады» деген. Және қытайдың Шақлар заманындағы жырларының мағынасы мынау:

«Дыңғырлап арба кетеді,
Аттары пыс-пыс етеді.

Әскердің ата-анасы
Және жастау баласы,
Етегіне жабысып,
«Жібермейміз» деседі.
Сары бұлт айналған,
Сәнді шаһар қасында,
Қарға шулап қонады,
Соғысшының қатыны
Кимешегі басында,
Өрмек тоқып болады.
Қарғаның үнін есітіп,
Қызарып күн батқанда,
Өрмекті қатын жияды,
«Байым өлді-ау» деп ойлап,
Төсекке барып жатқанда
Жаңбырдай жас құяды».

Енді Аристов кітабындағы сөзден біраз сөз жазамын. Аристов кітабындағы қытай сөзінше түрік жұрты бір мезгіл хун, яки хуну аталды. Бір кезде қытайша гаугу, бізше ұйғыр атанды. Хунна аталған кезде олар үш түрлі ел болып, Шан Жун, Хан юн һәм Хун юй деп аталды.

Ғайса пайғамбардан 214 жыл бұрын қытайлар хуннаның Ардос деген қаласын алып еді. Он жылдан соң Шан юйден шыққан Моде, яки Мөте хан Ардосты қайта алып, қытайдың өзінен де алым алды. Бұл Мөтенің алғашқы уақыттарда билеген жерінің күнбатысы Наньшан менен Танынан, яғни үлкен Алатау арасына шейін, оңтүстігі мағол Алтайына шейін, темірқазық жағы Үйсін һәм Юечжиге шейін еді. Бұл Юечжи күнбатысқа барған тибет нәсілінен еді. Усун, яғни әр түрлі түріктен жиылып, ел болған халық еді. Оның оң тұсында Енисей өзенінде қырғыз бар еді. Үйсін сол тұқымнан еді (Біздің қазақтың нәсілі қырғыздан).

Ғайса пайғамбардан 209 жыл бұрын Мөте хан юечжилерді, яғни шүршіттерді күнбатысқа қарай қуды. Олар үлкен Алатаудың күнбатысындағы се, яки сақ деген түрікті қуып, орнын алды. Олар Пайыр арқылы үндіге барды. Және үйсіндер юечжилерді қуған соң, олар Фарған һәм Соғджағынан етіп, Бактрия барды.

Және қытай жазушыларының сөзінше 6 жүзден 8 жүз жылдарға шейін күншығыс тонғузбен аралас қидан, яғни қара қытайлар бар еді. Тонғуз, яғни тоғыз оғыз тибетпенен нәсілдес және Шарамұран өзенінің маңында көшіп жүрген татаби, қытайша комоки, яки хи деп аталатұғын қара қытайдың бір халқы бар еді. Мағолдар оларды аймақ ониют деп атаушы еді. Олардың сол тұс-

күнбатысына та-ман татан, яғни татарлар бар еді. Бұл татар менен жоғарғы татабидің күнбатысында ескі түрік атыменен жүрген ел бар еді. Олардың шанюйі, яғни ханы Орхун бойында еді. Бұлардын, сол жағында Селингеде тоғыз оғыз бар еді. Тоғыз оғыз — тоғыз ұйғыр екеуі бір сөз болады. Бұл ұйғырдың теле деген табы Селенгеде болып, солтүстегі гаууғулар Қосакөлде еді. Көлдің күнбатысында Меркит, Уранхай, Топа деген түрік елдері бар еді. Уранхайдың күнбатысы Гуман деген таудың сол тұсында қырғыз бар еді. Ол тау қытайша Тән-мен, бұл күнде Тано-ула, яғни бек үлкен емес деген болады. Осы айтылған халықтың сонда жүргені Ғайса пайғамбардан бұрынғы 201 жылдан 49 жылға шейін қырғыздың оң тұс-күнбатысында Қара Ертіске қарлық деген түріктер көшіп жүрді. Оларды қытай гелулу дейді. Алтайдан шыққан түріктің ең соңғы шыққаны осы Шарыштың басқа бір тарауы Қарлық өзенінен.

Түрік патшалығы әбден үлғайып, екі бөлініп, күншығыс, күнбатыс атанғанда, жоғарғы Чуйскийден жоғарғы ел күншығыс түрік болып, онан төменгі теле нәсілі һәм мағолдың күнбатысындағы телелер күнбатыс түрік болып, олар бес аумақ дулу болып атанды. Бұлғария князьдығы осы дулу нәсілінен болады. Бұл теле, яки дулу деп атанған халықты Нәжиб Ғасымбек тилу деп жазады.

750 жыл маңында түрік өз ішінен бұзылғанда, ұйғыр менен қалған теле һәм қарлұқ бірігіп, түрікті жеңіп, ұйғыр биледі. Қытайлар ұйғыр хандығын Ху-ху деді. Жүз жылға жақындағанда олар да ішінен бөлініп, ұйғырды Енисейдегі қырғыздар шауып, үйғырдың көбірегі қашып, Нянь-Шань тауының етегі һәм Тянь-Шань, яғни арғы үлкен Алатаудың күншығыс түмсығына барды. Өзі аз ғана қырғыздар біржола билеп тұра алмай, Енисейге қайтты. Сол кезде қидан, яғни қытай күшейіп, татабиді алып, һәм сол тұстағы қытайдан да ел алып, Лауу деген хандық жасады. Лауунің мағынасы қытайша - «алыс», «шет» деген. Олардың хандығы 907-ден 1125 жылға шейін болды. Бұлардың алғашқы ханы Амбаған 924 жылы ұйғырдың хан қаласы Орхунға келді. Мұнымен жерлес түрік нәсілінен татарлар еді. Оның темірқазығында ұйғыр Баяген һәм мұңғұлдар бар еді. Мұның ішінде қара қытайға ең жақын көрші де һәм мықтысы да татар еді. Қара қытайлар қанша әскер жіберсе де, татарды қаратып ала алмады.

Қытай жазушысы Си-иуөн-Шауу-ми-ши сөзінше, Шыңғыс ханнан 850 жылдай бұрын қара қытай менен шүршіт билеп тұрғандағы Мағолстан жұртының тұрған тұрағы мынау: оң тұс-күншығысында татаби, яғни ониют, оның сол жағында татар, оның сол тұс һәм күнбатысында кереит, жалайыр, мұңғұл, онан Керуленде, оның күнбатысында Тамир һәм Орхоннан Ертіске шейін найман, оң сол тұсында меркит жөне Қосакөл менен Таннуолада ойрат һәм

тува және әр түрлі тоғайлы атанғандар. Енисейде қырғыз бенен оған қараған ұсақ ел бар. Оның күнбатысында телес бар еді.

Үйғырдан хандық кеткен соң, Шыңғыс ханға шейін мағолдың сол тұс-күнбатыс шетінен басқасын түрік атанған халықтар билеп тұрды. Мағолдар әрбір кішкене таптар қалса да, бірігіп хандық жасай алмайды. Ол таптарда ертерек баяген, яғни арғын табы күшті еді. Шыңғыс хан тұсында наймандар күшті болып, екі хандық болып тұр еді. Және бір күштірек табы кереит, яғни керей еді һәм көп татар бар еді. Бірақ олар бөлек-бөлек болып тұрғаннан кейін күшсізірек еді. Шыңғыс хан басында керейге сүйеніп, мағолды аз-аздан жинап, татар һәм меркитпен жауласып, ең бұрын найманға соқтығып, оны алып, ақырында тамам мағолды түгелдеп алғанда, отырықты болып қалған түріктер көшіп қашуға жерін қимай, бірталай ел мағолға қарап қалды. 1300 жылдар шамасында ол қалғандар — ониют, жалайыр, найман, керей дегендер әр түрлі рудан еді. Сол себептен олар қалмақ деп аталды.

Қалмақ деген — қалғандар деген сөз. Олардың ойрат қалмақ атанған себебі, мағолдар күнбатысқа қойған әскерлерін ойрат деп атаушы еді. Соған араласқаннан ойрат атанды. Қалмақтың түбі ойрат деген сөз сонан шыққан. (Әбілғазы Баһадүр хан сөзінше Шыңғыс хан кезінде ойрат ханы Құтұқә, яғни Құтлық деген еді. Басында жау болып, аяғында жарасып, қыз алып, қыз беріп қарады).

1368 жылы ойрат ханы Мыңтемір деген «өз алдыма ханмын» деп мағұлым қылды. Сол өлген соң их елі бұзылып, бытырап кетті. Онан кейін 1455-те Есен Аши деген «ойрат ханы - мен» деп еді, оны ойраттың бір бастығы өлтірген соң, ойрат бассыз қалып, Шыңғыстың күншығыстағы нәсілдері талай бастаған соң, сондағы қалмақ атанған ел мұндағы туысқаны түрік, татар ішіне қарай көшті, олар екі бөлініп, бір табы қыпшақтар тұрған күнбатысқа, көбірегі оң тұстағы дулат жеріне барды. Ондағы тұрғын ойраттарды біздің мүндағы ел қалмақ қойды. Ол екінші жүз жыл ішінде, яғни 1200 жылға жақындаған кезде қара қытайдың қашқан бір князі Пелюй-Даши қара қытай мен түріктің қашқандарын жиып алып, күншығыс Алатаудағы отырықты ұйғырды алып және бір қара қытай хандық жасап, Мауренаһар төңірегін де алды. Жерінің ортасы Шу өзеніндегі Баласағұн шаһары еді. Ақырында олардың ең соңғы ханы Керханды 1212 жылы Шыңғыс хан жеңіп, үстап алған соң, хандығы жоғалды. 1219 жылы Шыңғыс хан Ертістен аттанып, Мауренаһар түгел һәм парсының бір бөлегін алып, үлкен Алатаудың екі жағын, Мауренаһарды Шағатай деген баласына берді. Дешті қыпшақ жақты Жошы деген үлкен баласы иемденді. Екеуі де әкесінен төрт мыңнан кісі алса да, бұларға еріп мағол болып кеткен түрік, татар көп болғандықтан, өскерінің көп қуаты татар-түрік еді. Ақырында,

1370 жылы Шағатай тұқымы Мауренаһардан айрылды. Өзіменен нәсілдес һәм аралас түріктен Темірлан, яғни Әмір Темір деген шығып, Шағатай нәсілінің билеген елін тартып алды.

Шағатай ұлысы болып жүрген алғашқы елі мыналар: арғинут, яғни арғын, керейіт, яғни керей, доғлат, яғни Ұлы жүздегі дулат, көрлеут, яғни қарлұқ, қаңлы, қырғыз. Бұлардан керейлер Қара Ертіс пенен барлық һәм Ерен-қабырға арасында арғын, найманменен Еміл езенінен Қараталға шейін һәм Нұра өзеніне шейін көшіп жүрді. Дулат Қаратал өзені менен Шу арасында болды. Қаңлы менен қарлұқ аралас Талас өзенінен Сырдарияға шейін жүрді. Қырғыз осы күнгі орнында жүрді.

Жошы ұлысының күншығысындағы елі Дәшті қыпшақтағы көп қыпшақ һәм бұл жақта алшын еді. Азырақ арғын, найман бар еді. Күнбатыстағы елі половцылардың қалғаны еді. Және әр түрлі түріктен һәм қыпшақтан қосылған ноғай атанған елдер бар еді. Бұлар ол кезде ноғай атанған жоқ, онан бірталай кейін Береке ханның немере інісі Ноғай ханның атыменен аталған. Ол Ноғай хан бір кезде Дәшті қыпшақтағы әрбір хандарды өзі қойып, өзі түсіріп жүрген бір мықты хан болған.

Жошы ұлысы ақырында әрбір кішкене хандыққа бөлініп бытырады. Оның себебі - шын аты Темір хан, лақап аты ұлұғ Мұхамед хан деген бір атақты хан 1446 жылы өлген соң, ноғай хандары хандыққа таласып, бөлінген. (Ұлұғ Мұхамед ханды біздің қазақ тілі келмей Ормамбет хан дейді).

Сол кезде Әбілқайыр деген хан Қазан ханына да, Қырымдағы ханға да қарамай, өз алдына Жошы ұлысының күншығыс жағын 1552 жылдан 1555 жылға шейін билеп тұрды. Сол кезде әр рудан қосылған қырғыз-қазақ деген ел бар еді. Мағынасы - «тағы, өз еркіменен жүрген» деген сөз және сол 1552-ден кейін Әбілқайыр ханның көшпелі бірталай елін ойраттың, яғни бізше қалмақтың Өзтемір тайшы дегені быт-шыт қылып шауып кетті. Бұл Өзтемір жоғарғы айтылған ойраттың Есен Аши деген ханының баласы, онан кейін 1455 жылы Әбілқайырдың бұл бақытсыздығының үстіне қол астынан қырғыз, қазақ һәм басқа бірталай елін алып, Әбілқайырға өкпелеп Әз Жәнібек хан мен Керей хан ауып, Шудағы Шағатай нәсілінің ханына барды. Мұның артынан, Әбілқайыр хан өлген соң, өзбек халқы біржола бытырап кетті.

Бұл Өзбек деген ат бұрынғы кезде атақты болып, Дәшті қыпшақта Жошы нәсілінен үлкен хан болған һәм өзі мұсылман болып, һәмме Жошы ұлысын мұсылман қылған хан еді. Соның атыменен барша Жошы ұлысы езбек атанған еді. Әбілқайыр хан өлген соң тағы бірталай өзбек қазаққа келіп қосылды. Бір бөлегі Әбілқайыр нәсілінен Баруш Оғлар дегеннің қасында болып еді. Ол

1472 жылы өлтірілген соң, бірталайға шейін бассыз қалды.

1499 жылы жоғарғы Әбілқайыр ханның немересі Шаһбахыт Шайбани деген хан (біздің қазақша Шайбақ хан) қасына көп өзбекті һәм қазақтан да жиып алып, Мауреналһар, яғни Самарқанд хандығыменен соғыс бастады. Онан 1450 жылдан кейін Шағатай нәсілі Ферғана менен Мауреналһарды билеп тұр еді. Қалалы ғұмырды жақсы көріп, көшпелі халықтарын қалмақ шапқанына болыса алмаушы еді. 1508 жылы Шайбақ Мауреналһарды алып, Ташкентте түрған шағатай нәсілінен Махмуд хан менен көшпелі халықты билеген інісі Ахмет ханды — екеуін де өлтірді. Хансыз қалған Шағатай елдері және қазаққа қосылды. Бұл елдердің қазаққа қосылған уақытында халқы бек көп болды. Сол кезде қазаққа Әз Жәнібек ханның Қасым деген баласы хан еді. Сонда Қасым хан қол астында бір миллиондай халық бар еді.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙДАН ШЫҚҚАНЫ

Жоғарғы әртүрлі шежіре кітаптардың сөзінен біздің қазақ Нұх пайғамбардың Яфаз деген баласының нәсілінен, қытайша — Тукию, біздің тілде — түрік аталған халықтан екені анық болды. Түрік деген дулыға деген сөз екен. Онан соң, бір кезде ғұн яки хун деп аталыпты. Оны Нажи Ғасымбек Урхун өзеніне қойылған аттан қойылды дейді. Одан кейін әртүрлі атпен бөлектеніп кетсе де, біз Ойғұр Отанынан шыққан елміз. Бұл Ойғұр деген бірігіп қосылған деген мағынада деп, шежіре жазушының бәрі айтқан десе де болады. Сол ойғұрдан қырғыз, қаңлы, қыпшақ, арғын, найман, керейіт, дулат, үйсін деген тайпалар шығып, солардың нәсілінен шыққанбыз.

Ақырында Шыңғысхан тамам татар, маңғұлды алып, төрт баласына ел бөліп бергенде, үлкен баласы Жошы мен кіші баласы Шағатайға татар атанған елдерді бергенде Жошыға тигені Жошы үлесі, Шағатайға тигені Шағатай үлесі атанады. Одан кейін біздің Жошы үлесіндегі аталарымыз Жошы нәсілінен Өзбек хан мұсылман болғанда, барша Жошы үлесі өзбек атанып, одан әрі Әз-Жәнібекке еріп, Ноғай хандығынан бөлінгенде қырғыз-қазақ атанған еліміз. Ол кезде сол атпен атанған ел жалғыз ғана біздің үш жүздегі қазақ емес, көп ел еді. Оның көбі отырықшы өмірге кіріп, әр жерге барып, бірталайы ноғай, башқұрт атанып, енді бірталайы өзбек-сарт атанып кеткен. Ақырында қазақ деген ат бізде қалған.

Адам пайғамбардан бергі қарай осы уақытқа шейін үзілмей жазылып келе жатқан шежіре жоқ. Әз-Жәнібек ханнан бері қарай

аталары туралы шын да, өтірік те айтылған сөздер бар. Соның ішінде анықты дегенім әм дұрыс шежіре хабарына тура келгендерін шежіре кітаптарындағы сөздерге қосып жазамын.

Шыңғыстың үлкен баласы Жошыхан өлген соң оның орнына Бату Жошы баласы хан болды. Оны орыстар Батый дейді. Ал лақап аты Сайын хан еді. Оның орыс жұртын қаратып алғаны 1241 жылы Батудан соң інісі Бүрге хан болды, Жошыдан бұрын Еділ-Жайықта қыпшақ атанып тұрған түріктер бар еді. Бүрге хан кезінде үш ордаға бөлініп, Алтын орда, Ақ орда, Көк орда — бәрінің үстінен Алтын Орданы Бүрге хан билеп тұратын. Ақ ордаға Жошының Шибан деген баласы, бер жақтағы тамам көшпелі ел Көк орда атанып, оған Жошының Тоқайтемір деген баласы хан болды. Біздің Әбілмансүр — Абылай хан осы Тоқайтемір нәсілі.

Бүргехан мұсылман болып Беркехан атанды, оған еріп Тоқайтемір де мұсылман болды. Бүргенің орнына Тоқайтемірдің Маңғүтемір деген баласы үлкен хан болып, одан інісі Тудамөңке болып, одан соң жоғарыдағы Маңғүтемірдің баласы Тоқтағу болды. Одан соң Батудың Меңтемір деген баласының Тұрғұл дегенінің баласы Өзбек хан болды. Мұның хан болғаны 1301 жылы еді, Осы Өзбек хан мұсылман болып, халқын да мұсылман қылды. Сол мұсылмандық бұзылған жоқ. «Дін Өзбектен қалды» деген мақал осылай туған және сол ханның атымен барша Жошы үлесі өзбек атанды.

Жошы үлесінің үлкен ханы тұратын Алтын орданың орны осы күнгі Еділ суының бойында, Астрахань мен Саратов арасындағы Тсариф деген қала еді. Ноғайлар Сарай деп атап, оны орыстар Царив деп кетті. Сол кезде де біздің қазақтың орны осы Сарыарқада еді.

1446 жылы Жошы нәсілінен атақты ұлұғ Мұхаммедхан, біздің қазақ Орманбетхан дейді. Сол өлген соң Жошы нәсілдері хандыққа таласып, бірнеше кішкентай хандықтарға бөлініп кетті. Ұдұғ Мұхаммедтің шын аты Темірхан еді. Сол кезде Шибан нәсілінен шыққан Әбілқайыр хан деген 1452 жылы Қазан ханына да, Қырымға да қарамай, өз алдына Жошы үлесінің күншығыс жағын түгел билеп тұрды. Сонда қазақтың ханы Әз-Жәнібек хан еді. Әбілқайырға карап тұрушы еді. Әз-Жәнібектің шын аты — Әбусағит Тоқайтемір нәсілінен. Барақ ханның баласы еді. 1455 жылы Әз-Жәнібек хан немере інісі Шаһгерей хан мен тамам қазақты алып, Әбілқайырға өкпелеп, Шудағы Шағатай нәсілінен шыққан Есенбұғаның баласы Тоқлықтемір ханға қарады. Әбілқайырға өкпелеген себебін біздің қазақ былай айтады.

Біздің осындағы арғындардың арғы атасы Дайырғожа Әбілқайыр ханның сүйікті қазысы екен. Әділ биік айтқандықтан Ақжол атанған. Сол Ақжол Қобыланды

батырмен жауласады. Бір күні далада Қобыланды батыр Дайырғожаны өлтіріп кетіпті. Әз-Жәнібек хан біліп, Қобыланды-ны шариғат бойынша қысас қылып сұрапты. Әбілқайыр берейін десе, көп қыпшақ бұзылатұғын болғандықтан бере алмай, үш кісінің құнын алып, бітім қыл деген соң Әз-Жәнібек өкпелеп кетеді. Біздің қазақта мақал болып жүрген «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді құлыным» деген Дайырғожаның сүйегін айналып жүріп жылаған әкесі Қодан Тайши деген кісінің сөзі. Аты Қодан еді. Тайшы дегені өлеңші-ақын дегені. Біздің қазақтың Арғын атасы Қодан ақын дейтұғыны осы. Және бұл сөзге бір дәлел Арғын Жапақ ақынның уақ Жарқын биге айтқан өлеңі.

Жарқын би: «Атаңда ақындық бар ма еді?» — дегенде Жапақ айтыпты:

Алашта Арғын ата туса керек,
Өзгеден ол ісінің жөні бөлек.
Арғынның түп атасы ақын Қодан,
Өлеңге бірден ұста болса керек.

Әз-Жәнібек хан қазақты бөліп алып ауарда ноғай атанған туысқандарымыздың жақсыларымен көрісіп, амандасып, жылайды. Соны біздің казақ домбырашылары Орманбетхан өлгенде, он сан ноғай бөлгенде, ноғай-қазақ айырылғандағы «Жылау күйі» деп домбырамен бір зарлы күй тартады. Бұл Әз-Жәнібек ханға еріп, казақ атанған елдің қазақ атанбай тұрып бөлінген арғын, найман, керей, қаңлы, қыпшақ, үйсіндегі дулат деген сықылды туысқандар жер жүзіндегі түрік нәсілі жұрттардың көбінің ішінде бар. Және қазақ атанған соң да көбі бөлініп, ноғай, башқұрт, өзбек атанып кеткен. Мұндағы үш жүздің қазағы атанып жүрген ел сонан қалған бір аз ғана кісінің нәсілі.

Біздің қазақтың үш жүзге бөлінгенін қазақтар былайша айтады. Әз-Жәнібек қазақты Қашқардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң кешікпей сол кезде көшпелі басқа елдерді Жүніс ханның Ахмет деген баласы билеп, оның ағасы Жәнеке, шын аты Махмұд деген Ташкентте үлкен хан болыпты. Сонда Ахмет хан қазақтың әскерге жараулысын үшке бөліп — Үлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп, қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахмет ханды Алаши қойыпты, мағынасы — жан алғыш дегені. Оны естіген соң Ахмет — қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда — Алашылап шабыңдар деген соң, қазақтар Алаши деп шауып, сол қазаққа Ұран болыпты. Алаш — Алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмақты не қылмадық деп, қазақтың мақтанғаны сол.

1499 жылы Әз-Жәнібек өкпелеген Әбілқайырдың немересі Шайбақ хан деген Әміртемір нәсілінен Бұқара, Самарқанды тартып алып, 1508 жылы Мауреннаһарды алып, Ташкенді алмақ болғанда, қазақты билеген Ахмет-Алаш пен ағасы Жәнеке, Махмұд Ордатөбеде Шайбақпен соғысқанда қазақтар — Шыңғыс тірі күнінде бізді Жошы үлесіне беріп еді, Шағатай біздің ханымыз емес, Тәжік сарт туысқанымыз да емес, өзбек өз ағам, сарт болса да садағам деп, Шайбақ ханға қосылады. Сол соғыста Шайбақ жеңіп Махмұд, Жәнеке мен Ахмет-Алашты өлтірген соң, сондағы Шағатай нәсіліне қарап жүрген қазақ пен жақын елдер және қазаққа қосылды. Бұл сөздің анықтығы — Әбілғазы Баһадүр, Аристов екеуінің кітабында да бар. Сол себепте қазақтың ауызсөзі де рас шықты. Ол уақытта Әз-Жәнібек ханның баласы Қасым-хан еді. Қол астындағы халқы бір миллиондай болды.

«Қасымханның қасқа жолы» деген қазақтың алғашқы бітім билігін шығарған осы хан еді. Одан кейін Сығай хан болып, оның баласы Тәуекел хан болды. 1598 жылы Сығай хан Шайбани нәсілінен Ташкентті тартып алып, Түркістанға орнықты. Сөйтседе, көшпелі халықтың қалалық жұртты билемегі қиын болды. Бір жағынан Мағұлдан қысым көріп, қазақтың жеріне келген қалмақтар да тыныштық бермей. Сығай ханның орнына хан болған Тәуекел хан кезінде Шайбани нәсілдері Ташкентті қайта алады. Олардың ханы Тұрсын-Махмед деген еді. Тәуекел хан орнына Есім хан болды. Қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» дейтұғын ханы осы. Және Қасымханнан қалған қазақтың жолын түзетіп, «Есім ханның ескі жолы» атандырған осы еді. Осы Есімхан 1628 жылы Тұрсын-Махмедті өлтіріп, Қатағанды елін шапты. Бұл сөздің анығы мынау: «Шежіре түрікті» жазған Әбілғазы Баһадүр хан туысқандарымен хандыққа таласып, Үргеніштегі өзбектер бұзылып, үш бөлініп кеткенде, осы Есімханның қолына келіп тұрдым дейді. Сонда Есімхан Тұрсын ханды өлтіріп, Қатағанды шапты дейді. Жәрдем көремін деп келген хандардың жайы былай болған соң, біздің тоғызыншы ағамыз — Сарының қатыны, Тұрсын ханның қызы Қоңырбике сол 1628 жылы алып келінген болды. Оны қазақтар былай айтушы еді: «Атамыз Сарымен бір туысқан інісі Әлі деген бір сарт қызметкер болып жүргенде Есімхан Қатағанды елінің ханы Тұрсынды өлтіріп Ташкентті қайта алыпты деген хабар келіпті. Мұны естіген соң Әлі сарт жемге байлаған екі атын мініп, елге қарай қашыпты. Жолда келе жатып, әкесінің өлгенінен бұрын сейілге шығып жүрген Тұрсынханның қыздарына жолығып, оларға сырын айтып, елге келіп, елден кісі алып барып, Айбике, Нұрбике, Қоңырбике деген Тұрсынханның қыздарын қаншама нөкер қыз әм жасау, жолдастарымен алып келген соң, Әліге көріп-бастап барған жұлдесіне

— Қоңырбикені барша киім, шатыр сайманымен берген соң, жасау киімдерін өзі алып, Қоңырбикені ағасы Сарыға беріпті. Сол Қоңырбикеден біздің сегізінші атамыз Кішік пен Мәмбет туыпты.

Есімханнан соң баласы Жәңгір хан болды. Оны қазақ салқам Жәңгір деп атады. Онан соң оның баласы Әз-Тәуке хан болды. Осы Әз-Тәукеннің тұсында қазаққа Қатаған да, Қалмақ та, Өзбек — сарт та жау болып, Ташкентті алып, қазақ онда көп тұра алмай, 1652 жылы ауып, Әмударияның жағасына, фарсының бергі шетіне барды. Бұл Әз-Тәуке Салқам Жәңгірдің қалмақтың ханының қызы қатынынан туған баласы еді. Мұнан басқа Үргеніштегі Ғайыпханның қызынан туған Уалибақи деген баласы бар еді. Жәнгірдің орнына Әз-Тәуке хан болғанда Уалибақи хандыққа өкпелеп, Ғайып ханға кетіп қалды.

Әз-Тәукеннің тұсында қазақ Әмурдарияда тұрғанда, бұрын фарсыға қарсы тұрған Ақжар деген түрік нәсілінен бір Нәдіршаһ деген мықты кісі шығып, фарсы жұртын қаратып алған да, қазақ содан қорқып, қайта ауып Сырдарияға кетіпті.

1690 жылдар шамасында Әз-Тәуке өліп, орнына баласы Болат хан болды. Осы келгенде қазақтың бұрынғы орнына қалмақ келіп қалған екен. Содан жанжал төбелес болып, ақырында 1723 жылы қазақ-қалмақ болып жиылып соғысқан да, қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген соң қазақтар аш-жалаңаш жаяу шұбап, бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты: балалар адам бастан кешкен жақсылықты қандай жұтпаса, жаманшылық көргенінде, сондай жұтпауы керек. Біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» болсын дейді. Мағынасы — табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн дегені. Және сол жолда айтылған қазақтың ескі өлеңі мынау:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,
Қарындастан айрылған қиын екен,
Қара көзден мөлдіреп жас келеді,

Мына заман қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Мына заман қай заман бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман.
Қарындас пен қара орын қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын.

Ауыл көшкенде, Қаратаудан көш асқанда, енесін іздеп бір тайлақ көшті жанай боздайды. Қарындасын, жақынын қалмақтар өлтірген жылаулар, оны жоқтап, о да зарлайды. Көштің алды-артын шолып жүрген батырлар қарауылда тұрып, соны көріп айтқан өлеңдері еді. Біздің Әнет бабаң деген кісінің 97 жасында жүре алмай, қалған жолы да осы.

Бөкеңменен туысқан Қалқаманның Мәмбетейдің Мамыр деген қызы туралы «оққа байладың» деп Әнет бабаңа өкпелеп, Бұхара төңірегіне жеткені де осы жолдың аз ғана алды еді.

Әнет бабаңның бәйбішесінің бес баласы — көп Болаттар қалмақтың оғына ұшып өлгені де сол соғыста еді. Осы «Ақ табан шұбырынды» болып ауғанда ұлы жүз Бұхара, Ташкент маңына жақын қалып, орта жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барды. Қыпшақтар онан да ары Арал көлі мен Ақтеңізге барып, башқұрттар мен кіші жүз алшын одан күн батыс әм солтүстікке барды. Сонда кіші жүздің ханы Әз-Тәукенің баласы — қарт Әбілқайыр хан еді. Орта жүзде Болат ханның бір баласы Сәмеке хан еді, ұлы жүздегі үлкен хан, бәрінің үстінен қарайтұғын Болат ханның Әбілмұхаммед деген баласы еді. Оны біздің қазақ Әбілмәмбет дейді.

Аристов сөзінше — сол ауғанда, ұлы жүздің қаңлы, дулат деген тайпалары қалмаққа қарап қалды — дейді. Қалмақпен көбіне ұрысқан біздің орта жүз еді. Қазақтар үш бөлінердей күніміз туса, тыныққан соң жиылып, қалмақтан ата қонысымызды алайық деп, уағадаласып тарқасады. Қалмақтың осы зорлығынан ауып, ішкері орысқа жақын отырғандар, барғандар 1731 жылы қалмақтан құтылуға орысқа қарамақ болды.

Мұнан кейін ұлы жүздегі Әбілмұхаммед хан тамам қазаққа хабар айтып, жиылып; қалмақпен соғыспақ болды. Сол кезде өзіміздің Абылай хан жас бала күнінде ұлы жүзге келген кезі еді. Оның мәнісі мынау: жоғарыда айтылған Салқам Жәңгірдің бір баласы — Уәлибақи хандыққа өкпелеп, Үргеніштегі нағашысы Ғайып ханға барды деп едік. Оның баласы Абылай деген бек мықты болып, жекпе-жекке шыққан батырларды өлтіре берген соң, «Қанышер Абылай» атанды. Оның баласы Көркем Уәли, оның баласы Әбілмансұр — біздің хан Абылай дегеніміз осы Әбілмансұр еді.

Жоғарғы үш атасы да Ғайып ханның қолында тұрып, хан болмай өлген. Мұның тұсында Ғайыптың нәсілінен хандық кетіп, жүдеу тартқан соң, Әбілмансұр жетім бала күнінде қазақ елім, Сарыарқа жерім деп іздеп, үйсін Төле бидің қолына келді.

Төле би басында түйе бақтырып, онан соң жылқы бақтырып, ақырында, әртүрлі мінездерінен ұнап, бала қылып күтіпті. Кімсің десе, білмеймін деп, атың кім десе — сіз қойған ат атым болсын,

деген соң шашы өскен, киімі жыртық баланы Сабалақ деп ат қойыпты.

Бір күні Әбілмәмбет хан қазақты жиып, калмақпен ұрыс-қалы жатыр дегенді естіп келіп, Төле биден соғысқа баруға рұқсат сұрапты.

Төле би: «Балам, саған соғысудан жылқы баққан жақсы емес пе?» — десе, «Желіккен дудан, жер қайысқан қолдан қалғанша, жігіт адамның өлгені жақсы», — деген соң, Төле би рұқсат беріпті. Барса, қазақ пен калмақ екі төбеге жиналып, ортасында қалмақтың Ғалдан Серен деген ханының күйеу баласы Хонтажы деген әскер басының баласы Шарш қазақтан жекпе-жекке батыр сұрап тұр екен.

Әбілмәнсұр Әбілмәмбет ханға барып: «Тақсыр, бата беріңіз, мынаған мен барайын» дегенде, хан бата берген соң Шаршке қарай «Абылай, Абылай», — деп ұран салып барып, Шарштыөлтіріп, басын кесіп алып, «жау қашты» деп айғай салған соң, қалмақтар қашып, қазақтар қырып, бір мезгілде бір жерге келіп, хан шатырын құрып, Әбілмәмбет Әбілмансұрды қасына отырғызып: «Шырағым, сен кімсің? Абылайлап шапқаның қалай?» — десе. Мен қанышер Абылайдың немересі едім. Соғыста жолы болған атамның атын ұран қылдым», — депті. Сонда Әбілмәмбет хан «Қарағым, бауырым!» — деп құшақтап сүйіпті де, халқына айтыпты: Баяғы Уәлибақтың нәсілінен бір жалғыз бала қалды деп естіп едім. Бұл сол екен. Сіздер ұнатсаңыз, үлкен хандық осының орайы еді, — деп халыққа ұнап, үш жүзден тоқсан жақсылар ертіп барып, өздері қасиетті көретұғын арғын-қыпшақ нәсілінен Жәнібек деген кісіден бата алып, Әбілмансұрды үлкен хан қойыпты.

Абылай атанғаны, жоғарыда айтқандай, Абылайлап шапқаны болды. Абылайдың хан болғаны 1735 жылдың маңайы болар. Сонан соң, біздің орта жүздің жақсылары «бұрын үлкен хандар ұлы жүзде болушы еді. Бұл ханды өзіміз сақтаймыз. Қалмақпен көп ұрысатұғын біз» деп Төле биге сый алып барып, Әбілмансұр-Абылай ханды алып келіпті.

1741 жылы Ташкенттегі қалмақтың ханы Ғалдан Серен «Қайда болса да Абылайды тірі ұстап алып кел, Шарштың орнына өлтіремін», — деп отыз мың әскермен Жалбы деген батырын жіберіпті. Осы Шыңғыс пен Тарбағатай тауының тау арасындағы жолдармен жүріп қарағандықтан, сондай жолдар Жалбы жол атанған. Жалбы батыр іздеп барып, Ұлытауда аң аулап жүрген уақ Өтеген батырды ұстап алып, Абылайды сұраса, айтпаған соң қолаяғын кісендеп және Абылайды ұйықтап жатқан жерінде ұстап алып, екеуін Ғалданға алып барады.

Өтегенді зынданға салып, Абылайды есекке мінгізіп, қорған күзеткендердің қасына қойды. Орта жүздің қазағы Абылайды алып

кетті деп, кіші жүз ханы Әбілқайырға барған соң, ол — Нефлуев яки Нифилдиев деген жандаралына айтыпты. Ол Абылайды сұрастырып, Ғалданға Миллер деген майорды жіберіпті. Және қазақтар өзімізше сұраймыз деп, үш жүздің өңкей жақсылары да барыпты.

Ғалдан оларға жауап бермей, әлденеше күндей қонақ қылып, бір күні хан ордасына қазақты да, орысты да жинап, Абылай мен Өтегенді алып келіп, Өтегенді кісенімен босағаға тастап, Абылайға «Мен сені Шарш сықылды батырдың орнына өлтіремін, не арманың бар?» — депті.

Сонда Абылай — «Тақсыр, менің үш арманым бар — әуелі мен Шарштыказақ пен қалмақтың қан майданында өлтірдім. Сіз мені үйқыда ұстап алып өлтіргелі отырсыз. Қазақ пен қалмақтың қан майданында өлсем арманым жоқ еді.

Екінші арманым — қазақ орнықпай жүрген ел еді. Бір жерге орнықтырып, отырықты өмірге кіргізіп өлсем армансыз едім.

Үшінші — төрт атадан бері жалғыз едім. Осы күнде өліп кетсем не бала, не бауырым жоқ, дүниеге келмегендей боламын ғой дегенде, Ғалдан хан төмен қарап отырыпты да қасындағы уәзіріне: «Мынаның сөзінің бәрі рас. Әсіресе, соңғы сөзін қарашы. Мен де төрт атадан бері жалғыз едім. Осы күнгі жалғыз балам — Әмірсана өліп кетсе, мен де тұқымсыз кеткенім-дағы — деп қалмақ тілімен айтқан екен.

Абылай хан «Алдияр!» деп қол қусырып, түрегеліпті. Ғалдан хан:

— Сен неге Алдияр дедің, мен сені өлімнен босаттым ба? — десе:

— «Тақсыр, баланызға ұқсатқаныңыз, босатқаныңыз ғой. Мен қалмақша тілді білемін», — депті.

Ғалдан Абылайдың сөзіне разы болып, Әмірсана екеуін дос қылып, қазаққа, орыстарға да қаншама сый беріп, Абылайға Күндебауырдан бір өз нәсілінен жетім қыз беріпті. Күндебауыр деген «Үзілмес достық» — дегені. Сол қыздың бір кішкене інісі апасынан қалмай, жылаған соң, оны да Абылайға беріп, өз бауырындай көр деп тапсырған екен. Абылай оның атын Махмұд қойыпты, ал біздің қазақ Мәмбет дейді. Оның баласы Бөлшеке, Бөлшекенің баласы осы күнгі Мәмбетей — Мотыш ішіндегі Шыңғысхан, Семейхан төрелер.

Ғалдан Абылайды босатқаны 1743 жылы еді. Сонда Абылайдан Ғалдан хан үш сөз сұрапты.

Бірі:

— Еліңде қой көп бола ма? — депті.

— Көп десе:

— Ендеше, «қойшы — өтірікші, қой — ұры» деген сөз бар еді.

Еліңнің ұсақ жанжалы басылмас, — депті.

Екінші сөзі:

— Еліңде сиыр, жылқы көп пе?

— Көп, — дейді.

— Ендеше еңбексіз сүт пен қымыз ішіп, ет жеп, балалары ақымақ туады десеңші, — депті.

Үшіншісі:

— Елің егін сала ма?

— Салмайды, — депті.

— Олай болса, жер емшегін ембеген ел әлі де болса неше аударылып, козғалып, жуырда орныкпас депті.

1754 жылы Ғалдан хан өлген соң, қалмақтар өз ішінен бүлініп, қытайлар қалмақты шауып быт-шыт қылды. Қалмақтың бұл бүлінгенін Тибет пен Мұңғұлдың алалығынан болды, деп жазады Аристов өз кітабында.

Біздің қазақ одан кері бір түрлі сөз айтады. Ол мынау: Ғалдан ханның қатыны, Әмірсананың шешесі Қытайдың Ежин ханының қызы екен. Оны аларда Ғалдан өзі бармай, бірталай сый мен жақсы адамдарын жіберіпті. Қызын қысты күні ұзатқан екен. Жолда қыс жаман болып, неше күндей боран соғып, әбден өлер болып, адасып жүргенде, Алатауда қаншама батырларымен жол тосып, батырлық қылып жатқан ұлы жүздің Төлеки деген батырына жолығыпты.

Төлеки оларды екі-үш қонақ қылып — еліне бар десе, қыстың жамандығынан жете алмай, Төлекиге жалынып, қыстай тұрып, жаз шыққанда кеткен екен. Сонда қыз Төлекиден буаз болып барып, Әмірсананы тапты деп өсек тараған екен.

Ғалдан хан өлген соң, өзге ағайынның балалары сол сөзді сылтау етіп, Әмірсана қазақтың баласы деп хан коймай, қалмақтың көбі өзгелеріне қосылып, хан қоймаған соң, Әмірсана нағашысы Ежин ханға барыпты. Ежин хан бұл жақтағы қытайлардың бастықтарына — қалмақты Әмірсанаға қаратып бер десе — Қытай келіп, қалмақты шауып, быт-шыт қылып тоздырып жіберген соң, Әмірсана — елімді тоздыр дегем жоқ, — деп қытайдың әскерімен жауласып, қашып Абылайға келеді. Абылай Қытай келіп қала ма, жер шола үш мың кісімен барса, осы Аякөз өзенінде жолығыпты. Неғып жүрсің десе — Әмірсана сенде, соны бермесең қазақты шабамыз, — деген соң, не қыларын біле алмай, Әмірсананы үш күнге шейін тауып бермек болып, қайтып келіп, Қытай әскері жоқ десе Әмірсана Абылайға: — сен Қытайға жолықтың, бірақ мені береріңді, иә қазақты шапқызарыңды білмей отырсың ғой. Мені Қытайға бер, бірақ екі сөз айтайын, әуелі мені алдым деп хат бересің. Соған тоқсан жақсы кісінің бармағын сиялап, мөр орнына басқызып ал, мөрден танар, қол сызығынан тана алмас. Екінші, мен де хан баласымын ғой және

Ежиннің жиенімін ғой, өз алдына алып барғанша байламай, күзетіп бос алып бар деп тілек қыл деді.

Абылай Әмірсананың айтқанын қылды да Қытайға берді. Былай шыққан соң, үш күн өтпей, Әмірсана бір тұман күні қашып кетіп және Абылайға келген соң, Абылай ұстап тұра алмай, орыстың Екатерина екінші деген қатын патшасына жіберіпті. Қытайлар қайта келіп сұраса, Абылай — өздеріңе бергенмін, деген соң қайтып кетіпті.

Орыс патшасы Әмірсанаға қалған қалмақтарды қаратып бер деп, көп әскер жібергенде, жолда Әмірсанаға шешек шығып өлген соң, орыс әскерлері қайтып кетіпті.

Жоғары айтылған 1723 жылы қалмақтан жеңіліп, «Ақтабан шұбырынды» көріп, орта жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барғанда, біздің тобықты Орынбордың бергі жағында Ордың қара ағашына барған. Онан да ары барған кіші жүз қазағы орысқа карамақ болыпты деген соң, тобықты қорқып көшіп, Ырғыз, Торғай өзендеріне келген. Сонда біздің төртінші атамыз Ырғызбай мен інісі Торғай туып, аттарын сол өзендер атымен қойыпты. Онан және бері қарай көшіп, Мамай батыр бастап, осы Көкен орды, Қоғалаң таудың ортасына келіпті. Сол кезде орта жүз де орысқа карамақ болды, дегенде Дауан тобықты — Қараменде бидің Кеңгірбай биге айтқан өлеңі мынау:

Басында Сырдан шығып, Орға келдік,
Табан тиіп, жүре алмай, зорға келдік.
Құл алдынан құрулы талқы деген,
Бұл жаққа баққа келмей, сорға келдік.
Сәлем де Кеңгірбайға, кел кетелік,
Мықты сабаз атанды терлетелік.
Мұсылманның жұртына маңдай ойып,
Аты жақсы дариядан ары өтелік.

Біздің тобықты мұнда келген кезде, бұрын келіп, қалмақты қуған найман, матайлар Шыңғыс бектерінде екен. Уақ Ертіс жағасына қоныстаныпты. Тобықтыны арып-тозып келген ел деп, матайлар малына зорлық қыла берген соң, тобықты матаймен жанжалдасып, бұрынғы Арғынның ата қонысы Шыңғысты өзіміз аламыз деп матайды қуып, Шыңғысқа орныкты. Бұлар матаймен әуре болып жатқанда, уақтар Көкенге келіп қонған соң Кеңгірбай кісі жинап барып уақты қуып жіберіп, осы күнгі Кеңгірбайдың Тас үйген деген жеріне барып қоныпты. Уақтар Көкеннен тобықтыны шығара алмаған соң, өздерімен көрші қазақ-орыстардан кісі жиып алып келіп Кеңгірбайдың ауылын шаппақ болған соң, Кеңгірбай би: «Мен Арғынның жақсы кісілеріне хабар жібердім. Арғын мен

уақ ортасына бәлік салып, бітелік», — деп тоқтатып қойып, түн болғанда төбе басына кісі сықылды қылып, көп жерге тасты үйіп, өзі түнде көшіп кетті. Ертесіне уақтар қараса, орнында тас қана жатыр, алданғандарын сонда ғана білген. Сөйтіп, тобықты Шыңғыс тауына ие болған.

Біздің қазақтың ескі сөзінше:

— Бұл Шыңғыс тауының Шыңғыс атанғаны баяғыда Шыңғыс хан тамам мұңғұл татарды алып, үлкен хан болғанда, осы Шыңғыс тауында қол астындағы елдердің тайпа басы бектері келіп, мына Қарауыл өзенінің күншығыс жағындағы хан биігінің басына ақ кигізге салып, хан көтеріп Шыңғысты алып шыққан. Сондай ұлы жүз қазағынан үйсін Майқы би барған екен. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп мақал болған сол кісі. Және орта жүзден қоңырат Сеңгіле би барған. Сонда Шыңғыс хан бектеріне ұран, құс, ағаш таңба беріпті.

Ұлы жүз Майқы биге — таңбаң бүргі, яғни, малатемір болсын, құсың бүркіт болсын, ағашың қараағаш болсын, ұраның — Салауат.

Орта жүз Сеңгеле биге — ұраның Қоңырат, құсың — Сұңқар, ағашың — алма, таңбаң — ай болсын депті.

Шыңғыс ханның шын аты Темушин еді. Сол үлкен хан болғанда, Шыңғыс қойды, мағынасы — бек мықты, зор деген сөз.

Бұл таудың Шыңғыс атанғаны, сол ана биіктің Хан биігі атанып, осы біз қыстап отырған өзеннің Хан өзені атанғаны, бәрі де сол Шыңғыс хан атымен байланысты.

Әбілғазы хан сөзінде: «Бұл таудың бұрынғы аты Найман — Күре болса керек». Жоғарыда айтылған қалмақ бөлініп, хандығы жоғалып, бұрынғы қалмақтан қашып кеткен қара қырғыздардың көбі қайтадан Алатаудағы орындарына келеді. Ұлы жүз қазағы күнбатыс Алатаудан Қаратал өзеніне дейін өз орнын алды. Орта жүзден керей мен найман Тарбағатайға келіп, ақырында Қытай жеріне кіріп, найманның шеті Есіл, Нұра басына дейін барып, керей Қара Ертіске барды.

1757 жылы Абылай мен Әбілмәмбеттің баласы Әбілпейіз хан Пекин қаласындағы Қытайдың ханына барып, Қытайға қарап тұрмақ болып, уақ атанып келді, мағынасы орысша вассальный князь, қазақша ішінен өзі билеп, сыртынан Қытайға бағынышты болмақ. Қытайға жүз жылқыдан бір жылқы, мың койдан бір қой берсе, қалмаққа қараған жердің бәрін де иеленіп, қыстап көшіп-қонып жүрмек.

1765 жылы орыс патшасымен ынтымақтасып, Ертістің бер жағына он шақырым бөлек қалып, одан әрі өтіп барған қазақтар жер ақысына орысқа мал төлемек болды.

1765 жылы Абылай хан мен Әбілпейіз хан ұлы жүзге бола

Ташкенде қойған Қоқан ханның бегін қуғалы барғанда соғысып, ақырында Ташкентті босатып алған тойды, Абылайға еріп барған біздің төртінші атамыз Ырғызбай балуанға түсіп, атақты Қоңыраулы балуанды жығып, балуан бәйгесіне тіккен астықты алып, барған әскеріне азық қылыпты.

1780 жылы Жүніс қожа деген ұлы жүзді жеңіп, Ташкенді алды. Ол өлген соң, 1810 жылы Ташкент те Қоқан ханына қарады.

Сөйтіп, Абылай хан орыс патшасына сүйеніп, қазақты отырықты қыламын деп жүргенде, арғын Бекболат би болымсыз нәрсден Абылай ханды өкпелеткен соң Абылай хан ұлы жүзге кетіпті, оның себебі мынау:

— Бір тойда қазақтың бір қадірлі байының жалғыз баласы Абылайдың немересін хан баласы екенін білмей, қамшымен ұрса, басынан тымағы түскенде, хан баласы киетін белгілі, оқалы тақиясы көрінген соң, Бекболат би — шырағым, кеш деп Абылайға білдірмей қойыпты. Артынан Абылай естіп, сол ұрған байпатшаны берсін, ханда кәдір болмаса, қарада ұят қалмайды деп Бекболатқа кісі жіберіпті. Бекболат өз баласы Тіленшіні ханға жіберіп, не мені алсын, не сұраған жігітті алсын десе, Абылай хан — бұл Бекболаттың мені қазақтың бір баласы құрлы көрмегені ғой десе, Тіленші Абылайға — түйенің өзі түйе, құмалағы да түйе бола ма, деп қарсы сөз айтқан соң, мынаның мені түйеге ұқсатып, баламды құмалақ дегенін деп, Тіленшіні ұстап алып, ұлы жүзге қарай көшеді. Артынан Бекболат барғанда Абылай хан — неге келдің десе, баламды бер, балама келдім деген соң, Абылай хан — Бекболат, сен мені іздеп келді ғой десем, ханның қадірі мен қазақтың елдігін жоғалтайын деген екенсің, баланды ал да кет, деп өзі ұлы жүзге кетіп, сонда өлді. Абылайдың дәл қай жылы кеткенін біле алмадым. Қалайда болса, қисыны 1788 жылдың орайы болар.

Абылай кеткен соң, орта жүзге қырысқан Барақ хан болды. Бұл кіші жүздегі Бөкей хан емес. Сол Бөкей орыстың Александр Павлович деген патшасы тұсында әскер басы Ғалез деген кісі 1811 жылы хат жазғаны бар. Орта жүзге хан атанғанының ең соңы Тұрсын Шыңғысұлы Бөкей немересі Қарқаралыны билеген. Сонан соң хан деген біржола қалып, аға сұлтан, старшина сайланғаны би Тұрсын ханнан бұрын 1822 жылы еді.

Қазақтың ең алғаш орыс заңына қарай бастағаны сол жыл. Одан кейін 1824 жылы қырдан округ ашылып, басында бес жылға дейін алымнан азат болып, содан соң жүз малдан бір мал алып берді. Ақырында, 1868 жылы жаңа заң шыққан соң, қазақ біржола орыс заңына қарады.

Біздің қазақ — басынан көшпелі болып, ат үстінде жүрген халық. Қала болғанша — мола бол. Арық атанған аштан өледі,

— деп отырықты өмірді жамандап, ер азығы елде, еріккенде қолда деп, барымташылықты мақтап, тұрақсыз қазақ болып күн кешкен жұртпыз.

ҰЛЫ ЖҮЗ

Балқаш, яки Теңіз көліне құятын Қаратал өзеніне, Сырдария әм Шыршық өзеніне дейін — қаңлы, дулат нәсілі. Бұл дулат бұрынғы күйісқі нәсілінен. Арғы түбі қара қырғыздан шыққан, Ғайса пайғамбардан 150 жыл бұрын күнбатыстағы Алатауға келген. Сол дулаттың оңтүстік күнбатысына келген көп қаңлы және каңлының маңышқы тобы. Ұлы жүздің ең көбі — дулат болған, оның ішінде Ботабақ, Шымыр, Сүйкім, Жарыс, Албан, Суан. Албаннан шыққандар қызыл бөрік, коңыр бөрік. Айтбозым, Сегізсары, Құрман, Алжан, Қиыстық және Іле өзенінің солтүстік жағында ескі үйсін нәсілінен сары үйсін бар, оның рулары: Құттымбет, Жанай, Жолай, Танай, Жандосай, Құлеке, Қырық.

Ұлы жүздің дулаттан кейінгі көбі жалайыр болған. Оның рулары: Андос, Мырза, Қара шолан, Орақты, Ақбейім, Қалпе, Сыпатай, Арықтыным, Бойшегір, Сыпыршы, Бағалы, Қайшылы, Көшік, осы Кешік (Көшім) деген біздің Қалқаман нәсілі бола ма деп ойлаймын. Себебі осының түбі жалайыр емес дейді.

Жалайыр бұрынғы уақытта бек көп ел болған. Әртүрлі түрік нәсілінен жиылып ел болған.

Ұлы жүздің шапырашты, ысты дегендері Алматыға қарайды. Сіргелі мен атақты Сырдарияға жақын. Бұл төртеуі қаңлыдан шыққан. Ұлы жүз ішінде коңырат та бар. Ол басында орта жүз елі еді. Өкпелеп көшіп барған. Мұны Әбілғазы Баһадүр хан — мағұл ханы Қиян деген баласының нәсілінен Жорлықмергеннің баласы Коңырақ деген кісінің нәсілі дейді. Оның руларын орта жүзде атаймыз.

КІШІ ЖҮЗ

Аристов — Кіші жүзді Орта жүзден бөлінген Алшын тобы дейді. Иофшин сөзінде Кіші жүздегі рулар: ең басты елі — алшын. Оған жеті ру деген елдерді атақты Тәуке хан қосқан.

Бұл күнде кіші жүз үш ру: Байұлы, Әлімұлы, Жеті ру деген. Әлімұлы алты ру: Қарасақал, Қаракепсек, Қызай, Төртқара, Шөмекей, Шекті.

Байұлы он екі ру: Адай: Жаппас, Алтыбас (алаша), Байбақты, Масқар, Беріш, Таздар, Есентемір, Шеркес, Тана, Қызылқұрт, Ысық.

Жеті рулар: Табын, Тама, Қабаршары, Керейіт, Жағалбайлы, Тілеу, Рамадан.

Бұлардың ішінде Орта жүз арғыннан аталар бар екенін білерсіз. Кіші жүз ішінде біздің тоқал арғын деп аталатын Саржетім. Шақшақтың нәсілі бар екені анық. Бірақ, жоғарғы аталардың ішінде анық аты ұқсағаны жоқ. Олай да болса, Шекті дегені Шақпақ бола ма, деп ойлаймын, яки арғын болған соң қоспаған ба? Және бұл Кіші жүздің әр руынан бөлініп, 1801 жылы Бөкей ханға еріп, Орал суынан әрі өтіп көшкен, Бөкей елі атанғандар Әлімұлынан: Қызай деген, Байұлынан — Беріс, Шеркес, Адай, Жаппас, Масқар, Ысық, Есентемір, Байбақты, Алтыбас (алаша), Тана, Қызыл құрт, Таздар.

Жеті рудан: Тама, Табын, Керейіт және Төре, яғни, хан нәсілінен шыққан он алты ру ел, оның ішінде қожалар, ноғай, төленгіт деген, бұл қожа мен төленгіт ханға жиналғандар. Ноғай бұрын торғауытқа қарап, торғауыт кеткенде де өз орнында қалған ноғайлар.

Кіші жүз қазағының ертегі сықылды сөзі: Алашхан деген хан тұсында алапес бала туса, далаға апарып тастапты. Бір күні өзінің де қатыны алапес бала тапқан соң, оны да шешесінің қасына қырық қыз қосып, апарып тастап, қырғыздар содан тарапты, Алшын сол нәсілден дейді. Бұрынғы кезде алақшын деген ел болған. Қытайша — пума дейді. Енесей жүрген қырғызбен нәсілдес, Алшын содан шыққан болар.

ОРТА ЖҮЗ

1220 жыл шамасында бұрынғы қырғыз жерінің, яғни Сарыарқаның күншығысы мен оңтүстігі арасында арғын, найман, керей деген елдер араласып көшіп жүрді. Одан кейінгі кезде Әз-Тәуке ханның тұсында ол жақты қалмақ жеңіп алып, қазақ ауғанда және араласып кетті. Және 1723 жылы қалмақтан жеңіліп, «Ақ табан шұбырындыда» тіпті былығып араласты. Сонан соң, керей мен найман қайта келіп, Қытай жеріне кіргенде және араласты.

Осы күнде орта жүз қазақтары Лепсі, Қапал ояздарында, Жетісу облысында. Семей, Ақмола облыстарында түгел бар. Сырдария, Торғай облыстарында бір бөлігі бар. Қытайға қараған Қызай, Бәйжігіттер бар. Орысқа қарағанның ең күншығыс бетінде керейдің көбі бар. Мұнан соң орта жүздің әртүрлі руларын өз алдына бөліп жазамын.

ҚАҢЛЫ

Қаңлы деген — арбалы деген сөз. Ойғыр ішінен қаңлы атанған. Бұлар бұрын бек көп ел болған. Стамболдағы Оспаңұлы Түрік те қаңлы нәсілінен. Бұлар да ор түрік нәсілінің ішінде бар. Біздің орта жүзде әр жерде азғана бар. Кейінгі аталарын білмеймін.

ҚЫПШАҚ

Бұл қаңлыдан бөлініп, елсіз бос жерге кеткендіктен қыпшақ атанған. Мағынасы бос-шөл, елсіз деген сөз. Шыңғысханнан көп бұрын Еділ-Жайық маңына барып, бір патша жұрт болып тұрғанда Жошы хан алып қаратқан. Солардың атымен ол жақ Дәшті Қыпшақ атанған. Қыпшақ руларынан араб жазушылары Әмір Рухнеддин әм Ебинхалдун деген былай деп жазады: Тоқсоба, Сита, Буржоғли, Антуғли, Дорт, Қабаруғлы, Жүзінен, Қараберкли, Қотан, Бөрлі, Қанғу. Орта жүзде әр жерде аз ғана қыпшақ бар болса, қай руынан екенін білмеймін. Қыпшақтың азайған себебі: әртүрлі түрік халқына қосылып кеткендіктен көбі ноғай мен өзбек болып кеткен.

ҚОҢЫРАТ

Қоңырат басында орта жүзде болған. Рәшиддин мен Әбілғазы хан сөзінше: қоңырат Оразған нәсілінен Дүрілген деген тайпаның Жұрлық мергеннің баласы Қоңырат деген кісінің нәсілінен. Радловтың сөзінше: әм қазақтың ескі сөзінше қоңырат екі атаның баласы — көк, көктенши деген. Левшиннің сөзінше: байлар, жан шар. Оразкенті, Құлшығаш, Боштан, Тоқболат, Жаманбай, Қаракесек, Жетім, Сансыз, Құят. Менің ойымша осы жетім дегендер біздің тоқал арғын. Сұмдықтан — Сарыжетім деген баласының нәсілі болар. Оның себебі: Сарыжетім Шақшақтың шақшағы кіші жүзде бар. Жетім дегені жоқ.

Қытай жазушысы Юан-Шу-ми-ши сөзінше бұрынғы заманда ункурлар яғни қоңырат Халхе өзінің Бабиор көліне құйған арада жүрді. Бұлардың да көбі өзбекке қосылып, өзбек атанған.

ҚАРА ҚЫРҒЫЗ

Орта жүзде аз ғана қырғыз бар, әр жерде. Олар тұтқыннан келгендер. Қырғыз тіпті ескі ел. Қырғыз дегенде қазақ деген сықылды кезбе, тағы деген сөз. Қырғыздар Ғайса пайғамбардан бұрынғы 300 жылда Тану-ула мен Алатау арасында жүрген. Шыңғыс хан тұсында қырғыз ханы Арыс Айлан деген еді. Шыңғыс

хан — маған қарасын деп, Бура әм Турамыш дегенді елші қылып жіберіп, қырғыз ханы — қарадым деп, бір ақсұңқар құс бастатып, қаншама сый жіберді.

Әбілғазы хан сөзінше: қырғыз Оғызханның бір немересі еді. Қырғыз соның нәсілі дейді. Осы күнде қырғыздың көбі ескі орны Алатаудың күнбатыс тұмсығына жақын Сынтас асуынан Памирдің таулы жотасында. Олар оң-сол деп екі бөлінген. Рулары Бұғы, Сарбағыс, Сұлту, Шерек, Бағыш, Саяқ. Бұл алтауы оның Сағай дегенінің нәсілі. Аутене дегеннен Ауғана, Мұңғыш, Ешкілік. Мұның соңғы екеуі — біздің қыпшақ, арғын, найман қырғыз болғандар. Бергі заманда қазақ атанғаны болмаса, біздің қазақ та қырғыз нәсілінен.

КЕРЕЙ

Керей деген сөздің неден шыққаны туралы шежіре жазушылар әртүрлі сөз айтады.

Рәшиддин, Әбілғазы хан, әм Нәжіб Fасым «керей» деген қара деген сөз дейді. Ойғырдың жеті баласы, бәрі қара болған соң, оларды мағұл тілінде керейіт дейді, яғни қара дегені.

Профессор Березин деген кісі керей Маньчжурияның Қари деген халқынан шыққан шығар дейді.

Аристов — Саян тауының темірқазық тұмсығындағы Ода өзенінің бір айырғы Керей деген өзен атымен болса керек деп ойлады. Мен қаралар деген сөзді дұрыс деп білемін. Біздің орта жүздегі керейлер сол керейіт нәсілінен Ашамайлы деген кісінің Сибан, Қараби деген екі баласының нәсілі. Және Қарабидің бір қызын алып, қолында тұрып қалған Абақ деген кісінің нәсілі. Ол Абақтың түбі сарыүйсіннің тұқымы он екі ру абақ керей атанып кетті. Сол сарыүйсін — Абақтың он екі баласы: Жантекей, Жәдік, Жастабан, Жұбағайыр, Шерулі, Ителі, Итемген, Молқы, Меркіт, Барбас, Қарақас, Кеңсадық. Бұл Кеңсадықты Аристов Шимойын деп жазады. Сол дұрыс болар.

Жер жүзіндегі түрік нәсілді жұрттың ішінде керей бар. Шыңғыс хан кезінде керей ханы Оң хан деген еді, шын аты Тұғрұл, оның елін Шыңғыс алып, өзі қашып жүргенде найман Сумажы, Танеке деген бектер ұстап, басын кесіп, найманның Таң ханына алып барғанда, — кәрі кісіні өлтірмей-ақ, тірі алып келсең нетті деп басына күміс қаптатып, тағына қойды.

Бұл орта жүздегі керейлер — керейіттің бір ғана Ашамайлының екі баласы — Сибан, Қараби дегеннің нәсілі әм Қарабидің қызын алған сары үйсін Абақтың нәсілі.

НАЙМАН

Найман деген сөз туралы да әртүрлі сөз бар. Профессор Березин найман деген мағұл тілінде сегіз деген сөз, сегіз ру ел болғандықтан аталған дейді.

Аристов найман деген Қатуни өзенінің бір айрығы еді, сол өзен атымен қойылған дейді.

Ескі заманда найман көп ел болған. Шыңғыс хан тұсында Таң, Бойрық деген ағайынды екі хан билеп, екі бөлініп тұрды. Шыңғыс екі ханды да өлтіріп, елін шапқанда, найманның бір бөлігі күнбатысқа қашып барып, осы күнгі мағұл ішінде орын тепкен. Мағұл болып қалған наймандар соның нәсілі. Бұл наймандардың да көбі жер жүзіндегі түрік нәсілдерінде бар.

Орта жүздегі найман біздің қазақтың екі сөзінше Софы мырза дегеннің нәсілі. Оны Бабы мырза деген інісі өлтіргенде, Софы мырзаның тоқалынан туған жалғыз баласы Өкіреш қазақ ішіне көшіпті. Осы сөз Әбілғазы ханның сөзіне тура келеді. Себебі: Әбілғазының әкесі Fариб Мұхаммед ханды өлтіріп, орнына хан қоямын деп, Софы мырза Самарқаннан Хысрау деген хан нәсілді біреуді алып келгенде, Fариб Мұхаммед біліп қалып, Хысрауды өлтіріп, Софы мырза өзіне нөкер болып тұрған Софының інісі Баба мырзаға бергенде, мен ханға дұшпан кісіні аға қылайын деп өз ағасын өлтірді деп жазады.

Орта жүздегі найманның бергі аталары туралы жазған Спасский, Аристов, Маевский деген орыс жазушыларының сөздерінде шатақ қателер байқалады.

Біздің білуімізше, ортажүздегі найман атасы — Өкіреш, оның үш баласы: Домбауыл, Сүкірші, Сарыжомарт, Домбауыл тұқымы жылқысына теріс жағынан таңба басып, теріс таңбалы атанды. Сүкіршінің баласы — Қытай. Оның баласы — Толұғұтай, оның төрт баласы: Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл. Қаракерейдің екі баласы — Байторы, Ерторы. Байторының баласы Байыс және асырап алған Ақнайман. Ерторының баласы Байсиық және асырап алған баласы Қарамолда. Байыстың бәйбішесінен төрт баласы — Мәмбетқұл, Сыбанқұл, Ахметқұл, Сары. Мәмбетқұл жас кезінде өкпешіл болып, қыржиып отыра бергеннен Қыржы атанды. Сыбанқұл Сыбан атанды, Ахметқұл Ақымбет атанды. Байыстың тоқалынан екі баласы Туман мен Тоқбақ, тоқал асырап алған екі баласы Болатшы мен Байғана. Байыстың Мақта Абай деген бір қызы Тоқтар деген сартқа тиіп, Ержігіт, Байжігіт деген екі бала туып, Ержігіт сартқа еріп Түркістанға кетеді, ал Байжігіт мұнда қалған. Жоғарыда айтылған Сарының нәсілі сол шешелерінің атымен Мұрын атанды.

Қарамолда нәсілі Семіз найман атанды. Матайдың үш баласы — Аталық, Кенже, Қаптағай. Аталықтың қатыны Қызай деген-нің атымен тұқымы қызай атанды. Жоғарғы Сарыжомарттың бәйбішесінен Қаратай және тоқалдың төрт баласы — Байдалы, Жансары, Баржақсы, Шәйкөз. Бұл төртеуі нағашылары уақ ішіне кетіп, күні бүгін «ергенекті уақ» атанып кетті. Оның себебі: Сарыжомарттың нәсілі ергенек таңба салып, ергенекті найман аталып еді. Бірақ оларды халықтың көбі уақ атап кетті.

УАҚ

Уақ деген ескі шежіреде жоқ. Абылайхан заманында ғана айтылады. Орыс жазушылары керейден шыққан ел болса керек дейді. Себебі: орыс әскері алғаш жолыққанда керей, уақ аралас екен. Және таңбасында да керейдің кіреш таңбасы.

Балкашин деген кісі уақтың атасы Еркөкше, ол Айдарханның баласы, ол Қамбархан нәсілінен дейді. Бұл сөз қазақтың дәлел сөзі сияқты көрінеді.

Ефшин мен Балкашин уақтың сарбағыс деген тайпасы 1750 жылдан асқан кезде Абылайхан қырғызды шауып алып келген тұтқындардың нәсілі дейді.

Менің ойымша, уақ елі ұсақ ел деген сөзден. Арғын, найман, керей ішінде ұсақ ата жиылған болар.

Біздің білгеніміз, мұндағы уақ аталары Сарман мен Шұға. Сарманның екі баласы — Қаракөз, Көкшекөз. Шұғаның бес баласы — Барбаян яки Сарбағыш, Сарша, Бәйімбет, Мұрат, Сіргелі.

Аристовтың сөзінше: Мауреннаһрдегі өзбек ішіндегі найман атанған үш ру бар — Садырбек, Қостамғалы, Уақтамғалы. Солар қазақпен, қоңырат пен найманнан бөлінген дейді. Сол Уақтамғалы уақ болуы мүмкін.

ТӨЛЕҢГІТ

Төлеңгіт деген елдің нәсілі — Алтайдағы Төлет көліндегі Алтайдағы тау қалмағы деп орыстар айтатұғын қалмақ нәсілінен.

Біздің қазақтың бұл орта жүздегі төлеңгіт деген елді арғындардың атасы Дайырқожаның құлы дейді. Бұл сөз рас болса, қалмақты қазақ шапқанда тұтқын болған төлеңгіт қалмақ болады.

Әбілғазының сөзіне қарағанда да ойрат атанған қалмақтан және хан төлеңгіті деген бір сөз бар. Ол нағыз төлеңгіт емес, ханға жиылушылар деген сөз.

ТАРАҚТЫ

Орта жүздегі арғын ішінде тарақты деген ел бар. Оның нәсілі кім екенін ешкім анықтап білмеді.

Қазақ ішінде «Тарақты Арғынның ноқта ағасы» деген сөз бар. Соған қарағанда тарақты бір тайпа болса керек. Тарақты он екі ру: бәйбішесінен төртеуі Әдісары, Қыдыр, Жәші және бір қатыннан Әлеуке, Көгедей, Апай, Тоқтауыл, екінші қатыннан Бөгіш, Бұлдырық, Әйтей, Қосанақ.

АРҒЫН

Арғын деп не себептен аталғаны туралы орыстың жазушылары әртүрлі сөз айтады. Соның ішінде қисындысы «Түрік-орхонский надпись» деген еңбек. Арғын түріктің қытайша Ху-Ху, бізше ойғүр атанғаннан, қытайша Габу-гой, бізше қаңлы-арбалы атанған тайпасынан шыққан байергун деген табынанбыз. Берірек заманда шежіреде Арғынның білетұғыны Шыңғысханның үлкен баласы Жошы мен кіші баласы Шағатайға ел бөліп бергенде, солардың қол астында арғыннут деп аталады. Арғыннут дегені арғындар дегені. Осы шыңғыс тауы мен Тарбағатайда жүргені анық.

Шыңғысханның өз тұсында арғын аты неге аталмады деген сөз туралы орыс жазушылары әртүрлі пікір айтса да ақырында арғын Шыңғысханға соғыспай қараған шығар дейді.

Менің ойымша, ол кезде арғындар найман ханына қарады. Себебі: Аристов сөзінде бұрын қара қытайдың алғашқы ханы Әмбахан тұсында Байерғүн, яғни арғын айтылады да, найман жоқ. Аристов айтады — бұрын Байерғүн арғыннан күшті еді. Шыңғыс тұсында найман күшті болып, екі ханға қарап тұрды. Керейлер өз алдына бір ханға қарап тұр еді дейді.

Менің ойымша, біздің осы орта жүздегі арғынның атасы Әбілғазы ханның шежіресінде айтылатын Ойрат арғын аға деген кісінің нәсілі болса керек. Оның мәнісі мынау: Шыңғысханның кенже баласы Төле үлкен хан болған кезде, ойрат атанған елден Арғын деген кісіні Қарасаң деген жерге хан қойған. Ол мұсылманша 440 жылы, орысша 1262 жылы еді. Он жылдан соң Арғын аға өлген соң Төленің баласы Мөңке ханнан Арғын ағаның орнына өзінің інісі Хулагуды, яғни қазақша Әлеуке ханды жіберген. Бұл арғын аға ойрат тайпасынан дейтұғы-ны — бұрыныраң мағұлдар ойғыр, татарларды жеңіп, қуғанда жерін қимай, отырып қалғандар қал-мақ, ойрат атанғандықтан. Бұл арғын аға сондағы қалмақ атанып калған елдің ішіндегі — Байергін яки Үлүг Арғын атанған Арғыннан болса керек. Бұл сөзді Әбілғазы кітабынан сөз көшіріп алған орыс

жазушылары байқамай кеткен болса керек деп ойлаймын.

Жер жүзіндегі әртүрлі түрік нәсілдері елдерінде жүрген арғын-аргінут атанғандар арғы Арғын халқын болса, дәл осы орта жүз ішіндегі арғындар осы Арғын ағаның нәсілі болар. Себебі: Арғын аға деген аты да дәл келеді. Біздің үлкен атамыз Құнанбай кажы марқұм — Арғын аға хан болған кісі екен-ау деуші еді.

ОРТА ЖҮЗДЕГІ АРҒЫННЫҢ РУЛАРЫ

Арғын ағаның нәсілінен Қодан, оның баласы Дайырқожа, лақап аты, мұның екі баласы Саржетім, Шақшақ, олардың нәсілі кіші жүзде тоқал арғын атанады.

Қарақожаның бәйбішесінен баласы Мейрам және Момын деген, тоқалынан үш баласы — Қарасопы, Кенжесопы, Бәсентин.

Мейманның бәйбішесінен төрт баласы — Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Кегендік. Мейрамның тоқалынан — Болат. Қуандықтың төрт баласы: Алтай, Қарпық, Темеш, Беруші. Сүйіндіктің нағыз үш баласы: Жанболат, Күлболат, Орманшы және асыранды баласы — Қаржас. Осы төртеуінің нәсілі төртуыл атанды. Бөгендіктің баласы — Қозған, Кегендіктің баласы — Қақсал. Болаттың нағыз екі баласы — Майқы, Бошан және асыранды екі баласы — Жалықбас, Қамбар. Осы төртеуінің нәсілі Қаракесек атанды.

Қарақожаның Момын деген тоқалынан туған Қарасопының екі баласы — Атығай, Қарауыл.

Тобықтының екі баласы — Ырысбетек, Дәулетек. Бұл Дәулетек бір аста жуан аяқ ұстап, ошақ басын қорыған нан «Жуантаяқ» атанып, нәсілі де сол атпен аталды. Ол Дәулетектің үш баласы Байғара, Байшора, Жиеншора. Бұл Жиеншора оқымысты кісі болған соң — «Хафиз» дейміз деп, тілі келмей Абыз атанды. Байғараның екі баласы — Арқан, Бөген, Абыз атанған Жиеншораның төрт баласы — Абдал, Жұшық, Еле, Шаршақ.

Ырғызбай біздің төртінші атамыз. Абылай ханмен жолдас боған кісі. Оның төрт баласы — Өскенбай, Өсер, Мырзатай, Жотар.

Жоғарғы Кеңгірбай бидің орнына Өскенбай би болған. Оның бәйбішесінен біздің үлкен атамыз Құнанбай қажы марқұм жалғыз. Оның үлкен қатынынан менің әкем Құдайберді марқұм жалғыз. Ол кісі (1866 жылы, барыс жылы) 37 жасында, сәуір айында дүниеден өтіп, мен жеті жасымда жетім қалдым.

«Шежіре түрікті» жазған Әбілғазы ханнан бізге қалған бір мирас шежіре жазғанда, өзімізді мақтап аз сөз жазбақ едік. Бірақ, менің өзімді мақтарлық, лайық ісім жоқ болған соң, ұлы атамыз Құнанбай жайынан сөз жазамын.

Қажы марқұм бұл елдің өте надан кезінде туып, шала хат танып

қалса да әкесі Өскенбай биге әр жақтан келген хаттарды оңашаға алып барып, бірін-біріне салыстырып, өзінен-өзі оқып, түркі кітаптарды оқитын болыпты. Ноғай молдаларды сақтап, елсізге үй салғызып, қазақтың балаларын жиып алып молда мен балаларды сонда сақтап, оқытып бұл жақтағы қазақтарға оқу оқытып, хат танытқан қажы марқұм еді. Осы күнгі біздің күз қорамыз «Ескі там» деген жер — сол бала оқытқан тамның орны.

Қажы марқұмның алдына келген қазақ бұрын намаз оқымай жүрген болса да намаз оқушы еді. Насыбай арам деп бір молда айтқан соң насыбай атқандардың мұрнына тотияйын құямын деп, насыбайшыларды тиып еді. Бұрын зекет бермейтұғын қазаққа зекет бергізген сол кісі еді.

Осы күнгі Қарқаралыдағы мешіт сол кісінің салғызып, құдайы қылған мешіт еді. Ондағы қазақтар ноғай қолдарымен талас шығарып — бұл қазақ мешіті, қазақтан молда имам қоямыз деп даурықты. Осы күнде наданырақ қазақ молда имам болып тұр деп естимін. Қазақ шын жігерлі болса, балаларын оқытып, жақсы ғалым ғып, сонан соң имам қойсайшы. Қажының қойған ноғай молдасы Хасен, оның балалары бар.

Қажы марқұм аға сұлтан — помочник те болып еді. Бірақ ондағы мақсаты — жалғыз ғана дүние мақтаны үшін емес, қазаққа қадірлі болсам не қорқытып, не сыйлатып, шариғат жолына түсірермін деген ойы еді.

1874 жылы қажыға барғанда, қазақ кажылары түсетұғын Мекеде бір Тақия, яғни үй салып алып, құдайы қылып еді. Осы күнде кіші Тақия деп атайды. Кіші жүзден бір Сұлтан деген бек ғалым жігіт тұрады.

Мен пақыр 1905 жылдан 1906 жылға қарай, қажыға барғанда Тақияны көрдім. Менен бұрын қажылар кіріп қалған екен, оларды ренжітпей, пәтер алып түстім. Бірақ Сұлтан айтты — Тақия осы күнде кіші жүз Досжан қажының атына жазулы екен, не себеп екенін білмедім, деді. Соны 31 жыл болған ескі дәптерден қаратып, білмекші болып, дәл елге барып ертең Шарифке барғалы тұрғанымда, алланың тағдыры, қатты науқастандым. Жазылар-жазылмаста, кіші дәлеліміз Ибраһим Малуани деген халифа жүріп барады деп хабар келіп, жүріп кеттім.

Марқұм қажының дін туралы қылған істерін түгел айтып, бұл кітапшаға сиғыза алмаспын. Қазақ ішінде атын үш жүздің қазағы түгел білетін орны бар еді. Бірақ, бұл күнде ертегі сөз сықылданып, ұмытылған шығар.

Қажы марқұм әкесі Өскенбай би өткенде осы күйгі Қамбалар отырған Көкшетауда қазақ ғұрпымен ас-құдайы бергенде, үш жүздің қазағын түгел шақырып еді. Ташкен, Бұқара төңірегіндегі ұлы жүз

қазақтары да қажыға сый деп, жетімдер, яғни құл алып келіп берген.

Қажы марқұм 1885 жылы тамыз айында, 81 жасында, тауық жылы өтті.

Мен пақыр, өз әкем өткен соң, ұлы атамыз қажы марқұмның тәрбиесінде қалсам да, бұрыннан ауылымыз, қыстауымыз бөлек болғандықтан және қажы марқұм мені жетім деп аяп, қысып оқыта алмай, ғылымнан мақұрым қалып, жетімдікті сылтау қылып, ойыма не келсе, соны істеп, әдепсіз, ғылымсыз өстім, сөйтсе де түркі танып, орысша хат танып қалдым.

Менен кейін әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды. Сол кісі мұсылманша әм орысша ғылымға жүйрік әм алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек, дана кісі еді.

Ержеткен соң сол кісіден тағылым алып, әртүрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім.

Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда данышпан, ғұлама, философ кісі еді. Қор елде туып, қор болып өтті. 1904 жылы маусым айында 60 жасында өтті. Алла баршысының рухына рахмет қылсын.

Онан соңғы ұстазым «Таржыман» газетінің иесі Смағұл Гаспиринский десем, бек дұрыс, сол кісінің газетін оқып, бек көп айдаландым. Алла екі дүниеде мақсатыма жеткізсін, әмин.

ХАН ШЕЖІРЕСІ

Соңғы хан нәсілдерін Әбілғазы ханның сөзінше айтамын. Шыңғыс ханнан бұрынғы аталар көңілге аса сиымды болмаса да, біздің мұсылман шежіресінде осы Әбілғазы сөзінен анықтысы болмаса керек. Себебі, Әбілғазы хан он жеті шежіре кітабын салыстырып, әбден анықты дегенін алып жазған.

Енді Әміртемірдің нәсілі туралы осы жерде айтып кетейін. Әміртемір алдыңғы айтылған Тарағай — Барластың баласы, 1335 жылы туған. «Киш» деген шаһардың (қаланың) әкімі болған. 1367 жылда біржолата үлкен хан болды. Басында Әмірхасен дегенмен бірігіп, Шыңғыс нәсілінің Тоқтықтемір ханның баласын өлтіріп, оның артынан Әмірхасеннің өзін өлтіріп, Балхты алды. Хорезм Қашғар, бүтін Мауреннаһрды алып және 1371 жылы Харандағы Мәлік-Ғиаседдинді ұстап, Хорасанды алып, 1373 жылы Қандағар — Мазандаранды алып, 1374 жылы Азербайжаннан Сұлтан-Ахмеджалайырды қуып, Тебріз, Нұхжуан, Каріс-Тифлисті алып, Шираздың хандығын Мазфар нәсілінен Шанар Шаһяхияға алып барып, онан Дәшіт Қыпшаққа барып, Тоқтамыс ханды жеңіп, Сибирияның ішкі жағына шейін кірген. Және Руссияның оңтүс-

тік жартысын алды, 1399 жылда Үндістанға соқтығып, Дәһли мен Үндінің шебін алып, 1400 жылы Суансхалаб-Бағдатты шауып, 1401 жылы Стамболда атақты иілдірім Баязид деген ханын жеңіп, ұстап алды. Оны қоя берген соң, ақырында Қытайды шабамын деп, екі жүз әскермен бара жатып, жолда Отырарда 71 жасында, 1406 жылы өлді. Өзі 36 жыл хан болды. Шешесі Шыңғыс нәсілінің қызы еді. Үндістанның хан қаласы Дәһлиді алғанда неше мың тұтқынды бір жерде қырғызды. Исфаһанда жетпіс мың кісінің бас сүйегінен үй салғызды. Жүрген жерінде бәрін қанға бояған, өмірінде беті қайтпаған хан еді. Бірақ өзі ғалымдарды жақсы көріп, қайда ғалым болса, керекті кітап болса, бәрін Самарқанға жиюшы еді.

Әміртемірдің төрт баласы бар еді. Үлкені — Жаһангір-Ғаясиддин, оның екі баласы — Пір-Мұхаммед, Сұлтан-Махмед, Пір-Мұхаммедтің баласы — Қиду, Сұлтан-Махмедтің баласы Сәдуақас. Әміртемірдің екінші баласы Мағзаддин Ғұмар-Шаих оның балалары — Мирахмед, Пирмахмед, Рүстем-Байқара, Рүстем-Байқараның баласы Мансұр мырза, оның баласы — Хұсайын-Байқара.

12 жасында хан болып, 11 жыл Өзбекстанмен жауласқан хан болғаны 1494 жылы, Үндістан, Ауған жақты алып, зор патша болды. 1531 жылы 49 жасында Шаһар Бағдадта өлді. Бабыр шахтың төрт баласы бар еді. Бабырдың нәсілі 1807 жылға шейін хан болды. Онан Нәдір шаһ алып, ақырында Үндістанды Атиншин алып, Әміртемір нәсілінің хандығы жоғалды.

Әміртемір нәсілі көбінесе бірін-бірі өлтіріп және Тарқаман — Қарақсуф пен Шайбақхан елін алып, Шайбақты Шаһ Смағұл өлтірген соң Бабыр шаһ шығып, өзбекпен соқтықса да бұл жақты ала алмай, Үндістанға ие болды. Сол себептен Бабыр нәсілі Үндістанды көпке дейін билеп тұрды. Жоғарыда Әміртемірдің арғы атасы Қажұлменен егіз туған Қабұл Тумен ханның орнына хан болды.

ШЫҢҒЫС ХАН ШЕЖІРЕСІ

Шыңғыс хан 1154 жылы (қазақша доңыз жылы) мағұл ішінде Блонжылдық деген жерде туыпты. Туғанда қолы жұмулы болған соң кіндігін кескен қатын ашып, қараса уысында қан бар екен. Соны ақсақалдар естітіп — көп ел алып, зор хан болып, көп қан төгеді екен — деп жорамал жасапты. Ақырында сонысы дұрыс келді. Бұл Шыңғыс ханның алған жерін, қылған ісін түгел айтуға бір үлкен кітап болады. Бір шеті Қытай, бір шеті Ғараб — барша Азиядағы жұртты түгел алып, Европаның да бергі шетін алды. Осы Шыңғыс тауында хан көтеріп, хаһан, яғни хандардың ханы атанып, үлкен хан болғаны 1203 жылы болса керек. Парсы тағын алып қайтқанда Бұқарадан молда әкелдіріп, дін жайын сұрап, өзгенің бәріне дұрыс

деп, хаж жайын сұрағанда — жер жүзінің бәрі құдайдың үйі болса керек, сондай бір ғана жерді құдайдың үйі демек дұрыс емес деп, молдаларға сый беріп қайырды.

Шыңғыстың төрт баласы — Жошы, Шағатай, Үгітай, Төле. Шыңғыс хан тірі күнінде елді төртеуіне бөліп беріп, бәрінің үстінен Үгітайды хан қойыпты.

Сонда қырғыз, қазақ, сарт, ноғай, барша татар аталары Жошы мен Шағатайдың қол астында болған. Жошының үлкен баласы Орда, оның лақап аты Ежин еді. Бұл қалмақ хандарының атасы болса керек. Оның нәсілін білмеймін. Бірақ Ежиннің бір баласы Талу, оның баласы Аяшы, оның баласы Ғазан хан, Жошының баласы Батухан, лақап аты Сайын, 1227 жылы Шыңғыс тірі күнінде Жошының орнына хан болды. Мүның орыс жұртын қаратып алғаны 1243 жылы еді.

Батудан төрт баласы: Меңгутемір, Сырдақ, Олақшы, Тоқан, Тоқанның баласы — Тудаменгу. Меңгутемірдің баласы Тұрғұл, оның баласы атақты Өзбек хан, өзі де мұсылман болып, халқын да мұсылман қылып, сонда Жошы үлесі өзбек атанды. Оның баласы Жәнібек, бұл да жаксы хан болды. Мұның баласы Бердібек хан болған соң, хандық өз тұқымында қалсын деп туысқан, жақындарын өлтіре беріп, ақырында өзі де екі жылға толмай өлді. Бату хандығы жоғалды. Сол себептен «Нар мойыны Бердібек те кесілді» деген мақал сол.

Осы шежіреде айтылған барша мағұл, татарды билеген Шыңғыс хан нәсілдері бірін-бірі күндеп, өлтіріп, шабысып, хандыққа таласып, ақырында бөлек-бөлек кішкене хан болып, соның бәрін де аяғында орыс алды.

Жердің жүзін сілкіндірген хандардың арты солай болады.

Осыдан ғибрат алу керек.

Қазанды 1552 жылы алды. Аштыраханды 1554 жылы алды, Башқұртты 1578 жылы, Қырым, Кубанды 1788 жылы, Дербенді 1796 жылы, Арисуанды 1837 жылы алды. Кавказды 1859 жылы алып, Шаих Шамал тұтқын болды. Қоқан мен Ташкентті 1865 жылы алды, Самарқанды 1868 жылы алды, Хиуаны 1873 жылы, Түркстанды әм Қарісті 1877 жылы алды. Түркіменді 1881 жылы, Мәрәуді 1884 жылы алды.

СТАМБҰЛДАҒЫ ҒҰСМАНДЫ ТҮРІК ҺӘМ СҰЛТАНДАРЫ

Ең ескі заманда Алтайдағы түріктер күнбатыс жаққа бара берген. Сол түріктің Се, яки Сақа деген халқы Ғайса пайғамбардан

200 жылдай бұрын Алатаудың күнбатысында жүрді. Оларды тибет нәсілінен юбешки дегендер орнынан қуып, одан бетер күнбатысқа жіберген. Соның бір тобы қаңлы атанған еді. Ғайса пайғамардан 130 жыл бұрын барған қытайдың Жан-Үсан деген елшісі көрген. Қытай жазушыларының сөзінше: сол кезде қаңлылар жүз жиырма мың үйлі халық еді. Қаңлыларға ол кезде бес кішірек хан қарайды. Сол қарағандар Ташкент, Самарқан, Кирмән, Бұқара, Хиуа еді.

Еврей жазушылары оларды Ескаф яки Сақа деп жазды. Осы айтылған түрік халқының бірталайы фарсы ішінде қалып, соның Ақжар деген нәсілінен Нәдір шаһ деген фарсыны қаратып алды. Осы күнгі фарсының патшасы сол түріктің Қажар деген тайпасынан Мұзафориддин шаһтың баласы Махмед-Ғали шаһ.

Сонан соң, 1219 жылы Шыңғыс ханның әскері Орта Азиядағы елді шауып, быт-шыт қылғанда, әр ел толқынып ауғанда, жоғарыда айтылған қаңлының Қап хан дегенінің халқы елу мың үйдей. Қаңлы ауып, Рұм жеріне барды. Біраздан соң соғыс басылған кезде Қаптың баласы Сүлеймен елін алып келе жатқанда Фират дариясына суға кетіп өлген соң, Сүлейменнің баласы Тұғрұл төрт үйдей елімен Арыз Рұм жағында қалыпты. Өзі батыр болып маңындағы елдерді алып жүрген. Күния патшасы Ғалаеддин деген Шыңғысхан баласы Шағатайдың әскерімен соғысып жатқанын көріп, Ғалаеддинге болысып, көп қайрат көрсеткен соң, Ғалаеддин риза болып, Аскуд, Қаршатау, Тұманши деген жерлерді беріп Тұғрұлды әскербасы қылыпты. 1272 жылы 90 жаста Тұрғұл өліп, орнына баласы Ғұсман әскербасы болды.

Бұл әкесінен де мықты болып, әр жерді алып, Қараша Хасар деген жерді алғанда, Ғалаеддин Ғұсманды өз алдына бөлек бек қояды. Онысы 1282 жылы еді. Мұнан он бір жыл соң Терезедегі Шыңғыс нәсілінен хан болып тұрған Ғазан хан Рұм жұртын шауып, әрбір кішкене хандықтарға бөліп жібергенде Ғұсман да өз еркі өзінде, бір хан болып қалды. 1300 жылы сол себептен ол түріктер Ғұсман жұрты атанып, Ғұсман сұлтанды бірінші Сұлтан деп санайды.

1. Ғұсман Тұғрұлұлы. 2. Орхан Ғұрманұлы. 3. Мұрадхандау да-ункар Орханұлы. 4. Иілдірім Баязид Мұрадхандау — даункарұлы (Махмед Баязид). 6. Мұрадұлы. Махмед Фатих Марадұлы, Баязид Мадму Яуз Слам Баязидұлы, Канун Сүлеймен Яуз Сламұлы, Салам Сүлейменұлы. Марад Саламұлы, Махмед Марадұлы. Ахмед Махмедұлы, Мұстафа Махмедұлы. Ғұсман Ахмедұлы. Марад Ахмедұлы, Ибраһим Ахмедұлы, Махмед Ибраһимұлы, Сүлеймен Ибраһимұлы, Ахмед Ибраһимұлы, Мұстафа Махмедұлы, Ахмед Махмедұлы, Махмед Мұстафаұлы, Хұсман Мұстафаұлы, Мұстафа Ахметұлы, Ғабдулхамид Ахмедұлы, Салам

Мұстафаұлы, Мұстафа Ғабдулхамидұлы, Махмұд Ғабдулхамидұлы, Ғабдулхамидұлы осы күнгі Сұлтан.

ПАРСЫДАҒЫ ҺӘМ ЗАКАВКАЗДАҒЫ ТҮРІК НӘСІЛІ

Бұл Парсы мен Закавказьядағы түріктерге мағұл түріктен келіп араласқан. Рошиддиннің сөзінше Хулағу ягни Әлеукенің әскеріне косып берген. Осы фарсы мен Закавказ түріктерінің рулары мынау қажар, афжар, қашпай, шайзион, бендиллі, қарабөрік алаберді, қарақоюлы, жанбеклу, епенлу, әбухасенлу, кенгірлу, жерруз, хожаали, келлекүл, шайхлу, баят, қылыш, жалайыр, мұның ішіндегі қажар — Қажар ноянның нәсілі дейді. Ол сырдақ ноянның баласы Алексінің әскербасы еді.

* * *

Біздің қазақтар Түркістаннан күншығыс, күнбатысындағы отырықты түрік нәсілдерінен әм түрікше сөйлеп, түрік болып кеткен тәжіктерді бәрін сарт деп атайды. Бұл сарт деген көз алдына бір ел яки бір атаның аты емес. Бұл сарт деген ат ең ескі шежіре кітап «Құдатғу білікте» де бар. Ол кітап Қашғарда 1070 жылға жақындағанда жазылған.

Бұл сарт деген Яксари деген сөзден шыққан. Ол Сырдарияның ескі замандағы аты. Сонда барып орныққан ел кім де болса сарт атанып кеткендіктен болған.

Өзбек — сарт дейтұғынымыз өзімізден айрылған өзбек, татар және қарақалпақ деген ел бар. Ол тіпті қазақ атанған соң айрылған. Сондай елдердің бәрі де сол Сырдарияға барып, орныгып, бұрынғы сарт атанып тұрғандармен бірге сарт атанған. Және құрама деген ел бар. Бұлар — Ақтабан шұбырындыда жүре алмай қалған кедейлер. Рулары Кериоші, Шайрухия, Бұқа, Мұраталы, Керейіт, Байсұр, Қарақытай, Қалайбар, Панғаз. Бұлар сартқа қосылып егін салған.

Құрама ішінде Тама, Алшын, Жағалбайлы, Керей, Қанжығалы, Үйсін, Жалайыр бәрі бар.

ӨЗБЕК

Бұл өзбек деген Өзбек хан атымен аталған деп айтылған. Әз-Жәнібек ханға еріп, Шағатай нәсіліне қараған. Қазақтардан Мауреннаһрде отырықты болып қалғандықтан өзбек атанып қалды. Онан басқа анық қазақ еді. Бұлардың ішінде Жошыға қараған

мағлұдан да, татардан да бар. Шағатайға қарағандардан қосылғандар да бар.

Бұл өзбек рулары: тұяқлы, онын ішіндегі рулар: Молла ке-сен, Мырза кесек. Мияты, бұлар ноғайдан.

Найман, бұл үш ру: Қостамғалы, Уақтамғалы, Садырбек, бұлар найман әм қоңыраттан бөлінген қазақпыз дейді.

Үйсін үш ру: Ошақты, Көзтамғалы, Ергенеклі. Құтшы, Қатан, бұларды Бекзат деседі. Сарай, Бағрин, Юз, Қырық, Мың, Қытай, Қыпшақ, Қарақалпақ, Түрікмен, Жалайыр, Дүрмен, Түрік, Маңғыт, Қаңлы, Кенегес, Месет, Яби, Тама, Меркет, Аллат, Баташ. Осының бәрі әр жерден келгендер өзбек атанып отырған.





МҰСЫЛМАНДЫҚ ШАРТЫ

Уа достар, жақсы мінезді болуға тырысу керек. Әуелі ынсапты болу керек. Ынсап деген әр істе аспай, кем қалмай, орташа болмай, әділет деген де осыдан шығады, әр істің орнын тауып істемек те осыдан шығады. Аятта: «ин-нал-лаһа йухиббул-муқситина» — мағынасы: Алла таға-ла әділдік қылғандарды сүйеді деген.

Бисмил-лаһир-рахманир-рахим!
Өлшеусіз, сансыз ғаламды басында жоқтан бар қылған құдіретінде өлшеу жоқ, теңдес, шерігі жоқ, мінсіз Алла тағалаға сансыз разылық, шүкір.

Мұнан соң Алла тағаланың абзал жаратқан ақырзаман пайғамбары Мұхаммед Мұстапа салла Аллаһу ғалайһи уә сәлләм хазіретіне салауат.

Мұның соңында, уа, достар, Алла тағала барша адам баласын бір Алла тағаланың барлығын, бірлігін һәм өзін жаратқан ие екенін біліп, иман келтіріп, құлшылық қылсын деп жаратқан. Аятта: «уа ма халақтул-жинна уал-инса илла ли йағбудуна»[1] — деген, мағынасы: жын менен адамдарды құлшылық қылсын деп жараттым деген. Солайша құлшылық үшін жаралғанды оқығандарыңыз кітаптан, оқымағандарыңыз молдалардан естіп-білген шығарсыздар. Алайда болса, біздің қазақ халқының өз білімінен жазылған кітап жоқ болған соң, ғараб, парсы кітапты білмек түгіл, ноғай тілімен жазылған кітаптарды да анықтап ұға алған жоқ шығар деп ойлаймын. Сол себептен иман, ғибадат турасын шамам келгенше қазақ тілімен жазайын деп ойландым. Бұл кітап әрбір қазақ оқуға оңай болып, әрі оларға пайда, әрі өзіме сауап бола ма екен деп, Алла тағаланың рақыметінен үміт еттім. Әмин.
Енді бұрын иман турасын анықтап білу керек. Сол себептен әуелі иман турасын шамам келгенше ұқтырайын.

---

[1] 27-пара, 51-сүре, 56-аят.

ИМАННЫҢ МАҒЫНАСЫ

Иман деген Алла тағаланың барлығына, бірлігіне, одан басқа Алла жоқтығына, Мұхаммед ғаләйһис-сәләмнің пайғамбарлығына, Құран сөзінің бәрі шындығына анық ықыласпен нанбақ.

Иман айтқанда «ла илаһа иллал-лаһу уа Мухаммаду расулуллаһи» — дейміз. Оның мағынасы: «Бір Құдайдан басқа Құдай жоқ және Мұхаммед ғаләйһис-сәләм Алла тағаланың бізге тура жолды көрсетуге жіберген басшысы», деген болады.

Мұның мағынасын білмей, құры айтқанменен иман болмайды және анық, шын наным айтпай, құры тілімен ғана айтылса, о да иман емес.

Аятта: «уа мина-н-наси ман йақулу әмәнна бил-лаһи уа бил-йаумил-ахири уа ма хум би муғминина»[2] — деген. Мағынасы: кейбір адам Аллаға һәм ақирет болатұғынына иман келтірдім десе де, ішкі ықыласы нанбай тұрған соң, ол мұсылман емес, — деген.

Әлбетте, әрқашан шын ықыласпен нанып, иман айтып жүру керек, егер де иман дұрыс болмаса, қанша құлшылық, ғибадат қылынса да, ол қабыл болмайды. «Иман шарт» деген кішкене кітапта иман һәм тәубе туралы сөздің бәрін анықтап айтқан. Соның ішінде иманның жеті рәкіні бар:

«Аманту бил-лаһи-уа малағикатиһи уа кутубиһи уа расулиһи уал-йаумил-аһири уал-қадари хайриһи уа шарриһи мин Аллаһи тағала уал-бағси бағдал-маути»[3] — бұлардың мағынасы: әуелі Алла тағаланың барлығына, бірлігіне нандым, періштелердің барлығына нандым, пайғамбарларына жіберген кітаптарының баршасына нандым, барша пайғамбарларына нандым, ақирет күні болмағына нандым, барша жақсылық, жамандық істер Алла тағаланың тағдырынсыз болмайтұғынына нандым һәм өлген соң тіріліп сұрау беретұғынымызға нандым.

Уа достар! Осы иманды әрқашан айтып, салақ болмай жүру керек. Құранда неше жерде бейіш тақуалар үшін деген. Тақуа деп сақтанғандарды айтады. Адам әр уақыт Алла тағаланың ғазабынан қорқынышта, рахыметінен үмітті болып, қауіп пенен үміттің ортасында болу керек.

Аятта: «уадғуһу хауфан уа тамғаи»[4] — деген. Мағынасы: тілек, дұға қылыңыздар, қауіп пенен үміттің арасында болып деген.

---

[2] 1-пара, 2-сүре, 7-аят.

[3] Иман муфассал - иман кәлимасы.

[4] 8-пара, 7-сүре, 56-аят.

АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ БАРЛЫҒЫН АҚЫЛМЕНЕН ОЙЛАП БІЛМЕК

Уа достар! Алла тағалаға біреуден үйреніп, яки ата-бабаның жолымен ұғып, нанып, иман келтірген кісі де мұсылман болады. Олай да болса өз ақылыменен ойлап, осы дүниенің бір құдіретті күшті иесі болса керек деп, өз ақылыменен дәлел таппаған кісі қатты күнәһар болады және ондай кісі шайтанның азғыруына, біреудің алдауына еріп кетуге жақын тұрады. Құдай тағала баршамызды сақтасын, адам шын ақыл көзіменен қараса, осынша неше түрлі ғаламды жаратқан бір иесі бар екенін біреуден үйренбей-ақ білсе керек. Құранда Алла тағаланың барлығына дәлел аят бек көп, алайда болса ақылмен ойлап білуге бұйырған аятты айтайын.

«Қул унзуру мәзә фис-самауати уал-арди»[5] — мағынасы: Айт, әй, пайғамбар, құлдарыма қараңыздар, ақыл көзіменен аспандағы һәм жердегі барша жаралған нәрселерге деген. Әлбетте, соларға қарасаңыз, құдіретінде өлшеу жоқ. Бір иесінің барлығын білесіз. Жағыпар, Садық хазіреттері айтқан екен: Алла тағаланың барлығына бал жиятұғын арадан артық не дәлел керек, кішкентай нәрсенің артында бал, аузында уы бар. Ол екеуі таусылмайды да, бір-біріне қосылмайды, — деген. Және шайқы Сағди деген кісі айтқан парсыша бейіт: «Барк дарахтан сәз дар назар-и-хушияр-һәр варқыш дәфтер ист маруфат кард кор». Мағынасы: ағаштың жасыл жапырағына ақыл көзіменен қарасаңыз, әрбір жапырағы Алла тағаланы білдіруге бір кітап сықылды емес пе? — деген.

Және адам ойлау керек: осы мені кім жаратты деп? Сонда анық біледі: өзіндей бір адамзат жаратпағанын, әкем жаратты деуге де болмайтұғынын. Әкем себеп болды десе, оның әкесінің жаратылуына кім себеп болды? Сөйте-сөйте Адам пайғамбарға кім себеп? Ақырында барша себептерді бірінен бірі себеп қылып жаратқан бір құдіретті күшті ие керек болады. Сол ие — Алла тағала. Және адам ойлау керек: қайдан шықтым, не үшін жаралдым, түбінде не боламын деп. Осылайша ойлағанда, әлбетте, жоқтан бар қылып бір құдіретті, күшті Алла жаратты. Не үшін жаратты? Жаратқан иесін біліп, соған құлшылық қылсын деп жаратты. Ақырында не қылады? Кімде-кім жаратқан иесінің әміріне мойынсұнып құлшылық қылса, оны құр қалдырмай таусылмас рахат берсе керек. Егерде әміріне мойынсұнбаса — оған таусылмас ғазап қылса керек. Неге десеңіз, осынша ғаламды босқа жаратудың қисыны жоқ. Ақырында жоқ болып кететұғын қылып жаратпаса керек. Онда әншейін бір ойын сықылды болады ғой. Аятта ұқтырып айтқан: «уа ма халақнас-самаға

[5] 11-пара, 10-сүре, 101-аят.

[6] 17-пара, 21-сүре, 16-аят.

уал-арда уа ма байнаһума лағибина»[6]. Мағынасы: Аспан менен жерді һәм оның арасындағы барша нәрселерді ойнап жаратқаным жоқ, — деген. Енді жоғарғы аяттың мағыналарын һәм айтылған дәлел сөздерді анықтап ұғып ойласаңыз, Алла тағаланың барлығына шексіз көңіліңіз нанар.

АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ БІРЛІГІН АҚЫЛМЕН ОЙЛАП БІЛМЕК

Уа достар, Алла тағала жалғыз, одан басқа Алла жоқ. Мұны да ақылмен ойлап білу керек, Құранда бұл туралы аят көп. Олай болса да ақылмен білуге ұғындырған аятты айтайын: «лау кана фиһима алиһатун иллал-лаһу лафасадата»[7] — мағынасы: егер де дүниеде екі Құдай болса, дүние бұзылар еді деген. Және бір аятта: «маттахазал-лаһу мин уаладин уа ма кана мағаһу мин илаһи изан лазаһаба куллу илаһим бима халақа уа лағала бағдуһум ғала бағди субханаллаһи ғамма йасифуна»[8] — мағынасы: Алла тағаланың баласы жоқ және бір Алладан басқа Алла жоқ, егер де басқа бір Алла болса, әрқайсысы өзінің жаратқан нәрсесіменен кетер еді де, бірін-бірі жеңер еді, Алла тағала мұндайлардан таза деген.

Енді ойлап қараңыз, егерде Алла екеу болса, бір Алла бір нәрсені бар болсын десе, бір Алла жоқ болсын десе, сол нәрсе бар болар ма еді, яки жоқ болар ма еді? Әлбетте, бірінің айтқаны болмай қалады ғой. Айтқаны болмай қалғаны Алла болуға лайық болмайды. Сол себептен Алла тағаланың жалғыз екені мағлұм болды, егерде біреу серіктесіп жаратады десе, бұл да бос сөз, оның үшін серікке мұқтаж болған соң, оның да Алла болуға лайығы жоқ. Және бір аятта: «инна масала ғиса индал-лаһи камасали адама халақаһу мин турабин сумма қала лаһу кун фа йакуну»[9]. Мағынасы: анық Иса пайғамбарды Алла тағаланың жаратқаны Адам пайғамбарды жаратқанындай, Адам пайғамбарды топырақтан жаратып тұрып, адам бол деп еді, адам болды. Сол сықылды Ғайса пайғамбарды Мариям ананың қарнында бала бол деп еді, бала болды деген. Және бір сөз: Алла тағала пайғамбарларға өзге адамның қолынан келмейтұғын істерді істеуге мұғжиза берген һәм әулиелерге керемет берген, бұлардың себебі бенделеріне тура жолды көрсетуге пайғамбарлардың пайғамбар екеніне дәлел болсын деп, әулиелердің күнәдан тазалығының кәдірін көрсетпек үшін бұлар да бендесіне рахыметі.

---

[7] 17-пара, 21-сүре, 22-аят.
[8] 18-пара, 23-сүре, 91-аят.
[9] 3-пара, 3-сүре, 59-аят.

АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ СИПАТТАРЫН БІЛМЕК

Уа достар! Жоғарғы сөздерден Алла тағаланың барлығын һәм бірлігін білдіңіз, енді сипаттарын айтайын.

Алла тағала бар, өздігінен бар, біреу бар қылған емес, барлығының алды жоқ, бұрыннан бар, арты да жоқ, ешқашан жоқ болмайды, өлмейді, тозбайды, өзгермейді. Алла тағала жалғыз, не серігі жоқ, не тендесі, ұқсасы жоқ және еш нәрсеге ұқсамайды. Кітапта бұл алты сипатын — затия сипаты дейді. Олар мынау: бар, өздігінен бар, бұрыннан бар, жоқ болмайды, жалғыз, еш нәрсеге ұқсамайды. Бұлардан басқа кітапта субутия деген сегіз сипаты бар. Олар мынау: тірі, білімді, құдіретті, талап қылушы, яғни бір нәрсенің болғанын ұнатушы, болғызушы, яғни бар қылса да, жоқ қылса да сөйлеуші, естуші, көруші. Бірақ бұл сипаттары адамдарға ұқсамайды. Мәселен, біздің тіршілігіміздегідей денеменен емес, біздің құдіретіміздей қол-аяқ, яки қарумен емес, біздің біліміміздей ойменен, көзбенен, яки біреуден ұғып емес. Ақыры өзінің еш нәрсеге ұқсамағаны сықылды сипаттары да өзгенің сипатына ұқсамайды. Және кітапта сәлбия сипаттары деген болады. Олар: ұйықтамайды, өзгермейді деген сықылдылар. Оны ешбір кемшілігі жоқ десе содан ұғуға болады. Ақырында бәрін жиып айтқанда, Алла тағаланың сипаттары кемшіліксіз, білімді, құдірет десе ұғарсыз.

АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ ПЕРІШТЕЛЕРІНЕ НАНБАҚ

Періштелер Алла тағаланың жаратқан құлдары, әрқайсысы әрбір қызметте. Олар күнә қылмайды. Олардың да абзал жақсылары, пайғамбарлары бар. Жәбірейіл, Ысрапыл, Әзірейіл, Мікәйіл дегендер періштелер Алла тағаланың өміріменен әр түрлі суретке кіріледі һәм көзге көрінбей де кетеді. Алла тағала оларды біздің денеміздей қылып жаратпаған. Ондай денелерді кітапта «аджсам латифа» дейді. Періштенің барлығына нанбайтұғын қисыны жоқ. Жын, сайтан, пері дегендерге де нанылады ғой, пайғамбарға нансаңыз, Құранға нансаңыз, бәрі де рас болады.

АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ ПАЙҒАМБАРЛАРҒА ЖІБЕРГЕН КІТАПТАРЫНА НАНБАҚ

Алла тағала бенделеріне тура жолды ұқтыру үшін әрбір заманда пайғамбарлардың қайсыбіреулеріне кітап жіберген. Оның үлкені төртеу: бірі біздің пайғамбарымызға жіберген Құран, біреуі Мұса

пайғамбарға жіберген Тәурат, біреуі Дәуіт пайғамбарға жіберген Забур, біреуі Ғайса пайғамбарға жіберген Інжіл және бұлардан басқа сухуф дегендері бар. Адам пайғамбарға, Ибраһим пайғамбарға дегендей әрбір біреулеріне жіберілген. Солардың бәрін де рас деп тану керек. Бұл кітап дегендер біржолата кітап болып келген емес, Алла тағаланың періште арқылы пайғамбарларына білдірген сөздері, әмір бұйрықтары. Соны кітап қылып жазылған. Біздің пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстапа салла Аллаһу ғаләйһи уә сәлләм соңғы ақыр заман пайғамбары болған соң соған жіберілген. Құранның сөзімен ғибадат құлшылық қылмақ дұрыс болған. Мұнан соң еш пайғамбар болмайды. Сол себептен өзгеден өзге шариғатпен жүруге дұрыс емес. Құранның сөзі бұрынғы кітаптардың кемін толтырып, кейінгі заманына қарай біржолата бекітіп айтылған.

АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ ПАЙҒАМБАРЛАРЫНА НАНБАҚ

Уа достар, Алла тағала бенделеріне тура жолды көрсетпек үшін әр заманда пайғамбар жіберген. Әуелі Адам пайғамбар, ақыры біздің пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстапа салла Аллаһу ғаләйһи уә сәлләм. Бұл екеуінің ортасында көп пайғамбарлар болған. Оның санын білмек бізге міндет емес, қанша болса да Алла тағаланың жіберген пайғамбарларының бәріне де нандым дейміз. Олардың ішінде Құранда аттары айтылған жиырма сегізінің атын білмек керек. Олар мынау: Адам, Нұх, Худ, Лут, Зұлкифіл, Салық, Ибраһим, Аюб, Исмағыл, Исхақ, Жүніс, Ыдырыс, Жақып, Жүсіп, Ілияс, Әлиасағ, Дәуіт, Сүлеймен, Мұса, Харун, Яхия, Ғайса, Шұғайб, Зікірия, Мұхаммед салла Аллаху ғалайһим ажмаин, Ғузайр, Лұқпан, Зұлқарнайын — бұл үшеуін кейбіреулер пайғамбар деп, кейбіреулер пайғамбар емес деген. Сол себепті анығын Алла білер дейміз де қоямыз.

Енді көбінесе иманның дұрыс болмағы пайғамбарға нансаң — Құранға нанасың. Құранды Құдай тағаланың сөзі деп пайғамбарымыз үмбетіне айтып білдірген, Құранға нанған соң бәріне нанғаның болады және Алла тағаланың барлығына нансаң — пайғамбарға да нанасың. Себебі: барша адам баласын Алла тағалаға құлшылық қылсын деп жаратып қойып, мынау жақсы - мұны қылсаң рахыметіме жолығасың, мынау жаман — мұны қылсаң қаһарыма жолығасың деп білдірмей, өздерің білсең біл, білмесең қой дегені лайық болмайды. Дүниеде не нәрсе бар болса, соның бәрі адам үшін жаратылған, не нәрсе болса да адамның не пайдасы, не залалы үшін. Сол себептен аятта айтқан: «уа саххара лакум ма фис-самауати уа ма фил-арди»[10]. Мағынасы: аспандағы һәм жердегі нәрселердің бәрін

сіздерге үйреттім, яғни сендер үшін жараттым деген. Енді солардың қайсысы сауап, қайсысы күнә, қайсысы пайда, қайсысы залал екенін Алла тағала адамның өзіне пайғамбар хабаршы жіберіп, бенделеріне білдіргені анық ақылға дұрыс. Енді біздің пайғамбарымыздың пайғамбар екеніне ешбір күдік жоқ. Аятта айтқан: «уа из қала Иса бну Мариама иа бани-Исраила инни расулул-лаһи илаикум мусаддиқан лимма байна йадаийа мин ат-таурати уа мубашширан би расулин иағти мин бағдисмуху Ахмаду»[11]. Мағынасы: қашан Ғайса ғаләйһис-сәләм айтты: Әй, бани Исраил қауымы, мен сіздерге Алла тағаланың жіберген пайғамбары мен менен бұрынғы Мұса «ғалайһис-саламға» келген Тәуратта айтылған һәм менен соңғы келетұғын бір пайғамбардың хабарын білдіремін сіздерге. Оның есімі, яғни аты Ахмад, яғни Мұхаммед «ғаләйһис-сәләм» деген. Және біздің пайғамбарымыз ешкімнен оқымай, үйренбей бұрынғы пайғамбарымыздың һәм қанша халықтардың не халімен өткенін білгендігі пайғамбар екеніне үлкен дәлел емес пе! Сол уақыттағы Тәурат, Інжіл оқып жүргендер сынамақ үшін неше түрлі сөздерді сұрағанда һәммасына жауап берген және дінінің хақ растығынан қайдағы білімді ақылдылар дініне кіріп, мұсылман болып, азғана заманның ішінде қаншалық жерге мұсылман діні жайылып кеткені де не малменен емес, не әскерменен емес, яки бұрыннан тұқымынан патшалықпен емес, жалғыз ғана мұсылман дінінің хақтығы һәм өзінің пайғамбар екенінің растығы емес пе? Және осынша істерді дүниелік үшін қылды деп те айтуға болмайды. Оның үшін өзі халықты біліп тұрғанда неше күндей аш жүріп, тамақты да жөндеп жемейді. Тамақтың жоқтығынан үйіне неше күнде от жағылмай, құр су менен құрманы қорек қылып жүре береді. Кәпірлерді жеңіп алғандағы олжа қазыналардың бес еседен бірі қазынаға алынады, оны ұстап ішіп-жесе, ешкім бөгет болмайды. Сонда да бір тиын алмай, ішкен асы арпа ұны болып, киген киімі жамаулы болып, өзі дүниеден өткенде түк малы қалған жоқ. Кебісін өзі жамап киюші еді. «Алфуқару фахри», яғни мақтаным кедейшілігім деп көбінесе пақырлары мен жетімдерді құрметтеуші еді. Мұнан артық не дәлел керек. Аятта біздің пайғамбарымыз туралы Алла тағала айтқан: «уа ма арсалнака илла рахматан ли-л-ала-мина»[12]. Мағынасы: мен сені барша ғаламға рахыметім үшін пайғамбар қылдым деген. Және Құраннан артық не мұғжиза керек. Әрі дүниедегі адамшылыққа, әрі ақиреттегі аманшылыққа керек сөзден айтылмағаны жоқ болса да, ақыл-ғылымның жайын содан артық кім ұқтыра алады! Содан артық қандай низаммен дүние түзіліп тұра алады!

---

[10] 21-пара, 31-сүре, 20-аят.

[11] 18-пара, 61-сүре, 6-аят.

[12] 17-пара, 21-сүре, 107-аят.

АХИРЕТ КҮННІҢ БОЛМАҒЫНА НАНБАҚ

Ахиретте тексерілмегіміз таразы-сират кәпірі, қылған істеріміз дәптерге жазылып берілмегі баршасы рас. Құдай біліп тұрса да, адамдар білмейді. Сол себептен әбден армансыз қылып істеген ісімізді мойнымызға анықтап салып, рақым қылса, әділетін барша халыққа бірдей білгізіп, әркімнің лайық орнына жібереді. Аятта: «куллу шайғин халикун илла уаджһаһу»[13] — мағынасы: бір Алланың өзінен басқа нәрсенің бәрі пәлек болып бұзылады деген. Ахиреттің болмағы анық, адам өлсе де, жан өлмейді, бейіш пенен дозаққа кірген соң тіпті өлім жоқ, біржолата қалады. Аятта: «халидайна фиха абадан» — деп неше жерде айтылған. Мағынасы: біржолата қалады бейіште де һәм дозақта да деген. Және аятта: «уа надағул-мауазинал-қиста ли иаумил-қиямати фала тузламу нафсун шайған уа ин кана мисқала хаббатин мин хардалин-атаина биһа уа кафа бина хасибина»[14] — деген. Мағынасы: қоярмыз қияметте әділ таразыны ешкімге залым қылынбас еш нәрседен. Тарыдай кішкенесі болса да таразыға келтіріп салынар, бәрінің де есебін табармыз деген. Әлбетте, солай болғаны ақылға да дұрыс. Осынша ғаламды жаратып, ақырында тексерусіз, ешбір мақсұтсыз қалуға лайық болмайды.

ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ ТАҒДЫРЫНСЫЗ БОЛМАЙДЫ ДЕП НАНБАҚ

Уа достар, жақсылық, жамандық әрне іс болса Алла тағала болсын демей болмайды. Бұл сөзді бек анықтап ұғу керек. Осының мәнісін білмей, теріс ойлайтұғындар көп. Кейбіреулер адамда тұк серік жоқ, әрне қылса Құдай тағала қылғызады деп, Алла тағаланың бендеге берген ерік пенен талабын танады. Бұл теріс, кейбіреулер жақсылық, жамандықты басында жаратқан Алла тағала, сол себептен бәрі Алладан дейміз. Одан басқа Алла тағала дүниедегі бенденің ісіне тіпті кіріспейді. Бәрін де жаратты да, пайғамбар артықты ұқтырды да қойды. Бенде өзі сүйгенін қыла береді дейді. Бұл ой да теріс ой. Және кейбіреулер біздің не қылатұғынымыздың бәрін де Алла тағала өзі әрқашан біліп, лаухул-махфузға жазып қойды. Оны қылмай кетуге бендеде не ерік бар дейді. Бұл сөз де ақылсыздықтан айтылады. Бұл үш түрлі сөздің жауабы оңай — әуелі адамда тұк ерік жоқ деген кісіге айтамыз: адамда тұк ерік жоқ

[13] 20-пара, 28-сүре, 88-аят.
[14] 21-пара, 21-сүре, 47-аят.

болса, бенденің ғибадатына сауап, күнәсіне азап қылғаны әділет емес болады. Себебі бәрін Алланың өзі қылғызып, біріне сауап, біріне жаза қылғаны дұрыс болмайды ғой. Аятта: «иннал-лаһа ла йазлимун-наса шайған уа лакиннан-наса анфусаһум йазлимуна»[15]. Мағынасы: анық Алла тағала бенделеріне залал қылмайды еш нәрседен. Бірақ бенделер өзіне өздері залал қылады деген. Енді осыдан ойласаңыз, Алла тағала бендеге еріксіз іс қылғызып, ол үшін сауап, не жаза қылмайды. Және аятта: «инна һадайнаһус-саби-ла имма шакиран уа имма кафуран»[16] — деген. Мағынасы: біз көрсеттік тура жолды бенделерге, мейлі шүкірлік қылып мұсылман болсын, мейлі қарсылық қылып кәпір болсын дегені. Және бір аятта: «уа ан лайса лил-инсани илла ма саға»[17]. Мағынасы: адамға өзі ықыласыменен ұмтылмай тұрып еш нәрсе жоқ деген. Енді бұл сөзге бір дау айтылады, өйтіп бендеге іс қылса да өз ерігі болатұғын болса, дүниеде Алла тағаладан тілек тілемек бекер болмай ма, не себептен тілек тілеуге бұйырылған десе, бұл сөзге айтамыз: жоқ, бенде біржолата өзінің ойлаған ісінің бәрін істеп, орнына келтіруге құдіретті емес. Ол істі орнына келтірмек Алла тағаладан өзінің талабына ғана ерікті болды дейміз. Олай болса, Алла тағала бенденің бір арам іске талап қылғанын неге орнына келтіреді, онысы арамға жәрдем қылғаны болмай ма десе, абыз етеміз. Ол жәрдем қылғаны емес, қаһар қылғаны. Себебі ол кісіге пайғамбар арқылы, молдалар арқылы артықты ұқтырып, білдіріп тұрса да, болмай, нәпсісіне еріп қызығып, ұмтыла берген соң, Алла тағала қаһар қылып, ол іске бөгет қылмай қоя береді. Сол себептен аятта айтқан: «уа назаруһум фи туғйаниһим йағ-маһуна»[18]. Мағынасы: оларды өздерінің бұзықтығына қалдырармыз, қайран болар да қалар деген. Енді дүниедегі іске Алла тағала кіріспейді деген кісіге жауабымыз — егер де олай болса пайғамбарды жоқ дегенің болады. Себебі пайғамбар да әншейін өз дегенін бір себептен болған болады. Оның үшін Алла тағала дүние ісіне кіріспеген соң, қалайша пайғамбар жібереді. Және сауап, күнә, тілек — бәрі бекер болады. Себебі Алла тағала дүние ісіне кіріспесе, тілекті де бере алмайды. Және әр нәрсе себебін болған болып, сауап іс қылғанға разы болып, рахымет қылып, обал іс қылғанға жаза қылудың да қисыны жоқ. Оның үшін мұның күнәкар болғанымда бір себеппенен, яки әкім себеп, яки жолдасым, яки тұрған жерім жаман болды. Сондықтан күнәкар болдым, оны кімге тартқызады. Аятта: «уа ла тазиру уазиратун уизра ухра»[19]. Мағынасы: біреудің жүгін біреу көтермейді деген, егер де аятқа тоқтамасаң, ақылға да лайығы

[15] 11-пара, 10-сүре, 44-аят.
[16] 29-пара, 76-сүре, 3-аят.
[17] 27-пара, 53-сүре, 39-аят.
[18] 7-пара, 6-сүре, 110-аят.

жоқ. Себебі менің күнәмді себеп болған біреуге көтертсең, оған да біреу себеп болып, ақырында Адам пайғамбарға да бір себеп керек болады. Сол себептен бұл сөздің де түбі теріс болады. Енді Алла тағала біздің не қылатұғынымызды біліп қойған, оны қылмай кетуге болмайды деген сөзге жауабымыз — бұл сөзді сөз емес дейміз. Себебі Алла тағаланың сен не қылатұғыныңды білгені — саған зорлық қылғаны емес, қыл деп қылдырғаны да емес, ғылымның зор болғандығына білдіргені саған ғұзыр болмайды, адамның да ақылдысы — сен ысырап қылып бар малыңды орынсызға шашып жүрсең, аздан соң кедей болатұғынынды біледі. Сен біліп істеген соң кедей болдым деген дауың жөн бола ма. Сол сықылды сөз. Алла тағаланың білгендігі — саған қыл дегені емес. Сол себептен бұл сөзің сөз де емес. Енді молдалар да аят, хадис сөзіменен дау айтып, талас шығаратұғын болады. Кейбіреу біле тұра ғылым салыстырмақ болады. Ол бек жаман. Кейбіреулері мағынасын анықтап шеше алмай да қалады. Ол дауласатұғын аяттар мұндайлар. Аятта: «уа ла йарда ли ғибади-һил-куфра»[20]. Мағынасы: Алла тағала разы емес құлдарының күпір болғанына деген. Және бір аятта: «ма асаба-ка мин хасанатин фа минал-лаһи уа ма асабака мин сайи-ғатин фа мин нафсика»[21] - мағынасы, не нәрсе жақсылық келсе саған, оны Алла тағаладан деп біл. Не нәрсе жамандық келсе саған, оны өз нәпсіңнен деп біл деген. Және бір аятта: «ма асабака мин мусибатин илла бизнил-лаһи»[22]. Мағынасы: не қайғы келсе саған, Алла тағаланың рұқсатымен келді деген. Және бір аятта: «уа туғиззу ман ташағу уа тузиллу ман ташағу»[23]. Мағынасы: Алла тағала қайсыбір бендесін құрметті қылады деген. Және бір аятта: «уа литуджза куллу нафсин би ма касабат уа һум ла йуз-лимуна»[24] — мағынасы: әр бенде өзінің қылған ісіне қарай жазаланады, оларға ешбір залал қылынбас деген. Және бір аят: «ин ахсантум ли анфусикум уа ин асағтум фа лаһа»[25] — мағынасы: егер жақсылық қылсаңыз өзіңіз үшін, егер жаманшылық қылсаңыз және өзіңіз үшін деген. Бұлардан басқа да осындай аяттар көп. Енді осы айтылған аяттар бірі-біріне қарсы сықылданса, олар қарсы емес, бәрінің шешуі мынау: бенде өз талабына ғана ерікті, сол себептен қылған ісіне не сауап, не жаза көреді, бірақ ол ісі орнына келер-келмесі Алладан. Сол себептен, жақсылық орнына келсе, пайғамбар жіберіп, ақыл мархамат қылып

---

[19] 8-пара, 6-сүре, 164-аят.
[20] 23-пара, 39-сүре, 7-аят.
[21] 5-пара, 4-сүре, 7-аят.
[22] 28-пара, 64-сүре, 11-аят.
[23] 3-пара, 3-сүре, 24-аят.
[24] 25-пара, 45-сүре, 22-аят.
[25] 24-пара, 17-сүре, 7-аят.

орнына келтірген Аллаға шүкірлік қыл дегені. Егерде жаманшылық орнына келсе, Алланың тыйғанына болмай, нәпсіме ерген соң қаһарына жолықтым-ау деп шүбә қыл дегені. Бәрі Алладан дегеніміз — Алла тағала болсын демесе, бірде-бірі болмас еді деген соң. Бірақ не істі не себептен орнына келтіргенін, не істі не себептен орнына келтірмегенін біз тексеріп, бәрін біліп отыруға жол жоқ. Оның үшін біз жаратқан құлымыз, құлының ықыласын, талабын Алла тағала өзі сынап, өзі өлшейді, біз өлшей алмаймыз. Сол себептен аятта: «фағ-будуһу уа тауаккал ғалайһи»[26] — деген. Мағынасы: құлшылық қылдағы, Аллаға тәуекел қылып, ісіңді бір өзіне тапсыр да қой деген. Және анықтап ұғу керек, Алла тағала ешқашан бенденің көңілін жаман іске аудармайды. Жаман істі бенде өзі нәпсісіне еріп, шайтанның алдауына еріп, талап қылады. Оны Алла тағала көрмеуі де шариғат һәм молдалар сөзіменен тыйып, жасырын да ойы жүрегіне сезгізіп тыяды, оған да болмай ұмтыла берген соң, қаһар қылса тоқтатпайды. Жақсылыққа әрқашан бұйырып һәм көңілін де соған аударады. Тілегі дұрыс, жүрегі таза бендесін бірде болмаса, бірде түзу жолға салады.

ҚИЯМЕТТЕ ТІРІЛМЕККЕ НАНБАҚ

Уа достар, қашан қиямет болғанда Алла тағала бұрынғы-соңғы барша адам баласын тірі күніндегі денесінен қалған бір әсерінен денесін қайта жаратып, жанын денесіне кіргізіп, тірілтіп, махшар майданына, яғни тексеріп сұрау алатұғын орынға жаяды. Бүйтіп тірілмек қалайша мүмкін болады демек бек ақымақтық болады. Оның үшін осынша барша ғаламды басында жоқтан бар қылған Алла тағала өліп қалған дененің не иісі, не тозаңы дегендей бізге көрінбейтұғын бір әсерінен бір зат қалдырып, содан қайта жаратуға құдіреті жетпей ме? Қасқыр жесе де, отқа күйсе де, одан бір әсер қалдыра алмайды дей алмайсыз. Бұған нанбайтұғын ешбір қисыны жоқ. Және бұған аят дәлел, Құранның бастан-аяқ бар өзі осыған дәлел болады. Ақыл дәлел жоғарыда да айтылған. Тірілтіп, тексермейтұғын болса, дүние бір ойын сықылды болады. Және басқа бір денені жаратып, соған рахат пен азап көрсетуге делінсе, ол да лайық емес.

[26] 12-пара, 11-сүре, 123-аят.

АҚИҚАТ ТУРАЛЫ БІЛМЕГЕНІ БОЛСА КЕШІКПЕЙ СҰРАП БІЛМЕК

Уа достар, кімде-кімнің көңіліне осы иман ықтиқат туралы бір күдік шүбә кірсе — оны кідірмей тез сұрап, ғалымдардан ізденіп білу керек. Олай қылмаса, иманға салақтық қылған болады. Салақ кісі түбі жоқ шелекпенен бірдей, оған құйған ас тоқтамаған сықылды салақ кісінің иманын берік деп айта алмаймыз. «Ат-тауаккафу йамнағу ат-тасдиқа» — дегеннің мағынасы: дағдарын қалу-білуді, нануды тоқтатады деген. Және күпір болармық ойларды да ойлай беру керек емес. Оның үшін бенде өзінің ақылы жетерлік жерге шейін ғана ойлағанда Құранның аятына, пайғамбардың анық хадистеріне һәм бұрынғы әулие мужтаһидтардың пәтуасына сүйеніп отырып ойлау керек. Олай болмағанда, ақылы жетпейтұғын нәрсені білемін деп шәк, шүбә қыла берген ой адамды тез адастырады. Мәселен, Алла тағаланың барлығын, бірлігін, құдіретінің зорлығын, кемшіліксіз екенін һәм сипаттарын білгеннен соң, Алла қандай екен, қайда екен, не қылып тұр екен дегендей ақымақтық ойдан зинһар аулақ болу керек, оның үшін бір Алла тағаланың ақылымыз жетпейтұғын затын білмек түгіл, өзіміз үшін жаратылған дүниенің мың-миллионнан бір нәрсенің қасиет, сырын, пайда-залалын біле алмаймыз, құр табылмасты іздеген сықылданып, босқа қаңғырған жаман адастырып, теріс жолға кетеді. Сол себептен, аятта айтқан: «йа айюһал-лазина аману-джтанибу каси-ран миназ-занни анна бағдаз-занни исмун»[27] — мағынасы: ай, мұсылмандар, орынсыз көп шүбәланып, ойлай бермеңіз. Оның үшін кейбіреуі күнәға батырады деген. Және бір аят: «инназ-занна ла йуғни минал-хаққи шайған»[28] — мағынасы: шәк қылып ойлай берген ой ақ жолға пайда болмас деген.

БАРША ҒАЛАМДАҒЫ НӘРСЕЛЕР АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ ЖОҚТАН БАР ҚЫЛҒАНЫ

Уа достар, Алла тағала бұл дүниедегі нәрселерді басында жоқтан бар қылған. Бір Алланың өз затынан басқаның бәрі Алла тағаланың жаратқан мақұлығы. Жоқтан қалайша бар қылады деп ойлау жарамайды. Оның үшін бар нәрседен бар қылып бір нәрсе шығармақ бенденің де қолынан келеді. Мәнісін білген білімді, өнерлі жандар Алла тағаланың жаратқан нәрселерінен адамның ақылы жете алмайтұғын, таң қалғандай нәрселер істейді. Мәселен, телеграф, телефон, граммафон дегендердің бәрі жердің бір шетінен

[27] 26-пара, 49-сүре, 12-аят.
[28] 27-пара, 53-сүре, 27-аят.

бір шетіне хабар береді, бірі адамша сөйлейді. Алла тағала ондай бардан бар да қылады, машина себеп керек қылмайық. Және жоқтан да бар қылады, дүние бұрын бар нәрседен жаралды десең, оны бар қылатұғын бір ие керек. Егер иесіз өзі бар болды десең, онда даһри дегендердің сөзі сықылды бір теріс ақымақтық болады. Даһарлар дүние өздігінен бар болып, ескірген сайын бір нәрседен бір нәрсе жаралды дейді. Бұл тіпті теріс жол, оның үшін басында түк жоқ болса, неден бар болып, неден ескіреді және айтып иесіз жаралған нәрседе тәртіп болмайды, оны үйретіп тұрған Алла десе, Алла тағаланың өзі жаратып, реттеп тұруы дұрыс. Егерде дүние бар болмағанда Алла тағала өзі қалайша бар болады десе, бұл қаңғырғаны болады. Себебі Алла тағала жаратушы құдіретті ие. Дүниенің өз-өзінен бар болғаны бек дұрыс. Және дүниеде бұрыннан бар шығар десе, о да теріс. Себебі оған бір ие болмаса, құры өзі не құдіретіменен бар болады, содан байқаңыз, дүниенің бәрі Алла тағаланың жаратқаны екенін.

ҚАБЫРДА ЖАУАП СҰРАМАҚ ҺӘМ ӘЛІМСАҚ ДЕГЕННІҢ МАҒЫНАСЫ

Уа достар, адам өлгеннен кейін мүңкір-нәңкір деген періштелер келіп, сұрау алады. Сонда Құдайың кім, дінің қай дін, пайғамбарың кім деп, сондайларды сұрайды. Мұның жауабын осы күннен ұғып, жатқа үйрену керек. Қабірге кірмек ақиреттің алғашқы есігі есепті, сонда түзу жауап бере алсақ, Алла тағаланың жарылқағанының белгісі сол. Құдайым — барша ғаламды жоқтан бар қылып жаратқан, серіксіз, мінсіз жалғыз Алла тағала, пайғамбарым — ақыр заман пайғамбары Мұхаммед Мұстапа салла Аллаһу ғаләйһи уә сәлләм. Дінім — ислам діні. Кітабым — Құран. Құбылам — бет Алла, ықтиқатта, яғни иман турасында мазһабым ахлул-суннати уал-жамағати, яғни пайғамбарымыздың сүндетіменен болған қауым, ғибадатта мазһабым имам Ағзам рахматул-лаһи ғалаиһи, оның шын аты Нұғман. Мұхаммед ғаләйһис-сәләмнің үмметімін. Ибраһим ғаләйхис-сәләмнің милләтіненмін. Мұның себебі, ислам дінінің басы Ибраһим пайғамбардан басталған. Аятта айтқан: «тат-табаға миллата ибраһима ханифан»[29] — мағынасы: үйреніңіздер Ибраһим ғаләйһис-сәләмнің милләтіне деген. Анық әлмисақтан бері мұсылманмын. Бұл әлмисақ дегенді біздің қазақтың көбі білмейді, мұны анықтап ұғу керек. Құдай тағала Адам пайғамбарды жаратқаннан кейін, қияметке шейін адам баласынан қанша жан жаралатұғын болса, солардың бәрінің жандарын Адам пайғамбардың арқасынан шығарып алып,

[29] 5-пара, 4-сүре, 125-аят.

оларға ақыл, ерік беріп, бәрінен де сұраған «әләсту би раббикум», яғни мен сендердің Құдайың емес пе деп. Сонда «қалу бәлә»[30] — яғни бәрі де айтты, рас, бізді жаратқан Құдайымыз — сен деп. Сол иманды кітапта — иман фітри дейді. Сол себептен кәпірлердің күнәға батпай, жасында өлген балалары бейішке кіреді. Бастапқы — фітри иманын бұзбай өлген үшін. Және сонда барша жандардан Алла тағала уәде алған, дүниеге адам болып келгенде сол иманын бұзбай құлшылық қылып, күнәдан таза болып, Алланың бұйрығына мойынсұнуға. Сол уәденің атын әлмисақ дейді — аятта: «уа қад ахаза мисақакум ин кунтум муғминина»[31] — мағынасы: Алла тағала сіздерден уәдені анық алды. Сол уәдені бұзбай, мұсылман болсаңыз деген. Енді бұл дүниеге келгенде, солардың бірталайы уәдесін бұзбай, таза мұсылман болды, бірталайы дүниеге алданып, шайтанға еріп, антын, уәдесін бұзып, кәпір болды. Бірталайы иманын бұзбаса да, нәпсіге еріп, біз сықылды күнәкар бенде болып, бір Алла, өзің кеш, жарылқа деп зарлап жүр. Алла тағала күнәмізді өзі ғапу қылсын, Әмин.

КҮПІР БОЛАТҰҒЫН ІСТЕРДЕН САҚТАНБАҚ

Уа достар, зинһар күпір болатұғын істерден қатты сақтану керек. Әуелі қалжыңмен болса да, ашумен болса да, ешбір жолменен Алла тағалаға серік қосу жарамайды. Тіл тигізу жарамайды. Кейігенде, наза болғанда Алла тағалаға кейіген жарамайды, көбінесе адамның өз кемшілігінен болған нәрсені Құдайдың құдіреті деп кейиміз, сол бек жаман. Кейбіреу, тіпті, бүйткенше жаратпай-ақ қойса нетті дейді. Құдай сақтасын, бұл тіпті жаман сөз. Бір нәрсені сындырып, яки бүлдіріп алған кісі де, ай, Құдайдың ісі деп айта салады, Құдайдың тағдырынсыз еш нәрсе болмаса да, сөздің мағынасы жаман қылып айтылған жарамайды. Өзімнің айыпсыздықпен, яки білімсіздігім себеп болды деу керек. Қайдағы жақсы істі өзім қылдым деп мақтанып, залал, яки жаман болған нәрсені Құдай тағалаға, яки біреуге жабатұғынымыз қатты ақымақтық. Аятта айтқан: «уа иза азақнал-инсана минна рахматан фари-ха биһа уа ин тусибһум сайиатун бима қаддамат айдиһим фа иннал-инсана кафурун»[32] — мағынасы: қашан біз адамдарға рахыметімізден таттырып жақсылық берсек, мақтанып қуанады. Егер бұрынғы қылмысы үшін бір қайғы көрсе, берген нығметімізді ұмытып, шүкір қылмайды деген. Және зинһар ауыз боқтағаннан сақтаныңыз. Мұсылман адамның, аузы иман, тәсбихтің орны күпір болатұғын нәрсе және зинһар, бақсы,

[32] 25-пара, 42-сүре, 48-аят

құшнаштан бал аштырудан қатты сақтану керек. Оның үшін оған нансаң, кәпір боласың, нанбасаң, оның керегі не. Одан басқа ермек жоқ па. Аятта: «иннамал-хамру уал-майсару уал-ансабу уал-әзләму риджсун мин амалиш-шайтан»[33] — мағынасы: арақ, ұтыс ойын, Құдайдан басқаға шоқынған һәм бал ашқан — бұлардың бәрі арам, шайтанның жұмысы деген. Осы аятты есті тұра бақсы-балгерге бал аштырып, аластатып баққызған жарай ма? Ондай кісіні анық мұсылман деп айта алмаймыз. Шатағым жоқ, әншейін қыламын деген кісіге сене алмаймын. Нанбағаны рас болса, аулақ жүрсін, - одан да ауру болса, оқыған, білген дәрігерге қаратып, Алла тағаладан шипасын бере көр деп сұрасын. Бақсы, балгер туралы пайғамбарымыздың хадисі: «лайса минна ман тутайяру ау тутайяру лаһу ау тукаһһину ау тукаһһану лаһу ау тусаджжиру лаһу уа ман ата каһинан фа саддақа бима йақуму фа қад кафара бима анзала аллаху ис салауату уас-салам» — хадистің мағынасы: кімде-кім бір нәрсені арам қылса, яки арам қылдырса, яки бал ашса, яки бал аштырса - олар менің үмметім емес, яки сиқыр қылдырса — олар менің үмметім емес және біреу бір бақсыға бал ашқызып, соның айтқанына нанса, анық кәпір болды, Құранға нанбағаны үшін деген. Құмалақ салған, жауырын жаққан, бір нәрсені арам қылған, бәрі солардың жолдасы. Бәрінен де аулақ болу керек, осындай нәрселер адамды жаман үйретіп, не болса соны әдет қылғызып, бейне бір сондайдан бір білім, қасиет шығаратұғындай көріп тұрады. Тастың үңгірін, жалғыз ағашты әулие деп мал түнетіп, алым байламақ — бәрі сондай жаман емес. Егерде сондайдағы қылған бір нәрсені қойғанда бір қазаға ұшырасаң да, одан деп ойлама, зинһар сақтан, бір Алла тағала өзінен басқадан пайда, зиян жоқ, не болса Алланың пәрменіменен болады. Ондайларда түк қасиет жоқ, бірақ оқып, білген дәрігерге емдетпек сауап, обал емес. Пайғамбарымыздың хадисі: «ибадул-лахи тадау фа инна Аллаһа лам иада даған илла удға лаһу дауаған илла даған уахидан ал-хара-му» — хадистің, мағынасы: әй, Алланың құлдары, ауруларыңызды емдетіңіз. Алла тағала дауасыз ешбір науқас жаратқан жоқ, жалғыз кәрілік, ажалдан басқа деген, бірақ дәрігер де анық жазады демейсің. Алла тағаладан шипасын кез қылар ма екен деп үміт қыласың. Пайғамбарымыз көзіне сүрме жағушы еді, көзім тозбасын деп, анда-санда дәрі ішіп, ішін жүргізуші еді. Анда-санда қақтықпен қан алдырушы еді. Ішім тоқталды деген кісіге бал ішіп, ішінді өткіз деуші еді. Оқыған дәрігерлік жаман емес екенін осыдан біл, бірақ бұл айтқанымыз біздің бақсы, құшнаш емес, соны жақсы ұғыңыз.

[33] 7-пара, 5-сүре, 90-аят

АЖАЛ ТУРАСЫ

Уа достар, адам қашан да болса бір ажалмен өледі. Бірақ Алла тағала бейішті сауап іс қылған бендесіне дайындаған сықылды. Ажалды да себепке байлаған, не сол адамның өзі себеп, не басқа бір нәрсе себеп болады. Және сол себепті Алла тағала кез болса болсын десе болады, әйтпесе болмайды. Және қайтадан қандай себеппен өлетұғынын Алла тағала бұрыннан біледі. Алла біліп тұрған соң ол бенде өлмей кетуге бола ма десең — жоғарғы менің жаманшылық қылатұғынымды Алла біліп тұрған соң қылдым деген кісінің дауы сықылды орынсыз сөз болады. Және Алла тағала кейбір бенденің өмірін қысқа қылады. Мәселен, оның залалы біреуге тие бермесін деп, яки күнәға бата бермесін деп — яки сондай өзге бір себеппен. Осындайларды не себептен олай қылғанын біз тексере алмаймыз. Оны біле алмаймыз деп жоғарыда айтылды. Енді ұқтыру үшін бір аяттағы істі айтайын — аятта айтқан: «уа аммал-ғуламу фа кана абауаһу муминйна фа хашайна ан йурқа-қуһума туғйанан уа куфран. Фа арадна ан йубдилаһума раббуһума хайран минһу закатан уа ақраба рухман»[34] — мағынасы: ол баланың ата-анасы мұсылман еді. Егер тірі жүрсе, ата-анасын бос бұзақылыққа ертер деп өлтірдім, Алла тағала ата-анасына одан жақсы бала берер деп деген. Бұл аяттың себебі: Мұса ғалейһис-сәләм Хидр ғалейһис-сәләм бір баланы өлтіріпті. Алла тағаланың білдіруінше, ол бала ер жетсе, ата-анасын бұзады һәм өзі де күнәға батпай өлсін деп. Енді осыдан байқарсыз — бірақ бәрі осындай себеппен емес, әрқайсы әр түрлі себеппен, біреу ерте, біреу кеш өлмек. Хақ ажал келген соң оған еш нәрсе бөгет болмайды — аятта: «ла йастахируна сағатан уа ла йастақ-димуна»[35] — мағынасы: ажал келсе, бір сағат кейін де қалмас, ілгері де болмас деген. Пайғамбарымыздың «ла йан-фағул-хазару», яғни сақтанбақтан пайда жоқ дегені осындай ажал туралы айтқан. Және пайғамбарымыздың бір хадисі жоғарғы аятқа қарсы сықылданатұғыны бар. Ол қарсы емес, шешуі бар — ол хадис: «ас-садақату уас-салла-ту тазидани фил-ғумри» — яғни садақа бермек, аурудың халін сұрап, туысқандарын зиарат қылмақ ғұмырдың артылмағаны себеп болар деген. Бұл хадис жоғарғы аятқа қарсы болмайтұғыны — аяттағы сөз қашан Алла тағала бір адамды пәлен уақытта өлсін деп ұнаса, оған ешкім бөгет те болмайды, одан ілгері де өлтіре алмайды деген. Бұл хадистегі сөз Құдай тағаланың қыл деген істерін қылып, сауапты болып, ұзын өмірге есеп болар деген сөз. Құдай тағаланың бекітіп қойған ажалын тоқтатады деген емес. Аятта:

---

[34] 15-пара, 18-сүре, 80-81-аяттар.

[35] 8-пара, 7-сүре, 34-аят

«уа ла тулқу би айдикум илат-таһлукати»[36], — деген. Мағынасы: өздеріңізді өзіңіз өлімге салмаңыз деген. Және пайғамбарымыз бір кісі көлігін байламай, тәуекел қылдым дегенде айтқан: «Қайид уа тауаккал». Мағынасы: көлігіңді байлап қой да, сонан соң тәуекел қыл деген. Енді байқадыңыз ба — біз әрбір зиян істерден сақтануға бұйырылғанмыз, соның ішінде ажалдан да сақтануға міндеттіміз. Сөйтіп сақтанып һәм адал іске ұмтылып, олардың орнына келер-келмесін бір Алланың өзіне тапсырып қоймақ — тәуекел деген осы. Одан басқа мен Құдайға тәуекел қылдым деп шалқаңнан жатсаң — күнәкар болып аштан өлесің. Сол себептен шайқы Сағди айтқан: «Қайтсе де ажалсыз өлмейді деп айдаһардың аузына кірме», деген.

АДАМ ӨЗІН ТАНЫСА, ҚҰДАЙДЫ ДА ТАНЫМАҚ

Уа достар, адам өзін-өзі анық таныса, жаратқан Алласын да біледі — Алланың өміріне де мойынсұнады. Сол себептен пайғамбарымыз айтқан: «ман арафа нафсаһу фа қад арафа раббаһу» — мағынасы: бенде өзін анық білсе, Алла тағаланы да анық білер деген. Және Ғайса ғалейһис-сәләм айтқан: біреудің көзіндегі шөпті алмақ болсаң, әуелі өз көзіңдегі ағашты алып таста деп. Мұның мағынасы: өз міндеріңді тазартсаң, кісінің мінін айтып ұқтыруға, кісіні түзетуге сонда жарарсың деген. Енді адам өзін-өзі білмекке әуелі жоғарыда айтылған қайдан жаралдым, не үшін жаралдым, түбінде не болмақпын деген үш сөзді ойласа керек. Онан соң басыма пайда дүние, ахиретіме пайда не іс қылып жүрмін, халыққа не пайда келтіріп жүрмін, біреуге яки өзіме зиян қылғаннан саумын ба, — деп ойлау керек. Өйтіп өзін-өзі тексермей жүре берген адам хайуан, малыңнан да төмен болады. Аятта: «улағика каланғами бал һум адаллу улағика һумул-ғафилуна»[37] — деген, мағынасы: ол ақымақтар тура аяқты хайуан сықылды, бәлкім, одан да жаман, олар түк білмейтұғын меңіреулер деген. Бұлардың хайуаннан төмен болатұғыны хайуандар білімсіз болса да, көбінің зияны өзгеге тимейді, адамның зиянкестерінің зияны бірталай халыққа тиіп, ел бүлдіреді. Енді байқадыңыз ба, адам өзін-өзі танымақ деген иесінің құлы екенін һәм ғибадат үшін жаралғанын біліп, өзін-өзі тексеріп, зиянды істен қашып, адал пайдалы істі қылуға тырыспақ.

---

[36] 2-пара, 2-сүре, 195-аят

[37] 9-пара, 7-сүре, 179-аят.

АДАМ ХАҚЫ МЕНЕН ХАЙУАН ХАҚЫ

Уа достар, Алла тағаланың құлы екеніңізді білген соң зинһар адам хақы мойыныңызда кетпектен сақтаныңыз. Бұл адам хақы деген — жалғыз мал хақысы ғана болмайды. Адамның мал хақы бар, жан хақы бар, абырой хақы, мұсылмандық дін хақы бар. Не денесіне, не абыройына, жанына, не ғибадатына, не малына, не көңіліне бір зиянды орынсыз тигізсеңіз — бәрі адам хақы болады. Аятта: «иннаһу ла йухиббуз-залимина»[38]. Мағынасы: Алла тағала залымдарды жек көреді деген. Залым деп зиянкес адамды айтады. Және пайғамбарымыздың хадисі — «занбу ла йуғфиру уа занбу ла йутраку уа занбу иуғфиру фа аммал-лази ла йағфиру фаш-ширку бил-лаһи уа аммал-лази иуғфи-ру фа занбу ал-ғабдул-лази байнаһу уа байнал-лаһи ғазза уа джалла уа аммал-лази ла йутраку фа зулмул-ғибади йағ-дуһум бағдан» — деген, мағынасы: бір күнә бар — тіпті кешілмейді, бір күнә бар — қалдырылмайды, бір күнә бар — кешіледі. Әуелгі кешілмейтұғын күнә деген — Алла тағалаға серік келтірген, соңғы кешіледі деген күнә — Алла тағаланың бендеге бұйырған ғибадатын қылмаған. Енді қалдырылмайды деген күнә — адамның адамға қылған залымдығы. Мұны иесі разы болып кешпесе, Алла тағала кеш деп кешкізбейді. Сол себептен күпірліктен соңғы қиын іс адам хақы болады. Әрине, хайуан хақынан да жолы бек қиын пайғамбарымыз айтқан: «лау ғуфира лакум касирун» — мағынасы: егер хайуанға орынсыз қылған істеріңіз кешілсе, талай көп күнәңізден құтылар едіңіз деген. Бұл хайуан хақы деген орынсыз жерде ауырып, халінен артық жүк салып, оны тарта алмаса, соғып қинайсыз. Және не үйреткен емес, не қатты қысылмай тұрып орынсыз қинап, шаршатып, жүре алмай қалса ұрып, қамшылап, кейде тепкілейсіз, кейде сүрініп кетсе де орынсыз, яки қатты керек болмай тұрған кезде не жас баласын, не буаз күнінде орынсыз өлтіресіз, яки болса болған соң жұмыртқасын сындырасың — ондайлардың бәрі де обал, бәрі де хайуан хақы. Және бұл хайуан түгіл жансыз нәрсеге ашуланып, не боқтап, не сындырып, не ұрып тастайтұғын істеріміз ойымызға түскенде бек ойлаймын, әлбетте, ақымақтықтың ең жаманы хайуан менен жансызға ашуланбақ.

ӨТІРІК АНТ ПЕН ӨТІРІК

Уа достар, біздің халықта өтірік ант пенен өтіріктен сақтанбайды. Құдай сақтасын, бұлардың жолы бек қиын. Өтірік түгіл шынға

[38] 25-пара, 42-сүре, 40-аят.

да беталдына ант іше берген жарамайды. Аятта айтқан: «уа ла таджғалул-лаһа ғурда-тин ли айманикум»[39] — мағынасы: Алла тағаланың атын орынсыз қол жаулық қылмаңыз антыңызбенен деген. Бір нәрсеге ант қылып, антын амалсыз бұзған кісі де он кедейді тойғызады. Ол болмаса, он кедейге киім береді. Оған әлі келмесе, тұтас үш күн ораза ұстайды. Және аятта: «иннал-лаһа ла уихиббул-хағинина»[40] — мағынасы: Алла тағала антын бұзғандарды жек көреді деген. Және бір аят: «уа минан-наси ман иағджибука қаулуһу фил-хайати-аддуниа уа йушһидул-лаһа ала ма фи қолбиһи уа һуа алад-дул-хисами»[41] — мағынасы: кейбір адамдар сөзіменен дүние істерінде сені таңқалдырар. Және ойымдағым сол деп, Алла тағаланы куә қылар өтірік. Ондайлар мұсылмандардың қатты дұшпаны деген. Және бір аят: «уалаһум азабун али-мун бима кану йакзибуна»[42] — мағынасы: ол өтірікшілерге қияметте қатты-қатты азап бар айтқан өтіріктері үшін деген. Және бір аятта: «уаджтанибу қаулаз-зури»[43] — мағынасы: жиіркеніп қашыңыздар өтіріктен деген. Енді Құранда өтірік ант пенен өтірік турасы қандай жаман дегенін ұқтыңыз. Мұнан соң ақылмен ойлайтұғын дәлел айтайын — өзіңізді біреу өтірік антыменен алдаса, жақсы көресіз бе, яки өтірік ант беріп, бір зиян келтірсе, яки бір пайдаңызды келтірсе, жақсы көресіз бе, яки сізге пайда, яки зиян болмаса да, өтірікке ант ішкенін білсеңіз, мұнан былай ол кісінің сөзіне нана аласыз ба? Егер нана алсаңыз, оныңыз ақымақтық болмай ма? Және антсыз-ақ біреу өтірік айтып алдаса, жақсы көресіз бе? Ақырында бұл өтіріктің ешбір төлеуі жоқ, намаздай қазасы, оразадай кінәраты жоқ. Өтіріктен құтылуға жалғыз-ақ сол сөзім өтірік еді деп қайтадан өзіне-өзі куә болып, естіген жанға қайта айтып, сол өтірікпенен тарттырған зияны болса, оны не малмен, не сөзбен разы қылмаса, өтіріктің одан басқа төлеуі болмайды. Шариғатта өтірік айтуға біраз ғана жерде рұқсат бар, о да ешбір мүмкін болмағанда. Екі кісіні жақындастырып, араздығын қалдыруға бірінің қатты сөзін біріне айтпай, жақындық сөзін оңдап айтқан сықылды жерде. Және кішкене баланы ұғуға көңілдендірген сықылды жерде. Және жанға, яки дінге қас болатұғын жерде кәпірлерді алдап құтылған сықылды. Осындай орындарда ғана рұқсат қылған, ондай болмағанда өтіріктің жолы бек қиын.

---

[39] 2-пара, 2-сүре, 224-аят.
[40] 10-пара, 8-сүре, 58-аят.
[41] 2-пара, 2-сүре, 204-аят.
[42] 1-пара, 2-сүре, 10-аят.
[43] 17-пара, 22-сүре, 30-аят

ӘР ТҮРЛІ ЗАЛЫМДЫҚТАН ҺӘМ ЖАМАН МІНЕЗДЕН САҚТАНБАҚ

Уа достар, Алла тағала тыйған әр түрлі залымдық пен жаман мінезден сақтану керек. Аятта: «уа ла тағкулу амуалакум байнакум бил-батил»[44] — мағынасы: біріңіздің малыңызды біріңіз бұзықтықпенен жемеңіз деген. Және бір аятта: «инналлазина йағкулуна амуалал-иатама зул-ман иннама йағкулуна фи бутуниһим нарун уа сайаслауна сағиран»[45]. Мағынасы: кімде-кім жетімдердің малын залымдықпен жесе, анығында олар от жеген кісідей дозақтағы отқа тез келеді деген. Және аят: «захарал-фасаду фил-барри уал-бахри бима касабат айдин-наси лийузиқаһум бағдаллази ғамалу лағаллаһум йарджиғуна»[46]. Мағынасы: әр түрлі бәле келсе құрғақта, яки дарияда болсын, ондай бәлелердің болмағы сол жердегі халықтың залымдық, бұзықтық күнәларының себебінен кейбір бұзықтықтарының жазасын дүниеде таттырмақ үшін деген. Және пайғамбырымыз айтқан хадис — «ман матағала ғасабиййа-тан фалайса минна». Мағынасы: кімде-кім күші менен көптігіне сүйеніп жүріп өлсе, ол менің үмметімнен емес деген. Және бір аят: «йа аййуһал-лазина аману ла йасхар қаумун мин қаумин ғаса ан йакуну хайран минһум уа ла нисағун мин нисағин ғаса ан йакунна хайран минһунна»[47] — мағынасы: ей, мұсылмандар, мазақ қылмаңыз ешбір қауымды, оның үшін, кім біледі, ол қауым мазақ қылушылардан жақсы шығар. Және ешбір ұрғашы да бір ұрғашыны мазақ қылмасын, кім біледі, ол ұрғашы өзінен жақсы шығар деген, яғни Алла қасында мазақ қылушыдан мазақ болушылар жақсы болып жүрмесін. Және бір аят: «уа ла тал-мизу анфусакум уа ла танаббазу бил-алқаби бисал-исмул-фусуқу бағдал-имани уа ман лам йатуб фа улағика һумуз-залимуна»[48] — мағынасы: өздеріңізді өзіңіз міндемеңіз һәм жаман ат қойып, қорлап, лақап қылып шақырмаңыз ит, доңыз, кәпір дегендей. Иманды болған кісіге ол бек жаман атақ. Егерде осындайлардан біреу тәубе қылмай өлсе, олар бек залым деген. Және аят: «уа ла таджассасу уа ла йағ-таб бағдукум бағдан а йухиббу ахадукум ан йағкула лахма ахихи майтан фа кариһтумуһу»[49] — мағынасы: біріңізді біріңіз тінтіп ғайыбын қарамаңыз, ғайбат қылмаңыздар. Жақсы көресіңдер ме өлген туысқандарыңның етін жегендей, бұл сондай күнә деген. Және бір аятта айтқан: «уа ла тамши фил-арди марахан аннака лан тахриқал-арда уа лан

[44] 2-пара, 2-сүре, 188-аят.
[45] 4-пара, 4-сүре, 10-аят
[46] 21-пара, 30-сүре, 41-аят.
[47] 26-пара, 49-сүре, 11-аят.
[48] 26-пара, 49-сүре, 11-аят.
[49] 26-пара, 49-сүре, 12-аят.

таблуғал-джибала тулан»[50] — мағынасы: жүрмеңіздер жер үстінде тәкәппарланып, үйткенмен жерді жыртып жібере алмас һәм кекірейгенменен таудан ұзын зор бола алмас деген. Және бір аятта: «уа ла тағауану ғалал-исми уал-ғудуани»[51] — мағынасы: жәрдемші болмаңыздар ешқашан күнә менен дұшпандық залымдыққа деген. Енді жоғарғы аяттардан байқаған шығарсыз, барша жаман мінездерден тыйылуға міндетті екенімізді. Және ақылға да лайығы жоқ. Себебі, осы айтылған істердің бірде-бірін өзіңізге өзге біреу қылса, жақсы көрмейсіз. Бұлардан басқа да жаманшылық толып жатыр. Мәселен, біреу малыңызды ұрлап тартып алса, жақсы кермейсіз. Сондай өзіңіз жек көретұғын нәрсенің ешбіреуін өзгеге қылмасаңыз, Алланың тыйғанынан тыйылған, ақылдың ұнағанын қылған боларсыз. Және өзіңіз біреу тәкаппарлық қылса қалай көресіз, алдаса қалай, яки біреу арақ ішіп, ақылынан адасып, аузына келгенін сөйлеп сандалып жүрсе, оны қалай көресіз. Біреу ысырап қылып малын шашып жүрсе, яки тіпті сараң болып, бейшараға қараспаса, жақсы көресіз бе? Ойлаңыз — өзіме біреу сөйтсе қайтер едім деп? Сол себептен пайғамбарымыз айтқан: «ахаббан-насу ма тухиббу нафсука» — өзіңіз не нәрсені жақсы көрсең, өзгелерге де соны қыл деген.

АДАМ ЖАҚСЫ МІНЕЗДІ БОЛМАҚ

Уа достар, жақсы мінезді болуға тырысу керек. Әуелі ынсапты болу керек. Ынсап деген әр істе аспай, кем қалмай, орташа болмай, әділет деген де осыдан шығады, әр істің орнын тауып істемек те осыдан шығады. Аятта: «ин-нал-лаһа йухиббул-муқситина»[52] — мағынасы: Алла таға-ла әділдік қылғандарды сүйеді деген. Және аятта: «уа иза қултум фағадилу уа лау кана за қурба»[53] — мағынасы: қашан да болса рас, әділ сөйлеңіз, егер жақының да болса рас, әділ сөйлеңіз, егер жақының үшін болса да, яғни жақындыққа да қарамай деген. Және бір аятта: «уа ла тадж-ғал йадака мағлулатан ила унуқика уа ла табсутһа кул-лал-басти фа тақғуда малуман махсуран»[54] — мағынасы: садақа, қайыр қылуға қолыңды мойныңа байлаулы сықылды да қылма және біржола алақаныңды ашып та жіберме — өйтсең малыңнан айырылып, табаланып, қайғыланып отырасың да қаларсың деген. Және аятта: «иннал-мубаззирина кану

[50] 15-пара, 17-сүре, 37-аят
[51] 6-пара, 5-сүре, 2-аят.
[52] 6-пара, 5-сүре, 42-аят.
[53] 8-пара, 6-сүре, 152-аят.
[54] 15-пара, 17-сүре, 29-аят.

ихуанаш-шайатина уа канаш-шайтану ли раббиһи кафуран»[55] — мағынасы: өлшеусіз ысырап қылған кісілер шайтанның туысқаны, шайтан Алла тағалаға кәпір болған деген. Және пайғамбарымыздың бір хадисі — «ма ала ман иқтасада» — мағынасы: артық аспай, кем қалмай, орташа іс қылып жүргендерден деген. Енді рақымды болмақ туралы аят: «хузил-афуа уамур билғурфи уағрид анил-джаһилина»[56] — мағынасы: кешірімді болыңыз, жақсы жолға бұйырыңыз, надан бұзықтардан аулақ болыңыз деген. Және аят: «ман зал-лази йуқридул-лаһа қардан хасанан фа иудағифаху лаһу уа лаһу аджрун каримун»[57] — мағынасы: кімде-кім Құдай үшін деп мұқтаждарға қарыз берсе, Алла тағала ондай екі есе беріп, ол үшін бек зор сауап берер деген. Және жоғарыда айтылған хадис — «ахаб-бан-наса ма тухиббу нафсука» — өзің нені жақсы көрсең, өзгеге соны қыл деген. Және бір хадис — «исмаху йусмах лакум» — мағынасы: кешірімді болыңыз, сізге де кешірімді, рақымды болар Алла тағала деген. Және бір аят: «ла тубтилу садақатакум бил-манни уал-әзә»[58] — мағынасы: бұзбаңыз садақаңызды міндет қылып, яки ренжітіп деген. Және бір аят: «қаулун мағруфун уа мағфиратун хайрун мин садақатин йатбағуһа әзә»[59] — мағынасы: жақсы жылы сөз һәм кешірімділік міндет қылып, яки ренжітіп берген садақадан артық деген. Және пайғамбарымыздың бір хадисі — «сәләсу ман кана фиһи хасабаһул-лаһу хисабан йасиран уа адхалахул-джаннатта би рахматиһи туғта ман харамака уа тағфу ғамман заламака уа тасул ман қатаға-ка» — мағынасы: үш түрлі істі қылған бенденің Алла тағала есебін жеңіл қылып, бейішке кіргізеді. Бірі — сені біреу құры қойса да, сен оны құры қойма. Бірі — біреу саған залымдық қылса да, сен оған залымдық қылма, кеш. Бірі — біреу саған келмей, сені көрмей қойса да, сен оған бар деген. Және пайғамбарымыз айтқан: «ал-халқу куллаһум ғайалал-лаһи фа ахаббахум илал-лаһи анфағуһум ли ғай-амиһи» — мағынасы: барша мақұлық — Алла тағаланың мақұлығы, оның ішіндегі Алла тағалаға сүйіктісі — мақұлықтарына пайдасы тигені деген. Және бір хадис — «ин-нал-муғмина йудруку би хуснил-хулқи дараджатал-қаги-ми» — мағынасы: анығында мұсылман жақсы мінезімен күндіз ораза болып, түнде намаз оқығандардың дәрежесіне жетеді деген. Және бір хадис — «ғафарал-лаһу ғазза уа джал-ла ли раджулин амата ғусна шаукин ғанит-туруки ма тақадда-ма мин занбиһи уа ма тағаххара» деген — мағынасы: халықтың жүретұғын жолындағы бір тікенді Құдай үшін алып тастаған кісінің Алла тағала бұрынғы-соңғы күнәсін кешеді

[55] 15-пара, 17-сүре, 27-аят.
[56] 9-пара, 7-сүре, 199-аят.
[57] 27-пара, 57-сүре, 11-аят.
[58] 3-пара, 2-сүре, 264-аят.
[59] 3-пара, 2-сүре, 263-аят.

деген. Және бір хадис — «инна хуснил-ғахди минал-аймани» — мағынасы: адал уәдесін бұзбаған — иманның белгісі деген. Және бір хадис — «иннакум ла йасғунан-наса би амуаликум уа лакин йасғуһум минкум бастал-уад-жһи уа хуснил-хулқи» — мағынасы: сіздер адамдарды малменен өзіңізге қаратып ала алмассыз, бірақ жылы жүз, жақсы мінезбенен қаратып аларсыз деген. Және аятта: «уа ла тастауи ал-хасанату уа ла ас-саййиғату идфағ бил-лати һиа ахсану фа̀ изал-лази байкана уа байнаһу ғадауа-тун кағаннаһу уалиййун хамимун»[60] — мағынасы: ешқашан жақсылық пенен жамандық бірдей емес, кешіңіздер жамандықты жақсылық пенен, яғни жамандыққа жақсылық қыл, сонда дұшпандығыңыз достық болып, дәл жан-қияр досыңыздай болар деген. Және Алла тағала бендесіне сабырлы болмақты бұйырған — аятта: «иннал-лаһа мағас-сабирина»[61] деген — мағынасы: анығында Алла тағала сабыр қылушылармен деген. Және бір аятта: «фа ин йа-кун минкум миғатун сабиратун йағлибу миғатайни уа ин йакун минкум алфун йағлибу алфайна бизнил-лаһи-уал-лаһу мағас-сабирина»[62] — мағынасы: егер сіз жүз сабырлы болсаңыз, сабырсыз екі жүз кісіні жеңесіз. Егерде мың кісі сабырлы болсаңыз, сабырсыз екі мың кісіні жеңесіз. Алла тағаланың бендеге бендесі, орынсыз қорықпа деп бұйырған. Онда тіпті Алла тағаланы ұмытқан болып кетеді. Аятта айтқан: «фа ла тахшауһум уахшауни уа ли утимма ниғмати ғалайкум уа лағаллакум таһтадуна»[63] деген — мағынасы: ол залымдардан қорықпаңыз, менің қаһарымнан қорқыңдар. Сонда сіздерге толық ниғмат берермін һәм тура жолды табарсыз деген. Және Алла тағала біреуге біреу орынсыз зиян келтірсе, өзіңіздей ғана іс қылуға рұқсат қылған, олай да болса сабыр қылып, кешкеніңіз көп сауап болар деп айтқан. Аятта: «уа ин ғақабтум фа ғақибу би мисли ма ғуқибтум биһи уа лағин сабартум лаһуа хайрун лис-саби-рина»[64] — мағынасы: біреу сендерді қинап ренжітсе, дәл сондай ғана орайын алуға рұқсат бар. Егерде кешіп, сабыр қылсаңыз, онда бек көп сауапқа жолығасыз деген. Енді жоғарғы аят-хадистерден байқаған шығарсыз, ынсапты, рақымды болмақ, сабырлы болмақтың көп сауап екенін. Әлбетте, ынсап, рақым, әдеп болмаса, адамның өзге хайуаннан артықтығы болмас еді. Әдепті болмақ туралы: «ал-әдәбу нисфуд-дини» — мағынасы: әдеп — діннің жартысы деген. Әдепті кісіде ұят бар, ұят бар кісіде иман бар, пайғамбарымыз: «кімнің ұяты жоқ болса — соның иманы жоқ» деген.

---

[60] 1 24-пара, 41-сүре, 34-аят.
[61] 2-пара, 2-сүре, 253-аят.
[62] 10-пара, 8-сүре, 66-аят.
[63] 2-пара, 2-сүре, 150-аят.
[64] 14-пара, 16-сүре, 126-аят

ӘРБІР АДАМ ІСТІ ІСТЕУГЕ ҰМТЫЛМАҚ

Уа достар, адамның бәріне де адал кәсіп қылып, өзі, қатын-балалары біреуден таланбастай тамағын, киімін, көлігін таппақ парыз. Сол себептен пайғамбарымыз айтқан: «талабул-халала уаджибун ғала кулли муслимин» — мағынасы: адал кәсіп қылмақ барша мұсылманға парыз, міндет деп. Және Алла тағала Құранда айтқан: «йа аййу-һал-лазина аману анфиқу мимма разақнакум»[65], яғни, ей, мұсылмандар, пайдаланыңыз берген адал ризығымнан деген. Және бір хадисте: «кулу уашрәбу тасаддақу фи ғайри исрафи уа ла махйалата» — деген, яғни жеңіз, ішіңіз, садақа қылыңыз, бірақ тәкаппарланып сәнденбеңіз деген. Және аятта: «йа аййуһал-лазина аману анфиқу мин таййи-бати ма касабтум»[66] — мағынасы: ай, мұсылмандар, пайдаланыңыз, яғни нәпақаландырыңыз, адал кәсіп қылып тапқандарыңыздан. Және бір хадис — «ман бата каллан мин талабил-халала бата мағфуран лаһу» — мағынасы: кімде-кім адал ризық ізденіп шаршап келіп жатса, күнәсі кешіліп көзі ұйқыға барар деген. Және бір хадис — «хайрун минкум ман лам йатрук ахиратаһу лидунйаһу уа ла дунйаһу ли ахиратиһи уа лам йакун каллан ғалан-наси» — мағынасы: сіздердің ең жақсыларыңыз ақиретін дүние үшін тастамай және дүниесін де тастамай, екеуін де адалдықпен алып жүргендер һәм өзгелердің мойнына жүк болмай, өзі мал тапқандар деген. Және бір хадис — «утлубул-ғилма уа лау бис-сини» — мағынасы: іздеңіз ғылымды қытай жұртынан болса да деген. Бұл айтқаны ғибадат ғылымы емес, дүниелік үшін керекті ғылымдар. Оның үшін пайғамбарымыз қытай жұртының мәжуси, дінсіз халық екенін біледі. Ол ғылым дегені, өнер дегені — ақирет ғылымы үшін айтқаны. Міне бір хадис — «фадлул-ғилми ахаббу илаййа мин фад-лил-ғибадати уа хайру диникум ал-уарағу» — мағынасы: ғылымның қадірі, пайдасы маған ғибадат, нақылдан артық көрінеді. Діннің ең жақсысы — тақуалық, яғни сақтану деген. Тақуалық ғылымды түгел білмекпен табылады. Сол себептен нақыл, ғибадаттан ғылым артық деген, бірақ ғылым іздегенде де, аса байлық мал іздегенде де мақсұтың мақтанбақ, яки біреуді қор, біреуді зор қылмақ болса, дұрыс болмайды. Ондағы мақсұтың — әуел өзінді күнә менен кедейліктен құтқармақ, одан өзге халыққа ғылымыңның, яки малыңның пайдасын тигізбек боласың. Пайғамбарымыз: «ад-дуниа мазрағатул-ахирати», деген — мағынасы: дүние - ақиреттің егіні, мұнда не шашсаң, онда соны орасың деген ғой. Не тапсаң ақиретке пайда іске жұмсаңыз.

---

[65] пара, 2-сүре, 254-аят.

[66] 3-пара, 2-сүре, 267-аят

ПАЙДА КЕЛТІРМЕК, ЗИЯННАН ҚҰТЫЛМАҚ

Уа достар, адам тіршілікте екі нәрсеге міндетті. Алла тағаланың бұйырғаны да сол нәрсе, ақылдың қабыл көретұғыны да сол екі нәрсе. Оны кітапта «джалбу манфаға-тин-дафғу мударратин» дейді. Қазақша айтқанда, пайда келтірмек, зияннан құтылмақ — осы екеуі екі дүниеге бірдей болып табылса, адамшылықтың толық болғаны. Оның көбінесе табылмайтұғыны — кейбір іс дүниеге тыныш болса, ақиретке дұрыс болса да, теріс болады. Кейбір іс ақиретке дұрыс болса да, дүниелікке зиян болса болсын, ақиретке зиян болмасын — соны қатты ескеру керек. Дүние қазір тез өтеді, ақиретте бейішке кірсе де, дозақта қалса да, біржолата қалғаны, тіпті өлім де жоқ, жоғалу да жоқ. Сол себептен, дүниедегі бір күнгідей ғана рахат, яки құмарлық, яки мақтан үшін құтылмас қақпанға түсуден Құдай тағала барша мұсылманды сақтасын. Аятта: «уа ла тулқу би айдйкум илат-таһлукати»[67] — мағынасы: өздеріңізді өзіңіз әлек боларлық іске салмаңыз деген. Кімде-кім басына келген бәледен қашып құтылуға шамасы келгенше қам қылмай өлсе, осы аятқа қарсылық қылған болады. Және дүние үшін қызығын біле тұра ақирет азабына жолықса да, бір бұл емес, көп аятқа қарсылық емес пе? Және пайда келтіру үшін адал кәсіп қылмай, Құдай өзі береді деп жатпақ күпірлік болады. Егерде біреу сөйтіп жатып не аштан, не суықтан, не ыстықтан дегендей бір кемшілікке ұшыраса, аятқа қарсы болып, қатты күнә болады. Сол себептен, біздің қазақта мақал болып жүрген «Алла тағала «сақтансаң сақтармын» дейді», деген сөз — рас сөз. Енді бұл — «джалбу манфағатин — дафғу муддаратин», яғни пайда келтіру, зияннан құтылуды, әуелі өз басына, одан ғылымың, өнерің асса, аудан маңайына, одан да асса, барша халыққа қыласың, шаманың келсе, тамам жанға пайдалы іс қылып, яки іс шығарып һәм тамам жанды залалдан құтқарарлық іс қыласың, яки өнер шығарасың. Аятта: «уал-бақийату ас-салихату хайрунғинда раббика сауабан уа хайрун амалан»[68] — мағынасы: артыққа қалып, көпке пайдасы тиетұғын жақсы істерді қылмақ Алла тағала қасында ең жақсы сауап, ең үміт сол деген. Және бұл турада таза жүрмектікті қатты ескеру керек. Себебі таза жүрмеген кісі әр түрлі бәле, науқасқа кез болады һәм Алла тағалаға ғибадат қылып, тілек те тілеп жүре алмайды. Бойы таза болмаған соң, тілегі де қабыл бола алмайды. Сол үшін пайғамбарымыз айтқан: «ман бата у а фи йадиһи риху ғама-рин фа асабаһу шайғун фа ла йалуманна илла нафсаһу» — мағынасы: біреу төсекке жатқанда тамақ исіменен қолын жумай жатып, бір бәлеге ұшыраса, оны өзінен басқа ешкімнен көрмесін деген. Және

[67] 2-пара, 2-сүре, 195-аят.
[68] 15-пара, 18-сүре, 46-аят.

бір хадисінде: «иннал-лаһа тайй-ибу йухиббут-таййибата назифу йухиббун-назафата фа наз-зифу афнитакум уа ла таіпбахул-йахуда» — мағынасы: Алла тағала көркем, көркемдікті ұнатады, таза Алла тағала тазалықты ұнатады, көше-қораларыңызды да таза қылыңыз, жүһіддерге ұқсап кір-кір болмаңыз деген. Енді өзіңіз де ойлаңыз, таза болмағаныңызды ақылыңыз сап қабыл көре ме, сіздің маңайыңызға сасық, үсті-басы кір біреу келсе, жиіркенбейсіз бе? Жаман іс, қоқыстан кісі ауырып та қалмай ма. Және «джалабу манфаатин дафу мударратин»-нен біз түгіл, даладағы оның да аз ғана хабары бар ғой. Мәселен, суырдың іні қыс болғанда кіріп жату үшін, жаздыгүні қашып кіру үшін, шыбынды ұстап жеуге өрмекшінің торы, осындайлар бек көп қой. Біз хайуаннан артықпыз деп мақтанғанда онымыз рас боларлық іс қылсақ жарайды ғой. Аятта: «қул һал йастауил-лазина йағламуна уал-лазина ла йағла-муна»[69] — деген, мағынасы: білгендер білмегендермен бірдей дейсіңдер ме, әлбетте, бірдей емес деген. Жоғарыда адам өзін танымақта айтылған аят — «улағика каланғами бал һум адаллу улағикал-ғафилуна»[70] — мағынасы: олар тура аяқты мал сықылды, бәлкім, одан да жаман меңіреулер деген. Солай болғанымыз жарай ма? Әр істі істеуге мойынды жар бергізбейтұғын еріншектік, ол адамды хайуаннан төмен меңіреу қылады. Орынсыз іске қызықтырып, ұятсыз, қанағатсыз қылатұғын — нәпсі, ол адамды хайуаннан да ұятсыз, ынсапсыз қылып жібереді. Себебі адам құмарланған нәрсесін қоя алмайды, хайуан бір мезгіл сабыр қылып, өзі жемей, тапқанын балаларына, яки ұя басарына алып келіп береді. Аң алып жейтұғын құстар кешке табылған бір кішкене нәрсеге қанағат қылып, артық тамақ үшін аяғын шайнайтұғын аңға соқтықпай, Құдайдан күтіп, қонақтайды. Біздің адамзат ертеңі түгіл, өмірі жетер-жетпес білмейтұғын жылдарға шейін болсын деп, мал жиямыз деп, әлдене бәлеге ұшырайтұғыны ақылдылық па? Малды қанша болса да халалдан жеп, халық пайдасына ұстамақ бек жақсы, бірақ құры көзі тоймаған жаман іс.

ТӘУБА ҚЫЛМАҚ, КҮНӘДАН ТИЫЛМАҚ

Уа достар, пайғамбар, әулиелер болмаса, бенденің күнәдан тазасы кем шығар. Сол себептен тәубені білу ке-рек. Нәжіс нәрсені сумен жуған сықылды күнәні тәубемен жумаса болмайды. Менің байқауымша, адамда үш түрлі тәубе бар. Оның бірі шын тәубе - ол мынау: бір адам нәпсісіне еріп, бір күнәні қылады да, артынан шын

[69] 23-пара, 39-сүре, 9-аят.
[70] 9-пара, 7-сүре, 179-аят

ықыласыменен қатты күйіп, өкініп, енді қайтып ондайды қылмаспын деп біржолата уәде қылады да, ол күнәні қайтып қылмайды. Мұны молдалар «тәубе насух» дейді. Аятта: «йа аййухал-лазина аману тубу илал-лаһи таубатан насу-хан»[71] — мағынасы: ай, мұсылмандар, Құдай тағала тәубе насыр тәубеменен деген. Екінші бір тәубе, бір адам нәпсісіне еріп бір күнәні қылады да, ішінен қатты күйеді неге қылдым деп. Ей, ендігәрі қылмаспын-ау десе де, анық уәде қыла алмайды, нәпсісіне сене алмайды, бірақ Алла тағалаға сол күнәдан тыйылта көр деп жалбарынады. Бірақ Алла тағалаға бұл тәубе бастапқы тәубедей емес, өйтсе де азаптан қатты қорқады. Рахыметінен үміті бар адамға Алла тағаланың аятта: «ла тақнату мин рахматил-лаһи»[72] дегені — мағынасы: рахыметімнен үміт үзбе дегеніне қарағанда, бұл да тәубе болуға мүмкін. Енді мен білген үшінші тәубе бар, ол мынау: біреу бір күнә қылады да, артынан тәубе қыла салып, онан соң және сондай күнә қылып, оған және тәубе қылдым ғой, керегі не, бірталай жандар осылай қылып жүр ғой деп, көпті мысал қылып салақтау жүреді. Жоғарғы аятқа қарағанда, Алла тағала қай күнәні кешемін десе де кешеді. Әйтсе де бұл соңғы тәубені сенімді тәубе деп айтуға болмайды. Бірақ Алла тағаланың рахыметі мол екені рас. Аятта: «катаба раббукум ала нафсиһи ар-рахмата»[73] — магынасы: Алла тағала өзіне мархамат қылуды лазым қылды деген. Және бір аят: «йамхуллаһу йа йашағу уа йусбит уа ғиндаһу уммул-китаби»[74] — мағынасы: Алла тағала не нәрсені жоғалтқысы келсе жоғалтар, бекітемін десе бекітер лауху-л-махфузда деген, яғни қай күнәні, яки қай сауапты да жоғалтамын десе жоғалтар, бекітемін десе бекітер лауху-л-махфузда. Және бір аятта: «иннал-лаһа ла йағфиру ан йушрака биһи уа йағфиру ма дуна залика лиман йашағу»[75] — мағынасы: Алла тағала өзіне серік келтіргендерді кешпейді, одан басқа күнәнің бәрін де кешкісі келген бендесіне кешеді деген. Бірақ осыған да тәубе, себебі — Алла тағала дүниеде себепсіз нәрсе жаратқан жоқ, бендесіне рақым қылмақ үшін ғибадат, дұға, тәубе, не бұйырған, болмаса, ол ғибадаттан Аллаға пайда да жоқ, қылмасаң, Аллаға зиян да жоқ.

Әлбетте, Алла тағала бендесіне рақымды. Аятта айтқан: «ман джаа бил-хасанати фа лаһу ғашру амсалиһа уа ман джаға бис-сайййиғати фала йуджза илла мислаһа»[76] — Алла тағала бендесінің бір жақсылығына он есе сауап береді, жаманшылық күнә қылса, өзіндей ғана жаза тарттырады, одан арттырмайды деген. Және бір аят: «уа

[71] 28-пара, 66-сүре, 8-аят.
[72] 24-пара, 39-сүре, 53-аят.
[73] 7-пара, 6-сүре, 54-аят.
[74] 13-пара, 13-сүре, 39-аят.
[75] 5-пара, 4-сүре, 49-аят.
[76] 8-пара, 6-сүре, 160-аят.

һуаллази йақбалут-таубата ған ғибадиһи уа йағфу ғанис-саййи-ғати уа йағламу ма тафғалуна»[77] — мағынасы: ол Алла тағала құлдарының тәубесін қабыл қылады, күнәларын кешеді һәм не қылғандарының бәрін біледі деген. Жоғарғы аяттағы создерін байқадыңыз, Алла тағала бендесіне бек рақымды екенін. Олай да болса, шама келгенше күнәдан сақтанып жүру керек. Егерде нәпсіні жеңе алмай, күнә қылып жіберсе де, заңһар тез тәубе қылу керек, ақырында дүниелік мал жиған күнә емес, адалдан жимақ парыз, бірақ Алла тағаланың қаһарын ескермей жүре берген сол қатты күнә. Сол себептен, Сопы Аллаяр хазірет айтқан: «чист дүния аз худа ғафил будан-ниқуман ва нақара фәрзанд һазан» — мағынасы: дүниеге алдануы Құдай тағаланы ұмытқаны, ол — қатын, мал, ақша, баланы ұмытқаны емес деген.

ПАРЫЗ, УӘЖІП, СҮННӘТ, МҮСТӘҺИП, МҮБАХ, ХАРАМ, МАКРУЕ, МӘФСАД

Уа достар, мұсылман адамның қылатұғын істерінің бәрі сегіз түрлі болады. Оның төртеуі шариғаттың қыл деп бұйырған нәрселері, оны парыз, уәжіп, сүннет, мустахаб дейді. Енді қалған тертеуі — шариғаттың қылма деп тыйған нәрселері һәм қыл деп бұйырмаған нәрсесі, оны мубах, арам, мәкүрік, муфсид дейді. Енді осылардың мәнісін әбден үғып алу керек.

Парыз деген — Алла тағала Құранда біржолата осыны қыл деп анықтап бұйырған нәрселер — иман, намаз, ораза, зекет, қаж сықылдылар. Бұл парызға нанбай, парыз емес деген кісі кәпір болады. Құранға нанбағаны үшін, парызды біле тұра қылмаған кісі дозақта азап тартады. Ғұзырсыз болса және парызды қылған кісі көп сауап алады. Уәжіп деген Құранның кейбір аятының әулие, мужтаһиттер осы парыз болса керек деген нәрселер һәм пайғамбарымыз ғұмырында істеп қоймай өткен, һәм қылыңдар деп бұйырған нәрселері, мәселен, құрбан шалған сықылдылар, мұны уәжіп емес деген кісі кәпір болмайды, бірақ біле тұра ғұзырсыз қылмай қойған кісі дозақта азап тартады, қылған кісі сауап алады. Сүннет деген пайғамбарымыздың әрдайым қылып жүрген, ғұмырында бір, яки екі мәртебе ғана қалдырған нәрселері, азан айтқан сықылдылар. Бұл сүннетті біле түрып, пайғамбарымыздың сүннеттерін қылу сүннет емес десе кәпір болады. Пайғамбарға нанбаған болған үшін, егер де ғұзырсыз қылмай қойса, күнәкар болады, қылса көп сауап алады. Мустахаб деген пайғамбарымыздың кейде істеп, кейде істемей қалдырған нәрселері — нәпіл намаз оқыған сықылдылар. Оны

[77] 25-пара, 42-сүре, 25-аят

қылған кісі күнәкар емес, қылған кісі сауап алады. Біреуге көрсету үшін, мактан үшін болмаса. Енді шариғаттың қыл демеген ісінің бірі мубах деген. Мұны қылса да, қылмаса да бенде ерікті. Қыл-ғанына сауап та жоқ, обал да жоқ, қылмағанына да солай. Бұл мубах — аң аулаған сықылды, бас салмай ат жарысқан сықылдылар. Бірақ мубахты істеймін деп жүріп, парыз уәжіп, ғибадатты қылмаса, онда күнәкар бұлады. Шариғаттың қылма дегенінің бәрі — арам. Ол Құранда біржолата осыны қылма деп анықтап айтылған нәрселер — арақ, елексе, бауыздау қан, арам хайуандар сықылдылар. Және ұрлық, зорлық, ойнас, өтірік сықылды, пара алған, есім алған, кезден яки таразыдан жеген, алдап алған сықылдылар. Ондай анық арамды адал деген кісі кәпір болады. Құранға нанбағаны үшін қылған кісі дозақта жаза тартады, қылмай, шариғат жолынан шықпаған кісі көп сауап алады. Мәкүрік деген — жоғарғы уәжіп сықылданып, Құранның бір аятының мағынасына қарап бұрынғы ғалым мужтаһиттер осы арам болса керек деп көбірегі айтқан нәрселер. Ондайды мәкүрік емес деген кісі кәпір болмайды, ғұзырсыз қылған кісі дозақта жаза тартады, қылмаған кісі сауап алады. Муфсид деген — ғибадаттың біреуін бұзатұғын нәрсе. Мәселен, оразада тамақ жеген, намазда сөйлеген сықылды нәрселер. Оны әдейі қылса, сол ғибадаты бұзылып және өзі күнәкар болады. Жаңылып істеп жіберсе, жаза жоқ, бірақ сол ғибадатын қайта істейді. Мәселен, намаз болса, қайта оқиды, ораза болса, күніне күн төлейді. Әйтсе де осы муфсидтен қатты сақтану керек. Оның бұл ескермеген салақтығыменен көбейіп кетіп, ғибадатты бұза береді. Сындырып алып жамай берген нәрсе жақсы бола ма және иман менен ғибадатқа салақтықтың өзі бек зор күнә болады, салақ болмай, сақтанып жүргенде шыққан қатеңізді Алла тағала кешер, бірақ атамыз Адам ғалейһис-сәләмнан бері қарай соңымыздан қалмай келе жатқан шайтанның алдауына ермеудің қамын қылсақ керек. Ол шайтан адамды алдағанда адамның өзі піл менен маймылды алдап ұстап алғандай қылып ұстап алып, үйір қылады, нәпсіменен құмарлыққа ерсек, біздің де піл менен маймылдан артық жеріміз болмас.

НАСИХАТ: ПІЛ МЕН МАЙМЫЛ

Пілдің бар жақсы көретұғын жемісін піл жүретұғын жерге шашып шұбатып соқпаққа шашып, оны терендеп барып тұйық жар қылып қойса, піл жемісті тере-тере тұйыққа қамалады. Сонда артын бекітіп қойып біреу ұрған болып, біреу арашалап алып әлгі жемісті беріп, үйір қылып алып көп жүк артып һәм ойнатып жетелеп жүреді.

Маймыл адам не қылса, соны қылуға құмар. Оны біліп тұру-

шылар маймылға көрсетіп торға орап, шырмап тұрып торды тастай кетсе маймыл да келіп, оралып жатқанда келіп, ұстап алып үйретіп неше түрлі ойын қылғызады. Қалаға барғаныңыз екеуін де ойнатып жүргенін көрген де шығарсыз. Енді бұл екеуі бірі нәпсісі үшін, тамақ үшін құл болды. Бірі не көрсе соған құмар боламын деп құл болды. Шайтан да бізді сөйтіп алдап дәндетіп үйір қылады. Күні бұрын сонан сақтану керек. Піл көтінен кейін шегінуді білмегеннен ұсталды. Біз шегіне білеміз ғой. Шегініп қаралық. Маймыл құмарлығын қоя алмады, ұсталды. Бізде сабыр бар ғой, Аллаға сыйынып алдатпай ғадет (әдет) қылған күнәні қалдырып көрелік.

НАМАЗ, ОРАЗА, ЗЕКЕТ, ҚАЖЫ ТУРАЛЫ НАСИХАТ

Уа достар, көбіңізге мағлұм, иманнан соңғы мұсылман менен кәпірдің айырылатұғын белгісі намаз оқымақ. Аятта: «иннас-салаата танһа ғанил-фахшағи уал-мунка-ри уа лазикрул-лаһи акбару»[78] — мағынасы: әлбетте, намаз адамды жаман бұзықтықтан тыяды, ал Алла тағаланы зікір қылу — ғибадаттың үлкені. Және Алла тағаланың бендеге қыл деп бұйырған істерінің иманнан соңғы зоры осы намаз. Парыздың парыздан артық-кемі жоқ. Бәрі Алланың бұйрығы екені рас. Олай да болса, бұл намазды оқуға мал да керек емес, денсаулық та керек емес. Хәттә олар халге жақындағанда да, халің келсе отырып, яки жатып оқуға міндеттісің. Және бұл намаз күнінде бес мәртебе тазаланып алса, Алла тағаладан тілек қылатұғын дұға мұны парыз қылғаны бендесіне үлкен рахыметі. Оның үшін бір күн, бір түнде бес мәртебе Алла тағаланы көңіліне келтіріп, ғибадат қылған соң, күнәні қылуға көңілі де бара алмас және ғибадат уақытында қолы да тимес. Біз оқығанмен, Алла тағала пайдаланбайды, оқымасақ — зиян қылмайды, өзіміздің жанымыз үшін оқимыз. Олай болса, бұл намазға не себептен салақ боламыз? Парыз емес деп айта алмаймыз, онда пайғамбар менен Құранға нанбаған болады. Егерде ерініп оқымаймыз десек, дүниелік пайда үшін, яки қызық-құмарлық үшін, не қиындыққа шыдап, ерінбейтұғынымыз кәні. Бір күн, бір түнде бес-ақ мәртебе құлшылық қылуға мұнша неге еріншек боламыз?

Ей, достар, оразаға қалайша салақпыз? Оны да парыз емес демейміз. Қарнымыз ашады десек, дүние ісі үшін неше күндер аштыққа, қиыншылыққа шыдайтұғынымыз қайда? Және ораза тұтқанда аузымызға не келсе, соны сөйлеп, күнә сөзден, істерден тыйылмай жүріп ұстайтұғынымыз қалай? Құдай тағаланың он бір

[78] 20-пара, 29-сүре, 45-аят.

айы біздің күнә қылуымызға жетпеді ме? Осы бір ғана айды күнә қылмай, шамамыз келгенше құрметтеп өткізуге шыдай алмағанымыз қалай? Ей, достар, зекетті неге ескеріп, түгелдеп бермейміз? Оны да парыз емес демейміз. Намазға ерінеміз, оразаға қарнымыз ашады, бұл зекетке не деп айла табамыз, мал аяймыз дегеннен басқа дауымыз бар ма? Жә, малды жақсы көрелік, бірақ дүниелік үшін, біреуді зор, біреуді қор қылмақ болып мақтан үшін болсын, би болмақ болып шашқанда, параға бергенде мың теңге ақша бір тиындай болмай, ақшамыз партияға өтсе, саудамыз кәсиет болғандай қуанатұғынымыз кәні. Онда малды неге аямадық. Міне, Құдай тағаланың пақырлар үшін жүз қойдан бір қой зекеті бізге осынша ауыр көрінгені қалай? Тегінде, байқасаңыз, бізге көрінбей тұрса да, бізді теріс жолға қызықтырып, оң жолдан жиіркендіріп тұрған бір нәрсе бар емес пе! Сол шайтан деген жауыңыз. Не қылсаңыз, соған алдатпа.

Уа достар, малымыз жеткеніміз қажға неге бармаймыз? Оған да малды аяймыз десек, жоғарғы айтылған дүние жұмысына мың-мыңнан шашамыз, жанды аяймыз десек, партия араздық үшін, арамдық үшін тура мылтық, сойыл алып, өлімге қарсы тұрысамыз. Және қажға барсақ, Алла тағаланың парызын ғана төлемек болмай, қаж — бұл кісінің көрмеген жері жоқ дегізбек болатұғынымыз қалай? Және келген соң тәубеменен отырмай, бейне бір тергеуден біржолата құтылған кісідей мұндағылардан да антұрған болып, партия басы болатұғынымыз қалай? Ақырында Алла тағаланың адал ғибадатына мал сарып қылмақ түгіл, біреуден алдап, біреуден зорлап, біреуден ұрлап, не қылсақ та малға мал қоса бергеннен басқа, мақтанға мақтан, айлаға айла қоса бергеннен басқа мақсұттарыңыз бар ма? Байқа-ңыз, ойлаңыз, Құдайшылығын айтыңыз, тым болмаса өзіңізге-өзіңіз айтыңыз, кісіге білдірмей-ақ қой. Пайғамбарымыздан сахабалар «адамның ең жақсысы кім?» дегенде, «көпке пайда тигізген кісі» деп, «ең жаманы кім?» деп сұрағанда, «көпке зияны тиген кісі» деген екен. Әлбетте, ақылға да солай, енді біз соның бәрін біле тұра, көпке пайда қылмақ былай тұрсын, көпке зияны тиетұғын әлде-неше түрлі бәлені шығарып, елді бүлдіріп, жастарды соған үйретіп, артымызға жамандықтың ұрығын егіп, дүниеде бір көзіміз тоймай, көңіліміз толмайтұғын ынсапсыздық бізді қайда апарады? Сопы Алдияр хазіреттің айтқан сөзі мынау: «Тамағ бірлән семірген нәфс имәз» — мағынасы: кісіден үміттеніп, содан семірген нәпсі деген антұрған аузын тіліп жатсаң да, үлкенірек тіл деп сұрайды, яғни аузыма көп нәрсе сыятұғын болсын дейді. Соның бәрін біле тұрып, нәпсімізге еріп, Алла тағаланың адал ризығы жоқтан жаман, қайдағы арам нәрсеге құмар болып, мал жисақ, арамнан жиып, шашсақ, қайдағы арам орынға шашып, ал шап, ал қыр, мықты-ақ, батыр-ақ, береген-ақ дегенге мақтанып, екі көзіміз қызарып алды. Артымызды

байқамай кететұғынымыздың арты бек қатты қорқыныш, жоғарғы айтылған аяттағы тура аяқты хайуаннан да төмен дегені біз болмай не болды.

Менің жайымды білетұғындар, осынша суылдап айтып отырғаыменен, өзінің де қылған ісі белгілі болатұғын дерсіздер. Оныңыз ақылдылық емес, себебі мен жаман болсам, сіздер де жаман бол деп пе. Және сондайдан тыйылардық, қайрат, яғни кітапша ғайратпен де жоқ болса, сіздерде бар шығар. Және кім сөйледі, оған қарама, не сөйлейді, соған қара дегенді білесіз бе? Мұсылманның күнәкары түгіл, кәпірдің білімдісі айтса да сөзі дұрыс болса, алмағаның бола ма. Менің өзім қара болсам, сөзім ақ. Құдай тағала әрі өзі, әрі сөзі, әрі көңілі қарадан сақтасын. Тыс қарасы жазылар, іш қарасы қиын болар. А, Құдай, содан сақта. Әмин.

ҚАНДАЙ СУ ТАЗА БОЛАТҰҒЫНЫ

Ағын судың ағыны бір тал саламды иә шөпті ағызып кетсе, дәмі, иісі, түсі өзгермесе, ішіне арам нәрсе түссе де адал болады, дәретке де жарайды. Қар, мұз, жаңбыр сулары таза жерде, яки таза ыдыста ерісе, ол адал болады. Көл, яки кішірек қақтардың айналасы қырық кезге толса, қолменен алғанда түбі ашылып қалмаса, ондай ағынсыз су да адал болады, бірақ ішіне түскен арам нәрсе түсін, иісін, дәмін өзгертсе, онда арам болады. Сондай шұқырда көп тұрған су ескіргендіктен сарғайыңқыраса, онда да адал. Егерде мұндай ағынсыз судың айналасы қырық кезге толмаса, арам нәрсе түспегені, яки ит, қасқыр сықылды сарықты арам хайуан жоламағаны анықталмаса, арам болады, ол судан дәрет алынбайды. Шегіртке, шыбын, құрт-құмырсқа сықылды кішкентай жанды нәрсе суда өлгенменен суды арамдамайды. Гүсыл құйылған, яки дәрет алған, яки бір нәрсені жуған суларменен және дәрет алуға, я гүсыл құйынуға, яки бір арам тиген нәрсені жуып тазартуға жарамайды.

Құдыққа, яки бір ыдысқа жаңа туған қозы, яки адал, яки қасқыр сықылды арам хайуан түссе, тірі шығарса да, өзі шықса да, ол құдықтың бар суын төкпей, су адал болмайды. Сондай өзі арам һәм сарқыты арам хайуан түскеннің бәрі солай. Егерде құдыққа адам, қой, сиыр сықылдылар түсіп өлсе, шірімей түрып алып тастаса да, бар суын төкпей адалданбайды. Егерде сарқыты мәкүрік хайуан, яки торғай, қосаяқ, тышқан сықылдылар түсіп, шірімей шығарылса, онда отыз қауға су төгеді. Егер қосаяқ, торғай, тышқан сықылды нәрсе шіріген соң көріп шығарса, онда құдықтың бар суын төгеді. Егерде құдыққа түскен хайуан өлмей шықса да, құдыққа сиіп, яки тышып жіберсе, онда да бар суын төгеді. Егерде құдықтың

көзі бек молдығынан, яки апарып төгетұғын жердің алыстығынан суын біржолата төгуге шама келмесе, төкпей тұрғанда осы су пәлен шелек, яки пәлендей қауға шығар деп анық мөлшерлеп айтқан екі таза кісінің айтқанындай су төксе, адалданады, арамданбайды. Онда бас суын төгеді, егер де азғантай болса арамдайды және ішіп жүрген құдықтан, бұрыннан жатқан бір өлексе, қосаяқ, яки тышқан табылса, од су тиген ыдыстың бәрін таза суменен жуып, үш күннен бергі намазын қайта қаза қылып оқиды. Егерде одан беріректе түскені анықталса, содан бергі намазын қайта оқиды. Адам менен еті адал хайуандардың бәрінің де сарқыты адал, қасқыр, түлкі, ит сықылды арам хайуандардың бәрінің жалаған, ішкенінен қалған суменен дәрет алу, ғұсыл құйыну өзге су болмағанда дұрыс. Егерде ол мысық, қаршыға, бүркіт сықылдылар бір арам нәрсені жеген соң, кешікпей жаласа, яки ішсе, онда сарқыты күдік. Одан басқа су жоқ жерде сол суменен дәрет алады да және дембі соғады. Өзге су барда тіпті жарамайды. Әр хайуанның терлегендегі тері, сарқыты сықылды болады. Сарқыты адал болса, тері де адал, сарқыты арам болса, тері де арам.

ӘР ТҮРЛІ ТЕРІЛЕРДІҢ ИЛЕУІ МЕН АДАЛДЫҒЫ

Адам мен шошқаның терісінен басқа барша терінің бәрі де илесе адал болады. Жібігенде қайта шылғи қалыбына түспесе, өйтіп иленген тері намазға да дұрыс. Арам өлген өзі тегінде адал хайуанның терісі осындай шылғи қалыбына қайтпайтұғын болып иленсе, ыдыс қылуға жарайды, болмаса жарамайды. Және заты арам хайуанды мысалы, түлкі, қасқыр сықылдыларды тірі күнінде бисмилла, Аллаһу акбар деп бауыздаса, еті желінбесе де қан сөлі тиген киім қол намазға бөгет қылмайды. Бауыздалмай арам өлген өзі тірі күнінде адал хайуанның жүні, тарамысы, сүйегі, мүйізі, тұяғы кепкен соң адал болады. Бірақ ондай арам өлген хайуанның терісін илемей тұрып яки анық кеппей тұрып сатуға, пайдалануға болмайды. Қуық, қарын, ішек — бұлар илесе адал болады.

НАМАЗҒА ЖАРАМАЙТЫН ХАРАМ, НӘЖІС НӘРСЕЛЕР

Нәжіс нәрселер денеге, яки киімге, яки жайнамазға тисе намазды бұзады. Ол нәжістер екі түрлі: кітапта біреуін ауыр нәжіс дейді. Біреуін жеңіл нәжіс дейді. Ауыр нәжіс дегені — арақ, бауыздағанда шыққан қан, арам хайуан һәм арам өлген хайуандардың қаны, сарысуы. Және сідік, боқ. Және адамның қаны, сарысу, іріңдері, адамның ауырлығы, тауықтың боғы,

асыранды қаздың боғы. Тірі малдың яки арам хайуанның қаны, сарысуы, іріңі. Бұлардың бәрі ауыр нәжіс. Мұндайлардан киім де, яки дене де жиырма тиындық күміс теңгенің ауданынан артық тисе, ол нәжісті жуып кетірмей тұрып намазға жарамайды. Егерде жиырма тиыннан кішірек болса жарайды, әйтсе де жуған жақсы.

Жеңіл нәжіс дегені, адал малдың сідігі, арам құстың саңғыруы сықылды. Ондай жеңіл нәжістен киімнің төрттен біріне тисе, намазға жарамайды. Онан кем болса жарайды. Егерде исі сасық болса бұларды жумай болмайды. Қайсысын болса да жуғанда шама келгенше түсін, исін кетіру керек. Тіпті, болмаса өз көңілің тазарды-ау дегенде қоясың. Етік сықылды сығып жуа алмайтұғын қаттырақ икемсіз нәрсені жуғанда сипап жуып тамшы басылғанша қоя тұрып үш мәртебе солай жуса болады. Бір нәрсенің нәжісі тиген жерін ұмытып қалса, көңілменен осы жер шығар деп мөлшерлеп жуса болды.

ҒҰСҰЛ ҚҰЙЫНУ ТУРАЛЫ

Адамды жәніп қылып ғұсұл құйынуды парыз қылатұғын нәрселер ұрғашыға жатса да, иқтылам болса да, не себептен болса да адамның бойынан кетсе яки, бойынан кетпесе де жұмсақ басы кірсе, еркекке де, ұрғашыға да ғұсұл парыз болады. Ұрғашылар етек кірі тоқтап тазарғанда және бала тапқандағы нафас қаны тоқтағанда ғұсұл құйыну керек. Бір кәпір мұсылман болса ғұсұл құйыну керек. Кімге ғұсұл парыз болса да ұлы ғұсұл құйынбай тұрып, денесіне тиген нәжіс нәрсе болса, соны жуып, сонан соң дәл намаз оқитұғындағыдай дәрет алу керек. Бірақ аяғын жумай-ақ ғұсұл құйынады. Ғұсұл құйынғанда басынан үш мәртебе су құйып, онан соң оң иығына үш, онан соң сол иығына үш құйып ақырында тамам денесіне түгел бір құйып құлақ, кіндік, һәм бір түгін қалдырмай шомылып, ең соңында екі аяғын жуады. Шаштың түбіне де су барсын, бірақ тұлымның арасын жазып жумаса да болады. Ғұсұлдың парызы — ол ниет қылмақ және денесіне тиген нәжісті жумақ, аузы-мұрнын шаймақ, барша денесін түгел жумақ. Мұнан басқалары — сүннет.

ДӘРЕТ (ТАһАРАТ) АЛМАҚ

Біздің қазақ таһаратты тілі келмей дәрет дейді. Дәрет алғанда түзге отырған соң астын жуады. Онан соң екі қолын жуып, аузы-мұрнын үш мәрте шайып, бетін маңдай шашынан иық астына шейін екі құлағына шейін үш мәрте жуып, екі білегін тірсегіне

шейін үш мәрте жуып, басы, құлағы, мойнына мәсіх тартып екі аяғын тобығына шейін үш мәрте жуып, саусақтарының арасын да жуады. Дәреттің парызы — ниет қылмақ, бетін жумақ. Екі білегін жумақ, басына мәсіх қылмақ, екі аяғын жумақ, сақалы бек тығыз болып түбіне су бара алмаса, сыртынан жуып мәсіх қылмақ. Мұнан басқалары —сүннет.

МӘСІХ ТАРТПАҚ

Егерде аяғын жуып, дәреті бұзылмай тұрып мәсі, яки таза етік кисе, сол дәреті бұзылып, дәрет алғанда мәсісін шешіп, аяғын жумай-ақ мәсіге мәсіх тартады. Мәсіх тартқанда бармағынан басқа тура саусағын сулап алып, аяғының саусағының үстінен бастап аяқтың үстіне шейін тартады. Бұл мәсіх үйде отырған кісіге бір сүтке, яғни бір күн, бір түнге, жолаушы жүрген кісіге үш сүткеге жарайды. Жолаушы деп үш күндік жерге баратұғын кісіні айтады, яки одан алыс жерге баратұғын кісі. Егерде үш күннен жақын жерге баратұғын болса, ол жолаушыға есеп болмайды. Бұл мәсіхті сол уағдалы күнінен асса, яғни үйдегі кісі бір сүткеден, жолаушы кісі үш сүткеден асқан соң шешіп жуады және мәсінің, яки етіктің күлшіні менен тақасынан өтіп, аяқ суырылса, мәсіх бұзылады және мәсіде, яки етікте тобықтан төменгі жерде екі саусақтың басы сыярлық жыртығы болса, мәсіх жарамайды. Шешіп аяғын жуады және етіктен, яки мәсіден су өтіп, аяқ суланса, мәсіх бұзылады.

ДЕМБІ ҚАҒУ ТУРАЛЫ

Тайаммум дегенді біздің қазақ тілі келмей дембі дейді. Далада сусыз жерде дәреті жоқ кезде намаздың уақыты болып қалса, жеткенше намаз етіп кететұғын болып, тура мың кезден жақын жерде су жоқ болса — дембі қағып намаз оқиды. Дембі деген таза жерге екі алақанын бір соғып, сонымен бетін жуатұғын жерін сипайды және бір соғып, екі қолын тірсегіне шейін жуатұғын жерін сипайды. Бұл дембінің парызы — әуел ниет қылмақ, онан соң, жер таза болмақ. Қордалы тезекті жер, оттың орны, көлдің үсті жарамайды. Онан соңғы парызы — бетін сипамақ жерге соғып һәм және бір соғып, қолын сипамақ. Білегін жалаңаштап сипамаса болмайды және анық таза жер болсын. Бұл дембіні дәретті бұзатұғын нәрселер бұзады және суға жолыққанда бұзылады. Біреудің біраз ғана суы болып, онымен дәрет алайын десе, не өзі, не көлігі шөлдеп өлетұғын болса, дәрет алмай дембі қағады, яки су бар да болса құдық терендіктен, яки басқа себеппенен суды алуға

құдіреті жетпесе, яки бір науқасы болып, оған су тисе, науқасы ұлғайып кететұғын болса, мұндайлардың бәрінде де су жоққа есеп болып, дембі қағып оқиды.

Ғұсыл, дәрет, дембі үшеуінде де ниет қылу керек. Ғұсыл қылуға ниет қылдым жұныбылықтан тазармақ үшін, яки таһарат, яки тайаммум қағуға ниет қылдым хайыздан тазармақ үшін дегендей және бұл ғусыл, дәрет, дембі үшеуін де жоғарғы айтылған ретін бұзбай, ауыстырмай істеу керек. Мәселен, бір кісі дәрет алғанда бір жерде бетін жуып, онан соң өзге жерде, яки сол беті кеуіп құрғап кеткен соң бір заманда білегін жуса, ол дұрыс дәрет болмайды.

Бұл ғұсыл, дәрет, дембі үшеуін де жұнып болған бұзады. Ол жұнып деген қайтсе болатұғыны жоғарыда айтылды. Дәрет пенен дембіні түзге отырған, бір жері қанап қан, ірің, сары су шыққан бұзады. Ұйықтаған, осырған, жынданған, талған, мас болған, тісі қанаған, намазда тұрып дыбысы шығып күлген, қан құсқан, ауыз тола өзге нәрсе құсқан — осылардың бәрі дәрет пенен дембіні бұзады. Дембіні бұлардан басқа су тапқан, суға құдіреті жеткендік бұзады. Жұнып кісі де су таба алмаса, дембіменен намаз оқи береді, су табылғанша және су жоқта денеге, яки киімге бір нәжіс тисе, топырақтан шамасы келгенше кетер еді. Намазда дыбысы шығып күлген кісінің намазы да бұзылады, қайта оқиды.

НАМАЗДЫҢ ПАРЫЗ — УӘЖІПТЕРІ ҺӘМ НАМАЗДЫ БҰЗАТҰҒЫН НӘРСЕЛЕР

Намаздың парызы он төрт — жетеуі намазға кіріспей тұрғанда, жетеуі намазға кіріскен соң. Кіріспей тұрғандағылар — дененің таза һәм дәретті болмақ, киім таза болмақ, оқитұғын орын таза болмақ, әбүйір жабулы, киімді болмақ. Бұл еркекке кіндіктен тізеге шейін, ұрғашыға бет, қол, аяқтан басқасы жабулы болмақ және құбылаға қарап оқымақ, әр намазды өз уақытында оқымақ, сол намазды оқуға ниет қылмақ. Енді намазға кіріскендегі жеті парыз — алғашқы құлақ қаққанда Аллаһу акбару демек, тура келер орында тура келіп оқымақ, рұкуғда еңкейіп рұкуғ қылмақ, сәжде қылғанда екі алақанын, маңдай, мұрнын, екі аяғының басын, екі тізесін жерге қойып сәжде қылмақ. Әр рекетте тура келіп тұрғанда Құраннан бір аят оқымақ, ақырғы ат-тахиятқа отырмақ һәм ретін ауыстырмай оқымақ. Осы айтылған он тура парыздың бірде-бірі қалса — намаз болмайды, қайта оқу керек. Бұларға намаздан өз еркіменен шықпақты қосып, он бес парыз дегендер де болған.

Намаздың он алты уәжібі бар: алғаш құлақ қаққанда — Аллаху акбарудың өзін ғана айтпақ, өзге тәкаппар қоспай тура, яки үш

мәрте отырмақ, ат-тахиятқа отырған сайын ат-тахият оқымақ, рұқуғ пенен сәждеде бір тәсбих айтқандай мезгіл кідірмек, әр уәжіпті ауыстырмай қылмақ, аятты тура, яки үш рекетті намаздың алғашқы екі рекетінде оқымақ һәм алғашқы екі рекеті әлхамның өзін оқымақ және әлхамға бір ұзын, яки үш қысқа аят қоспақ, әлхамды сүреден бұрын оқымақ, жария қылар орында жария оқымақ, құпия қылар орында құпия оқымақ, жеңіліп бір парызды кешіктірмей, яки бір уәжіпті қалдырса, сәжде сәһу қылмақ, имам аят оқығанда ұюшылары тік тұрмақ, уәтірде құныт дұғасын оқымақ, екі жағына сәлем беріп, намаздан босамақ, ұйығандар имамның қылғанын қылмақ. Осы айтылған уәжіптердің бірде-бірі қалса, яки бір парызды кешіктірсе, сәжде сәһу қылады. Жалғыз-ақ рукуғ менен сәжде бір тәсбих айтқанша тоқтамағанға сәжде сәһу жоқ. Ұюшылар иманнан бөлек сәжде сәһу қылмайды. Сәжде сәһу деген ақырғы ат-тахиятты «уа расулуху», — деген жеріне шейін оқып, имам болса бір жағына сәлем беріп, жалғыз болса екі жағына да сәлем берген соң бетін сипамай сәждеге барып, екі мәртебе сәжде қылады да, ат-тахиятты түгел оқып сәлем береді. Жоғарғы айтылған парыз бенен уәжіптерден басқа намаздағы әрбір істердің бәрі сүннет. Олардың қалғанына сәжде сәһу қылынбайды. Бірақ әдейі қалдырса күнәкар болады және мустахибтері де бар. Оны қылса — сауап, қылмаса — обалы жоқ.

Намазда істемек арам нәрселер көп. Олай да болса «Фиқһ кедені», — деген кітапта он төртін айтқан. Олар мынау: ауыз бенен бисмиллахині жария қылмақ, әлхамның аяғында аумин дегенді жария қылмақ, намазда тұрғанда бетін бұрмақ, көкке қарамақ, парыз, уәжіп намаздарды бір нәрсеге таянып оқымақ, құлақ қаққаннан басқа да қол көтермек, бір нәрсеге ишарат қылып ымдамақ, рукуғ пенен сәждеде аяқ саусағын жерден көтермек, ат-тахиятта екі аяғын да тік шаншып отырмақ, киімі не денесі, яки бір нәрсемен ойнамақ, әдейі бір уәжібін қалдырмақ, бұйырылғаннан артық тәсбих тәкбір айтпақ, сәлем бермей тұрып намаздан шыққан кісінің қылығын қылмақ, уәтірден басқа намазда құныт дұғасын оқымақ.

Бұлардан басқа елу тоғыз нәрсені мәкрук деп жазған. Оны «Мұқіт» деген кітапта арам деген. Түкірмек, сіңбірмек деген сықылдылар — бәрі де намаздағы кісі қылмайтұғын нәрселер.

Намазды біржолата бұзатұғын нәрсе бесеу: сөйлемек, аз болса да сөзге келмесе де күлмек. Мұны өзі істесе, намазы бұзылады, қасындағы кісі істесе, намаз, дәреті бірдей бұзылады. Көп іс қылмақ — бұл екі қолыменен бірдей істеген, яки бір қолыменен үш мәртебе намаздан басқа іс қылған. Намазда әдейі дәретін сындырмақ — егер де қапыда дәреті сынса, үндемей барып дәрет алып, сол қалған жерінен оқыса болады. Намаздың бір парызын әдейі, яки жеңіліп

қалдырмақ, яки ұмытса да бір парызы қалған соң қайта оқымаса болмайды.

НАМАЗДЫҢ УАҚЫТТАРЫ ҺӘМ НАМАЗ ОҚЫМАЙТҰҒЫН УАҚЫТТАР

Ерте намаздың уақыты — таң білінгеннен бастап күн шықпай тұрып, бесін намазының уақыты — түс ауысыменен күн еңкейгенше, яғни күннің төрттен үш есесі өткенше, онан соң екіндінің алғашқы уақыты кіреді, екіндінің уақыты — күн батудан екі сағат бұрыннан бастап күн батпай тұрып, намазшамның уақыты — күн батқаннан бастап шапақ батқанша, ясағ намазының уақыты — шапақ батқаннан таң білінбей тұрып, уәтір намазының уақыты — ясағ намазы менен таңның арасында.

Енді намаз оқылмайтұғын үш уақыт бар: бірі — таң намазынан күн әбден шыққанша, бірі — тал түсте, сағат он екіде. Егер сағат жоқ болса, көлеңке тура тесір қазық астына түскен кезде. Енді бірі екіндіден күн атып болғанша, яғни екінді менен ақшам намаз арасында. Бұл үш уақытта еш намаз оқылмайды. Кітапта бұл уақыттарды зауал дейді.

НАМАЗҒА СОҢЫНАН КЕЛІП ҰЙЫҒАНДАРДЫҢ ЖАЙЫ

Егерде біреу таң намазының сүннетін оқыса, имамға ұйый алмай қалатұғын болса, сүндетті қалдырып, парызға ұйып оқиды. Сүннет онда біржолата қалады. Егерде парыздың соңғы бір рекетіне жетерлік болса, сүннетті оқып, парыздың қалған бір рекетіне ұйып, имам сәлем бергенде түрегеліп, әлхам сүре оқып, бір рекет намазын түгелдеп, ат-тахият оқып, сәлем береді. Егер біреу үш рекет парыздың бір рекетін оқып қойған соң келсе, екінші рекетке ұйып, имам не қылса соны қылады да, имам сәлем бергенде, сәлем бермей түрегеліп, әлхам сүременен бір рекет оқып, ат-тахият оқып қойғанда келсе, онда қалған рекетке ұйып, имам сәлем бергенде, сәлем бермей тұрып кетіп, әлхам сүре оқып, ол рекеттің аяғында ат-тахиятқа отырып, уа расулухуғаша оқып және түрегеліп және әлхам сүре оқып, ақырында ат-тахиятты түгел оқып, сәлем береді. Егерде төрт рекет парыз намаздың бір рекетін оқып қойғанда келсе, екінші рекетте имамға ұйып, имам не қылса соны қылып, имам сәлем бергенде, сәлем бермей түрегеліп, әлхам сүре оқып тамамдайды жоғарыдай. Егерде

төрт рекеттің екеуін оқыған соң келсе және сәлем бергенде түрегеліп, екі рекетте де әлхам сүре оқып, алғашқыда отырмай, соңғыда ат-тахиятты түгел оқиды. Егерде үш рекетін оқып қойған соң келсе және сәлем бергенде, түрегеліп, алғашқыда әлхам сүре оқып, ол жолы отырып ат-тахиятты уа расулухуғаша окып түрегеліп және әлхам сүре оқып, ол жолы отырмай және соңғы рекетте әлхамның өзін ғана оқып, ат-тахият оқып сәлем береді.

ҚАЗА НАМАЗ ЖАЙЫ

Қазаға қалған намазды жоғарғы айтылған намаз оқылмайтұғын үш мезгілден басқа қай кезде оқыса да болады. Ерте намазды қазаға қалдырса, түске шейін сүннетін қосып қаза қылады. Одан қалса, сүннетін оқымайды. Бесін намазда алғашқы төрт рекет сүннетті оқыса, имамға ұйый алмай қалатұғын болса, сүннетті қоя тұрып, парызға ұйып, сүннетті артынан оқиды. Парыздың жартысына жете алатұғын болса да сүннетті мұнда қоя тұрады. Осы айтылған ерте намазы менен бесіннің қаза сүннетінен басқа ешбір сүннет намаз қаза қылынбайды. Парыз намаздың қазасын жасырын, оңаша жерде оқыған жақсы. Көбінесе ясағ пенен уәтірдің арасында оқиды.

ҚАСЫР ОҚЫҒАН ЖОЛАУШЫ ТУРАЛЫ

Керуен жүрісіменен, яки жаяу жүрісіменен үш күндік жерге бармақшы болған жолаушы аулынан былай шыққан соң, төрт рекет парыз намаздарды екі рекет қылып оқиды. Бесін, екінді, ясағ үшеуінің қарызын ниет айтқанда, пәлен намаздың қасыр парызын оқымаққа ниет қылдым дейді. Егерде бұл қасыр оқушы біреуге ұйып оқыса, сол ұйыған кісі түгел оқитұғын кісі болса, сонымен бірге түгел оқиды. Егерде қасыр оқымайтұғын кісі қасыр оқитұғын кісіге ұйып оқыса, қасыр оқушы имам сәлем бергенде, қасыр оқымайтұғын ұйығандар түрегеліп, қалған екі рекетін өздері имамсыз оқиды. Әлхам менен сүрені оқымай, үндемей тұрып, онан соң рұкуғ һәм сәжде қылып, ат-тахият оқып намазын бітіреді.

Бірақ қасыр оқитұғын кісі имам болмақшы болса, мен қасыр оқимын деп айту керек...

ЖҰМА НАМАЗ МЕШІТ БАР ЖЕРДЕ

Мешіт бар жерде бесін намазы да жұма намазы деп оқылады. Ол жұма намазы он сегіз рекет болады. Әуел мешітке кіргенде екі

рекет тахиййатту-л-масджид деген намазды оқиды. Имамға ұйымай, енді азан айтқан соң жұма намазының төрт рекет сүннетін оқиды. Ұйымай. Бұдан соң имам мәртебе шығып құтпа оқиды. Оны тыңдамақ уәжіп. Құтпадан соң тәкбір түсіріп, жұма намазының екі рекет парызын имамға ұйып оқиды. Имам әлхам менен сүрені жария оқиды. Оны да тыңдамақ уәжіп. Бұдан соң жұманың төрт рекет сүннеті деп ұйып төрт рекет сүннет оқиды. Одан соң ақырғы, яғни бесін намазының төрт рекеті деп ұйымай оқиды, ақырында осы уақыттың екі рекет сүннеті деп ұйымай оқиды.

ЕКІ АЙТ НАМАЗЫ МЕШІТ БАР ЖЕРДЕ

Айт намаздарының уақыты күн найза бойы көтерілгеннен түске шейін дұрыс. Иланы ниет қылдым ораза айтының, яки құрбан айтының намазын өтемекке, барша уәжіп тәкбірлеріменен ұйыдым имамға, Аллаһу акбару деп құлақ қағып, қол қусырады. Сұбхан оқып және Аллаһу акбару деп құлақ қағып, қолын қусырмай қоя беріп және Аллаһу акбару деп құлақ қағып, үш мәртебе солай қылады да, соңында қол қусырып, имам әлхам менен сүрені жария оқиды. Ұюшылар тік тұрады да, рұкуғ — сәжде қылып тұра келіп, қол қусырып имам және әлхам менен сүрені жария оқып болған соң, бастапқы рекеттегідей үш мәртебе Аллаһу акбару деп рұкуғқа барады. Онан соң кәдімгі намаздай сәжде ат-тахият қылып сәлем береді.

ҚҰРБАН ШАЛҒАНДА ӘРКІМ ӨЗІ ОЙЫНДА ОҚИТҰҒЫН НАМАЗЫ

Құрбан бауыздаған соң дүние сөзін сейлемей, үндемей келіп, екі рекет намазды ешкімге ұйымай жалғыз оқиды. Екі рекетте де бір әлхам-үн құл қуа-л-лаһу оқып, рұкуғ пенен сәжделерінде міне бір дұғаны оқиды: «субханал-лаһи халиқун-нури субхана ман һуа қағимун ғала кулли нафсин бима касабат» — бұл намаз парыз, уәжіп болмаса да, құрбан артынан тілек, әлбетте, оқыған жақсы.

ЖАНАЗА НАМАЗЫ

Жаназа намазы — парыз. Бірақ біреулер оқыса өзгелердің мойнынан түседі. Оқыганның сауабы көп. Жаназа намазына ниет қылғанда иланы ниет қылдым жаназа намазын өтемекке, барша тәкбірлеріменен ұйыдым имамға десе болады. Соны айтып, Аллаһу акбару деп құлақ қағып, қол қусырады. Сұбханды түгел оқиды да, Аллаһу акбару дейді. Онда қолын қозғамайды. Ат-тахияттың уа

расулу-худан кейінгі салауатларын түгел оқиды да және Аллаһу акбару дейді, онда да қолын қозғамай. Одан соң міне бір дұғаны оқиды да және Аллаһу акбару деп екі жағына сәлем беріп, намаздан босайды. Соның бәрінде түрегеліп тұрады. Жаназа дұғасы мынау: «Аллаһумма иғфир лихаййина уа маййитина уа шахидина уа ғаибина уа сағирина уа кабйрина уа закарина уа унсана Аллаһумма ман ахйайтаһу минна фа ахйаху ғалал-ислами уа ман тауаффайтаһу уа тауаффаһу ғалал-имани Аллаһумма ин кана мухсинан фа таджауаз ғанху — бұл дұғаның мағынасы: ей, Алла тағала, жарлық біздің тірілерімізді, өлгендерімізді, кернеу тұрғанымызды һәм мұнда жоқтарымызды, кішімізді, өлгенімізді, еркегімізді һәм ұрғашыларымызды, әй, Алла тағала, біздің тірілерімізді ислам дінінде тірі жүргіз, өлгендерімізді иманменен өлгіз, әй, Алла тағала, бұл өлік сауапты болып өлген болса — сауабын көбейт, егер кінәлі болып өлген болса — күнәсін кеше гөр, деген. Егерде осы дұғаны айта алмаса, мағынасын айтса да болады. Жаназа намазының ниеттен басқа парызы — төрт тәкбірі. Өзгесін, тіпті болмаса төрт мәртебе Аллаһу акбару деп айтса болады. Өлік ер жеткен кісі болмай, нәресте, бала болса, жоғарғы дұғаның орнына міне бір дұғаны оқиды: «Аллаһумма иджғалһу лана адратан уаджғалһу лана аджран уа зухран уаджғалһу лана шафиған уа мушафиған».

ӨЛІК ЖАЙЫ

Кімде-кім өлер халге жетсе, қалғандарға өсиет айту һәм насихат айту керек. Аятта айтқан: «кутиба ғалайкум иза хадара ахадакум ал-мауту ин тарака хайран ал-уасийй-ату лил-уалидайни уал-ақрабина бил-мағруфи хаққан алал-муттақина»[79] — мағынасы: парыз қылды Алла тағала, қашан біреуіңіз өлімге таянсаңыз, мал-жиһазыңыз қалса, ата-аналарыңызға һәм жақын туысқаныңызға өсиет қылыңыз әділдік бірлен. Парыз болды бұл күнәдан сақтанушыларға деген, бұл өсиет деген, әуел борышы, бересісі болса — соны бер десін һәм біреулерді ренжіткен болса, содан кешу сұрасын. Онан соң мирас қалған малды шариғат жолыменен біріне-бірі зорлық, яки айла қылмай ал десін және підия садақа бер десін. Қаж қылмаған болса, бедел қаж бер десін. Бірақ мұндай жабдықтарына малынан үштен бірінен артық айтуға жарамайды. Малының үштен бірі қанша болса, соны ғана өз жағдайыңа ұста десе болады. Егерде борышы малынан кем болмаса, борышын төлемей тұрып еш нәрсе ұстауға болмайды және өлімге таянған кісіге, әлбетте, ренжіткені болса уа ғайри хақтарыңыз болса кешуіңіз керек. Оның үшін одан

[79] 2-пара, 2-сүре, 180-аят.

ғарып бейшара кім бар жене өзіңізге де Алла тағала кешер және ондай өлгелі жатқан кісі өзін мысал қылып, қалғандарға насихат айту керек. Қалғандар сондайдан ғибрат алып, кісі хақы һәм басқа күнәлардан тыйылуға қам қылу керек және ол өлімге жақындаған кісі «ла илаһа иллал-лаһу уа мухаммаду расулул-лаһу» деген сөзді айта беру керек. Мұның мағынасы осы кітаптың басында айтылды — сол мағынасын біліп, көңілмен шың нанып айту керек. Егерде мағынасын білмесе, «Құдай бір, Құран шын, пайғамбар хақ» деген сөзді айту керек, егер иман айтуға ол кісінің халі келмей бара жатса, бір оқыған адам «ла илаһа иллал-лаһуды» құлағына анықтап айтып отыру керек. Ол кісі оның мағынасын білмейтұғын кісі болса, «Құдай бір, Құран шын, пайғамбар хақ» дегенді айтып ұқтырып отырсын. Бірақ былай айт демесін. Бек нашарланған кезде аяғын құбылаға жіберіп, жүзін құбылаға қарсы жатқызу керек. Құранды жақсы оқитұғын бір молда Иасин шәріпті оқып отыру керек. Жаны шыққанша иманды құлағына анықтап айтып отыру керек — зинһар — сол кезде дабырлаған, жылағанды қою керек. Өз күнәңді ойыңа түсіріп, өліктің де күнәсін кеш деп Алла тағалаға тәубе қылып, тілекпенен отыратұғын уақыт, сол сіздердің өтірікті-шынды жылап, кейіген болып разы қылатұғын уақытыңыз ол емес — зинһар — тып-тыныш қана ішіңізден Алладан тілеп отырыңыз. Оның да, өзіңіздің де күнәмізді кеш деп, әбден жаны шығып болған соң қол-аяғын түзетіп, аузы менен көзінептеп қана жұмғызып, үстіне өлікті қоятұғын тақтайды, мүмкін болса, жақсы иісті нәрсеменен иістендіріп, киімінің һәммасын алып, әбүйірін бір нәрсеменен жауып қоясыз. Іші кеуіп кетпеске, үстен жапқан нәрсенің сыртынан бір ауырлау кірпіш, яки тас сықылды нәрсеменен кіндігінен азғана жоғарырақ бастырып қоясыз. Тірі кісіні қандайептеп ұстасаңыз, өлікті де сондайептеп қана ұстап қозғайсыз.

Өлікті жуғанда қолға бәзден қолғап қылып, әуел астын жуып, бетін жуып дәрет алғызып, аяғын кешіктірмей тез жуып, мүмкін болса басын, сақалын хатмы деген шөппен жуып, сол жағыменен жатқызып, оң жағын жуып, оң жағына жатқызып, сол жағын жуып, денесінде су тимеген жер қалдырмайды. Жуып болған соң шалқасынан жатқызып, қарнын төмен қарай баса сипайды. Сонда артынан, астынан бір нәрсе шықса, оны жуып тазалайды. Аузын қайта жумайды. Мұнан соң таза бөзбенен сүртіп құрғатып, кебіндейді. Шашын, сақалын тарамайды. Сәждеде жерге тиетұғын сегіз жеріне иісті нәрсе жаққан жақсы. Шаш, тырнақ еш нәрсесін алмайды, түскені болса, кебін арасына салып жібереді.

Кебін деген еркекке үш қабат, ұрғашыға бесеу болады. Еркекке әуел азар дейді — бастан аяққа шейін жетеді. Екінші қамыс — жауырынынан аяғына шейін. Үшінші ләфап — ол да бастан аяққа

шейін болады. Ұрғашыға бұл орауынан басқа хамар деген бүркеншік қылады. Басынан емшегін әбден жапқанша. Және хырқа дейді, онымен емшегін орайды, көлденеңі қолтықтан тізеге шейін.

Егерде кебін ашылып кетеді деп қауіп қылса, әр жерден байлап қояды да, қабірге салған соң шешіп алады. Қабірді қазғанда мүмкін болса лахат қылу керек. Лахат деген қабірге тік қазып барып, құбыла жағынан кісінің денесі сыярлық қуыс қылып, өлікті соған қояды да, бер жағын тас, яки кірпішпенен қалап бекітіп, топырақты тік қазған қабірге қайта толтырады. Қабірдің қорғаны берік болып, қасқыр һәм басқа хайуан өлікті жейді деп қорықпағанда қабірді кірпішпен сандықтамай, топырағын томпайтып, жалдап үйіп қойған жақсы.

ОРАЗА ЖАЙЫ

Әр жылда рамазан айында ораза тұтпақ парыз. Ораза кісі күндіз еш нәрсені ішіп-жемейді, күндіз ұрғашыға жатпайды, темекі тартпайды, насыбай атпайды, сағыз да шайнамайды.

Рамазан айын көріп ұстайды, болмаса көрдім деп бір кісі куәлік ант берсе, күн бұлтырақ болса, соның антыменен ұстайды. Бірақ олайша ұстағанда отыз күнге толған соң ай көрінбесе, аузын ашпай, отыз бір күн ұстайды. Егерде оразаның басында екі кісі, яки бір еркек, екі ұрғашы ай көрдік деп ант берген болса, отыз күн ұстаған соң бұлт болып, ай көрінбесе де, ашып жібереді. Егерде бұлтсыз ашық болса, көп кісі көрмей, яки әр жақтан көрдік деп хабар келмей ашпайды. Бірақ шағбанды анық отызға толтырып ұсталған болса, отызға толса ашады. Егер де рамазан айын ешкім көре алмаса, не көрген анықты хабар болмаса, онда оразадан алдыңғы айды отызға толтырып, содан кейін ұстайды. Бірақ есіңізде болсын, кітапта айды көрген күні бірі деп саналмайды, ертең бірі деп санайды. Сол себептен рамазан айын көретұғын күні ораза бола алмайды. Сол сықылды оразадан бұрынғы айды көрген күнінің ертеңінен бастап санап отызға толтырып, отыз бірінші күні берік болады. Егерде оразадан алдыңғы шағбан айының да басы анық біліне алмаса, одан бұрынғы ражап айын да отызға толтырып һәм шағбанды да отызға толтырып, содан соң ұстайды.

Құрбан айы да осы сықылды. Егерде құрбан шалатұғын зұлхижа айының басын біле алмаса, алдыңғы зұлқағданы отызға толтырып санап, одан соң зұлқыжаның кітапша оны күні құрбан шалады. Егерде зұлқағданың да басы белгісіз болса, одан бұрынғы ауыз ашқан шавал (шауал) айын да отызға һәм зұлқағданы да отызға толтырып, содан соң зұлхижаның кітапша оны, қазақша он бірі күні шалады. Осы айды отыздан толтырғанға пайғамбарымыз бір ай

жиырма тоғыз, бір ай отыз дегені бар және қай күні ораза болсаңыз, сол күні құрбан шаласың. Яғни жұма күні берік болсақ, жұма күні құрбан болады дегені бар деп кей молдалар айтатұғыны болады. Олай емес — отыздан толтырған дұрыс және календарь һәм басқа есеп ғылымына қарағанда бір айды жиырма тоғыздан бітіріп санаған тура сықылды болса да, отыздан толтырмай болмайды. Бұл сөзіме сенбеген кісі «Фатхул-қадыр» деген кітаптан қарасын.

Егерде бірталай айлардың басы белгісіз болса, онда бәрін де отызға толтырмайды. Олай болғанда хазірет Алиден рауаят қылынған былтырғы оразадан төрт күн өтіп, бесінші күні тұтсын деген дұрыс болар. Уал-лаһу ағламу — ол мынау: мәселен, былтыр жұма күні ораза болған болса, сенбі, жексенбі, дүйсенбі, сейсенбі төртеуін қалдырып, бұл жылы шығар сенбі күні ораза болады. Бүйтіп ұстаған кісі отызға толмай ашпайды, ай көрініп қалмаса. Ай көрінсе, қашан да ашып жібереді. Егерде оразаның бір күні кем болса, оразаның басында ай көрінгені анықталып, кім екені білінсе, қазасын ұстайды. Болмаса ұстамайды. Егерде екі күні кем болса, онда да басында ұсталғаны анық дәл алғанда бір-ақ күні кем болып, жиырма тоғыздан біткені білінсе, бір күн қаза төлейді. Ораза боларда ай көре алмай, өзгелер көрген шығар деп күдіктенген кісі ертеңінде түске шейін тамақ жемей берік болу керек. Оған шейін кеше ай көрдік деген анық хабар келсе, сол күні ниет айтып, ораза болады. Егерде хабар келмесе, ашып жібереді. Егерде тамақ ішіп қойған соң түстен кейін хабар келсе, қалған күнге күн батқанша тамақ жемей қояды да, соңыра бір күн қаза ұстайды. Жалғыз өзі ай көрген кісі өзінен басқа көрген кісі жоқ болса, оразаның басында да һәм аяғында да берік болады. Егерде анық өзім көрдім ғой деп, оразаның аяғында ашып жіберсе, бір күнге бір күн қаза төлейді. Оразада әдейі ашып жіберген кісі бір күнге алпыс күн кінәрат, яғни тұтас екі ай ораза ұстайды. Халсіз ауру, халі келмейтұғын шал-кемпір, жолаушы үш күндік жолға шыққанда ұстамаса болады. Бірақ жолаушы тым қиыншылық болмаса, ұстаған жақсы және жолаушы үйге келген соң, ауру кісі жазылған соң қазасын ұстайды. Шал менен кемпір әр күн үшін пітір садақасындай бидай береді пақырға және буаз қатынның баласына, яки емшекте болса, бар қатынның баласына өзі ораза болғаннан зиян келетұғын болса, бұлар ашық болады да, артынан қазасын ұстайды. Аса шөлдеп не қарны ашып өліп кетерлік болған кісі де ашып жіберіп, күніне күн ұстайды. Жеңіліп, яки ұмытып ашып жіберген кісі артынан тамақ ішпей қояды да, күніне күн қаза төлейді. Ұрғашылар бала тапқан қаны тазарғанша һәм етеккірі келген кездерде оразаны ашып жіберсе, артынан қаза қылса болады. Бірақ ол кездегі намаздарын қаза қылып оқымайды және оразада шама келгенше күнәдан сақтану керек. Қалай болса солай күнәдан

тыйылмай, аузына не келсе соны сөйлеп жүргендегі ораза сауапты болмайды. Бәлкім, қабыл да болмас деген қауіп бар.

ЗЕКЕТ ЖАЙЫ

Қой, ешкі екеуі жиылып қырыққа толса, бір жылдан соң сол қырықтан кем болмаса бір қой зекет бересіз. Жүз жиырмаға шейін одан бір қой асса да екі қой береді. Екі жүзге шейін онан және бір қой асса үш қой зекет береді. Үш жүзге шейін мұнан соң жүз басына бір қой зекет береді, жүзден кеміне бермейді. Мысалы, төрт жүз тоқсан тоғыз болса төрт қой береді. Зекетке орта қой, яки орта қойдың бағасы беріледі. Қайсысы алушы пақырға пайдалы болса соны берген жақсы. Әр малдың бәрі де солай.

Сиырдан отыздан кемге зекет жоқ. Отыз болса бір тайынша береді. Қырықтан — бір құнан сиыр. Алпысқа шейін алпыстан екі тайынша береді. Жетпістен сексенге шейін тайынша, бір құнан сиыр береді. Сексеннен тоқсанға шейін екі құнан сиыр. Тоқсаннан жүзге шейін үш тайынша, яки бағасы.

Түйеде бестен кемде зекет жоқ. Бес түйеге бір қой зекет береді. Жиырма түйеге шейін әр бес түйеден бір қой, жиырма бес түйеден бір ұрғашы тайлақ. Отыз алты түйеге бір құнанша ұрғашы түйе. Қырық алтыға дөнежін інген. Алпыс бірге бесті інген, жетпіс алтыға екі ұрғашы тайлақ. Тоқсан бірге екі құнажын түйе.

Жылқының зекеті — мінгеннен артылғанына беріледі. Ақшаға бағалап қанша болса да қырық сомнан бір сом беріледі.

Қай мал болса да еркек, ұрғашысы аралас болса, зекет беріледі. Мысалы, тоқсан тоғыз еркек бір ұрғашы болса да, яки ылғи еркек болса да саудаға салатұғын ниеті болса зекет беріледі. Және зекет жыл сайын беріледі. Жылдың басы менен аяғында зекет беруге толса, болғаны, ортада кемігені, артқаны есеп емес. Малдың төлі яғни баласы жылға жасы толмаса да үлкендеріменен бірге есептеліп кетеді. Бірақ зекетке үлкені беріледі.

Бидай, тары, сұлы дегендей егіндерден оннан бірі беріледі. Мысалы, он қадақтан бір қадақ. Он пұттан бір пұт.

Ақшадан жиырма сегіз сомнан кемде зекет жоқ. Ол жиырма сегіз сомнан алпыс бес тиын зекет береді. Есебі қырықтан бір — қырық сомнан бір сом. Қанша болса да сол есебімен береді.

Зекетті түк малы жоқ кісіге береді. Һәм малы зекетке толмайтұғын кедейлерге береді. Үйінде малы болса, жақсылық жолда жүріп мұқтаж болғандарға береді. Малынан борышы артылып төлей алмағандарға береді. Оқу, ғылым іздеп қаражаты жетпей тұрғандарға береді. Біздің жерде беретұғындар солар. Мұсылман

патшалы жерде бұлардан басқа кәпірменен соғысқа баруға қаражаты жетпегенде малыменен болсын сатып алмақшы болған құлға һәм әдейі зекет жиюға қойылған зекетшіге береді.

ҚАЖ ТУРАЛЫ

Қаж қылуға жол қаражатына да һәм үй ішінің нәпақасына да малы жетерлік байларға ғұмырында бір мәртебе қаж қылмақ парыз және жол аманшылық болмақтығы шарт. Егерде жол қауіпті болса, тоқтай тұрады. Қаждық үш парыз бар — әуел ихрам байламақ. Ол ихрамды байлайтұғын орындары бар, оны миқат дейді. Қай жақтан Меккеге барса да, тұсындағы миқаттан өтпей тұрып ихрам байлайды. Миқаттан өткен соң байлаған ихрам дұрыс болмайды. Екінші парыз ғарафа күнінде, яғни құрбан шалатұғын күннен бір күн бұрын ғарафатта тұрмақ парыз. Ғарафа күнінің шаңқай түстен құрбан күнінің таңы атқанша сол ортада азғана тұрса да, парызы мойнынан түседі. Үшінші парыз — құрбан шалуға дұрыс үш күннің бірінде кағбатул-лаһиды жеті айналып тауап қылмақ. Осы айтылған үш парыздың бірі қалса, қаж болмайды. Қаждың бес уәжібі бар. Әуел муздалифада тұрмақ, құрбан күнінің ерте намазынан соң азғана тұрса да болады. Екінші уәжіп — сапа менен мәруа арасында жеті мәртебе сәғи қылып жүрмек. Үшінші уәжіп — мине де шайтанға жеті тас атпақ. Төртінші — құрбан шалса, шалып болған соң ихрамнан шыққанда шашын алдырмақ, яки қырықтырмақ. Бесінші уәжіп — қайтарда амандасқан ниетте болып кағбатул-ла-һиды жеті айналып тауап қылмақ. Мұнан басқа сүннет мустахабтары көп. Бірақ оларды қылса сауабы көп, қылмаса да қаж болады. Парыз қалса, тіпті қаж емес, уәжіп қалса да, кемшілігі болғаны болады.

Қаж жолында жүргенде, әсіресе, ихрамда жүргенде сақтанарлық іс көп. Ихрамда жүргенде ұрғашыдан һәм барша күнәдан, үрыс-жанжалдан, құрбаннан басқа жанды нәрсе өлтіруден, не өлтіруге ишара қылудан қатты сақтану керек және иісті нәрсе жағыну, тырнақ алу, бір қылды түсіру, еркектер басын жабудан, қай жеріне болса да башмактан басқа тігулі киім киюден, сәлде ораудан, бір көк шөп, яки жерге біткен ағаш болсын, сондайларды үзіп сындырудан — осындайдан бек қатты сақтық керек. Аятта: «фа ла рафәсә уа ла фусуқа уа ла джидала фил-хаджи»[80] — мағынасы: ұрғашыға жатпақ, бұзықтық күнә қылмақ, жанжал шығармақ — қаж жолында бұлар дұрыс емес.

Ихрам байлағанда ниет қылмай болмайды. Егерде жалғыз ғана парыз қажды ниет қылса, «Аллаһумма инни ури-дул-хаджжа

[80] 1-пара, 2-сүре, 197-аят.

фа йассираһу ли уа тақаббал минни» дейді. Мағынасы: әй, Алла тағала, мен қаж қылуға ниет қылдым, қаж қылмақты маған жеңіл қыл һәм қажымды қабыл қыл деген болады. Егерде қиран болса, яғни қиран қаж деген парыз қажбенен ғұмырына бірге ниет қылған болады. Онда «Аллаһумма инни уридул-ғумрата уал-хаджжи» деп ниет қылады. Егерде қаж таматтық болса, яғни басында жалғыз ғана ғұмырыны ниет қылса, «Аллаһумма инни ури-дул-ғумрата» деп ниет қылады. Ол мынау: лаббайка Ал-лаһумма лаббайка ла шарика лака лаббайка аннал-хамда уал-ниғмата лака уал-мулка ла шарика лака» — бұл тәрбиені әрқашан қажылар біріне-бірі жолыққанда, жоғары шыққанда, төмен түскенде, бір халден бір халге ауысқанда айтып жүреді ихрамда жүргенде.

Жоғарыдағы айтылған ихрамда жүргенде қылма деп тыйған нәрселерді ұмытып істеп қойса, әрқайсысының әр түрлі кіфараты бар. Кейбіреуін қылғанға түйе, яки сиыр құрбан қылмақ, кейбіреулеріне қой құрбан уәжіп болып, кейбіреуіне садақа уәжіп болады. Оларды кітабынан қараңыздар.

ҚҰРБАН ШАЛМАҚ

Зекетке малы толған кісіге жылында құрбан күні бір қой шалмақ, уәжіп болады. Өзіне тиісті байынан бөлек малы болса қатыны да һәм сүннетіне басқан, яқи бір мирастан тиген жас баласының малы болса, зекетке толымды болса оған да құрбан шалмақ әкесіне уәжіп. Біреу өлсе қатыны һәм ер жеткен балалары яки әке-шешесі қалса, шариғат бойынша малын мирас қылып бөлгенде, әр қайсысына зекетке толарлық мал тиетұғын болса, бәріне де құрбан шалмақ уәжіп болады.

Құрбанға қой менен ешкінің он екі айды бітіріп он үшінші айға кіргені жарайды. Қойдың алты айдан өтіп жеті айға кірген тоқты жарайды деген нашар сөз. Оны шалуға жарамайды, себебі енесімен бірдей болса жарайды деген. Ол енесіменен бірдей болмайды. Оған қарамай, әжептәуір, жарайды деді ғой деп, шала берген жарамайды.

Сиырдың жиырма бесінші айға кіргені жарайды. Түйенің алты жасқа кіргені жарайды. Бір қой бір кісіге жарайды. Түйе менен сиырдың біреуі жеті кісіге шейін жарайды, онан көпке жарамайды. Құлағының яки құйрығының үштен бірінен көбірегі жоқ болса жарамайды. Жілігі татымайтұғын арық мал шалатұғын жерге басып бара алмаған ақсақ қаттырақ ауру мал жарамайды.

Құрбанды құрбан айттың үш күнінің қайсысында шалса да дұрыс. Бірақ алғашқы күн жақсы, онан соң орта күн, онан соң аяқ күн. Құрбан айының басы көрілмесе алдыңғы айды отызға

толтырады. О да көрілмесе, онан бұрынғы айды отызға толтырып ауыз ашқан күн менен құрбан шалған күнді қосып ауыз ашқаннан жетпіс күн дегенде шалады. Бұл туралы ораза жайын айтқанда айтылған құрбанның айтының үштен бірін шикідей жарлыларға беріп, бір есесін келгендерге беріп, бір есесін өздері жейді. Терісін бишараға береді. Яки кеп пайдаланатұғын нәрсеге сатады.

МАЛ БАУЫЗДАМАҚ ҺӘМ АДАЛ МАЛДЫҢ ХАРАМ НӘРСЕЛЕРІ

Мал бауыздағанда бисмил-лаһи Аллаһу акбару деп, өндіршек пенен жұтқынның екі арасынан бауыздайды. Түйені өндіршектен бауыздайды. Бауыздағанда өңеш, кеңірдек, екі күре — төртеуін қияды. Үшеуі қиылса адал, екеуі қиылса арам болады. Жұлынды жаны бар күнінде қимайды. Онда мәкүрік болады. Жұтқын кеуде жақта қалса да мәкүрік болады. Бауыздаудың шарты бисмил-лаһи айтпақ, күре тамырды қимақ, өндіршек пенен жұтқын арасынан бауыздамақ. Соны білсе ұрғашының, баланың бауыздағаны бәрі адал. Бауыздауын құбылаға қаратқан жақсы. Бірақ қаратпаса да адал болады. Бір хайуан құдықта, яки бір қиын жерде болып, бауыздауға қолы жетпей, яки бауыздауы табылмаса — қай жерінен болса да найза, яки балта сықылды бір нәрсеменен жара алғанда бисмил-лаһи Аллаһу акбару деп жара алса, сол жарадан өлерлік қылса, ол мал адал болады. Бауыздаған адал малдың боқ-сідігі, бауыздау қаны, қамшысы, ені, сарыпайы менен көтен ауыз жатыры, өт, қуық, қара бездер — бұлардың бәрі арам болады. Жұлын, ми, тірі малдың аузы, талақ — бұлар мәкүрік. Басты үйткенде езуін тіліп үйтіп, яки тісін қағып, тістің түбіндегі жынды тазалау керек және ішек-қарын, жұмыршақтарды қатты ескеріп тазалау керек. Қозыдан шыққан мәйек жуып алса адал.

Үрлық еті не қылып бауыздаса да арам. Оның себебі: бисмил-лаһи Аллаһу акбару деп бауыздаса, арамға бис-мил-лаһи айтқан соң өзі кәпір болады. Мұсылманнан кәпір болғанның бауыздағаны арам. Егерде бисмил-лаһи айтпаса, онда да арам. Біреуге бауыздатса, арам малды адал деп бауыздатқан сықылды — онда да арам. Осы үрлық малын бисмил-лаһи деп бауыздаса да кәпір болмайды деп Ғақаиз кітабының шархына шарх жазған Рамазан әфенді деген кісі айтқан екен, оның сөзі нашар көрінеді, себебі арамлығына арам ми айрихиге бисмил-лаһи айтқан кісі кәпір болмайды дейді. Арам катғийй лиайрихині мәкүрік есебіне кіргізген болады. Аятта арам деген нәрсені адал деген аятқа нанбаған болады. Бұл туралы бұл кітапшаға сыйғыза алмаспыз. Хадми рахматул-лаһи ғалайһинің

«Риса-ла бисмил-лаһи» деген кітабынан қараңыз, арам болады да, бисмил-лаһи айтқан кісі болады — уал-лаһу ағламу.

Шегіртке менен балықты бауыздамай-ақ жей береді. Буаз малдың ішінен шыққан баласы тірі шығып, бауыздалса, адал болады бисмил-лаһименен. Егерде өліп шықса, арам болады. Енесін бауыздаған баласына бауыздау болмайды.

АҢ АУЛАМАҚ

Аң ауламақ обал емес. Бірақ соған айналып жүріп, парыз — уәжіп, ғибадат қылса, обал болады. Аң атқанда бисмил-лаһи Аллаһу акбару деп атып, дағды қылу керек. Сөйтіп, бисмил-лаһи айтып атқан аң өзің еш нәрсеге айналмай барғаныңша өліп қалса, адал болады деген. Оқты дәл қадап атқаныңа тимей, өзге біреуіне, яки екеу—үшеуіне тиіп, жеткеніңше өлсе де адал деген. Бірақ мылтықтың оғын өткірлігі жоқ деп, бундука деген домалақ балшықтан жасап ататұғын нәрсеге ұқсатып, «Ибн абидина» деген кітапта мылтықпен атқан аң өліп қалса, бисмил-лаһименен атса да арам дейді. Оған үш түрлі сөз айтқан екен. Бірі — отпенен күйдіресің, яғни дәрінің оты, бірі — дәрінің күшіменен барады оқ — қол күші емес. Бірі — оқ салмағыменен өлтіреді, өткірлігі жоқ дейді. Бұлар менің көңіліме нашарлау сықылды көрінеді. Себебі отпен күйдіресің дегені мылтықтың жайын білмегеннен айтылған. Дәрінің оты он екі, он бес кезден артық жерге бармай қалады және оқ суық қалыбында барады, қызатұғын болса, қорғасын ерімей ме!

Екінші дәрінің күші дегені де нашар сөз. Себебі садақтың оғы бір қайыс, бір мүйіздің күші. Ол неге адал болады. Оны қолменен тартып барып жібереді десе — садақ орнына күшті пружинаменен тарттырып байлап қойып, соны шығарып жіберсе де өлтіреді ғой!

Үшінші себебі — өткірлік жоқ дейді, о да нашар сөз. Себебі өткірлік дегеніңіз шапшаңдық емес пе екен. Не айламенен шапшаң барып кесіп, яки тесіп өтсе, ол өнерлік болмас па! Ағаш, яки таспенен бауыздағанда соншалық өткір бола ма? Қолдың қуатыменен шапшаң егегеннен қырқады ғой және оқ салмағыменен ұрып жықпайды, шаншып кетпейді, тесіп өтеді. Хаттә бек нашар нәрселерді де шапшаңдығынан құлатпай, яки жармай өтіп кетеді. Бірақ мен аса молда кісі емеспін. Осы сөзді тексеріп сұрап біліңіздер. Менің сөзім «Кашфул-асрар» деген кітаптан табылар. Бірақ ондай аң тасқа түсіп, яки суға түсіп өлсе, онда жылынбайды. Себебі неден өлгені мағлұм емес және атқан соң бір нәрсеге айлансаң, яки және біреуін атпақ болып мылтық оқтасаң да, онда өліп қалса, арам болады.

[65] 4-пара сүре «Әл-Ниса».

Бисмил-лаһи Аллаһу акбаруды арам аңды атқанда әдет қылу керек. Бауыздаса арам аңның да қаны, сөлі тиген нәрсе намазға жарайды. Бірақ бисмил-лаһименен бауыздалсын. Бисмил-лаһисіз бауыздалса, адал аң, адал мал бәрі арам болады. Бірақ бұрын айтып жүріп, сол жолы ғана ұмытып кетсе, онда адал болады атқанда да, бауыздағанда да солай. Қаршыға менен итті жібергенде бисмил-лаһи айтса, барғанша өлтірсе адал деген сөз бар. Ол бізге керек те емес — оның шарттары бар.

НИГАХ (НЕКЕ) ТУРАЛЫ

Неке деген пәленшенің қызы пәленшені қатындыққа қабыл қылып алдым деп еркек айтып, пәленнің баласы пәленді бай қылуға қабыл алып тидім деп ұрғашы айтып, екеуі бір орында — екі куә алдында айтады. Куәлар екі еркек, яки бір еркек, екі ұрғашы болады. Куәлар жас бала болмасын, жынды, яки кәпір, яки саңырау, яки құл болмасын. Бай менен қатынның жақындары болса да жарайды. Бүйтіп екі куә алдында ерлі-қатынды болуға разы болғандарын айтыспаса — неке дұрыс болмайды. Неке жасы толған қыз разы болдым демесе, зорлықпенен неке қиылмайды. Жасы толған қыздан өзінің әкесі, яки туысқан ағасы сықылды жақын ие болып тұрғаны некеге пәленше разымысың деп сұрағанда, үндемесе не күлсе, дыбысы шықпай ғана жыласа — ол ұнағанға есеп. Егерде даусы шығып жыласа — онда ұнамағаны. Егерде ондай ер жеткен қыздан рұқсат сұрағанда, басқа жат біреу, яки жақыны тұрып жамағайыны сұраса — онда қабыл көрдім, яки ұнадым демей болмайды.

Алла тағала бір кісіге төрт қатынды бірінің үстіне бірін алуға рұқсат берген. Олай да болса ол аяттан соң және айтқан: егер де әділдіксізпенен ұстай алмаймын деп қорықсаңдар, бір қатын ғана ал деп. Ол аят мынау: «фаин хуф-тум әллә тағдилу фа уахидатан»[81] — мағынасы: егер әділдік қыла алмаспын деп қауіп қылсаңдар — бірақ қатын ал деген және мұның соңында бір аят: «ау ма малакат аймануким залика адна әллә тағулу»[82] — мағынасы: не болмаса кәнізәк сатып алып, соны қатын қылыңыз. Бұл жалғыз қатын менен кәнізәк сатып алған залымдық қылмай күнәдән сақтануға себеп болар деген. Әлбетте, біздің қазақта екі қатынға әділет аз. Сол себептен қазақ ғұзырсыз екі қатын алмаса жарайды.

[81] 2 4-пара, 4-сүре, 3-аят.

ҚАТЫН ҚЫЛЫП АЛУҒА ШАРИҒАТ ҚОСПАЙТЫНДАР

Кітабынан басқа кәпірлердің ұрғашыларын алуға болмайды (кітабы деген бұрынғы Тәурат, Інжіл, Забур деген кітаптардың бірінің шариғатыменен жүргендер — жүһіддер сықылды) және өз шешесі, өгей шешесі, шешесінің шешесі, қанша жоғары болса да, солар арам және өз қызы һәм қызының қызы, баласының қызы, немересінің қызы, қанша төмен болса да, бұлар арам және бірге туысқан аға-інісінің, апа-қарындасының қыздары, ол туысқандарының шешесі, басқа әкесі бір болса да, яки әкесі басқа, шешесі бір болса да, солардың қыздары һәм қыздарының қыздары, ұлдарының қыздары, қанша төмен болса да, олар арам және ол бірге туысқан апа-қарындастарының өзі де арам және қатынының шешесі, оның шешесі, қанша жоғары болса да, ол арам және әкесіменен туысқан қыз шешесі бөлек болса да, яки әкесі бөлек болса да, сол арам. Есебі екеуі де немере болса, шариғат қосады. Егерде біреу ата баласы болса, біреу немеренің баласы, яки оның да баласы болса да қоспайды және қатынының бұрынғы байынан туған қыз, яки өзінен шыққан соңғы тапқан қызы, яки байсыз күнінде ойнастан тапқан болса да, сол қыз арам және ойнас болған ұрғашысының тұқымы арам және баласының қатыны, немересінің қатыны, қанша төмен болса да, арам және баласына жас күнінде айттырған қызды баласы алмай қойса да, яки баласы өліп қалса да, яки қыз тимей қойса да, сол арам. Бұл жоғарғы айтылған жақындықпенен арам болғандар сықылды, сүт еміскенменен де сондай емшектес жақындары да арам болады және бірінің-бірі әбүйірін ұстасқан бір еркек, бір ұрғашының бірінің тұқымы біріне арам және әбүйірін ашып көріскендердің де бірінің тұқымы біріне арам. Есебі — қылысқан, әбүйірін ұстасқан һәм әбүйірін көріскен бір еркек, бір ұрғашының бірінің тұқымы біріне арам болады және осындай не жақындықпен, не сүт еміскенмен, не ұстасып, көріскенменен арам болғандардың екеуі де ұрғашы болса — біреуін еркек қылып ойлағанда бірі біріне арам болса — ондай екі ұрғашыны бірінің үстіне бірін алып, бір кісі қатын қылып тұруға болмайды. Біреуі өлсе, яки біреуін талақ қылып шығарса сондай болады және әмеңгерім, жесірім деп бір жақынының қатынын байы өлген соң, яки шығарған соң ықтиярсыз зорлықпен алуға болмайды. Аятта: «ла йахил-лу лакум ан тарисун-нисаға кархан»[83] — деген, мағынасы: адал емес сіздерге ұрғашыларды мирас деп зорлықпенен алмақ деген.

---

[82] 4-пара, 4-сүре, 3-аят..

[71] 2-паре суре «Бақара».

ЖАСЫ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРҒА ҚҰДА БОЛҒАН ТУРАЛЫ

Жас баланың қыз әкелері, яки үлкен әкелері екі жас баланы біріне-бірін айттырып, құда болса, сол неке болып бекітіледі. Ер жеткен соң қыз тимеймін дегені болмайды. Егерде ол алмаймын десе, алмайды. Бірақ оңашада күйеу қызбен жолыққан соң, яки қол ұстаған соң алмаймын десе, атасқан қалың малды түгел береді. Егерде өйтіп оңаша жолықпаса яки қол ұстамаса, қалың малдың жартысын береді. Егерде құдалықтан айырылмай тұрғанда сол екі баланың бірі өлсе, қалғаны малына мирасқор болады. Және мұндай атастырып құда болған соң қызды шариғат жолыменен айырып алмаса, яки ер жеткен соң күйеу алмаймын дегенін анықтамаса, баладан рұқсатсыз бөтен біреуге бере алмайды. Берсе де алған кісі біреудің қатынын зорлықпенен алған ойнас қисабында болады. Шариғатта балағаттыққа толған деп он екі жасар еркек пенен тоғыз жасар ұрғашыны айтса да оның енегі ақтам болғанменен қыз көрген болады. Және шариғатта тоғыз жасқа толған қызды маштаһат дейді. Бір сақтанарлық іс тоғыз жасқа келген соң адам өз қызын да аузынан сүйген жарамайды. Онда қатыны талақ болады деп Сопы аллаяр қазірет «Мыслыңалмтқиын» деген кітабында айтқан болатын. Фатауи Зәфир Алдиннан қарасын деген. Әкесінің балаға мейірімі түсіп сүйдім дегені қабыл алынбайды деген.

Және кім өз қатынын менің шешем дейсің, шешемше жүресің деп ұқсатпасын. Онда бір құл азат қылмақ, оған халі келмесе, екі ай тұтас ораза ұстауға керек. Оған да халі келмесе, алпыс кедейді тамақтандырады. Бұл кафараттың қайсысын қылса да қатынына жақындық қылмай тұрып өтейді. Және бала тапқан қаны тоқтамайынша һәм етек кірінен тазарғанша байы қатынына жақындық қылу дұрыс емес.

ТАЛАҚ ҚЫЛМАҚ ТУРАЛЫ

Байы талақ қылдым деген қатын босайды. Бірақ үш хайыз өтпей тұрып байы қайта алдым десе, қатында ерік жоқ. Егерде ғиддәті өткен соң қайта аламын десе, онда қатын разы болса алады. Егерде үш талақ деген болса, онда ғиддәтін толтырып, басқа біреуге некеленіп, одан талақ болып, оның да ғиддәтін өткізіп, сонан соң басқа байы алса болады. Біреу қатын қосылмай тұрып һәм қалың-мал атамай тұрып талақ қылса — киерлік киім береді. Халіне қарай — бай болса байша, кедей болса кедейше. Талақ қылғанда

[83] 4-пара, 4-сүре, 19-аят.

бір хайыздан тазарған кезде талақ қылмақ дұрыс қылмай тұрып. Егерде біреу қол ұстаған соң, яки оңаша жолыққан соң талақ қылса, ол қатыннан қалыңмалын қайырып алмайды һәм еш нәрсе жесірім кетті деп алғаны дұрыс болмайды. Аятта: «уа ла йахиллу лакум ан тағху-зау мимма атайтумуһунна шайған»[84] — деген, мағынасы: адал емес сіздерге талақ қылған қатыннан еш мал алуға деген. Бірақ ерлі-қатын екеуі разыласып ұнасса, шариғат жолын орнына келтіре алмайтұғын болдық. Қатын біраз мал берсе босасын десе, сонда мал алуға болады. Мұны кітапта халағ дейді. Бұл туралы аятта айтқан: «фәин хиф-тум әлла иуқима худудал-лаһи фала жунаха ғалайһима фима афтадей биһи»[85] — мағынасы: егерде қауіп қылсандар Алла тағаланың бұйырған орнына келтіре алмаймыз деп — сонда разыласып айырылғандағы малды алу дұрыс деген. Егерде біреу қол ұстамай, яки оңаша жолықпай тұрып қатынын талақ қылса, онда қалыңмалдың жартысы қатынға тиеді. Аятта: «уа ин таллақтумуһуна мин қабли ан тамас-суһунна уа қад фарадтум лаһунна фаридатан фа нисфу ма фарадтум»[86] — мағынасы: егер талақ қылсаңыз, қосылмай тұрып қалыңмал атаған болсаңыз, соның жартысын бересіз қатынға деген. Талақ қылынған қатынға ғиддәті өткенше отырар үй, киім, тамақ беріп тұру байына міндет. Ғиддәті өткенше байы өліп қалса, мирасқорларға міндет. Аятта: «уа лил-муталлақати мата ғун бил-мағруфи»[87] — мағынасы: талақ қылған қатындары пайдаландырмақ, яғни үй, киім, тамақ бермек керек ғиддәті өткенше деген. Талақ болған қатын, яки байы өлген қатын ғиддәті өтпей тұрып байға тие алмайды.

ҒИДДӘТ КҮТУ ТУРАЛЫ

Егерде буаз қатынның байы өлсе, яки талақ болса, баласын таппай тұрып байға тие алмайды. Байы өлген қатынның ғиддәті, төрт ай он күн талақ қылынған қатынның ғиддәті үш хайыз көріп тазарған соң тиеді. Ондай ғиддәт күтіп отырған қатынды мен сені аламын деп уәде қылған жарамайды. Аятта: «уа ла тағзиму ғуқдатан-ни-кахи хатта иаблуғал-китабу аджалаһу»[88] — мағынасы: біржолата аламын деп уәде қылмаңыз ғиддәті толмай тұрып деген. Бірақ ымбал деп ишарат созбенен алатұғынын білдіруге ғана рұқсат бар. Аятта: «уа ла джунаха ғалайкум фима ғаррадтум биһи мин хитбатин-ниса ғи»[89] — мағынасы: күнә болмас сіздер де ғиддәт үстінде қатындарға ишарат сөзіменен ғана алғыңыз келгенін білдіруге деген. Мәселен, мен де бір

[84] 2-пара, 2-сүре, 228-аят.
[85] 2-пара, 2-сүре, 229-аят.
[86] 2-пара, 2-сүре, 237-аят.
[87] 2-пара, 2-сүре, 241-аят.

қатын алғалы жүр едім, яки сендей қатын жолықса кім алмас деген сықылды. Ондай ымбал сөзбенен білгізген обал болмайды.

ҚАТЫНҒА НӘПАҚА БЕРУ ТУРАЛЫ

Қатынына тұрар үй, киер киім, ішерлік тамақ һәм бір қызметкер жалдап беру байына міндет. Ол уәжіп болады. Бай болса байша, кедей болса кедейше хал-ауқатына қарай. Егерде біреу қатынын нәпақасыз алты айдан артық қалдырып кетсе, ол қатын бөтен біреуге тиіп кетуге ерікті болады. Бұқараның ғұламалары халықтың қатынына жақсы қарамай, хайуан есебінде көргендігінен неке қиғанда төрт нәрсені шарт қылып қияды. Әуел — біреу қатынын ықтиярсыз тұрған жерінен алып кетемін десе, қатын босап қаламын десе ерікті болсын. Екінші — алты айдан артық нәпақасыз қалдырса. Үшінші — қатыны разы болмай үстіне қатын алса. Төртінші — ұрып-соғып бір жерін кем қылса, яки сындырса — бұл төртеуінде де қатын босаймын десе ерікті болсын деп, соған байы разы болса, неке қияды.

ҚАТЫНҒА ЖАРАМАҒАН КІСІЛЕР ҺӘМ БУАЗДЫҚТЫҢ МЕЗГІЛІ

Біреудің еркектігі жоқ болып, қатынына жарамаса, бір жыл күттіреді де, жазылмаса, қатынын босатады. Қатынының тиесі малын өзіне беріп. Егерде еркек жарадым деп, ұрғашы жарамадың десе, ол қатын қыздықтан бұзылған қатын болса, байына ант еттіреді. Ант етпесе, босатады. Ондай байы жарамаған қатынға байы оңаша қосылған болса, қатынға жатуға жарамаса да, қалыңмал түгел беріледі. Егер оңаша жолықпаған болса, жарты қалыңмал беріледі. Ені пішілген кісіні де бір жыл күттіреді. Себебі — малда да болады ғой — пішілсе де қайта жарауға мүмкін. Егер жарамаса, қатынды босатады. Қамшысы біржолата кесілген кісінің қатыны әзір босайды. Біреу шыққан қатыннан бала дауласа, яки қатын бұл баласынан бітті деп дауласса, яки сенің балаң — мен, шешемді шығарғанда буаз болып кеткен деп мирас дауласа, буаздықтың азы алты ай, көбі екі жыл, анықтырағы тоғыз ай болады.

---

[88] 2-пара, 2-сүре, 235-аят.

[89] 2-пара, 2-сүре, 235-аят.

АТА-АНАНЫҢ ХАҚЫ

Ата-ананың хақы ешбір ғибадаттан кем ескерілмесін. Оларды ренжіткен кісіге Алла тағала разы болмайды. Бірақ шариғатқа қарсы орындарда ренжиді деп шариғаттан шыға алмайсың. Олай да болса, сонда да әдеппенен жылы сөзбенен жауап қайырасыз. Аятта айтқан: «уа бил-уалидини ихсанан имма иаблуғунна ғиндакал-кибара ахадуһума ки-лаһума фала тақул лаһума уффин уа ла танһарһума уа қул лаһума қаулан кариман»[90] — мағынасы: ата-анаңызға жақсылық қылыңыз. Егер біреуі, яки екеуі де сіздің қасыңызда қартайса, оларға уф дегендей зиян қылмаңыз һәм ақырмаңыз, не сөйлесеңіз жақсы, майда сөйлеңіз деген және пайғамбарымыз айтқан: «анта уа малука ли абика» — мағынасы: сенің өзің де, малың да әкең үшін деген. Сол себептен біреу әкесін асырамаса, әкесі оның малын, киім, тамағын сұраусыз сатып жіберуге шариғат рұқсат қылады. Бірақ үйін, қыстауын, жерін сата алмайды. Шешесі малын да еріксіз сата алмайды. Бірақ шариғат еріксіз асыратады, одан баласы құтыла алмайды.

САУДА ТУРАЛЫ

Біреуден біреу несиеге мал алса, анықтап жазып алу керек. Аятта: «йа аййуһал-лазина аману иза тадайантум бидайнин иля аджалин мусамма фактубуһу уал-йактуб бай-накум катибун бил-ғадли»[91] — мағынасы: ай, мұсылмандар, қашан несиеге мал алсаңыздар, бір белгілі уақыт айтып жазып қойыңыз бек дұрыс жазумен деген. Мұндай несиеге алғанды анықты уақыт айтыспаса жарамайды. Күзем уақыты, пішен уақыты, қырман басқанда, соғым сойғанда дегендейлер болмайды. Себебі олар кейде ерте, кейде кеш болады. Анықты айды айту керек, яки құрбан ораза, нұқырау, март деген сықылды анықты уақыт керек және ешқашан өсімге сатып, өсім алған жарамайды. Аятта: «ал-лазина йағкулунар-риба ла иақумуна илла кама иақумул-лази йатахаббатуһуш-шайтану минал-масси»[92] — деген, мағынасы: өсім алғандар қияметте тұра алмас. Бірақ тұрады, олар жын буған кісідей болсын деген. Өсім алғандар қияметте қарнын көтере алмай жүргенінен жанның бәрі білер оның өсім жегенін деген және таразымен жеген жәнеп туралы «уайлун лил-мутаффифина» — деген сүреде бек қатты азап көреді деп айтады. Тәпсірден қарағандарыңыз боларсыз және екі кісі серік болып сауда қылғанда, біріне-бірі қиянат қылмай жүрсе, бек

[91] 3-пара, 2-сүре, 282-аят.

[92] 2-пара, 2-сүре, 275-аят.

жақсы. Егер қиянат қылса, бек жаман болады. Пайғамбарымыз айтқан: «ин-нал-лаһи тағала иақулу ана салисуш-шарикина ма лам иахун ахадукума сахибаһу фа иза ханаху хуриджат мин байнаһума» — мағынасы: Алла тағалла айтты: мен екі серік бірі-біріне қиянат қылмай жүрсе, үшінші болып жәрдем қылармын. Егерде қиянат қылса, олардан безермін деген және несиеге мал алған кісі, әлбетте, төлермін деп көнілін анық бекітіп жүрген жақсы. Пайғамбарымыздың хадисі — «ман адана дайнан уа һуа иануи йаһдиаһу ук-кила биһи малаикатун йахфизуна уайидуна лаһу хатта йақдиһи» — мағынасы: кімде-кім борыштанып, оны шын төлемекке ниет қылса, оған бір періште күзетші болып, оны болардан күзетіп һәм қашан борышынан құтылғанша дұғада болып тұрар деген. Несие сатқанның көп шарттары бар — орнын тауып істемесе, көбі күнә болып кететұғыны бар және дау-жанжал бола береді. Онда да мүмкін болса қолма-қол саудадан артығы жоқ. Және біреу сатқан нәрсесін қайтар десе, қайтарған сауап және сатқан нәрсенің мінін, айыбын жасырған қатты күнә.

БОС БЕРГЕН ҺӘМ ҚАРЫЗ БЕРГЕН НӘРСЕНІҢ ЖАЙЫ

Қарызға берген нәрсеге күн кесіп берген жарамайды. Себебі — қай кезде иесіне керек болса, өзіне беру керек. Бірақ берген кісі орынсыз уақытта қысым, зиян келтірмек үшін қайта сұраса, сауабы да жоқ болып және күнәкар болады. Біреуге біреу босқа сыйлап бір нәрсе берсе, кітапта оны һиба дейді. Егер бейшараға берсе, ол садақа болады. Бұл һибаны шариғат жолыменен қазыға жүгініп, жолын тауып алмаса, қайтып алмайды. Егерде садақа болып пақырға берілсе, тіпті қайтпайды. Алған кісі менен берген кісінің бірі өлсе және алған кісі ол нәрсеге өзінен айрылмастай бояу, яки семіздік сықылды нәрсе қосса, яки ол сыйлап берген нәрсенің көзі жоғалса, яки берген кезде бірі-біріне ерлі, қатын болса, яки бірін еркек, ұрғашы қылып ойлағанда неке қоспайтұғын жақын болса, яки оның үрейіне аз да болса бір нәрсе берген болса — мұндайлардың бәрінде де қайтып ала алмайды және болынбайтұғын нәрсенің жартысын садақа қылған дұрыс болмайды.

ПАЙДАСЫН КӨРУГЕ БЕРГЕН НӘРСЕ ТУРАЛЫ

Аттың майын берген, балтаны ұстай тұр, ыдысқа қоя тұр деген сықылдыларды кітапта ғария дейді. Мұндай берген нәрсені иесі

қай кезде аламын десе, алады. Бірақ күн кесіп берген болса, одан бұрын алғаны мәкүрік болады. Уағдадан тайған үшін ондай нәрсені алуға болмай тұрғанда ала алмайды. Мәселен, бір сауытты алып, керосин сықылды нәрсе құйып қойса, сауытты берейін десе, керосинді қоярлық ыдыс жоқ болса, ыдыс тапқанша алмайды. Ондай майын мінген, яки ұстаған нәрсені алған кісі біреуге жалдап, сонда көзі жоғалса, яки бүлінсе төлейді. Майын мінген көлік ғұрыпты артатұғын көлік болса артады, мінетұғын болса мінеді. Егерде өлшеуден артық жүк салып, яки өлшеусіз жүріп зорықтырып, яки мертіктірсе төлейді, яки өз малындай күтпей жауыр қылса, яки арықтатып өлтірсе, яки қарамай жоғалтса төлейді. Егерде ондай артық іс қылмай, өз малындай көріп жүргенде сақтануға болмайтұғын бір қазаға кез болса, оны төлемейді және ондай пайдасын көруге алған нәрсе мінген малды байдың өз қолына бермей, қатын-баласына, яки анық жалдаулы малшысына, яки сатып алған құлына берсе, өз қолына бергенменен бір есеп. Бірақ меруерт, маржан, ақша сықылды қымбатты нәрселерді өз қолына бермей, өзгелерге беріп, содан жоғалса, яки бүлінсе төлейді. Егін салуға берген жерді егінін алмай тұрып ала алмайды. Аманатпенен тартып алған нәрсені өз қолына бермесе, бергенге есеп болмай, жоғалса төлейді.

АМАНАТ ТУРАЛЫ

Аманатты өзінің қатын-баласы, яки сенімді жалдаған малшысынан басқа жерге сақтап, содан жоғалса, яки бүлінсе, сақтаған кісі төлейді. Егер де өз үйіне қойса, өрттен, яки судан дегендей қауіп болған соң бөтен жерге қойған болса, онда төлемейді. Аманатты иесі сұрағанда бермей қалса, яки алғаным жоқ деп танып қалса, яки өз малына, яки бір нәрсесіне қосып жіберіп, айырып ала алмайтұғын болып қалса, яки киім болса киіп тоздырса, ат болса мініп арықтатса, өлтірсе, яки иесі қойма деп тапсырған орынға қойып бүлдірсе, яки жоғалтса төлейді. Егерде аманат алған кісінің өзі қоспай, бір себеппен өзі бір нәрсесіне қосылып кетіп, аманат берілген нәрсе кеміп қалса, яки жоғалса төлеу жоқ. Егерде ондай қосылып кеткен нәрсе жоғалса, зияны екеуіне бірдей болады. Бөлінгенінде екеуіне бірдей, мәселен, сүтке сүт қосылып кетіп төгілсе дегендей. Егерде екі кісі, яки көп кісі бір нәрсені біреуге аманат қойып, қайсымыз келсек те бер демесе, біреу келіп сұраса берілмейді. Егерде беріп жіберсе, қалғандары аманатты сақтаған кісіден даулайды, алған жолдасын тауып, мойнына салмаса, төлеуге міндетті болады.

ТАРТЫП АЛҒАН НӘРСЕ ТУРАЛЫ

Тартып алған нәрсені иесін разы қылмай тұрып пайдалануға жарамайды. Бір қойды тартып алып сойса, төлемей тұрып жеуге болмайды. Тартып алған нәрсе бүлінбесе, өзін қайтарарда бүлінсе, яки жоғалса, тартып алған кездегі бағасын төлейді. Өзі әдейі жоғалтса да, яки басқа бір себеппенен жоғалып, яки бүлінсе де төлейді. Егерде біреудің алтын, күміс сықылды нәрселерін тартып алып, сауыт жасап қойса, иесі өзі алады да, сауыт болғандығына еш нәрсе төлемейді. Егерде киімді тартып алып, тоздырып жыртса, төлеуін алса да, жыртылғанын төлесе де, иесі ерікті болады, бірақ жыртығы бек азырақ болса, жыртықтың бағасын төлетеді, тартып алған нәрседен бір артықтық шықса, мәселен, семірген һәм бала тапқан, сүт-жүн шыққан сықылды. Сондайларын тартып алған кісі өз малындай күтпегендіктен жоғалтып, кемітсе төлейді. Ғұрыптан асырып іс қылса, егер де ондай қылмай, басқа бір себеппенен артықтары кетсе, жоғалса төлемейді, бірақ сұрағанда бермей қалып, артынан жоғалтса төлейді. Біреу бір мұсылманның арасын төксе, шошқасын өлтірсе, яки бір аң қамаған жердің есігін ашып жіберіп, аң қашып кетсе, онда төлемейді. Егерде үйін, нәрселерін бүлдірсе төлейді. Мәселен, домбырасын сындырған сықылдылар. Біреу бір кісіні жазықсыз ұрлыққа жығып зиян келтірсе, оны төлейді, бірақ өзіне зияны тиген соң, яки залым кісі болған соң тыйылсын деп шағыстырса, онда төлемейді.

ТҮЗЕТКЕН ЖЕР ҺӘМ ЕГІН — ПІШЕН, СУҒАРАТҰҒЫН СУЛАР ТУРАЛЫ

Бір бос жерді біреу түзетіп ағаш ексе, егін салса, яки шөп шығарып, пішендік қылса, сол кісі ие болады. Және ұлықтар тыймаған бір сусыз жерден құдық қазып, су шығарса, төрт жағынан да қырық кездей жерге ие болады. Егерде бұлақ ағызса, бес жүз кездей жерге ие болады. Және ыдысқа құюлы су болмаса, әрбір судан, адамдардың үлес еншісі бар ағын өзен суының арық алып, егін салуға, пішендік суғаруға әркім-ақ ерікті болады. Бірақ ондай қылғанда өзге біреулерге зиян болатұғын болса, олардан рұқсатсыз қазбайды. Мәселен, басқылар арық алса, төменгілерге зиян болатын болса, онда арық қазбайды һәм ұлықтар қаздырмайды. Ондай көп халықтың үстінен өтіп ағатұғын өзеннен әуелі аяқтағылар пайдаланып, содан жоғары қарай пайдаланады. Мұндай суға сен көп, мен аз алдым деп дауласса, егіндік пішендіктің көптігіне қарай су бөліп алады. Жоғарыларға төменгілер суды байлатпаса, ерікті болады, бірақ разыласып өз үлесін алса, төмендегілерге зиян болмаса, сонда ғана алады. Және көптен рұқсатсыз ешкім ондай өзен судың арасын кеңітіп, яки тарылтып өзгертуге жол жоқ.

АҚЫ АЛМАҚ БОЛЫП ЖАЛДАҒАН, ЯКИ МАЙЛАҒАНЫ ТУРАЛЫ

Біреу бір нәрсенің майына, яки пайдаланғанына ақы алса, оны кітапта ижәра дейді. Мұндайларды көбінесе күн кесіп анықтау керек. Бір жыл, яки бір ай, яки бір күн деген сықылды, бірақ жер менен салулы үйге, қораға үш жылдан артыққа жалдаған дұрыс емес. Және кейбір нәрселер болады — анықтап атамаса болмайды. Мәселен, мына нәрсені пәлендей киім қылып тік деген сықылды. Ондай жалдаған нәрсені басында ақыңды тұрып беремін демесе, бітіріп болмай ақы ала алмайды. Бірақ айтқанындай болған соң, ақы бермей кете алмайды. Егерде жалдағаны пәтер үй болса, босатып берген соң кірмей тұрса да, ақы аламын десе алады. Және киім тік, кірпіш құйып бер һәм нан салып бер деген сықылдылар бітіріп берген соң ақы алады. Егерде біреуге өзің істеп бер, өзгеге істетпе деп бір нәрсе берсе, оны өзге біреуге істетіп бүлінсе, яки жоғалса төлемейді. Біреуге пәлен жердегі пәлендей пұт нәрсені, яки пәлендей кісілерді жеткіз десе, ол барғанша ол нәрсенің, яки кісінің жартысы, яки біразы жоғалса, қалғанын алып келсе, жалданған ақысы пұт басына, яки кісі басына неден келсе, алып келгеніне есептеп ақы алады. Жоқ болғаны үшін ақы алмайды. Егерде біреу бір хатты, яки азықты пәлен шаһардағы, яки ауылдағы кісіге тапсыр деп жалдаса, ол кісі барып тапсыр деген кісі өліп қалып, яки кетіп қалған соң тапсыра алмай қайта алып келсе, ол туралы ешбір ақы алмайды.

Майлаған көлікке пәлендей пұт астық салмақ болып, одан артық салып өлтірсе, кесімді бағасын төлейді. Және ескеру керек, қай турада болса да әйтеуір бір нәрсе аларсың деп жалдаған жарамайды. Себебі арты дау болады. Мұндай іске даулы бола қалса, ғұрыпта не ақылық нәрсе болса, соны береді. Күнә істерге жалдаған да дұрыс емес. Өлең айтып, ойын ойнағанға жалданған сықылдылар. Айлап, яки жылдап жалданған қызметкер һәм малшылардың баққан мал, қылған істерінің жоғалып, яки бүлінгенін ғұрыптан асырып іс қылса төлейді, болмаса төлемейді. Мәселен, мал айдайтұғын қамшы, шыбықтан басқа нәрсеменен ұрып өлтірсе, яки көзін шығарса, яки айдағаннан басқа ашуланып ұрып кемітсе, ондайда төлейді. Әншейін қайырғанда, яки содан қаққанда, яки мініп жүргенде жазым болып өлсе немесе жығылса төлемейді. Ондай айлап, яки жалдап жалданғандар қызмет қылмаған күнге де ақы алады, бірақ өзіне тапсырылған істі әдейі қылмай қойса, ондай күндері есепке кірмейді. Және бір жалданған нәрсенің айыбы, міні білінсе, оны қайтарады, бірақ шығынсыз, бей-нетсіз түзетуге мүмкін болса, онда қайтармай түзетіп алады. Бір жалдаған нәрсе екеуінің біріне зиян шығаратұғын болса, мәселен, біреу ауырған тісімді суырып таста деп жалдаса, одан соң суырмай

тұрып тісі жазылса, сау тісті суыратұғын болған соң ондайды қайтарысады. Біреу бір жаққа бармақшы болып, бір көлік жалдап алса, артынан бармайтұғын болып қалса, ол қайтарылады. Егерде көлік иесі бір жаққа барамын деп жалдап, бармаған соң қайта сұраса, онда алған кісі разы болмаса, қайтарылмайды. Бірақ көлік иесі ауру болған сықылды лажсыз бара алмай қалған болса, онда қайтарылады. Егерде жалдаушы менен жалдап алушының бірі өлсе, олардың өздері үшін болған жалдау болса, қай жалдау болса да қайтарылады. Егерде біреудің үйіне біреу зорлықпен кіріп отырса, үй иесі қолым жетсе сенен пәтер ақша аламын десе, оған болмай отырса, күнінде кірген адам пәтер ақша төлейді. Айтқанда шықпағаны пәтер төлеуге разы болғанға есеп болады. Пәлен уақытта пәлендей іске жалдаймын демек дұрыс болады. Мәселен, үйімді келесі айдан бастап пәтерге беремін деген сықылды. Жерімді егін егуге дегендей, бір нәрсені істеп беріп, ақы алмақ болған кісі ақысын бергенше, ол нәрсені бермей тұруға болады. Егерде ол нәрсеге өзінен нәрсе қосқан болса, бояу болса да, егер сөйтіп ана кісі ақысын бермеген соң ұстап тұрғанда жоғалса, ақы да жоқ, төлеу де жоқ. Егер біреу хаммал, яғни жаяу жүк тасуға жалданса, ол жүкті ақысы үшін ұстап тұра алмайды. Себебі өзінен қосқан еш нәрсе жоқ болған соң. Бір кісіге жалданбай, әркімге іс қылып беріп тұрған тігінші, бояушы, ұста сықылданғандарға істеп бер деген нәрсе, ол ұстаның өзі себеп болмай, басқа бір себеппенен бүлінсе, яки жоғалса, оны төлемейді, басында төлемекке шарт қылысса да, бірақ ғұрыптан артық қылған өз иесіне бүлінсе төлейді.

АДАМНЫҢ ҚҰН БАҒАСЫ ҺӘМ ӘРБІР МҮШЕНІҢ ҚҰНЫ

Адам өлтірмек бес түрлі болады. Әдейі өлтірген, әдейіге ұқсаған, қате өлтірген, қатеге ұқсаған һәм бір себеппен өлген. Әдейі өлтірген — өлерлік қаруменен өлтірген. Мәселен, мылтық, тас, пышақ сықылды қаруменен әдейі өлтіргеннің жазасына шариғатта қысас қылып өлтірушінің өзін өлтіреді. Оған құн алмайды. Әдейіге ұқсаған өлтіру — көбінесе кісі өлмей қалатұғын қаруменен әдейілеп ұрса. Бүйтіп өлтірген кісі бір қол азат қылады, оған күші жетпесе, екі ай тұтас ораза тұтады және ауыр құн тартады. Ауыр құн деген жүз түйе, жиырма бес тайлақша, жиырма бес құнан інген, жиырма бес дөнежін, жиырма бес бесті інген түйе болады. Егерде қате өлтірсе, жеңіл құн тартады. Жеңіл құн деген — жүз түйені бес есе қылып, төртеуі жоғарғы айтылғандай түйелерден жиырмадан беріп, қалған жиырмасы еркек тайлақ болады. Қате өлтірген кісі де бір қол азат қылады. Оған халі келмесе, екі ай тұтас ораза тұтады. Бұл қате өлтірген деген екі түрлі.

Бірі — мақсұты өзге бір нәрсені өлтірмек болып қатеден адамды өлтіріп алады. Мәселен, аң екен деп адамды атып алған сықылдылар және бірі — нысанаға атқанда адамға тиіп өлген сықылдылар болады. Енді қатеге ұқсаған өлтіру дегеннің мысалы — біреу ұйықтап кетіп, бір кісінің үстіне жығылып, сол кісі содан өлсе, бұған да қатенің құнын тартады һәм қол азат, яки екі ай ораза тұтады. Енді бір себеппенен өлтірілген дегеннің мысалы — біреу өзінікі емес бір жерден бір құдық қазып, соған бір кісі жығылып өлсе, яки бір үлкен тас тұрғызып, яки бір нәрсе қалап қойып, сол біреудің үстіне құлап, содан өлсе, бұған да қатенің құнын тартады. Бірақ бұған қол азат, яки ораза тұту жоқ. Ұрғашыға еркектің құнының жартысы беріледі. Егер бір кісіні біреу әдейі өлтіруге жаралап, ол арада өлмей, төсекте жатып көптен соң өлсе де, қысас қылып жаралаушының өзін өлтіреді. Әдейі өлтірілген кісінің иесі қысас қылмай құн алса, өлтіруші қысастан құтылады. Түгел құн бере алатұғын нәрселер: адамды өлтірсе, мұрнын кесіп алса, тілін кессе, қамшысын кессе, ұрғанынан ақылы кетсе, сақалы, яки шашын қайта шықпайтұғын қылып жоғалтса, екі қас бірдей жоғалса, денеде екі-екіден біткен нәрсенің қайсысы болса да екеуі бірдей жоғалса, түгел құн береді. Олардың біреуінің пайдасын кетірсе, жарты құн төлейді. Екі кірпіктің біреуі жоғалса да, түгел құн береді. Бірақ бір жақ кірпігі жоғалса, құнның төрттен бірін төлейді. Қол-аяқтың әрбір саусағының құны құнның оннан бірі, үш буынды саусақтың бір буынының құны түгел бір саусақтың құнының үштен бірі, екі буынды бас бармақтың бір буынының құны бір саусақтың жарты құны болады. Қай тіс болса да бес түйе. Бір мүшені ұрғандықтан үзіліп қалмаса да, пайдасы кетсе, сол мүшенің түгел құнын тартады. Мәселен, бір қолды ұстап тұтып, пайдаланудан біржола кем қылса, жарты құн тартады. Бастың жарылғаны ми қапқа жетсе, яки қарынға жеткен жара болса, бүтін құнның үштен бірі, бастың сүйегі сынып орнынан кетсе, бүтін құнның оннан бірі және оннан бірдің жартысы, яғни үлкенді-кішілі он бес түйе. Егер сүйек сынса да, қозғалмаса, бүтін құнның оннан бірі. Егерде сүйек сынбай, сүйек көрініп тұрса, бүтін құнның жиырмадан бірі. Бұлардан басқа бастың алты түрлі жарығы — тері жыртылған, қан көрінсе де ақпаған, қан аққан, құйқаны тілсе, етін де кессе, сүйекке жабысқан шелге шейін барса, бұларға өкімет әділ деген сол жаралы кісіні қол есепті қылып баға қойып, одан соң жарасыменен және баға қойып, сол екі бағаның бірінің артығын есеп қылады. Мәселен, жарасыз күнінде жүзге баға қойса, жаралы күніндегі бағасы тоқсан болса, артығы он болды. Бұл бүтін құнның оннан бірі болды.

Жас бала, жынды кісі, яки ақылынан адасқан, яки мас — бұлардың өлтіргеніне де туысқаны құн тартады. Егер буаз қатынды ұрған соң, өлі бала тастаса, бес жүз дирхем береді. Дирхемнің оны — жеті мысқал күміс. Егер тірі бала тастап, артынан бала өлсе, түгел

құн береді. Егерде өлі бала тастап, қатынның өзі де өлсе, түгел қатын құны һәм бес жүз дирхем тартады. Егер қатын өлген соң өлі бала туса, онда жалғыз-ақ қатын құнын тартады. Егер қатын өлген соң тірі бала туып, о да өлсе, екеуіне де құн тартады. Түскен баланың шаш, тырнақ сықылды сырттары білінсе болғаны. Жоғарғы бес жүз дирхем деген бүтін құнның жиырмадан бірі болады. Мініп келе жатқан көліктің басын бүлдірген нәрсесін мінген кісі төлейді. Және тістеген һәм алдыңғы аяғымен бүлдірген нәрсені төлейді, құйрығының бүлдіргенін төлемейді. Ол көлік сиіп, яки тезек тастағаннан бір нәрсе бүлінсе, төлемейді. Көлікті айдап қуалаған кісі алды, артқы аяқтарының бүлдірген нәрселерін төлейді. Жетектеген кісі артқы аяғынікін төлемейді, алдыныкін төлейді.

Екі атты кісі біріне-бірі қақтығып, екеуі де өлсе, екеуіне де туысқандары құн тартады. Біреудің қорасының бір жері құлағалы тұрса, маңындағылар, яки мынаны түзет, әйтпесе құлат, бір нәрсені бүлдірер десе, соған куә бар болса, ол қора иесі қолынан келе тұрып түзетпесе, сол қабырғаның құлап бүлдірген нәрсесін төлейді. Егерде бір мәхаллада бір адам өлтірілген белгіменен табылса, кім өлтіргені білінбесе, сол мәхалладан елу кісі күмән ұстайды да тартады. Егерде өлтірілген белгі жоқ болса, онда ант та алынбайды, құн да жоқ. Мұрны, аузы, көтінен қан аққан өлтірілгенге есеп емес. Көзі менен құлағынан қан ақса — өлтірілгенге есеп.



МАЗМҰНЫ

ДАСТАНДАР

Мұхтар Мағауин *(Абайдың інісі)* 8
Қалқаман—Мамыр 31
Еңлік—Кебек 43
Еңлік—Кебек әңгімесі 46
Нартайлақ пен Айсұлу 63
Ләйлі—Мәжнүн 89
Мұтылғанның өмірі 143

РОМАН

Әділ – Мария 161

АУДАРМАЛАР

Қожа Хафиз сөзінен 213
Дубровский әңгімесі (А. С. Пушкиннен) 222
Дубровский әңгімесі 226
Боран 271
Алты әңгіме 280

МӘНДІ СӨЗДЕР

Бәйшешек бақшасы 306
Кейде күлкілі сөзден де тәлім алуға болады 309
Өзімшілдік 309
Шын бақыттың айнасы 313
Мәнді сөздер 315

ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚ ХӘМ ХАНДАР ШЕЖІРЕСІ

Шежіреден бұрын 319
Шежіренің басы 320
Қазақтың қайдан шыққаны 333
Ұлы жүз 345
Кіші жүз 345
Ортажүз 346
Қаңлы 347
Қыпшақ 347

Қоңырат 347
Қара қырғыз 347
Керей 348
Найман 349
Уақ 350
Төленгіт 350
Тарақты 351
Арғын 351
Орта жүздегі арғынның рулары 352
Хан шежіресі 354
Шыңғыс хан шежіресі 355
Стамбұлдағы ғұсманды түрік һәм сұлтандары 356
Парсыдағы әм Закавказдағы түрік нәсілі 358
Өзбек 358

МҰСЫЛМАНДЫҚ ШАРТЫ

Иманның мағынасы 364
Алла тағаланың барлығын ақылменен ойлап білмек 365
Алла тағаланың бірлігін ақылмен ойлап білмек 366
Алла тағаланың сипаттарын білмек 367
Алла тағаланың періштелеріне нанбақ 367
Алла тағаланың пайғамбарларға жіберген кітаптарына нанбақ 367
Алла тағаланың Пайғамбарларына нанбақ 368
Ахырет күннің болмағына нанбақ 370
Жақсылық пен жамандық Алла тағаланың тағдырынсыз болмайды деп нанбақ 370
Қияметте тірілмекке нанбақ 373
Ақиқат туралы білмегені болса кешікпей сұрап білмек 374
Барша ғаламдағы нәрселер Алла тағаланың жоқтан бар қылғаны 374
Қабырда жауап сұрамақ һәм әлімсақ дегеннің мағынасы 375
Кәпір болатұғын істерден сақтанбақ 376
Ажал туралы 378
Адам өзін таныса, құдайды да танымақ 379
Адам хақы менен хайуан хақы 380
Өтірік ант пен өтірік 380
Әр түрлі залымдықтан һәм жаман мінезден сақтанбақ 382
Адам жақсы мінезді болмақ 383
Әрбір адам істі істеуге ұмтылмақ 386
Пайда келтірмек, зияннан құтылмақ 387
Тәуба қылмақ, күнәдан тиылмақ 388

Парыз, уәжіп, сүннәт, мүстәни, мүбах, харам, макруе, мәфсад 390
Насихат: піл мен маймыл 391
Намаз, ораза, зекет, қажы туралы насихат 392
Қандай су таза болатұғыны 394
Әр түрлі терілердің илеуі мен адалдығы 395
Намазға жарамайтын арам, нәжіс нәрселер 395
Ғұсұл құйыну туралы 396
Дәрет (таһарат) алмақ 396
Масиқ тартпақ 397
Дембі қағу туралы 397
Намаздың парыз, уәжіптері һәм намазды бұзатұғын нәрселер 398
Намаздың уақыттары һәм намаз оқымайтұғын уақыттар 400
Намазға артынан келіп ұйығандардың жайы 400
Қаза намаз жайы 401
Қасар оқыған жолаушы туралы 401
Жұма намаз мешіт бар жерде 401
Екі айт намазы мешіт бар жерде 402
Құрбан шалғанда әркім өзі ойында оқитұғын намазы 402
Жаназа намазы 402
Өлік жайы 403
Ораза жайы 405
Зекет жайы 407
Қаж туралы 408
Құрбан шалмақ 409
Мал бауыздамақ һәм адал малдың арам нәрселері 410
Аң ауламақ 411
Нигах (неке) туралы 412
Қатын қылып алуға шариғат қоспайтындар 413
Жасы толмаған балаларға құда болған туралы 414
Талақ қылмақ туралы 414
Ғадат күту туралы 415
Қатынға напақа беру туралы 416
Қатынға жарамаған кісілер һәм буаздықтың мезгілі 416
Ата-ананың хақы 417
Сауда туралы 417
Бос берген һәм қарыз берген нәрсенің жайы 418
Пайдасын көруге берген нәрсе туралы 418
Аманат туралы 419
Тартып алған нәрсе туралы 420
Түзеткен жер һәм егін, пішен суғаратұғын сулар туралы 420
Ақы алмақ боп жалдаған яки майлаған туралы 421
Адамның құн бағасы һәм әрбір мүшенің құны 422

ҚАМҚОРШЫЛАР КЕҢЕСІ

Мекеме аты	Жетекшісі	Мекені
KAZZINK	Никола Попович	Өскемен
ТИТАН-МАГНИЙ КОМБИНАТЫ	Бағдат Шаяхметов	Өскемен
БАНКТУРАНӘЛЕМ	Қайрат Жуаспаев	Семей
БАНКЦЕНТРКРЕДИТ	Бахытбек Байсейітов	Алматы
DHL	Джон Лукас	Алматы

«АМАНАТ» журналы Кітапханасының
кітаптарын сатып алу үшін келесі
мекемелермен хабарласыңыздар

АЛМАТЫДА:
Халықаралық Абай клубының өкілеттілігі
тел/факс: 8 (7272) 91 89 59;
e-mail: amanat70@list.ru

«Книжный мир семьи» кітап дүкені
тел.: 8 (7272) 91 35 83, т.-факс 92 17 19
«Атамұра» кітап дүкені
тел. 8 (7272) 79 11 72

«Академкнига» кітап дүкені
тел. 8 (7272) 73 78 21

АСТАНАДА:
«Қазақкітап»
тел. 8 (7172) 39 72 49, 39 84 77

«Қазына» кітап саудасы
тел. 8 (7172) 35 34 75

«Алтын Орда Астана» дүкені
тел. 8 (7172) 21 60 64

«Абай» ЖШС МС
тел. 8 (7172) 32 27 20

СЕМЕЙДЕ:
«Шаһкәрім» кітап дүкені
тел./факс: 8 (7222) 56 11 21

ӨСКЕМЕНДЕ:
«Коханов» ЖК
тел/факс: 8 (7232) 25 28 32, 25 86 37

ҚАРАҒАНДЫДА:
«Сары-Арқа» МС
тел/факс: 8 (7212) 47 50 48

2001—2008 жылдары Халықаралық Абай клубында шығарылған кітаптар:

«АМАНАТ» ЖУРНАЛЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ

Абай	Книга слов
Чокан Валиханов	Смерть Кукотай хана
Акутагава Рюноскэ	Жизнь идиота
Олжас Сулейменов	Аргамаки
Орхонские надписи	
Казахские богатырские сказания	
Мурат Аджи	Кипчаки
Валерий Зубов	Избранное
Мухамет Шаяхметов	Судьба
Габит Мусрепов	Однажды и на всю жизнь
Татьяна Фроловская	Евразийский лев
Поэмы о древних тюрках	
Георгий Гачев	Путешествие в казахский космос
Abai	The Book of word
Уильям Фолкнер	Медведь
Эрнест Хемингуэй	Снега Килиманджаро
Иво Андрич	Мост на Дрине
Мырзатай Жолдасбеков	Камни заговорили
Анар	Книга моего деда Коркута
Кабус-наме	
Тимур Зульфикаров	Золотые притчи дервиша
Мишель Монтень	Опыты
Герман Гессе	Три повести
Юсуф Баласагун	Наука быть счастливым
17 рассказов польских писателей	
16 рассказов венгерских писателей	
Андре Моруа	Письмо молодому человеку о науке жить
Алехо Карпентьер	Царство земное
Адольф Янушкевич	Дневники и письма
Иоанн Павел Второй	Избранное
Рышард Бадовски	Польские певцы Казахстана
Макото Ода	Хиросима
Шота Валиханов	Белые ночи Чокана
Польская поэзия	
21 рассказ писателей Казахстана	
Мир Абая	

Мир Ауэзова	
Мир Нурпеисова	
Абиш Кекильбаев	Конец легенды
Ромэн Роллан	Кола Брюньон
Адам Мицкевич	Стихи
Абай	Өлең - сөздің патшасы
Шаһкәрім	Жол табалық ақылмен
Семь поэтов Востока	Стихи
Имре Кертес	Без судьбы
Шандор Петефи	Азынаған қара айғыр
Махамбет	Жорық жырлары
Руми	Книга двустиший

RS

Шаһкәрім 1-том	Қажыма, ойым, қажыма
Шаһкәрім 2-том	Өкінішті ғұмыр
Шаһкәрім 3-том	Үзілмеген үміт
Дала ақындары	
Сұлтанмахмұт Торайғыров	Өлеңдер
Мәшһүр Жүсіп	Өлеңдер

TAFA

Үміт Тәжікенова	Ақиқатқа жүгіну
Роллан Сейсенбаев	Трон сатаны
Роллан Сейсенбаев	Бегство
Роллан Сейсенбаев	Мертвые бродят в песках
Андрей и Алия Беляевы	Таңдамалы - Избранное
Роллан Сейсенбаев	Всего одна ночь
Несіпбек Айтұлы	Сардар

ХАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

Роллан Сейсенбаев	День, когда рухнул мир
Лилиан Росс	Портрет Хемингуэя
Синтаро Исихара	Япония, которая сумеет сказать нет
Китайские мудрецы	
Инна Потахина	Колокольчик
Бхартихари	Шатакатраям
Морис Симашко	Емшан
Оралхан Бокеев	Ардак
Герольд Белгер	Властитель - слово

«AMANAT» ЖУРНАЛЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ

Әлем халықтарының әдебиеті, өнері,
тарихы, һәм фәлсафасы

65-

XIX-XX ҒАСЫР ПОЭЗИЯСЫ

ШАҺКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

ӨКІНІШТІ ҒҰМЫР

Екінші том

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҮШ ТОМДЫҚ ЖИНАҒЫ

ДАСТАНДАР, РОМАН, АУДАРМАЛАР, МӘНДІ СӨЗДЕР,
ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚ ҺӘМ ХАНДАР ШЕЖІРЕСІ,
МҰСЫЛМАНДЫҚ ШАРТЫ

Халықаралық Абай клубы
050010, Алматы, Жамбыл к-сі, 25, оф. 807
E-mail: amanat70@list.ru


ISBN 9965-611-81-5

9 789965 611810

Басуға 25. 02. 2008 қол қойылды.
Пішімі 70x108 1/16 Шартты б. т. 29,5.
Офсеттік басылым. Гарнитурасы «Academy DT».
Таралымы 4000 дана. Тапсырыс № 246

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 269-40-35, 242-47-69, 242-07-90,
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru







Шәкәрім

...Буын үйқасы, дыбыс үндестігінің ерекше еркіндігі, кең өрісі, бедерлі өрнегі әр өлеңінде жарқырап көрінеді. Сарыарқаның қоңыр салқын самалындай рахатшылық сезім көңіліңді сергітіп, жүрек көзін аршып, жаныңды тазалап кеткендей күй кешесің.

Роллан Сейсенбаев

Шәкәрім Құдайбердіұлы, Абайдан соңғы Дешті-Қыпшақтың ең көрнекті тұлғасы, ұлы ақыны, ғұлама ойшылы, қайталанбас сазгері, озық аудармашысы һәм қоғам қайраткері. Бұл кітапта ақынның қасіретті жаны, кеніш көңілі, трагедиялық тағдыры айқын таңбаланған. Шәкәрімнің мол әдеби мұрасынан өзгеше мәдениет, кең өріс, бедерлі өрнек танимыз. Ақынның өлеңдерінде, поэмаларында, философиялық ой-толғауларында бір пендеге ғана емес, бүкіл адамзатқа тән сырлы мұң жатыр. Бір қаламгерге ғана емес, бар ойшылға тән қамырық-қайғы бар. Бұл өлең өресін, өнер көкжиегін айқындайтын биік меже. Біздің туған тілімізде, ұлттық әдебиетімізде Абайдан соң ғана мүмкін болған биік жетістік. Шәкәрім, Абайдан соңғы ең танымал есім. Абайдан соңғы ең көрнекті тұлға. Ақынның шалқар дүниетанымы, нұрлы жаны, талантты тебіренісі, өзгеше бітімі, биік мақсұты, ақыл-ой тереңдігі қазақ халқының арымайтын рухани биігі болып қала бермек.

RS